63.3(2)
К 94

ЖӘЛЕЛ ҚИЗАТОВ

ӨМІР ★ МЕН ★ ӨЛІМ

ЖӘЛЕЛ ҚИЗАТОВ

ӨМІР МЕН ӨЛІМ

ДЕРЕКТІ ПОВЕСТЬ

АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1995

31830

Қизатов Ж. Өмір мен өлім — Алматы: Ғылым, 1994.— 376 б.

Қарт майдангер, Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов бұл шығармасында Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Ерлікті, өзінің және қанды көйлек жолдастарының сол сұрапыл дауылдағы жанқиярлық еңбегін, асқан ержүректігін, халықтардың достығын, өмір мен өлім белдескен сәтте де жауынгерлер арасында шын махаббат, пәк сезімнің болғандығын шынайы өңгімелейді.

Шығарманың шоқтығын көтеріп тұрған нәрсе — нақты деректерге құрылғандығы. Ұлы Отан соғысының оқиғасы бояусыз, әсірелеусіз суреттелген, кейіпкерлерінің аты-жөні өзгертілмей алынған. Олардың көбі бүгінде де өмірде бар адамдар.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

К $\frac{4700000000-081}{407(05)-95}$ Дп. 95

ISBN 5—628—01703—5

012

© Қизатов Ж., 1995

I ТАРАУ

ЖАСТЫҚ ШАҚ

«Өзге емес, өзім айтсам өз жайымда
Жүрегім жалын атқан сөз дайында!..»

Қасым Аманжолов.

Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарының шекарасында Жалғызтау атты тау бар. Бұл атақты Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының ата мекені. Таудың өңірі мен жотасын жапқан қалың қайың мен қарағай көз тұндырады. Қайыңның іші — шие, төңірегі — жидек. Көкше өлкесінде Жалғыз тау биік таудың бірі, көкке тиген төбесінен қысы-жазы бұлт кетпейді.

Осы таудың бір жотасына шығып, күн батыс жағына көз тастасаң, теңіздей теңселіп жатқан Аяққөл көлін көресің. Бұл — дөп-дөңгелек көлемді көл. Жағасы жасыл шалғын мен қамыс қопасы. Ортасы жалтыр су. Дөңестеу жерден қарасаң, орталай құйған қымызы бар сырлы аяқтан айнымайды. Ертедегі шешен де тапқыр бабаларымыздың көлдің атын Аяққөл қоюының себебі де осыдан болуы керек.

Көлдің шығыс жақ дөңесінде ақ қайың орманын әрдайым көк мұнар басып тұрады. Осы ағашты паналай қонған «Аяққөл» ауылы тұр. Міне, мен осы «Аяққөл» ауылында (Көкшетау уезі) 1920 жылы, Сібірде қарлы-жаңбыр араласып жауатын кезде — 9 қазан айында дүниеге келіппін.

Ол кезде қазақта туған баланы тіркейтін заң орны болмаған. Әкем балаларының атын, туған жылын және күнін «Қисасы үл-әмбия» кітабының бірінші бетіне жазып қояды екен. Қазақ туған баласына шілдехана жасап, мал сойып, той жасамай қоймайды. Мен туғанда да үлкендердің айтуына қарағанда, үш күн, үш түн ойын-сауық болыпты. Ауылдағы Фарди атты татар молдасы азан шақыртып, Ғабдол-Жәлел деп қойыпты. Бірақ ес білгелі өзімді «Ғабдол-Жәлел» деп атаған кісіні көргем жоқ. Туыстарым да, басқалар да қосалқы

атымның бірінші жартысын алып тастап, тек «Жәлел» деп кеткен көрінеді.

Әкем Қизат Бекмағамбетұлы 1922 жылы 33 жасында қайтыс болған. Сондықтан да, әрине, мен екі жасталағы бала, әкемнің бейнесін, мінез-құлқын білмеймін. Атам Бекмағамбет пен шешем Жамалдың, басқа ағайын-туыстарым мен замандастарымның айтуына қарағанда, Қизат орта бойлы, толық денелі, әдемі, ақсары өңді, бір аяғын сылти басатын, ұрыс-жанжалда жұмысы жоқ, ашық мінезді, ақкөңіл адам болған сияқты.

Батырдың анасы — Жамал Сәбиқызы Бекмағамбетова.

Әкемнің сыйлас достары Құдабай мен Құсайын атты кісілер: «Шіркін, біздің өлкеде Қизаттан әнші жігіт жоқ еді»,— дейтін. Ақан серінің «Көкжендеті» мен «Сырымбетін» де, Біржан салдың «Жамбас сипары» мен «Ләйлімін» де, Үкілі Ыбырайдың «Қалдырғаны» мен «Гәккуін» де Қизат ересен әсерлі орындайды екен. Ел адамдары маған: «Әкеңе тартсаң, әнші боларсың, балам»— дейтін. Бірақ, менің еншіме әншілік тимеді. Ауыл арасында айтылып жүрген әндер мен өлеңдерді тез-ақ жаттап алып жүрдім, бірақ дауысыммен халайықты қайран қалдырған күнім болған жоқ.

Шешем Жамал көршілес Есенкелді руындағы Әби-Сәби деп қосып айтатын ағайынды адамдардың Сәбиінің қызы. Орта шаруасы бар, шаруа жағдайын Тәжібай, Беркінбай деген балалары атқарады. Атамның айтуына қарағанда, Сәбидің қызын қырық жетіні матап беріп, бермесін беріп алған көрінеді. Бірақ, Сәби де қызын көп жасаумен, отауын тігіп Белен кидіріп белсентіп, бедеу міндіріп теңселтіп-ақ түсіріпті.

Жасынан еңбекке құмар болып өскен ол, біздің айтқанымызға көнбей, картайғанша үй шаруашылығымен көп айналысты. Жас кезінен бастап «шебер Жамал» атаныпты. Ұзататын қыздардың, үйленетін жігіттердің киімдерін бір ауылнай елдің адамдары апама тіккізетін. Колхоз ұйымдасқан соң, сауыншы болып, аудандық, ауылдық Советтерге депутат болып сайланып жүрді. Сегіз құрсақ көтерген шешемнен үшеуміз тіріміз, ең үлкені — мен.

Бала болғасын ойнамай тұра алмайсың. Менің шешемнің бір ерекшелігі: бізді ұрмақ түгіл, катты сөйлеп көрген емес. Ең катты ашуланғанда айтатыны: «Қойыңдар, жетті ғой, қарақтарым», — деген ғана сөзі.

Талай қиын-қыстау, ауыр жылдарда апам өзі аштан өлуге пейіл болып, бар жиғанын балаларына бөліп беретін. Колхоздың жұмысынан канша шаршап келсе де, түн ішінде бізге сүт қайнатып, болмаса бидай қуырып, шай жасайтын. Анамның маған жасаған мейірімін сөзбен жазып келтіруге шамам келмес, бірақ білетінім: ананың ак сүтін ақтау — әр адамның парызы.

Қизат қайтыс болғанына бір жыл толғасын, қазақтың «аға өлсе — іні мұра» деген әмеңгерлік заңын қолданып, менің шешем Жамалды әкемнің туған інісі Бәhрәм Бекмағамбетұлына қосыпты. Мен, көбінесе атамның қолында өстім.

«БЕС АТА»

1925 жылдың жазында біздің ауыл да екіге бөлініп көшті де, жаңа коныс салды. Атам үйі, Қизат отауы аталатын біздің үй, бір бөлек болып, «Бес ата» ауылына қосылды. Сырғауылдан, шымнан шағындау үй салды.

Біз көшіп келген ауылдың жері коныска өте жайлы, малға шөбі жұғымды, көлдерінің суы тұщы, адамға да, малға да жеткілікті екен. Ауылдың айналасында шоқ-шоқ болып шыққан ағаштары қыстың катты борандарында қандай пана дейсің!

Ауылдың «Бес ата» аталуы Қылышбай деген адамның бес баласы үй болып отыруынан көрінеді. Біз көшіп барғанда үлкен ұлы Әбілмәжін қайтыс болған екен. Тірілері: Қасен, Күшенғали, Мұқан, Қадағай. Олардың шаруашылықтарында да, мінез-құлықтарында да, тіпті, өндерінде де бір-біріне ұқсастық жоқ. Қасен мен Күшенғали үйлері ауқатты. Ал Мұқан мен Қадағайы —

сіңірі шыққан кедейлер. Біреулері қонаққа ең ақырғы барын беретін жомарт болса, екіншілері — шық бермес Шығайбай, сараң.

Қазақтың «бір биеден ала да, құла да туады» деген мақалын дәл осыларға қолдануға болады.

Бұл менің ес біліп қалған кезім, сондықтан да алғашқы көршілердің мінез-құлқы, әдет-ғұрпы түгелдей ойымда сақталған сияқты. Біз бұлармен бір туғандай болып кеттік. Енді осы ауылдас адамдар туралы біраз сыр шерткім келеді.

«Бес атаның» Қасен — ең үлкені. Ол ашаң өңді, биік бойлы, селдір қара сақалды, таң атқаннан кешке дейін сөйлеуге жалықпайтын, маңызсыз көп сөйлейтіні үшін «мылжың Қасен» атанған адам.

Дәнжан мен Жания да сарандықтың шегіне шыққан адамдар еді. Қасенді алатын болсақ, ол біздің ауылдан 6-7 шақырым тұратын «Метрей» ауылындағы мешітте азаншы. Үйінде болуынан да мешіттегі ауылда жүруі көбірек. Қыстың аязында келе беруді қиынсынып, кемпірін де сонда ала кетеді.

Қасеннің қызын алған күйеуі — Мұсаның Сәмені — «жарлының бір тойғаны шала байығаны» — деген мәтелді есіне алады да, қайын енесінің ел қыдырып кеткенін пайдаланып, жаңа түскен жас келін Жанияға барып бір тойынып қалуға қыдырып келеді. Кешкі тамаққа отырарда табақта төрт адамға деп асылған үш-ақ түйір ет болады. Оның да бірі бауыр екен. Күйеу кетерінде өлең шығарып кетеді:

Үш түйір ет асыпты, бірі — бауыр,
Жаниядан Дәнжекем өзі тәуір.
Қайным бай, туыстарым дәулеттілер,
Мен кедей ортасында арқам жауыр.

Сықақ жатпайды. Қазақтың сымсыз телефоны — «ұзын құлақ» қоя ма, осы өлеңді ауылдан-ауылға жеткізіп, бертін келе сараңдау адамды сынағандар: «Жаниядан Дәнжекем тәуір» деп күлетін.

Қасен өзінің сауатсыздығына қарамай, азаншылығын пайдаланып, халықты дін жолына насихаттап, коммунистер мен комсомолдарға мейлінше қарсы болды. Үкіметке қарсы үгіт ұйымдастырғаны үшін сот үкімімен басқа өлкеге жер аударылды. Жасы алпыстан асып кеткен және көксау бишара айдалып барған жерінде қайтыс болған көрінеді.

«Бес атаның» ең кенжесі — Қадағай. Сіңірі шыққан кедей. Жалғыз қызыл қасқа сиырдан басқа малы жоқ. Әйелі Рабиға бала көтермеген адам, екі беті қыпқызыл, сұлу келіншек. Кедейлігіне қарамай, ол үйдің іші Қасеннің үйінен көп таза. Жалғыз сиырының ағын өздері ішпей, келген қонақтарына береді. Қадағай өте сауықшыл, сол кездегі қазақ арасындағы ойындарды шебер орындаушы, қазіргі тілмен айтқанда барып тұрған әртістің өзі.

Ұзын бойлы, кең жауырынды, қарасұр өңді, үлкен қой көзді Қадекең әрі аққөңіл адам. Кімге болса да, бала-шаға демей, білген өнерін қажымай үйретеді. 20 жігіттің кезек ұрып сындыра алмаған жылқы жілігін жалаңаш қолымен бір ұрғанда екіге бөледі. Арқасына денелі деген жігіттердің үшеуін мінгізіп алып, шыр көбелек айналдырады. Аққөңіл, жомарт, ойынсауықтың серісі болған Қадағай жасы 40-қа келмей сүзек ауруынан дүние салды.

Қылышбайдың үшінші баласы — Мұқан. Ол орта бойлы, толық денелі. Қазина деген ұзын бойлы, ақсұр әйелі, Қоңқаш атты жалғыз қызы бар. Мал дегенде, бір сиыры, бір биесі, 2-3 қой-ешкісі бар. Ешкіммен жұмысы жоқ, бір ағашты жеке жайлап отыратын шаруа адамы болды.

«Бес атаның» байы да, адамы да — Күшенғали Қылышбайұлы. Ұзын бойлы, толық, балуан денелі, жас кезінде жалшылықта көп жүрген, саусақтары бақандай жуан, кішкене қой көзді, бетінде шешектен қалған таңбасы ашуланса, әлем-тапырық болып кетеді. Отыз беске келгенде үйленді. Әйелі — Несібелі. Кішкене бойлы, тапал адам. Денесінің шағындығына қарамай, қол салып ойнайтын қайныларының ең мықты дегендерін де алып ұрып астына басатын.

Күшенғалидың Қымбат және Жібек атты қыздары, Рақым, Қәкім және Әшім деген ұлдары болды. Қымбат пен Рақым жастай өлді, қалғандары туған ауылында тұрады.

1925 жылы Күшенғалида екі үйір жылқы болды. Биелерінің бәрі қара-көк, биік шоқтықтарына ұсынса қол жетпейтін, жалқұйрығы төгілген арғымақ нәсілді болатын. Құйрықтарына құшақ толғандай.

Баюына себеп болған, өзінің айтуынша, қызыл бұзаулар. Отау болып шыққасын көршілес орыс қалаларынан туа сала енелерінен айырып жіберетін бұзаула-

рын арзан бағаға сатып алып, жаздай-қыстай семіртіп, келесі күзде еттерін Қызылжарға апарып қасаптап сататын көрінеді. Екі-үш сомға алған бұзаулардан 20-30 сом ақша шығарады екен. Ол кезде соғымға соятын ту биенің бағасы — отыз сом, ал ең жүйрік аттардың бағасы — 100 сом.

Осылай байыған Күшенғали малын бағуға жалшы жалдайтын болды. Келген қонақты құрметпен қарсы алып, риза қылып жібереді. Жаз бір рет, қыс бір рет өзіміздің көршілес ауылдардың адамдарын қонаққа шақырады. Соғым кезінде ақсақал-қарасақалдарды түгел жиятын.

Күшенғалидың бір ерекшелігі — өзі сауатсыз бола тұра, ертегі, қисса, ақындардың айтысы, басқа да қанатты сөздерге керемет құмарлығы. Қолы бос кездерінде тыңдаушы табылмаса, өзінің екі баласы мен мені отырғызып қойып:

— Ал, балалар, ертек айтамын, тыңдап, ұғып алыңдар! — деп «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнекей сұлу», «Көруғылы» тағы басқа толып жатқан ертегілерді айта кеп жөнелетін. Оның айту мәнері, өзіне ғана тән ерекше әуені біз сияқты жасөспірімдерді қорғасындай балқытатын.

Күшенғали жасы 70-тен асқанына қарамастан, соғыс жылдары колхозға аянбай еңбек істеді. Бір күні Қызылжарға барып келе жатқанда жол үстінде ауырып, Қарағаш ауылында қайтыс болыпты.

«Бес атаға» көшіп келгенде, біздің екі үйде бір де бір мал болмады. Бұл біздің үйдің кедейліктің ең шегіне шыққан кезі еді. Күн көрісіміз өте нашар болды. Алайда жалғыз бала болғандықтан, мен аштық көргенім жоқ. Қалғандарының кәсібі — көршілес орыс қаласының ауқаттыларына жалданып тамақ асырау.

Үлкендер ақылдасып, үй ішінің кілем, киіз, алтын сақина сияқты заттарын сатып, Күшенғалидан бір құлынды көк биені сатып алды. Атамның айтуына қарағанда, әрі сүтті, әрі құтты, саусақ—сауын, мінсек көлік болған осы бие асыл жылқылардың тұқымынан екен.

Көршілес Қарағай ауылында ата жағынан ағайын, менің шешемнің туған бөлесі, Бейсен қажының келіні Мұқидың үйі тұрады. Біз «Бес атаға» көшіп келгенде күйеуі Мақым қайтыс болған. Балалары: Абылай, Қаббас, Қайранас жастай қалды. Жүзге жуық жылқының, қырықтан аса қара малының билігі нағашы апам Мұ-

кидың қолына көшті. Мұқи орта бойлы, толық денелі, жас кезінде өте сұлу адам болған. Мен ес білген кезде 40-тан жасы асып кетсе де, бет бітімінен сұлулықтың белгісі көрініп тұратын. Үлкен қара көзді, тура біткен қыр мұрын, жазық маңдай, қиылған қара қасты, аққұба бидай өңді адам еді.

Өте байсалды, орынсыз сөйлемейтін, көрші ағайынға жағымды, қолынан келген көмегін кедейлер мен жетім-жесірлерден аямайтын.

Мен «Абай жолы» романындағы Зере мен Ұлжанның мінез-құлықтарына зер сала оқығанда, осы нағашы апам Мұқиды есіме түсіретінмін. «Қазақ даласында мейірімді аналар өте көп болған-ау!» — деп таңғалатынмын. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің қазақ өмірін асқан шеберлікпен суреттей білгеніне қайран қалатынмын.

1927 жылдың жазында біздің үйде бір үйір жылқы, оның ішінде жеті құлынды, шоқтығына қол жетпейтін арғымақ биелер, су-жорға жирен айғыр, жүрісі жақсы үш ат, ал сиыр басы он беске жетті. Екі пар мүйіздері қарағайдай атан өгіздер, жиырмадан аса қой-ешкі, шөп шабатын машина, 60 сомға екі шелек су сиятын ақ самауыр, тағы басқа заттар алынды.

Ес білген соң ойласам, бұл бір саясаттың жемісі екен. Дүние жүзілік соғыста және азамат соғыстарында қираған күйзелушілікке ұшыраған халық шаруашылығын тез уақытта қалпына келтіруге себеп болған партияның көптеген саясатының бірі — НЭП екенінде сөз жоқ.

1929 жылы колхоз ұйымдастырылу науқаны басталғаны белгілі. Біздің ауылдардың шаруалары Қарағай атты колхоз болып ұйымдасты. Біздің үй артельге мүше болып, бір бие, бір сиырды жеке меншікке қалдырып, қалған малдарын, ауыл шаруашылық құралдары мен машиналарын түгелімен колхоз орталығына тапсырды.

АТАМНЫҢ БІРІНШІ ӘҢГІМЕСІ

Әкемнен жастай қалсам да жетімдік, жоқтық, қорлық көрмей өсуіме атам көп еңбек сіңірді. Есімді біліп, жақсылық-жамандықты айыра бастағанда, атамның жасы 70-ті алқымдап қалған еді. Ел адамдары атамды Бекмағамбет пірадар, кейбіреулері қысқартып Бекет пірадар деп атайтын. Ишанға қол тапсыруынан

ба, әлде өте діншіл, оразасын аштық-жоқтыққа қарамай бұлжытпай ұстап, бес уақыт намазын уақтылы оқып, жайнамазының үстінде ернін жыбырлатып, тасбиығын ұзақ тартуынан ба, әйтеуір, атамды көрген адамдардың бәрі де пірадар деп амандасатын.



Атасы — Бекмагамбет Жолдыұлы

Атамның бет-бейнесі мен мінез-құлқы, айтқан қызықты әңгімелері менің әрқашан да бүгінгідей есімде сақталып, көз алдымда мәңгі тұрады.

Атам бойы ортадан төмен, толық денелі, кең жауырынды, дембелше, атқа отырғанда ұзындығы мен көлденеңі бірдей адам еді. Алақаны жалпақ, қысқа саусақтарын қосып жұдырығын түйгенде, жуан тоқпақтай. Кең маңдайлы, ақсұр жалпақ бетін аппақ күміс сақал-мұрты түгел жауып тұратын. Біреумен сөйлескенде, сақалын анда-санда сипап қою атамның ежелгі дағдысы. Жасының 70-ке келуіне қарамай жаяу жүргенде оған кәрілер түгіл, жастардың өзі әрең еретін. Атқа қарғып мінетін, қартайғанша өте қуатты және пысық болып өтті.

Ол бертін келгенше аңшылығы мен саятшылығын бір тоқтатқан жоқ. Қасқырды бір қаққаннан қалдырмайды екен. Атамның өзінің айтуына қарағанда, қасқыр қуатын жүйрік торысы, «Алақұс» дейтін қасқыр алатын иті болған. Атын бәйгеге қосқанда, бірінші — екінші болып келіп, бәйге әпермегенімен, қасқырды көргенде желдей есетін қасиеті бар екен. Жануардың талай бәйгеден жеке дара, жалғыз келіп жүрген жүйріктерді қасқыр қуған кезде шаңына да ілестірмей кететін әдеті болыпты. Тұмсықтан бір салғанда, қандай арлан болмасын сұлап түсетін көрінеді: «Қасқырды екі қайтара ұрып көргенім жоқ», — дейтін атам. Мен атамның сөзін бөліп: «Сіз сонша мықты болдыңыз ба, дене-

ніз шағын емес пе?» — дегенде, ол қолын созып өзінің жалпақ алақанын көрсететін.

— Менің барлық күшім қолымда, балам, — деп сөзін жалғастыра беретін.

Атамның үйі өте жылы. Балалары Кенжеғали, Мұқамади, келіні Гүлзара шаруамен айналысады. Сататын сиырларды сою, ішек-қарындарын тазалау — солардың міндеттері. Бәкен саудаға араласқалы екі үйдің тамақтары тоқ, көйлектері көк болды. Атам екеуміздің негізгі жұмысымыз — ел қыдыру мен әңгімелесу.

— 1905 жылы болу керек, ұмытпасам, — дейді атам, — Кенжеғали туған жылы егін бітік, шөп мол шығып, елде молшылық болды. Онда Жолды атаның тірі кезі. Таңертеңгі шайды ішіп отырғанымызда, үстібасын қырау басқан Жүніс құда сәлем беріп, кіріп келді.

Шайға да отырмастан, амандық-саулықты білгесін:

— Бүгін түнде біздің тайлы биені қасқыр жеп кетті. Ізіне қарағанда, бет алыстары—Торанғыл көлі, — деді.

Мен Жүніске қарап:

—Ал кеттік! — дедім.

Жылы киімдерді киюді ұмытып кетіппін, қызба мінездігім ұстап, ерттеулі тұрған торы атқа мініп, қолыма қайың қақ сойыл алып, Торанғылды бетке ұстап, «Меруерт шілігіне бір соқпай кетпессіндер» деп атыма қамшы бастым. Кең тақтаның дөңіне шыға келсем, Меруерт шілігінен шығып, топтанған көп қасқыр Торанғыл көліне қарай аспай-саспай кетіп бара жатыр. Айылымды мықтап тартып, Торының көзін сүртіп, қасқырлардың соңына түстім. Қасқыр көрсе пірісі бар жануармен әне-міне дегенше жетіп келдім. Мен жақындап келгенде, қасқырлар екіге бөлінді. Үш қасқыр үлкендігі тайыншадай, нағыз көкжалдары болу керек, әбден жақындатып, тауға бет алды. Қалғандары Торанғыл — Корнеевкеге баратын жолға түсіп топтала қашып барады. Қасқырдың тәсілін білетін мен жақындатып қашқан көкжалдарына қарамай, тобының соңына түстім. Көп ұзамай біреуіне жетіп келдік, дәл тұмсықтан неріп өттім, артыма қарағам да жоқ. Екіншісін де ұрып жықтым. Шамасы 5 шақырымдай жерге жеткізбей-ақ қуған қасқырлардың алтауын түгелдей жайратып кетіппін. Қалған қасқырлар, жолдан шығып, қара парға түсіп бытырап қашып барады.

Мен атамның бетіне тесірейе қарап қалыппын.

— Балам, таңдандың, нанбай отырсың ба? — деді атам.

— Жоқ, ата, әңгіменің қызығына құмартқаным ғой! — дедім мен.

— Атымды тоқтатып, артыма қарасам, көз ұшында екі салт атты көрінеді. Әкем мен Жүніс екенін білдім. Жолға қарасам, теңкиіп өліп жатқан қасқырлар: «Кісілер жинап алар» деген оймен қашып бара жатқандарының соңынан түстім. Менің астымдағы Торыға жол да, жолсыз да, қара пар да бір. Қасқырлар жаңа жауған қалың қарға батып, бауырын жазып қаша алмай бара жатыр. Көп ұзамай жетіп келдім. Шаршаған қасқырлар қалың қарға әбден малтығып, жаяу адам да соғып алар халге жеткен. Мен:

— Болды қызық, — деп қатты айқайлап жібердім. Үй шаруасымен айналысып жүрген әжем:

— Не болды, сен шал қайдағы бірдемені айтып, баланы қорқытып отырсың ғой? — деп атама қарады.

Мен әжеме қызық әңгімеге таңданып айғайлағанымды айттым. Байсалды әжем:

— Жәрейді ендеше, баланы зауықтырмай тезірек айтсаңшы! — деді, менің атамның аузына қарап, қозғалмай отырғанымнан құмарланып тыңдауымды сезгендей.

Сақалын әдетінше бір сипап атам:

— Ұзын сөздің қысқасы, қара пардың үстінен тағы бес қасқыр соғып алдым. Қалғандары Торанғылдың қамысты көліне кіріп жоқ болды. Он бір қасқырды бір күнде соққан құлақ естір жерде болған емес. Қуып жеткен әкем мен Жүніс тіл тимесін деп торы атты, мені айнала түкіріп ырымын жасап жатыр. Әкем байғұс көп қасқыр соғатынымды білгендей артына сүйретіп кішкентай шана ала келген. Қасқырдың алтауын соған салып, қалғандарын Жүніс пен әкемнің аттарына өңгердік. Қасқыр соққан атқа қасқыр өңгеруге болмайды. Ол — атадан балаға жетіп келе жатқан қазақтың ескі ырымы. Осының жөні де бар, — дейді тағы атам, ырым былай тұрсын, шаршаған атқа қасқыр өңгеру қосымша жүк емес пе? Он бір қасқырдың төртеуін Жүніске байладық.

— Ата, — дедім, — Алақұс туралы айтыңызшы, өзі нағыз қырыпсал деп естідім. Өткен өмірін еске түсіргендей, атам төмен қарап біраз отырып, сөйлеп кетті:

— Алақұс кіші-гірім тайыншадай, жоғарғы ерні сал-

бырап ұртынан төмен түсіп тұратын, құлағы ұзын, тебінгідей, жалпақ төсімен қасқырды соғып өткенде, құлатып кететін. Адамды қабу дегенді білмейтін, қазіргі қырық ауыл шамасындағы үш атаның үйлерін тегіс аралап жүретін, оған қарсыласып таласпақ түгіл, басқа иттер алдынан үріп шығуға да қорқатын.

Бір шақырымдай жерден көрген қоян, түлкі, қасқырды, ар жағында көп ұзамай алып тастайтын. Біздің елде қасқыр алатын иттер көп болды. Бірақ, иесі жеткенше жалтақтап қасқырға ауыз салмайтын, жүйрік аттың күшімен адам жақындағанда ғана бас салатын. Басып жата алмай, олар адамның көмегімен алатын. Ал қасқырларға еркін жететін Алақұс жыртқышты алқымнан алып бір-ақ соғатын да, жығылғанын тұрғызбай, алқымдап өлтіріп тынатын.

Біздің елде бір жылы қар ерте еріп кетті. Күн де тез жылынып, жылқы мен қара малды алысқа айдап апарып бақтық. Қыстан жүдеп шыққан қой-ешкі ауыл маңайында жайылатын. Ауылдың еркек-әйелдері көршілес бай ауылындағы Тәшет молданың бір баласы қайтыс болып, бата оқуға кеткенбіз. Ауылда қалған жас балалар мен сол жылы сүзек аурумен ұзақ төсекте жатқан Құлмақанның Қожаны ғана қалады.

Қожан сіңірі шыққан кедей болатын. Жалғыз жирен аты да күтімсіз болып, қыстан арық шыққан. Сол күні бір-екі арлан қасқыр келіп, ауылда ешкімнің жоқтығын пайдаланып, біздің ауылдың тұрғыны Сүттібай дегеннің бір ешкісін жеп, екі ешкісін жаралап кетеді. Қасқырды көріп қалған ауылдың балалары, Алақұсты шақырып айтақтайды да, ауруынан айыға бастаған Қожанға хабар береді.

Балалардың айқайымен қаша жөнелген арландарды Алақұс тұра қуады. Қожан да арық жиреніне мініп, соңынан жөнеледі. Кеңтақаның дөңіне келіп жетсе, Алақұс екі қасқырмен жалғыз алысып жүр екен. Қожан жақындап қалғанда, адамнан қорыққан бөрілер тұра жөнеледі. Жүйрік Алақұс қоя ма, біреуін аттатпай бас салып, тамағынан бір-ақ сығады. Содан соң ығысып бара жатқан екінші арланды қуа жөнеледі. Көңілшек Қожан өліп жатқан қасқырды көреді де, Алақұстың «өнеріне» риза болып жылап жібереді. Ауылдан шулаған балалар мен иттер де келіп қалады. Енді Алақұстың екінші қасқырды қуып кеткен жағына қараса, шамасы бір шақырымдай жерде, Алақұс екіншісін де алып

ұрып, арманы орындалғандай жер бауырлап жатыр екен.

Екі арланды кісінің көмегінсіз жеке алған ит өмірде болған емес-ті. Естіген ел таңданады да, сұқтанады да. Талай бай мырзалар қалап немесе сатып алудың, тіпті болмаса ұрлап алудың амалдарын ойластырды. Бірақ түк бітіре алған жоқ. Алақұсты көзімнен таса қылмай ұстадым. Ондап емес, жүздеп қасқыр, түлкі алдырдым.

Аңшылықтан қызық нәрсе жоқ, балам, — деді тағы атам әңгімесін жалғап, жігіт болсаң өзің де білерсің оның кереметін. Бүркіті түлкі алып, иті қасқырға жеткенде, аңшыда жан қалмайды. Өлген-тірілгеніңді білмей, алдыңда тұрған терең орға да, сандық тасқа да қарамай, пәрмендете шауып жетесің.

АТАМНЫҢ ЕКІНШІ ӘҢГІМЕСІ

Атам бәріміздан ерте тұрады. Сондағы бітіретін жұмысы малдарға шөп салынды ма, суарылды ма, мал қоралары тазартылды ма, соларды бақылайды. Әсіресе, өзінің мінетін қайқы көк биесі мен менің «Жагалтай торы» аталатын құнанымды жақсы күтуді балаларына қатты тапсырады.

Біздің үйдегілерге атамның айтқаны — заң. Балалары мен келіндері оның алдында құрдай жорғалайды. Даладан тоңып келгенде атам мен әжем ұзақ отырып шай ішеді. Мен шайды тездетіп ішіп алам да, әжемнің: «Құлыным-ау, тамақты аз іштің ғой» — дегеніне қарамастан, күндегі әдетім бойынша атамның мойнына асылып, кешегідей қызық әңгіме айтуын өтініп, маза бермеймін. Сонда атам, асығып:

— Қазір, қазір, Жәлелжан, шайды молырақ ішіп, сусынымды қандырып алсам, қызықты әңгімелер өздері «мені айт, мені айт» деп келіп тұрады! — дейді.

Шайын ішіп болғасын, атам жайланып отырып алады. Менің екі көзім атамның аузында. Осы бір көрініс-ті егер суретшілер көрсе, керемет картина жазып шығар еді: жасы жетпіске келген ақ сақалды шал, оның дәл алдына малдас құрып отырған жеті жасар бала. Қандай әдемі көрініс!

— Бұдан 150 — 200 жыл бұрын біздің елде өмір жаугершілікпен, тартыспен өткен, — деп бастайды әңгімесін. — Қазақ қалмақты, қалмақ қазақты жаулапты. Қызылбастар да құр жатпапты. Олар да қазақ

еліне жиі-жиі шабуыл жасап тұрыпты. Осылардың бәріне қарсы тұрып, оларға тойтарыс беру, елін қорғау — ежелден қазақтың еншісіне берілген үлес болған. Жаудан қорғану бір сәрі ғой. Тіпті, өзіміздің Орта жүздің балалары: Арғын мен Қыпшақ та, Қоңырат пен Найман да, Керей мен Уақ та кейде бірінің жылқысын бірі қуып кетіп, берекесіздікке салынған кездері болған.

Орыстар келгенше ел арасында тыныштық деген аз болған. Орыстар туралы әртүрлі пікір мен кеңестер бар. Әсіресе, Кеңес үкіметі орнағасын «орыстар жақсы, меймандос халық» деп жүрген жоқ па? Ал байлар мен молдалар: «Орыс деген — кәпір, діні басқа, қайырымсыз, оларға табыну діннен шыққанмен бірдей» — дейді. Менің ойым да, пікірім де, балам, басқаша. Орыс халқы әділ, әсіресе, кедейлері сенген адамнан жанын аямайды. Мысалы, біздің тамыр Сергей Курбатовты өзің білесің. Ол орыс, қазақ демейді. Өзі барып тұрған еңбекқор. Оның айтуынша, әркім өзінің қалаған дінін ұстау керек, бірақ қандай дін болсын алдауды, зорлықты сүймейді дейді. Расында да, қазақтың даласына тыныштық орыспен бірге ере келді, балам.

Мен саған айтатын кеңесіме оралайын: Торғай өзенін жайлайтын Қыпшақта бір ел адамы өліпті. Өлгеніне жыл толғасын, баласы Дербес батыр Орта жүзге түгел сауын айтып, үлкен ас береді. Біздің Құлтабар-Малтабардан Өмір және Мұрат деген батырларға қосылып Меңдіқара баласы Сарықазақ барады.

Үшеуі де дәулетті адамдардың балалары, бәйгеге қосуға небір жүйрік аттарын апарған. Атығай — Қарауылдан, Керей — Уақтың ас пен тойларында алдына ат салмай, жалғыз келетін Сарықазақтың Тортөбелі барады. Екіншісі — Дербес батырдың туған жиені қосқан Ақмая деген ат. Ол Торғай, Ырғыз өзендерін қоныстайтын Тоқал арғын мен қыпшақтардың аттарын алдына салмаған өрен жүйрік болыпты. Осы екі ат қатар келген. Шындық шешімге келсе, екеуіне бас бәйгені бөліп беру керек еді. Бірақ, қыпшақ жағы көп болу керек, ұран шақырып, бірінші бәйгені Ақмаяға береді.

Арғын жағы, әсіресе, Өмір мен Мұрат және Сарықазақ батырлар дауласып, екінші бәйгені алмай, «аттың жүйріктігін басқа аста сынармыз» деп елдеріне қайтып кетеді. Үлкен намыс көрген Дербес батыр, өз кінәсін білмей, өшпес кек сақтап қалады. Сол жылдың күзін-

де Дербес бастаған қыпшақтар Сарықазақтың бес жүз жылқысын барымталап айдап әкетеді. Онымен қоймай, қыпшақтар жылқысын аралап жүрген, жасы жетпістен асқан Сарықазақтың әкесі Меңдіқара батырды өлтіріп кетеді.

Меңдіқараны өлтіріп, көп жылқыны олжалап апарса да, қалың қыпшақ елі Дербестің қылмысты ісін қолдамапты. Керісінше: «Өзіміздің туысымыз арғынды шапты, іздеп келсе, тентекті өз қолымызбен ұстап береміз. Арғынның бір тайына тимеңдер» деп, жылқыны құнарлы жерлеріне бақтырып қойыпты.

Меңдіқара өліп, жылқысы шабылған ауыл, қазіргі өзің білетін біздің Асайын — Құсайын үйлерінің қыстауы. Ұзындығы бірнеше шақырым сол орман «Қыпшақ тиген» аталып кеткен. Қарағай ауылынан басталатын ақ қайың орманның аты Дербес деп аталады.

Әжем, атам үшеуміз түскі тамақты біздің үйден іштік. Табақ толған жылқының семіз еті. Бәкең үйде жоқ, қанша жесек те тауыса алмадық. Атам мен әжем бір аяқтан құрт езген көже ішіп алды. Тамаққа әбден тойған атамның «Дем алсақ қайтер еді», — дегеніне болмай, әңгімесін аяқтауын сұрадым. Атам сөзін жалғап:

— Меңдіқара батырды қартайғанда қыпшақтар жазықсыз өлтіргенін естіген Атығай — Қарауыл қатты дүрлігіп, қыпшаққа қарсы соғысқа дайындалады.

— Ол кезде мылтық өте аз, — деді атам. Соғыстың өзі қара күш, қол төбелеспен басталып, аяқталатын. Ең күшті қару — қылыш, найза, садақ. Астында белді атың болуы — бірінші шарт. Қыпшаққа аттануға дайындық қызу жүріп жатқанда, біздің малтабарлық Мұрат батырға мыңдаған жылқыдан мінетін бір ат табылмапты. Менің атам Қыдырбай ол кезде 30-дағы жас жігіт екен. Мұрат батырдың бойының ұзындығы екі метрден артық, ал көлденеңі киіз үйдің есігіне сыймай, бір жанбастап кіретін көрінеді. Саусақтарының жуандығы қойдың жілігіндей. Сондай денеге темір сауыт кигесін, қандай ат оны көтеріп, қажымай шаба алады? Мұраттың адасы, ағайындас досы, Қосағалдың баласы Мұрат деген біздің елде тағы бір керемет батыр болған. Ол көптен жіңішке ауруға шалдығып, өзінің жаугершілікке мінетін Ала атын үйдің маңына тұсап, Жалғыз таудың түбінде қысырақтың қымызын ішіп, емделіп жатады екен.

Ауру адамның көңілін қимай, атын сұрауға еш адам батып бара алмапты. Қосағал, Тау — сенің әженнің нағашылары, Төлек балалары. Үлкендердің айтуына қарағанда, екеуі егіз туса керек. Олар жөнге де келеді. «Қосағал» деген сөз — қос ағалы деген сөзден шыққан. «Қосағал қалғыса, Тау бірге қалғиды» — деген сөз бар (кемпірім, деп атам әжеме бір қарап қойды). Әжем:

— Қалай қалғитындарын кім білсін, Ол Шуаш пен Құлтабардың қуларының шығарып жүрген әңгімесі шығар, — деді. Атам әңгімесін жалғап:

— Мәселе қалғуда емес, Мұрат батырдың ала тұлпарын сұрап алуда болып тұр ғой, — деді. Ұзын сөздің қысқасы, малтабарлық Мұрат батыр адасының атын сұрауға өзі барыпты.

Екі батырдың жауға тізе қосып бірге шыққан жорықтары көп болу керек, сондықтан ба, қалай, жалпы Арғын халқы бұларды ағайынды Мұраттар деп атайтын еді. Амандық-саулықты білгесін, сырқаттанып жатқан Мұрат сөзді өзі бастап:

— Басқа адамды Ала тұлпардың маңайынан да жүргізбес едім, өзің келгесін бердім, жолың болып жауыңды жеңіп орал, — дейді. — Өзімнің осы жорыққа бара алмағанымa жаман ренжіп отырмын. Адас, тапсыратын екі сөзім бар, біріншіден, Алам талай жаудың қоршауынан алып шыққан серігім еді, өлсе терісін, тірі болса — өзін әкеліп бер. Екінші, қыпшақ — өзіміздің туысымыз, кінәлі Дербестен өштеріңді ал да, басқа ағайынды шаппаңдар. Егер өз кінәлерін біліп тентекті ұстап берсе, бітімнен артық шабуыл жоқ! Талай жазықсыздың қанын төктік қой, ол жағын ойлайтын мезгіл де жеткен шығар! — деп кеудесі ауру Мұрат бір жөтеліп қояды.

Екі батыр қоштасып, біреуі: «Жолың болсын» — деп, екіншісі: «Ауруыңнан тез сауық», — деген тілектерін айтып айрылысады.

Қалың әскерді бастап Мұрат батыр досының тапсыруымен болды ма, өзінің шешімі болды ма, әйтеуір, істі әділ шешуге тырысады. Соғысуды сүймеген қыпшақ жақтары да, елші салып, Орта жүздің басқа рулары да араға түсіпті. Сөйтіп қалың қыпшақтың өзі қолдамаған кінәлі Дербесті Сарықазақ батыр қашып жүрген жерінен ұстап алады да жүрегіне қанжар салып өлтіріпті. Бір уыс қанын ішіп жіберіп: «Құным бітті, кегім қайтты!» — депті. Сарықазақ әкесінің кегін алғасын, жыл-

қысын түгендеп бітімге келіп, жол-жора алып, аман-сау қайтып елге келген көрінеді.

Атам Меңдіқара батырдың әңгімесін бітіріп дем алды. Мен де: «Мұрат сияқты батыр болса» — деген қиялға шомдым. Оны атам мен әжеме айтып едім, әжем:

— Соғысы құрысын, батыр болғанша, — адам бол, жаным, — деді.

— Кеңес үкіметінің ішкі, сыртқы жаулары көп! — деді атам, — елді солардан қорғау керек емес пе? Қазіргі соғыс қол төбелес емес, енді ақылды, айлалы адам ғана батыр бола алады. Менің балам пысық та, зерек, батыр болса, болады да. Кім біледі, мүмкін біздің атағымызды халыққа мәңгілік жаятын осы құлыншағым болар, — деп тоқтады атам.

— Бүгін әңгіме осымен аяқталсын, — деп, атам күндегі әдеті бойынша екінді намазын оқуға кірісті.

МЕКТЕП

1927 жылдың күзі. Қарлы-жаңбыр аралас төпеп жауып тұр. Жердің беті су болып кетті, аспан түнерген қара бұлт. Үйдің іші қара көлеңке. Қабырғасы мен төбесі қалың салынған сәкісі бар біздің үлкен шым үй өте жылы. Апам бір жастан жаңа асқан, аяғын апыл-тапыл басып жүретін кішкене қарындасым Қарапаны ойнатып отыр. Мен күндегі кәсібім, жалғыз өзіммен өзім дойбы ойнап отырмын. Далаға шығуға күн жауын. Сәлем беріп, үйге екі адам кіріп келді. Біреуі — Бәкең, екінші — қайда барса да айрылмай бірге жүретін Ысқақтың Қабдолласы. Екеуінің де үсті-басы су. Шапандарының сыртынан киілген шекпендерін тастап, Қабекең апаммен, менімен амандасып, есен-саулықтарымызды сұрап жатыр.

Бәкең апамды шам жағуға жұмсап, кішкене баланы өз қолына алды. Ысқақтың Қабдолласы көптен біздің үйге дос-жар болған адам. Қазір жасы сексеннен асқан зейнеткер. Талай қиын қыстау кезде Бәкеңмен бірге болған.

Қабекең ұзын бойлы, кең жауырынды, үлкен қоңыр көзді, кең маңдайлы, ақша бетті адам. Жасы 35—36-лар шамасында. Танауының астына қойған кішкене мұрты оған өте жарасып тұрады. Сөйлеген сөздері сыпайы. Орысша, қазақша жақсы сауатты. Ұрыс-қағыс-

та шаруасы жоқ, ағайынға жағымды, ұрлық-қарлықты білмейтін кісі. Досына өте мейірімді, қазақша айтқанда, «қоқ етін кесіп беретін адам». Екінші бір ерекше қасиеті — қиссалар мен ертектерді түгел біледі.

Қайдан алатынын кім білсін, әйтеуір, қалтасында немесе саптама етігінің қонышында «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан», «Зарқұм» тағы да толып жатқан қиссалар жүреді. Өздеріне аян, менің ең жақсы көретінім — батырлардың әңгімелері мен қисса тыңдау ғой. Сондықтан да болу керек, Қабдолла келгенде, мен есім шығып, қуанып қаламын.

Даладан тоңып келген Бәкең мен Қабекең шай ішуге кірісті. Шай үстінде жаңалық естідім: біздің ауылдан төрт шақырым тұратын Игібай аулында мектеп ашылыпты. Мектепке Құлмақанның Темірі ағаш үйдің үлкен бір бөлмесін беріпті. Мұғалімі — Жаңқабайдың Молдахметі.

Бәкең маған бұрылды да:

— Жәлел, бұл — жаңаша оқу. Сен енді осы мектептен оқисың, дайындал. Күшенғалидың Рахымы оқып жүр, соған еріп баратын боласың! — деді.

Менің қуанғаным сондай, «оқимын-оқимын» деп айқайлап жіберіппін.

Бәкең апама қарап:

— Жамал, сен Жәлелге боқша тігіп бер! — деді.

Мен таңданып: «Боқшасы не, аты жаман екен өзінің» — демесім бар ма.

— Ол сенің кітап, дәптер, қағаз-қарындаш салып, мойнына іліп жүретін кішкене дорбаң! — деді Бәкең.

— Боқша демей, кітап қап десе қайтер еді, «дорба, боқша» деген одағай сөздер екен! — дедім мен. Қабекен:

— Бала дұрыс айтады, «боқша» дегенді қою керек, — деді.

Ертеңіне «Жағалтайторы» аталатын, жуас торы құнанды мініп, Рахымға еріп мектепке бардым.

Оқушылар екіге бөлініп отырыпты: оң жақта жастары 15—16-ға келіп қалған ересек балалар, ал есікке таяу отырғандардың үлкені-кішілері аралас. Көпшілігі Игібай ауылының балалары. Менен үш жас үлкен Ахметтің Елеукені, жасы 14-ке келіп қалған қалжыңбас Садуақастың Жәмені, менімен шамалас Есмұқанның Танауы, бала жігіт болып қалған Байғазының Рашиді, қыз дегенде менің немере апам Қөшбастың Ажары, не-

бары екі кластағы баланың саны жиырмадан аспайды.

Мен барғанда мұғалім үйдің ортасында ілулі тұрған қара тақтайдың бетіне бірдемелерді жазып, балаларға түсінік беріп жатыр екен. Таңданғандай біраз қарап тұрдым. Мені елеген ешкім болмаған соң, сұраусыз Ажардың жанына отырып, алдындағы қағаз-қарындаштарын көріп, үйдегі еркелігіме салып, ақтарып-төңкере бастадым.

АҚАН СЕРІ

Ақан сері Қорамсаулы көзі тірісінде қазақ қауымына атағын мол жайған ақын-әнші, ардагер адам.

Өзгесін былай қойғанда, «әу» деп өлең айтатын қазақта «Сырымбетті» білмейтіні жоқ. Совет дәуірінде Ақанды жұртшылыққа таныстыруға атақты жазушыларымыз Ілияс Жансүгіровтің, Ғабит Мүсіреповтың еңбектері көп сіңген. Соңғы жылдарда Ақаң туралы әңгімелер, романдар, өлеңдер жас ақындардың қаламдарынан да туып жатыр. Ілиястың сұлу да, сәтті де шыққан «Құлагер» дастанындағы Ақан бейнесі ғажап қой.

Кісі емес Ақан төрде билік айтқан,
Ұры емес, ауыл торып, ел шулатқан.
Молда емес, мешіт салып зекет алып,
Нәжесін дүниенің бойға жаққан,
Ол емес және өзінің малын баққан,
Жалшы емес және байдың отын жаққан.
Кісіні ит етінен жек көретін,
Дау қуып, арыз айтып биге шаққан.
Жүйрік ат, сонар-саят, қыз-қыркынмен
Өмірді өткізген ол өз еркімен.
Өмірдің ащысы мен тұщысын да,
Өткізген жігіт — ойын, қыз — күлкімен.

Дегенмен дастанның аты дастан ғой. Романтикалық дастан әр кезеңді, бір-екі күндік немесе, тіпті он-он бес сағаттық оқиғаны алады да, соны асқақтықпен жырлап береді. Трагедия да кейіпкердің өмірін түгел қамтуды мақсат етіп қоймайды. Мұнда жазушы кейіпкердің өмірінен біраз үзінді алады да оны өз тұрғысынан, қазіргі социалистік реализм тұрғысынан айтып береді. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтың «Ақан сері — Ақтоқтысы» да осындай туындыға жатады.

Ал енді біз Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» атты романын да оқып көрдік.

Міне, осы жоғарыда айтылған жағдайларды еске

ала отырып, мен өзімнің бабам, атамның тек қана досы емес, сонымен бірге, жақын туысы Ақан сері туралы ешбір әсірелеусіз-ақ, барып тұрған таза шындықты айтып бергім келді.

Ақанның атасы — Жарқынбай, әкесі — Қорамса. Екеуі де зарығып, құдайдан ұл тілеп жүргенде, Қорамсаның бәйбішесі Жаңыл жүкті болып, 1843 жылы Қамсақты өзенінің жағасында, Арқаның жазғы керемет сұлу, жанға жайлы кешінде ұл туыпты. Баланың атын Ақжігіт қояды. Мыңдаған жылқы, сандық-сандық алтын мен күміс ақшасы бар Жарқынбайдың Қорамсасының үйінде туған нәрестеге арналып үлкен той болады.

Бертін келе туыстары Ақжігітті Ақан деп атап кеткен. Жас кезінен ерке өскен пысық, зерек байдың баласы өзінің оқыған молдаларын таңдандырып, арабша, парсыша, қазақша діни оқуды былай тұрсын, сол кездегі Шығыстың Фирдоуси, Сағди, Ғафиз, Навои, Низами сияқты керемет философ ақындарының еңбектерімен көп шұғылданады. Ол алты жасында Көкшетаудағы үлкен ғұлама Күнту молданың медресесін үздік бітіріп, аулына келеді. Осыдан бастап өзінің шығарған өлендерін айтып, 15—20 нөкер жігіттерін ертіп, түгелдей серілік жолға түседі.

Киген киімдері де ол кездегі жастардан бөлек болған. Үсті-басы алау-жалау, басына үкілі камшат бөрік, аяғына кестеленген шегірен етік киеді. Көк ат мінсе, ақ киім, қара ат мінсе, қара киім киген. Атақты Бертағының Орынбайы бір жиында, Ақанға киген киімдері туралы былай деген:

Ақанжан, киімің бар жалбыраған,
Атаңның киіміндей салбыраған.
Әр заманның өзінің салты бөлек,
Бұл киім ұнамайды, інім, саған.

Ақанның жанына еріп жүрген 15—20 нөкерлерінің барлығы да өзінің туыстары, өнерпаз жігіттер болған. Солардың көпшілігі біздің аталарымыз — Құлтабар балалары, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Қарағай ауылынан шыққандар. Батыр Құлмақан Ақанның үзеңгілес жолдасы болған. Балуан Жолдыаяқ, әнші Жүсіп, араб тілін жақсы білетін оқымысты молдалар Қәкіш пен Ташет, сұлу өңді Аяған, қу мінезді пысық Бөпежан мен Молжігіт, Ақанның атшысы, інілері ретінде жүретін Айса мен Әбіл — бәрі де серінің жан

қияр достары. Біздің ауылда қазір жасы жетпіс-сексенге келгендерден Ақанды білмейтіндері жоқ.

Жазғы жайлауда Торанғыл көлі мен Қамсақты өзенінің қабағында біздің ауыл әрдайым да бірге отырған.

1927 жылдың үскірік бораны соғып, қыстың ысқырып тұрған уақыты болатын. Күшенғалидың үйі көрінбейді. Жап-жақын атам үйіне барып келгенше бет-аузым, құлағым қып-қызыл болып кетті. Дәл сол күні біздің үй қысқы соғымның етіне ауылдың ақсақал-қарасақалдарын түгел шақырған. Солардың ішінде Ақанның туған інісіндей болған, ас пен тойда бірге жүретін Жолдыаяқ та қонаққа келеді деп естідім.

Күн кешкіре бастағанда боран да баяулады. Менің сол күнгі бар тілегім — Жөкеңді көру, одан Ақан туралы әңгіме тыңдау.

Күн батар-батпаста қонақтар тегіс жиналып болды. Қақ төрде бәрінен жасы үлкен, өмірі жамбасы жерге тимеген балуан, Сарыарқаны жығып, Сордың бойын сілкілеген Жолдыаяқ отыр.

Денесі сәл бүкірейген. Бойының ұзындығы сондай, біздің ауылдағы ең ұзын адам Күшенғали да оның тек иығынан-ақ келеді. Екі жауырыны қақпақтай, саусақтары төрт-бес жасқа келген баланың білегіндей, қоңқақ мұрын, үңірейген кішкене көзді. Жолдыаяқтың сөйлегенде дауысы гүрілдеп шығады екен. Дене құрылысының бітіміне қарағанда, Жолдыаяқ үлкен қара аюға ұқсайды.

Жөкең әлі астан қалмаған, бір қойдың етін түгел жеп, бір шелек қымызды бір орында ішіп кете береді. Біздің үй сол жылы соғымға үлкен бурыл биені сойған, сере шыққан. Қонақтарға сондай семіз соғымның бір жілігін, былайша айтқанда, төрттен бірін түгел асқан. Қақ төрде Жәкең, одан кейінгі үлкені — менің атам Бекмағамбет отыр. Мен де сөз тыңдау үшін, сынадай сығылысып, екі шалдың ортасына барып отырдым. Жөкең мені басымнан сипап:

— Мынау Қизаттың баласы ма? — деді. Жауап күтпестен:

— Өзі әкесіне ұқсаған бала екен, бақытты бол, қарағым, — деп батасын берді.

Қонақтарға шай да келіп қалды, біздің ұзыннан ұзақ шым үйге кең жайласып отырған ақсақал-қарасақалдар кесе-кесе сары май мен тәрелке-тәрелке майлы құймақты орталарына алып, қою құйылған шайды ішу-

ге кірісті. Шайға біраз қанып алған соң Күшенғали бетін Жөкеңе бұрып:

— Ақан мен Құлагер туралы көзіңмен көргеніңді әңгімелеп айтып бер! — деді.

Күшенғалиды қолдаған біздің Бәкең:

— Жөке,— деді,— жасыңыз болса келіп қалды. Ақан ағаңа үзеңгілес жолдасы болып, бақыр сорпасын бірге ішіп, заманның ащылы-тұщылы күндерін серімен бірге өткіздіңіз. Сіздей атамыздың әңгімелерін естуге жас ұрпақтың жаны құмар. Ақан ағаның өз сөзімен айтқанда:

Сіздерге біздей інің жар болармыз,
Қайткенде кемеңгерге пар болармыз.
Басың бұлбұл, аяғың дүлділім-ай,
Сенің де бір күніңе зар болармыз!—

деді ол тағы өлеңдетіп.

Тыңдап отырған шалдар, көздеріне жас алып:

— Енді, міне, зар болып отырғанымыз жоқ па! — деп мақұлдады.

Жөкең көп сөйлемейтін адам, бірақ ауыл адамдарының айтуы бойынша, өтірікті жаны жек көретін, біреудің ала жібін аттамаған, өзінің шағын дәулетімен күн көрген дейді. Жөкең бір қақырынып алып, сөйлеп кетті. Ешкімге қарамайды, төмен қарап алып, ақырын сөйлей береді екен.

Ақанның бірінші алған әйелі — Фатима. Ақан сері оны жақтырмай жасында қыз-қырқынмен көп айналысты ғой. Фатима байғұс он жыл тұрып Ақанға бір ұл, бір қыз тауып берді де, дүние салды. Фатиманың тірі кезінде Ақан Ақтоқты деген қызды қатты сүйгенімен, тез басталған құмарлық, көпке ұзамай суып, ақырында екеуі екі жаққа кетті ғой.

Ақан Тінәлі қажының қызы Ұрқия сұлуға жан-тәнімен ғашық болды. Ақыры қырық жетіні матап беріп, Қорамсаның ауылына алып келгенде, Ұрқия арудың көркі он төртінші айдай еді. Ұрқия келін болып түскеннен кейін үш айдан соң, шешек ауруынан қайтыс болды. Міне, серіні ең алғаш үлкен қайғыға бөлеп, жанына қатты жара салған осы Ұрқия сұлудың өлімі болды.

Күшенғали Жөкеңе қарап:

— Ақан ағаның қыз-қырқынмен қыдырғанын қайтеміз, Құлагер туралы айтсаңызшы! — деді.

Жөкеңмен құрбылас менің атам қалжыңдап:

— Өзіңнің тоқал алудан ойың бар ғой деймін, сірә! Қойыңыз Жөке! Тапа жеңгем әлі тірі, сіздің айтқаныңызға көнбейтін шығар! — деді.

Жөкен:

— Дұрыс, дұрыс, — деп, қалжынды аңғарғандай, суып қалған шайын ішуге кірісті.

— Құлагер туралы сөйле деп отырсыңдар ғой, сұрағандарың болсын! — деді ол кісі. Сонан соң басын сәл көтеріп алып, сөйлеп кетті.

— Бір күні жылқы күзетіп келсем, «Ақан ағам сізді шақырып кел» деп жіберді, алыс жолға жүруге дайындалып жатыр! — деді бір жігіт келіп.

Ерттеулі атыма міндім де жіберген жігітін ертіп кете бардым.

Мен барсам, Құлмақан мен Жүсіп Ақанның отауында қымыз ішіп отыр. Ақан ағам құрмалдық беріп, қарияларды батасын алып, біз отырған үйге келді.

Амандық-саулықты білген соң:

— Жігіттер, — деді, — біз Қуандықтағы Аққошқар Сайдалы аталатын атақты байлардың еліне барамыз. Былтыр қайтыс болған Сайдалының асына қатысуымыз керек. Естеріңде ме ақынның өлеңі:

Сұрасаң руымды Қуандықты,
Әркімге көрсетіпті жуандықты.
Аққошқар Сайдалының ауылында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.

Өздерің білесіңдер, қазақта бұлардан өткен бай жоқ. Асқа үш жүзді түгел шақырыпты. Тіпті, бұл асқа қырғыздың манаптары мен татардың саудагерлері де, керек десеңіз, ала шапанды өзбектер де келіпті.

Мұнда топ жарған жүйрік аттар жарысып, ал өгіз балуан аталған керемет дәулер күшін сынамақ. Сіздің Көкшетау мен Қызылжардың Атығай — Қарауылдарын бастап барушы — Шыңғыс Сұлтан. Бәйгеге қосуға төрт ат апармақ. Өзінің Арғын мен Қыпшақтың, Керей мен Уақтың талай ас пен тойында бәйге әперген он бес жастағы шұбар атын ақырғы рет ұлы дүбірге қоспақ.

Шөбек те осы тойға бармақшы: үш жүйрік атты баптап жатыр. Қаржастан Шыңғыстың тобына балдызы Шорманның Садуақасы қосылмақшы. Ол да желаяқ жүйріктерін бәйгеге қосуға дайындаған көрінеді. Біздің жақтан шабатын аттардың бәрі де Шыңғыстың атынан қосылмақ.

Манадан сөзге қосылмай жантайып жатқан Құлмақан:

— Құлагер де Шыңғыстың аты болып қосылмақ па? — деді.

Ақан:

— Енді қалай, батыр-ау, бізді ол жақта кім біледі? — деді.

Құлмақан Ақанға тура қарап:

— Жоқ, болмайды, — деді. Егер бәйгеден бағы жанып, алдында келсе, басына мінген балаға өзім тапсырып жіберемін, «Абылайлап» емес, «Атығай — Қарауыл!» деп ұран шақырып өтесің» — деймін. Және бас балуанға Қызылжар — Көкшетаудың атынан мені түсіресіңдер. Тәубасы ішінде, «өгіз» болса да, «түйе» болса да — қандай дәу болсын — терідей сілкейін. Бәйгені сөзсіз әперем.

Ақан ағаң:

— Мақұл, болсын, сен балуанды жығып, Құлагер бәйгеден келсе, болғаны ғой! — деді.

Ертеңіне Ақан, мен, Құлмақан және Құлагерге міниіп шабатын бала Жылқыбай төртеуіміз хан ордасына келдік. Көп тоқтамай отыз адам болып жүріп кеттік. Шыңғыс Сұлтанның жанында күтуші жігіттері салт мінді. Үш ат жеккен солқылдақ пауескеге өзі отырды. Қалғанымыз салт аттылармыз. Он екі күндік жол үстінде, қона түстеніп жолда талай бай мен төрелердің тай-құлындарының етін жеп, ас болатын Аққошқар Сайдалы ауылына жеттік.

Арқаның кең даласындағы он мың жылқы суаратын теңіздей толқыны атылған көлдің жағасына шағаладай аппақ үйлері орыс қалаларының көшесіне ұқсатып, қазқатар ұзыннан-ұзақ тігілген екен.

— Шыңғыс Сұлтан келіп қалды! — деп, шапқыншы-күтуші жігіттер алдымыздан шықты.

Ауылға жақындағанда барлығымыз аттан түстік. Отыз-қырықтай ақсақалды шалдар мен орта жасқа келген кісілер қарсы алды.

Сайдалының туған інісі Аққошқар Шыңғыспен де, Садуақаспен де құшақтасып сәлемдесті. Өздері бастап екі үйді қосып тіккен дәл ортадағы ең үлкен киіз үйге апарып кіргізді.

Серіні «сіздің үйіңіз де бөлек», — деп, сегіз қанат тамаша кілемдер құрылған ақ үйге орналастырды. Үлкен адамдардан бөлінгенімізді Ақан да, басқа жастар

да теріс көргеніміз жоқ. Жолда жасы алпыстан асып кеткен, өзі ақсүйек Шыңғыстың алдында ойын-күлкі жоқ, ішіміз пысып, өліп кете жаздағанбыз.

Бөлек орналасқан соң Ақан ағаң домбырасын шертіп, өзінің және Көкшетау төңірегіндегі керемет әншілердің өлеңдерін орындағанда, сегіз қанат ақ отауға адамдар толып кетті. Есігін, іргесін ашып тастап, далада тұрып тыңдаушылар да өте көп.

Ақан ағаң қырық жігіттің қызы Сәлима сұлуға арнаған өлеңнен бастады.

Мұнша тоқтап, алдында қамал бар ма?
Баяғыдай жекей сал заман бар ма?
Қырық жігіттің бір қызы ән шырқайды,
Құдай әйел қылған соң, амал бар ма?

Төменірек отырған жастардың ішіндегі пысық, өткір Жүзімбайдың Мұхамметжаны Жөкеңе қарап, шіркін, «Сырымбеттен» немесе «Алтыбасардан» неге бастамады екен Ақан ағаң! — деді.

Басқа тыңдаушылар да Мұхамметжанды қостағандай, Жолдыаяқтың аузына қарады.

Жөкең отырғандарға бір қарап қойып:

— Қызық екенсіңдер ғой, ол кезде «Сырымбет» пен «Алтыбасар» әлі шығарылмаған кезі емес пе?

Шыдамы кеткен Қадағай басын көтеріп:

— «Сырымбет» Ақтоқтыға арналмаған ба, Жөке? — деді.

Жолдыаяқ кейігенін білдіріп:

— Ақанмен өмірі жолдас болған мен білемін бе, әлде Ақанды қартайғанда көрген сендер білесіңдер ме?

«Алтыбасар» да, «Сырымбет» те Жүсіп төренің қызы, Абылайдың немересі, сұлу Жамалға арналған әндер емес пе? Ақан ағаң өлеңмен емес, сөзбен мақтағанда: «Жамал жібек желден жаралып, Жиреншеден оқып, Едігеден бата алған, адам баласында мұндай сұлу да ақылды қыз болған емес», — деп таңданатын. Мұрты жаңа шығып келе жатқан жас жігіт Мақымның Абылайы:

— Ақан ағаң перімен жүрді деген рас па? — деді.

Жөкең:

— Балам-ай, — деді Абылайға бір қарап: жерде сайтан, көкте пері бар дейді ғой, бірақ мен сексенге келгенше біреуін де көргенім жоқ. Ондайлардың болуына

күмәнім бар. Ақан ешқандай перімен жүрді деп айта алмаймын.

Жасы елуге келген кезде Ақан жайлауға көшпей, басқа ауылдастарынан бөлініп, сақау баласымен қыстауында қалып қоятынды шығарды ғой. Содан соң Ақан баласымен салт атқа мініп ел аралағанда, соңынан үш-төрт ат қалмай еріп жүретін. Өсекке құмар адамдар: «Ол аттар Ақаннан басқа кісіге ұстатпайды, адамға көрінбей, перілердің қыздары мініп жүреді», — деп аңыз қылатын.

Шынында олай емес. Сүйген жарынан, Құлагердей тұлпарынан айрылған Ақан қияли болып кеткен жоқ па? Сондағы ермегі, жұрттың көзіне түсірмей, қыстауында қалып құлын-тайынан аттарды үйрету болатын.

— Өздерің көріп жүрген жоқсындар ма? — деді Жөкең. Қызылжардағы әскерлердің аттары әбден үйретіп қойғандықтан жат десе жатып, тұр десе тұрып, біреу емес, екеу емес, бос қоя берген көп аттар солдаттардың артынан еріп жүрмей ме? Ақанның аттары да солай үйреткен соң артынан еріп жүретін. Ақан аға туралы, әсіресе, төрелер мен жұлдызы қарсы Шөбек балалары неше түрлі адам панғысыз өсек таратқан. Жынданып өлген Көлдей қарауыл жігіті Әбіш те айтыпты деген өсекті «шындыққа» айналдырып жіберген. Сол өсектің біреуі мынау:

Бір күні шөп шабуға ескі қораға келген Әбіш шалғысын қайрап, өз үйінің шошаласының ішінде от жағып, шай қайнатып отырса, жел соғып, сыбдыр басталады. Шошаланың есігі өзінен өзі ашылып үш сұлу әйел кіріп келеді. Ибалықпен отырған әйелдердің үлкені сөз бастап: «Біз — мұсылман перісіміз. Мен — Қорамсаның әйелімін». Өзінен кейін отырғанды нұсқап: «Мынау Ақанның жары». Үшінші отырғанды көрсетіп: «Мынау қызым» — деп таныстырады. «Сенің адал, таза адам екеніңді біліп, Ақанның қызын саған қосуға ұйғардық» — дейді-міс.

Әбіш мұсылманша білген аяттарын оқып, құдайға сыйына бастайды. Перілер кетпейтін болған соң қолындағы шалғысымен періп-періп жібереді. Бірақ Әбіш өзі ессіз талып қалады. Ертеңіне есін жиып, ауылына келіп, бар көргенін айтып береді. Содан Әбіш ауруға шалдығып, ақыры көп ұзамай қайтыс болады.

Бұның бәрі өтірік. Төрелердің ойлап тапқандары. Әбіштің жынданып өлуі рас, бірақ басқа себептермен.

Жөкең сөзін әрі қарай жалғап:

—Мен бір күні, — деді, — сол өсек шыққан жазында, салт атқа мініп, Қоскөлде қыстауында қалып қойған Ақан үйіне келдім. Келсем, адам баласы жоқ. Ақан үйінің есігін таспен бекітіп кеткен екен. Атым болдырған, өзім шаршағам, өсекті есітіп жүрсем де «не болса да көрейін» деп, есіктегі тасты лақтырып тастап кірдім де, бүркеніп жатып қалдым. Түні бойы тыныш ұйықтап шықтым, ешнәрсе көргенім жоқ. Ертеңіне Тұтқыш қажының үйінде болған Ақан сақау баласымен қайтып келді. Мен сәлем беріп амандастым. Ақан ағаң сәлемімді алып, қарқылдап күліп:

— Періден қорықпай неғып жүрсің? — деді.

Мен қонып шыққанымды айтып:

— Пері түгілі, сайтан да көргенім жоқ! — дедім. Ақан жымиып күліп:

— Неге көрмейсің? «Пері», «сайтан» дегендер елді алдағыш төрелер мен Шөбек балалары емес пе? Олардан басқа пері де, жын-сайтан да жоқ! — деді. Шыдамы кеткен Күшекең:

— Жөке, Құлагердің сол жолы бәйгеден қалай келгенін айтсаңшы, ұсақ әңгімелерге түсіп кеттің ғой! — деді. Ас та пісіп қалған екен, үш ұзын астауға үйеме төбе қылып салынған жылқының семіз етін алып келді. Атам:

— Тамаққа оралыңыздар. Жөкеңнің әңгімесін астан кейін тыңдаймыз! — деді.

Қонақтар тамақтанып болып, дастархан жиналып, қолдарын жуған соң Құлагер туралы Жөкеңнің әңгімесін түгел баяндап беруді өтінді.

Жолдыаяқ аккөңіл, ешкімнің көңілін қалдырмайтын адам, қанша шаршаса да, «Мақұл балалар!» — деп сөзге кірісті:

— Сайдалының асына жиналған халық көп болды. Қазақ, өзбек, қырғыз және татардың қаладағы саудагерлері де неше түрлі сайгүлік жүйріктерін әбден баптап, асқа әкелген. Саны жеті жүзден асқан бәйге аттарының торысы да, көгі де, құласы да, буырылы да, ірісі де, кішісі де болды. Әртүрлі киінген бәйге балалар құлындай ойнап, аттар шабатын Нұраның бір қойнауына бет алды. Көп жүйріктердің ішінде халықтың аузына алатыны — Алтайдағы Барақбайдың (Батыраштың) «Әрине көгі». Арқа еліне алдына ат салмай Арғын мен Найманның, Керей мен Уақтың ас пен тойла-

рында бәйгесін, сыбағасындай шаппай алып жүрген Барақбайдың көк атына мініп шабатын «бала» жасы қырықтан асып кеткен, самайына ақ кіре бастаған, сақа жігіт екен.

Жүйріктерге мініп шабатын балалар: «Мына шал тағы да бірінші бәйгені алып шығар» — деп таңданса, көк атқа мінген «бала»: «Әрине, солай болатын шығар, бұйырса», — дейді екен.

Батыраштың көгі сөзден «Әрине көк» аталып кеткен. Барып көрсек, денесі шағын, кесер баста бір жапырақ еті жоқ, әбден тазыдай жараған, сайтанның отын ала қашайын деп тұрғандай, жұлынып тұратын жануар екен.

Шорманның Садуақасы бәйгеге қосуға екі бурыл, екі жирен әкелген. Аттарының өресі — ұсынса қол жетпейтін биік, ұзындығы есік пен төрдей. Баянауыл — Керекудің талай шабыстарында төртеуі бірінің соңынан бірі келіп, бірінші төрт бәйгені Шорман ұрпағы түгелдей алып кетіп отырған.

Ерден — Жүзендер бірінен бірін айыра алмайтын төрт құла ат қосқан. Әсіресе, Ерденнің сары азбаны үлкендігі атан түйедей, Бағаналы — Балталы Найман аттарының алдын бермеген, өрен жүйріктер екен. Қырғыздың Оразбай деген манабы өз елінің аттарынан түгел озған Торқасқасын әкеліпті. Шыңғыс пен Садуақастың сұраулары бойынша, біздің жақтан қосылатын аттардың үстіне мінген балаларға басшы болып мен баратын болдым. Күреске маған жол тимеді. Қызылжар— Көкшетаудың атынан Шыңғыстың сұрауымен бас балуанға Құлмақан түсетін болды.

Ақан ағаң мені жұбатып:

—Көптің бірі болмай-ақ қой, өмірің болса, талай жерде күресерсің. Менің қара бедеуімді мін де, ат айдаушыларға қосылып барып кел! — деді. Даңқой Қадағай: «Болды қызық» — деп айқайлап жіберді.

— Қызық енді келе жатыр, Жөкең бәрін көзімен көрген екен ғой! — деді, сабырлы Күшенғали.

Жолдыаяқ әңгімесін жалғастырып:

— Барғанша Құлагерге шаң жұтқызбай жел жағында жүргіздім де отырдым. Жеті жүзден астам аттардың тозаңы қандай дейсің? Қара тұман басып түк көрінбей кетті. Жолда бір ескі қорадан өткенде, Құлагерге мінген Жылқыбайға ескертіп:

— Дәл осы қораға келгенде, Құлагердің басын қоя

бер, құдай өзі бергенін алмаса, тұлпар өзі жолын табады! — дедім.

Нұра өзенінің дөңестеу біткен жағасына тоқтап, аттарды, балаларды тыныктырдық. Айылдарын тартқызып, сусындап алған соң, бәйге аттарын қаз-қатар қойып, айдаушының ең үлкені: «Жөнел!» — деп айқай салды. Көзің жамандық көрмесін, жер де, көк те қара түтін болып кетті. Мен әдейі «көз» болып барған балаларымның қайсысының қайда кеткенін білмей қалдым.

Бәйге аттары жөнеліп кеткен соң, шаң тарай бастағанда, біз де соңдарынан шаба жөнелдік. «Шу» деп жөнелгенде, Құлагер аттардың ең соңында қалып қойған. Жануардың бір тері алынған жоқ екен, Жылқыбайдың айтуы бойынша, біраз шапқан соң, екі құлағының түбі терлеп сауырынан ақ көбік ағады, тері жерге тамады. Осы бір кезде Құлагер құс болып ұшқан көрінеді. Құлагердің үстіндегі бала Жылқыбай бұл жөнінде былай дейді: «Аттың үстінде құйындаған жел пайда болды. Жал-құйрығы сол желге жанбырлы күнгі ағаштың жапырағындай суылдап жоғары қарай тік көтеріліп кетті. Көзімнен жас парлап, аттың тізгінін ұстауға шамам жоқ. Екі қолым сіресіп қатып қалыпты».

Қадағай: «Жануар-ай! Қанаты бар шығар!» — деп жылап жіберді. Күшекең: «Қоя тұршы, тәңір-ай, қанатты мал болушы ма еді!» — деп, інісін тоқтатып тастады,

Жөкеқ даусын қаттырақ шығарып, өзі шауып келе жатқандай оң қолын біресе алдына, біресе артына апарып тағы да сөйлеп кетті:

— Тұқыра шапқан Құлагердің тізгінін бала ердің басына орап, өзі бір қолымен ердің басынан, екінші қолымен аттың жалын ұстап, жабысып қалыпты. Шабыстың осы бір сәтін Жылқыбай былай деп баяндайтын:

— Шауып келе жатып алдыма қарап қойсам, дөңгелене біткен «шоқ» ағаштар көрінеді. Жақындап келсем, топтанып шапқан аттар болып шығады. Бір топта 15—20 ат, кейбір түйдектеле шапқандарында 40—50 болып шығады. Сондай шабыспен талай аттарды басып озып, енді алдымда ат көп емес шығар деп келе жатқанымда тағы да бір топқа кездестім. Солардың дәл ортасында Шыңғыс Сұлтанның кәрі шұбары кетіп барады екен. Шұбар аттың үстіне мінген естияр бала Құлагердің үстіндегі маған басын бұрып:

— Жылқыбай, немене, атынды іркіп келесің ғой,

тізгінін босатып қоя бер! Алдында әлде болса да 10—15 ат болу керек. Көмбе де алыс емес, — депті.

Шұбар аттың үстіне мінген баланың тілін алып, тізгінін қоя бергенде, Құлагер желдей есті. Бір дөңге шыға келсем, Садуақастың екі бурыл аты кетіп барады екен. Мен таныс балалардан сұрап едім:

— «Әрине көк» шаба жөнелгеннен көргеніміз жоқ, ал қырғыздың Торқасқасы мен Ерденнің Сарыазбаны алдында», — деді.

Құлагердің қатты шабысына еті үйреніп қалған бала, тізгінін енді ердің басынан түгел ағытып қоя береді. Әні-міне дегенше, кезек озып, ерегісіп бара жатқан Сарыазбан мен қырғызторыға жетіп келеді. Балалар артына қарап та үлгірмейді, Құлагер зу етіп өте шығады.

— Япырмай, мынау сайтан ба, жылқы ма? — деп таңданған екі жүйріктің үстіндегі балалар сөзін бітіргенше, қарасын үзіп кетеді.

Манағы, ас елінен бес шақырымдай жердегі қыстаудың қасынан өте бергенде, дөңнен ойға қарай аспай-саспай: «Бәйге алдым, енді маған жетер ат жоқ» дегендей басын тежеп шапқан «Әрине көкті» көреді. Артынан жал-құйрығы суылдап жетіп келгенде, көк аттың үстіндегі ересек жігіт жаман сасып қалады.

Ол Құлагерге бір, үстіндегі балаға бір жаутаңдап қарайды да: «Балақай, атыңның басын сәл тежеші, кімсің өзің, тым болмаса жөніңді айтшы?» — дейді. Бүкіл дүниені дүлей дауылға айналдырып тұлпардың үстіндегі Жылқыбай «Әрине көктің» үстіндегі ересек жігіттің сұрағына жауап беруге де үлгере алмапты. «Айда! Бас қамшыңды» деп, артына қараса, «Әрине көк» артта, оқ бойы қалып қойған екен.

— Жұлдызша ағып, — дейді, Жылқыбай сөзін жалғап, — қыстаудың дөңіне шыға келгенде, менің жас парлап, бұлдырап кеткен көздеріме бір үлкен де қалың орман көрінді. Байқауымша, әлгі қара орманды жануар Құлагер де байқап қалған сияқты. Ол сәт қана басын көтеріп, бұрынғысынан шабысын сәл ғана бәсеңдетіп, бірдеңе сезгендей, қос құлағын қайшылап «орманға» бір қарап алды да, жер сүзіп дөңгелене кеп жөнелді. Бағанадан бергі шабысына қайран қалып отырған бала басым, енді, сіздерге өтірік, маған шын, шошып кеттім. Зәрем ұшып, қалшылдап: «япырмай, көмбеге жап-жақын қалғанда, ұшып кетпесем игі еді» деп ойладым. Тақымымды қатты қысып, ердің басын

шоқтық жалымен бар күшімен құшақтап жатып алдым. Тұлпардың бауыры әбден жазылып алған екен, көк жебедей зулады-ай кеп дейсің, күллі жердің беті жиырылып, бас айналдыратын жылдамдықпен кейін қарай зырлап бара жатқан сияқты болып кетті.

«Осы мен қай жерде келе жатыр екенміп?» деген оймен аздап басымды көтеріп, алдыма қараған едім, бағанағы «орман» дегенім көмбедегі мыңдаған қалың халық екен. Жүздеген аттан қарасын үзіп, құтырған құйындай жалғыз ғана жүйрік келе жатса, көмбедегі қазақтың қандай болатыны белгілі ғой!

Мұндайда ат құмар, даңқ құмар қазақ шыдай алмайды. Қыстаудың биік дөңіне Құлагер желсіз күнгі құйындай шаң шығарып шыға келгенде, көмбедегі жер қайысқан халық долы дауылды күнгі теңіздей тенселген көрінеді. Даяғашылардың: «Тоқтаңдар! Отырыңдар!» дегеніне қарамастан, бозбалалар маған қарай шаба жөнелген екен. Олардың жүз шақтысы маған жарты шақырымдай жақындап келді де, бәрі де бір кісідей тез бұрылып, аттарына қамшы басты. Осы кезде, енді құламайтынымa әбден сенген өзім, тұлпардың басын қоя бердім.

Көмбедегі қалың қауым мен жаңағы дүпіені дүбір қылып кетіп бара жатқан жастардың көңіл күйін, толғанысын түгел сезген Құлагер жануар қиядан құлаған қырандай құйылып, құлдилай ақты.

Жолдыаяқтың әңгімесін тыңдап отырған қариялар: «Адамнан да артық ақылды жануар-ай, тұлпардың тұлпары екен ғой! Қандай қасиетсіз қарақшы жануарды өлтіруге көзі қиды екен, ә?» — деп, қамығып, қол орамалдарымен көздерін сүртіп қойды.

— Бағанағы көмбеге қарай бұрылып, шаба жөнелген жастардың жүйріктерін, қас қағымдай бір заматта қуып жетіп, басып оздым да, бәрін де тұсаған малдай тастап, жүре бердім. Содан көмбеден зу етіп өте шыққанымды шала-пұла білем. Ар жағы есімде жоқ! — деп әңгімесін аяқтаған еді жарықтық Жылқыбай! — деп сөзін аяқтады Жолдыаяқ.

— Жолды-еке, мынау әңгіменіз бізге бәрінен де қызық болды. Құлагерді «ат» деп, «мал» деп кім айтар. Жануар Атығай — Қарауылдың даңқын аспанға талай-талай көтерді ғой!— деді Жолды-екеңді тыңдап отырған қариялар.

— Айтпақшы, — деді сонда Жолды-екеңді тыңдап

отырғандардың біреуі, жас бала жігіт Мақымның Абылайы: — Жылқыбай көмбеден өткенде қандай ұран айтып өтті: «Абылайлап» өтті ме, әлде «Атығай — Қарауыл» деп өтті ме?

— Ой, шырақтарым-ай, бала көмбеден өткенде ешбір ұран айтпады. Кейіннен біз «мұның не?» — деп Жылқыбайға ұрысқанда, ол «Ұран! Ұран!» дейсіндер. Өздерің мініп шауып көріндер. Құлагерге, ұран айта алар ма екенсіндер, жоқ әлде... Қайдағы ұран, өзім, «байтал түгіл, бас қайғы» дегендей, есімнен адасып, өліп қала жаздадым. Ылғи: «Үстінен ұшып кетпесем жақсы болар еді, көмбеден соң мені қайда алып кетер екен» деп үрейлендім де отырдым. Әйтеуір, Ақан ағамның өзінің жігіттерімен мені қамап ұстап алып, аттан түсіріп жатқанын шала-пұла ғана білемін» — деді.

Жылқыбайды осыдан кейін әкесі Құлагермен шабуға ұлықсат бермей қойды ғой. Оны да естіген жоқ па едіндер? — деді Жолды-екең.

— Ал енді, қонақтар, — деді атам отырған жұртқа,— далаға шығып желпініп келіндер! Ас дайын болды. Жолды-екең Құлагердің бірінші шапқанын айтып бітірді. Енді тамақтан соң Құлагер туралы соңғы әңгімесін тыңдаймыз!

Тамақ ішіп, қол жуып жайланған соң, Жолды-екең Құлагер туралы екінші әңгімесін жалғастырды.

— Сайдалының асынан кейін, — деді Жолдыаяқ, — Құлагерге Шыңғыс төренің Әлжан, Жақып атты балалары қызығып, тұлпарды Ақан серіден берсе — қалап, бермесе — сатып алғысы келеді. Бірақ соны қалай сұраудың ретін келтіре алмай бір күні, сәті түсіп, Әлжан төре күйеуге берейін деп жатқан қызын Ақанның ауылына «танысуға» жібереді. «Ақан ағаңнан Құлагерін қала!»» — дейді кетер алдында.

Ақан «танысып» жүрген төренің қызын үлкен құрметпен қабылдап күтеді де, кететін күні:

— Не бұйымтайың бар, қарағым? — деп сұрайды. Қыз сәл ойланған болып:

— Ақан аға, әкем кетерімде: «Ақан ағаңның Құлагерін қала!» — деп тапсырған еді, — дейді.

— Құп, — дейді Ақан титтей де ойланбастан, — берейін Құлагерді. Саған бермегенде, кімге беремін. Біздің Көкшетау, Қызылжардан Ташкентке дейін даңқы кеткен адам баласынан Шыңғыс төре, мал баласынан Құлагер еді. Сол Құлагерді берейін, бірақ күміс жүге-

нін беруге болмайды. Бір жігітті күміс жүгенмен жіберіп, алып кетіңдер! — дейді.

Жастар қуанып, атасы Шыңғысқа Ақанның сөзін айтып барады. «Құлагерді беретін болды» — дейді. Сонда Шыңғыс төре:

— Әй, балам-ай, Ақан өзі өлмей тұрып Құлагерді басқаға бермейді. Сендерді мазақ қылып жіберіпті ғой. Ол: «Егер Әлжан өзінің әкесін бір әйелдің қалауына беріп, жетегіне байлап жіберсе, мен де Құлагерді оның қызының жетегіне байлап жіберер едім, деген сөзі емес пе!» — депті.

Зілқараның Әлібегі де талай рет адам жіберіп, қызына дейін бермек болып, Құлагерді қолқалаған екен, оған да бермепті. Ақанды ешбір көндіре алмаған Әлібек Омбы мен Қызылжардың екі ортасындағы қалың Қарауыл мен Атығай елінің бір байынан Бәйгеторы деген жүйрікті жүз жылқыға сатып алады. Сол Бәйгеторыны да көрдік. Жануар өте әдемі, сүліктей, сүмбіл, жұтынып тұрған сәйгүлік еді. Ол Атығай — Қарауыл мен Керей — Уақтың ішінде мал баласын алдына түсірмеген жүйрік екен. Міне, осы Бәйгеторыны алып келгеннен соң, Әлібек мақтана лепіріп, «бәлем, енді Ақанды әкесіне бір танытатын шығармын» дегендей, жүйрігін бір жыл баптады. Жүйріктің жейтіні — сұлы, ішетіні — қымыз. Күн сайын терін алып, күн сайын Петербордан әкелген иісті сабынмен жуып, Есілдің мөлдір суымен шомылдырып отырды.

Әбден бабына келген соң, Әлібек Ақанды шақырып келуге кісі жібереді. Келсін, тұлпарын ала келсін, қонақ болып кетсін! — дейді.

Әр уақытта бабында тұрған Құлагердің үстіне бәйге баласын мінгізіп, Ақан Әлібектікіне келеді.

— Жолды-еке! Ол кезде Зілқараның ауылы қай жерде болды? — деп сұрады, әңгіме тыңдап отырған Жүзімбайдың Мұхаметжаны.

— Шырағым-ау, Зілқараның ауылын білмеуші ме едің? Ол осы күнгі өздеріннің күнде барып жүрген Явленко дейтін орыс қаласы емес пе? Зілқара тұқымының ата-мекені осы ара! — деді.

— Мұхаметжан, сен сөзді бөлме! Жолды-еке, әлгі әңгімеңізді жалғаңыз. Сонымен, қалай, Құлагер мен Бәйгеторы жарысты ма, жоқ па? — деді Мақымның Абылайы.

— Е, әдейі шақырған соң, — деді Жолдыаяқ, — Әлі-

бек жүйрігін Құлагермен жарыстырмай қоя ма? Әлібектің ол кезде тасы өрге өрлеп, асығы алшы түсіп тұрған кезі. Ақанның кереметтігіне қарап жүрген ол жоқ. «Бүкіл Атығай — Қарауылдың ардагері өзіммін», — деп жүрген кезі ғой оның.

Екі атты Сырымбеттегі Сасыққөлден жіберді. Сасыққөлден біздің Бөренеүйген 50 шақырымдай болып қалады. Көп айтып не керек, бүкіл Омбы мен Қызылжардың арасын шулатқан Бәйгеторыдан Құлагер екі шақырым алда келді.

— Дегенмен, екі-ақ шақырым артта қалса, Бәйгеторы да күшті екен. Мен орта жолда қалып қоя ма деп ойлап едім! — деді Абылай.

— Сөйтіп, — деді Жолды-екең, — Ақан мен Әлібектің арасындағы егес-жанжал, бәсеке-тартыс мүлдем тоқталып, екеуі кейін, өле-өлгенше тату-тәтті болып кетті. Жолды-екең Абылайға бұрылды: — Абылай шырағым, Бәйгеторыны жаңа келеке еттің. Бірақ сонда екі жүйріктің шабысын көруге жиылған қалың қазақ: «Жануар Бәйгеторы да тұлпар екен, бірақ Құлагердің пірі бар, сонысы шыдата ма!» — деп шуласты.

Жолдыекең сөзін созды:

— Ақаннан Құлагерді сұрамаған, қаламаған қазақ баласы болмады ғой. Мына өзіміздің ағайын Шөбек балаларының ол кездегі кіп-кішкентай Мәмбеталысынан басқасы Ақаннан Құлагерді қолқалады.

— Құлагер Ақанға, Ақан Құлагерге ғана жараспай ма? Алаңғасар Шөбек балалары мен сығырайған жыртық көзді Батыраш Құлагерге мініп қайда бармақшы болды екен?!

— Міне, — деді Жолды-екең — осындай ел ішіндегі ала ауыздықтан барды да Ақан Сағынайдың асына бір-екі жолдасымен ғана кетіп, ақыры өле-өлгенше естен кетпес қайғыға душар болған жоқ па?

Сағынайдың асына Құлтабар — Қарауылдан Ақанға еріп барған Жұсып әнші екеуміз ғана болдық. Көкшетаудан шығып Қараөткелге бет алдық. Жолда екі қонып, орта жолға жеткенде Жұсыптың мінген Құлақасқа атының артқы аяғының топайы шығып кетіп, жүре алмай қалды. Енді не істеу керек? Жаман састық.

Біраз ойланды да Ақан ағам маған қарап: «Жолды-аяқ, сен Құлақасқаға мін де елге қайт. Астындағы атыңды Жұсыпқа бер! Астан қалып қоярмыз, біз жүре берейік!» — деді.

Мен қатты қынжылдым, қалғым да келмеді, жүрегім бірденені сезгендей болдым ба, сәл қобалжи бастады. Амал қанша, Ақанның айтқанын екі етуге болмайды, өз атымды Жұсыпқа беріп, ақсақ Құлақасқамен елге қайттым. Сайтанның өзі қырсыққа бастап тұр ғой. Әйтпегенде, мен барсам, Құлагер өлмейтін еді. Мен анау Батыраштың қарақшысын Құлагер Құсақкөлге жақындағанша жайратып қояр едім. Ол кезде менің пісіп тұрған кезім, астымдағы жүйрік Қарамен бір қарақшы түгіл жүз қарақшыны бір өзім жаһаннамға аттандыра алатын кезім ғой.

Салым суға кетіп, ақсақ атпен елге оралдым. Жол бойы да, елге келгеннен соң да жегенім желім, ішкенім у болды да жүрді. Күндердің күнінде Құласынан айырылып Ақан келді. Атығай — Қарауылдың ғана емес, бүкіл Сарыарқаның үстін қайғының қара бұлты басты. Ерлер мен серілердің отаны — қазақ жері өзінің ең соңғы тұлпарынан айырылды.

Серімен егескен есерлер Ақандай ердің атын өлтіргенімен, өздері де өркендеген жоқ. Батыраш сияқты қапыпезерлер кейін үрім-бұтағымен құрып кетті.

Бірақ Құлагердің өлімі Ақанды қатты жүдетті. Осы бір қайғылы күннен соң серінің жүрегін дерт, кеудесін өрт биледі. Бұл жалғыз ғана аттың дерті емес, қазақ елінің үстінен басқан надандықтың дерті еді.

Жолдыаяқ әңгімесін аяқтады. Жұрт тарады. Біз де ұйқыға кеттік.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ

1927 жыл

Бірінші класты бітіріп өзіміздің ауылға келдім. Үйге келіп бірнеше күн аунап-қунағаннан соң, көрші ауылдарды қыдыруға ойға кеттім. Бізге көрші Ерші дейтін ауыл бар. Онда менің досым Ахметтің Қоңыры деген бала тұрады. Қоңыр екеуміздің арамыздан қыл өтпейді. Міне, өзімнің жуас тор құнаныма мініп алдым да Қоңырдың үйіне келіп түстім. Қоңыр мені қуанып қарсы алды.

Үйден шай ішіп шыққаннан соң, Қоңыр қолын сілтеп:

— Мынау үйге бүгін Үкілі Ыбырай келді! — деп бір үлкен де әдемі ағаш үйді көрсетті.

Қуанып кеттім. Өлең, жыр, ән, күй, қиссаларды тыңдау — мен үшін шаттықтың шаттығы.

— Жүр, барайық! — деп жалындым Қоңырға.

— Жоқ, бармаймын! Анау үй Жүзімбайдың Мұхаметжанының үйі. Ал Мұхаметжанмен менің әкем араз!

— Ешнене етпейді, — дедім, — оның есесіне Мұхаметжанмен менің ағам керемет дос.

Ахметтің Күліш дейтін әйелі — бізге туыс апай. Ал Жүзімбайдың Науша дейтін сұлу әйелі осы Ахметтерге жақын адам. Жалпы, бұлар немере-шөбере адамдар. Жүзімбайдың үйлері ауқатты, мықты тұрады. Ахметтікі онша емес. Сондықтан да, бір-біріне жақын-туыс бола тұрып, бұлар бір-бірімен қырғи қабақ. «Ағайын жоқ болса — бере алмайды, бар болса — көре алмайды» деген осы.

Ақыры, Қоңырды көндіріп, Ыбырай отырған үйге алып бардым. Барсақ үлкен ағаш үй толған адам. Бәрі Ыбырайдан ән тыңдауға келіпті. Үй иесі, менің ағамның жақын досы Мұхаметжан мені көріп қалды да.

— Әй, Жәлелсің бе? Айналайын, қашан келдің? Сен сөз тыңдауға, өлең тыңдауға құмарсың ғой. Отыр, ұялма! Ана Ыбырай атаңа сәлем бер! — деді.

Мен Ыбы-екеңе сәлем беріп жатыр едім, Мұхаметжан ақынға мені таныстыра бастады.

— Ақын аға! Бұл өзің білетін Қизаттың баласы. Өзі пысық, зерек, өлең-жырды жақсы көреді! — деді.

Ақын мені арқама қақты да:

— Шіркін бұл өңірде Қизаттан асқан әнші жоқ еді ғой. Әкеңе тартып әнші болсаң жарайды ғой балам! — деді.

Даусымның нашар екенін білетін мен, ұялып төмен қарадым. Дегенмен осы жиынның ең күштісі Ыбырай ақын мен осы үйдің иесі әкемді мақтаған соң, мен де аздап көтеріліп қалдым. «Не болса, со болсын» деп Ыбе-екеңе жақындау отырдым.

Енді бір көруге ғашық боп жүрген атақты ақынның бітім-тұлғасына үңіліп, «зерттей» бастадым: толық денелі зор адам. Басы кіші-гірім қазандай, сақал-шашы аппақ. Мойны жұп-жуан, басымен тұтасып кетіпті. Саусақтары домбырашы, қобызшының емес, ертектердегі батырлардың саусағына ұқсас — ұп-ұзын, жұп-жуан.

Ыбе-екең өлең айтқанда, ылғи теңселіп, ырғалып, бір алға, бір артқа жылжып, бір орнында отыра алмайды екен. Қарттардың тілімен айтқанда, аруақты бақ-

сыдай, мүлдем бұрқырап, дауылданып кететін көрінеді. Анау мол дененің бәрі өнер мен жігерден, керемет бір рухани күштен құйылған ба деп ойлайсың.

Домбырасын ақын қағып-қағып жіберді. Асқақ дауыс аспанға қарай өрлеп біраз барды да қалықтап төмен түсті.

Ән салып, әрбір елдің дәмін таттым,
Құс салып, айдын көлде дабыл қақтым.
Жетсін деп салған әнім Гәккуіме,
Гәккуді қоңыр қаздай қаңқылдаттым.

Гәкку-ай, әгәй Гәкку,
Гагай Гәкку!

Айырылдым қапылыста
Сенен, Гәкку!

Шүрегей көлден ұшқан сен бір Аққу,
Аузыңнан бір сөз шыққа — бек ләзаттлу,
Сырнай мен домбыраның арасында,
Балқыған қорғасындай, қайран Гәкку.

Қалың қауым ұлы әншіге қарап үңіліп, үнсіз қатып қалыпты: айдың көлдің үстінде қалқып жүрген бір топ аққу, көлдің үстін көлбей ұшып, қаңқылдап бара жатқан бір топ қаз сан құбылтып сайраған бұлбұл үнімен үндестік тауып дүниені сәнді әуенге бөлеп тұр.

Әнші біраз өлеңдерін шырқап-шырқап салды да сәл дем алды. Содан соң әңгіме айтты.

— Менің әкем Сандыбайдың жалғыз қарындасынан туған, Балталы Найман руынан Тайжан деген ақын бар. Тайжанның келбеті, мінез-құлқы нағашысы бізге тартқан. Ол біздің елге келіп бір жылдай қонақтап жүрді. Талай тойда, қызойнақтарда екеуміз де өлең айтып бірге жүрдік.

— Тайжан осы Ұлытаудан ба? — деп сұрады Мұхаметжан.

— Жоқ! Оның туған жері Сыр бойы, Телікөл деген жер. Бірақ, бір себептермен ол туыстары тұратын Ұлытау төңірегіне көшіп барып, қалған өмірі сонда өткен. Телікөл қазіргі қазақтың астанасы Қызылордадан 150 шақырым. Ұлытауда жүргенде, туған жерім — Телікөл мен Қызылорданы (қазақтар Қызылорданы Қамыс Қала дейді) — сағынған Тайжан былай деп өлең шығарыпты. Енді сіздерге соны айтып берейін, — дейді.

Атыңнан айналайын Қамыс Қалам,
Жерім жоқ, сірә, сенен алыстаған.

Шет жайлап, Ұлытауда жүрсемдағы,
Әрқашан намысынды намыстағам!

Жүзімбай тамсанып:

— Шіркін-ай, қандай жақсы айтылған сөз! — деді.

— Сол Тайжанның бірінші біздің үйге кіріп келе жатып, есікте тұрып қалып айтқан өлеңін айтайын! — деді де ақын домбырасын алып безілдете жөнелді.

Халқым сүйіп қойыпты атым — Тайжан.
Ұруымды сұрасаң — Қоңырат, Найман.
Бұл елде бір тиындық жұмысым жоқ,
Бата алғалы келіп ем Ыбырайдан.

Мен кетерімде жиенім Тайжанға батамды бердім.

— Батаңды бердің, нағашы. Енді менен не қалайсың? — деді ол.

— «Жиеннің үш жұрты бар» — дейді қазақ. Сол үш жұртыңның біреуі — біз. Ешбір аларым жоқ, бір-ақ қалауым бар. Түнеугі өзің домбыраға салған «Бұлбұл» деген әніңді бұдан былай «өзімдікі» деме, маған бер!— дедім.

— Нағашы,— деді Тайжан,— Ұлытаудан келе жатқанда Бурабайдың орманды, көлді сұлу даласында аттан түсіп дем алдым. Ұйықтап та қалыппын. Оянып кетсем, ағаштың бұтағында бір бұлбұл сайрап тұр екен. Домбырамды ала салып әлгі бұлбұлдың әнін домбырама түсіріп алдым. Сол ән. Алыңыз, егер қаласаңыз!— деді.

— Әлгі айтқан «Гакку» бата беріп, сол Тайжаннан ат орнына қалап алған әнім. Бірақ ол ән Тайжанда «Бұлбұл» деп аталса, менде «Гакку» деп аталып кетті, — деді Ыбырай. — Қызылжардың ар жағында Атығайдың «баба» деген бір руы бар. Бір жылы сонда барып, осы «Гәккуді» айтқанда, сол ауылдың Қатима дейтін асқан сұлу қызы маған ғашық та болған. Шіркін, жастықта не болмайды. Сонсоң менің бір айтайын дегенім — қазақтың жігіттерінің де, қызының да өнер сүйгіштігі. Жайшылықта бұрылып та қарамайтын керемет сұлу қыздар менің Ыбырай екенімді біліп, әнімді тыңдағаннан кейін өздері ғашық болып жүрді ғой.

— Ақын ата, — деді бір жастау жігіт, осы сізді неге «Үкілі Ыбырай» деп атайды?

— Оның себебі біреу ғана, шырағым, — деді ақын,— бірінші: мен әуелден қу кедейдің баласымын ғой. Сондықтан жігіт жасына жетіп, серілік құра бастаған кез-

де, кедейге серіліктің жараспайтынын біліп, мал жию-дың қамын ойластырдым. Сол үшін әуелде ауыл-ауыл-ды аралап, асқақ әндеріме өлеңді қосып, біреуді мақ-тап, біреуді боқтап, мал жия бастадым. Өмірімнің сол бір кезендерінен белгі беретін мынадай бір өлеңім бар.

Өзімді жолдағы елге таныстырдым,
Халқыма қызыл тілді жағыстырдым.
Жеткенше Атбасарға сайран етіп,
Бес шапан, жиырма теңге қағыстырдым.

Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов.

Бес шапанның әркай-сысы ол кезде он сомнан, оған жиырма сомды кос сонда қанша ақша? 70 сом! Ал ол кезде бір қой 50 тиын болатын. Демек, Атбасарға бір барғанда 140 қой тауып келдім. Енді мен құтырмағанда кім құтырады. Атбасар-ға барғанда жай барған жоқ, әдемі қорап салған тарантасқа пар ат жегіп, қоңыраулатып бардым. Ауылдан шығарда Сәме-ке төре Петербордан әкелген әдемі қара қалпа-ғын берген. Сол қалпақ-қа бір топ үкінің қанатын тағып алдым. Шашымды орыстың поптарының ша-шындай етіп өсіріп жі-бердім.

— Атбасардың жәрмеңкесінде мені Арғын мен Қып-шақтын, татар мен шалақазақтың ығай мен сығайлары тік көтеріп алды. Біреулер: «Қарадан хан болған ағ Сұлтан Құнанбайдың асқан ақын, дүние ғылымын түгел тауысқан Ыбырайы келіпті!» — деп қауесет таратып жіберіпті. Кейіннен олар менің Қарауылдың бұлбұ-лы екенімді, Ақан серінің інісі екенімді анықтап, Абай менен шатастырмас үшін «Үкілі Ыбырай» деп ат қой-ды. Міне, менің «Үкілі Ыбырай» атануым осыдан.

— Атбасардың жәрмеңкесіне мен Совет үкіметі ор-нап жатқан жылдары тағы бардым. Мұнда да абырой

лы болып қайттым. Жәрмеңкенің бір қызу күні сонау Ерейменнен атақты Пан Нұрмағамбет келді. Сабазға тісімді бір қайрап жүр едім. Ондағы ойым: Құлагердің кегін алу. Бірақ бұл Пан Нұрмағамбетті екінші көруім. Бірінші рет мен оны содан 5—6 жыл бұрын Көкшетауда көргенмін. Онда ол Қызылжардағы атақты Сүлеймен қажымен бір нәрсеге дауласуға келген. Бірақ келген бетінде ешкімге сәлем бермей пандануының кесірінен Сүлеймен қажыдан жеңіліп қайтқан. Қалың Қарауыл сонда тағы да лағнет айтты ол сұмға.

Мен бұл жолы Пан Нұрмағамбетті жәрмеңкеде неше түрлі ығай мен сығайдың ішінде отырғанда кездестірдім. Домбыраны қолыма алып безілдетіп, «Гаккуді» алты қырдан асырғанда, күллі Атбасарың алдымда айрандай ұйыды. Содан соң әрқайсысын жеке-жеке мақтадым. Пан Нұрмағамбетке кезек келгенде, мынадай өлең айттым:

Ыбырай өлең айтып тақылдап тұр,
Жиылған халқым мені мақұлдап тұр.
Пандануып: «мал бітті»— деп мақтансаң да,
Конфиске дәл сен сұмға жақындап тұр!—

дедім де, орнымнан тұрып кеттім. Жиылған жұрт: «Ыбе-екең дұрыс айтады, Ыбе-екең қатырды» — деп шулады. Ал Нұрмағамбеттің бет-аузына қарасам, қапқара, қып-қызыл болып түтігіп кетіпті.

— Қонақтар, ас дайын болды, — деді Мұхаметжан, — далаға шығып сергіп келіңдер! — деді.

Мен далаға шықтым да Қоңырдың үйіне тартып отырдым.

Үкілі Ыбырай туралы менің естіген-білгенім өте көп. Бірақ оның бәрін айтып жатудың қазір реті жоқ қой деп ойлаймын.

ОҚУ ЖЫЛДАРЫ

Ауылда жеті жылдық мектеп жоқ. Қызылжарға оқуға баратын болдым. Жалғыз мен емес, біздің ауылдан бірнеше бала баруға дайындалды. Мені Бәкең өзі апармақшы.

Қызылжар қаласына келдік. Қаланы көріп қайран қалдық. Алыстан мұнартып, көкпеңбек болып көрінді. Жақындай келгенде биік-биік үйлер, сорайған мұржалар көзге түсті. Есілге жақындай бергенде алдымыз-

дан терезесі көп үйлерді сүйреген бірдеңе түтінін бу дақтатып өкіріп-бақырып өте шықты. Зәрем жаман кетті.

— Бәке, мынау не өзі? — дедім.

— Поез деген осы, Жәлел. Кісі тасиды. Анау әр бір үйінің ішіне 50 —60 адам сыйып кетеді! — деді.

Қалаға келдік. Бәкеннің таныс қазақ үйлері көп екен, соның біреуіне тоқтадық. Бәкең мені жанына ертіп алып, бір күндей қаламен таныстырды. Көрмегенім жоқ, бәрі қызық. Әсіресе, Қызылжардың паркі ұнады. Сол күні Бәкең Темірдің Ережебі мен Сүтібайдың Қатыранын тауып алды. Олар біздің елдің оқыған жігіттері. Ережеп облыстық оқу бөлімінде істейді, ал Қатыран ФЗУ-да сабақ береді.

Бірге келген ауылдың балаларын түгел темір жол ФЗУ-на орналастыратын болды. ФЗУ-да төрт сағат оқу, төрт сағат жұмыс істететін көрінеді. Онда паровозды, вагонды жөндейтін шеберлер дайындайтын сияқты.

Сөйтіп, біз темір жол ФЗУ-ның оқушысы болдық. Тәртібі ауыл мектептерінен көп жақсы. Оқу да өзгеше. Ауылда барлық пәннен бір мұғалім болса, мұнда әр пәнге бір мұғалім екен.

Мен слесарь дайындайтын бөлімде оқыдым. Оқу онша қиын болған жоқ. Орыс тілін тез үйреніп кеттім. Бірақ жұмыс-техника жағы қиын соқты. Үлкен балғаларды көтеріп жұмыс істеудің өзі мен сияқты кіп-кішкентай балаға қандай ауыр дейсің!

Осы кездегі жағдайға қарағанда, тамағы күн көруге боларлықтай.

Екінші жылы оқығанда да төрт сағат жұмыс, төрт сағат оқу. Слесарьлық оқу, ет комбинатында пайдаланатын құралды игеру немесе темір жолдағы вагондар мен паровоздарға қолданатын саймандарды пайдалану жолын жақсы білуге үйретеді. Оқу 5—6 кластың көлемінде. Біздің арамызда екі-ақ класс бітіргендер де бар. Оларға өте қиын.

ФЗУ мектебінде екі жылдай оқып, аяқтамай, туыстарым шақырып хат жаза берген соң, қашып кеттім.

1933 жыл.

Егін мол шығып, тоқшылық басталған кез. Күз айы еді. Мен Қызылжардан шығып «Таранғұл» совхозының экспедициясы аталатын үйге бардым. Екі қазақ шофер

машинасын дайындап совхозға кетейін деп жатыр екен. Соған жалынып едім, ол мені ала кетті.

Корнеевкеге бардым. Онда менің атамның Курбатов Сергей дейтін тамыры бар. Сергейдің үй-іші бәрі де бізбен таза қазақша сөйлеседі. Оның Андрей деген баласымен кішкентай күнімнен доспын.

Ол үйдің кемпірі Андрей екеуімізді тамақтандырды. Кемпір менің тамақты тәртіппен ішетініме, отырысыма — бәріне таң қалып:

— Қарашы, Жәлел қалада оқып тәртіпті, мәдениетті болып кетіпті! — дейді.

Осында тамаққа тойып алдым да өзіміздің «Қарағай» совхозына жүріп кеттім. Үйге түнде келдім. Апам, үлкен ағам, атам, әжем — бәрі де мені сағынып қалған екен, жылап-сықтап қарсы алды. Әсіресе, әжем құшақтап:

— Құлыным-ау, қаршадай басыңмен шет жерде қалай күн көрдің? — деп жылап-жылап алды.

Ертеңіне әжем:

— Жәлел-жан! Бүгін барлық үйге кіріп, кәрілерге сәлем беріп шық. Бір үйді де қалдырма! Бәрі де өзіміздің Құлтабар ғой, туыстарың, құлыным. Олар да сені сағынып отыр. Кірмесең өкпелейді! — деді.

Мен солай істедім. Барлық үйге кіріп, сәлем беріп шықтым. Ауыл жақсарып қалыпты. «Ішке» көшкендердің көбі қайтып келіп, жақсы-жақсы үйлер салып алыпты. Малдары да бар, астықтары да көп көрінеді.

1934 жылдың күзіне дейін туған ауылымда болып, колхозда жұмыс істедім. Колхозда ол кезде қысты күні жұмыс аз болады. Онда мен түгелдей кітапқа жұмылдым. Кейде аңға да шығамын.

Жаз шыға жұмыс істейміз. Колхоз 100 гектар бидай салады. Екі тілді соқаға алты сиыр жегіп жер жыртамыз.

Бір күні көрші «Бұлақ» колхозының бастығы Ідіріс дейтін кісі келіп Бәкеңнен мені сұрап алды. «Колхозға есепші етемін бұл баланы. Өзін сауатты деп естідім!» — деді. Бәкең:

— Өзі білсін! — деді.

Мен келістім. Ідірістің артына мінгесін «Бұлаққа» кеттім.

Колхоздың кеңсесін кеңсе деуге болмайды, нашар екен.

Кәрі шешесімен тұратын бір қойшының үйі көріне-

ді. Олар бір бөлмесінде, кеңсе екінші бөлмесінде. Орта-да жаман үстел, екі орындық, қағаз салатын бір ескі шкаф.

Ауданнан, ауыл кеңестен келетін қағаздарға ешбір кіріс-шығыс жасалынбапты. Арнайы, мемлекеттік маңызы бар қағаздар да тәртіпке салынбаған. Ешқандай есеп-қисап жұмысы жүргізілмеген. Оны жүргізетін журнал да жоқ. Ақшаның қайдан келіп, қайда кетіп жатқанын біліп болар емес.

Осылардың бәрін ретке келтіру маған үлкен күшке түсетін сияқты. Өзім бұл салада түк білмеймін ғой, сондықтан шешем Жамалдың туған бөлесі Абылайдан сұрап аламын. Ол кісі бұл істі өте жақсы біледі.

Сықсима шамды жағып қойып түні бойы істеймін. Қойшының шешесі қайран қалады.

— Ой, құдай-ай, осы күнде қағаз жұмысы деген бір пәле шықты ғой! — дейді.

Қылышын сүйретіп қыс та келіп қалды. Айыртау ауданының орталығы Саумалкөлде (орысша аты Володаровка) есепшілер курсі ашылған екен. Аудандық жер бөлімінің бастығы қол қойған қатынас қағаз келді. Мені әлгі есепшілер курсіне оқуға шақырыпты. Қуанып кеттім.

«Қарағай» колхозынан Қапез барды. Бізді Саумалкөлде таныстары көп Күжекей дейтін кісі алып кетті. Күжекең өте пысық адам.

— Біздің Ақтастағы Оқашты білесіңдер ме? — деді Күжекей, қолындағы божысын Күпәшке бере салып, әңгіме айтқысы келіп.

— Білгенде қандай! — деді Қапез.

— Сол Оқаштың шешесі жас кезінде керемет сұлу болды. Сол кісі біздің елге келін болып түскенде, өзінің бір сіңлісін ала келіпті. Әлгі сіңлісі келіннің өзінен де сұлу көрінеді. Талай жігіттер оған ғашық болыпты. Қыз талай өр көкірек бай балаларының бірін де жолатпайды екен. Бірақ ол қыз өздерің білетін Дәулеттің Зікіриясымен тәуір көрінеді.

Сонда Зікірия сұлу қызға қолы жетпей жүрген өзінің құрбы-құрдастарына мынадай өлең шығарыпты:

Ауру ма өзі, сау ма өзі Қожахмет,
Баурынан жарып алған Рахмет.
Қойнында Балбөпенің жата бермей,
Мұнда не іздеп келген жынды Ахмет.

Жақия торы ат мініп қырындайды,
Көңілім оғандағы бұрылмайды,
Қара ауыз сүтке тиген күшіктей боп,
Халық та ат үстінде ыржыңдайды.

Біз ішек-сілеміз қатып күлдік. Қалай күлмессің, өлеңде айтып отырғандардың бәрі өзіміздің ауылдың мыжырайған қазіргі кәрі шалдары. Олар да, әне, жас күндерінде қандай қызықты өмір өткізген.

— Бұл үлкен өлең. Мұнда осы шалдардың жастық шағындағы өмірі түгел суреттелген! — деді Күжекей.

— Тағы айтыңыз! Тағы айтыңыз! — деп жалындық біз.

— Жоқ, ойбай айтпаймын. Сендер ауылға келгенде шалдарға айтып қойсандар, олар мені тірідей бауыздар! — деді Күжекең.

— Айтпаймыз, ағатай! Тым болмаса тағы бір-екі шумақ айтыңыз!

— Жарайды! — деп Күжі-екең тағы айта жөнелді.

Сұм Ысқақ мені көріп түрленеді,
Мезеннен тұла бойым жиренеді.
Секілді тарғыл бұқа Күшенғалиды
Жігітсің деп қандай қыз көз іледі.

Адамы құдалардың Мешел екен,
Мешелің әзіл сөзге шешен екен.
Бүкшеңдеп бүкірейген Сейдахмет,
Мешелге барып тұрған кесел екен.

Бұл өлеңді Зікірияның әкесі Дәулет қажы естіп қалып, баласына жаман ұрысқан көрінеді.

Осындай қызық әңгімелермен жол қысқарады. Сырымбет тауынан өттік.

— Міне, балалар, Ақан атаңның туып-өскен жері осы! — деді де, серінің «Сырымбет», «Құлагер» атты өлеңдерін айтып берді. Біз көрмесек те, жақсы білетін ақын атамыздың, сері атамыздың туып-өскен жерін көріп, шаттыққа бөленгендей болдық.

Көп кешікпей Саумалкөлге де жетіп қалдық. Біз түскен үйдің иелері жас жігіт пен келіншек. Елден әкелген етімізді, ұнымызды, пәтер ақымызды беріп Күжі-екең қайтып кетті.

Екі ай оқып курсті бітірдік. Қолымызға колхоздың есепшісі деген қағаз да берді. Күпәш, Қапез үшеуміз ауылға қайтып келіп, әрқайсымыз өз колхозымызда есепші болдық.

Жылдар жылжып жатты. «Бұлақ» колхозының шаруашылығы да алға басты.

1936 жылы Бәкең келіп мені үйге алып кетті. Мен жұмысымды жақын апамызды алған жездеміз Бисәлім деген кісіге тапсырып кеттім. Ақжарға (орысшасы Покровка) апарып ауыл шаруашылық техникуміне түсірді. Оқу орысша. Оқушылардың тұрмыс-жағдайы, тәлім-тәрбиесі, оқу сапасы өте жоғары дәрежеде екен.

Біз барып түскенде, техникумнің директоры болып ұзын бойлы, балуан денелі Ерғалиев дейтін келбетті жігіт істейді екен. Оқу жұмысын Шалғашев дейтін кісі басқарады.

Бізге ең ауыр тиген сабақ — орыс тілі. Мұғалимамыз — Марта Даниловна дейтін жас әйел. Бір класта 27 бала оқимыз. Қазақ балаларының көпшілігі орысшаға нашар. Бірақ Марта Даниловна еркімізге қояр емес, кластан соң жатақханаға келіп орыс тілін үйретеді.

Бізге өте ұнаған мұғалім — ботаниканың мұғалімі Владимир Иванович Ткаченко. Бұл жасы алпыстан асқан егде адам.

Жерді қалай пайдаланудан оқытатын Анна Ивановна Кузнецова Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын үздік бітіріп келген кісі. Белі қылдай, жүзі де әдемі, киімді де сәнді киетін келбетті адам еді.

Есептен — Шәмел Қамбалович. Бұл кісі есептің құдайындай болатын. Керемет үйрететін.

Мұғалімдердің бізбен сырласы да, досы да техникумнің комсомол ұйымының хатшысы Андрей Ширяев. Ол кішкентай бойлы, ақпейіл жігіт. Өзі тарихтан сабақ беретін. Оқушылардың сүйікімді ұстазы. Бұл кісі Отан соғысы жылдары подполковник болып, көптеген ордендермен наградталды. Соғыстан соң өзінің туған өлкесі — Солтүстік Қазақстанға оралды.

Студенттердің ішінде ерекше көзге түсіп, бүкіл пәннен беске оқып, білімімен де, мінез-құлқымен де мұғалімдеріне жағып, ерекше дара тұрған Әшімов Бәйкен еді. Ол сол кездегі техникумның мақтанышы болатынды. Ленин атындағы ауыл шаруашылық техникумі осы күнде Әшімовті мақтан етеді. Әсіресе, Бәйкен Әшімов жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі етіп сайлағанда біздің техникумнің мұғалімдер ұжымы мақтанса мақтанардай болды.

Отан соғысында таңғаларлық ерлік көрсеткен техни-

кумнің бұрынғы оқушылары Платонов, Байдалин, Шоқаев, Прокопенко, Новиков, Стуловтар да осы техникумнан тәрбие алып шыққан. Бұл техникумнан шыққандардан Букетов сияқты басшылық қызметтерде істеп жүрген адамдар көп.

Ленин атындағы ауыл шаруашылық техникумінің жастарды тәрбиелеу жолында үлесі ересен мол. Бұл Совет Одағындағы ауыл шаруашылық техникумдерінің ішіндегі ең ескі, ең тәжірибелі және ең күштілерінің бірі. Осы техникумді бітіріп шыққандардың көпшілігі өздерінің ұшқан ұясының туын әр уақытта да жоғары ұстауда және ұстай да береді.

АТТАНУ

Бүгін 1940 жылдың 8 февралі. Сібірдің сары аязы ысқырып тұр. Әдеттегідей бүгін де ерте тұрып киініп, жуындым да, апам дайындаған қаймақты қою шайға тойып алып, мектебіме жөнелдім. Мен бұл кезде «Қарағай» колхозындағы бастауыш мектептің меңгерушісі едім, онда екінші және төртінші кластарға сабақ та беретінмін.

Сағат он бірге жақындай бергенде, менің сабақ беріп жатқан класыма колхоз председателі Өміржан Жайлаубаев кіріп келді. Қолында конверті бар. Ашып оқып жіберсем, аудандық соғыс комиссариатының шақыру қағазы екен.

Сезімтал жүрек тез соғып, ойнақши қалды. Үн-түнсіз жаутаңдаған шәкірттеріме мен де қарай бердім. Балдырғандардың мөлдіреген қарақат көздері өңменімнен өтіп барады. Амал қанша, Отан алдындағы парызымды өтеуім керек қой. Балаларыммен қоштастым да мектептен шыға жөнелдім. Олар қимаса да, көздері жаудырап қала берді.

Қолхоздың кеңсесіне келіп, мән-жайға түгел қандым да, үйге бет алдым. Алға қарай асықпай көз жіберсем, ақ көрпесін жамылған Жалғызтау аспанның ала бұлтының арасында каннен-қаперсіз қалғып тұр. Жалғызтаудың оң жағында мен үшін теңізге тең Торанғыл көлі жатыр. Бұл көлде кішкентай замандастарыммен тай жүзітіп, толқынында тербеліп ер жеттім. Жалғызтаудың жаз жарына өрмелеп, қыста қиясынан сырғанақ тептім.

Үйге келе жатып есіме жас шағымның осы бір кезеңі түсті.

Естен кетпес еркелік пен болашақтың әсерлі шағын енді ғана бастарынан кешіріп жатқан жаңағы шөкірттерім де алдыма келіп, тұра қалғандай болды.

Бұдан тура екі ай бұрын финдер жаққан соғыс өртінің жалыны әлі басылған жоқ, лаулай түсуде. Мүмкін, мен де сол өртті сөндіруге баратын шығармын. Үйге кірдім. Анам мен үлкен ағама әскерге кететінімді айттым. Олар сәл үндемей қалды да: «Апыр-ай, әскерге дейсің бе, қашан, қай жерге?» — деді.

— Қай жерге жіберетінін білмеймін, бірақ ертең қалада болуға тиіспіз... — дедім.

Ертеңіне мені шығарып салуға жақын ағайындар жолға дайындалды. Олар: Қайранас, Қәмен, Қупан сияқты туыстарым. Әскерге шақырылған ағайындарымыздың балалары Исаның Есентемірі мен Жәнеттің Жанбосы да бірге жүретін болды.

Мен қарт атам Бекмағамбетке қоштасуға үлкен үйге кірдім. Атам жылап тұрып құшақтап, бетімнен сүйіп: «Жан балам, жорытқанда жолың болсын, Отан алдындағы қызметіңді абыройлы атқар. Елге есен-сау ораларсың, құлыным!» — деді.

Атаммен қоштасқанда, көңілім қобалжыса да қарияны қамықтырғым келмеді. Барлық өзіме біткен жігерді бойыма жиып: «Қош ата, аман бол!» — деп шыға жөнелдім. Өзіміздің үйге келіп, жол алдында шай ішуге отырдық. Апамның да жүрер алдында айтқан ақылы: «Жасық болма, қайсар бол, Отаныңды жаудан қорғай біл, өзіңе де, бізге де кір келтірме. Жүрегім ешбір жаманшылықты сезбейді, ертең-ақ сенің елге оралған қуаныш тойыңды жасайтын боламыз!» — деген сөздер еді.

Салт атқа мінген жастар Корнеевке дейтін қалаға ойын-күлкімен қалай жеткенімізді де сезбей қалдық. Осы арада туысқандармен қоштасып, Жанбос, Есентемір үшеуміз жүк машинасына мініп, Қызылжар қаласына жүріп кеттік.

Ертеңіне облыс әскери комиссариатына келдік, әскерге қабылдайтын жастардың бәрін Қызылжар қаласындағы ескі «Меновый двордың» жанына жиды.

Бәрі де комиссиядан өтіп жатыр. Толық жарамды болып мен де өттім. Тағы да Бескөл жаққа көңіл аудардым: бұдан 60 жыл бұрын менің атам Ақан сері өзінің Құлагеріне мініп Әшірбек және Жақып деген жүйрік аттары бар көңілдес адамдарымен жарысқан

екен. Ана екеуі бір айналып келгенше, Ақан Құлагерімен Бескөлді екі айналыпты. Осыны қарттар аңыз етіп көп айтушы еді.

Партияның мүшелігіне кандидат екенімді бағалады ма немесе жазып берген өмірбаянымнан институттың тарих бөлімінің сырттан оқитын студенті екенімді біліп қалды ма, әйтеуір, мені бүгінгі әскер қатарына қабылданған жастарды алып кететін эшелонның комиссары етіп тағайындады.

Аспан мөп-мөлдір, көк күмбезінде титтей де бұлт жоқ, қыстың жайма шуақ май тоңғысыз күні еді. Поезд батысқа қарай жылжи жөнелді.

Күннің көзі бүкіл батысты, алтын араймен орап, көк жиекке құлап барады. Тәуліктің осы сәтінде орманды ағаштармен қоршаған Қызылжар аймағы қандай әдемі дейсіз? Әне, сол жағымызда созылып жатқан Бескөлдің мұзды айдыны әлем қожасы алтын күн шапағымен шағылысып жатса, алдымызда Арқаның ару Есілі, қыпша белі қырық бұралып, терістікке қарай сылаң қағып кетіп барады. Ақ қайың мен жасыл қарағай шоқтары да алыстан иіліп сәлем беріп «қол бұлғап» қалып жатыр. Шіркін, Қызылжар! Ата-бабамның туып өскен, көркің көктем, көкірегің көтеріңкі ерке де паң Қызылжарым! Ерлер мен серілердің мекені. Сенің батыр, сымбатты сұлу інің Көкшетау екеуіңді білмейтін кім бар? Байтақ қазақ даласында сендерді жыр етпеген ел, мақтаныш етпеген ер бар ма? Сонау шалғайдағы асқақ Алатаумен сыр шертісіп, Балқаштың күйін тыңдаған, Жетісудың кемеңгер ақыны Ілияс: «Әндері тым тәтті екен төменгі елдің» — деп, неге айтты дейсің! Майда лебізді, әдемі әуенді Ақан сері, асқақ әнін алты қырдан асырған Біржан сал, жиырма бес биенің сабасының қорындай Бертағының баласы Орынбай, Торанғұлдың аққуына үн қосқан Үкілі Ыбырай, адамзаттың ділмары соқыр Шөже, арыстан білекті, жолбарыс жүректі, бұлбұлдай сайраған Балуан Шолақ — бәрін де сен, Қызылжар, алақанында аялап өсірген жоқсың ба?

Қызылжар қалып барады. Есілдің биік жарының үстіне салынған сұлу қала, ұясына кірер алдындағы алтын күн арайымен үйлестік тауып, әсемденіп кеткен. Әлде ұзақ сапарға кетіп бара жатқан маған сондай көріпіп тұр ма, әйтеуір, туған қалам ыстық та сұлу болып кеткен тәрізді. Поезд өзінің алған бағытына қарай зу-

лап келеді. Таяу қалған ұясына күн де асықты. Әлі де болса төңіректен көз алғым келмейді. Амал қанша, уақыттан мен күштімін бе? Тек сапарым оң болсын! Отанымның алдындағы құрметті борышымды өтеуге бара жатқаным өкініш емес, қуаныш.

Біздің эшелон да, «уақыттан кейін қалып қоям ба» дегендей, ышқына жүйткіп, қара орманға кіріп, жұлдыздай ақты. Қош, есен бол, Арқаның ардагері — Қызылжарым!

Жанбос пен Есентемір кеше әскерге менімен бірге алынған. Бірақ басқа вагонда болатын.

Міне, бұлар мінген вагонды Канатоп деген қалада бөліп алып қалды. Оған мен біраз қынжылдым. Алыс жолға бара жатып өзіннің құлын-тайдай бірге өскен достарыннан айрылу оңай ма. Эшелон Чернигов облысының Нежин деген қаласына келіп тоқтады. Нежин кішкентай қала, бірақ шіркеулері өте көп. Әрбір орам сайын күмбездері көкке өрлеген бір шіркеуі бар десең, қателеспейсің.

МЕН СОЛДАТПЫН

Бізді моншаға түсірді де әскери киімдерін киіндірді. Бәрі де шыт жаңа киімдер. Бәріміз біркелкі киініп, бір-бірімізге егіз қозыдай ұқсас болдық та шыға келдік. Тіпті, бірімізді біріміз танымай да қалдық.

Ертеңіне үлкен казарманы аралап көрсем, әскерлердің көпшілігі өзбек, азербайжан, тәжік, қырғыз, қарақалпақ балалары болып шықты. Олармен шүйіркелесіп сөйлесіп жатырмыз. Бірақ олардың тілін толық түсіне қою бірінші күндері оңайлыққа соққан жоқ. Олардың ішінде орысша білетіндері көп емес екен. Енді не істеу керек? Неде болса қазақша төпелей бердім, түсінсе — түсінер, түсінбесе — қалар деген ойға қалдым. «Ұра берсе, сайтан да өледі» дегендей, біраз күндер өткен соң олармен сөйлесіп, бірімізді біріміз түсіне бастадық.

Біздің бәрімізді осы қаладағы 25-оқу (үйрену) полкының құрамына қосты.

Өзгелерден орысша жақсы сөйлей білетінімді аңғарған командирлер мені Орта Азия мен Азербайжаннан келген балаларға тілмаш етіп тағайындады.

Мен Абдразақов Сұлтан деген өзбекше орта мектепті бітірген, бірақ орысша нашар сөйлейтін жігітпен дос болып кеттім.

Бір күні ол асығып казарманың есігінен жүгіріп шығып бара жатқанда, өзіміздің бөлімшенің командирі Савченко жолдасты соғып кетті.

Савченко сол күні Сұлтанды взводтың алдына тұрғызып қойып, Устав бойынша жазалады. Кіші командирдің қатты ұстауы жас жауынгердің әскери тәртіпті үйренуіне, соғыс өнерін білуіне үлкен әсер ететін. Бір рота жауынгерлері үлкен бөлмеде шырт ұйқыда жатыр едік, сағат 4-те «атой» басталды деп дабыл қағылды. Мұндай тосыннан қағылған «атойда» кім тез киініп, казарманың алдына барып сапқа тұрса, сол адам мақтау алады.

Шапшаңырақ киініп, қабырғада қатарда тұрған мылтығымды ала сала далаға жүгіріп шықтым. Көптің бірі болып сапқа тұрдым. Командирлер тездетіп, өздері саптың алдына тұрып, жүгіре жөнелді. Түн қап-қараңғы, көзге түртсе көргісіз. Жауынгерлер бірін бірі соғып құлатып кете жаздап командирдің бастаған жағына жүгіріп келеді. Мойнымызда — «противогаз», арқамызда — он килограмдай салмағы бар солдаттың кішкене қапшығы, белбеуге ілген оқсалғыштың іші толған винтовканың оқтары, төрт-төрттен танкіге қарсы лақтыратын граната бар.

Барлық салмағы отыз килограмнан асатын жүкті арқалап, тізеден келетін қалың кармен қараңғы түнде орманды аралап 10 — 15 километрдей жүгіру оңай емес.

Біз орманға да кірдік. Жасырынып жатқан «жау» да оқ боратты. Біз де гүрсілдетіп ата бастадық. Көп кешікпей-ақ орманды қоршап алып, «жау әскерлерін» қолға түсірдік. «Шайқас» бітті, «атой» аяқталды. Бәрімізді жиып алып, командир «атойдың» қортындысын жасады. Түн керемет суық, Сібірдің сары аязында өскен мен үшін, тәйірі, бұл не, суық емес қой. Бірақ Орта Азия мен Қавказдан келген жігіттер қалш-қалш етіп жаурап қалды. Байқаймыз, бізді казармаға жібере қоятын командирлер жоқ сияқты, олар жауынгерлерді соғыс тәсіліне үйретудің барлық шарттарын айтып, «атой» кезінде дұрыс қимыл жасай алмаған взводтар мен бөлімшелер, жеке жауынгерлерді мінеп-сынап, соғыс уақытында қолданатын дұрыс әрекеттерді үйретіп жатыр. Әсіресе, «жаудың» танкісіне граната тастаудың немесе оны шыныға құйғыш жанғыш маймен өртеудің өте күрделі екендігін түсіндіруде.

Бірнеше солдаттар мен кіші командирлерді саптың алдына шығарып, рота командирі кіші лейтенант Васин оларға алғыс жариялады. Солардың қатарына мен де ілігіп қалдым.

«Атойдан» соң ұзақ тұрып тоңған біз, үстіміздегі ауыр жүкке қарамастан, пәрмендете жүгіріп, казармаға келіп кірдік. Тез шешіндік те жылы көрпеміздің астына кіріп, ұйқыға шомдық. Шіркін, ұйқы-ай, ұйқыдан тәтті не бар дейсің! Жастыққа басымыз тиюі сол екен — бәріміз де бір кісідей қор ете түстік. Міне, біздің әскерге келген алғашқы күндеріміз осындай керемет шаншаңдықпен жүріп жатты.

Март айында Украинаның Чернигов облысында күн шуақ болып жыли бастайды екен. Осындай жаймашуақ көңілді күндердің бірінде «Фин соғысы бітті, Қызыл Армия соғысты жеңіспен аяқтап, финдермен бейбітшілік шарт жасады!» деген шаттық хабар бізге де жетті. Біз де қуанышта болдық. Шіркін, бейбітшілік қара құзғындардан басқаларға қуанышты емес пе? Ендігі жалғыз тілек әскери міндетті абыроймен бітіріп, туған өлкеге оралу, туыстарға қосылу.

Фин соғысы бітісімен біздің полктан 1500 адамды іріктеп алды да, вагонға мінгізіп, Солтүстік Кавказ әскери округіне, Новороссийск қаласына алып келді. Мұнда жаңа өмір, жаңа жерге келдік. Таудай-таудай толқыны жарға ұрып күрсініп Қара теңіз жатыр. Бұл менің алғаш теңіз көргенім. Демалыс күндері Қара теңізге суға түсеміз. Асау толқындарда да малту әдістерін үйренеміз, аттарды да жүздіреміз.

Әскери өмірге әбден үйреніп, жаттығып та қалдық. Туысқан көп ұлтты совет жастарының көпшілігімен араласып, туған аға-інідей болып кеттік. Шіркін, солдаттық өмір, бейнетті қанша көп көрсетсең де адамды тамаша шыныктырасың-ау! Басқа ұлттың адамдарымен достасуда да сен жақсы мектепсің! Сағынғандықтан ба, әлде адам табиғатының заңы ма, әйтеуір, әр солдат өз өлкесін мақтайды. Мен де Қызылжар мен Көкшетауды, Сексенкөл мен Бурабайды, Айыртау мен Жалғызтауды, Сырымбет пен Зерендіні, Есіл мен Ертісті мақтан етемін.

Қара теңіз жағасында «Нардос» деген жел соғады. Ол біздің Сібірдің қысқы айларындағы, боранды күндеріндегі соғатын желінен де күшті екен. Кілең жартастың арасындағы қала «Нардос» соққанда тынышты-

ғынан айырылады. Қара теңіздің былай да күшті толқыны, кісі бойынан биік көтеріліп, аспанға атылып жатады. Новороссийскідегі алғашқы күндері «Нардостың» желіне үйреніп кету өте қиынға соқты. Қызықты сұлу қала болған соң «Нардосына» да үйреніп кеттік.

Фин соғысы біте сала маршал Тимошенконың атағы аспанға көтеріліп, СССР Қорғаныс наркомы болып тағайындалғаны бәрімізге де белгілі. Тимошенконың нарком болуына байланысты әскер өміріне айта қаларлықтай жаңалықтар мен өзгерістер енгізілді. Әскери уставтың көптеген пункттері түзетіліп, қайта жазыла басталды. Тимошенко орыстың ұлы қолбасшысы Суворовтың айтқанын еске алып, «Үйренуде ауыр болса, соғыста жеңіл болады» деп қатал тәртіп енгізді.

Биік тауға зеңбіректі сүйреп шығу, көпірсіз өзеннен ағашпен көтеріп, қолмен итеріп, салмағы үш тоннаға дейін баратын зеңбіректерді өткізу, «жау келіп қалды!» деп «атой» беріп, 30 килограмнан асатын жүкпен 40—50 шақырымға уақытында жетіп, қараңғы түнде толып жатқан адырлы-бұдырлы жерлерден өту — әскери оқудың негізгі программасына айналды.

Солдаттар мен кіші командирлерге бұл оңайлықпен түскен жоқ. Жүгіруден қара терге малынған үстіндегі әскери күртең, күн көзіне кепкен соң, аппақ болып кетеді екен. Жаттығу уақытында Қавказдың ыстық күндерінде талып қалатын жауынгерлер де болды. Біраздан соң жоғарыда көрсетілген жаттығуды да біліп, әбден ысылып алдық.

Біздің командирлеріміз бен саяси жетекшілеріміз сауатты да, іскер де, тәжірибелі де адамдар болғандықтан, полктың, дивизионның партия жиналыстарында төртінші батарея мен екінші дивизионның жауынгерлерін және офицерлері мен солдаттарын басқаларға үлгі етіп көрсететін болды. Жаттығуда көрген қиыншылықтарымыз далаға кеткен жоқ. Отан соғысында біздің батареяның үш жауынгері Советтер Одағының Батыры атағын алып, барлық офицерлері мен солдаттары бірнеше ордендермен наградталды.

Әскери өмір өзінің жүйесімен жүріп өтіп жатыр. Бір күні біздің батареяның саяси жетекшісі политрук Комов шақырып алып: «Жолдас Қизатов, сені «Артиллерист» атты қабырға газетінің редакторы етіп тағайындадық және 9-корпустың комиссарының атына жауын-

герлік мінездемеңді жіберіп, менің орынбасарым етіп тағайындауға ұсыныс кіргіздік!» — деді.

Ұнатпай тұрсам да, «Рахмет, құп болады, жолдас политрук!» — дедім. Ұнатпағанымның себебі қатардағы әскерлер екі жыл әскери қызметін атқарса, саяси жетекшінің орынбасары қызыл әскер қатарында үш жыл болуға міндетті. Комов маған көптеген тапсырма берді. Солдаттармен саяси сабақ өткізу, күнделікті хабарламаны солдаттарға кезінде жеткізу, толып жатқан басқа да үгіт-насихат жұмыстарын үздіксіз жүргізу — бәрі де маған жүктелді.

Солтүстік Кавказдың кешкі мезгілінде басталатын «Нардос» желі әбден күшейіп, қарсы жүрсең, кеудеңнен итеріп жібермейді. Иығыңнан соққанда да қаңбақтай ұшырып әкетердей қорқасың. Шаң мен құм былай тұрғанда, ұсақ тастарды көкке ұшырып жатады. Осындай қатты жел тұрған бір түнде «атой» деген қатты дауыс саңқ ете түсті.

Солдаттар асығып-үсігіп киініп жатыр, мен де аяғыма етігімді сұға салып, шинелімді киіп, противогазымды мойныма іліп, карабин аталатын шолақ винтовкамды қолыма алып, биноклімді мойныма ілдім. Бюсель дейтін жау позициясының тұрған жерін көрсететін аспапты да қоса алдым. Арқамда солдаттың он килограмдай жүгі бар, белбеуіме байлап алған винтовканың оқтары мен гранаттарым тағы бар. Оң жағымда жалтылдаған сары қылыш кішкентай бойыма едәуір жүк болып, жүгіргенде аяғыма соғылады.

Баяғының батырлары сауыт киеді деп еститінбіз. Ал біздің жауынгерлердің қару-жарақтары мен азықтүліктерін үстіне артып алғанда, батыр киетін сауыттардан да салмақтырақ па деп қалдым.

Басқа жауынгерлермен бірге мен де сапқа тұрдым. Әрбір зеңбірекке үш нардан алты ат жегілген. Біздің барлаушылардың мінгендері сыланданған, оқтаудай жараған арғымақ аттар. Менің астымда алтын жүнді, ұзындығы есік пен төрдей, желіске де, шабысқа да жүрдек Аранжир деген сұлу жирен.

Сапқа тұрғасын біздің батареяның командирі лейтенант Василий Скубак жауынгерлердің алдына бүгінгі «шабуыл» туралы қатты талап қойды.

Барлаушылардың хабарлауына қарағанда, «жаудың» қарауында бір полк жаяу әскер, екі жеңіл танк, үш ауыр танк, жеңіл зеңбіректер бар көрінеді. Олар

Новороссийск қаласынан кемемен жүзіп келіп, қатты желді пайдалана отырып, десант түсірген. Міндетіміз — зеңбіректерден туралап атып, «жауды» жойып жіберу. Ол үшін ойпаң жерлермен жүріп, дыбыссыз, жарықсыз, машина шамдарын өшіріп тастап, шылым тартпай, жау позициясына таяу бару керек.

— Барлаушылар бөлімшесі, тезірек жаудың қайда кетіп бара жатқанын, позициясын, плацдармен тексеріп, хабарлаңыз, — деп біздің командирге бұйрық берді Қирсанов.

Біз жалғыз емеспіз, жаяу әскерлердің бір полкі және шабуылға шығатын бес ауыр танк бар.

Василий Степанович бұйрығын беріп, өзі алдына түсіп, астындағы жүйрік қара бедеу биесімен шаба жөнелді. Новороссийскінің шеткі көшесімен жапа-тармағай пәрмендете шауып келеміз. Тағалаған аттардың аяғы тас көшеге тигенде от жарқ-жұрқ етеді. «Нардос» желі бұрынғысынан да күшейіп долдана түсті. Қара теңіздің толқыны аспанға атылып, өзінің жиегінен бірнеше метр қырқаға лақтырып жатыр.

«Атойдан» келіп, қатты ұйықтап жатсам, түсімде сап-сау екі аяғымның біреуі жоқ болып кетіпті. Аяғымды қырыққан, кескен немесе зеңбірекпен атқан адамды да көргенім жоқ. Тек түсімде бір аяғымның жоқ екендігін көрдім де, шошып ояндым. Ояна салып: «Япыр-ау, не болды?» — деп аяқтарымды сипаласам, екі аяғымның екеуі де орнында жатыр. Өзіме өзім сенбей, ұшып тұра келдім. Жынданған кісідей, казарманың есігіне дейін жүгіріп бардым. «Түс деген — түлкінің боғы!» дейтін менің атам. Мән бермей, орныма қайта жаттым. Бірақ олай болмады, екі күн өткен соң «Әкең өлім халінде, тез жет!» деген үйден телеграмма алдым. Аудандық ауруханаының бас дәрігері анықтап телеграммаға қолын қойыпты. Телеграммада көрсетілген әкем, әрине, Бәкең. Бәкең — менің әкемнің туған інісі. Әкем Қизат өлген соң, әмеңгерлік жолымен жұрт оған менің шешемді қосыпты. Ол мені екі жасымнан мәпелеп, шекеме шертпей, ұрмай-соқпай, адалдыққа баулып өсірді. Ол мен үшін жанын қиятын, туған әкемнен артық болмаса, кем болған жоқ.

Қолыма тиген телеграмманы алып Макаровқа барып едім, ол маған қарап, кейіп:

— Өзің былжырап неғып тұрсың, тез жөнелу керек, жүр кеттік, Скубактің рұқсатымен полк штабынан ке-

ректі құжаттар, барғанша жететін азық-түліктеріңді және билет алатын қағазыңды ал да, тездетіп жүріп кет! — деді.

Менің мұңға бойлап, дәрменсіз бола бастаған жайымды сезген Макаров барлығын да өзі орындап, кешкі поезға мінгізіп салды.

Мен отырған жүйрік поез жүйткіп келеді. Артымда зауыт пен фабрикалардың ұзын мұржаларынан бұдақтаған түтіндері шығып Новороссийск қаласы қала берді.

Кавказдың биік таулары төбесі көкке тиіп, мүлгіп тұрғандай көрінді. Түсі құрғыр жаман еді, сенерімді де, сенбесімді де білмей жүргенімде алған телеграммам мынау. Енді елге де тартып келем.

Үш күн жүріп, Қызылжарға да келіп түстім. Ойкүйге қарамай, кездескен жүк машинасына отыра салып, өзіміздің ауданның орталығы Явленкоға келіп жеттім. Машинадан түсе сала аудандық ауруханаға жүгірдім. Дәрігерлер әскери киінген мені көріп, бірдеме сезгендей, өзара сыбырласып, сөйлесіп жатыр. Аға дәрігерді тауып алып:

— Бәһәрам Бекмағамбетов осында ма? — деп сұрадым.

Бас дәрігер москал әйел екен. Ол менің амандық-саулықсыз сасқалақтап, сабырсызданып сөйлеген сөзіме таңданғандай болды. Бәкеңнің ауыр халін хабарлауға қысылып тұр ма, қалай, жауап бермей үндемей қалды. Мен де тесірейіп қарап қалдым. Дәрігер ақыры:

—Аман-сау жеттіңіз бе? Әкеңіз осында, жағдайы — нашар, бірақ барлық қолдан келген көмегімізді беріп-ақ жатырмыз. Дегенмен, науқасы күннен-күнге ауырлай түсуде.

Жүрегім алып-ұшып барады.

— Қай палатада жатады, ақ халат беріңіз, алыстан келдім ғой, кірейін, сөйлесуге рұқсат беріңіз! — дедім.

Басқа сөз жоқ, дәрігер ілулі тұрған ақ халатты алып, маған ұсынды. Өзі бастап Бәкең жатқан палатаға алып келді. Кіріп келсем, Бәкең төсектің үстінде қимылсыз жатыр. Басында сусын беріп отырған апам ұшып тұрып, құшақтай алды. Бірақ жылаған жоқ. Амандық-саулық сұрап жатыр. Менің көздерімнен жас парлап кетті. Бірінші жылауым. Бала кезімнен еркін

өскен, ешкім тимеген мен өмірімде жылап көргенім жок-тын. Апам:

— Менің аналық тапсырмамды ұмытып кетіпсің ғой, құлыным! — деді. — Әскерге аттанарда қайсар бол дегенім, есінде бар ма?

Мен апамның сөзін тыңдауға шамам да келмей, қозғалмай жатқан Бәкеңе жақындадым. Ол менің келгенімді білгендей көзін ашты.

— Жәлел, Жәлел! Жаным, жаным, сені көрдім, енді арманым жоқ! — деді даусы қалтырап, көздерінен жасы сорғалап.

Мен шыдамым кетіп зорға тұрмын. Құлап кетпейін деп бөлменің бір қабырғасына қолымды тіредім. Көк те, жер де шырқ айналып бара жатқандай, апамның «қайсар бол» дегеніне қарамай, дәрігердің әкеліп берген орындығына отырдым да, жас баладай солқылдап, жылай бердім, жылай бердім.

Бәкең қайтып көзін ашқан жоқ, мен келгеннен соң бір сағат өтпей дүние салды. Ауылдан туыстарымыз — менің әкемнің туған інісі Кенжеғали, немере інісі Әбіш, ағайын-туыстардың арасындағы ең жақынымыз, Бәкеңнің жан қияр досы Мақымның Абылайы бәрі колхоздың жүк таситын жаңа машинасына мініп, Бәкеннің денесін алып кетуге келіп те қалды. Олармен бірге аудандық ақша бөлімінің меңгерушісі Бәһәрәмнің бала жасынан достары Сәттібаев пен Қәрімбай Сағденов те келді. Ауылдан келген адамдар улап-шулап жыласып жатыр. Мен енді бойымдағы қайратымды жиып «өлген қайтып келмес, өшкен қайтып жанбас» деп жылауды қойып, Бәкенді қайтпас сапарға жақсылап жөнелту қамына кірістім. Ауруханадан шығарып, машинаға орталай салған шөптің үстіне киіз, алаша жайып, Бәкеңнің денесін ауылға алып кеттік.

Ауыл адамдары, туған-туыстарымыз, ағайын-көршілеріміз бізді жылап-сықтап, үлкен қайғымен қарсы алды.

«Шіркін, дүние!» деген осы. Елуге жасы жетпеген, колхоз ұйымдастыруға көп еңбек сіңіріп, Қарағай атты колхоздың бірінші бастығы Бәкең, міне, келмес сапарға жөнелді. Ол колхоздың мүлкін қорғаймын деп, желді күнгі өртті сөндіруге жан-тәнін аямай қызу кірісіпті. Өрт жалыны үстіндегі киімдерін күйдіріп, денесіне де өткен көрінеді. Бес күн өткен соң күйік ішке түсіп, міне, Бәкең осындай қазаға душар болды.

Біздің ауыл бес-алты атадан қосылатын туыстар. Бәкеңді жерлеу кезінде жас балаға дейін көзінен жасы төгіліп жыламағаны жоқ.

Сөйтіп, мен дүниедегі ең ардақты адамымнан айрылдым, қанатымнан қайрылдым. Өзім болсам армия қатарындамын. Артымда жылай-жылай қалған көрі шешем, сексендегі қарт атам. Үлкені 15-те, кішісі 7-де Бәкеңнің үш баласы қалды.

Өстіп, Бәкең қайтпас сапарға кетті. Жетісін бергеннен соң, мен өзім қызмет істеп жүрген Новороссийск қаласындағы екінші үйімдей болып кеткен 422-артиллерия полкіне қайта оралдым.

Біздің полкте ешқандай өзгеріс болмапты. Барлығы да өзім көргендей. Менің әкемнің өлгенін естіген жолдастарым мен командирлер, саяси жетекшілер сөздерімен жұбатып жатыр.

— Сен жүдеме, көп ойлау мен қайғырудан жақсылық жоқ, уайым басқан адам азып-тозып жүдеп кетеді, ауруға да шалдығып кетуің мүмкін, — деп өздерінің жаны ашитындығын білдіріп, ақылдарын айтып жатыр.

Жексенбі күндерінде біз Қара теңізге суға түсеміз, құмға аунаймыз. Менің досым Сұлтанның да міпезқұлықтары өзгере бастады. Ол келгендегідей емес, тәртіпті қатты сақтап, біреумен де жанжалдаспай, тату-тәтті болып, Қара теңізге бізбен бірге суға түсіп, малтып жүзуді де үйреніп кетті.

Бір топ солдат құм үстінде отырып әңгімеге кірістік.

— Япырай! — деді Сұлтан, — мен ерте туып, кеш қалған екенмін.

— Ия, саған не болды, түс көрген жоқсың ба? — деді қалжыңбас Савченко.

— Жоқ, түс емес. Өзімнің қанша уақтымды босқа өткізіп алғаныма өкінемін.

— Неге?

— Мен орта мектепті 16 жасымда бітірдім, бітірісімен әскери училищеге түсуім керек екен ғой. Сонда біраз әскери қызметін атқарған соң, Москвадағы соғыс академиясында оқуға болатын еді. Академияны бітіріп, мына соғыс жақындап қалғанда тәжірибелі аға офицер болсам қандай тамаша?

Михаил Сұлтанға қарап:

— Соғыстың қажеті жоқ. Біздің еліміз бейбітшілікті тілейді, — деді. Мен де Макаровты қостап:

— Сенің тілегің соғыс па? Сен бетіңмен сөйлемесеншші, академияны бітірмесең де толық орта білімің бар, сауатты адам емессің бе? Қартайып отырған жоқсың, офицер болуға талаптансаң арыз беріп, әскери училищеге түспейсің бе?

Тағы бір солдат:

— Сенің ақымақтығың айдан анық болды, — деді.

Сұлтан сасып қалды, есіне өз елі түсіп кеткендей, маған қарап:

— Жәлел-ака, мынау неме деп гапрады, — деді. Мен қазақшалап:

— Не деуші еді. Сен тапа-талтүсте соғыс тілеп отырған жоқсың ба? Бейбітшілікті неге айтпайсың, ірігеи ауыздан шіріген сөз шығады! — дедім. Сұлтанның қара бұжыр беті әлем-жәлем болып ашуланып, орнынан тұра келді.

— Бейбітшілікті кім жек көреді дейсің? Өзінің туысқандарына қосылуды кім тілемейді, бірақ айтпады дементдер соғыс жақын. Менің жүрегім сезімтал, күнде сыбырлайды. Ол «соғыс, соғыс, шайқас, шайқас, дайындал, Сұлтан!» — дегендей.

Сұлтанды жақтаушылар да аз болған жоқ. Әсіресе, Украина мен Белоруссияның Батыс қалалары мен селоларынан келген солдаттар.

— Неге жасырасындар, немістер Польшаны басып алып, өзінің карулы күшін біздің шекараға жақындатып жатыр. «Күні-түні гүрілдеген танкі мен машинаның дауыстары естіліп тұрады!» — деп жазған хаттар біздің туыстардан күнде келіп жатқан жоқ па? Сұлтан сендерге жолдастық ретінде ойын ортаға салса, мазақтағандай қыласындар!— деді бір бала.

Ашық айтпағанмен, расында Германиямен соғыс таяу екенін біз де сезетінбіз.

Михаил екеуміз жеке сырласқанда біздің лагерьге көптеген жаңа техниканы әкеліп түсіріп жатқандарын әңгіме етіп, әскери дайындықтың да қызу жүруін, Германияның жасап жатқан әрекеттерін де талдап, «Соғыс биыл жаздан қалмай басталады, дайындалуымыз, шынығуымыз керек!» — деп талай түндерді ұйқысыз өткізетінбіз.

Біздің арамызда Сапар дейтін қазақ баласы да болатын. Оның білімпаздығы бізді қайран қалдыратын. Жаңағы айтыста ол ылғи Сұлтанды жақтап отырды.

Осы сағаттан бастап Сапар да, Сұлтан да — бәріміз тіл табыстық, достасып кеттік.

— Сапар, — дедім мен бір күні, — сен атам замандағы жаһанды билеушілерді көп оқығанынды айтып мақтанып отырсың. Олардың әдіс-тактикасын қазіргі соғыста қолдануға тіпті де болмайды! Бұрынғы соғыс тек жер үстінде ғана болса, ендігі соғыс, негізінен, аспанда жүргізіледі. «Кім көкте күшті болса, ол жалпы күшті болуға тиісті» — деген К. Ворошиловтың ескертуін де ұмытпау керек. Енді бұрынғы соғыстардағы пайдаланатын пілдер мен түйелердің орнына енді танктер қаптап кетті. Зеңбіректің де ондаған түрі бар. Ол кездегі садақтың орнына бүгін бір сілтегенде бір топ адамды жайпап түсетін автомат шықты. Ол кездегі жүйрік тұлпарлардың орнына қажу-талуды білмейтін мотор келді! Ең бастысы, — дедім тағы мен, — жер шарында адам көбейді. Майдан даласы бұрынғыдай 40—50 шақырымдай ғана кішкентай аймақты қамтып қоймай, құлашын кеңге жаюы ықтимал! Сондықтан, ондай шетіқиыры жоқ майдан даласында ұрыс басқару қандай стратегке болса да оңайға соға қоймас.

— Жәлел, осы айтқандарыңның бәрі де дұрыс, — деді ол. — Дегенмен де әрқашанда әдіс — әдіс қалпында, стратегия — стратегия қалпында қалатын болады, көрерсің. Бірақ, әдістің де, стратегияның да түрі өзгереді. Бұрын, мысалы, 300000 атты әскермен шабуылға шыққан қолбасшы қандай айла-тәсіл қолданудың әдістерін білсе, енді созылып жатқан ұзақ майдан даласындағы миллиондаған жаяу әскерді, мыңдаған танк пен самолетті, толып жатқан зеңбіректердің үлкен-кішісін пайдаланудағы айла-тәсілді өте білгірлікпен пайдалану шарт.

Біздің маршалдардың айтуына қарағанда, біз жау жерінде ғана соғысуға тиістіміз. Сондықтан, біз соғыстың бірінші күні-ақ шабуылға шығамыз. Осы шабуылды қалай басқару керек. Міне, мәселе осында.

— Мысалы, сен сәті түсіп, генерал бола қалдың да бір армияны басқардың делік! — дедім мен, күліп. — Сонда шабуылды қалай жасар едің?

— Мен, ең алдымен, жаумен бетпе-бет кездесуден бас тартар едім.

— Демек?

— Демек, жаумен штыктасу да, тіпті, винтовкадан немесе автоматтан оқ борату да қазіргі соғыс үшін кей-

бір кіші-гірім шайқастарда болмаса, үлкен айқастарда қажетсіз. Өйткені, қазіргі соғыстың одан басқа да пірлері бар. Олар: жоғарыда айтылған алыстан ататын зеңбіректер, аспаннан қырандай түйілетін самолеттер, жер бетінде жыландай жорғалайтын құрыш табанды, болат жолды танктер. Міне, жаудың осы айтылмаш күштерінің қай жерде жаппай шабуылға шығатынын байқап алу керек те, оларды аз күшпен қабылдап, жалтара қашып алға қарай өткізіп жіберу керек. Содан соң жаяулатып, машиналатып батпақ демей, саз демей ормандардың қойнау-қойнауымен барып, негізгі жолдарды басып алып, жаудың алдыңғы шептегі күшін тылдан бөліп тастау керек. Тылдағы қару-жарақ және азық-түлік қоймаларын түгелдей қолға түсіріп болғаннан соң, жаудың артында қалған шағын күшіне қарсы жаппай шабуылға шығу әрекетін ойластырған жөн.

Сонда жау есінен танады. Ал бағанағы алға өтіп кеткен жаудың негізгі екпінді күші өздерінің қоршауда қалғанын, тылмен байланысы үзілгенін сезеді де өздіөзінен үрейленіп берекесі қашады. Торға түскен балықты қайықтың түбіне тастай салу оп-оңай.

Мысалы, мен үлкен майданды осылай басқарар едім, — деп, Сапар сөзін соза түсті. — Бірақ осының бәрінде де барлау жұмысы мейлінше күшті болуы шарт. Болашақ соғыста барлаушылардың, мына сендердің, атқаратын рөлдерің адам айтқысыз. Бір шайқаста жеңістің немесе жеңіліп қалудың себептері барлау жұмысының жақсы, ия жамандығына байланысты. Мұнда жақыннан барлау бар да, шалғайдан барлау бар. Сендер жақыннан барлаушыларсыңдар. Сендердің міндеттерің мына дивизионның жеңісін қамтамасыз ету.

— Япырмай, сенің білмейтінің жоқ екен. Мұның бәрін қайдан үйреніп алғансың. Командир болмай бізбен бірге неге жүрсің? — дедім, мен күліп.

— Мен командир болуды армандап отырғам жоқ, мені қазір ешкім командир ете қоймас. Бұл айтып отырғандарым — менің жай болжамдарым. Ал осындай болжамдарды саған үш күн, үш түн лекция етіп айтып беруіме білімім жетеді. Бірақ, оның керегі қанша! Әйтеуір, бізге әскери оқу мерзімін бітіргеннен соң лейтенант атағын беретіні айдан анық.

— Ал, сенің «соғыс таяу» деп жүргенің не?

— Ол да рас. Соғыс басталса, біздің әскери дәрежеміз тез өседі.

— Соғыстың бірінші күні өліп қалсақ не істейміз?

— Әуелде тағдыр солай деп жазып қойса, не істеуші едің? Өлер алдында ыңырсып жатып дүниемен қоштасасың да, кете барасың!

Бұл Сапар екеуміздің бейбітшілік өмірдегі ең соңғы әңгімеміз болды.

Бүгін — жексенбі. 1941 жылдың 22 июні. Күн ашық әрі ыстық. Көптен әскери ойынға күні-түні қатысып, бәріміз де қатты шаршап жүрдік. Кеше, құдай ондап, әскер ойынын өте ерте бітірдік. Бізді таратар алдында командиріміз: «Ертең демалыс, бәріңе де еркін дем алуға болады. Теңізге барып суға түсіп, аттарыңды жусандар да еріктерің!» — деді.

Бізді тым ерте таратқан Мирсонға бәріміз де риза болдық. Жерден жеті қоян тапқандай қуанып тарадық та, беті-қолымызды жуып кешкі тамаққа дайындалдық. Тамақ алдында дивизионның балалары бір дөңеске отырып алып, әңгіме-дүкен құра бастадық. Әркім әртүрлі күлкілі әңгімелер де айтты. Бүгін Мирсонның да, біздің де осындай көңілді болуымыз, әрине, ертең басталатын сұрапылды сезгендіктен емес, жәй ғана өзді-өзінен келе қалған бір сәтті сағат болуы мүмкін. Миллион жылдардан бері ешбір кідірусіз зырлап кетіп бара жатқан уақыттың да өзіндік заңы бар емес пе? Бұл сол бір уақыттың бізге арналған кас қағымдай ғана бақытты бөлшегі болуы ықтимал.

Сол күндері біздің басты арманымыздың бірі ұйқы ғой. Тым ерте жаттық. Бізді ешкім ерте оятқан да жоқ, әбден ұйқымыз қанғаннан соң, сағат тоғызда ғана төсектен басымызды көтердік. Жігіттердің бәрі де тамаша тынығып қалыпты. Көңілдері де ересен көтеріңкі, жүздері жадыраңқы.

Тура сағат онда аттарымызға мініп, көп бала теңізге бардық. Қара теңіздің суы, шынында да, қап-қара екен. Үйдей-үйдей толқындары жал-жал болып, құтырған бурадай көбік шашып, жарға соғып жатыр. Шешіндік те жайдақ аттарымызбен теңізге ұрып кеттік. Жігіттер бір-бірімізді ат үстінен тартып құлатып, немесе судың астымен жүзіп барып, біріміздің біріміз аттарымызды үркітіп, ойымызға келгенді істеудеміз. Шаттықтың шегі жоқ. Қазақ балаларының көпшілігі, әсіресе,

Қазақстанның солтүстік жағынан келгендері теңізде жақсы жүзеді.

Маған меншіктелген ат «Аранжир» деп аталатын. Есік пен төрдей, қамыс құлақ, қаз мойын, көздері жұлдыздай жайнаған, жылқы атаулының сұлуы. Қаншама сұлу болса да жануар соншама жуас та. Қорқу, үрку дегенді мүлдем білмейтін. Желдей жүйрік болғанымен, басы өте жұмсақ. Үстіне мініп алсаң-ақ болды, билей жөнелетін. Жүрісі керемет тиыш-ты, үстіндегі адамды желқайықтай тербеп ала жөнеледі.

Менің Мирсонға бір күні: «Бұл қазақы ат!» — деп мақтанғаным бар.

— Оны қайдан білдің? — деген ол, қайран қалып.

— Әрбір малдың мінезі өзінің туған халқының мінезіне ұқсас болады. Аранжир де қазақ сияқты жуас. Бірақ, бәсекеге түскенде бұ да қазақ сияқты жеңбей шықпайды. Өзіңіз де талай көрдіңіз ғой, өзіміздің жігіттермен жарысқанда, жұлдызша ағып, бірін де ілестірмей кеткенін! — дедім.

— Жарайсың, Қизатов! Сен нағыз жігітсің, сезімтал, ақ пен қараны айыра білетін жігітсің. Сөздерінде шындық бар. Мен өнерді, музыканы қатты сүйемін. Совет үкіметінде «онкүндік» дейтін сөз бұрын болмайтын. Москва 1936 жылы бірінші онкүндікті осы қазақ өнерімен бастады. Сонда мен радионы үзбей тыңдап, «Правда» мен «Известия» газеттерін ұдайы оқып отырдым. Қазақтың осы онкүндігі бүкіл дүниелік сенсация болды. Әлгі екі үлкен газеттің төрт беті түгелдей қазақ туралы, оның тамаша өнері туралы жазып жатты. Неше түрлі әлемдік білгірлер қазақ өнерін көкке көтере дәріптеді. Күләш Байсейітованың салған әндері тыңдаушысын сазды әуенге бөлеп, талай ділмарлардың жүрегін тербетті. Біздің Ұлы Отанымыз туралы жазылған Жамбыл өлеңдері дүниені дүр сілкінтті. Бұрын мен қазақты тек қой бағып өскен момын да жуас халық шығар деп ойлайтынмын. Сонда білгем бұл халықтың жаны жайсаң, жүрегінің түбінде ойнап жатқан арыстаны бар екенін! — деп тоқтаған Мирсон.

Міне, сол жанымдай жақсы көретін Аранжирімді бүгін асау теңізде емін-еркін жүздіріп жүрмін. Басқа жігіттер сияқты менің де ойымда ешнәрсе жоқ. Бір уақытта:

— Соғыс! Соғыс! — деген қатты дауыс шықты. Аспан құлап жерге түскендей болды. Суда балықтай ой-

нап, толқынды тербелуге тоймай жүрген жігіттер де, мен де жалт бұрылып жағаға қарасақ, біздің взвод командирі лейтенант Гольденберг екен.

— Судан шығындар, да тез киініндер! — деді ол тағы айғайлап.

Гольденберг бұрыннан жігіттерге сүйкімсіздеу еді. Міне, бүгін де осы бір ең сүйкімсіз сөзді сол сүйкімсіз адамның аузынан естідік. Егер Мирсон мен Скубактің біреуі болса, немесе сүйкімді Макаров болса, осы бір жексұрын сөзді басқаша естіп, сыпайы етіп хабарлар еді. Олар, ең алдымен, асықтырып судан шығарып алар еді де, әбден киініп болғаннан соң «Жігіттер, Ұлы Отанымыз үлкен сынға түсетін болды, фашистер достық шартты бұзды, енді өздеріңді өздерің қолына алыңдар, бел буып, күреске шығуға дайындалыңдар!» — дер еді.

Мынау әңгүдік Гольденберг «Соғыс!» деген сөзімен үстіміздің жай түсіргендей болды. Теңізден жүгіріп шықтық та:

— Соғыс ашқан кім? Қашан? — деп сұрадық.

— Барлығын лагерьге барғаннан соң білесіндер! Тез! Тез киініндер! Мен сендерге лекция оқуға келген жоқпын ғой! — дей айқайлады лейтенант.

Аранжирге қарғып міндім де, тебініп-тебініп жібердім. Үш шақырым лагерьге көзді ашып-жұмғанша жетіп келдік. Біз келсек, бүкіл дивизион сапқа тұрып жатыр екен.

Митингіні капитан Мирсон ашты: Ол сөзін:

— Қымбатты жолдастар, — деп бастады, — Германия бізбен жасаған достық шартын бұзып, бүгін, таңертеңгі сағат төрт жарымда, өзінің 170 дивизиясын Совет үкіметіне қарсы шабуылға алып шықты. Қазір фашистердің құтырған армиясы Балтық пен Қара теңіздің арасын қанды майдан даласына айналдырып, жүрген жеріне өрт жағып, шығысқа қарай жөңкіліп келеді. Бірнеше қалаларымызды да самолетпен атқылап, әлекет салуда. Олардың танктері шекараны бірнеше жерден бұзып өткеніне қарамастан, біздің шекарашылар оларға тойтара соққы беріп жатыр, адам айтқысыз ерлік жасап, олар қара ниетті фашистерді күйрете ұруда. Рас, жау соғысты хабарламай, тосыннан бастады. Бірақ, біз оларды мақсатына жеткізбей жермен жексен етеміз. Коммунистер партиясы басқарған елді ешбір жау жеңуі мүмкін емес!

Митинг тарады. Жауынгерлер өзара әңгімелесіп, мынау суық хабар туралы өз пікірлерін ортаға салуда. Бәрінің де жүздерінде ашулы ызғар, намысқа толы жігер бар. Бәрінің де айтатыны: «фашизммен қасық қан қалғанша шайқасу керек. Өліп кетсек те атымызды бүкіл адамзат баласы ардақтайтын болады!».

Сөйтіп, біздің 422-артиллерия полкының жауынгерлері соғыстың басталғанын естіді.

Бір кезде даңқы жер жарған осы полктың, әсіресе, біздер үшін, қазақстандықтар үшін өте бір қызықты тарихы бар. Василий Иванович Чапаев басқарған дивизия 1919 жылы 72 күн жаудың мықты бір қоршауында қалыпты. Сонда есімі аңызға айналған батырдың қарауындағы дивизияның бекінісі осы күнгі біздің республикамыздағы Орал облысының әкімшілік орталығы Орал қаласы болған екен. Чапаевшылар жаудың күші өздерінің күшінен бірнеше есе басым болғанына қарамастан, оларды қалаға кіргізбейді. Соғысқа мейлінше пісіп шыныққан чапаевшылар неше түрлі әдіс қолданып, жаудың қарулы күшіне бірнеше рет өлтіре соққы береді.

Міне, дивизияның осы шайқаста ерекше ерлік көрсеткен дивизиондарының біреуі бертін келе артиллерия полкы болып қайта құрылды. Сол полк — дәл осы 422-інші артиллерия полкы екен. Бұл полкқа Орал қаласының жұмысшылары 1919 жылы осы қаланы қорғаған ерлігінің құрметіне 1929 жылы Ескерткіш Қызыл Ту тапсырыпты. Біз әскерге алынып, осы полкқа келгеннен кейін, үш айдан соң, осы Тудың астында тұрып, Отанға жауынгерлік ант бергенбіз.

Осы бір тамаша тарих полктағы барлық жауынгерлерді, әсіресе, бізді — қазақстандықтарды мейлінше қатты рухтандырып, патриоттық сезімдерімізді күшейте түсуге ұйтқы болатын, өз полкымыздың даңқын таза сақтауға жігерлендіретін. Полкымыздың аты тамаша қолбасшы Чапаевтың есіміне байланысты болуы біздің жүрегімізге жауынгерлік рух, Отанға шексіз берілу ынтасын туғызды.

Біздің полкта Орта Азия мен Қавказ жігіттері көп болды. Бәріміз де өзімізді, былайша айтқанда, жас чапаевшылар сапындағы адамдардай ұстайтынбыз. Біз, өстіп, осындай моральдық көтеріңкі жағдайда Ұлы Отан соғысына тап болдық.

Дивизиямыз Одесса бағытындағы қанды майданға

баруға бұйрық алды. 1941 жылы август айында Новороссийск қаласына келіп, майданға аттануға дайындалып жаттық. Бұл біздің елімізге, халқымызға, Қызыл Армияға соғыс ауыртпалығы түсіп тұрған өте ауыр кезең еді. Гитлершіл фашистер әскери құрамының, самолет пен танктернің басымдылығын пайдаланып, еліміздің батыстағы бірқатар аудандарын, қалаларын басып алған. Жүрген жерін қан-жоса етіп, солтүстікте Ленинградқа, орталықта Москваға, оңтүстікте Қырымға қарай бағытталып, аш қасқырдай анталап келе жатқан.

Бұл кезде Қара теңізде кемемен жүру өте-мөте қатерлі болатын-ды. Бұрқанған теңіздің үстіне келіп неше түрлі зеңбірек снарядтары мен самолеттен тастаған бомбалары үздіксіз жарылып жататын. Соған қарамастан, біз Новороссийскіден Одессаға дейін теңіз арқылы бармақшы болдық.

Біздің дивизия «Днестрден» түсісімен-ақ қаланың оңтүстігіндегі майданның алғы шебіне кететін болды. Міне, біз үшін соғыс енді басталмақ. Екі айдан бері осы бір сұсты сөз адамның өңменінен өтіп, ұйқыны да, күлкіні де бұзып болып еді. Енді сол соғыспен бетпе-бет кездесейік деп отырмыз.

Жұрттың қалай екенін білмеймін, шынын айтсам, менде қорқу, үрейлену деген болған жоқ. Керісінше, осы соғыс дегені қандай екен, өзін тезірек көрсек. Әйтпегенде, тіпті, іш те пысатын сияқты. Іш пысқанынан бұрын, адам өзін-өзі абақтыда бір үлкен ауыр жазаға жазаланып, соның ақырының немен тынарын білмей сандалғандай болады да тұрады екен.

Артиллериядағы барлаушылар салт жүреміз. Біз, Жамбос, Сұлтан, Скубак — төртеуміз Одессадан 13 шақырым жердегі Дальник селосына қарай жүріп келеміз. Менің астымда, өздеріне белгілі, есік пен төрдей ұзын, жүйрік жиренім — Аранжирім бар. Шіркін, атым ат-ақ еді-ау.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылды-ау қолыма бір тигізбей!—

деп Абай сипаттаған тұлпардың дәл өзі еді. Одессаға келгелі Аранжирдің де мінезі сәл өзгере бастаған. Қирап жатқан қаланың түрінен, гүрс-гүрс жарылған бомба, снарядтардан секем алды ма, немене, әйтеуір

Аранжир Одессаға келгелі ерекше шымырланып, ширатылып алды. Жануар шапқанда, тұяғы тиген жердің топырағын аспанға атып, жердің бетін жиырылтып жіберетін.

Кейде Аранжирдің шабысына қайран қалған достарым Сұлтан мен Жамбос:

— Әй, Жәлелдің мынау Аранжирі нағыз Тайбурылға ұқсас. Шапқан жерінде ор қазылып отырады, — дейтін.

Олардың сөзі менің есіме «Қобыланды батырдың» қиссасындағы мынадай бір жерін есіме түсіріп, мен:

Үстіне біткен түгіннің,
Жары күміс, жары алтын.
Ырғала басып жүр жарқын,
Құртқа баққан Тайбурыл,
Терлемессің күн салқын,—

деп, «Қобыланды батыр» дастанынан бір шумақ тақпақ айттым да: «Сол Тайбурылдан менің Аранжирімнің қай жері кем?» — дедім. Менің сөзіме Сұлтан мен Жамбос қарқылдап қатты күлді.

— Жігіттер-ау, орысша сөйлесендерші, сендерге қосылып мен де күлейін, тегі бір қызық әңгіме айтып тұрған шығарсыңдар, — деді, батарея командирі Василий Скубак.

Мен оған Қобыланды мен Тайбурыл жөнінде біраз әсерлі етіп айтып бердім. Скубак қайран қалды.

— Япырмай, сендерде де батырлар болған екен-ау?— деді сәл кекеткендей.

— Жолдас командир, батырлар сіздердегідей қазақта да көп болған! — деді Жамбос.

Скубак Жамбосқа сәл басын бұрып, оның сөздеріне онша мән бермей: «Ә, солай ма? — деді де әңгімесін мен жаққа аударды.

— Сонда, — деді ол, — Аранжирдің үстінде отырған адам да Қобыландыға ұқсас болу керек қой! — деді мені қағытып.

Әңгіме ұзақ жолды қысқартады. Біз Дальник селосына қалай жеткенімізді байқамай қалыппыз. Күн кешкірді. Аттарды тылға қалдырдық та, алдыңғы шепке бағытталып, жаяу жүріп кеттік.

II ТАРАУ
ОДЕССАДАҒЫ ШАЙҚАС

Взвод командирі Владимир Ткаченконы біз алғы шепте кездестірдік. Ол бізге майдан даласында болып жатқан жағдайды кеңінен түсіндірді де, енді шұғыл алдымызда тұрған міндетке көшті.

— Жау шебі осы арадан төрт-бес шақырымдай ғана жер, — деп бастады Ткаченко сөзін. — Қазір ілгері жүреміз. Бірақ, сол жүретін жерімізді жау әрдайым атқылап жатыр. Мен түсінбей қалдым, осы фрицтердің өзі бүкіл майдан даласына оқ боратып, үздіксіз атқылай береді екен. Мақсаттары сол үрей жасау болу керек. Сондықтан, қалай да болса, олардың көзіне түспеудің, оққа ұшпаудың амалын мұқият ойлағанымыз жөн. Қеңесу, басқадай артық дыбыс шығару, шылым тарту болмасын. Біріңнің соңыннан бірің еріп, тізбектеліп, менің соңымнан жүріп отырыңдар. Алдымызда жүгері егілген егіс даласы бар. Жүгері қазір қамыс қопасы сияқты қалың да биік. Біз ол арадан қауыпсыз тез өтеміз. Содан барып бекінуге тиістіміз. Естеріңде болсын, бұл жау шебіне өте жақын жер. Осы арада жауменен бетпе-бет жататын боламыз. Түсінікті ме, жолдастар? — деді Ткаченко.

Біз даусымызды сәл ғана шығарып, ұрыс даласында екенімізді сездіргендей:

— Түсінікті, жолдас кіші лейтенант, — дедік.

Бұл уақыт түн көрпесін жамылған, жер беті қою қараңғылықтың астында қалғи бастаған кез еді. Бірде алыс, бірде жақын жерден пулеметтер мен автоматтардың дауысы естіліп тұр. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Енді, тіпті, гүрсілдеген снарядтар мен зуылдаған миналардың дауысы да жиіленіп кетті. Түн көрпесін тілгіштеп жатқан қызылды, жасылды оқтардың да ызыңы көбейіп бара жатқан сияқты. Әсіресе, миналар ажда-

ғадай ысқырып, дәл үстіміздің үздіксіз өтіп кетіп жатыр. Аспанға атылған жаудың ракеталары қараңғы түнді қақ жарып, төңіректі жап-жарық қылып жібереді. Ракета көтеріле бергенде-ақ, үйреніп қалған біз көз ілеспейтін шапшаңдықпен жерге сылқ ете түсеміз. Жарық сөнісімен-ақ тұра салып, алға жылжимыз. Бәрімізге үстімізде жындар шулап, ажал да араның ашып, аласұрып жүрген тәрізді.

Қызыл Тулы 76-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі, Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор А. В. Кирсанов.

Жүгері алаңынан тез жүріп өтіп, еңбектеп, кейде, тіпті, жер бауырлап, ақыры окоптарға жеттік. Фрицтер жақтан келіп жатқан автомат пен пулемет оқтарының дыбысын мөлшерлеп қарағанда, жаудың алдыңғы шебі 300—400 метрден артық емес сияқты.

Окоптарды терендете қазып, атыс нүктелерін дұрыстап, жау шебіне бақылау жасайтын пункттерді ретке келтіріп, құпиялап, жасырып болғанша, түн ортасы да ауа бастады.

Өте шаршасам керек, бір блиндажға кіріп, дем алуға қисайсам, қатты ұйықтап қалыппын. Иығымнан жұлқылаған біреудің қолы тәтті ұйқыдан оятып жіберді. Ол барлаушы Михаил Шалбаш екен.

— Постыға тұр, кезегің келді!— деді ол, ақырын.

— Сағат қанша?

— Таңғы бес.

Карабинімді алып, блиндаждың түпкірінде жүрелей отырып, темекі тарттым. Ұйқым тез ашылды. Терең жырақананың — траншеяның — ішіне кіріп, еркін жүгіріп жүрмін. Біздің жігіттер бірі отырған күйі, бірі бүк түсіп, бірі шалқасынан түсіп, шырт ұйқының қойнына еніпті. Алыстан қарап тұрсаң, олар жырақананың ішінде ретсіз шашылып қалған ескі-құсқы әскер

киімдеріне ұқсас. Соларға бір сәт аянышпен қарап тұрып: «Ер басына күн туса, етігімен су кешер» деген осы екен ғой деп ойлаймын. Мыналар бейбіт уақыт болса, таза төсектің өзін де таңдамай жатпас еді. Енді бұларға мынау терең жырақананың түбіндегі сызды да салқын топырақ мамық төсектей.

Бақылау постыма келдім. Ткаченко да осында жүр. Телескоппен әлде нені қадағалап қарап отыр.

Таң бозарып ата бастады. Жау оғының зуылы түндегіден гөрі әлдеқайда көбейе түсті. Пулемет оқтары окоптардың да, жырақаналардың да үйіліп қалған сар топырағын осқылап жатыр. Бұл сәтте бас көтеру тіпті де мүмкін емес. Басың окоптан сәл қылтиып шықсаақ болды, фрицтердің мергендері ол басты сау қалдырмайды, шекесінен шық еткізе түсіреді. Ал постыда тұрған адамның окопта бұғып отыруға еш правосы жоқ. Ол жан-жақта не болып жатқанын, әсіресе, жаудың алдыңғы шебіндегі әрекеттері қандай — осының бәрін бақылауға тиісті. Сондықтан телескопты дұрыстап, оның объективін окоптың жиегінен екі сантиметр ғана жоғары қойып, іске кірістім. Өзім бақылауға тиісті координатты телескоппен түгелдей шолып отырмын. Әр төмпешікті, сәл қарайған нүктені қадағалап, зер сала тексерудемін, бақылаудамын.

Бір кезде дәл алдымыздан оқ бүркіп тұрған жаудың пулемет ұясын тауып алдым. Алыс емес. Осыншама төменде орналасқан объектив арқылы айқын көрінген пулемет ұясының қандай қашықтықта тұрғанын болжау онша қиын емес. Әлгі ұяны тез белгіге алдым да, телескопты әрі қарай жылжыттым. Сол-ақ екен, жырақананың ішімен жүріп келе жатқан екі жау солдатының басы, бет-аузы айқын көрінді. Бұл фрицті бірінші көруім. Сондықтан ба, қалай, ара қашықтығын тез есептеп жіберіп, карабиннің прицелін «150-ге» қойып, бастың бірін көздей бергенімде, командирімнің:

— Тоқтат! — деген қатал даусы естілді.

— Неге атпаймын! Жауды құртуым керек қой! — дедім.

— Жеке жау солдатымен атысу біздің міндетіміз емес. Сен мерген емес, барлаушы екеніңді ұмытпа?

— Фашисті мерген атты не, барлаушы атты не, әйтеуір атып өлтірсе болды емес пе? — деймін қалжыншынын араластырып.

Командир екеуміз осылай сөйлесіп қалған бірнеше

секундтік заматта жаңағы екі бас бір төмпешіктеу жерге жетіп жоқ болды.

— Әне, көрдің бе, дзотқа кірді. Біздің манадан бері байқай алмай отырған пулемет ұясын жаудың өзі тауып берді. Енді сен қызыққа қара да тұр, — деп, командир қасында тұрған телефоншыға:

— Бұрышы — 45, қашықтығы — бір жарым мың, атындар! — деп команда берді. Телефоншы оның сөзін трубка арқылы қайталап айтып тұрды.

Үстімізден ысқырып өткен біздің 4-5 снаряд манағы пулемет «ұясына» барып түсті. «Ұяның» тас-талқаны шықты. Командир енді жаңағы жау солдаты кірген дзотты жоқ қылуға телефон арқылы зеңбіректерге бұйрық беріп жатыр. Осы кезде дәл алдымызда, бізге 100 метрдей жетпей жау снаряды да жарылды.

— Ох, бізді байқап қалған екен ғой, иттер, — деді де командир, тез бұйрық берді: — Жасырыңдар, жауынгерлердің бәрін оят! Жырақананың ішімен солға қарай тез жылжып отырып, осы жерден екі жүз метр жердегі дайындалып қойылған бос окоптарға орналассын! Тез!

Біз әскерге тән ереген шапшаңдықпен, қас қағым да кешікпей командирдің бұйрығын көз ілеспейтін тездікпен нақтылықпен орындап терең жырақананың ішімен еңкейіп зыта жөнелдік. Сол сол екен, біздің жаңа ғана қалдырып кеткен позициямызға жау снарядтары зіркілдеп келіп құлай бастады. Бұрылып арт жағымызға қарасақ, дүние төңкеріліп, жанар таулары жалын құсып жатқан сияқты. Әлем астан-кестен, аспанның асты күңіреніп, ысқырып, жердің беті солқылдап, ыңырсып диюлар мен аждаһалар алысқан тәрізді болды да кетті.

Менің жанымдағы окопта жатқан Сапар сәл ғана басын қылқитып:

— Жәлел! Көрдің бе, жаңа замандағы, адамзат баласының өнер-білімнің биік шыңына шыққандағы соғысы осы! — деп қарқ-қарқ күледі.

— Әй, күлгенің қалай әлде сен мынау сұрапылды көріп, жынданып кеттің бе? — деймін мен оған.

— Күлмегенде ше, мынадай қызықты мен әлгі сенің көп айтатын ертектеріңнен де естіген жоқпын! — дейді.

Төңіректің бәрі де көкпеңбек түтін. Біздің байланыс сымымыз да үзіліп қалыпты. Телефоншы Бондарев соны жөндеуге тұра жүгірді. Біз сол бұққан күйі бұғу-

дамыз. Алдымызда да, артымызда да не болып, не қойғанын біле алмай қалдық. Осы бір шағын ғана майдан шебінің тағдыры жаңағы масқарадан соң немен аяқталғаны тағы да беймәлім. Міне, бір сағаттан асты — Бондарев те хабарсыз жоқ болды, қайда жүргені белгісіз. Батареямен жалғаса алмай, дел-сал болдық та қалдық. Командиріміз де торға түскен арыстандай, тар окоптың ішіне сыймай, булығып жүр. Бір уақытта ол:

— Телефоншы Хоменко, сымды қолыңа ұстап, соның бойымен жер бауырлап бар да үзікті тауып жалға! — деп бұйрық берді.

— Құп! — деді де, Хоменко телефон сымының сабағын ұстаған күйі окоптан орғып шығып, жер бауырлап жөнелді. Біз бәріміз де, әсіресе, барлаушылар бейбітшілік уақытта, әскери оқуды үйреніп жүрген кезде, жер бауырлап жорғалауға баса назар аударатынбыз. Өйткені біз үшін әскери сабақтардың ең қиыны да, ең қажеттісі де сол болып көрінетін. «Басқа ауыр күн туып, біреумен соғысысып қалсақ, өзінді жау оғынан қорғайтын ең күшті құралдың бірі — осы жер бауырлап жорғалау» деп үйрететін біздің командиріміз. Әсіресе, ылғи өрттің ішінде жүретін біз сияқты барлаушыларға жер бауырлап жорғалаудың асқан шебері болудың қажеттігін, ол үшін барып тұрған спортшыл, денелеріміздің мейлінше шыныққан болуының қажеттігін қатты ескертетін. Сол бір бейбіт күндерде біз жер бауырлап жарысқанбыз, командирімізді де риза еткенбіз.

Ол бейбітшілік кезде еді. Енді бүгін қанды майдан даласында өзімнің жақын достарымның бірі Хоменконың жер бауырлап жорғалауын бірінші көрдім. Сіздерге өтірік, маған шын, Хоменко мені қайран қалдырды. Бейбітшілік кезде екеуміз жарысқанда, мен оны талай артқа тастап кеткенмін. Енді қарасам, мүлдем өзгеше, мен оған түрегеліп жүгірсем де ере алмайтын сияқтымын. Бұдан мен көп нәрсені ұққандай болдым, қаныпезер жауға қарсы күресудің біз үшін ауадай қажеттігі әрқайсымызды жігерлендіріп, әлдендіріп, рухтандыра түседі екен-ау деп қорытты өз ойымды.

Хоменконың орғып шыққан орнының үстінен жаудың оғы шып-шып етіп, жаңбырдай жауды. Бірақ, Хоменко жердің сәл ойпаңдарын, кездейсоқ келген жыраларын, қалың қаулы дөңестердің таса жақтарын паналап, жалтара жорғалап, көзден ғайып болды.

— Қизатов! — деген командир дауысы тағы да саңқ етті. Жалт қарадым. — Мына қағазды батарея командиріне тез жеткіз. Бұл — өзің көрген дзоттың және біздi атып жатқан жау батареясының координаты. Тез жеткізуің керек, ұқтың ба? Дәл осы сағатта осы бір шағын майданның тағдыры сенің қаншалықты шапшаң болуыңа байланысты!

Мен жаңағы Хоменконың жер бауырлап, оқ жыландай атылғанын есіме алдым. Аждаһадай ақырған, көктемдегі құтырған бурадай аузынан көбік шашқан фашизмді де ойладым.

— Құп, жолдас кіші лейтенант, тез жеткіземін! — дедім, қағазды алып жатып.

— Оң сапар! — деді де командир, окоптан ырғи бергенімде, тоқтай тұр! — деп иығымнан баса қойды.

— Біздің оң жағымызда жаудың күшті шабуылы басталды. Солай қарай барып қалма. Өзіміз келген жөнмен жүгері даласына дейін жер бауырлап бар. Жүгері қопасына кіргеннен соң жүгірме, үш!

Тағы да жөнеле беріп едім, білегімнен қапсыра ұстаған командир жібермей:

— Команда пунктінің қайда екенін білесің бе?

— Білемін, «Тас құдықтың» түбінде!

— Дұрыс-ақ! Ал, жолың болсын, аттан!— деді бастық.

Окоптан ырғып шықтым да жер бауырлап, зырылдай жөнелдім. Екі тізем мен екі шынтағымды пір тұттым енді. Ойпаңдарды бойлай, қау мен қурайдың қалың шыққан жерлерін қуалап, ышқына жер бауырлап келемін. Денемнен шымырлап тер шыға бастағаннан соң жүрісім тіпті де түзеле бастады. «Дәу де болса, осы шапшаңдығым бағанағы Хоменконың жүрісінен кем емес шығар» — деп ойладым іштей.

Менің де үстімнен оқтар зулап өтіп жатыр. Ауылда жүргенде, өрістен қайтқан малды сона буып, шоғырланып, малдың соңынан қуып жүріп шаққанын талай көргенмін. Дәл сол сияқты ызыңдаған жау оғы бір алдыма, бір артыма түсіп, мені үздіксіз қуып келеді. Неміс солдаттарының керемет мерген екендігі бұл кезде бәрімізге әйгілі болған. Оны командирлеріміз жасырмайақ бізге ескертетін. Осы жағдай есіме түскенде бүкіл денем мұздап кеткендей. Бірақ, мұндай жанталаста ешнәрсені де: ата-аналарды да, туған-туыстарыңды да,

жақын достарыңды да ойлап бөгелуге болмайды екен. Бар ой-арман — тапсырманы абыроймен орындау!

Сәл бір дөңестеу қауіпсіз жерге келгенде, тоқтаймын да рахаттанып дем аламын. Енді қайсыбір ойпаңдармен сырғуымды жоспарлаймын. Жау оғы бірінен соң бірі ызыңдап төбемнен өтіп жатыр. Дөңестің ығында жатқан мен үшін ол оқтардың титтей де қаупі жоқ. Бой үйреніп алғаннан соң оқтың дыбысы маған тек масаның ызыңындай ғана әсер ететін болды. Бір уақытта әбден күшті жиып, жүретін жолдарымды нақтылы белгілеп алып, жүгеріге қарай сырғи жөнелдім.

Жүгеріге таяу қалғанда, «тағы да бағытымды байқап алайын» деп, сәл ғана басымды көтеріп едім, бір оқ құрыш қалпағыма сарт ете түсті. Мойнымды жұлып әкеткендей болды. Бұға қалдым да темір телпекті шешіп, қарай бастадым. Оң жақ шекеден тиген оқ маңдайына қарай тайғанап, телпектің алғы жағын жапырып кетіпті. Болат бөріктің пайдасын енді білдім. Ол бүгін мені тұп-тура келген ажал-тажалдың аузынан алып қалды. Соғыстан бұрын, жаттығулар кезінде, осы болат бөрікті ауырлап, кимей талай лақтырғаным бар-ды. «Осы итаяқ не үшін керек?» — деп балаларды да күлдіретінмін. «Міне, енді сол болат бөріктің ұрысқа бірінші кірген күні-ақ маған пайдасы тиді. Пайдасы тиді емес-ау, тіпті, арсыз ажалдың ашылған аранынан да қорғап қалды. Енді осы болат бөркімді қастерлейтін болдым. Жақсылап тұрып басыма баса кидім де алға қарай, таяу қалған жүгері нуына қарай жүгіре жөнелдім. Нуға кіріп те келдім. Көзім жайнап, бойым жадырап жүре берді. Бір асыл арманның етегіне келіп жабысқандай болдым. Карабинді оң колыма алып, құстай ұштым. Бірақ жүгерінің іші мүлдем қауіпсіз емес. Дегенмен де мұнда жер бауырламайсың, сәл еңкейіп, зырлай бересің. Жан ұшырып-ақ келем, темір емес, болат емес, адамның аты адам ғой, кейде тынысым тарылып, алқынып қалам. Сол кезде жарылған бомбалардың орнына пайда болған апандарға жатып,бір кішкене ғана дем аламын. Қайтадан жайшылықта болмайтын тездікпен алға қарай жүгіре беремін, жүгіре беремін. Бомба я снаряд қазған апандар мұндайда өте қауіпсіз. Өйткені жау бір атқылаған жерін екінші рет атқыламайды. Сондықтан біз кейінгі кездерде де өте-мөте шаршап жүрген шағымызда осын-

дай бомба қазған апандарда тыныгуды әдетке айналдырдық.

Бүгін, бірақ осындай апандарды сағалап, бұлтара қашып жүргенімде, жаудың шабуылға шығып келе жатқан бағытына қарай ауытқып кетіппін. Жап-жақын жерде неміс солдаттарының текеше бақылдаған даусы шығады. Бұл менің жаудың сөздерін бірінші естігенім.

Зәрем кетті. Енді не істеу керек? Абыржыған күйі бұғып, бұрыла жүгіріп едім, бір үлкен бомба қазып кеткен кең апанға кез келдім. Кідірместен апанның түбіне жата қалдым.

Мойнымды сәл бұрып, жан-жағыма қарасам, апанның түбінде басымен жер сүзе, бүк түсіп, біздің бір солдат жатыр.

— Сен кімсің? — дедім қасына келіп.

Солдатта үн де, қимыл да жоқ. Иығынан тартып едім, бүлк етпейді. Үңіле қарасам, кеудесінен аққан қанның балшыққа араласып ұйып қалғанын байқадым.

Бұл менің бірінші көрген өлігім. Денем түршігіп кетті. Бойымды әлде қандай үрей биледі. «Бұл не сұмдық, бұның жазығы не?» дегендей болдым өзім. «Ұрыс үстінде қазаға душар болғандардың қалтасын ақтарып, құжаттарын, үйінің адресін алыңдар, кейіннен үйіне хабарлауға керек болады» — дейтін бізге бастықтарымыз. Соны еске алып, өлген солдаттың қалтасынан керекті қағаздардың бәрін алдым. Жердегі үйіліп жатқан көп топырақпен бетін жаптым. Қолымдағы кішкентай күрегіммен тездетіп жаптым. Бұдан басқа не істеймін мен оған? Өзім тапсырма орындауға асығып келе жатқан адаммын, маған тым байқалуға болмайды ғой.

Енді өз жайымды ойлай бастадым. Қай жерде отырмын, қалай жүруім керек: апаннан басымды қылтитып, жан-жаққа көз тастап едім, оң жағымда жаудың екі солдаты көлденеңдеп кетіп барады екен.

Қаным қайнап кетті. Тым болмаса мына жігіттің кегі қайтсын деп, біреуін көздеп мылтықты басып кеп қалдым. Ол қалбаң етіп, ұшып түсті. Екіншісі бұға қашып, бой тасалап үлгерді. Карабинімді соның бұққан жағына қарай меңзей, аңдып жатырмын. Дір-дір, қалш-қалш етемін. Бірінші рет оқтан өлген адамды көрдім, бірінші атып адам өлтірдім. Мүмкін, қалшылдау-

ым осыдан шығар. Әйтеуір, қорыққаннан да емес, үрейден де емес. Бұл кек қалшылы, намыс безгегі.

Бір уақытта әлгі бұққан жау аздап басын көтерді. Өліп жатқан серігіне бірдене деп дауыстады. «Басы да, денесі де көтеріліңкіресін» деп мен жатырмын. Ол орнынан тұрып, өліп қалған серігін, тірі екен деп ойлаған болу керек, жұлқылай бастады. Осы кезде оны да, ескіше айтқанда, «көк жебеден көздеп тартып», ол дүниеге аттандырып жібердім.

Сөйтіп, мен аз уақыттың ішінде екі адамды атып өлтірдім. Елде жүргенде адам өлтіру түгіл, мал бауыздаған адам емеспін. Тіпті көлдің жабайы құстары мен орманның қоянына да тимейтінмін. Балапандары немесе көжектері бар шығар деп аяйтынмын. Ал мына екеуін жайратқанда, аяушылық сезімі мені титтей де толғантпады.

Фашистер қолдарына қару алып, біздің гүлге оранған даламызға сұғанақтана басып кірді. Жазықсыз халықты қырғынға ұшыратты. Халқымыздың ғасырлар бойы жинаған мұрасын бұлар қазір тонап, өздеріне керексізін отқа жағып жатыр. Мұндай обырларға, қанқұмар опасыздарға қандай мейірім болуға тиісті? Сондықтан әлгі екеуін өлтіргеніме жиіркенудің орнына мен жігерлене түстім.

Барар жөнімді анықтап алып, бомба қазған апаннан шығарымда өліп жатқан солдатқа қарап: «Қош, бауырым, сенің кегің үшін екеуін жайраттым. Қолымнан келгені осы ғана болды»— дедім ішімнен...

Жүгерінің мен келе жатқан шеткі жағы тым бнік, тым қою, қалың ормандай екен. Енді қорықпай, үрікпей, еркін жүгірдім. Лейтенант Василий Степанович Скубак та бізден хабар ала алмай, күйіп-пісіп жүр екен. Шешектен қалған бұжыры бар ақ сары өңі сұстанып кетіпті. Өзі, асылы, саспай сөйлейтін, қимылы өте баяу, байсалды адам болатын. Барлық ішіндегі әбігер мен алпарыстарын ол қазір де сол сабырлылығына жеңгізіп тұр. Мен әкелген қағазды да жайшылықтағыдай жайланып оқып шықты. Содан кейін:

— Ал, қырандар, зеңбіректеріне барыңдар! — деп, ол Ткаченконың қағазда жазған координаты бойынша жауды атқылауға бұйрық берді.

— Жолдас, лейтенант, менің кете беруіме ұлықсат етіңіз? — дедім мен.

— Сен ешқайда да бармайсың, жолдас Қизатов.

Маған керегің бар. Қазір, — деді лейтенант, кейінгі жақты қолымен нұсқап көрсетіп, — анау жердегі блиндаждардың біріне жатып тыныққ. Неге керек екеніңді кейін айтам.

Үстін бірнеше қабат етіп бөренемен мықтап жапқан блиндажға келіп жаттым. Гүрс-гүрс атылған зеңбірек даусы жердің астында жатқан маған да естіліп тұр. Зеңбіректер гүрс еткен сайын жоғарғы жақтан менің үстіме балшық құйылады, бүкіл осы төңірек дүмпіп, жер сілкініп жатқан сияқты. «Бұл тек біздің зеңбіректердің оқ атқан гүрсілінің ғана әсері, ал солардан атылған снарядтар барып түсіп жатқан жердегі фашистердің халі қандай екен. Мүмкін, қазір соғыстың дәмі олардың аузына ащылау болып тиіп жатқан шығар. Көрсін, білсін сұмдар кімге қол көтергенін. Іздегені осы болса, алсын сыбағасын...» деген сияқты шытырман ойдың шырмауында жатып, ұйықтап қалыппын...

Ертеңіне, тәңертеңгі астан кейінгі бос уақытты пайдаланып үйге хат жазып тастамақшы болып, дайындала бергенімде Бондарев дейтін бір солдат ентелей басып жетіп келді.

— Екеумізді лейтенант шақырып жатыр, таста бәрін де жүр тез! — деді.

Қағаз, қарындашымды жинай салып, блиндаждан шықтым.

Василий Степанович сәлемдескеннен кейін бізбен қалжың араластыра сөйлесті.

— Келіңдер, жігіттер, үйдегілердің торықпауы үшін бір рет шылым тартып жіберейік, — деп, лейтенант бізге папиросын ұсынды.

Темекесін тарта отырып, қабағын түксите сәл ойланып қалды. Содан соң бізге жауынгерлік міндет тапсырды.

— Біздің әскери бөлімшелер шабуылға шығады, ал біздің батареямыз 492-ші полктың екінші батальонының төртінші және бесінші роталарын қолдауы керек. Ол үшін бұл роталарда біздің адамдарымыздың болуы қажет. Екеуің бесінші ротаға барасың. Шабуыл қарсаңында ротаның барар бағытына барлау жасап, жаудың күшті бекіністерін тауып, телефон арқылы батареяға хабарлап отырасыңдар, — деді командир. Содан кейін бесінші ротаға қалай барудың жолын көрсетіп, лейтенант бізді жолға шығарды. «Жолдарың болсын!» деп жақсы тілек білдірді.

Армия екі адам болса, соның біреуі бастық болатын дәстүр бар. Василий Степанович бастық етіп мені тағайындады.

Сергей Бондарев менен бес жас үлкен, толық сары жігіт еді. Біздің батареяға соғыс басталған соң келген. Телефоншы болып істейді. Өзі тұйықтау, армия қатарына жаңа келгендігі бірден белгілі. Командирлер де оны жақсы біле қойған жоқ ты. Мені бастық етіп тағайындағаны да содан болу керек.

Жауынгер жолдасы
В. С. Скубак.

Біз келген ротаның командирі Пенчук дейтін лейтенант екен. Мен сол кісіні тез тауып алдым да артиллерист екенімізді баяндадым. Осы ротаның қарауына келгенімізді, қандай қызмет атқаратынымызды кәдімгі әскери тәртіп бойынша айтып шықтым.

— Телефон аппаратын қайда орнатуды бұйырасыз?— деп сұрадым.

Лейтенант мені аса елемегендей, селсоқ тыңдады. «Зеңбіректерің қандай? Алысқа ататын ауыр ма, әлде жақыннан ататын жеңіл ме?» деп те сұраған жоқ. Ішімнен: «мынаны ешнәрсе ойлантпайтын да, толғантпайтын да шығар. Өзі соғыста жүргенін сезе ме екен?»— деп ойладым.

Ақыры біз кетпей тұрып алған соң: «Телефондарыңды өздерің бір жерге орнатыңдар»— дей салды. Содан соң бізден шұғыл бұрылды да, ар жағында тұрған біреулерге сағат алтыда шабуылға шығатынын айтып, мақтанып жатты.

— Мына бір командирдің түрі нашар екен, Жәлел. Нағыз ашық ауыз ғой өзі, — деді Бондарев, былай шыға бергенде.

— Неге олай дейсің?

— Е, біздің қайдан келгенімізді, қай полктан екенімізді сұрамай ма? Өзі сеңсоққан балықтай меңзеңсоққан. Осының не ұйқысы қанбаған, не үрейі ұшып, қорқып тұр.

— Өзіміз сияқты жас көрінеді ғой. Тәжірибесі аз шығар, оның үстіне қан майданда рота басқару онай ма. Шамамыз келгенше көмектесейік, — деп жолдасымның лейтенант туралы жаман пікірге келгендігін жуып-шәйіп жатырмын.

Түнімен өз жағдайларымызды реттедік. Телефонды құрып, батарея командирімен хабарластық. Василий Степанович: «Не істесендер де рота командирімен ақылдасып, соның ырқынан шықпаңдар. Бұйрықтарды барынша тез және дәл орындауға тырысыңдар!» — деп ақылын айтты.

Таңғы сағат бес. Шабуылға шығуға бір сағат қалды. Ротаның ілгері жүруіне бөгет болатын жаудың жойқын күшін алдын ала жайратып, ыдыратып тастап, шабуылшыларға жол ашу біздің батарея зеңбіректерінің міндеті. Міне, Бондарев екеуміз сол зеңбіректерге жаудың жасырын позициясын ашып беріп отыру міндетіне кірістік.

Дүрбімен қарап отырып, бір пулемет ұясы — дзотты көрдім. Бондарев бір минометтің самауыр оттығы сияқты ғана болып окоптан шығып тұрған тұмсығын байқап қалыпты. Қазір рота шабуылға шыққанда бұл екеуі де қарсылық көрсететін өте қауіпті күш. Сондықтан рота командирі Пенчукке келіп, жаудың дзоты мен минометін жойып жіберудің қажеттігін, оны батареяға хабарлауымыз керек екендігін айттым.

— Шыдай тұр. Қазір артиллерия дайындығы болады. Жаудың алғы шебі жаппай атқыланады. Сендердің батареяларың содан соң атар!— деді лейтенант.

Оның бұл мінезі маған ұнаған жоқ. Бірақ, амал қанша, солдат қашан да солдат. Командирді тыңдау керек.

Кешікпей артиллерия дайындығы басталды. Зеңбірек оқтары жаудың шебіне, көбіне тыл жағын ала түсіп жатты. Артиллерия жау жатқан жақты жарты сағаттай атқылаған соң біздің жауынгерлер шабуылға шықты. Окоптарынан ырғып шығып, «уралап!» ілгері қарай жүгіре жөнелісті. Бірақ, шабуыл сәтті шыққан жоқ. Біздің жаяу әскерлер бар пәрменімен жүгіріп, қаптап жау шебіне төніп барған кезде, фашистер айқыш-ұйқыш атылған пулемет оғымен жусатып салды.

Минометтермен де ұрды. Біздің жақ бұл шабуылдан бір тиын да пайда тапқан жоқ, керісінше, көп шығынға батты, бірсыпыра адамдарын ажал аузына өз қолымен апарып берді де, қалғаны жер бауырлап, еңбектей қашып, бұрынғы орындарына шегінуге мәжбүр болды.

— Жаудың пулемет ұялары мен минометтерін неге атқыламайсыңдар? — деп, көзі қанталап кеткен Пенчук маған ақыра бастады.

— Қазір атады, зеңбіректерге хабар бердік, — дедім мен.

— Мен саған көрсетем «қазір атқанды», — деді Пенчук, тепсініп.

— Сіз маған айқайламаңыз, жолдас лейтенант. Жаудың пулемет ұялары мен минометтерін атайық дегенде, сіз ұлықсат етпедіңіз ғой. Біраз адамды бостан-босқа өлтіріп алып, енді маған айқайлайсыз!

— Тоқтат, сөзінді, әйтпесе... — деп Пенчук қолын беліндегі пистолеттің қабына апарды. Осы бір кезде:

— Жолдас лейтенант, сен кімді атпақсың? Артиллеристі ме? Ол өзіміздің адам. Немене, жау аз боп тұр ма, атқыш болсаң, соларды ат! — деген бір сабырлы дауыс саңқ ете қалды. Байқасам, Пенчуктің арғы жағында, жырақананың ішінде бір денелі адам сөйлеп тұр екен. Оның жеңінің үстіндегі қызыл жұлдызы бірден көзіме шалынды. Одан соң жағасына қарап едім, екі шпалы бар екен. Комиссар екенін танидым да, қалшиып тұрып қалдым.

— Артиллерист дұрыс айтып тұр. Жаудың бізге оқ ататын ұяларын шабуылдың алдында-ақ зеңбіректен оқ жаудырып, талқандау керек еді ғой. Барлаушының айтқанына құлақ аспадың? Әлде фашистерді аядың ба? Ал ол сені аяған жоқ, әне, жусатып салды. Қаншама адамды өз қолыңмен ажалдың аузына апарып берген жоқсың ба?— Комиссар сәл кідіріп, сөзін тағы да жалғай түсті.— Есіңде болсын, лейтенант жолдас, соқырдың шофер, саңыраудың музыкант бола алмайтыны сияқты, менменсінген, әрі долы, әрі ешнәрсені алыстан болжай алмайтын, өр көкірек, қуыс кеуде командир бола алмайды! Комиссардың дауысы ызғарлы, зілді естілді.

Пенчуктің үні өшті. Сұп-сұр болып, жан-жағына жалтақтап, біресе маған, біресе Бондаревқа, біресе комиссарға қарай берді. Бірақ ешқайсымыздың жүзіміздеи жылылық таба алмады. Ал, менің, шынын айтсам, жап-жаңа ғана қанша совет азаматының бостан

боска қыршынынан киылғанын есіме түсіріп, Пенчукке деген жиіркенішім барған сайын үдей түсті.

Комиссар да ересен сезімтал, өткір ойлы адам екен. Менің де ойлап тұрғанымды білгендей, түсі сұрланып, Отанға деген, совет жауынгерлеріне деген барлық махаббатын бір бойына жиып, Пенчукке төне бастады. Көздерінен жалын шашып, тістерін қайрап:

— Иә, қымбатты, лейтенант, қалай ойлайсың, сенің бүгінгі басшылығың, бүгінгі шабуылың кімді мұратқа жеткізді: бізді ме, фашистерді ме? Әлде, сенің ойынша, біздің жауынгерлер ел-жұрты жоқ, жай өншейін балшықтан жасай салынған жансыз қуыршақ па?

— Жоқ, мен олай деп ойламаймын, жолдас комиссар, кешіріңіз?

— Ойламайсың, бірақ адам тағдырымен ойнайсың, совет жауынгерлерін тегіс жазыққа шығарып қойып, тасада тығылып отырған жаудың пулеметтері мен автоматтарының аузына қарай айдайсың. Өз барлаушыларымыздың тамаша нақтылықпен, дәлме-дәл етіп баяндаған тапқырлығын табанға тастап, олардың сағын сындырып, жігерін құм қыласың, сөйтіп, бүкіл Совет Армиясының алдында опасыздық жасайсың, солай ма? — деді. Комиссардың әрбір сөзі Пенчуктің төбесіне түсіп, жарылып жатқан бомбадан кем болған жоқ.

Мына комиссардың қаһарланып, ашудың шегіне шыққанына риза бола отырып, дәл осы сәтте үлкен бір сұмдық басталып кетпесе игі еді деген де ойға қалдым. Өйткені комиссардың оң қолы әр секунд сайын беліндегі пистолетіне жақындай берді. Пенчукке қадалған көздері, ешбір қыпылық қақпай, кірпіктері қатар тізіп қойған жебедей, қимылсыз қатып қалыпты.

Сапардың жарты ғаламды жаулап алған жаһангерлердің өз қол астындағы қылмыс жасаған жауынгерлеріне мейлінше мейірімсіз екендігі туралы айтқандарын талай тыңдағам. «Біреуді жазалар алдында Шыңғысханның екі көзі сол адамға найзадай қадалып, кірпіктері қозғалмай, тұрып қалады екен», — дейтін ол. «Комиссардың Отанға деген махаббаты енді нажағайға айналып, мынау бір добал сорлының үстіне жай түсірмесе игі еді?» — деп ойлаймын.

Дәл осы бір заматта біздің төбемізден зу-зу етіп ысқырып өтіп жатқан зеңбірек оқтары кең дүниені күңірентіп жібергендей болды. Біздің зеңбіректер, батареялар іске кірісті!

— Жолдас комиссар! — дедім айқайлап, — біздің батареялар жау әлегін аспаннан келтіріп жатыр. Жаңағы опат болған бауырларымыздың қанын қанмен жууда! — деп, астан-кестен болып жатқан жау шебін көрсеттім.

Комиссар да дүрбі арқылы жаудың блиндаждарының, дзоттарының, басқа да оқ ұяларының талқандалып жатқанын өз көзімен көрді.

— Міне, шабуылды бағана осылай бастау керек еді! — деді ол лейтенантқа, сәл жұмсап.

Лейтенант жынынан айырылып қалған бақсыдай, дел-сал болып, не айтарын да, не істерін де білмей, мелшиіп қатып қалыпты.

Комиссардың жаңағы мені жақтап сөйлеген сөздері жігер берді ме, әлде өз батареямның жау төбесіне «өлім күйін» ойнағаны мені тебірентті ме, білмеймін, әйтеуір, бойымды кек кернеп, бүкіл жүйе тамырымды қан тасқыны билеп кетті. Жан-жағыма қарасам, иректелген ұзыннан-ұзын терең жырақананың іші толған Пенчук ротасының солдаттары бастарын қылқитып, мылтықтарын безеп, жаудың топалаң болып жатқан жағына қарап үңіліп, бұйрық күтіп отыр екен. Бондаревқа: «Телефоныннан кетпе!» — деп бұйрықты бере салдым да:

— Отан үшін! Алға! Ура! — деп, окоптан атып шықтым да алға қарай тұра жүгірдім. Бір сәттен соң артыма қарасам, бүкіл рота түгелдей ышқына жүгіріп келеді екен. Бәрінің аузында «Ура!», «ура!» деген бір ғана сөз.

Жаудың окоптарына келіп түсіп жатырмыз. Қисық-қисық жырақананың бір бұрышынан бір неміс офицері бізге пистолеттен оқ атып тұр. Гранатамен жайратайын деп едім, оң жағымда келе жатқан бір сержант оған автоматтан оқ жаудырды. Офицер жырақананың ішіне бұғып жоқ болды. Сержант екеуміз жүгіріп келсек, ол обер-лейтенант екен. Иығынан оқ тиіпті. Соның қанын тоқтату әрекетін жасап жатыр. Жанымдағы сержант өжет те шапшаң жігіт екен. Көзді ашып-жұмғанша обер-лейтенанттың үстіне қона түсті де пистолетін жұлып алды. Содан соң екі қолын артына қайырып, офицердің өз планшетінің бауымен байлап тастады.

— Бұл жата тұрсын, кейін бір тауып алармыз. Ал кеттік, — деді сержант.

Жаудың алдыңғы қорғаныс шебі түгелдей біздің

қолға көшті. Шабуылдағы барлық бөлімдердің жауынгерлері шегіне қашқан жауды өкшелей қуып, ілгері тартты.

Бұл мезетте өзімнің барлаушылық парызым есіме түсіп: «Осы жау окопында аялдауым керек» деген ұйғарымға келдім. Өйткені қазір телефонымен Бондарев те келіп қалуға тиіс. Содан соң батареямен сөйлесіп, барлық мән-жайды түгелдей баяндауға тиістімін, өзгерген жағдайға байланысты жаңа тапсырмалар алуым керек.

Сондықтан, мен майдан шебіндегі жағдайды түсініп алған соң, сержантты ертіп обер-лейтенантқа қайта келдім. Одан кейбір ақбарлар алам ба деген ойым бар. Аздап неміс тілін де білуші едім. Обер-лейтенантқа сұрақ қойдым. Ол еңгезердей неме, бетіме бажырайып менсінбей қарады да:

— Азият, тағы! Мен саған жауап бермеймін! — деп баж ете түсті.

Тағының қандай болатынын көрсетейін деп бір ойладым да қайта басылдым.

— Сен Гитлердің бізге жіберген елшісі емессің, тұтқынсың. Сондықтан сұраққа жауап беруің керек! — дедім.

— Сен солдатсың, менімен сөйлесуге қақың жоқ, — деп тағы қайсарланды.

— Мынадай да ақымақ офицер болады екен-ау, — деп орысша, немісше араластыра сөйлеп, күліп тұрғанымда, рота командирі Пенчук те келіп қалды.

— Мына қасқырды кім ұстады? — деді ол обер-лейтенантты көріп. Одан кейін көзі маған түсіп, өзінің сұрағына жауап күтпестен менімен сөйлесіп кетті.

— Сен артиллерист, манағы бір түсінбеушілігім үшін кешір. Ал саған және батареяларыңа көп рахмет! — деп, қуана иығымнан қақты.

— Оқасы жоқ, лейтенант жолдас, ондай-ондай болады ғой. Ал енді сіздің ротада өжет адамдар бар көрінеді. Мына фашистті сіздің сержантыңыз ұстады, — деп, қасымда тұрған зор денелі сержантты көрсеттім.

Содан соң Пенчукті көріп қуанғандай болдым. Біз шабуылға шығып кеткенде, манағы қаһарлы да әділ комиссар мұны мерт етіп жіберді ме деп қауіптенген де едім.

Әңгімемізді қайтадан тұтқынға қарай ауысты.

— Не айтады бұл? — деді лейтенант.

— Жауап бергісі келмейді, тегінде мұнымен соғыс тілінде сөйлесу керек шығар! — деп карабинімді оқтай бастап едім, обер-лейтенант көзі шарасынан шығып:

— Мен не сұрасаңдар да жауап берейін, тек атпаңыздар? — деді, жыламсырап.

Бұл Рудольф Штольц деген обер-лейтенант екен. Гамбургте туып өсіпті. Жасынан гитлерлік армияда болған қаныпезердің өзі. Одесса маңайындағы бізге қарсы соғысушылар, негізінен, румындар екенін біз шамалы білетінбіз. Фашистер румындықтарға сенбей оларға неміс офицерлерінен бақылау қояды екен. Бұл да сондайлардан көрінеді.

— Бұл майданда румынның бесінші корпусының он бірінші полкы соғысып жатыр. Румындар өте қорқақ, соғысқысы келмейді, моральдық жағынан тұрақсыз, азғын, нағыз иттер. Алдымен, Антонескудың өзі оңбаған. Ол әскерін басқара алмайтын, оларды қатал тәртіппен ұстай да білмейтін ақымақ. Фюрердің сенімін ақтай алмайды! — деп, Штольц румындарды жамандап, лаға берді.

— Қой, жігіттер, мұның мылжыңын тыңдап тұруға уақыт жоқ, — деді Пенчук сержантқа қарап. — Сен мұны полктың штабына апар! — деп бұйырды.

Олар кетісімен мен Бондарев кездесер ме екен деп, жыраңананы аралап кеттім. Ана жерде де, мына жерде де өліп жатқан румын солдаттары. Жаудың тастап кеткен қару-жарақ, минометтер мен пулеметтер, автоматтар тым көп. Көптеген оқ ұяларын біздің снаряттар талқандап кетіпті.

Бондарев жау тастап кеткен сап-сау бір пулеметтің қасына телефонын орнатып, батареяны шақырып жатыр екен. Кешікпей Василий Степановичпен сөйлесіп, тұрған жерімізді, жалпы жағдайды баяндадық. Ол бізге бесінші ротамен байланысты үзбеңдер деп тапсырды.

Сол күні біздің әскерлер осы майдан шебінде жауды он шақырымдай шегіндірді. Жау қалың орманның ішіндегі бекіністеріне орнықты. Оларға жарты шақырым жақындап келіп біз де бекініс жасадық. Қас қарая Бондарев екеуміз де осында келіп, дөңгестеу жерден окоп қазып алдық та жаудың жаңа бекінісіндегі оқ ұяларын аңдуға кірістік.

...Бақылау пунктінен шығып, жүгіре басып келе жатырмын. Соғыста асықпауға болмайды. Зеңбіректер

взводтарының позициясына жақындап келсем, жер бетін өрт басып кеткендей. Төңіректің бәрі де қап-қара түтін. Жау снарядтары қарша жауып, гүрс-гүрс жарылып жатыр. Мен позицияға тура барарымды да, бармасымды да білмей, аңқиып тұрып қалдым. Алдым — ажал, ал жауынгерлік міндетті орындау, бұйрықты іске асыру — дәл осы арада ажалдан да күшті сияқты. Өкпемді қолыма алып, не болса да тәуекелге бел байлап, зеңбіректер позициясына қарай бар пәрменіммен тұра жүгірдім. Ең шеткі окопқа секіріп түстім. Окопта отырған бірінші зеңбіректің жауынгерлері сержант Александров, көздеуші Шевченко, снаряд тасушы башқұрт жігіті Салықов арқаларын окоптың қабырғасына тіреп, бастарын салбыратып, терең ойдағы адамдардай мелшиіп отыр екен. Олармен амандасып:

— Сендерді қашаннан бері аткылап жатыр? — деп сұрадым.

Бірінші зеңбіректің командирі, орталық Россияның Калинин облысында туып өскен, менімен жан қияр дос, талай қиыншылық уақытта бір-бірімізге көмектескен сержант Александров мен окопқа секіріп түскенде, қолымды қатты қысып:

— Жәлел, құтты болсын, комиссар болып тағайындалуыңа қатты қуаныштымын! — деді.

Біз әңгімеге енді ғана кірісе бастағанда, жау снарядтары зеңбіректерінің позициясына дәл түсіп, гүрс-гүрс жарылғанына қарамай, кіші лейтенант Дорошенконың:

— Зеңбіректерді оқтандар! Қашықтығы — 80, бюссель — 120! Әрбір зеңбіректен төрт снарядтан атыңдар! — деген даусы қатты шықты.

Дорошенко біздің батареяның ең ер жүрек батыр офицері еді. Ол «Атыңдар!» — деген бұйрық беріп жатыр. Мен окоптан шыға келдім. Осындай бір қиыншылық жағдайда өзімнің комиссар болып тағайындалғанымды солдаттардың алдында көрсеткім келді. Жүгіріп, окоптан шығып тұрған Дорошенконың жанына жетіп келдім. Ажалға қарсы шабу оңай ма, солдаттар мен сержанттар жарылып жатқан жау снарядтарынан жасқанып, өздерінің окоптарынан шықпай жатыр.

— Партияның атынан бұйырамын! Тез шығыңдар! Атыңдар! Біздің алдыңғы шептегі жолдастармызды жау қоршауға алатын түрі бар!— дедім.

Жауынгерлер окоптарынан тез шығып, бұйрықты орындауға кірісті.

Телефоншы Евстафеев Скубактың ана жақтан берген бұйрығын қайталап:

— Дәл тиді. Тағы да тездетіп, көбірек атыңдар! — деді.

Жер де, көк те жарылған снаряд пен атылған зеңбіректердің дауысынан күңіреніп кеткендей болды. Айғайлап бұйрық беріп тұрған Дорошенко құлап түсті. Дәл шекесінен тиген снаряд басын қақ жарып, екіге бөліп кетіпті. Мен жүгіріп барып:

— Жолдас кіші лейтенант! Жолдас кіші лейтенант!— деп, сасқалақтап жұлқылап жатырмын.

Басына көзім түсіп кетті, бет-аузы мылжа-мылжа, ауыз бен көзден немесе құлақтан ешбір белгі жоқ. Аққан қан күллі денесін жуып кетіпті. Өлгенін білдім де:

— Қош бол, ер жүрек қымбатты досым! — деп орнымнан тұрдым.

Тезірек бір шешімге келу керек. Тез кетпесек, бізді әбден көріп тұрған жау үлкен қауіп тудыратын сияқты. Айғайлап:

— Қымбатты жолдастар, кіші лейтенант Дорошенко жолдас ерлікпен опат болды. Зеңбіректердің командирлігін де, комиссарлығын да мен өз қолыма алдым. Тез аттарды жегіңдер! Позицияны өзгертеміз! Фашистер бізді көріп тұр! Тез! Тез! — деп бұйрық бердім.

Дорошенконың денесін бір зеңбіректің үстіне салып, қасымыздағы алыс емес орманның ішіне қарай тездетіп, зыта жөнелдік.

Жаңа позицияға орналасқан соң солдаттар терең етіп окоптар қаза бастады. Мен телефон арқылы лейтенант Скубакпен байланысып, болған жағдайды, Дорошенконың өлгенін хабарладым. Жаңа позицияның координатын айттым. Скубак Дорошенконың мерт болғанын естіп, әуелі үндемей қалды. Сәл кідіріп:

— Мен қазір барамын. Сендерден алыс емес Дальник селосына Дорошенконы жерлеуге әзірлеңдер. «Біз кеттік. Кіші лейтенантты жерлейміз!» — деп, қасыма Александров пен Салықовты және Шевченко мен кіші лейтенант Луновты ертіп, қолымызға бір-бір күрек алып, Дальникке келдік.

Бір шеткі көшенің күн шығыс жағындағы топ теректің түбінен қабыр қазып, Дорошенконы солдаттың су жібермейтін жамлығышына орап: «Қош бол енді, аяулы жолдасымыз, ер жүрек командиріміз, украин хал-

қының батыр ұлы!» — деп жерледік, басына тақтай орнатып, аты-жөнін жазып, автоматтардан салют бердік.

Кіші лейтенант Дорошенко Отан соғысынан бұрын біздің төртінші батареяның старшинасы болып, өзінің жауынгерлік міндетін атқарған, өте тәртіпті, істеген жұмысына тыңғылықты, күні-түні дамыл көрмей, солдаттарды жаңа да жақсы тігілген киімдермен қамтамасыз етіп отыратын еді. Басқа батареяларға қарағанда, біздің ішетін тамақтарымыз да әрі мол, әрі дәмді болатын. Әсіресе, аз ұлт аталатын қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, башқұрт, татар балаларына оның жасаған қамқорлығы айта қаларлықтай еді. Бізге істеген оның жақсылығының шегі жоқ, оны біз ешқашан да ұмытпай есімізде мәңгі сақтаймыз.

Біз батареяға жеттік. Скубақ та келіп қалған екен.

Мен лейтенантқа Дорошенконы қайтпас сапарға жөнелткенімізді, арулап қойғанымызды хабарладым.

— Рахмет! Ердің кегін жаудан алармыз. Өзі бұйрық беріп:

— Тез дайындалыңдар! Кеттік! — деді.

ҚЫРЫМДАҒЫ ОҚИҒАЛАР

Біздің дивизияның жауынгерлері жағдайдың қолайсыз болғандығына қарамастан, румын-немістің қарулы күшімен бетпе-бет кездесе отырып, аяусыз соққы берді.

Біз, Конененко дейтін солдат екеуміз, Новороссийскіде тұрған кезде бір күні атқорада жұмыс істеп жүр едік, полковник кіріп келді. Біз ол кісіні әскер тәртібімен қарсы алдық. Сәлден соң ол маған қарады да:

— Қазақсың ба? — деді.

— Қазақпын, жолдас полковник! — дедім мен.

— Азамат соғысы кезінде Қазақстанда болғаным бар. Өте меймандос, қулық-сұмдықты білмейтін, ақжарқын, аққөңіл халық, — деді ол.

Содан соң үйіне атқа мініп, салт барғысы келетінін баяндады. Мен тезірек екі атты ерттеп жібердім де, біреуінің шылбырын оның қолына ұстаттым, екіншісіне өзім қарғып міндім. Екеуміз жүріп кеттік.

Полковниктің пәтеріне келдік. Екі қабат үйдің жанына тоқтадық.

— Жас жігіт, — деді полковник, — аттарды байла да біздің үйге жүр, шай ішіп кет, қазақ шайшыл бо-

лады. Шайды да, басқа тағамды да өте дәмді дайындайды. Талай қазақтың үйінде қонақ болғанмын!

Мен ұялып, үйіне кіргім келмей:

— Рахмет, жолдас полковник, тағы бірде кірермін,— деп едім, ол маған күле қарап:

— Рахметінді сый-сыйпатымызды көргеннен соң айтарсың, қазағым, жүр! Ұялма, мен өзім де әскери қызметті солдаттықтан бастағам!— деді.

— Үйіне кірдік. Елена Петровна деген әйелі әдемі де ақжарқын кісі екен, мені сыйлы қонақтай күтіп, құрметтеп жіберді!— дедім Скубакқа.

Ол қайран қалды.

— Өзің күшті екенсің ғой, жолдас Қизатов. Мынауың мен үшін үлкен жаңалық,— деді лейтенант.

Жауынгер жолдасы, Кеңес Одағының Батыры Д. А. Гридин.

Осыдан соң лейтенант екеуміз басқа әңгімеге көштік.

Одессадан кетер алдында полковник Қирсанов жиналыс ашып, Гитлердің қыс түскенше Москваны басып алатын жоспары бар екенін баяндап берді,— деді Скубак.— Соған дейін оңтүстікті де жайпамақ ойы бар. Қырымды да қылғытып, содан соң Бакудың мол мұнайынан танктері мен самолеттерін суармақшы. Жалпы, жағдай ауыр. Бірақ партиямыз бен үкіметіміз де қол қусырып отырған жоқ. Сталин жолдастың басшылығымен еліміздің барлық күші соғыс құралдарын күшейтуге жұмсалып жатыр. Челябіде танкілер топ-тобымен шығарылса, сенің Қазақстанында қару-жарақ, оқдәрі, снарядтар жасалып, майдан даласына жеткізіле бастады. Қанды шайқаста жүрген достарымыздың бәрі де енді киім мен тамақты да, ең алдымен, Қазақстан мен Орта Азиядан, Кавказдан алып отыратын болады. Кеше әлгі бір «Катюша» деген құралды көрдің ғой. Ол — жойқын күш. 1942—1943 жылдары сол «Катюша-

ларың»» да, самолет пен танкілерің де жеткілікті болады. Сол кезде біз фашистерді әкесіне таныстырамыз.

Осыдан соң Скубак бізде адам күшінің жеткілікті екенін, олардың моральдық жағдайының өте басымдығын біраз сөйлеп кетті. Немістердің көп кешікпей-ақ Москва түбінде соққы жеуі мүмкін деген пікірін алдыма ашып салды. Осының бәрін жауынгерлерге жеткізу менің парызым екендігін ескертті.

Келесі күні біздің кеме Симферополь қаласына келіп тоқтады. Бұл 1941 жылдың 17-інші октябрі еді.

Симферополь Одесса сияқты көп қирамапты. Теңіз жағасындағы стволдарына адам сыйып кететін үлкен зеңбіректерін көргенде, төбеміз бір көкке тигендей болды.

Мұнда біз ұзақ аялдамадық. Түгелдей поезға отырдық та Перекопке қарай жүріп кеттік. Қажып-талып жүрген жауынгерлерді тәтті ұйқы құшағына алды.

Бір уақытта тарсыл-гүрсіл, у-шу дауыстан оянып кеттік. Атып тұрдық. Поез тоқтап қалды. Вагондардан секіріп түстік те алдымызда тұрған қалың орманға қарай атылдық. Немістің самолеттері тек бомбалап қана қоймай, біздің жаяу әскерлерді қуып жүріп, пулеметпен де атқылай бастады. Вагондар лаулап жанып жатыр. «Мені тастамандар, алып кетіңдер!» — деп жылаған ауыр жаралы солдаттардың дауысы сайсүйегінді сырқыратады.

— Мылтықпен жаудың самолеттерін атыңдар! — деген кейбір командирлердің дауысы анда-санда ғана бір шығады. Сәл уақыттан кейін біздің бөлімшенің командирі сержант Михаил Макаров:

— Жәлел, көрдің бе, әне жаудың тағы бір топ самолеті ұшып келе жатыр. Олар ең алдымен вагондарды талқандайды да, кейін орманға ойысады. Сол кезде жанды қоярға жер таба алмайтын боламыз. Мұндайда орманнан да егістік даласы қауіпсіз. Жүр, кеттік, анау егістік даласына, тез! — деді.

Қопалы қамыстай болып қаулап өскен егістік даласына да жетіп, тығылып үлгердік. Макаровтың айтқанындай, әлгі самолеттер алдымен вагондарды талқандады да, сәлден кейін орманды ұрғылай бастады. Жарылған бомбалардың дауысынан бүкіл аспанның асты күңіреніп, жердің беті жеті басты диюлардың ойнағына айналып кеткен сияқты болды. Бір уақытта: «Фашис-

тің самолеттерін мылтықпен атқыландар!» — деген дауыс шықты. Атқылай бастадық. Кімнің оғы тигені белгісіз, бір самолеттің түтіні бұрқ ете қалды. Алты-жеті солдат самолет құлаған жаққа жүгіре жөнелді.

Біздің дивизионның адамдары тәртіппен сапқа тұрды да командирдің соңына еріп, алдыңғы шепке бет алды.

Біз келген поез бағана Военко деген станцияның маңына тоқтаған екен. Жаяулар да, аттылар да Военконы жанай өтіп, Қырымның мидай жазық даласына қарай шұбыра жөнелді. Менің жанымда Шалбаш, Климов, Ткаченко, Савченко сияқты жолдастарым бар.

Таң атты. Алға қарай жүріп келеміз. Қайда бара жатқанымызды өзіміз де білмейміз. Бір уақытта алдымыздан, көз жетпейтін алыстан зеңбіректердің гүрсілдеген дауысы естілді. Жанымызда келе жатқан солдаттардың біразы:

— Біздің командирлер тапа-тал түсте қайда апара жатыр, ажалдың аузына тыға салайық деп келе ме, мұнысы несі? — деді. Оларға сержант Макаров:

— Тоқтат сөздеріңді. Немене, командирлер сендер ғұрлы жөн білмейді деп ойлайсыңдар ма? Олар өзіне өзі қастық істемейді. Мүмкін, алдымызда біздің адамдар қоршауда қалып қойған шығар, соларға жәрдемге бара жатқан шығармыз! — деді.

Военкодан көп ұзамай-ақ бір дөңестеу жерге жеткенде, лейтенант Скубак:

— Зеңбіректерді ойпаңдау жерге орналастырыңдар! — деп, взводтың командирі кіші лейтенант Дмитрий Гридинге тапсырма берді.

Менің бақылау пунктім де — осы белес. Төңірек түгелдей көрініп тұр. Біздің орналасқан жеріміз де өте қолайлы болып шықты. Кіші лейтенант Ткаченко:

— Барлаушылар, Климов пен Қизатов, таяудағы бөлімшелердің командирлерімен жедел байланыс жасайтын боласыңдар. Олардың хал-жағдайларын түгелдей біліп отыру, 234-полктың 2-батальонының штабымен тілдесу, маған да нақтылы деректерді жедел хабарлап отыру — сендердің міндеттерің. Ал, қазір мен сендермен ілгері қарай бірге кетемін! — деді.

Біз жаяу әскерлердің штабын іздеуге бет алдық. Жарылып жатқан бомбалар мен снарядтардың және минометтердің дауысы барған сайын көбейе берді. Жүгіріп келе жатыр едік, алдымыздан 100 метрдей жер-

де зеңбіректің оғы гүрс ете түсті. Жер сілкініп кеткендей болды. Кіші лейтенант Ткаченко жер бауырлап жата қалды. Бізге ол «неге қалтиып тұрсыңдар?» дегендей ишарат білдірді. Жасырынудың, тығылудың, қашудың барлық әдістеріне үйреніп қалған біздер жерге сылқ ете түстік. Ткаченко бұрынғы әдеті бойынша, ернінде насыбай бар адамдай, жерге шырт-шырт түкіре берді. Мен оған жер бауырлап жақын келдім де:

— Жолдас кіші лейтенант, біздің қазақта «насыбай» деген болады. Ол — күлге араластырып, аздап су қосып үккен темекі. Соны кейбір қазақ астыңғы ерніне салады да одан, өздерінің айтуына қарағанда, шылымнан алған ләззаттан да артық ләззат алады. Сіз неге сөйтіп ерніңізге насыбай салмайсыз, бәрібір шырт-шырт түкіре бересіз ғой! — деп қалжыңдадым.

— Мынауың қызық дүние көрінеді. Оны келешекте ойластыру керек екен! — деп, Ткаченко күле беріп еді, алдыңғы жағымыздан бізге қарай ұшып келе жатқан снарядтың дауысы естілді. Құтды атылып келе жатқан оқ жыланның ысқырығындай. Зәре жаман кетті. «Енді аттанатын шығармыз ол дүниеге» деп ойладым да ана екеуі сияқты жер бауырлап жүгірдім. Бірақ көзді ашып-жұмғанша ысқырық үстімізден өтіп, 100 метрдей артымызға барып түсті.

— Мәс-саған насыбай! — деді, Ткаченко қарқылдап күліп.

— Шынында да, мынау сұмдар бізді насыбайдай етіп үге жаздады-ау, ә! Ал, жігіттер, тез қашайық, жүріңдер, немістер біздің алды-артымызды жарылғыштармен қамап, жайратпақшы.

Жүгіре жөнелдік. Бағанағы бірінші снаряд бір жерді терең апан етіп қазып кеткен екен, соған келіп күп бердік.

Артиллеристер атқан снарядтарының біріншісін жаудың алдынан, екіншісін артынан түсіреді. Болмаса, керісінше, біріншісін артынан, екіншісін алдынан түсіреді. Артиллериядағы осындай әдісті «вилка» деп атайды. Біз осы «вилкада» қалдық, сондықтан бомба қазып кеткен апанға келіп тығылдық. Бұл ара қауіпсіз. Бағана: «Өстіп жаудың оғының астында, ашық далада соғыса ма екен?» деген Климов тағы да сол ойын бастап кетті.

— Біздің бағанағы комбат, құдай біледі, әлі окобын да қазып болған жоқ. Фрицтер қазір соларды атып

жатыр. Енді батырлар қайда жасырынар екен? — деп күлді де кіші лейтенантқа қарады.

Мен бір уақытта телескопті қолыма алып, алдыңғы шепке қарай көз жіберіп едім, жаудың танктері қатар түзеп, жөңкіліп келе жатыр. Арт жағына қарасам, алыстан кіп-кішкентай болып көрінген жаяу фрицтер қара құрттай қаптап, жер қайыстырып келеді.

— Жолдас, кіші лейтенант, көрдіңіз бе, жау қаптап келеді. Танктердің арт жағында келе жатқан автоматшылар тіпті көп! Біздің алдынғы шеп неге қарсылық көрсетпейді? — дедім мен.

— Тоқта, «Алдыңғы шеп!», «Алдыңғы шеп!» дей бересің. Меніңше, алдыңғы шеп жау соққысына шыдай алмай, бет-бетімен қашып кеткенге ұқсайды. Перекоптан өткеннен кейін-ақ әскерлер тырым-тырақай қашудан басқа ешнәрсені білмейді деп естігенбіз. Сендер білмейсіңдер, жігіттер, жауға шегіне соққы беріп келе жатқан — осы оңтүстіктегі біздің дивизиялар. Мына Кременчуктен, Киевтен төмен қарайғы майдандарда неміс тоқтаусыз жорытуда! — деді Ткаченко.

Біз «енді не істейміз» деп, сасқалақтай бастап едік, бір уақытта сол жағымыздағы батареялар жаудың бүйірін көздеп оқ жаудырды.

— Жүріңдер, біз тапсырманы орындауымыз керек, екінші батальонның командирімен байланысуымыз қажет.

Жаяу әскердің қорғаныс құрған шебіне қарай жүгіре жөнелдік. Шамалап айтқанда, бір жарым шақырымдай жан ұшырып, ышқына жүгірдік. Шылымды көптеп тартып жүрген, өзі отыздан асып кеткен Ткаченко тіпті тез алқынып қалды.

Батальонның бақылау пунктін тауып алдық. Командиріне өзіміздің кім екендігімізді баяндадық.

— Жақсы, — деді ол, — карталарыңды көрсет! Содан соң біздің картаны алды да:

— Мынау кішкене дөңгелек — осы тұрған жеріміз. Біздің батальонның міндеті — анау қаптап келе жатқан фашистерді әбден жақын жіберіп алып, бүкіл қаруқұралдарымыздан оқ жаудыру. Содан соң тік көтеріліп қарсы шабуылға шығамыз. Сендер қазір батареяларына жедел хабарлап, жау танктерін өлтіре соққылауларың керек. Одан арғысын біздің батальон өзі реттеп береді. Телефон арқылы батареяларыңмен де, бізбен де үзбей байланыс жасаңдар.

— Дұрыс! — деді кіші лейтенант Ткаченко. — Біз, Климов екеуміз, осында қаламыз. Сен, Қизатов, комбаттың жаңағы біздің алдымызға жайып салған жоспарын, қойған талабын түгелдей қазір Скубакқа жеткіз!

— Құп! — дедім де, манағы келген жолмен жүгіре жөнелдім. Сол сол-ақ екен, ашық далаға шыққан мені жау атқылай бастады. Зеңбіректер мен миномет-тердің снарядтары бір артымнан, бір алдымнан түсіп жатыр. Жалтара қашып, ойпаңнан ойпаңға карай ышқына құлдырап, кейбір шұқырлау жерге құлай кетіп, дегенмен жүгіру жылдамдығымды бір де бәсеңдетпей, қанатсыз ұшып келемін. Бұйрықты орындауым керек. Кешіксем, жаңағы батальонның тағдырын жау қолына беріп кетуші мен болмаймын ба? Мыңдаған жас қыршынның қанына ортақ болмаймын ба? Ақыры, терлептепшіп батареяға жеттім. Келсем, Скубак та бәрін дүрбімен көріп, жауды атқылауға дайындалып жатыр екен.

Ересен шапшаңдықпен батальон жайын хабарладым.

— Қизатов, мына Хоменко екеуің батальон мен батарея арасында телефон байланысын жасаңдар. 76 миллиметрлік екі зеңбірек анау төбенің шығыс жақ тасасына қойылсын. Фашистердің темір тонды диюларынан қорқып, үрейленудің енді жөні жоқ. Батыл кіріссек, талқанын шығарамыз! — деді Скубак.

— Ал, жөнеліңдер, — деді ол тағы. — Жаудың оғына ұшып қалмаңдар, ойлы жерден орғи жүгіріп, қырлы жерден қырғи жүгіріп, бір еңбектеп, бір жер бауырлап байланыс сымын тез тартыңдар. Жолдарың болсын! Сапарларың сәтті болсын!

Бір қолымда автомат, екінші қолымда — сым ораған барабан. Хоменконың қолында екі барабан сым. Ентелей басып, біраз жан-жағымызға қарап алдық та, тұра жүгірдік. Бір кезде жолдасымның «Ой!» деген дауысы шықты. Жалт қарасам, Хоменко құлап жатыр.

— Хоменко, Хоменко! Саған не болды! — деп жұлқылай бастадым.

— Басым! Басым! — деді.

Басынан темір телпегін шешіп алдым. Снаряд ұшқыны темір телпектің желке жағын майыстырып жіберген екен. Басын сипаласам, қан жоқ.

— Тұр! Тұр, Хоменко! Басыңды ұшқын қатты соққан, бірақ басың аман! Тез, тұр кетейік! — дедім.

Қолтығынан көтеріп тұрғыздым. Ол да өзінің тірі екендігіне көзі жеткен соң, менің соңыма еріп тұра жүгірді.

Жүгіріп келе жатып мен ауыр ойға қалдым. Өстіп, батальондар мен батареялардың арасына сым тартып жүргенде бір күні боқ басында өліп қаламыз ғой. Бұл онша әдемі өлім емес. Шіркін, жаумен қанды шайқастың үстінде немесе жекпе-жекте найзаласып өлгенге не жетсін! Онда көптің көзінше өлесің, біреу болмаса, біреу көріп, кейінгіге айтады. «Қайтсын, өжет-ақ еді. Қапылыста оққа ұшты» — дейді.

Ақыры, өліп-тіріліп өзімізге де жеттік-ау, әйтеуір.

Ткаченко аман-сау оралғанымызға қатты қуанды. Телефон байланысын орнатқанымызды естігенде тіпті төбесі көкке тигендей болды. Ол арқама қағып:

— Міне, нағыз азамат жігіт! Бұған бәріміздің атымыздан үлкен алғыс айтуымыз керек. Мен де қуанып:

— Көп рахмет, жолдас кіші лейтенант! — деп қоям.

Кіші лейтенант Ткаченко комбатпен телефон арқылы сөйлесе бастады. Батарея командиріне ол:

— Қазір шабуылға шығамыз. Ол үшін сендер, ең алдымен, танктерді қиратып, жаудың жаяу әскерлерін зеңбірек бытырасымен жайратуларың керек. Осыны біз сендерден қатты өтінеміз! Телефоннан бізге батарея командирінің: «Жарайды, жарайды, қазір кірісеміз!» деген сөздері де естіліп тұр.

Майдан даласына қарап отырмыз. Жаудың бір жеңіл танкісіне снаряд тиіп еді, ол жанбай, снаряд табанына тисе керек, тек зыр айналып тұрып алды. Ал екінші біреуі жалыны лаулап жана бастады.

Капитанның қуанышында шек жоқ. Біресе келе жатқан жауға, біресе күліп бізге қарайды.

— Керемет! Керемет! Біздің артиллеристер тамаша ғой, оқты босқа далаға атпайды! — деді ол қуанып.

Немістердің танктері мен жаяу солдаттары келе жатқан қып-қызыл өрт пен көкпеңбек түтінге айналды да кетті. Дәл осы бір мезетте капитан қолына пистолетін алды да:

— Ура! Ура! Алға! — деп жүгіре жөнелді.

Біз, Хоменко екеуміз де телефонымызды белімізге қыстырып сымды тартып, шабуылға шыққан жаяу әскердің соңынан жүгірдік. Қызыл әскерлер жүгірген күйі автоматтары мен карабиндерінен оқ боратып келеді.

Менің де делебем қозып кетті білем, автоматымнан оқ боратып, «уралай» жөнеліп едім, кіші лейтенант:

— Тоқта! Біздің байланысымыз үзіліп қалды! Сым қысқа, сен осы жағдайды лейтенант Скубакқа тез жеткіз! — деді.

Мен бұрын сан шабуылға қатысқаныммен, жаумен дәл бүгінгідей өте жап-жақын бетпе-бет кездесуді көрген жоқ едім. «Осы жолы бұлармен жеке-жеке найзаласатын шығармыз, соған қатысайыншы» деген оймен:

— Жолдас кіші лейтенант! Климов әлі бір де барған жоқ. Сол барсын. Мен сіздерге қосылып, жаумен найзаласуға араласайын!— дедім.

Ткаченконың өңі бұзылып кетті. Ол маған екі көзін қадап:

— Сен немене, осындай арпалыс сағатында бұйрықты бұрмаламақшымысың! Бар! Жөнел тез! — деп ақырды.

— Құп, жолдас кіші лейтенант! — деп батареяның бақылау пунктіне қарай жүгіре жөнелдім.

Осы бір кезде, жүгіріп келе жатып, аспанға қарасам, жаудың самолеттері қаптап кетіпті. Олар бомбаларын тезірек тастап-тастап жіберді де, өз жайларына тайып тұрды. Бірақ біздің үстімізден біраз әлекет ойнатып кетті. Мен бір бомба қазған апанға жата қалдам, бомбалардың гүрсілінен құлағым бітіп қалды. Аспаннын өзіміз жақ астына қараймын — бізден бір самолет те жоқ, жау самолетін атқылайтын зениткадан тағы жұрдаймыз, танктерді айтатын болсақ, оларды соңғы күндері мүлдем көре алмай қойдық.

Демек, жау мен біздің күш пара-пар емес. Жауды алып аждаһаға теңесек, біз қазір кішкентай ғана кесірткеге ұқсаспыз.

Жау самолеттерінің бірнеше легі бомбалап, бомбалап өткеннен соң, бомбалары таусылса керек, өздеріне қарай, саспай бұрылып кете барды.

Шұқырдан шығып жан-жағыма қарадым. Бөлек-бөлек болып жатқан адамның аяқ-қолдары, бастары адамның жанын түршіктіреді екен. Ыңырсыған жаралылар, шалқасынан немесе етпетінен сұлап жатқан өліктер. Осы бір кең далада менен басқа тірі жан жоқ сияқты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген қазақ мақалы есіме түсті. Бірақ апамның: «Ақырзаман болғанда, бүкіл жер бетінде бірнеше кісі ғана қалады. Олар бір-бірін алыстан көріп қалса, бір-біріне

Менің де делебем қозып кетті білем, автоматымнан оқ боратып, «уралай» жөнеліп едім, кіші лейтенант:

— Тоқта! Біздің байланысымыз үзіліп қалды! Сым қысқа, сен осы жағдайды лейтенант Скубакқа тез жеткіз! — деді.

Мен бұрын сан шабуылға қатысқаныммен, жаумен дәл бүгінгідей өте жап-жақын бетпе-бет кездесуді көрген жоқ едім. «Осы жолы бұлармен жеке-жеке найзаласатын шығармыз, соған қатысайыншы» деген оймен:

— Жолдас кіші лейтенант! Климов әлі бір де барған жоқ. Сол барсын. Мен сіздерге қосылып, жаумен найзаласуға араласайын!— дедім.

Ткаченконың өңі бұзылып кетті. Ол маған екі көзін қадап:

— Сен немене, осындай арпалыс сағатында бұйрықты бұрмаламақшымысың! Бар! Жөнел тез! — деп ақырды.

— Құп, жолдас кіші лейтенант! — деп батареяның бақылау пунктіне қарай жүгіре жөнелдім.

Осы бір кезде, жүгіріп келе жатып, аспанға қарасам, жаудың самолеттері қаптап кетіпті. Олар бомбаларын тезірек тастап-тастап жіберді де, өз жайларына тайып тұрды. Бірақ біздің үстімізден біраз әлекет ойнатып кетті. Мен бір бомба қазған апанға жата қалдам, бомбалардың гүрсілінен құлағым бітіп қалды. Аспаннын өзіміз жақ астына қараймын — бізден бір самолет те жоқ, жау самолетін атқылайтын зениткадан тағы жұрдаймыз, танктерді айтатын болсақ, оларды соңғы күндері мүлдем көре алмай қойдық.

Демек, жау мен біздің күш пара-пар емес. Жауды алып аждаһаға теңесек, біз қазір кішкентай ғана кесірткеге ұқсаспыз.

Жау самолеттерінің бірнеше легі бомбалап, бомбалап өткеннен соң, бомбалары таусылса керек, өздеріне қарай, саспай бұрылып кете барды.

Шұқырдан шығып жан-жағыма қарадым. Бөлек-бөлек болып жатқан адамның аяқ-қолдары, бастары адамның жанын түршіктіреді екен. Ыңырсыған жаралылар, шалқасынан немесе етпетінен сұлап жатқан өліктер. Осы бір кең далада менен басқа тірі жан жоқ сияқты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген қазақ мақалы есіме түсті. Бірақ апамның: «Ақырзаман болғанда, бүкіл жер бетінде бірнеше кісі ғана қалады. Олар бір-бірін алыстан көріп қалса, бір-біріне

жылап көріседі» деп айтатын ертектері есіме түсті. «Сол «ақырзаман» дегені осы ма екен?» — деп те ойладым. Бақылау пунктіне келіп едім ешбір адам жоқ, тіршіліктің белгісі білінбейді. «Бәрі қырылып қалған шығар» деп ойлап, окоптарды аралай бастадым. Онда да не тірі, не өлі адамды кездестіре алмадым. Енді тура өзіміздің екі зеңбіректің тұрған жеріне ұмтылдым. Зеңбіректі сүйрейтін атқа мінетін Саидов дейтін тәжік жігіті сұлап жатыр. Бір аяғын снаряд жұлып кетіпті. Зеңбіректердің де қайда кеткені белгісіз. Тым болмаса жаралы біреу бар шығар деген оймен:

— Тірілерің бар ма? — деп айқайладым.

— Мында кел! — деген бір дауыс шықты. Қуанып кеттім. Окоптан қылтиып шығып тұрған Скубактың басын көрдім. Олардың үлкен етіп қазылған **окопына** секіріп түссем, Скубак, Шалбаш, Бондарев, Макаров төртеуі ұяда қалып қойған балапандай, ұйысып, үнтүнсіз отыр екен.

— Сендерге не болған? Тірі адамға ұқсассыңдар, бірақ неге үндемейсіңдер? Не болып қалды? Зеңбіректерің қайда? — деп сұрақты жаудыра бастадым. Макаров «тірі адамға ұқсассыңдар» дегеніме мырс етіп күліп жіберді.

Сабырлы лейтенант:

— Тоқтай тұр. Әне, бомба тастағыштар тағы ұшып келеді, — деп жау жақ аспанды көрсетті.

Қарасам, жаңбыр болардың алдындағы қара қарғалар сияқты жау самолеттері ұшып келеді екен. Қаныш қайнап кетті.

— Біздің ұшқыштар қайда? Түгелдей қырылған ба? Сорлы жаяу әскерлер-ай, жасырынатын да жері жоқ, енді түгел қырылатын болдық-ау! — дедім.

Шалбаш етегімнен тартып:

— Отыр, көріп қалады!— деді. Мен оған, ашуланып:

— Тоқтат сөзіңді, біздің жанымыз немене, анау жаяу достарымыздан артық па? — деп, алдыңғы шепті көрсеттім. Скубак маған берген жауабы ретінде:

— Қизатов, біздің әскерлер шегініп, бұрынғы позициясындағы жаңағы сен келген жердегі окоптарына тығылған. Мынау құзғындар басқа бір жерді бомбалауға бара жатқан болу керек! — деді.

— Дұрыс, жолдас командир! Қалай болғанда да біз жаяу әскерлерге жедел жәрдем беруіміз керек. Зеңбі-

ректеріміз қайда? Осы отырысымызға жөн болсын? Мені мұнда кіші лейтенант жіберді. Олармен де байланысу қажет! — дедім.

— Дұрыс, — деді Скубак, — мына «құзғындар» кетсін. Қазір тұратын болсақ, көріп қалуы ықтимал.

Шалбаш маған ала көзімен қарап, мені кекете сөйлей бастады.

Бірақ, кейінірек, жау да тек жатпады, біздің зеңбіректерді атқылауын үдете түсті. Сондықтан біздің батареяларға позицияны өзгертуге тура келді. Аздап шығын да бар. Бір ат, екі адам өлді.

Мен бір күрсініп алдым.

— Жаяу әскер шегініп келеді, жолдас лейтенант, көрдіңіз бе? Ал оң жағымызда әне бір тобы тағы қашып барады! — дедім.

Самолеттер кеткесін бәріміз де басымызды көтердік.

— Өлген жігіттерді осы өзіміз отырған терең окоптарға жақсылап жерлеңдер. Өздерінің брезент жамылғыштарымен жақсылап орандар! — деді лейтенант.

Біздің үстімізге алқына жүгіріп, кіші лейтенант Ткаченко мен Климов та келіп қалды.

Шегінуге бұйрық берілді. Біріміздің артымыздан біріміз арамызды тым жақындатпай жүгіре жөнелдік. Өкпемізді қолымызға алып, зытып келеміз. Мен арт жағыма алақтап қарай беремін. Оң жағыма қарасам, бізден бір шама жерде қашып келе жатқан қызыл әскерлер тобын немістің танктері қуып жүріп басып өлтіріп жүр екен. Жан түршігіп кетті. Осы бір сәтте:

— Мүлдем шаршадым алқынып қалдым, әрі қарай жүгіруге шамам жоқ! — деді біреу.

Жалт бұрылып қарасам, Савченко телефон сымын ораған екі барабанды әзер көтеріп келеді екен. Дереу барабанның бірін өзім арқалап алдым, екіншісін Климов алды. Савченко әжептәуір жеңілдеп қалды. Бізден қалмай ол да еркін жүгіріп келеді.

Бағытымыз — Военко. Жан-жағымызға қарап едік, бағанағыдай жау танктері мен аспан құзғындарын көре алмадық. Содан сәл баяулау жүріп, тыныға бастадық. Бас-аяғы екі-үш сағаттан кейін Военконың шетіне келіп тірелдік. Мүлдем шаршаған екенбіз, бір дөңестеу жерге келіп отыра қалдық. Әңгімелестік, алда не істеу керектігін болжамдадық. Зеңбіректер взводының қайда екенін білу, дивизионның жаяу әскерімен байланыс жасау қажеттігін сөз еттік.

— Жолдас кіші лейтенант, — деді Скубак Ткаченкоға қарап. — Климов екеуің Мирсонды, оның адамдарының тоқтаған жерін тауып келіндер. Жалпы, қандай бұйрық болады, алда не істеуге тиістіміз — осының бәрін сендер тез біліп, бізге жеткізіндер. Содан соң ол Макаровқа бұрылды да:

— Макаров, сен Қизатов екеуің зеңбіректер взводын тез тауып алындар да, анау темір жолды өрлей өскен ағаштың ішіне орналасындар! — деді.

Мен бинокльмен жан-жақты шолып тұрғанмын. Жаңағы айтылған ағаш орманның шетіне барып біздің батарея орналасып жатыр екен. Қатты қуанып кеттім де:

— Василий Степанович, әне, батарея дәл сіз айтқан ағаштың ішіне орналасып жатыр! — деп айқайлап жібердім.

Скубак та қарап жіберіп:

— Ия, солар, солар! Жігітсің, Қизатов! Кең жазықта өскен, өткір көзді қазақсың-ау! — деді, балаша қуанып.

Менімен көп қалжыңдасатын Шалбаш осы арада лейтенантқа бұрылды да:

— Жолдас лейтенант, сіз Қизатовты көп мақтайсыз. Бұл өзі алаңғасарлау, батырсымақтанып жүріп, осы бір күні оққа ұшып жүрмесін! — деді әрбір сөзін күлкіге айналдырып.

Біз, Бондарев екеуміз, телефон сымдарымызды арқалап тұра жөнелдік. Мақсатымыз — зеңбіректермен байланыс жасау. Кетер алдында бұрылып Шалбашқа қарадым да, оған көзімді қысып күліп:

— Ал, Шалбаш «командир», хош-сау болыңыз. Біз болсақ, тапсырма орындауға барамыз. Сен енді окопыңды өте тереңдеу етіп қаз да ұйқыға кіріс. Окоптан басыңды шығарып қойып жүрме, немістің оғы тиіп кетіп масқара боларсың! — дедім.

Скубак та, басқа жігіттер де ду күлісті.

— Шіркін, жастық шақ-ай, бұлар нағыз арсыз ажалдың аузында жүрсе де қалжыңдарын ұмытпайды! — деді бізден жасы үлкен Савченко.

Біз бір шақырымдай жерде тұрған зеңбіректерімізге жетіп келдік. Олар окоптарын қазып болып, тамақтарын дайындап жатыр екен. Кіші лейтенант Дмитрий Гридин бізді жылы жүзбен қарсы алды.

— Аман-саумыз. Сіздермен байланыс жасау үшін келдік. Лейтенант Скубактың бұйрығын орындап жүрміз! — дедім.

— Қарындарыңыз ашқан жоқ па! Біз тамақ пісіріп жатырмыз. Бірге ішеміз. Отырыңдар, дем алыңдар! — деді тағы кіші лейтенант жайдарланып. Біз ризашылық білдірдік.

Дмитрий Алексеевич Гридин сол кезде отыздан жаңа ғана асқан сақа жігіт болатын. Біз оның жанында өзімізді тіпті жас жігіттерге балайтынбыз. Соны сезгендігінен бе, әйтеуір, кіші лейтенант әрдайым ақылын айтып, ғибрат берерліктей парасатты сөздерін айтудан жалықпайтын. Бәрімізді де дос-татулыққа, өжеттікке баулитын. Оның үстіне Гридин негізгі қызметін өтегеннен соң, осы армия қатарында старшина болып қалып қойған, әскери өмірге әбден шыныққан ер азамат еді. Ол взвод командирі Дорошенко майдан даласында ерлікпен қаза тапқаннан соң, соның орнына командир етіліп тағайындалған.

Біз Гридин отырған кең окопқа телефон орнатуға кірдік. Кірсек, ішінде батареяның саяси жетекшісі Уманский отыр екен. Бұл кісі де бізбен бірге соғыстың ең бірінші күнінен қатысып, талай ерліктер көрсеткен. Ұлты еврей, әскерден бұрын ағарту саласында қызмет істеген, өте білімді, оның үстіне білгенін жұртқа үйрете алатын, өзі мейлінше, ақ жарқын да ақ көңіл адам. Бізді көре салып, хал-жайымызды түгелдей сұрап алды. Содан соң старшинаға айғайлап:

— Жігіттерге тамақ әкеліңдер! Әлгі құтыларында манағы «жынды судан» аздап қалғаны жоқ па? Бәріңе ұзақ ғұмыр тілеп, бір-екі рет соғыстырып жіберейік! — деді.

Старшина да, сол маңдағы окоптарда отырған басқа жолдастар да көңілденіп кетті. Бәріміз М. Уманский мен Гридиннің кең окопына жиналып, тамақ жеп, аздап арақ ішіп, көңілді әңгімелер айтып, мәре-сәре болып қалдық.

Осындай көңілді отырыстан кейін Уманский менің қолыма немістің тастаған листовкасын ұстата берді де:

— Қизатов, сен мынау листовканы жаңа өзіңмен бірге келген Бондаревқа оқып бер. Біз бәріміз оқыған-быз! — деді.

Оқып жіберсем, фашистер листовкасында қызыл әс-

керлерге өздерінің жалған уағыздарын біраз айтып келіпті де, ең ақырында:

«Бей жида, политрука,
Рожа просит кирпича!»

деген екі жол өлеңмен бітіріпті.

Мен оқып болысымен отырғандар:

— Фашистер де пәле! — деп бір күлісіп алды.

Мен тура М. Уманскийге қарадым да:

— Жолдас кіші политрук, мынау иттер өздерінің листовкасын тура сізге арнапты ғой! — дедім.

— Қизатов, — деді политрук те қарқылдап күліп, — иттер емес олар одан да жаман. Кісі етіне жерік болатын жыртқыштардың бір түрі болады, олар соған жатады. Сен екеуміз әлі бұларға политруктің кім екенін танытамыз. Ол күн таяу, ол күн келеді! — деді.

— Олай болса, — дедім мен, старшинаның қолынан аз етіп құйған соңғы тосты алып жатып, — мен бұл тосты алдағы ұлы жеңіс үшін, Берлинде өтетін біздің жеңіс тойы үшін ішемін!

— Дұрыс-ақ, осы отырғандардың бәрі де сол тойға түгел қатысатын болайық! — деді қалған жолдастар бір кісідей.

Осыдан соң Бондарев екеуміз өзімізге оралдық. Скубакка мән-жайды түгел хабарладық. Ол да бізге алда не істеу керек екендігін, көп кешікпей шегінетінімізді, шегінер алдында жауға ешнәрсені де қалдырмай, әсіресе, егін маяларын өртеп кетуді қатты тапсырды.

— Бұл жауапты тапсырманы Қизатов пен солдат Ткаченко орындайды. Ал біз енді кешікпестен Қара теңіз жаққа беттейміз! — деді.

— Құп, — деді Ткаченко қалжыңдай күліп, — біз, Қизатов екеуміз Қара теңізге барғанша, сіздер арғы жағына өтіп кете мен деп қауіптенем, жолдас лейтенант. Өйткені сіз осы соңғы кезде шегіну туралы бұйрықтарды өте жақсы орындап жүрсіз!

— Асықпа! — деді лейтенант, — келешекте шабуылға олар емес, біз шығамыз, біздің көшеде де той жасалады!..

Біз қоштастық та қалып қойдық. Сол маңдағы үйілген маяларды түгелдей жақтық. Военкоға жақындай бергенде немістердің қаланы зеңбірекпен атып жатқанын естідік. Бірақ сәлден соң олар тиылып қалды.

Қалның шетіне келіп кірсек, басқа әскери бөлімшелердің солдаттары да бүкіл азық-түлік, киім-кешек қоймаларын түгелдей өртеп жүр екен. Біз де келіп оларға қосылып кеттік. Бір үлкен астық қоймасындағы таудай болып үйілген тап-таза, қып-қызыл бидайға жігіттер бензинді аямай құйып, өртеуге дайындап жатыр екен. Таза бидайды көріп, менің ішім удай ашып кетті.

Мына жағыма қарасам, біздің Ткаченко да бір бөшке бензинді домалатып әкеле жатыр. Бірнеше солдат бензинді шелектерге құйып, бидайдың үстіне бұрынғыдан да молырақ етіп шаша бастады.

— Ал, шығыңдар, от беремін! — деп айқайлады бір сержант.

Біз қоймадан шыға қаштық. Бір уақытта артымызға қарасақ, әлемнің аяғы аспаннан келіп, қойма жақ сартсұрт жанып жатыр.

Бір бала:

— Тез қашыңдар! Немістер жақындап қалды! — деп айқайлады.

Қаша жөнелдік, бірақ бұл кезде қараңғылық жер бетін қаптап келе жатқан. Сондықтан біреуді біреу біліп болмайды. Тек жаудың ракетасы ғана бірінен соң бірі қара түнді қақ жарып, аспанға көтеріліп жатты.

Байқаймыз, таң атып, күннің көтерілуіне қарай барлық қызыл әскерлер өздерінің бөлімшелерін тауып алып, бір окоп, бір жырақана қазып, қорғану әрекетіне кірісе бастаған көрінеді. Біз де көп ұзамай-ақ өзіміздің адамдарды тауып алдық. Шофермен қоштастық та батареяға келдік. Келсек, Скубак пен кіші лейтенант Ткаченко жаяу әскерлердің командирлерімен сөйлесіп отыр екен. Мен бұйрықтың орындалғанын баяндай келіп:

— Немістің қолында бір тонна да астық қалған жоқ, бәрін жандырып кеттік! — дедім.

— Немістердің алдыңғы шебі қайда екен, білмейсіндер ме? — деп сұрады менен Скубак.

— Дәлме-дәл айта алмаймын, дегенмен, өз болжауымша, олар бүгін Военкоға қонып шыққан болу керек. Өйткені, біз қаладан шыға бергенде қаланың арғы жақ шетінде фриц моторларының дауысы естілген сияқты болған еді,— дедім.

Скубактармен сөйлесіп отырған бейтаныс командирлердің бір-екеуі жарыса сөйлеп:

— Мына кішкентай жігіт тек пысық қана емес, барып тұрған стратег пе қалай? — деп, мені әжуалай күлісті.

Сабырлы да ақылды Скубак, жанындағылардың сөзін жаратпаған кейіпте, мен тұрған жаққа сәл бұрылып:

— Кейбір тәжірибесі мол, білімді солдат анау-мынау сауатсыз офицерден де күшті болады! — деді жымия күліп.

Біраздан кейін Мирсон Скубакқа телефон соқты, онымен ұзақ сөйлесті. Скубак телефонды асығып тастай салды да:

— Немістің бір топ танкісі Жанкойдан шығып, тура біздің 157 дивизияның жатқан шебіне қарай келе жатыр. Танктердің үсті толған кілең СС жендеттері көрінеді! — деп хабарлады.

Біз де еленде й қалдық. Скубак шұғыл іске кірісті.

— Сен, Қизатов, зеңбіректер мен зеңбірекшілерді бақылау пунктінің оң жағындағы дөңнің тасасына орналастыру керек екендігін батареядағыларға хабарла. Олар сол жерден жау танктерін туралап ататын болады. Бұйрықтың орындалғанын телефон арқылы маған дереу жеткіз, білдің бе, — деді, Скубак бұл жолы тездете сөйлеп.

Содан соң взвод командирі Дмитрий Алексеевич Гридинге бұрылып:

— Сен жауынгерлерді тездетіп окоп қазуға жұмылдыр. Окоп көп болсын. Өйткені, мен өзім де, басқару взводының жауынгерлері де сендермен бірге боламыз. Шрапнель мен құрышты тесе алатын снарядтарды жеткенінше дайындандар!— деді.

Гридин өзімізде снарядтың жеткіліксіз екенін, оны тылдан тез жеткізу үшін жедел бұйрық беруін талап етті.

Біз тез тамақтанып алдық та, іске кірісе бастаған Гридин взводына келдік. Келсек, сержант Александров пен атқыш Шевченко окоптарын қазып бітіруге таяу қалыпты. Бірақ басқалары әлі орталамапты да. Осыны көріп, Скубак олардан бұл жұмысты тездету керектігін қатты ескертті.

Сәл уақыт өтісімен бәрі де дайын болды.

Екі көзіміз батыста. Дүрбімен үздіксіз жау жағын шолып отырмыз. Бір уақытта жау танктері мен жаяу әскерлерінің келе жатқаны көзге ілікті. Аспанға қара-

сақ, тоғыз-тоғыздан лектеніп самолеттері де қаптап келеді. Қалжыңбас солдат Ткаченко күліп:

— Әрбір солдат екі танк, бір самолет, он бес фашисті құрту керек! Макаровқа бұрылып: — Ал, сержант сыбағасы екі есе көп болады! — деді.

— Олай болса, жолдас кіші лейтенант Ткаченконың үлесіне бес танк, екі самолет қалдырамыз! Дайындалыңыз, — деді Макаров.

Дұрысында, біздің соғысқа мүлдем еті үйреніп кеткен жігіттер қаншама қалжыңдасқанымен, дәл осы бір майдан даласындағы бізге төніп келе жатқан жаудың күші бізден әлденеше рет басым еді. Сондықтан да әлгі айтылған сөздер өзінің тұп-тура мағынасындағы тап-таза ғана емес, қайғысы мен мұңы аралас ауыр да салмақты қалжыңдар еді.

Фашист ұшқыштары біздің арт жағымызда жатқан бөлімдерді біраз атқылады да, бомбалары таусылған соң кері қайтты. Бірақ оларды іле-сала танктері тұп-тура бізге төнді. Артында жаяулары да ұзын шинельдерінің етектері далақтап, жүгіріп келеді. Дәл осы мезетте лейтенант Скубактың:

— Алыстығы — 400, бұрыш мөлшері — 00, атыңдар фашистерді! — деген бұйрығы саңқылдады.

Бірінші зеңбіректің мерген атқышы Шевченко ең алдында келе жатқан фашист танкісін бірінші атқандаақ дәлдеп ұрғаны сондай, жаудың арсылдаған болат «жолбарысының» жалыны аспанға шығып, лаулап жана бастады. Одан соң жаудың алты танкісі осындай апатқа душар болды. Танктеріне сеніп, еліріп келіп қалған жаяу әскерлерінің біразы да біздің автоматтар мен пулеметтерден орай да борай жауған қорғасын жаңбырдың қәріне кез болды.

Біз де шығынсыз емеспіз. Тура тиген жау снаряды үшінші зеңбіректі аспанға ұшырып жіберді. Паршасы шыққан біздің бір зеңбірекшінің қол-аяғының аспандатып барып 100 метрдей жерден бір-ақ түскенін көрдік.

Жау бір шегініп, бір ұмтылып, бізбен іңірге дейін екілене шайқасты. Біз де техникамыздың аз болуына қарамастан, шегіне қойған жоқпыз.

Қас қарая ұрыс бәсеңдей түсті. «Таза қаннан» жаралған «құдайдың сүйікімді құлдары» қараңғыда соғысып қайтсін, біз де рахаттанып дем алуға кірістік. Бірақ тыныштығымыз көпке созылған жоқ. Командирле-

ріміз Жоғаргы командованиенің «Керчьке дейін шегіну керек!» деген бұйрығын да жариялап үлгерді.

Бұл 1941 жылғы ноябрьдің бесі күні еді. Күні бойы, түні бойы шегініп, келесі күні түс кезінде ертеңгі болар Октябрь революциясының 24 жылдығын тойлауға дайындалудың орнына біз қан кешіп, қырғын шайқастың ішінде жүрдік.

Феодосияны алуымыз өте қызық өтті. Бұл қаланы немістер емін-еркін билеп алғаннан кейін, жайбарақаттыққа салынып, кеңінен көсілгенге ұқсайды. Таяу қалған жаңа жылға қызу дайындалып, Украина мен Қырымнан тонағандарын: арақ пен шарабын, қаз бен үйректің еттерін, жаңғағы мен өрігін, Қырымның қысқы алмасы мен мейізін үстелдің үстіне салып жатқан кезі екен. Франция мен Польшадан таңдап алып, ертіп жүрген жезөкшелері де алды-артын түгелдей ұмытқан офицерлердің қолтығында көрінеді.

Міне, дәл осындай немістің шаттыққа белшесінен батып, бейқам жатқан күндері қызыл әскерлер жаппай шабуылға шығып, Керчьті де, Феодосияны да басып алды.

Немістер есінен адасты. Зәресі кетіп, үрейленген фашист офицерлері: «Бұл не масқара?» — деп қайран қалған солдаттарына: «Бұлар — теңізбен келген Англияның қарулы күші болуы мүмкін» — деп жұбатқан көрінеді.

Совет Армиясы осы шабуылында фашистердің бір жаяу дивизиясын, теңіз жағасын күзетіп тұрған екі артиллерия полкін түгелдей жоқ қылып жіберді. Жаңа жылға арнап үстелдің үстіне жайған тамағы да, шарабы да сол күйінде ішілмей, желінбей қалды. Есінен айырылып қалған фашистер бәрінен де жұрдай болып, тіпті, жезөкше сұлуларын да тастап қашты.

Шынында, біз теңіз арқылы десант болып түскенбіз. Совет Армиясы бас штабының жасаған осы бір операциясы өзінің кереметтігімен кең дүниені дүр сілкінтті.

Фашистерді Феодосиядан қуып шығысымен Старо-Крымск қаласын да жау қолынан азат еттік.

Біз, бір топ барлаушылар, жаралы болып госпитальға кеткен Макаровтың орнына келген Григорий Григорьевич Мазманьян, москвалық Кузьма Вялых үшеуміз Феодосияның көшесінде қыдырып келе жаттық та бір үйге кіріп келдік. Алдыңғы бөлмеде жатқан немістің тік құлақ овчаркасы маған оқша атылды. Мен қолым-

дағы автоматпен итті кеудеден періп кеп жіберіп едім, ол бір айналып кетіп, қайта ұмтылды. Осы кезде итті Мазманьян мылтықпен атып өлтірді.

Үйдің екінші бөлмесіне кірсек, үстелдің үсті арақ пен шараптың бірнеше түрімен, балықтың қара да сары уылдырығымен, неше түрлі құс еттерімен толтырылыпты. Біразы ішіп-желінгенге ұқсайды. Бірақ қалғаны да бізге жететіндей. Араққа теріс қарамайтын Вялыхтың көздері жайнап кетті. Ақылды да ауыр мінезді Мазманьян Вялыхқа: «Арақты қоя тұр!» дегендей болды.

Аспай-саспай, жан-жағымызға алақтап төргі бөлмеге кірдік. Қатар қойылған екі төсағаштың үстінде төсектер опыр-топыр. Қабырғада бір үлкен шкаф тұр. Мазманьян шкафты ашып жіберді де қарқ-қарқ күлді. Ішінде жап-жалаңаш екі адам тұр екен. Біреуі әдемі қыз, екіншісі — неміс.

Мазманьян екеуміз Вялыхты қалдырдық та, басқа бөлмелерді аралап тексеріп шықтық. Басқа ешкім жоқ екен. Вялых әлгі екеуін киіндіріп алдына салып айдап шықты.

Анадайда бір топ қызыл әскер кетіп барады екен, екеуін соларға тапсырдық та, бөлімімізге кетуге дайындалдық. Вялых үйге қайта кіріп кетті де үстелдің үстіндегілерді дорбасына толтыра салып алып шықты. Оның күлімдеген көзіне қарап, Мазманьян:

— Әй, қу-ай, біраз қылғытып алдың-ау, ә,— деді.

Біз бөлімге келсек, жұрт немістің Старо-Крымскиді қайтадан алып қойғанын хабарлады. Осыдан он үш шақырым жерден біз позиция құрдық.

Январьдың бірінен бастап жау самолеттері Феодосияны үздіксіз бомбалауға кірісті. Самолеттері аспанды еркін билеп алды. Бізге азық-түлік, қару-жарақ таситын кемелерді де жүргізбей тастады. Халымыз барған сайын нашарлап кетті. Біріншіден, ішуге тамақ жоқ болса, екіншіден, снаряд пен оқтарымыз да мүлдем азайып қалды. Естуімізше, немістер Украинада тынығып жатқан бірнеше дивизиясын алып келген көрінеді.

Бізге қауіп төнді. Қоршаудан шығатын жол да жабылуға жақын.

Лейтенант Скубак маған бұрылды да:

— Жолдас Қизатов, саған бір тапсырма бергім келіп тұр, қалай қарайсың? — деді.

— Қандай тапсырма болса да орындаймын, жолдас

лейтенант!— дедім, оң қолымды маңдайыма тақап.

Скубак менімен кейде командирлерше сөйлессе, кейде жолдасымша қалжыңдап та сөйлесе беретін:

— Одессадағы соғыс кезінде сенің Аранжирінді Қобыланды батырдың Тайбурылына теңегенің есінде ме? деді.

— Есімде, жолдас лейтенант!

— Олай болса, Аранжирді міп де, желдей есіп, немістің қоршауын бұзып өт. Дивизион командирі Мирсонға мынау мүшкіл халімізді түгел хабарла. Жәрдемдессін! — деді.

Аттарымыз бір шақырымдай жерде тасада тұрған. Қолыма автоматымды алдым да жер бауырлап, зыта жөнелдім. Зу-зу етіп немістің оқтары да үстімнен өтіп жатыр. Бір оқ басыма сарт ете түсті. Бірақ темір телпекті тесіп өте алмады. Сөйтіп жарықтық осы телпегім мені екі рет ажалдан алып қалды.

Өлдім-талдым дегенде аттар тұрған жерге де жеттім. Ерттеулі тұрған Аранжирге қарғып міндім де қамшы бастым. Ойлар мен сайларды қуалап, Аранжир жұлдызша ақты. Жетіп келсем, біздің зеңбіректердің командирлері бұйрық тосып, шыдамсызданып отыр екен. Олар:

— Жаудың автоматшылары осы арадан екі шақырым. Атуға снаряд жоқ, шегінуге бұйрық жоқ, командирлермен сөйлесуге телефон жоқ, не істеу керек? — деді.

— Не істеуге болады! Тезірек майор Мирсонға жетейін, сол бірдеңе айтар! —дедім.

Сөйткенше болған жоқ, жан ұшырып жүгіріп келе жатқан телефоншы Хомуханы көріп қалдық. Ол телефон сымдарын жалғап, екі жақпен де байланыс жасауға мүмкіншілік туғызды.

Майор Мирсон телефон арқылы «Шегініңдер!» — деп бұйрық берді.

Мен Скубактарға қарай қайта жөнелдім. Іші толған тал мен шілігі бар сайды қуалап шауып келе жатыр едім, оң жағымда немістің автоматшылары қайта келеді екен. Аттан түсіп тал түбіне жасырындым да, автоматтан оқты қардай бораттым. Біразы қыршынынан қиылды, қалғандары бұрылып қаша жөнелді. Осы жағдайдың бәрін сезіп отырған болу керек, Скубак та өзінің жігіттерімен ойпаң мен сайларды паналап жүгіріп келеді екен. Олар мені көрді.

Қу тілді солдат Ткаченко маған қарап:

— Әй, Жәлел, бұл арада сен кімді тосып отырсын? — деді.

Менің қаным қайнап кетті де, оны боқтап жібердім:

— Сендерді қоршаудан құтылту үшін қаптап келе жатқан неміс солдаттарын қырып салсам, сенің: «Кімді тосып отырсың?»— деп оттауың қалай?— дедім көзімді қадай сөйлеп.

Скубак мені асыра мақтап, арқамнан қақты.

Бәріміз аттарымызға жүгірдік.

Скубактың астында жүйрік қара биесі «Сильва» бар. Екеуміз шаба жөнелдік.

Феодосияны қақ жарып этіп, Керчьке қарай бірақ тарттық. Біз жүріп келе жатқан тас жолдың оң жағы — Қара теңіз, сол жағы — ашық дала. Сол ашық далаға қарасақ, немістің автоматшылары жолдың үстінде кетіп бара жатқан қызыл әскерлерге оқ жаудырып келеді екен. Жолдың екі жағында да өліп жатқан немесе жаралы болып қалған біздің жауынгерлер, жанып жатқан жүк машиналары.

Жауынгер жолдасы, Кеңес Одағының Батыры В. А. Александров.

Біз Қара теңізге қарай ығыса қаштық. Аттыларымыз пәрмендете шауып, жау көзінен алыстап кеттік. Қаладан он бес шақырым алыстаған соң «жендеттерден құтылдық па, жоқ па?»— деп сәл есімізді жия бастадық. Әркім өздерінің бөлімдерін тауып алып жатыр. Бастықтарымыз Керчьтің даласында алғы шеп құрып, жауды тосатынымызды хабарлады.

Бір кезде комиссар Уманский менің қасыма келіп:

— Жолдас Қизатов, сен коммуниссің ғой, анау тұрған достарыңның бәрі де аш. «Аш адамда ақыл да болмайды» дейді. Сен бір ерлік істе, «тұлпарым» деп жүр-

сің ғой Аранжиріндi екі доңғалақты арбаға жек те ең болмаса нан тауып алып кел!— деді.

Мен:

— Құп болады, жолдас саяси жетекші! — дедім.

— Жүр, Гриша, кеттік, қош болыңдар! — деп жүре бергенімде, Василий Степанович:

— Жолдарың болсын, олжамен оралыңдар! — деді.

Біз Аранжирге жақындап келгенде жануар, мені танып, оқыранып қоя берді. Мойнын құшақтап, маңдайынан сипадым.

Екі доңғалақты арбаға жегілген көк атты доғарып, тиеген жүктерін түсіріп, тездетіп Аранжирді жегіп алдық.

Керчьтің тас көшесімен шауып келеміз. Тас жолға тиген тағалы аттың аяғының астынан от жарқ-жұрқ етеді. Қаланың ішінде құлап жатқан бірнеше қабатты биік үйлер. Жалыны аспанға шығып жанған мектептер, балалар бақшалары, арпалысып бірін-бірі басажанша жүгірген адамдар, оқ тиіп өліп қалған жауынгерлер. Бір көшеден бұрылып екінші көшенің бұрышына жақындағанда, азық-түлік қоймасы деген жазуы бар үлкен сарайға кездестік. Арбадан секіріп түстік. Қойманың бір бұрышына бомба түскен екен, жалыны аспанға шығып жанып жатыр. Күзетші де, қойма меңгерушісі де жоқ. Ешбір адам көрінбейді. Кім бар деп айғайласақ та дыбыс жоқ.

«Не болсаң, ол бол» деп қоймаға кіріп келдік. Іші қап-қара түтін, не бар, не жоғын біліп болмайды. Түк көрінбейді. Соқыр адамдай сипалап жүріп Гриша жерден жеті қоян тапқандай «мында» деп айқайлады. Қойманың бір бұрышында үйіліп жатқан нан көп екен. Екінші бір бөлмесін ашсақ, еттен жасалған консервілер, үшінші бір бөлігінде жәшік-жәшік арақ. Естафеев нан мен консервіге қарамай жәшіктеген арақтарды арта бастады. Мен таңданып қарап қалыппын. Ашуым ұстап кетті:

— Гриша болды, тоқтат! — дедім. — Бізді арақ әкел деп жібергін жоқ. Аш адамға арақ неге керек, сен тойда жүрген жоқсың ғой! — дедім. Гриша қызарандап:

— Жарайды, жарайды,— деді. Екеуміз арбаға нан тиеуге кірістік. 200-ден аса ет консервісін салып алдық. Гриша тағы бірдеме іздегендей тіміскілеп қойма-

ны аралап кетті. Ол келгенше өзім де, Аранжир де нан жеуге кірістік. Сәлден соң Гриша да келді.

Арбаға мініп алып, келген жолымызбен желе шауып жүріп келеміз. Таңертеңгі дивизионның жауынгерлерімен жолыққан жерге жетіп келсек, бір де адам жоқ, тым-тырыс. «Олар портқа кеткен шығар» деген оймен Керчьтің ең үлкен көшесінің бірімен пәрмендете шауып келеміз. Портқа жақындап та қалдық. Енді екінші көшеге бұрыла бергенде «тоқта» деген бұйрықты дауыс саңқ етті. Жалт қарасам, он метрдей жерде әдемі киінген үсті басы тап-таза, парадқа дайындалғандай, етігін де жылтыратып тазартқан ұзын бойлы лейтенант тұр екен. Лейтенанттың серіктері болуы керек автоматты 4-5 солдаттары тағы бар. Мен жүгіріп келіп әскери тәртіппен амандастым.

— Біздің дивизионның жауынгерлерінің тамақтанбағанына екінші тәулік болды, біз оларға азық-түлік алып келе жатырмыз. Зеңбіректеріміз де, жауынгерлеріміз де портта болуға тиіс. Сіз бізге рұқсат етіңіз, жолдастарымызға қосылайық! — дедім. Лейтенант бетіме адырая қарап:

— Қай полктансыңдар? — деді.

Мен:

— 157-атқыштар дивизиясының 422-артиллерия полкының екінші дивизионынанбыз!— дедім. Лейтенант мысқылдай сөйлеп:

— Иә, қаңғыбастарым, бетімен жүргенсіндер ғой, тәртіпсіздердің жағдайы әрқашан да осылай болмақ. Сіздің айтып тұрған 422-артиллерия полкі кемеге отырып, теңіздің арғы жағына жүріп кеткелі жарты сағат болды! — деді. Жүрегім зырқ ете түсті. Лейтенант маған жақындап келіп:

— Сен өзің қызық жігіт екенсің. Портта кеме күтеміз деп қанша адам опат болғанын білемісің? Сендерді тосуға оларда ешқандай жағдай жоқ. Бұйрық деген бұйрық. Қару-жарақтарын, зеңбіректерін тиеп көзді ашып-жұмғанша жүріп кетті. Көрмей тұрсың ба, немістің қара қарғаша қаптаған самолеттері бір жағынан бомбаласа, екінші жағынан зеңбіректердің снарядтарымен қардай боратып жатқан жоқ па? Сендерге айтатын бір-ақ ақыл: осы арадан алыс емес Қамышбурин аталатын шахтаға барыңдар. Сонда Қырымның партизандарына қосыласыңдар, — деді. Мен лейтенантқа қарап:

— Өзіңіз ше? — дедім.

— Онда жұмысың болмасын, — деп ақырып қалды ол.

— Сонда да жолдас лейтенант, сіз командирсіз, біз солдатпыз, көмектеспейсіз бе? — дедім.

Лейтенант тағы да едірейіп:

— Мен генералдың адъютантымын, бізді моторлы жүйрік қайық келіп алып кетеді. Сендерге онда орын жоқ, сыймайсыңдар, — деді.

Қара теңіздің құм жиегінде Аранжир алшаң басып, жүйіткіп келеді. Гриша үлкен пышағын қынынан суырып нан турап, бірнеше консервіні ашты. Құтының мойнына кигізіп қоятын темір стақаншаға өзіне де, маған да толтырып арақ құйып:

— Ал, «шалым», не үшін ішеміз? — деді.

Мен:

— Жеңіс үшін! — деп тартып жібердім.

Григорий:

— Осы жолы жаудан құтылсақ, біз мың жасайтын шығармыз!— деді. Мен Гришаның бетіне қарап, біз де:

— «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деген мәтел бар. Өлім-өлім дейсің, одан да құрметті Отаным, сен үшін өмірімді сақтаймын демейсің бе? Біздің қазақта бұдан екі ғасырдай бұрын Кебек батыр болыпты. Батыр Кебек Еңлік дейтін сұлуға ғашық болған. Қазақтың керемет ақындары сұлу дастандарын осы батырға арналған екен деп Григорийге бір әңгіме бастай беріп едім, ол арақ құйған темір стақаншасын ұстап маған таңдана қарай қалды. Мен одан сайын жолдасымның құмарын тарқатайын деп Еңлік — Кебектің тарихын түгелдей айтып бердім.

Бір ақын,— дедім,— Кебек туралы былай деген екен:

Өлімге ел қамы үшін өзін сайлап,
Тұрмайды соғыс десең, қойсаң байлап.
Жауға батыл, жақынға жанын қиған,
Кішіні іні, үлкенді ататайлап.

Григорий таңданып:

— Керемет ержүрек батыр адам болған екен, ақын да суреттей білген. Мен:

— Гриша, — дедім, — қазақтың Лев Толстойы саналатын Абай Құнанбаев деген үлкен адамы болған. Ха-

лықтың ауызындағы сөздерге қарағанда Абай кезіндегі қазақ қауымына үлгілі сөздер сөйлеп, керемет данышпандығымен оқыған, тыңдағандарды таң қалдырған.

«Еңлік — Кебек» поэмасын жазған — Абайдың ағасының баласы Шәкәрім өте талантты ақын болды. Ол жауыз милициялардың қолынан қаза тапты. Шәкәрім «Еңлік — Кебек» поэмасында сұм заманның тарихын көрсете біліп, екі жастың өмірлік өшпес сүйіспеншілігін суреттеген. Әсіресе, Кебектің отан үшін, ел үшін, ғашық жар үшін жанын қиғанын көп айтқан. Сен Гриша-жан, бір соққы жемей, «өзімді-өзім өлтіремін» — дегенің, өмір өткелдерінен өтпегеннің белгісі. Солай емес пе, жолдас Естафеев, — деп иығына қолымды салдым.

Гриша қарқ-қарқ күліп:

— Мынауың барып тұрған қазақтардың сөзі, «шалым», жарайсың, бір ажалдан құтқардың. Әрқашан да сенің тіліңді, ақылыңды тыңдап, өсиетіңді орындаймын, — деп одан да қатты күлді.

Мен:

— Гриша тоқтай тұр, алғысыңды Қара теңіздің арғы жағына шыққан соң айтарсың! — дедім.

Аранжир божысын да қақтырмай, сар желіске түсіп алған, аяғының астындағы құмды бұрқыратып келеді.

Арбаның алдында божы ұстап отырған мені Григорий бүйірімнен қатты түртіп «көрдің бе?» деп айқайлап жіберді. Мен оған тез бұрылып:

—Мұрныңды бұзайын ба, мас болып отырсың ба, бүйірімді тесіп жібере жаздадың ғой! — дедім. Гриша қолын нұсқап:

— Әне, аяқтарын зорға басып барады! — деді.

Қара теңіз жаққа көз салсам, бізден жүз метрдей жерде қолына үлкен шабадан ұстаған жас әйел, иығына салған бумасы бар кәрі кемпір, олардың соңынан 7-8 жасар бала кетіп барады екен.

Аранжирді тоқтатып, әйелдермен амандасып:

— Жолдарың болсын, қайда кетіп барасыңдар? — дедім. Олар бір жасырын сыр бардай күмілжіп, жауап бермеді. Біз келіншектің қолындағы қазақтың кішігірім абдырасындай чемоданды жұлып алып, кемпірдің де арқалаған бумасын әй-күйге қарамастан арбаға әкеліп салдық. Мен кемпірге қарап:

— Жүктерің тым ауыр екен, мамаша, қайда апар десең де апарайық, менің де сендей алыстағы Қазақ-

станда анам бар, жүрегімді толқысып, тырнап тұрған да сол! — деп кемпірді қолтықтадым. Жас әйел мен бала да біздің соңымызға еріп, арбаға келіп мінді.

Өздері де әбден шаршап келе жатқан болулары керек, үн-түнсіз отыра берді.

— Гриша, — дедім, — мына кісілердің өңдеріне қарағанда аш адамдарға ұқсайды, сыйласаңшы.

Естафеев жауап қатқан жоқ, өзінің шинелін төрт бүктеп төсеп, нан турап, консерві ашып, қонақтарды тамақтандыруға кірісті. Кемпір де, келіншек те рахметті жаудырып жатыр. Жас баланың аты Володя екен. Ол тамақты көргенде, көзі адырайып, бір түйір нанды аузына сала тез-тез шайнай берді. Мен қонышымдағы қасығымды беріп:

— Володя, қақалып қаласың, консервімен қосып же, — дедім.

Артынан сұрап білсек, үйлеріне бомба түсіп, дәмді тамақ түгіл нанға да жарымай қалған бишаралар екен. Мен үлкейткіштен теңіз жаққа қарадым. Құстай ұшып келе жатқан моторлы қайықты көрдім. Беталысы тұптура бізге келе жатқандай. Қара теңізде өзгеріс жоқ. Ақ көбігі бұрқыраған толқынын аспанға атып, қырқаға төрт-бес метрдей лақтырып жатыр.

Қара теңіз, мен сенде талай демалыс күндері жолдастарыммен суға түсіп, ақ көбігіңмен бетімді жуғам. Енді, міне, жау қолында қалып барасың. Жанымдай жақсы көретін теңізім! Сенің толқыныңның теңселген үні де, қазір неге екенін білмеймін, маған жыланның ысқырығындай. Арғы жаққа өтуге амал-айла да таба алмай тұрмын. Бұрынғы еркелеген теңізім, бүгін үңіле қарасам, мені жұтамын деп тұрған аждаһаға ұқсайсың. Сүйіктім, не жаздым саған?

Мен Аранжирдің басын тежеп, моторлы қайықтың келе жатқан жағына тағы да көз салсам, бізге жақындап та қалыпты. Үстінде екі адам. Біздің теңіз жауынгерлері екені киімдерінен-ақ көрініп тұр.

Мен жолдастарыма қарап:

— Көрдіңдер ме, біздің моторлы қайық жүйткіп келеді, — дедім. Жас келіншек сіреу санына ине тығып алғандай, ұшып тұрды. Мен: «Құлап қаласыз, отырыңыз!» — дедім. Әйел:

— Үлкейткішіңізді беріңізші! — деді де, қарап жіберіп:

— Мама! Володя! Біздің Алексей келе жатыр! —

деді, дауысын қатты шығарып. Қәрі ананың көздерінен жасы сорғалап кеті.

— Құдай берді, енді құтылатын болдық! — деді.

Гриша шыдамсызданып:

— Біз де бақытты болдық қой, ала кетерсіздер! — деді.

Кемпір:

— Әрине, жақсылықты жақсылықпен қайтару жөн, бала, — деді.

Мен Аранжирді тоқтатып, доғара бастадым. Басындағы жүгенін сыпырып алдым. Арбаның үстінде нанды үгетіп, Аранжирді жемдеп тұрмын. Аранжирді соғыстан бұрын бір жарым жыл міндім. Соғыс уақытында серігімдей болған. Феодосия үшін шайқаста қалың жаудың ортасынан жаңбырша жауған оқ пен снарядқа қарамай, аман-сау алып шыққан. Өзі жүйрік, өзі сұлу. Мені көрсе-ақ болды, оқыранып қоя беретін.

«Ер қанаты — ат» демей де біздің қазақ. Бұл менің қанатым ғана емес, өлімнен сақтаған жануарым. Мойнынан құшақтап жабысып қалыппын. Көп жыламайтын менің көзімнен жас төгіліп-төгіліп кетті. «Кішкене қайыққа Аранжир сыймайды, теңіз әскерлері өзімді алса да жарар еді» деген жаман ой бойымды алып кетті. Жануар Аранжир білгендей, ұсақталған нанды жеп тұрса да, мойнына жабысып тұрған маған басын оңды-солды бұра береді.

Қайық біздің жанымызға келіп тоқтай қалды. Біз арбадағы заттарымызды қайыққа тиеп, кемпірді отырғызып бола бергенде, лейтенант:

— Сендер сыймайсыңдар-ау, қайық көтере алмай, суға батып кетерміз! — деді.

Мен Аранжирмен әлек болып жүргенде, Гришаның:

— Біз мінбесек, сіздер де жүрмейсіздер! — деген дауысы саңқ ете түсті.

Қарасам, екі беті қып-қызыл болып, көздері қанталап кетіпті. Қарт ана:

— Қойындар, балалар, — деді, — ерегістен пайда жоқ, батсақ бәріміз батайық. Тірі қалсақ, тірі қалайық! — деді.

Мен де автоматымды қолыма алып, Аранжиріме:

— Қош, қош сау бол, Тайбурылдай тұлпарым, үш майданда серік болған досым! — деп, маңдайынан бір сүйіп, қайыққа міндім.

Лейтенантта үн жоқ, басын салбыратып жіберіпті. Кім күшті болса, соның айтқаны болмақ. Теңізшілердің белдерінде асып алған «ТТ» пистолеттерінен басқа қарулары жоқ. Біздің екеумізде екі автомат, екі пистолет, төрт-төрттен сегіз гранат бар. Екі адам түгіл бір взводпен шайқасуға дайынбыз.

Қайық оңтүстік-батысқа қарай зулай жөнелді. Мен төмен қарап отырған командирге:

— Жолдас лейтенант, — дедім, — біздің Гришамен біраз шатысып қалдыңыздар, кешіріңіз. Бізді бір өлімнен құтқарып, арғы жаққа өтуге сіз себепкер болып тұрсыз.

Гришаға қарап:

— Арманымыз орындалғандай болып тұрмыз. Қазір арғы жаққа да өтерміз, жай дастарқаныңды лейтенантпен де татуласайық. Соғыста жүріп бір-бірімізге жек сақтаудың қажеті жоқ! — дедім.

Әкесіне еркелеп, теңіз офицерінің алыстан көргіш үлкейткішімен қарап отырған Володя даусын көтере сөйлеп:

— Қарандаршы ат, бізді соңымыздан қуып келеді! — деді. Үстіме мұздай суды құя салғандай болып, аяқ-қолым қозғалмай, басым айналып кетті. Үлкейткішімді мойнымнан жұлып алып қарасам, Аранжирдің басы ғана көрініп, біздің соңымыздан тездетіп жүзіп келеді екен. Қара теңіздің толқындары ұрғанда, бір көрініп, бірде көрінбей кетеді. Жануар жүзіп келе жатып тұра қалып кісінейді.

«Мені неге тастап бара жатырсыңдар?» — дегендей, тағы да алға ұмтылып жүзе бастайды. Мен жай ғана жыламай, еңіреп қоя бердім. Аранжирдің жүзіп келе жатқанын көрген кемпір де:

— Сіздің атыңыздың ақылы кейбір адамдардан да кем емес екен. Тым жалынышты. Аттың да жау қолында қалғысы келмейді! — деп, дауыстап жылап жіберді.

Үлкейткішті қолына алып арғы бетке қараған келіншек те Аранжирдің суға батып, бір шығып жүзіп келе жатқанын көргенде:

— Тым аянышты екен! — деп, көзінен жасы парлап, күйеуінің тізесіне басын салды.

Лейтенант та таңдана қарап, бір қуарып, бір қызарып:

— Шіркін, қандай мал, мынадай атты тәрбиелеген, жігітім, сен де жарайсың! — деп, менің арқамнан қақты.

Содан соң әрі қарай сөзін жалғап, — амал нешік, ат түгіл ардақты жолдастарымыз да, қымбатты бауырларымыз бен туысқандарымыз да апатқа ұшырап жатқаны аз емес. Соғыс рахымсыз, енді жылауынды қой, тағы да өзің аман болсаң, жақсы ат табылар! — деді. Мен одан сайын жылауымды үдетіп:

— Аранжирдей жылқы болмайды. Ол мал ғана емес, мені талай қауіптен құтқарған серігім! — дедім.

Тағы да үлкейткішті қолыма алып қарасам, бізді қуып жете алмайтынын білгендей, Аранжир басын бұрып, Қара теңіздің сол жақ жағасына бет алып, жүзіп кетіп барады екен. Жануар-ай, ақылыңнан айналайын, қайта қайтыпты. Жалпақ теңізден қалай жүзіп өтсін. Міне, ақылдым, сен Тайбурылдан да, Қамбардың қара қасқа тұлпарынан да, Алпамыстың Байшұбарынан да, Ер Тарғынның Тарланынан да, Ақан серінің Құлагерінен де кем емессің. Жүрсең жүрісің, жауға шапқанда беріктігің және ақылдылығың кем деуге болмайды! — дедім де, осы сөздерімді орысшалап жолдастарыма түсіндірдім.

Сөзге араласпай тамақ дайындап жатқан Гриша даурыға сөйлеп:

— Аранжир немістерге ұстатпайды, көрерсің! Өзіміз Қырымды қайта босатқанда, «Жәлел, сен мені неге тастап кеттің?»— деп өзіне оқыранып жетіп келер.

Лейтенант Гришаға деген ашуын басқандай:

— Дұрыс айтасың. Немісті біз, әрине жеңеміз. Онда күмән жоқ. Қырым өлкесін босатқанда жолдас Қизатов өзінің сүйген аты Аранжирмен кездессе, керемет болар еді. Бұл туралы жазушылар естісе, роман да жазуы мүмкін. Мен өзім де аттың қылығына таңданып отырмын! — деді.

Лейтенанттың сөзі бойымды тағы ерітіп әкетті.

— Қош бол, Аранжир, қош бол, Аранжир! — деп жылай бердім. — Жігіттер айтқандарың келсін. Жеңіске жетейік. Бәріміз де аңсағанымызға қосылып, қуанышқа бөленейік. Қарт ана:

— Айтқаның келсін, балам, ойлағаның орындалсын, менің берген батам да, тілегім де сол! — деді. Тамақты дайындап болған Гриша лейтенантқа қарап:

— Кешіріңіз, ағай, арақты алып қояйық жеңіс үшін, Отан үшін! — деді.

Біз де Гришаны қостап, толтыра құйған стақандағы арақты көтере-көтере салдық.

Қайықты жүргізіп келе жатқан солдат та, офицер де дәмді консервіні жеуге кірісті. Ұялып отырған кемпір де, келіншек те, Володя да, Гриша екеуміз де бір-бір консервіні қолдарымызға алып тамақтанып жатырмыз.

Григорий Естафеев екеуміз жау шеңгелінен құтылып, моторлы қайықпен аман-сау өткенімізге, сөйтіп, әлі фашист табанына тапталмаған совет жеріне аяғымыз тигеніне қатты қуандық. Теңіз лейтенантының қолын Григорий екеуміз қайта-қайта қысып, үстінен рахметті жаудыра қоштастық. Мен енді лейтенанттың бала-шағасымен, кәрі анасымен қоштасайын деп жатыр едім, оң жағымда тұрған Григорий лейтенантқа бір бума қызыл-ала ақшаны ұсынып жатыр.

— Әй, Григорий, осыншама ақшаны қайдан алдың? Тегі біреуді тонағансың ба, оңбаған неме, осы жерде жайратып кетейін бе? — дедім ақырып.

— Ешкімді де тонағам жоқ, Жәлел, — деді Григорий, — сен босқа әкіреңдей бермесеңші. Бағана екеуміз қойманы аралап жүргенде, бір жерде аузы ашылып қалған темір сандықты көрдім. Іші толған ақша екен. «Мұны жағып, күйдіргеннен не пайда, одан да біразын салып алайын, мүмкін, алда «іске асар» деген оймен тең жартысын дорбама салып алғанмын! — деді. Мен де Григорий сөздерінің шындығына сеніп, басыла қалдым. Керісінше, оны өзім де қостап:

— Алыңыз, жолдас лейтенант! — дедім.

Лейтенант та ұялды ма қалай: «Алмаймын!» — деп азар да безер болды.

— Жоқ, жолдас лейтенант, алыңыз! Сіздің балашаға, кәрі шешеңіз бар екен. Бізге, солдаттарға не керек. Біздің екі аяғымыз бен екі қолымыз сау болса болды! — дедім.

— Жоқ, жігіттер алмаймын. Сендерге ақша қазір керек болмағанмен, кейін, соғыс біткеннен соң керек болады. Біз осы соғысты, түбінде, үлкен жеңіспен аяқтаймыз. Сен екеуің елге оралып, сұлу қыздарға үйленесіндер. Сонда тойға керек болады, бұл ақша! — деп жымиып күлді.

Мен Григорийдің қолындағы ақшаны жұлып алдым. Кілең 30 сомдықтар екен. Демек, 3000 сом.

— Сізге емес, жолдас лейтенант, — дедім, лейтенантқа бұрылып, — мына анамызға береміз! — деп, ақшаны анаға ұсындым.

Ол кісі де: «Алмаймын, рахмет, қарақтарым!» — деді.

— Жоқ, мамаша, сіз ана болсаңыз, біз сіздің балаңызбыз. Бізді жау қолында қалдырмай мұнда алып шығуға сіздің үлкен жәрдеміңіз тиді. Оның үстіне бұл ұрлықтан, зорлықтан келген ақша емес, өз еліміздің, өз халқымыздың ақшасы. Біздің қазақта: «Біреудің ала жібін аттама!» — деген нақыл сөз бар. Біз сізге арам емес, адал ақшаны ұсынып отырмыз! — деп, ақшаны карт әйелдің қалтасына салып қойдым.

Кемпір де, келіні мен баласы да «рахметін» аямай айтып жатыр.

Аз уақыт болса да бір-бірімізге үйреніп қалған біздер қимай, қинала қоштастық.

Біздің полк Ростов қаласының маңындағы Ольгинка селосында екен.

Ольгинка біз бұрын көрген Абинская, Лабинская деп аталатын станциялардан көп кіші. Бірақ кішкентай болғанымен әдемі. Көшелері де, үйлері де жеміс ағашынан көрінбейді. Әсіресе, алма мен жүзімі қисапсыз көп. Міне, осы бір бау мен баққа көмілген шағын ғана елді бекеттің көшелерін қақ жарып өтіп, шет жағында орналаскан өзіміздің дивизионның адамдарын тауып алдық.

Командирлер де, жігіттер де бізді «жау қолында қалып қойды-ау» деп ойлауда екен. Енді есен көріп, қуаныштары қойнына сыймады. Кейбір жігіттер, тіпті құшақтасып, сүйіп те жатты.

Таяуда кіші лейтенанттан өсіп, лейтенант атағын алған Дмитрий Гридин мен саяси жетекшіміз Уманскийге де келіп, әскери тәртіппен сәлем бердік. Екеуі де бізді жылы жүзбен қарсы алды.

— Біз сендерді жоғалып кеткендердің тізіміне қосып қойып едік. Енді аман-сау оралғандарыңа алғыс айтамыз! — деді. — Ал Бублик пен Кононенко әлі келген жоқ. Не болғаны да белгісіз. Екеуі де жақсы жігіттер еді, кім білсін олардың тағдырының немен аяқталғанын.

Мен осы екі командирге майор Скубактің бұйрығы бойынша, жауынгерлерге тамақ тауып әкелеміз деп жүріп, кемеден қалып қойғанымызды толық баяндап бердім. Теңіз лейтенантымен ұрысқанымызды, одан соң әйелдермен кездесіп, солар арқылы моторлы қайықпен осы жаққа өткенімізді, әсіресе, аянышты халде

Аранжирмен коштасқанымзды екеуміз әсерлі етіп айттық.

Аранжирдің жайын айтқанда, екеуі де қобалжып, біраз ойға қалғандай болды.

— Шіркін, Аранжир ат атаулының асылы еді-ау. Жануар енді жау қолында қандай халге түсті екен? — деп, ренжіді Гридин дауысы қалтырап. Содан сәл мұңайып тұрды да, маған қарап:

— Жолдас Қизатов, көңіл-күйінді, жан дүниендегі толғаныстарды және қобалжуды толық түсініп тұрмын. Әсіресе, қазақтардың атты қалай құрметтейтінін жақсы білемін. Мен өзім де Ставрополь казагімін ғой. Бізде де атқа көп мән береді, аттың неше түрлі сайгүліктері мен сандақтары бізде ғой. Бірақ сондай аттарды бағалап, мәпелеп, баптап міне алмайтындарды бізде жігітке санамайды. Аталарымыз атсыз казакті қанатсыз құсқа теңеген. Құс қанатсыз ұша алмайды, казак атсыз күн көре алмайды. Ал, сендердің, қазақтардың ат мәселесіне келгенде, біздің казактардан да бетер. Онша ренжи берме, Қизатов. Тіршілік болса, тағы бір жақсы ат тауып аларсың. Мүмкін, әлі жауды өз жеріне қарай тойтара қуғанда, Аранжиріңді көріп қаларсың.

Міне, Гридин осы сөздерді айтып, менімен өте жылы сөйлесті. Шіркін, жақсы адамның өзі де жақсы, сөзі де жақсы. Ол менің соңғы күндерде есімнен кетпей, үстімнен зілдей басып жүрген ауыр қайғымды біраз жеңілдетіп тастады.

Байқауымызша, біздің полкта да, дивизионда да, батареяда да бірсыпыра өзгеріс болыпты. Қашып келе жатып соғысқанда, қатардағы солдаттар полк төңірегі былай тұрсын, дивизион көлемінде болып жатқан өзгерістерді де түгелдей біле алмайды. Тек өзіміздің батареяның төңірегінде болған елеулі өзгерістерді ғана есте қалдыруымыз мүмкін. Ал соғыс жоқ кезде күн сайын болмаса да, күн ара немесе аптасына бір рет көріп жүретін полк командирі мен дивизион командирлерін қазір анда-санда ғана бір рет көретін болдық. Көршілі батареялардағы күнде кездесетін жақын жолдастарымыздың да қазір қайсысының қайда екенін білу қиын болып кетті. Түнеукүні, ойда жоқ жерде, майдан даласында бірінші дивизионның бір таныс лейтенантымен кездесіп қалғанда, Жанбос, Сұлтан, Сапар сияқты

жақсы көретін достарымның жағдайын сұрап едім, лейтенант сәл қынжылып:

— Жолдас Қизатов, олар қайда, алда қашан қатардан шыққан. Сапар баяғы Одессаны тастап, шегіне соғысып жүргенде снарядтың ұшқыны тиіп, ауыр жаралы болған, госпитальге жіберілген. Жанбосты жеңіл жаралы болып санбатта жүрген жерінен запастағы оқуүйрету полкына ауыстырып жібергенбіз. Ал Сұлтанның қайда екені белгісіз, қанды шайқастың бірінде өліп қалған болу керек! — деді.

Шіркін, өмір деген осы! Міне, соғыс басталғанына қазір бір жыл болып қалды. Осы бір жылда кімдер келіп, кімдер кетпеді? Талай жан қияр достарымыз қыршынынан қиылды. Олардың орнын жаңа адамдар келіп басып жатады. Бір-бірімізбен шүйіркелесіп, енді жақындасып достаса бастағанда, олардың да кейбіреуі жаудың оғына ұшып, өмірмен мәңгі қоштасып кете барады...

Міне, бүгін дивизионға есен-сау оралып, селдіреп қалған жолдастарымды, жаңадан келген бейтаныс адамдарды көргенде, мені осындай ауыр ойлар келіп қоршады.

Осыған байланысты жарқын жүзді Гридинмен біраз еркін сөйлесіп кеттім. Ол маған белгісіз біраз жағдайларды ашып салды.

Бір үлкен шайқаста аяулы майорымыз Михаил Мирсон ауыр жаралы болып, тылға жіберіліпті. Оның орнына 422-артполктің командирі болып, подполковник Федерничук дейтін кісі келіпті.

Кейінірек бұл кісіні бір-екі рет көріп, аздап сөйлесіп қалғанымыз да бар. Ұзын бойлы, арықша келген, жас жігіт екен. Өзі өте білімді адамға ұқсайды. Сөйлеген сөздерінің бәрі сыпайы да мәнерлі. Біздің командирлеріміздің айтуына қарағанда, соғыстың әдіс-тәсіліне мейлінше жетік көрінеді.

Мирсон полктың командирі болып жоғарылағанда, дивизион командирі болып оның орнын басқан лейтенант Ткаченко өздеріңіз білесіз, Керчь төңірегіндегі ұрыста оққа ұшқан. Ал кіші лейтенанттықтан капитан дәрежесіне көтерілген Владимир Ткаченко дивизион барлаушыларының бастығы етіліп тағайындалыпты. Оның орнына біздің взводтың командирлігіне жасы қырықтан асқан, соғыстан бұрын колхоз председателі бо-

лып істеген, одессалық аға лейтенант Савчук дейтін кісі келіпті.

Ол сақал-шашы ағара бастаған, кіші командирлермен де, солдаттармен де әскери тілмен емес, өзінің үйреншікті колхоз тілімен сөйлесетін адам екен. Бұйрық беруді білмейді. Мысалы, «Тез сапқа тұрыңдар!» деудің орнына ол: «Хлопцы, тізбектеліңдер!» — дей салады. Немесе: «Тез алға!» деудің орнына: «Жүріңдер, кеттік!» — дейді.

Савчуктің осы жағдайын біліп алған балалар, оны бір жағынан жақсы көре отырып, екінші жағынан тәртіпсіздікке салынатын болды. Тіпті, күні бойы Ольгинканы қыдырып, таң атқанша казармаға келмей қоятын балалар да жоқ емес. Ондайларды тәңертең тауып алады да, взводтың алдына тұрғызып қойып:

— Хлопцы, мынау оңбаған түні бойы казармада болған жоқ. Гарни девчатылармен ойнаса бір сәрі ғой, кілең сасық сайқалдармен сүйісіп келді. Ал енді осыған не жаза қолданамыз? — деп, бізден сұрайды.

Біз ду күліп:

— Жолдас аға лейтенант, мұндайды аяуға болмайды. Бұған бүкіл аттарды жуғызу керек не үш күн бойы тамақ бермеу керек. Сонда бұл қыздарға бара алмайтын болады! — дейміз.

Айыпты солдат та ыржия күліп:

— Жолдас аға лейтенант, ат жууға жіберсеңіз жібере беріңіз, бірақ тамағымды беріп тұрыңыз. Аштан өліп қалсам, обал емес пе? — дейді.

— Ой, осы саған, хлопец, сенбеймін. Сен аттарды жуып та жарыта қоймассың! — дейді аға лейтенант.

Осындай жұмсақ та қарапайым мінезі үшін біз Савчукті өте жақсы көрдік. Дегенмен, оның бізге істеген жақсылығын іспен ақтап жүрген кездеріміз болды. Савчук шылымды көп тартқаннан ба, немесе жасының ұлғайғанынан ба, әйтеуір, аздап қана жүгіргеннен соң ентігіп, мүлдем жүре алмай қалатын. Сол кезде солдаттар оны екі қолтығынан көтеріп, дедектетіп ала жөнелетін.

Жан жолдасым, әрі досым, бөлімшенің командирі Макаровтың өте ауыр жаралы болып тылға жіберілгендігін естігенде, мен қатты қайғырдым. Шіркін, жігіттің төресі еді-ау!

Макаровтың орнында біздің бөлімшенің командирі болып, аға сержант Григорий Григорьевич Мазманьян

келген. Мазманьян еңгезердей, сыртқы бітімі үлкен қара аюға ұқсаған, сөйлеген сөзі гүрілдеп шығатын, қалың қара қасты, қошқар тұмсық, саусақтары қойдың жілігіндей жуан, орысшаны таза сөйлемегенімен жақсы білетін, соғыстан бұрын Батум портында жүк тасушы болып істеген, байсалды да ақылды адам еді.

Менің барлаушы жолдастарым: Шалбаш, Савченко, солдат Ткаченко және Климов төртеуі де жеңіл жаралы болып, полктің тылындағы жеңіл жұмыстарға жіберіліпті. Бұлардың орнына барлаушы болып москвалық Кузьма Вялых, ленинградтық Юрий Мельников, кавказдық курд Магомедов Сұлтан, черкес жігіті Әлиев Азамат және Ульянов облысының татары, аласа бойлы Фатих Мухамедиев деген жігіттер тағайындалған көрінеді.

Бұлар он сегіз-он тоғыз шамасындағы кілең жас жігіттер.

Ольчинка станицасында тұрған біздің полктің жауынгерлері алда тұрған сұрапыл шайқастарды сезгендей, күн демей, түн демей оқып, үйреніп, дайындықты мейлінше қызу жүргізе бастады. Дайындық сөз жүзінде емес, тәжірибе, жаттығу жүзінде іске аса бастады: жаудың танктерін зеңбіректермен туралап атып жандыру, үлкен қалалардағы зәулім үйлердің әрбір бөлмесінде ұрысты жүргізу, онда гранаталарды қалай пайдалану, жаудың пулеметтері мен миномет тері ұяларын жоюдағы әдістерді білу, барлаушылардың жау позициясындағы қару-жарақты орнатқан пункттерін табу, радиомен немесе телефонмен координаттарды хабарлау — міне, осының бәріне айрықша көңіл бөлінді. Осыларды жаңа келген жастарға үйрету үшін мен де белсене ат салысқандардың бірі болдым.

Бір күні түс мезгілінде далада солдаттармен әскери оқуды қызу жүргізіп жатыр едім, полктің кезекші командирі жетіп келді де:

— Жолдас Қизатов, сізді штабқа шақырады! — деді.

Гридиннен ұлықсат алып, полктің штабына келсем, штаб бастығының орынбасары маған бір жабық пакетті ұсынды да:

— Жоғарыдан келген бұйрық бойынша сіз қыска мерзімді оқуға баратын болдыңыз. Ол — лейтенанттар дайындайтын курс. Менің шамалауымша Сталинград қаласының маңында-ау деймін. Жалпы, Сталинград-

қа барысымен комендантқа кіруге тиістісің. Сол бәріп саған айтып береді. Оқуды жақсы оқы. Бүкіл білгірлердің айтуына қарағанда, сойқан соғыс осы Сталинградта болады деген қауесет бар. Бұл, әлгі, сенің көрген соғыстарыннан анағұрлым күшті болады. Соған енді жақсы дайындалу шарт. Бұрынғы шайқастарда сен солдат болсаң, енді командир болып қатысасың. Ол үшін көп білу керек.

Ростовтан Сталинградқа баратын үлкен жолға шығып, бірінші кездескен жүк таситын машинаға міне жөнелдім. Машинаның үстінде менен басқа бірнеше қатардағы жауынгер мен екі сержант бар. Біздің Батыс Қазақстанның ұшы-қиыры жоқ жазық даласына ұқсаған таусыз, ормансыз ашық дала. Мінген машинамыз оқтай түзу жолмен жүйіткіп келеді.

Ольгинкадан 100 шақырым шыққан соң жүргізуші машинасын тоқтатып:

— Мен енді сендерге серік бола алмаймын. Өзіме жүктелген бұйрықты орындауға басқа қалаға барамын, — деді.

Біз машинадан түсіп, әлгі тура жолмен жаяулап жүріп кеттік. Біраз жүрсек те жол-жөнекей ешбір машина кездеспеді. Сталинград әлі алыс. Жолдың жиегіне отырып дем алдық, шылым тарттық. Біріміздің біріміз жөн сұрастырсақ, Егоров, Голонишкин деген солдаттар мен баратын оқуға кетіп бара жатқан көрінеді.

Шылымды тартып болып, қайтадан жолға түстік. Біраздан соң бізге қарсы келе жатқан екі қызды кездестірдік. Орыс, неміс немесе украин қыздарына ұқсамайды.

Егоров олармен амандасып:

— Цыганкалар, қайда барасыңдар? — деп сұрады.

Жасы 15—16-дағы үлкен қыз:

— Біз цыганкалар емеспіз, қазақ қыздарымыз! — деді.

Мен таңдана қарадым да, қуанып кеттім. Қалай таңданбассың, Ростовтан 100 шақырым жерде қазақтар бар деп кім ойлаған. Менің жолдастарым қалжыңдап:

— Сенің қарындастарың екен. Өз тілдеріңде сөйлесіңдер! — деді.

Қыздың үлкені — Ақбілек, кішісі — Ақтамақ. Апалы-сіңлілі қыздар қаздың балапанындай бір-біріне ұқсас, жап-жас, екеуі де сұлу, көздері тостағандай, қапқара. Шаштары беліне түседі. Қастары қарлығаштың

қанатындай қиылып тұр. Өңдері қара торы. Киімдері орыс селосында тұратын орыс қыздарының киіміндей. Орысша да, қазақша да жақсы сөйлеп тұр. Мен қазақшалап:

— Қайдан жүрсіңдер? Ауылдарың, ата-аналарың бар ма? Соғыс болса жақындап қалды. Қазақстанға көшіп кетпейсіңдер ме? — деген сұрағыма қыздар қосарлана сөйлеп:

— Біз осы Ростов облысында көптен тұрамыз. Ауылымыз анау! — деп, біз тұрған жерден 5-6 шақырым жердегі үйлерді көрсетті.

— Бұл жерді «Сальская степь» деп атайды. Туысқандарымыз соғыстан бұрын колхоздың малын баққан. Қазір әкем Ленинград майданында. Хат келіп тұрады. Ересек адамдардан қалған — шешем, әкемнің інісінің әйелі — жеңгеміз бар. Содан әлгі қыз: Ағай, — деді, — әркімнің өзінің ұлты ыстық, біздің ауылға барып, қонақ болып кетіңдер. Әзірше, азық-түлігіміз жеткілікті. Сауын малдарымыз да бар. Елден шыққаныңызға көп болған шығар, қымызды да сағынған боларсыз. Біздің үй екі бие сауады. Асығыс болсаңдар, тамақ ішіп алып жүріп кетерсіңдер! — деді.

Мен Ақбілекке қарап:

— Сен сияқты әдемі қарындасымды Ростов даласында көріп қуанғанымды ауызбен айтып жеткізу қиын. Сөйлеген сөзің, әдептілігің тіпті тамаша. Әсіресе, ботаның көзіндей үлкен қара көздеріңді көргенде, Қазақстандағы туған қарындастарымды көргендей қуандым. Амал пешік, біз әскери адамбыз. Бұйрықты орындау керек, қалқам. Шақырғаныңа көп рахмет! Туысқандарыңа сәлем айт. Қазақстаннан шалғайдағы Ростов облысындағы қазақ қыздарымен кездескенім менің мәңгі есімде қалады. Тірі болсам, айтып жүремін!— дедім.

Біз қоштасып жүріп кеттік.

Кейін немістерді Сталинградтан да, Кавказдан да қуып, шабуылға шыққанда, кездескен бір штаб командирінен:

— Сальский даласында тұратын қазақтар бар еді, — деп сұрасам: «Немістер бәрін де өлтіріп, үйлерін өртеп жіберіпті. Бір жас өспірім сұлу қызға істемегені жоқ көрінеді. Өзін зорлап, отқа тірідей жандырып жіберіпті», — деді.

— Жауыздар-ай, жап-жас балаларды да аямаған

екен ғой... Иттер Сталинградта аяусыз соққыланды. Бірақ олардан әлі де кек ала түсу керек! — дедім мен, бойыма ашу сыймай.

Манағы тас жолмен жүріп келе жатқанда, бізді жүк машинасы қуып жетті. Соған отырып, Сталинградқа да келіп қалдық.

Жүргізуші машинасын тоқтатып:

— Қаланың іші толған күзет, жолдастар! — деді. Сталинград алыс емес, машинадан түсіп, жаяу баруға да болады.

Біз оған көп-көп рахмет айтып, қала жаққа көз салдық. Сталинград қап-қара түтіннен көрінбейді. Біз жақындаған сайын жалыны аспанға шығып қаланың өртеніп жатқанын байқадық. Неміс құзғындарының Одесса мен Керчьті қалай бомбалағанын талай рет көргенбіз. Олармен салыстырғанда, Сталинградқа түскен бомбаның саны мың есе көп сияқты. Бір топ неміс самолеттері қалаға бомбаларын тастап-тастап кете бергенде, екінші тобы жетіп ауыр-ауыр бомбаларды тағы да бірінің артынан бірін төге салды. Жер сілкінгендей дүние дүрлігіп жатыр.

Көп ұзамай Сталинградтың оңтүстігіндегі Бекетовка дейтін мекенді пунктке келдік. Комендатураны тауып алып, құжаттарды көрсеттік. Комендатураның қызметкері бір капитан:

— Лейтенанттар дайындайтын курс Еділдің арғы бетінде. «Сталгресстің» түбіндегі ауыспалы (алмалы-салмалы) көпірден өткен соң онша алыс емес. Оңға бұрылсаңдар, тоғайдың арасында көптеген қамбалар кездеседі. Сендердің «Академияларың» сонда! — деп, капитан бір кекете күлді.

Комендатурадан шығып, Бекетовкаға жақын жердегі курске келіп, штабтың бастығына құжаттарымызды тапсырдық. Бізге көрпе-төсек беріп, жататын жерімізді көрсетті. Дұрысын айтсақ, бұл — жер астынан қазылған кіші-гірім қаладай. Қілең терең де үлкен етіп қазылған қамбалар. Ішіне, тіпті, сәкі төсеп, қабырғаларын әдемі етіп тақтаймен шегелеп те тастапты. Біздің майдандағы окоптармен салыстырғанда, патшалардың сарайындай деуге де болады.

Бізге соғыс әдісін үйретуші — кіші лейтенант Скворцов. Жасы отыздар шамасында. Орта бойлы, ақсары жігіт. Саяси сабақ оқытушы — политрук Герасимов.

Ол арық, жүдеу өнді адам. Асықпай сөйлейді. Киген киімдері олпы-солпы, өзіне жараспайды. Өзінің түр-тұрпатында да әскери адамға ұқсастық шамалы. Дегенмен қарапайым, зиянсыз адам. Сұрастырып білсек, соғыстан бұрын орта мектепте тарихтан сабақ беріпті.

Ертеңінде-ақ сабақ басталды. Негізгі үйрететіні: соғыс картасы, ондағы толып жатқан белгілер — деревнялар мен ормандар, көлдер мен құдықтар, окоптар мен орлар, жырақаналар, командирлердің байқау пункттері. Мақсат — осы белгілерді дұрыстап білу, үйрену.

Бұл сабақтар мен үшін онша қиын болған жоқ, артиллерия барлаушысы болып жүргенде, біз ұдайы картамен жұмыс істейтінбіз. Онда картасыз барлаушы соқыр адаммен бірдей.

Сабақтың екінші түрі: рота, взвод және бөлімше командирлері ұрыс кезінде жауынгерлерге бұйрықты қалай беру керек? Мысалы, рота шабуылға шықты дейік. Сонда рота командирінің міндеті қандай? Немесе ротаға қорғану керек болып қалды. Қалай қорғану керек? Окоптар мен ор-жырақаналарды қай тәртіппен казу керек? Ротаның бекініс позициясы қай тәртіппен орналасуға тиісті? Командалық пункттермен байланысты қалай жасау керек? Міне, осының бәрін жете білу осы қысқа мерзімді курсте біздің мүлтіксіз үйренетін ісіміз.

Скворцов өте қатал командир. Оның майдан даласында үйренген тәжірибесі де жеткілікті. Ол, әсіресе, жаяу әскердің өміріне өте жетік көрінеді. Сабақты бізге сөзбен емес, тәжірибемен үйретеді. Сондықтан көбіне далада боламыз. Уставта айтылғандардың бәрін біз қолымызбен істеп, тәжірибе қалпында жүзеге асырамыз. «Оқуды — тоқу» деген осы.

Екі айдан аса оқып, әскери білімімізді толықтырып, шыңдадық. Курсті бітірер алдында емтихан алды. Соғысқа қатысқан жақсы тәжірибесі бар білімді солдаттарға лейтенант, кейбір білімі тайыздау солдаттарға кіші лейтенант атағын берді. Бәрімізді су жаңа киіммен, командир белбеуімен, пистолеттің қабы мен карта салатын планшеттермен қамтамасыз етті.

Әрқайсымызды өзіміздің бұрынғы әскери бөлімшелерімізге жөнелтетін болды. Мұнысы біз үшін өте-мөте қуанышты еді. Өзіңнің ескі достарыңа қосылудан артық не бар!

Командирдің киімі тек жарасымды ғана емес, соны-

нант! — деді. — Макарчукті білесің ғой, ол соғыс басталғаннан осы орында істеген. Жуырда ауыр жаралы болып, госпитальге кетті.

— Мен ең алдымен шепте жүруді ойлап, өзімнің туған үйімдей болған 4-батареяның взвод командирі етіп жіберуін өтініп едім, майор Федоров дауысын каттырақ шығарып:

— Сізбен саудаласып отыруға уақыт жоқ. Барыңыз сол алтыншы батареяға! — деді.

— Құп! — деп шыға жөнелдім.

Алтыншы батарея Ягодный — Валка селосының жазықтау даласында бекініпті. Үсті қалың етіліп жабылған қамбалар жауынгерлерге де, командирлерге де ұқыптылықпен жасалынған. Зеңбіректерді де жау таба алмайтын етіп жасырған. Қамбалардың жау келетін әр жағында екі солдат бір-бір терең окоп казып, сонда отырады екен.

Бұл батарея жауынгерлерінің көпшілігі маған таныс. Батарея командирі капитан Медведев. Ол көп сөйлемейтін, байсалды, өзінің қызметіне тиянақты кісі. Оның орынбасары лейтенант Сухоруков — менің көптен білетін жолдасым. Ол солдаттан өскен тәжірибесі мол жігіт.

Бірінші зеңбіректің командирі — аға сержант Федоров. Батыр тұлғалы кісі. Өзі коммунист. Жауынгерлерге жағымды. Парасатты адам.

Солдаттар Қошевой мен Салыков — менің таныстарым.

Солдаттардың қамбаларына да, окоптарына да барып, олармен кеңінен таныстым. Қазіргі соғыс жағдайын, әсіресе, Сталинградты қанға бояп жатқан фашист сұрқиялары туралы көп әңгіме айттым.

Лейтенант Сухоруков оңашада Медведевтің жақсы командир болғанымен, солдаттарды саяси тәрбиелеуде онша еместігін, аралары алшақтау екендігін ескерткен.

Өзім солдаттық өмірді түгелдей бастан кештім. Енді қалай болса да, олармен бір кісінің баласындай біте қайнап өсуді, қиындықты да, жеңілдікті де олармен бірдей көтеруді, бірлесіп өмір сүруді алдымдағы басты парызым деп есептедім.

Түн. Қараңғылық жер бетіне көрпесін жаба бастады. Түн болса ракеталарын аспанға дамылсыз ата беру — немістерідің ескі әдеті. Бүгін де олар қараңғылық түсе бастасымен сол ескі әніне тағы басты. Өздері

алыста. Жаңағы ракеталарынан бізге келіп-кетіп жатқаны да шамалы. Біз үшін оның зиянынан да пайдасы басым: сұмдардың осы ракеталары арқылы олардың қай тұста шоғырланып жүргенін біліп отырамыз.

Түнгі қараңғылық пен тыныштықты пайдаланып, мен жауынгерлерді түгел жидым. Саяси сабақ өткізу керек. Барлық солдаттар мен сержанттар Федоровтың зеңбірегінің жанына келді. Небары жиырма шақты адам. Сухоруков мені жауынгерлерге:

— Біздің батарея командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары етіліп тағайындалған жас лейтенант Қизатов жолдас! — деп таныстырды.

— Білеміз! — деді бір солдат.

— Мен Қизатов жолдасты Новороссийскіден білем!— деді екінші солдат.

— Төртінші батареяның бұрынғы барлаушысы ғой!— деді үшіншісі.

Сөйтіп, ескі солдаттардың біразы мені білетін болып шықты.

Октябрьдің он тоғызы.

Кеше ғана командирлер полк штабында болғанбыз. Онда бізге Сталинград майданының барлық бағыттарында басталатын фашист дивизияларының жаппай шабуылын күн санап емес, сағат санап күтуіміз керектігі ескертілген. Осыған сақадай сай болу әрбір совет азаматының ардақты борышы екендігі де айрықша айтылған.

Міне, сол сағат туды. Полк штабы да нақтылы бұйрықтарын телефон арқылы беріп үлгерді. Үлкейткішпен қарап жіберсем, оң жағымызда да, сол жағымызда да, алтыншы батареяның алдындағы жаяу әскерлер жатқан орталық бағытта да немістің құрыш терілі «тасбақалары» жөңкіле жорытып келе жатыр.

Біздің екі қанатымызды алып жатқан өзіміздің аға лейтенант Завгороднийдің бесінші батареясы мен лейтенант Гридиннің 4-батареясының алдарында да осындай жағдай. Олардан да әрірек көз жіберіп едім, бәрінде де жер қайыстырып, түнере төніп келе жатқан фашистер. «Міне, Сталинград қырғынына мен де қатысатын болдым» деймін ішімнен.

Капитан Медведев бақылау пунктінен:

— Алыстығы —4000, бұрышы — 80, бірінші зеңбірекпен атыңдар! Жарайсыңдар, дәл тиді. Енді әрбір зеңбіректен төрт шрапнельді снарядпен атыңдар!.. Та-

маша!.. Тура тиді! Тез! Тез қимылдаңдар!.. Бірінші зеңбіректі ойпаңмен тез жылжытып отырып, алдарындағы дөңестің өздерің жақ тасасына орнатыңдар. Жау танктерін сол арадан туралап ұру керек. Тракторлармен сүйреп, тез жеткізіңдер!..

Аға сержант Федоров зеңбіректің алдындағы екі доңғалақты арбасына снарядты толтырып жатыр. Қарулар да қас қаққанша тракторларға тіркелді. Тасамен жылжи жөнелді.

— Жолдас лейтенант, мен зеңбірекшілермен бірге барайын! — Ол тесірейіп маған бір қарады да: «Өзіңіз біліңіз!» — деді. Дөңестің тасасына тез орналастық. Алыстан көргішіммен қарап жіберсем, жаудың бес танкісі тура бізге қарай келеді. Үсті толған неміс, арт жағында жаяу әскерлер. Мен жігіттерге:

— Асықпаңдар! Байыпты дайындалыңдар! Қапыда қалмайық. Өз үлесімізге тиген «өлім я өмір» мәселесі осы арада шешіледі. Ылғи құрыш тескіш снарядтармен атыңдар. Әлі уақыт бар. Әр секундті ақылмен пайдаланыңдар. Әр танкіні атқанда, снарядті атқышқа көз ілеспейтін шапшаңдықпен беріп отырыңдар. Бір секундке қателесу — өліммен тең.

— Жолдас лейтенант, жау «тасбақалары» біздің жаяу әскерлер жатқан позицияға жақындап қалды. Енді сәл кешіксек, оларды таптайды. Бұйрық беріңіз! — деді аға сержант Федоров.

— Ара қашықтығы да, бұрышы да — 00. Оң жақтағы «тасбақаның» омырауын көздеп ұрыңдар! — Өзім зеңбірек командирінің қызметін атқарып, атқыштың орнына көздегіш Федоровты қойдым.

— Жау танкісін оғың жарып өтті, Федоров! Мерейің үстем болсын, жігітім... Енді анау ең алдында ентелеп келе жатқанын дәлдеп ұр!.. Тез!.. Шынжыр табанын талқандады... Тасбақа шыр айналып тұр... Енді үшіншіні ұр!.. Темір тажал біздің жаяу әскерлерге өте жақын қалды!.. Тез!.. Тез! — дедім.

Үшінші танкінің де көк түтіні бұрқ етіп аспанға шықты.

Бірнеше минуттың ішінде үш танкінің күл-талқанын шығардық.

Фашистер де бейқам жатпапты. Бізді көріп қалыпты. Біздің дәл алдымыздан, 50 метр жетпей ауыр снаряд гүрс ете түсті. Төңірек жер сілкінгендей болды.

— Тез тығылыңдар! — деп бұйрық бердім.

Сол сол-ақ екен, алды-артымыздың бәрі гүрс-гүрс жарылған снарядтардың дауысынан күңіреніп кетті. Көк күркіреп, жер сілкініп, төңірек көк түтінге айналып, төңкеріліп жатты.

Бір ауыр снаряд Салықов пен Петров жатқан жерге түсті. Жер солқ ете түсті. Аспанға қарасам, әлгі екеуінің аяқ-қолдары бөлек-бөлек болып, ұшып кетіпті. Басқа да денелер көкке көтеріле беріп, қайта жерге түсіп жатты.

Федоров екеуміз отырған окоптың дәл қасына келіп үлкен снаряд гүмп ете түсті. Бірнеше тонна жер топырағының аспанға көтерілгенін шала-бұла көріп қалдым да қас қағым уақыттың ішінде «Енді кеткен шығармын ол дүниеге» — деп ойладым. Жоқ! Тірі екенмін. Денемді зілдей топырақ көміп кетіпті, бірақ басым қылтиып шығып жатыр. Үстімнен тау болып үйілген ауыр топырақтың астындағы аяқ-қолым ешбір қимылсыз. Құлағым да түк естімейді, бірдемемен бітеліп қалғанға ұқсайды. Есім түзу сияқты...

Бір уақытта барлық күшімді жинап, оң қолымды топырақтың астынан суырып алуға тырмыстым. Ол үшін оң қолымның шынтағын жерге тіреп, бар күшіммен көтеріле бастап едім, бірдеңе шығатын сияқты. Кеуде жағым әжептәуір көтеріле бастады. Байқасам, дәл кеудемнің үстінде топырақ онша көп емес екен. Оң қолымды шығарып алдым да сол жақ иығымдағы топырақты сырып түсіріп жанталастым. Қара суға түстім. Зорға дегенде қос жауырыным мен желкемді жапқан балшықтан айрылдым-ау, әйтеуір. Басымды біраз көтеріп:

— Федоров, тірісің бе? — деп айқайладым.

Ол топырақтың астынан жаңа ғана тұрып, үстін қағып жатыр екен. Күрегін алды да менің үстімдегі тау балшықты жан-жаққа сырып, өзімді көтеріп, екі аяғыма тік қойды.

Неміс зеңбіректері бізді атқылауын тоқтатқан сияқты. «Бәрін түгелдей қырдық» деп ойлаған болу керек.

Федоров екеуміз тік тұрып, алдыңғы жаққа қарадық. Атқыштар полктарының жаяу әскерлері қалған неміс танкілерін жанар маймен жандырып, жаяу әскерлерін автомат пен пулеметтің астына алып, майдан даласын өлім алаңына айналдырып жүр екен. Немістер жусап қалыпты. Тірі қалғандары бытырай қашып, кейін қарай зытып барады.

Мен Қошевой деген солдатты тауып алып:

— Біздің зеңбіректер тұрған позицияға тез бар да, мән-жәйды біл. Медведевпен байланыс. Тағы қандай бұйрықтары бар, тез хабарла! — дедім.

Ол «Құп!» деп тұра жүгірді.

Жарты сағат күттік. Қошевой да жоқ, хабар да жоқ. Біздің зеңбірекшілерден тірі қалғандары — аға сержант Федоров пен солдат Хұсаинов қана. Хұсаинов майдан даласына таяуда келген жігіт. Әлі тәжірибесі аз. Сондықтан ба, қалай, жаңағы сұрапыл қырғында оның зәресі ұшып кеткенге ұқсайды. Мен:

— Хұсаинов, сен бағанағы зеңбіректердің тұрған жерін таба аласың ба? — деп едім, күйбеленде:

— Жәлел абызи, башым бик бышырап кетті, бит, шушы минутта бу иерде нешік тұрғанымны білмиім! — деді.

Мен Федоровқа: «Өзің бар!» — дедім.

Ол: «Құп!» — деп жүгіріп кетті.

Сөйткенше болған жоқ, біздің жанымызға тағы бір бомба гүрс етіп жарылды. Хұсаинов екеуміз бұрынғы бомба казып кеткен апанға жата қалдық.

Федоров қайтып оралды. Медведев:

— Зеңбіректер взводтары Ягодный — Валка мен Печанко селосы жағынан жаңа позиция алсын! Біздің жаяу әскерлер қарсы шабуылға шықты. Сендердің позицияларыңмен байланыс жасайтын телефон сымын казір жеткіземіз! — депті.

Біз жаңа позицияға бет алдық. Келе жатсақ, бір жерде Қошевой жатыр. Тірі. Оң аяғынан оқ тиіп, қансырап қалыпты. Оның жарасын байладық та дивизионға жібердік.

Өзіміз Ягодный — Валканың терең сайына түсіп, жаңа позицияға жүріп кеттік. Көп ұзамай үш зеңбіректен Сухоруков та келіп жетті.

Одан жағдайды сұрастырсақ, 64-армияның жауынгерлері жаппай қарсы шабуылға шыққан екен. Немістер 4 шақырым шегініпті. Біздің әскерлер немістердің тастап қашқан окоптарына барып орналасып та үлгірген көрінеді.

Міне, өстіп, мен Сталинград үшін болған қанды шайқасқа бірінші қатыстым.

Біз жаңа позицияға көштік. Түні бойы жұмыс бір тынған жоқ. Зеңбіректер мен окоптарымызды аспанда қара құстай қалықтап ұшып жүретін жау барлаушылары

көре алмастай етіп, жақсы жасырдық. Немістің біздің позицияларымызды суретке түсіріп алатын «Рама» аты самолеттері де енді түк істей алмайтын болды.

1942 жылдың ақырғы айлары. Неміс ұшқыштары да күн санап азайып, әлсіреп барады. Бұрынғы еркін бомбалап, жер бауырлап ұшып, пулеметтерінен оқ жаудыру әдетін де ұмыта бастады. Ал, бұл біздің зеңбірекшілер мен ұшқыштарымыздың саны көбейіп, сапасы жақсарған кез. Фашистер енді аспан тәңірі емес. Кейбір келіп қалған самолеттерін мақсатына жеткізбей, жоқ қылып жіберетін де халге жеттік. Олар енді келе қалса, бомбаларын кез келген жерге тастай салып, қаша жөнелетін әдет шығарып алды.

Түн ортасы. Окоптарымызды терең етіп қазып, қалың ғып жауып бітірдік те, Сухоруков екеуміз кезекші солдаттарды тағайындап, дем алдық.

Таң ағара тамақты да алып келді. Ыстық сорпа мен еті бар тары ботқаға тойып алдық. Телефон арқылы капитан Медведевпен байланысып, шептің жағдайын білдік. Медведев:

— Атқыштар барлаушыларының хабарына қарағанда, біздің қарсымыздағы фашист командованиесі тылдарындағы бір полк жаяу әскері мен 20 танкісін өзінің алдыңғы шебіне алып келіп, шабуылға шығуға дайындалып жатқан көрінеді! Кешегі біз тартып алған позициясын қайтарып алмақ. Біздің дивизияның оң қанатын шабуылдамақ. Снарядты көп әкеліңдер. Әсіресе, шрапнель мен жарғыштардың өте көп болуы шарт.

Сағат тәңертеңгі 7 болып қалды. Алдыңғы шеп тыптыныш. Атылған пулеметтердің де дауысы естілмейді. Бейбітшілік кезіндегі өмірге ұқсас.

Бірақ бұл тыныштық көпке созылған жоқ. Бір мезгілде аспанда тоғыз-тоғыздан ұшып келе жатқан немістердің бомба тастағыш самолеттерін көрдік. Оларды күзетіп келе жатқан «миссершмидтер» де бір төмен зулап, бір жоғары самғап, бұлтпен араласып, еркін қалықтап жүр.

Немістер зеңбіректері мен минометтерінен біздің алдыңғы шеп пен батарея позицияларын жаппай атқылағанда, олардың жарылған дауысынан жер сілкінгендей болып кетті. Сухоруков:

— Тез тығылыңдар! Бастарыңды көтеруші болмаңдар! Көріп қалса, немістің самолеттері бомбалап, зеңбіректері снаряд жаудырады! — деп бұйрық берді.

Біз окоптарымызға кіріп, тығылып та үлгірдік. Мен Сухоруковқа қарап:

— Алдыңғы шепті байқап қояйық. Мұндайда байланыс сымдары жиі қырқылады. Сонда бақылау пунктіндегі командирлердің не істейтінін білмей, сасып қалатын жағдайы көп кездеседі.

Қолыма алыстан көргішімді алып, алдыңғы шепті шолдым. Артиллерия дайындығы мен бомбалауды пайдаланып, немістер танктерінің үстіне мініп алыпты. «Тасбақаның» соңына ергендері де қара құрттай қаптап келеді.

Мен кезекші телефоншыдан:

— Медведев, байланыс бар ма? — деп сұрадым. Ол:

— Әло! Әло! Орел! Орел! — деп дауыстағанмен, ешкім жауап бермеді. Мен Сухоруковқа:

— Мен айтпадым ба, байланыс үзілген екен! Тез біреуің жүгіріңдер! Комбатпен байланысу мына жағдайда өте қажет! — дедім. Лейтенант Сухоруковқа:

— Немістің жаяу әскерлерін шрапнельмен атқылап, танктерінен бөліп тастайық, манағы белгілеп қойған бірінші нысананы атсаң, дәл тигізесің! — дедім.

Лейтенант:

— Дұрыс, жолдас командир! — деп зеңбіректерге бұйрық бере бастады. Бірінші атқанда-ақ бұрын көздеп, дайындап қойған шрапнельдер немістердің дәл төбесінде жарылып, үстеріне жай түскендей, бірнешеуі құлап түсті.

Сухоруков екеуміз алыстан көргішпен байқап тұрмыз. Мен жауынгерлерге бұрылып:

— Дәл түсті! Фашистердің жанын жаһаннамға жібердіңдер! Рахмет сіздерге! Алғыс айтамын! — дедім. Сухоруков:

— Әрбір зеңбіректен төрт шрапнель снарядпен тез атыңдар! — деп бұйырды.

Танктердің соңынан жүгіріп келе жатқан немістердің дәл төбесінен жарылған шрапнель тып-типыл қып кетті. Сухоруков айғайлап, қуанышы қойнына симай:

— Әрбір зеңбіректен он снарядтан! Тез! Тез атыңдар! — деп бұйырды.

Зеңбірекшілер жан-тәнімен қимылдап, бір минуттың ішінде әр зеңбіректен он снарядты атып жіберді.

Алдыңғы шепке көз жіберсем, немістер қасқыр тиген қойдай қырылып қалыпты.

Сым да жалғанды. Батарея командирімен байланыстық. Капитан Медведев:

— Шрапнельмен атқан сендер ме? — деп сұрады.

— Біз емей кім? Бірінші нысана біздікі екенін білесіз ғой, жолдас командир! — деді Сухоруков.

Медведев:

— Көп-көп рахмет! Өз атымнан да, батальон командирінің атынан да көп алғыс айтамын. Жүзден астам фашистің жанын жаһаннамға жібердіңдер. Жаяу әскерлері қырылып қалған соң үрейленген фриц «тасбақалары» шегіне бұрылып, қашып кетті! — деді.

Мен телефонды Сухоруковтың қолынан алып, құттықтадым да:

— Сіздің жаңағы айтқан фашистеріңіздің көпшілігі мергендердің мергені аға сержант Федоровтың қолынан өлді. Кешегі фашистердің үш танкісін құртып жіберген де осы Федоров. Сіз қарсы болмасаңыз, наградқа ұсынуымыз керек. «Сөзіне ісі сай» дегендей, көрсеткен ерлігі өзінің зор тұлғасынан да үлкен. Қорқу, жасқану дегенді білмейді. Керемет мерген. Нағыз барып тұрған батыр.

Капитан:

— Федоровқа менің атымнан қолын алып, алғыс айт. Наградқа ұсынуға толығымен қосылам! — деді. Мен:

— Рахмет, әрқашанда шабуылдарымыз сәтті болсын! — деп, телефонды кезекші солдатқа бердім.

Енді манағы бізді бомбалауға ұшып келе жатқан неміс самолеттеріне оралайық.

Ойламаған жерден біздің «миктер» мен «лактер» бұлт астынан шыға келіп, немістермен араласып кетті. Жаудың жиырма-отыздан бомба артқан самолеттері мен «миссершмидттердің» сау қалғаны өте аз болды. Қайдан жетіп келгенін білмей де қаламыз, бұлттың астынан шыға келеді де, көз ашып жұмғанша жау самолеттеріне оқ жаудырып өте шығады. Олардың түтіні бұрқ етеді де жалыны аспанға шығады.

Немістің кейбір бомбалағыштары жандарын сақтап, парашютпен секіріп түсіп жатыр. Оларды біздің жаяу әскерлер қамап алғанда, су жүрек қорқақтар екі қолдарын көтеріп тұтқынға дайындала бастайды. Аспаннан көзін алмай тұрған бір солдат менің қасыма келіп:

— Жолдас комиссар, фрицтердің 14 ұшқышын жандырып жіберді! — деді.

— Қандай керемет жеңіс! — деймін мен.

Қазір соғыс өзгерген. Одесса мен Қырымдағы шайқастарда неміс самолеттері қара қарғаша қаптап, бомбаларын тастап, жер бауырлай ұшып, пулеметтерінен оқ жаудыратын. Біз жермен жексен болып тығылудан басқа амал таба алмайтынбыз. Ал қазір ше? Енді немістің бір самолеті көрінсе-ақ болды, біздің «лак», «мик», «яктар» жұлдыздай ағып, жетіп келеді де, құзғындарға қырандай тиеді. Көптігі сондай, немістің бір самолетін екеу-үшеуі қамап алады да жандырып жібереді. Немістің бомба тастағыштары да, «миссершмидттері» де, біздің ұшқыштарды көрсе болды, қырғи көрген торғайдай қашады. Немістің «көк перісі» аталатын талай «АСС»-тары біздің «лактардың» бір қағуынан да қалмайтын болды. Ал апатқа ұшыраған самолеттердің ұшқыштары «тірі қалғанымыз олжа» дегендей, қолдарын көтеріп тұтқынға түсуді әдетке айналдырып алды.

Аспандағы жеңісті шайқастар жердегі солдаттарды рухтандыра түсті. Енді Совет Армиясының фашистерді жеңетініне күмән қалған жоқ.

Біз оларға алғыс айтып:

— Жасаңдар, қанатты батырларымыз! — деп шаттанатын болдық.

Сталинградтағы соғыс өрті барған сайын лаулап, барған сайын күшейе түсті. Неміс те өлімнен үрейленіп, жанталасты. Герман армиясының қолбасшылары да қаһарланып, қан жұтуда. Олар барлық қарулы күшін жинап, Сталинградтың орталық көшелерін қорғайтын 62-армияға сағат сайын бұлттай төніп, шабуылдарын үдете түсті. Екі жақ та әрбір көше ғана емес, әрбір үй үшін қан төкті. Көп қабатты үйлердің бірінші қабатында немістер болса, екінші қабатында совет жауынгерлері. Бірін бірі жұндей түтті.

Павлов деген сержант басқарған бір топ жауынгер өздерінен бірнеше есе көп фашистердің шабуылын тойтарып, қорғап жатқан үйлерін немістерге бермей қойды. Фрицтердің Павловтардың қорғаған үйіне істемеген әрекеті жоқ. Минометпен де атты, бомбалап та жатты. Автомат пен пулемет оқтары ол үйдің үстінен үздіксіз жаңбырдай жауып тұрды. Бәрібір Павловтар жауға тізе бүкпеді.

Біздің батарея газет келсе-ақ болды: «Павловтардың халдері қандай екен?» — деп бір-бірінен сұрап жататын болды.

Сталинград маңайында қар жауып, салқын түсер мезгіл жетті. Ноябрь айының екінші жартысынан бастап күн керемет суып, қызыл шұнақ аязға айналды.

Біздің киімдеріміз жылы. Түнгі салқында окоптарымызға от жағып қоямыз. Сорлы немістерде жылы киім жоқ, біз оларды, тіпті, кейде түгелдей үсіп кеткен шығар деп те ойлайтынбыз.

Ноябрьдің онынан бастап біз өмірі көріп-білмеген бір ғажайыпқа тап болдық. Совет Армиясының жайласқан позициясына күн-түн демей қару-жарақ тасыла бастады. Пар ат жеккен арбалар, жүк машиналары үстіне соғысқа керек заттардың бәрін артып, дамылсыз ағыла бастады. Бүкіл майдан даласы снарядқа, гранаттар мен автомат оқтарына толып кетті. Мұндайды өмірі көрмеген бізде шаттықтың шегі болмай кетті. Еліміздің бір керемет шайқасқа құпия дайындалып жатқаны бізге айтпаса да белгілі болды. Жәшік-жәшік снарядтарды тау ғып үйіп тастады.

Төрт зеңбірегі бар біздің батареяға мыңнан аса снаряд алып келді. «Неткен молшылық!» — деп, біз өзара әңгімелесіп қоямыз. Ноябрьдің он тоғызынан жиырма біріне дейін жауынгерлер жақсы дем алды.

Мен кезекшілерді тексеруге окоптан шықтым. Ақырындап қар жауып тұр екен. Алдыңғы шептен әлсін-әлсін аспанға ұшып, жанып жерге түсіп жатқан немістердің ракеталарын көрдім.

Орнымнан тұрып, оң мен солымды шолсам, жердің беті зеңбіректерден көрінбей кетіпті: қатар-қатар тізілген зеңбіректер мен минометтер. Екі жүз метрдей жерде кескен дөңбектей болып, өмірі көрмеген жұп-жуан бірдеңелерді қатар-қатар тізіп тастапты. Одан сәл алыстау жерде қаптап кеткен «катюшалар».

Мен таңқалдым да Сухоруковті келіп ояттым. Екеуміз өзіміздің позицияға жақын көршілерді араладық. Маңағы мен көрмеген дөңбектей кеспелтектер миномет екен, жауынгерлер оны «ванюша» деп атайды екен. Олардың әрқайсысының салмағы бір центнерден артық үлкен бомбалармен парапар. Бәрі электрмен атылатын көрінеді.

— Мынау тура түссе, фрицтің бір саусағы да табылмайтын сияқты! — дедім мен Сухоруковқа.

Аяқ басарға жер жоқ. Керемет үлкен зеңбіректер қаз-қатар тізіліп қалыпты. Олардың маңында тау-тау болып үйіліп жатқан снарядтар.

Сухоруков маған қарап:

— Мыналардың бәрін фашистерге «сыйлыққа» жіберсек, Сталинградтан бір де тірі немісті таба алмай қалармыз.

Осы қару-жарақпен бірге келген жауынгерлердің киген киімдері: жылы шолақ тон, аяқтарында пима, бастарында мандайына жұлдыз қадаған көк құлақшын, қолдарында кенептен тысталған тері қолғап. Мойнындағы автоматтар да жап-жаңа. Киімдерінің бәрі ықшамды. Өздерінің өңдері де жақсы, екі беттері нарттай қып-қызыл. Шамасы, бұдан бұрын шайқастарға қатынаспаған Жоғарғы Қолбасшының резервінен келген дивизиялар болу керек.

Біз өз позициямызға оралдық. Капитан Медведев бізбен телефон арқылы сөйлесіп:

— Сағат 4-те тегіс тамақтанып, снарядтарыңды дайындап қойыңдар. Ертеңгі бес пен жетінің арасында фрицтердің сыбағасын береміз! — деді. Бір ескертетінім, зеңбіректерді тексеріп шығындар. Минутына 15 — 20 снарядты бір зеңбіректен ату оңайға соқпас. Бірақ сендерге сенемін. Сталинградтың солтүстігіндегі дивизиялар мен армиялар кеше жаппай шауылға шығып, немістерді 15— 20 шақырым шегіндірді. Ертеңгі кезек — біздікі. Дәу де болса, фашистердің күлін көкке ұшыратын шығармыз. Немістің күшті де атақты және тәжірибелі фельдмаршалы Паулюс. Ол бастаған 6-армияны қоршап алып, қырып тастасақ, біздің Отанымызға да, Совет Армиясына да үлкен абырой болмақ. Сау болыңдар! Сағат 4.00-де тағы сөйлесерміз! — деді.

1942 жыл. 20 ноябрь. Сағат түнгі екі. Кеше ерте жатып, бүгін таңнан тұрдық. Жауынгерлер асығып-үсігіп, киініп-жуынып жүр. Түр-әлпеттері сынық емес, тыныққан, жадыраңқы. Көңілдері көтеріңкі, беттерін әлдеқандай үлкен үміт лебі сүйіп, құлпыртып жібергендей. Жүріс-тұрыстары да пысық. Жүздерінде құпия бір қуаныштың белгісі бар. Мұның себебі екеу: біріншісі — соңғы бір-екі күнде жақсы тынығуы; екіншісі — үш күннен бері тау-тау болып үйіліп жатқан қару-жарақ пен сапқа тұрып тізіліп жатқан «катюшалар» мен «ванюшалар» және үздіксіз аспан көгінде бір түйіліп, бір құйылып, самғап жүрген советтің күміс құстары. Өлімге бел буып, толарсақтан қан кешіп жүрген солдаттарға одан артық не керек!

Жауынгерлер іске кірісті. Снаряд жәшіктерін ашып,

ішіндегілерін зеңбіректің қасына тәртіппен үйді. Бір уақытта төрт зеңбіректің төрт командирі де: «Дайынбыз!» — деп хабарлады, әр батареяның өз үлесіне тиген нысананың қашықтығын, бұрыш мөлшерін қайта-қайта айтып, түсіндіріп жатты.

Бір уақытта старшина: «Таңғы тамаққа!» — деп қалды. Бұрынғыдай емес, старшина ерекше көңілді. Аспазшылар да жайраң қағады. Біріншіге — ішіне ет салған борщ, екіншіге — картоп пен семіз еттен жасалған қуырдақ, 200 грамнан колбаса, 100 грамнан арақ.

Алып тұлғалы Федоров Сухоруков екеуміздің қасымызға келіп, өзінің ескі әдетінше қалжыңдап, арағын қолына алды да:

— Құрметті командирлер, мен сіздерді алдын ала болашақ жеңіспен құттықтағым келіп тұр. Бүгін шайқаста фашистің аш бөрілерін түк қалдырмай жоқ қып жіберу үшін ішейік!— деді.

Біз Сухоруков екеуміз қосарлана арақ құйған ыдыстарымызды жоғары көтеріп:

— Федоровтың айтқаны орындалу үшін ішіп жіберейік, — деп, барлық зеңбірекшілермен бірге арақты қағып салдық.

Кезекші телефоншылар да: Мен «Соколмын», «Орел» естіп тұрсың ба? Жақсы естіле ме? — деп штабтың телефоншыларымен қайта-қайта сөйлесіп, байланысты тексеріп жатыр.

Медведев Сухоруков екеумізді телефонға шақырып, жағдайды білді. Біз:

— Бәрі дайын! Ең бастысы солдаттардың көңіл-күйі көтеріңкі! — дедік.

Капитан:

— Қазір басталады! Бірінші нысананы 300-ден аса снарядпен атқылаңдар. Содан соң жаңа бұйрық береміз! — деді.

Сухоруков қол сағатына қарап жіберді де:

— Он минуты кем алты. Әркім өз орындарына барып, атуға дайындалыңдар! — деп, дауыстап бұйрық берді.

Дәл осы минутта зеңбірегінің қасында тұрған Федоров қолымен аспанды көрсетіп:

— Жолдас комиссар, аспанға қараңыз! — деді.

Мен жалт бұрылып, аспанды шола бастадым. Еділдің Қазақстан жағынан Сталинградқа қарай ұшып келе жатқан самолеттен аспан көрінбейді. Менің қуанғаным

сонша, жүрегім алып-ұшып, орнымда тұра алмадым. Федоров та, оның қарауындағы солдаттар да айғайлап, қолдарын шапалақтап жіберді. Сухоруков маған қарап:

— Мынаның бәрі де бомба тастаса немістен не қалар екен? Шіркін, садағаң кетейін, совет халқы. Осының бәрін істеп шығарған құрыш қолыңнан айналайын сенің! — дейді.

Сағат тура алты болғанда кезекші телефоншы капитан Медведевтің:

— Зеңбіректеріңді оқтаңдар! Атыңдар! — деген бұйрығын жеткізді.

Біздің зеңбіректермен қосыла, осы төңіректердегі барлық қарулар «сөйлеп» қоя берді. Ұшып бара жатқан «ванюшаларды» көзбен көріп тұруға болады екен: барлығы қатар түзеп, қап-қара дәу перідей, аспанда кетіп барады. Олармен қосарлана «үн қатқан» «катюшалар» аспанның астын қып-қызыл өртке айналдырып жіберді. Біздің зеңбіректер де ешкімнен кем қалар емес, көз ілеспейтін шапшаңдықпен атылып жатқан снарядтар бірінің артынан бірі ысқыра зулап кетіп барады. Түсіп жатқан жерінде не болып жатқанын кім білсін, осы қару-құралдардың тұрған даласының өзі адам жанын түршіктіретін гүрсілге айналып кетті. Үлкейткішімді алып, жау шебіне қарасам, дүние төңкеріліп жатқанға ұқсайды. Қап-қара түтін мен көкала жалынның ар жағында не болып, не қойып жатқанын тіпті де білуге болатын емес. Жер мен көк түгелдей тұтасып кеткен. «Жаудың үні мүлдем өшкен сияқты. Не пулеметтерінің, не зеңбіректерінің даусы естілмейді. Бәрі де қырылып қалған шығар! Әлгі артиллерия дайындығы мен бомбылаудан соң, фашистердің жаны жаһаннамға кеткен шығар», — деп ойладым. Мүмкін, біреннсаран тірі қалғандары да болар.

Ертеңінде қолға түскен тұтқындардан сұрастырсақ, біздің артиллерия дайындығымыз оларға ажалмен қоса рухани күйреуді де ала барған көрінеді. Немістер тізерлеп отырып, көкке қолын жайып, құдайдан: «Е, жасаған, мынау апаттан сақтай гөр!» — деп, тәңірге жалбарынып, бәрі үн қосып жылайды. Окоптарынан атыла шығып, жарылып жатқан снарядтардың астына қарай жүгіргендері де болыпты. Кейбірінің окоптан бас көтеруге де мұршасы болмапты.

Біздің зеңбіректер бұйрық бойынша дайындалған 300 снарядты атып болды. Көршілеріміз де атуды тоқтат-

ты. Немістердің алдыңғы шебіне қарасақ, тірі пенде жоқ.

Медведевпен телефон арқылы сөйлестік. Ол:

— Он минуттан соң фрицтердің екінші позициясын «сыйлаймыз». Алыстығын 2 шақырымға көбейтіңдер. Бұрышы бұрынғысындай! — деді.

Снаряд жәшіктерінің үстіне отырып дем алдым. Атамнан естіген әңгімелерім ойыма түсті. Атам былай дейтін:

— Баяғы жаугершілік заманында қанжығалы қарт Бөгенбай дейтін батыр болыпты. Ол өмірі ешнәрседен қорықпайды екен. Жекпе-жекке шыққанда, оған ешкім шыдамайтын болған. Күштілігі сондай, үлкен атан түйенің астына кіріп кетіп, көтеріп жүре береді екен. Үйретілмеген асау аттарды бір қолымен құйрығынан ұстап иіргенде, қандай күшті болса да доптай домалайтын көрінеді.

Бір күні үлкен соғыстан қайтып келе жатып, әскерлер айдалаға қонады. Тамақ жоқ, қарындары ашады. Жігіттер кездескен құдықтан су табады да қосалқы бір семіз атты соя ды. Шикі жей ме? Пісіру керек. Пісіруге отын жоқ.

Бөгенбай серіктеріне айнала қарап:

— Осы арадан көз көрім жерде, мана басына аят оқып кеткенбіз, сырғауылмен қоршалған зираттар бар. Біреуің содан қу ағаш алып келіңдер! — дейді.

Батырлар баруға беттемей, төмен қарайды. «Мен барам!» — деушілер шықпайды. Ол кезде адамның зираттан, аруақтан қорқатын кезі.

Ызаланған Бөгенбай батыр:

— Қорқып отырсыңдар ғой, су жүректер, өзім-ақ барайын! — деп, айбалтасын алып атына қарай жүре береді.

Бөгенбаймен түйдей жасты Жәнібек батыр: «Бұл Бөгенбайды бір сынайын», — деп қасына бір жастау жігітті ертіп, молаға қарай орағыта шауып кетеді.

Түн қараңғы. Көзге түртсе, көргісіз. Жәнібек аттарын зираттан алыстау жерге тұсап, өздері зиратқа келіп, молалардың арасына тығылып үлгереді. Көп кешікпей Бөгенбай да жетіп, беліндегі қыл арқанды шешіп алады да, моланы қоршаған қу ағаштарды арқанның үстіне салып, буа бастайды.

Сол кезде сыртқы киімдерін шешіп тастап, ақ көйлек-дамбалымен қалған Жәнібек дауысын өзгертіп:

— Аруақты қорлаған кімсің, дінсіз, — деп жағасына жабыса түседі.

Бөгенбай Жәнібекті бір қолымен кеңірдегінен алып, екінші қолымен беліндегі айбалтасын суырып:

— Өлі аруақ, сен түгіл, тірі аруақ біз де аштан өлейік деп жатырмыз! Басыңды алайын! — деп айбалтасын көтере бергенде, сасқан Жәнібек:

— Бөке, Бөке! Сабыр ет! Балтаңды таста! Мен Жәнібекпін ғой, сені сынауға келіп едім. Енді сенің ешнәрседен қорықпайтыныңа кәміл сендім! — деген екен.

Сол Бөгенбай қартайған кезінде, жас жігіттер: «Сізді қазақ қауымы қадірлеп: «Жеке батыр» деп атақ берген. Ешнәрседен қорықпайтын да көрінесіз. Сол рас па? — деп сұрапты.

Бөкең жігіттерге:

— Бір күні,— депті,— Көкшетау тауының бауырына біткен қалың ағаштарды аралап келе жатсам, бір оқ жылан үлкен қара тасты қақ жарып өтіп, жерге кіріп жоқ болды. Сонда, — дейді, Бөкең, — егер оқ жылан маған түссе, мені екі бөліп өлтіріп кетер еді-ау! — деп сезіктенгенім бар.

— Екінші бір ойымда қалғаны — Бурабай көліне суға түсіп, атыма мініп келе жатсам, Оқжетпестің биік шыңында ғұмырымда көрмеген үлкен ақиық бүркіт отыр екен. Бір саңқ етті де ұшып кетті.

Қанаттарының ұзындығы есік пен төрдей. Бір уақытта бүркіт бұлттардың арасынан шыға келіп, екі қанатын жиып алып, жайдың оғындай төмен самғады. Бурабай маңында жайылып жүрген көп жылқының біреуін іліп алып, көтеріп ұшты да, таудан асып көрінбей кетті. «Менің үстіме түссе де тұяғымен бір бүріп, өстіп алып кетуі мүмкін-ау», — деген үрейлі пікір келгені есімде. Міне, мен басқа адам баласынан да, жыншайтаннан да қорқып көрген кісі емеспін! — деген екен.

Ерте заманның осы бір қызық әңгімесі ойыма түсіп: «Бұл өтірік пе, шын ба, кім білсін. Халық қиялы шығар! Дегенмен, қазір осыған ұқсас заттар көп: біздің құрыш қиратқыш снаряд пен «катюшаның» оқтары тас түгіл, қалыңдығы төрт елі танкінің құрыштарын да тесіп кетпей ме? Оқ жылан біздің снарядтармен салыстырғанда, бытыра мылтықтың оғындай ғана емес пе!»— деп ойладым ішімнен.

Анау бомба тасығыштарда бір жылқы түгіл, жүз

жылқыны көтеретін күш бар. Ол заман мен бұл заманның айырмасы жер мен көктей. Әр заманның өзінің сана-сезімі, ғұрпы мен салты бар. Бұрынғы мен қазіргі соғыстағы батырларды да салыстыруға болмайды. Қазір білімді, техниканы меңгерген әдісқой адам ғана батыр бола алады. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз бар! — деп қилы ойға шырматылып отырғанда:

— Атыңдар! — деген қатты дауыс саңқ етті.

Өздеріңіз білесіз, бірінші атысымыз да күшті болып еді ғой. Ал мынау одан да бетер болды. «Катюша» мен «ванюшалардың» күркіреп, төңкеріле барып жау позициясына құлауына қарағанда, бұл атыс тіпті орасан болып кетті.

Біздің төрт зеңбірек те атысын мейлінше шапшаңдатып жіберді. Федоровтың зеңбірегінің стволы қып-қызыл болып кетіпті.

Бір уақытта, қайдан шыққанын білмейміз, біздің шептен толып жатқан «Т-34» және «КВ» танктері әуелі тізбектеліп жөнелді. Олардың соңынан қолдарында автоматтары бар жауынгерлер жүгірді.

Біз немістердің бірінші позициясындағы окоптарына қарап тұрмыз. Совет танктері жақындап қалды. Бір кезде Песчанка жақтан жер астынан шыққандай, немістің пулеметтері мен зеңбіректері біздің жаяу шабуылға шыққан әскерлерімізді ата бастады. Бірнеше танктерін де көріп қалдық. Біз: «Әлгі атқылаудан да аман қалғандар бар екен ғой!» — деп таңғалдық.

Сухоруков:

— Тылдағы әскерлерін әкелген болу керек! — деді.

Біздің жаяу әскерлерді тоқтатып тастаған жау батареясын жою керек болды. Медведев бақылау пунктінен біздің зеңбіректерге команда беріп атқылатып, жау зеңбіректерін құртып жіберді.

Бір сәт сартыл-гүрсіл тоқтап, төңірек тып-тыныш бола қалды.

Біздің жаяу әскерлер немістің бірінші алдыңғы шебін тартып алып, терең қазған орлармен жүгіріп жүр. Бастары ғана көрінеді.

Күн де кешкірді.

Ноябрьдің 21 — 22 күндері немістер өздерінің резервте тұрған танктері мен жаяу әскерлерін алдыңғы шепке алып келіп, үлкен қарсылық көрсетті.

Паулюс шегінуге қатты тыйым салып: «Бір адым

артқа шегінуге рұқсат жоқ!» деп бұйрық жариялаған көрінеді.

Біздің 64-армия командармы М. С. Шумилов өзінің оң қанатындағы қарулы күштерімен Гавриловка мен Варваровкаға шабуыл жасап жатыр. Ал біздің дивизия бағыты — Сталинградтың оңтүстігіндегі Песчанко қаласы.

23 ноябрьде біз қуанышты хабар естідік. Бұл хабар бүкіл газеттерде жариялана бастады. «Оңтүстік-Батыс майданының төртінші танкі корпусының жауынгерлері мен Сталинград майданы 36 механикаланған бригадасының жауынгерлері Советский хуторында түйісті»— деп хабарлады еліміздің бүкіл радиосы мен газеттері.

Бұл түйісу — совет халқын тамаша қуанышқа бөледі де, немістерді қайғының қара тұңғиығына батырды. Бұл жеңіс жалғыз совет халқын ғана емес, бүкіл прогресшіл адамзат баласының үстінен зілдей болып басқан қапастықтың қара бұлтын серпе қуды. Өр көкірек Паулюстің құйындай құтырған алтыншы армиясының түгелдей күйреуі күллі неміс қарулы күшінің сағы сынып, талабының тасқа ұрылғанын кең әлемге әйгілеп берді. Осы күннен бастап Совет Армиясының асығы алшы түсіп, тасы өрге өрледі де, неміс армиясының жігері құм болып, барған сайын кері кете берді.

Еділ мен Дон өзендерінің арасындағы немістің барлық қарулы күші қоршауға алынып, солдаттары тұтқынға түсті.

Ноябрьдің соңғы күндерінде қоршауда қалған немістер тар қысылымды бұзып шығуға Гитлерден жәрдем де сұрап жалбарынды. Осыған байланысты, Гитлер өзінің генерал-фельдмаршалы Паулюстен ақырғы сағатқа дейін берілмей соғысуды талап етті, кешікпей көмек көрсететінін де қатты ескертті. Сондықтан да қоршауда қалған неміс армиясының сілімтіктері бірнеше күндей қарсылықтарын тоқтатпауға тырысып бақты.

Дәл осы күндері совет жауынгерлері арасында: «Қоршауда қалған немістерді құтқаруға генерал-фельдмаршал Манштейн орасан жойқын күшпен келе жатыр екен» деген қауесет тез тарап кетті. Ол дұрыс та болып шықты. Манштейн үш танк, төрт атқыштар дивизиясын басқарып, немістің алтыншы армиясын қоршаған совет қарулы күшін талқандауға төніп келе жатты.

Ол кезде біздің артполк Сталинградтың оңтүстік батысындағы Паулюс армиясының әлсіреген бөлімдерімен қызу ұрыс жүргізіп жатқан. Бірақ дәл осы күндері, шынын айтсақ, Манштейннің атымен байланысты болған қауіп біздің бөлімдер үшін күн санап күшейе түскені де рас еді. Олар Сталинградқа 40 шақырым таяу келді. Бірақ одан әрі кете алмады. Генерал Р. Я. Малиновскийдің басқаруындағы екінші гвардиялық армия Манштейнді бүйірден ұрып, есінен тандырып жіберді. Манштейн өзі де қоршауда қала жаздап, бас сауғалап зорға дегенде қашып құтылды.

1943 жаңа жылды біз ерекше қуанышпен қарсы алдық. Өйткені Еділ жағасына келіп екі Дүние сілкілескенде, біздің ел адамзат баласының ата жауы — фашизмге өлтіре соққы берді. Еділге ентелеп келген жау еліне еңбектеп те қаша алмады. Есінен адасып, үсіптоңып өліп, тірі қалғандары қолға түсе бастады. Тұтқынға топ-тобымен алынып жатты.

Әрине, біз жаңа жылды қыстың шытынаған сары аязында жерден қазылған суық қамбаларда өткіздік, сол жаңа жылды атап өтуге қолымызда айта қаларлықтай ештеңе де бола қойған жоқ. Дегенмен, біз үшін бұдан жақсы жаңа жыл ешуақытта да болмағандай еді. Мұнда жаудың сөзсіз жеңілетініне көзіміз жетті. Осы күннен бастап қоршауда қалған неміс армиясының халі барған сайын нашарлай берді. Жаудың алқымына салынған темір бұғау барған сайын кішірейіп, оның тынысын тарылтып, кеудесіндегі шыбын жанын шығарып жіберу үшін қусырылып бара жатты.

Январьдың жиырмасы күні Қызыл Армия қоршаудағы жауды түгелдей құрыту мақсатында жаппай шабуылға шықты. Темір құрсау бұрынғысынан бетер тарыла түсті. Енді Манштейн жәрдемінің іске аспағанын сезген жау тұтқынға топ-тобымен емес, полк-полгімен түсіп жатты.

Бірақ, 29 январь күні біз тосыннан болған қолайсыз оқиғаның куәсі болдық. Жоғарыда айтқандай, топтобымен түсіп жатқан неміс әскерлері енді ешбір қарсылықсыз түгелдей берілетін шығар деген үмітімізді үзген жоқ едік. Кенеттен, түн ішінде, жанына ерген барлаушылар мен байланыс жасайтын жауынгерлері бар капитан Медведев асып-сасып кетіп келді де:

— Жігіттер, барлаушылардың айтуына қарағанда, Песчанка селосы жағынан бір топ неміс бізге қарсы

күшті шабуылға шығып келе жатқан көрінеді. Тездетіндер, кеттік! Батареядан шрапнельді оқ жаудырып, қырып салайық! — деді.

Біз тез жиналып, дайын болдық. Далаға шықсақ, күн түтеп тұр, түкірік жерге түскісіз үскірік. Сәлдеп кейін, тіпті, жел тұрып, қар жауып, бұрқасын боран да басталып жүре берді.

ЧТЗ тракторларына төрт зеңбіректі тіркеп, екі доңғалақты арбаларымызға снарядті толтыра салып, Песчанка селосына қарай жүріп кеттік.

Түн. Қап-қараңғы. Оған құтырған дүлей боран келіп қосылды. Осынша суықта еліре қалған немістерді табу оңайға түспейтінін сезіп, компасты карта арқылы тексеріп, Песчанканың координатын белгілеп алғам.

Батареяның ең алдында Медведев, Федоров үшеуміз, артында — Сухоруков келеді. Мақсат — солдаттардың боранда адаспауын қамтамасыз ету. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Бізден он бес шақырым ғана Песчанкаға жетудің өзі де оңайға түсетін емес. Федоров қол шамын етегінің астына жасырып жағып жарық қылады. Мен карта арқылы компасты тексерем. Тура келеміз.

— Песчанка таяу! — дедім капитанға. Ол да мені қостап:

— Мен де байқап келемін. Алыс емес. Дайындалу керек! — деді.

Мен қанша шаршап келе жатсам да, мырс етіп күліп жібердім. Өйткені, бұл маңда ешбір жаудың жоқ екендігіне көзім толығынан жеткен. «Өлуге қолы тимей жүрген немістер мынадай дүлей боранда қайдағы шабуылға шықпақшы?» — деп ойлағам. Осылай қорытқан ойымды арқау еттім де:

— Қандай дайындық болуға тиісті, жолдас капитан? — дедім, тағы да күлімсіреп.

— Сіз қызық екенсіз, жолдас лейтенант. Неменеге күлесіз? Біз аң аулап жүрген жоқпыз ғой. Немісті аткылауға дайындалуымыз керек! — деді. Мен оған қарадым да:

— Миы ашып, жынданып кетпесе, мынау құтырған боранда неміс шабуылға шықпайды. Бізге қарсылық көрсететін хал қазір оларда қалған жоқ! — дедім.

Боран бұрынғыдан да жаман күшейе түсті. Он метр жерден бір-бірімізді көре алмай қалдық. Үшінші зеңбіректі сүйреп келе жатқан трактор да тоқтады. Бәрі-

міз осы трактордың төңірегіне жиылдық. Тракторшылар көлігін жөндеуге кірісті.

Біз соғыс кезінде Песчанка селосының жер бетінен жоқ болып кеткенін жақсы білетінбіз. Ал оның қалың қар басып қалған үйінділерін мынадай боранда табу, әрине, өте қиын. Дегенмен, компас пен карта арқылы шамалап, сол Песчанканың маңында тұрғанымызды хабарлап едім, Федоров қуанып:

— Онда жүр, тауып келейік. Бүйтіп сандалып жүре берсек, адасып үсіп өлерміз. Талай қанды қырғыннан сау қалған ерлеріміз, енді бостан босқа суыққа тоңып өлсек, өкініші естен кетпес! — деді. Мен өзім де шаршап, тоңып тұрғаныма қарамастан, қалжыңдап Федоровқа:

— Өліп кетсең, өкінуге де үлгермессің!— деп күлдім.

Федоров екеуміз кетуге дайындала бастап едік, Медведев:

— Қайда барасыңдар? Адасып өліп қаларсыңдар! — деді.

Мен оған бұрылдым да:

— Жолдас командир, түні бойы Песчанканы іздеп сандала берсек, өлетініміз айдан айқын! Біз қателескенбіз, алдымен барлаушыларды жіберіп алу керек еді!— дедім де қолыма компасымды алып, желді боранға қарсы жүгіре жөнелдім. Федоров пен Хұсаинов та менің соңыма ерді.

Зеңбіректерден көп ұзамай-ақ алдымызда сорайған бір қара көрінді. Мен ақырын ғана сөйлеп «ананы қарандар!» деп, сорайғанды көрсеттім. Федоров көре салды да көп ойланбай:

— Бомбадан құламай, сау қалған пештің мұржасы шығар, — деді.

Мен Хұсаиновқа сыбырлап:

— Сен бүлк етпей осы арада тұр. Бірақ бізден көзінді айырма. Егер Федоров екеуміз немістермен атыса бастасақ, тез Медведевке хабар бер, — дедім де, Федоровты жаныма ертіп алып, жүріп кеттім.

Келсек, әлгі сорайған қара, Федоров айтқандай, пештің мұржасы екен. Үйдің қалдығы үйіліп жатыр. Әрірек жүріп едік, бәрі сол жанып кеткен, құлап қалған үйлердің орны, бірақ үстерін қалың күртік қар басқан. Енді осы арада Песчанка селосының болғандығына көзіміз толығынан жетті. Федоров екеуміз 200

метрдей тағы да алға қарай жүріп едік, үстін омбы қар басқан көп қамбаларды көрдік. Немістердікі. Ақырын еппен ішіне түсіп, қол фонарьмен байқап едік, ешкім жоқ. Екінші, үшінші қамбаларды да осылай аралап шықтық. Бірінде де тіршіліктің белгісі білінбейді.

— Жүр, кеттік, — дедім аға сержантқа.

Бұрылып кете беріп едік, Хұсаинов жүгіріп келді.

— Иә, саған не болды? Қайда барасың?

— Бик тоңдым бит, иптәш лейтенант. Просто бегайт етіп аяқларымны иылытып жүрнім, — деді.

Үшеуміз де асыға басып, батареялар тұрған жерге қайтып оралдық. Келсек, кейбір киімдері жұқалау солдаттар әбден тоңып, қалш-қалш етіп жүгіріп жүр. Медведевтің де мұртына мұз қатып, өзі дірілдеп тоңып тұр. Келісімен Песчанканың табылғанын, оның ар жағында немістің үсті жабық жылы қамбаларының бос тұрғанын баяндадым. Сөйттім де жігіттерді асықтырып:

— Ал кеттік! Батарея, бәрің алға жүріндер! — деп әлгі қамбалар жаққа бастап жүре бердім. Бәрі де соңыма ерді. Ұқыпты жасалған ең үлкен қамбаны тауып алып, ішіне секіріп түстім. Бұрышында темір пеш тұр. Хұсаиновқа:

— Снаряд салған жәшіктердің бір-екеуін босатып алып кел! — дедім.

Ол жәшіктерді сындырып, дайындап тез алып келді. Екінші бір солдат қамбаның үстіне шығып, темір пештің мұржасын ашып, қардан арылтты. Пеш қып-қызыл болып қызды. Жұрттың бәрі секіріп түсіп, жылынып жатыр. Көрші қамбалардың тағы біреуін осылай етіп жылыттық. Кейбір қамбалардың ішінде дайын отын да бар екен, соны жағып пешті маздата бастадық.

Төрт жауынгерден жарты сағат сайын ауысып отыратын кезекші қойдық. Шаршаған солдаттардың кейбіреулері қамба ішінде жылынған соң, қорылдап ұйықтап та кетті. Мені де тәтті ұйқы билеп әкетті.

Бір уақытта біреудің қатты айғайлап «атой» салған даусынан оянып кеттім. Орнымнан атып тұрдым да, жанымда шырт ұйқыда жатқан Медведев пен Сухоруковты ояттым. Далаға жүгіріп шықтым. Федоров өзінің солдаттарымен зеңбірегін солтүстікке бұрып, атуға дайындап жатыр. Біреулері жүгіріп, оқтарды тасып жүр.

— Не болып қалды, жолдас Федоров? — дедім. Ол:

— Жолдас лейтенант, көрмей тұрсың ба, әне фриц-тер қаптап келе жатыр! — деді.

Қарап жіберсем, адамнан жер қайысады. Тез бинокліміді көзіме тақап байқасам, немістер өте көп екен. Бірақ қолдарында ешбір қару жоқ, аяқтарын әрең басып, бір жүріп, бір тоқтап, ілбіп келеді. Бұлардың мынау жүрісінде ешбір жауынгердің де, шабуылдың да түр-нұсқасы байқалмайды. Мен Федоровқа:

— Жолдас сержант, тоқтай тұр, атпа!— дедім.— Мыналарда, мен көріп тұрмын, соғысатын мұрша жоқ. Қару-жарақтан да жұрдай. Бастарын бірдеңелермен орап алыпты. Кеше ғана «жеңілмейміз» деп жүрген «асыл қанды» тұқымның тәкаппар да паң ұрпақтары енді, міне, осындай мүшкіл халге душар болған. Нағыз көрден шыққан аруақтарға ұқсас!

Бұрылып арт жағыма қарасам, Медведев пен Сухоруков те дүрбілерімен оларға қарап тұр екен.

— Мыналардың, шынында да, соғысып береке шығаратын түрі жоқ. Тұтқынға қалай берілудің амалын ойластырып жүрген сорлылар ғой. Біз түні бойы әуре болып бұлармен соғысқымыз келіп жүрсе, бұлар қол көтеріп тұтқынға түсуге бізді іздеп жүр екен ғой! — деді.

Жүрістері тіпті өнетін емес. Шыдамы кеткен Федоров:

— Мынау иттерде аяғын басуға шама қалмапты. Барып қуып келейін, рұқсат етіңізіші, жолдас капитан? — деді.

— Сабыр ет, — деді капитан Федоровқа, — сен бұларды арқалап әкелмесең, қуып әкеле алмассың. Көрмей тұрсың ба, шынында да, бұларың лейтенант Қизатов айтқандай тірі аруақ. Одан да «қонақтарды» қабылдап алуға өзіміз барайық!

Мыңнан аса неміс «гвардиясына» біз қарсы жүрдік. Солдаттар автоматтарын қолына алып: «Бәрін қырып тастаймыз!» деп лепіріп жүр. Ал олар жетіп барған бізге мөлиіп, жыламсырап:

— «Русь, клеб? Рус, клеб?» — дейді.

Бастарына құлақшын кигені бірен-саран ғана. Тегі, олар офицерлері болу керек. Ал қалғандары басы мен арқасын қалың одеялмен орап алыпты. Тек мұрны мен көздері ғана шала-пұла көрінеді. Аяқтарында жазғы бәтеңке. Оларды сыртынан шинельдің жыртығымен балтырына дейін орап тастапты. Ішінде бір аяғын не-

містің көк шинелімен, екінші аяғын ақ шүберекпен орап алғандар да бар. Сөйтіп, екі аяғы екі түрлі көкек болып қалыпты. Мен:

— Жолдас капитан, мыналар құдды көкек қой! — деп едім. Капитан маған қарап:

— Қайдағы көкек. Ол әдемі құс қой. Бұлар құдды құзғындар емес пе? — деді.

Аштықтан ісінген бет-ауыздары суыққа үсіп те кетіпті. Кейбіреулері аздап орысша да біледі. Офицерлері болса керек. Ал тіл білмейтін солдаттары: «Гитлер капут! Гитлер капут! Шталин гут! Шталин гут!» — дей береді.

Офицерлері погондарын жұлып тастапты. Бірақ ықшамды етіліп тігілген киімдерінен олардың штурмфюрер, обер-штурмфюрер, хауп-штурмфюрер, штурманфюрер, зондер-фюрерлер екені байқалып тұр. Бұлардың осындай біріне бірі ұйқасатын атақтарын естігенде, Ақан сері бірде аттары бір-біріне ұқсас Шөбек балаларын мазақтай келіп: «Сауытбектің сары ала иттеріндей, бәрі ала» дегені менің есіме түсті.

Демек, бұлардың дәл қазіргі өздеріне туған сәтсіздік сағатында шындықты қаншама жасырып: «Біз пәленбіз, біз түгенбіз. Бәріміз де жұмыскерміз, жауыз Гитлер алдады!» десе де, киген киімдерінен, түр-нұсқасынан қан ішерлердің қай тобына жататыны айдан айқын болып көрініп тұр. Біз: «Кім болса, сол болсын, бұларды бізден басқа да тексерушілер табылар!» — деп ойладық та бәрін тобымен штабқа айдап баруға шешім алдық.

Медведев рация арқылы барлық жағдайды Василий Степанович Скубакқа хабарлады. Содан соң ол төрт солдатқа немістерді дивизион штабына айдап баруға бұйрық берді. Дивизион әжептәуір алыс — Бекетовкада болатын-ды.

Тапсырма алған солдаттардың кейбіреуі, ренжіп:

— Мына сұмырайлар аяғын да баса алмайды. Бекетовкаға қалай жеткіземіз. Бұларды айдап жүріп, өзіміз үсіп өлерміз! — дейді.

Екінші біреуі:

— Әй, сен қайдағыны айтады екенсің! Айғайлап, қойдай қуып айдаймыз. Ере алмағандары болса, осы иттердің бұты бір-ақ тиын емес пе, атып тастап кете береміз. Сонау Европаның ортасынан бұлар осында тойға келді деп ойлайсың ба? Елімізді талап, өзімізді өлті-

ріп, ұлымызды — құл, қызымызды — күң етуге келген жауыздар емес пе? Негізінен, бұлар жер алуға келді. Сол жерді беру керек бұларға, бірақ әрқайсысына екі шаршы метрден артық беруге жарамайды! — деді екіленіп.

— Жолда мына «тырылдағыма» жалынайын! — деп, үшінші жігіт өзінің автоматына бір қарап қойды.

Мен біздің солдаттардың бет алыстарынан сескене бастадым да:

— Жігіттер, айтқандарыңның бәрі де дұрыс. Бірақ біз совет елінің азаматтары, ерекше парасатты болуымыз керек. Қазақта «Таспен ұрғанды, аспен ұр» деген мәтел бар. Бұлар білсін совет адамдарының қандай екенін. Екіншіден, қолға өзі келіп берілген соң, қаншама жау болса да біз бұларды өлтіруге тиісті емеспіз. Ол ерлік те емес. Үшіншіден, біздер сияқты, бұлардың да үйлерінде ата-аналары бар, іні-қарындастары бар. Әуелде бұлар соғысқа өз еркімен емес, Гитлер мен Геббельстің бұйрығы бойынша келген шығар. Сталинград бұларды, менің білуімше, нағыз молда қылды. Енді аздап болса да осы иттерің ісіне қарап, ақ пен қараны айыратын болады. Сондықтан, жігіттер, ерлікті майдан даласында істейік, қолға түскен жауға — қатын да ер!— дедім.

Солдаттардың көпшілігі мені қостады.

Штабқа рация арқылы жағдайды толық етіп хабарлап, тұтқындардың халі өте-мөте мүшкіл, штабқа жете алуы да неғайбыл екендігін айтып едім, олар: «үлкен-үлкен шаналар мен жүк таситын тіркемелі арбалар жібереміз!» — деп жауап берді.

Немістерді әзірше күзете тұруға бар бөлімшені тастадық да, өзіміз соңғы бұйрық бойынша Бекетовкадағы «Стальгрестің» жанына барып тоқтайтын болдық.

Январьдың отызы.

Өте қуанышты күн! Фельдмаршал Паулюстің өзінің бүкіл штабымен тұтқынға алынғанын естідік.

Февральдің екісі.

Сталинградтағы немістің барлық әскерлері — Гитлердің мақтанышы — Паулюстің алтыншы армиясы түгелдей тұтқындалып, Еділ өзенінің арғы жағына өткізілгендігін естідік. Міне, Сталинградтағы жеті айға созылған үлкен соғысты, күллі адамзат баласының назарын аударып, бәрін терең ойға бойлатқан сұрапыл қанды шайқасты біз осылай аяқтадық.

ОРЕЛ — КУРСК ИМЕГІНДЕ

1942 жыл. Февраль.

Сталинградтағы соғыс бітіп, біз дем алып жатқан күндердің бірінде мені полктің штабына шақырды. Ешбір кідіріссіз штаб бастығы майор Федоровқа кірдім. Әскери тәртіп бойынша сәлем бердім де, майор нұсқаған орындыққа отырдым. Майор аяқ-басымды жақсылап бір карап шықты да хал-жайымды, батареядағы жағдайды сұрады. Содан кейін сәл ойланып болғаннан соң, маған бұрылып:

— Жолдас Қизатов. сен жаралы болып, емделуге кеткен Макарчукті білесің ғой? — деді.

— Жақсы білемін, талай қиын-қыстау күндерде нәкілы тар өткелдерден бірге өттік қой, — дедім.

— Білсең жақсы, — деді майор Федоров, — сол Макарчук жарасы жазылып, қайтып келді. Ол енді өзінің үйреншікті алтыншы батареясында, бұрынғы өз орнына батарея командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болғысы келеді. Демек, сенің орныңа отырғысы келеді, бұған қалай қарайсың?

— Жолдас майор, — дедім мен жұлып алғандай, — мынау айтқан жаңалығыңыз өте қуанышты. Біріншіден, Макарчуктің сырқатынан айығып, өз орнына оралғаны болса, екіншіден оның менімен орын ауыстыратыны қуаныш.

— Бәсе, бәсе, — майор сәл күлгендей болды. Анада, есінде бар шығар, төртінші батареяңа жібермегенде ренжіген болатынсың. Бүгін осы жағдайды да еске алып отырмын, жолдас Қизатов. Енді Макарчуктің де, сенің де тілектерің орындалатын болды. Сол өзіннің үйреншікті төртінші батареяңа барасың!

— Құп болады, жолдас майор! Бір кездегі өтінішімді әлі күнге дейін есіңізде сақтап келгеніңізге көп-көп рахмет!— дедім де, қуанып шыға жөнелдім.

Төртінші батареяның тұрған жерін білемін. Сол баяғы Бекетовка. Сталинград төңірегіндегі үлкен шайқастар аяқталған кезде бір рет барып қайтқам.

Мұнда командир — аға лейтенант Дмитрий Алексеевич Гридин. Бөлмесіне кіріп келдім де:

— Жолдас аға лейтенант, сіздің қарауыңызға взвод командирі етіп жіберді! — деп баяндадым.

— Бұл қуанышты хабар, — деді Гридин. Мен сені курс бітірісімен сұрағанмын. Бермей қойды ғой. Енді бірге боламыз! — Түрегелді де, қолымды қатты қысты.

Мен өте қуандым. Гридин ақжарқын, бауырмал адам. Екеуміз бірсыпыра көңілді әңгімелесіп, өткенкеткенді айтып, отырып қалдық. Бір уақытта барлаушы татар баласы Фатих Мұхамадиев кіріп келді. Келген бетте Гридин екеумізбен әуелі әскери тәртіппен асығып амандасты да, бас салып мені құшақтай алды. Мен де оны туған інімдей арқаға қағып жатырмын.

— Бик шәп болды. Жәлел абызи. Бізге командир болып келдінізмі! — дейді ол, шегінен шыға қуанып. Мен де оған:

— Шулай, енді, братишка. Сенің командирің болам бит, — деп қазақ-татар сөздерін араластырып оған жауап беріп жатырмын.

Фатих маған бір, Гридинге бір жалтақтап қарай беріп, бірденені айтуға бата алмай тұрды да, ақыры, аға лейтенантқа бұрылып:

— Жолдас аға лейтенант, мына Қизатов жолдастың бізге келгенін жаңа естіп, жүгіріп келдім. Жәлел менің ағам ғой. Менде аздап «көңіл ашқыш» бар. Ағамның келгенін жуып жіберсек қайтеді! — деді.

— Оның дұрыс болады, Федя, — деді Гридин Фатихқа күле қарап. — Жалпы, сен ұқыпты да үнемді жігітсің. Әкел, нең бар, шығар бәрін де!

Фатих Гридиннің де маңында інісіндей болып жүретін. Оның үстіне өзі жұртқа жағымды, достарына сүйкімді жігіт еді. Аға лейтенанттың қостау сөзін естіген ол қуанып:

— Қазір бәрі болады! — деп жүгіріп шыға жөнелді.

Мен ол келгенше Гридиннен батареядағы мән-жайды, ескі жолдастарымды сұрастыра бастадым.

— Жолдастарыңның бәрі де аман. Осында жүрген шығар. Олар сенің келгеніңді естімей жатыр, естісе-ақ жетіп келеді! Әсіресе, Мазманьян, Хомухо, Бондарев, Вялых сияқты ескі достарың сені әрдайым еске түсіріп отырады. Өткен жылдың аяғында белгісіз кеткен өзбек баласы Сұлтанның орнына Сұлтан деген құмық баласы келген. Одан басқа да бірнеше жаңа жігіттер бар, өзің әлі танысарсың олармен! Осыдан соң Гридин сәл ойланып отырды да, сөзін әрі қарай соза түсті. — Жәлел, саған ескертетін бір нәрсе бар: сен бұрынғыдай қатардағы солдат емес, лейтенантсың. Айтайын дегенім —

бұдан былай ескі жолдастарыңмен жай жақын-тату жүре бер, бірақ тым тығыз араласпа!

— Мұныңыз дұрыс ақыл, жолдас аға лейтенант, — дедім оны қостап. — Бұл айтқаныңызға көп-көп рахмет. Солай істеуге мен тиістімін де.

1942 жыл. 26 февраль.

Жоғарғы Командованиенің бұйрығы бойынша біздің бөлім жүк таситын поезға отырып батысқа қарай бағыт алып жүріп кетті.

Біз мінген отарба кешегі қанды шайқастың куәсі болған Сталинград пен алып Еділді артына тастап, болашаққа қарай жүйтки жөнелді. Біз де:

«Еділ, Еділ — туған анам,
Еділ — кария өзенім!»

деп көне Еділмен де, батыр қала Сталинградпен де қимастай, елжірей қоштасып кете бардық.

Бірнеше күн жүрдік. Түнде бір кіші-гірім селоға келіп поезд тоқтады.

Көп ұзамай бұйрық та келіп қалды. Орел — Курск имегі. Оның Брянск майданындағы екінші эшелонына келдік. Тағы да көптеген қамбалар мен орлар, жырақаналар мен окоптар қазуға кірістік.

Алдыңғы шепте көп өзгеріс жоқ. Анда-санда ғана екі жақ алыстан ататын зеңбіректермен біріп-бірі сәл мазалап қояды. Естуімізше, неміс фашистері июнь айында Орел — Курск имегінде жалпы шабуылға шығып, Сталинградта кеткен кегін алмақшы. Міне, осы сұрапылды тосып, қысты да өткіздік.

1943 жыл. 5 июль.

Біздің сол жағымызда тұрған бөлімшелеріміз түн ішінде артиллерия дайындығын жасады. Біз «не болып қалды?» деп түні бойы ұйықтай алмай шықтық. Кейіннен сұрастырып байқасақ, бұл біздің командованиенің немістің жоспарларын бұзу, алған бағытынан жаңылдыру мақсатымен істелген әдісі екен. Осының ертеңінде сол бағытта немістер көптеген «тигр» және «Фердинанд» танктерімен үлкен шабуылға шығыпты деп тағы естідік.

Июльдің сегізі күні біз де алдыңғы шепке барып орналастық. Июльдің он екісі күні таңертеңгі сағат бесте артиллерия дайындығы жүргізілді. Осыдан жаяу әскерлер бөлімдері шабуылға шықты.

Мазманьян, біздің взводтың барлаушысы Мельников, телефоншылар Хоменко мен Бондарев, мен — бәріміз өзіміздің 234-гвардия полкінің 2-батальонымен телефон байланысын жасауға жанталастық. Бір жерде біраз кідірдік те үлкейткіштер арқылы барлау жасадық. Неміс минометтері атқылай бастады. Мен картадан координатты анықтап алдым да Гридинге хабарладым. Ол:

— Тез атыңдар! — деп бұйрық берді.

Он снарядты бірінің артынан бірін жіберіп едік, жау минометтерінің үні өшті. Біз шабуылға шыққан жаяу әскерлерге ілесіп, қашқан немістің алдыңғы шептегі окоптарын басып алдық. Жау жағынан бірсыпыра шығын да болыпты.

Аға лейтенант Гридин бізге:

— Лейтенант Қизатов, аға сержант Мазманьян, барлаушы Мельников — үшеуің өзіміздің жаяу әскерлермен қосылып алға жүре беріңдер. Содан соң немістің екінші эшелонына барлау жасаңдар да, қандай күш бар екенін картаға түсіріп алыңдар. Түсірісімен тез маған хабарланңдар! — деді.

Біз төртінші ротаның жаяу әскерлеріп қуып жетіп, олардан немістің мән-жайын сұрап едік, жарытып ештене айта алмады. Содан кейін өзіміздің барлаушы екенімізді, қазір алға озып кетіп, немістерді барлайтынымызды, оны телефон арқылы батареяларға хабарлайтынымызды түсіндірдік.

Үшеуміз де бір құлап, бір жер бауырлап немістің алдыңғы шебіне кетіп барамыз. Біраз жүргеннен кейін Мазманьян:

— Сендер қалыңдар, оққа ұшып кетерсіңдер, өзім барып немістің алдыңғы шебін тексеріп келейін! — деді.

— Е, біз оққа ұшсақ, сен ұшпайсың ба? — дедім мен.

— Мен онай ұша қоймаспын! — деп күлді ержүрек Мазманьян.

— Сіздер екеуің де командирсіздер, мен барайын! — деп мына жақтан Мельников шыға келді.

— Жоқ! Не көрсек те бірге көреміз!— деп, мен бұйрық бердім.

Үйтіп-бүйтіп немістің төбесі жабық қамбаларына да жеттік. Мен Мазманьяннан сәл соңырақ барып едім, ол бір қамбаның ішінде жап-жас, әп-әдемі неміс баласымен сөйлесіп тұр.

— Мынауың кім?

— Жас бала ғой, өзі тұтқынға түскісі келіп тұрса керек! — деді Мазманьян.

— Қай тілде сөйлесіп тұрсыңдар?

— Армянша да, қазақша да біледі, көрдің бе, шашы, қасы қап-қара.

— Қой, рас айтасың ба?

—Ойнап айтам, мен бұл иттің тілін білмеймін ғой, сонсоң мұнымен тура армянша сөйлестім. Аздап қазақ сөздерін де қосып қойдым! — деп күлді.

Әлгі баланың шашы, қасы қап-қара екен. Жас шамасы сол он алты-он жетіден аспаған. «Тегі, Гитлер соғысқа кішкентай балаларды да жібере бастаған-ау!»— деп ойладық.

Өстіп тұрғанда, жаяу әскерлер ротасы да келіп қалды. Бәрі: «Тұтқынды көреміз!» деп қаптап кетті. Біз тұтқынмен әуре болып жүргенде, бізден шалғайлау жерде қаннен-қаперсіз селеңдеп жүрген Мельниковтың мойнына снарядтың ұшқыны тиіпті. Барсақ, жарасы өте ауыр. Басы денесінен бөлек сияқты, былқ-сылқ етеді. Тіл жоқ. Тез көлік шақырып алдық та санбатқа жібердік. Аяулы жолдасымыз тілі жоқ, тек жаудыраған көздерімен қоштасып кете барды.

Мен Мельниковты ойлап қатты ренжіп тұр едім, біздің дивизияның бір топ барлаушысы келіп:

— Жолдас лейтенант, фриціңізді бізге беріңіз, «тіл» іздеп жүр едік! Сізге көп-көп рахмет айтамыз! — деді.

— Григорий Григорьевич, осы фрицтің керегі қанша? Бұл иттің өлімі Мельниковтың жарасына ем болмайды. Одан да мына барлаушыларға берейік! — дедім.

Мазманьян фрицке біраз қарап тұрды да, аздап жұмсады-ау деймін, менің айтқаныма көніп:

— Жарайды онда, барлаушылар, алыңдар! — деді.

Барлаушылардың бастығы қуанып кетті. Белінгегі құтысын шешіп алып, біздің «керегі жоқ» дегенімізге көнбей, құтының қақпағына арақты толтырып құйып, маған ұстатты. Жанындағы барлаушылардан тағы екі құты қақпағын алып, Мазманьян мен өзіне құйды.

— Жолдас лейтенант, — деді ол, маған қарап, — сіз үшін, сіздің денсаулығыңыз үшін ішіп қояйық. Екіншіден, барлаушы — командирдің еститін құлағы, көретін көзі ғой. Сол барлаушылар үшін ішіп қояйық!

Үшеуміз де көтере салдық.

Біздің осы жатқан бағытымызда соғыс өзінің әдеттегідей үйреншікті қалпында жүріп жатты. Таңертең аздап атқыласып аламыз. Одан соң екі жақтың самолеттері бір-бірінің позициясын аздап бомбалап қояды. Кейде тар көлемде жасалатын кіші-гірім шабуылдардан да құр алақан емеспіз. Үлкен шабуылдарға, үлкен қырғынды шайқастарға үйреніп қалған біз үшін бұл тек аңдысу ғана.

Бірақ аңдысудың ар жағында тығылып жатқан бір құпиясы болады. Сол құпияны әрбір жүрек сезетін сияқты. Алайда оның алыс я жақындығы әлі белгісіз еді. Бір күні біздің артполк шабуылға шыққан жаяу әскерлер полкін сүйемелдеп, жау позициясының астан-кестеңін шығарды. 234-атқыштар полкі фрицтерді бекіністерінен үркіте қуып, жаудың үшінші позициясын басып алды.

Мені аға лейтенант Гридин шақырды. Келіп едім, жайып тастаған картадағы бір ноқаттарды көрсетіп:

— Міне, мына бір ноқат — жау позициясының бер жағында қирап қалған біздің танк. Бұл танк қазір біз үшін өте қолайлы дөңес жерде тұр. Осы жерден жаудың барлық позициясын алақанға салып қойғандай көріп отыруға болады. Бүгін түн көрпесін жамылып барындар да Мазманьян және Бондарев үшеуің осы танкінің ішіне кіріп алыңдар. Жау позициясын түгелдей анықтауларың керек. Түк қалдырмаңдар. Ол жерге рацияны дереу жеткізіңдер, сол арқылы жау жағдайын түгелдей хабарлап отырыңдар! Бұл, әрине, Қизатов, өте қауіпті тапсырма. Сендер қазір өлімге бара жатқанмен бірдейсіңдер, жау шебі сенен 150 метр-ақ жерде болады. Бәрі бақырып-барқылдап дәл қасында жүреді. Амал қанша, бұйрықтың аты бұйрық. Әрі бұйрықты өзіңнің «Батькаң» — гвардия генералы Александр Васильевич Кирсанов беріп отыр. Ал енді өте мұқият болыңдар. Жау сәл сезсе, танктеріңді жоқ қып жібереді. Азық-түлік, суды жеткілікті етіп алыңдар. Бақылауды телескоп арқылы жүргізіңдер! Әзірше қош бол! Сау оралуларыңа тілектеспін! — деді.

Мен Бондаревтер отырған қамбаға келдім, бұйрықты жеткіздім. Мазманьян да осында екен.

— Мынау әкелген бұйрығың, лейтенант, масқара қауіпті екен! Жау сезіп қалса, тұп-тура жағып жібереді! — деді Бондарев.

— Жақса жақсы ғой, — деді Мазманьян, — мен немістер біздің отырған танкімізді өздерінің сау танктеріне тіркеп алып, тұп-тура Берлинге, Гитлердің өзіне алып кете ме деп қорқам.

— Григорий Григорьевич, сіздің қалжыңыз қалмайды осы. Мынадай аса қауіпті тапсырма кезінде қалжыңның не керегі бар! Одан да сол тапсырманы ақылға салып, байыпты орындауға тырысайық та! Мысалы, біз танкінің ішіне кіріп отырғаннан соң сол танктен бақылау жасау үшін онда неміс барлаушылары да келіп қалса не істейміз? — деді Бондарев.

— Онда, амал нешік, — деі Мазманьян, — біз оларды гранаттармен, автоматтармен қарсы аламыз. Бірекі шыны жанар май ала барсақ та артық болмайды.

— Ал біз сонда сол танкінің ішінде 24 сағат отырамыз ба?

Қап-қараңғы түн. Алдыңғы шептегі өзіміздің атқыштар ротасының командиріне келіп мән-жайды түгел айттым. «Егер бізге қауіп төнсе, жедел жәрдем көрсетіңдер!» — дедім.

Ептеп басып жүріп келеміз. Немістің қол ракеталары бірінің артынан бірі аспанға көтеріледі де төніректі жап-жарық етіп жібереді. Ракета сөнісімен тұра жүгіреміз.

Танкіге жеттік.

— Сендер танкінің астынан окоп қазыңдар, мен жау жағын бақылай тұрайын! — дедім.

Танкінің біздің шеп жағында бомба қазып кеткен үлкен апан бар екен. Қазған окоптан шыққан балшықтың бәрін соған тасыдық. Танкінің ішіне кіріп, телескопті қалай пайдалану қамын жасадым.

Таң атты. Түні бойы кірпік қақпасақ та тапсырманы орындауға кірістік. Жау шебін түгел көріп отырмын. Немістер өздері үшін өте жақсы орналасыпты: ойпаңға сыңсып шыққан шілік пен тал шытырманы. Соның іші де толған терең жыраңаналар мен окоптар. Үш жүз метрдей арт жағында — қалың орман. Алдыңғы шепте үш пулемет, алты миномет ұясы. Одан әрі 1000 метрдей жерде үстін шөппен жасырған үлкен қамбалар. Немістер сапырылысып, жүгіріп жүр. Кейбіреуі асығып тамақ ішіп жатыр.

— Байланыс бар ма, Бондарев?

— Болғанда қандай, тіпті тамаша естіліп тұр!

—Хабарла Гридинге! «Аман-сау орналастық», — де!

— Құп!

Менің жанағы көргендерімнің бәрін Бондарев телефон арқылы хабарлады.

Тағы шола бастадым. Бізге тым жақын жырақаналарда жүзден астам солдат орналасыпты. Жау орналасқан орманнан тағы төрт зеңбіректі көрдім.

Осылардың бәрін Бондарев команда пунктіне тез-тез хабарлап отырды.

Зеңбіректер біз берген нақтылы мәліметтер бойынша жауды атқылауға кірісті. Мен үлкейткішпен бүкіл неміс позициясын түгелдей көріп тұрмын. Үстімізден өзіміздің зеңбіректердің оғы бірінен соң бірі ысқырып өтіп жатыр. Өз жағыңның қару-құралдан да, самолеттен де, танкіден де осындай үстемдігін көргенде майданның алдыңғы шебінде жүрсең де жаның жай табады.

Жау позицияларының қайда орналасқандығын түгел хабарлағанбыз. Сондықтан да біздің жігіттер асқан мергендікпен атуда.

Жаудың бағанағы пулеметтер ұясының бәрі де аспанға ұшты. Тіпті, аспанға ұшқан жау пулеметтері мен адам денелерін өз көзіммен көрдім. Бірінші пулемет көкке көтерілісімен-ақ Бондарев арқылы команда пунктінен:

— Кім атты? — деп сұраған едім.

Ол жақтан:

— Пулемет ұясын жойған Александров, — деп жауап берді. Соны естіп үлгергенше, қалған үш пулеметтің де бірінен соң бірінің тас-талқаны шыққанын көрдім.

— Тез атыңдар! Жау минометшілері қашайын деп жатыр! Сәл кешіксеңдер, құтылып кетеді! — деп хабарладық.

Снарядтар қардай жауды. Көбі қирады, бір машинаға тіркелген минометі ғана аман қалды.

Енді зеңбіректерін атқылауға кірістік. Ол жақта да дүние төңкеріліп жатты, бірақ жау зеңбіректерінің қаншасы қирады, қаншасы сау қалды, ол жағын анықтауға мүмкіншілік болмай қалды.

Біздің жақ енді жаппай шабуылға шықты. Қайдан шыға келгенін білмейміз, үстеріне бір топ автоматшыларды мінгізіп алған болат танкілеріміз жау шебіне қарай жөңкіле жөнелді.

«Уралап» алға кетіп бара жатқан жаяу әскердің өзі жер қайыстырады. Көз жетпейтін оң жағымыз бен сол

жағымызға үлкейткішпен қарасам, жапырыла қашқан жау, екілене қуған біздің жақ.

Бұл күні біз жиырма шақырым алға жылжыдық. Ол тек біздің дивизия учаскесіндегі ғана жеңіс. Ал сол күндері Орталық дала, Оңтүстік-Батыс, Батыс майдандарына қатысқан Совет Армиясының жойқын күші босып бара жатқан фашистерді ығыстыра қуып, танкілерімен таптап, зеңбіректермен жайратып, есін шығарып жіберіпті. Сөйтіп, Гитлердің «Сталинградта кеткен кегімді аламын» деген соңғы үміті де күл болып көкке ұшты.

Орталық дала майдандарындағы біздің Армия, тіпті батысқа қарай ұзап кеткенге ұқсайды. Оны білген біздің дивизия да алға қарай жылжи бастады. Бөгет шамалы. Немістер енді анда-санда зеңбіректерінен бірекі дүркін оқ атып, кейін қарай зыта беретін әдет шығарып алыпты.

Күні бойы жүріп, ақыры Павловка деген селоның жанындағы қалың орманға тоқтадық. Дивизион командирі майор Скубакпен байланыстық. Василий Степанович:

— Павловка селосына барлау жүргізіңдер. Немістің бағыт-бағдарын анықтаңдар! Егер селода жау жоқ болса, сонда барып орналасыңдар да, бізбен телефон байланысын жасаңдар! — деді.

Мен селоға Мазманьян мен Вялыхты жібердім. Олар көп кешікпей қайтып келді.

— Жолдас лейтенант, — деді Вялых, — тамаша бір сұлу келіншек көрдік!

— Сен, немене, үйленейін деп жүрсің бе? — дедім мен, — әлде мен сені сұлу қыздарды тауып кел деп жіберіп пе едім. Ол жауап бергенше Мазманьян сөйлеп кетті:

— Мұның айтып тұрған сол сұлуы біраз мәлімдеме берді. «Павловкада неміс жоқ, болса осы селоның батыс жағындағы төрт шақырым орманда шығар. Таңертең үйдің төбесіне шығып қарап едім, сол маңда жүрген немістерді көрдім», — деп айтты.

— Сендер неге шатырдан алыстан көргішпен байқамадыңдар! Келіншек құрлы болмадыңдар ма? — дедім. Мазманьян:

— Біз сізге хабарлауға асықтық... — дей бергенде, мен:

— Жүріндер, кеттік! — деп селоға қарай тұра жүгірдім.

Шеткі үйге келдік. Ешкім жоқ. Ыдыс-аяқ, төсек-орындары орнында тұр. Бақсам, үй иелері 150 метрдей жердегі терең қамбада тұрады екен. Мен жолдастарыма осы үйде болатынымызды, үйдің төбесінен бақылау жүргізетінімізді айттым. Үлкен окоп қазуға бұйрық бердім.

Қолында керосин лампасы бар әдемі келіншек кіріп келді. Әлгілердің айтқаны осы екен. Келіншек кіріп келді де Хомухо екеумізбен қол ұстасып амандасты.

Келіншек шынында да сұлу. Білегінің ақтығы жаңа аршылған жұмыртқадай. Алма бетінен нұр төгіліп тұр. Қап-қара қою шашын орап-орап, артына түйіп қойыпты. Нәркес көздері қарақаттай. Ақ күмістей кең мандайына қаршығаның қанатындай қиылған қасы жарасып тұр. Жасы 25-26 шамасында. Келіншек сөйлеп кетті:

— Жолдас лейтенант, сіздерді қанша күттік. Немістің бізге істемегені жоқ. Ылғи орманда тығылып жүрдік. Егер партизандар болмағанда, аштан өлетін едік. Малымызды да, жанымызды да Германияға алып кетті... Ал енді, — деді келіншек, сөзін жалғап, — лейтенант, жолдастарыңмен бізге қонаққа жүріндер. Қазір жаман емеспіз. Ішім-жемімізі бар. Көңіл көтеретін сусыннан да табуға болады! — деді.

Мен:

— Көп рахмет, кәрі кемпір мен жас баланың тиышын алуға болмас. Тамақтарың өздеріңе қажет болады, — дедім.

Мазманьян, Вялых және Хомухо үшеуі окоп қазуға шығып кетті.

Әйел жаныма таяу келіп отырды да, қолымды ұстап:

— Менің атым Ольга. Сіздің жасыңыз нешеде? Атыңыз кім? — деді.

— Менің атым қиын, айта алмайсыз! — дедім.

— Дегенмен айтыңыз?

— Жалел!

Ол:

— Жялил! — деп қайталады. Мен мырс етіп күліп жібердім.

— Неге күлесіз?

— Сіз қазақ атын айта алмайды екенсіз.

— Айтуды кейін үйренем ғой. Әйтеуір, бізге неміс болмаса болды! — деді.

Ол мені қолтықтап тұрғызды да:

— Жүріңіз, біздің кемпірге сәлем беріңіз, қуанып қалады. Қамбамызды көріңіз! — деді.

— Жарайды, біраздан соң кіріп шығайын. Сіздей сұлу шақырғанда, бармаған жігіттің өзі де оңбас! — дедім күліп.

Ольга: «Бәлденбей тез келсеңдерші!» дегендей үлкен көздерін тағы бір төңкеріп, шығып кетті.

Мен жігіттерге келдім. Олар:

— Жолдас лейтенант, келіншек нағыз сұлу емес пе, ә? — деп бір ауыздан шу ете түсті.

— Құдды Михаил Шолоховтың Аксиньясына ұқсайды екен. Қылығы да дәл сондай! — дедім.

— Е, жолдас лейтенант, қылығы да дәл сондай болса, құдай оңдады ғой! — деді Вялых.

— Әй, оңбаған, «Тыныҳ Донды» сен де біледі екенсің ғой.

— Лейтенант, мен оқымаған кітап жоқ! — деп күлді ол.

Күзетші етіп Вялыхты тастадық та, Ольганың қамбасына кеттік. Қамбаның іші үлкен бөлме сияқты кең. Есігі, сәкісі бар. Қабырғасын ескі көрпелермен шегелеп тастапты. Кемпір бізді көріп, өз баласын көргендей қуанып қалды. Ольга тездетіп біздің алдымызға кепкен балық пен бір құты самогонды қойды. Содан бәріміздің алдымыздағы стақандарға самогоннан құйды да шешесіне қарап:

— Мама, көп күткен ардақты қонақтар келіп отыр. «Осы құтыны Қызыл Армияның солдаттары келгенде ашамыз» деген сөзіңіз бар-ды. Енді жақсы бір тілек айтып жіберіңіз. балаларыңызға! — деді келіншек.

Кемпір көзінің жасын орамалмен сүртіп:

— Қымбатты балаларым, әрқашан есен-сау болыңдар. Ғұмырларың ұзақ, мерейлерің үстем, жауларың жермен жексен болсын! — деп, өз стақанындағы арақтан аздап қана жұтты.

Ольга тағы да құюға ыңғайланып еді, біз көнбедік, Далаға шықтық. Мазманьян мен Хомухо окоп қазуға кетті. Біз, Ольга екеуміз, осы арада тұрып қалдық...

Таң атқанша зеңбіректер взводтарымен де, Гридинмен де телефон арқылы байланыстық. Жаяу әскерлер

де Павловкадан 500 метрдей жерден окоптар қазып орналасыпты. Оларға да телефон сымын тарттық. Бір кісіден кезекші қойып, қалғанымыз дем алдық.

Таңертең ерте тұрдық. Гридин телефон арқылы қазір танкілердің шабуылы басталатынын хабарлады.

Бір уақытта сол жағымызға қарасақ қалың орманнан біздің танктер самсап шыға келді. Бағыты — жау жатқан орман. Аспанға қарасақ, біздің самолеттерден күннің көзі көрінбейді.

Немістер жаман састы. Қарсыласуға дәті шыдамай, быт-шыт болып тұра қашты Біздің зеңбіректер қашып бара жатқан жауға шрапнельден оқ боратты. Жаяу әскерлеріміз қас қағымдай мерзімде-ақ неміс позициясын басып алды. Жау тым-тырақай қашып барады. Енді бізге алдымызда қашқан жауды қуа беруден басқа міндет қалмады.

Өстіп, Орел — Курск имегіндегі соғыс тағы да үлкен жеңіспен аяқталды.

Неміс-фашист армиясының Орел — Курск имегіндегі қырғынға ұшырап күйреуі халықаралық жағдайды да жақсарта түсті, совет елінің абыройын да аспанға көтерді.

Мұнда Совет Армиясының генералдары мен командирлерінің соғыс өнерін жете білетіндігі дәлелденді.

Совет Армиясының жауынгерлері де ыстық-суыққа төзе отырып, ерліктің асқан үлгісін көрсетті.

Орел — Курск шайқасынан соң неміс фашистері есінен айрылып, күллі ой-арманының бәрінен жұрдай болды, үміті үзілді. Өткені — өкініш, болашағы түнек түнге айналды. Ол қайтып басын көтере алмады.

УКРАИНАНЫ БОСАТУ

Туысқан украин халқының еркінен айрылып, фашизмнің шырмау торына ілеккеніне екі жылдан асып барады. Еркін жатқан халыққа неміс тонаушыларының істемеген зорлығы, жасамаған қорлығы жоқ. Қылықтарына жан түршігеді. Олардың кішкентай нәрестелерді анасының қолынан тартып алып, жанып жатқан отқа тастаған да күндері болды.

Соғыстан бұрынғы гүлге оранып тұрған талай қалалар мен селоларды жер бетінен жоқ қылып та жіберді. Жас қыздар мен келіншектерді қорлап, ойына келгендерін істеді. Тарас Шевченко мен Леся Украинка, Ба-

жан мен Корнейчук сияқты ұлы жазушылардың асыл мұраларын отқа жақты.

Міне, адам төзгісіз қорлық көріп, ұшан-теңіз ерлік жасаған украиндық туыстарымызды неміс басқыншыларының қолынан азат ету сәті келді. Бұл біздің Армияның көңілдері көтеріңкі кезеңі болатын. Фашистерге соққы берген бірнеше жеңісті шабуылдан соң, біз Украинаға кіріп келдік. Олар бізді құшағын айқара ашып қарсы алды.

Совет Командованиесі әрбір бөлімнен екпінді топтар құру шешімін алды. Ол топтардың міндеті — қашып бара жатқан неміс солдаттарының қыр соңынан қалмай, мезгілімен тамағын да ішкізбей, үркітіп, батысқа қарай қуа беру. Бұл топтарға армияның әр түрлі құрамдарынан — атқыштардан да, артиллеристерден де, танкі жүргізетіндерден де, ұшқыштардан да — өжет те жігерлі, әсіресе, майдан ұрыстарына көп қатысқан тәжірибелі жауынгерлер алынды.

Осындай топ біздің батарея жанында құрылды. Топтың командирі етіп мені тағайындады. Құрамына аға сержант Мазманьян, барлаушылар Вялых, Бондарев, құмық Сұлтан, майданға жақында келген Браславский мен Фомин сияқты солдаттар кірді.

Гридин біздің топты жиып алды да, солдаттарға өз білгенінше ақылын үйретті.

Жолға үш күнге жетерліктей азық-түлік, оқ, граната алдық. Қолдарымызда — автомат.

Ойлы-қырлы дала. Топ-топ шоқтар. Ақ қайың мен терек тоғайлары. Біз өзімізден көп ұзап кеткен жоқпыз. Олар да артымыздан онша алыстап қалмай, жүріп келеді.

Украинаның Сумская облысының жерінде келе жатырмыз. Әзірше немістерді кездестірген жоқпыз.

Бір уақытта Мазманьян мені тоқтатты да:

— Жолдас лейтенант, менің байқауымша, осы маңда елді мекен бар сияқты. Барлау жасайық! — деді.

Алға жүріп кеттік. Екеумізде де үн жоқ. Мүмкін, ол өзінің туып-өскен Батумиын ойлап келе жатқан шығар. Бұл кезде біз көп жеңістерге жетіп, үздіксіз шабуылдарға қатысып, біраз сергіп те қалдық қой. Енді ойқиялға берілуге де аздап уақыт бар. Ал менің ойлағаным,— өзімнің Жалғызтау мен Көкшетауым, олардың

қалың бұйра қарағайлары мен аспандағы аймен сырласқан айдынды көлдері.

Керемет қалың да биік өскен жүгері даласына кез болдық. Биіктігі сондай, қандай биік адам болса да ішінде еңкеймей-ақ көрінбей еркін жүгіріп жүре алатындай. Біз, бірақ, қазір жүгерінің ішімен емес, жанындағы жолмен жүріп келеміз.

Кенеттен самолет дауысы естілді. Бәріміз қас қақканша жүгеріге де кіріп үлгердік. Біреуі дәл үстіміздің үлкен бомбаны тастап кеп жіберді. Жер сілкінгендей болды. Құлағымыз бітіп, көзіміз түк көрмей қалған сияқты. Үстіме бірдеңелер түсіп жатыр. Өзіме өзім: «Өлді деген осы шығар» деймін. Жермен жексен болып етпетімнен жатырмын. Есімді жиып, өзімді өзім байқасам, денемді басқан топырақтан басқа ешнәрсе жоқ. Қол-аяғым да сау. Сәл басым дыңылдап, құлағым шыңылдайды. Жараланған жерім де жоқ сияқты.

Бар күшімді жиып алдым да, орнымнан ұшып тұрдым.

— Мазманьян! — деп айқайладым. Ешкім жауап бермейді. Биік жүгерінің ішінде жан таласып, Мазманьянды іздеп жүгіріп жүрмін. Бір уақытта бомба қазған апанның жанына келдім де, зәрем кетіп, тұра қалдым. Шынын айтсам, өмірімде талай сұмдықты көрсем де, мынадай қорыққан емеспін: үсті-басы қып-қызыл қан, киімдері де дал-дұл, адам шошитын әлпетте, сөйлеуге тілі жоқ, өзімнің Мазманьяным жатыр.

Неше жерден жараланғанын білуге болмайды. Сол қолынын саусақтары ұшып кетіпті. Оң қолының бармағы жұлынып қалыпты. Киімдерін шешіп жіберіп қарасам, оң жақ емшегінің тұсынан бір түйір етті де жұлып әкетіпті. Оң аяғының жартысы не болғаны белгісіз, көрінбейді, қып-қызыл қан. Сүйектері талқандалып сынғанға ұқсайды. Оң жақ жауырынында адамның екі саусағы сыйып кетерліктей үңірейіп тұр. Майқұйрық та бірнеше жерінен жарақат.

Мен жаман састым. Не істерімді білмеймін. Тек:

— Гриша! Гриша! Тірімісің? — деймін.

Ол тілге келді. Мен ішімнен:

— Япыр-ай, мынау нағыз адамның арыстаны екен ғой. Осыншама жарақатпен сөйлеп жатыр! — деп ойлаймын.

Ол маған қарап:

— Жолдас лейтенант, — деді, дауысы әрең шы-

ғып, — көп жыл ащы өмірді бірге өткіздік... — ар жағына тілі келмей тоқтап қалды.

Мен есімді жиып, қалтамнан жара байлағыш шілтерді алып іске кірістім. Ең қауіпті деген жерлерін байладым. Содан соң гимнастеркемді шешіп жіберіп, өзімнің ішкі ақ көйлегімді жыртып, қалған жараларын байлай бастадым. Құтымдағы суды аузына тосып едім, біраз ішті.

Көзін ашып, тағы тіл қатты:

— Туған інімдей болып кетіп едің, Жәлел, мені ат, бір оғыңды қи! Құдай атымен сұраймын...

Көзіне көзім түсіп кетті, ақ бөкеннің көзіндей үлкен қара көздерінен жас сорғалап тұр.

Көңілім босап, өзімді өзім билей алмай, өкіріп жылап жібердім.

— Григорий Григорьевич! Сен менің туған ағамдай болдың, бауырымсың. Жанымдай жақсы көрген ағамды қалай өз қолыммен атамын! — деп бетінен сүйе бердім,

— Сен тірі қаласың, Гриша. Басың сау, жүрегің сау. Емделесің де жазыласың. Өзімізге қайтып келесің. Берлинді күліп-ойнап бірге аламыз! — деп жұбаттым.

Біздің кейінгі топтар да жетті. Олар жаралы болып жатқан Мазманьянды көріп, шошып кетті. Бондарев тез рацияны құрып жіберді. Мен Гридинмен сөйлестім. Мына жағдайды хабарладым. Гридин қатты ренжіді. Мен оған санинструкторларды тез жіберуін, байлауыш шілтерлерін және йод, басқа дәрі-дәрмектерді көп әкелуін өтіндім. Бомба бөлшектерін алып тастайтын қышқашты да ала келсін! — деп хабарладым.

Арбаға екі мықты ат жеккен санинструктор тез-ақ келіп қалды. Ол алып келген үлкен бір төсекті жерге салдық та соның үстіне Гришаны еппен жатқыздық. Киімдері мен байлаған шүберектерді алып тастап, санинструктор іске кірісті.

Ол укол салды. Көрініп тұрған бомба ұшқындарын алып тастады. Аппақ таза шүберекпен бүкіл жарасындағы қанды түгел тоқтатып, қалың етіп орап қойды. Барлық жігіттер еппен Гришаны арбаға салдық.

Санинструктор жүрер алдында маған:

— Жазылып кетуі мүмкін. Терең де қауіпті жара жоқ! — деді.

Мен арбаның үстіне шығып, қымбатты досыммен, талай шайқаста асқан ерлік көрсеткен, жауға салсаң

қайтпайтын Мазманьянмен қоштастым. Басын құшақтап, қайта-қайта бетінен сүйдім де:

— Хош бол! Тез жазыл, бауырым. Өзімізге орал!— деп, сөйлеуге онша мұршасы келмей, көзі жаутаңдап жатқан Гришаға тағы бір қарадым да арбадан түстім.

Мазманьянды жатқызған арба жылжып жүре берді, біз біразға дейін көз жазбай оның артынан қарап тұрдық.

— Мен енді тұтқын алмаймын, — деді Вялых қаһарланып, — қолға түскен неміс болса атып тастап отырамын. Мазманьянның кегін аламын!

Сөйтіп, бүгін біз өзіміздің ең жақсы жолдасымыздан айрылдық. Мүмкін, ол тірі қалар, бірақ әлгіндей көп жарадан соң қатарға оралуы неғайбыл.

Бәріміз алға қарай жүріп кеттік. Қараңғы түн. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Ешбір немісті де кездестіре алмадық. Қалың ағаштың ішіне тоқтап, от жағып, шай қайнатып іштік. Вялых пен Форминді таяу тұрған селоны зерттеп келуге жібердім. Сұлтан кезекке тұрды. Қалғанымыз ұйқыға бет бұрдық.

— Жігіттер келсе, мені оят! — деп тапсырдым Сұлтанға.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, әйтеуір, түн ортасында оянып кеттім. Қарасам, Вялых «жынды судан» аздап ұрттап алса керек, бірақ жақсы сөйлеп тұр.

— Жолдас лейтенант, — деді ол, — селода неміс жоқ. Селоны түгелдей тонап, барлы-жоғын машиналарына салып, кеше кетіп қалыпты. Селоның тұрғындары бізге жылап көрісті, көрген қорлықтарын айтып, ата-анамыздай еңіреді. Оның үстіне, өздері біздің жауды қуып келе жатқанымызды естіп, қатты қуанды. Қуанғандарының белгісі — бар-жоғын алдымызға жайып тастады. Аздап «жынды судан» да жұтып алдық!

— Сендерді араққа емес, — дедім мен, — барлауға жібергенмін. Соңғы рет ескертемін тапсырма уақытында арақ ішуді доғарыңдар. Оның ішетін өз уақыты болады.

Біз селолардан ат іздедік. Тұрғындардың айтуына қарағанда, Банички деген селода немістерден жасырып алып қалған колхоздың аттары бар көрінеді.

Жолдан бұрыс болса да, біз барып аттарды көрдік. Кілең бастарына жүген тимеген асаулар. Село адамдары:

— Сендерден аяйтын ешнәрсеміз жоқ! — деп бірне-

ше атты ұстауға жәрдемдесті. Ер-сайман да тауып берісті. Аттар кілең, қаз мойын арғымақтар екен.

Москвада жүріп атқа мініп көрмеген Вялыхқа қиын соқты. Ол: «Менің жаяу жүргенім артық», — деп қиқандап еді, мен оны:

— Денің сау ма өзіңнің, жаяу жүріп аттыларға қалай ермексің?— деп ұрсып тастадым.

Кузьма Вялыхты ең жуан қайқы бел қара биеге міндіздік. Ол бір қолымен ердің басынан мықтап ұстап алыпты, екінші қолы тізгінде. Ат сәл жели бастаса болды, қоқандап, аттан құлап кете жаздап, Вялых бейшара қатты қиналды. Оның үстіне үрей келіп қосылған соң мүлдем берекесі кете бастады. Біздің жігіттер Вялыхтың атқа отырысын және оның үрейленіп кеткен түрін көріп, қарқ-қарқ күледі.

— Жасымда баукеспе ұры болдым деп мақтанасың,— дейді оған Сұлтан,— қорқақ адам ұры бола ала ма?».

— Әй, оңбаған-ау, ұрының жолы бір басқа, мынау бір басқа емес пе? — дейді Вялых.

Неміс атқа мініп қусақ та жеткізер емес.

Біздің дивизия тура Чернигов қаласына қарай жөңкіле көшті. Бұл сентябрь айының бас кезі болатын. Менің қарауымдағы бес адамның бесеуі де ат үстінде. Қалың ормандардың арасындағы қисық-қисық жолдармен жүріп отырып бір үлкен алаңға тап болдық.

Үлкейткішті көзіме тақап, бәрін мұқият шолудамын. Алаңның оң жақ арғы бетінде мойындарына автоматтарын ілген төрт адамды көзім шалды. Әуелі немістер шығар деп ойлаған едім, кейін айқындап қарасам немістерге ұқсамайды. Жәй киім киген село адамдары немесе партизандар сияқты.

Вялых пен Сұлтанды солар жаққа жіберуді ойлап едім, Вялых менің үлкейткішімді алып қарап жіберді де:

— Мынау нағыз партизандар! — деді.

— Екеуің ағаштың ішімен барып, — дедім мен, — айқындап біліндер. Өзіміздің партизандар болса, құшақтасып амандасыңдар. Мән-жайды толық сұрандар. Немістің жағдайын да біліп алыңдар. Ал, егер олар партизан емес, жаудың адамдары болып шықса, үшеуін өлтіріп, біреуін «тіл» ретінде алып келіңдер! Тез жөнеліңдер!

— Құп, жолдас лейтенант! — деп, екеуі ағаш-ағаш-

тың арасымен шаба жөнелді. Мен де арттарынан қарап тұрмын. Төрт адамға жетіп те қалды. Атысу, қарсыласу жоқ. Керісінше, құшақтасып, сүйісе бастады. Содан ашық алаңмен, ешнәрседен жасқанбастан, тура бізге қарай жүрді. Біз де қуанып, аттарымызға қамшы бастық. Жетіп келдік те аттан секіріп түсіп, қол ұстасып амандаса бастадық. «Совет Армиясының командирі лейтенант Қизатов» деп өзімді де оларға таныстырып қойдым. Олардың біреу өзін:

— Барлаушы партизандар тобының командирі, Совет Армиясының капитаны Иван Козлов! — деп таныстырды.

Қызу әңгімеге кірістік. Козлов соңғы жылы жасаған ерліктерін тамаша әсерлі етіп айтып берді. Әсіресе, қоршауда қалған Паулюс армиясына жәрдемге бара жатқан Манштейн эшелондарын қалай-қалай құлатқандарын айтып, құлағымыздың құрышын қандырды.

— Шын ниетпен айтамыз, — деді содан соң Козлов, — біздің партизандарға қонақ болып кетіңдер!

— Иван Сидорович, қонаққа шақырғандарыңызға көп рахмет. Бірақ біз тапсырма орындап жүрген адамдармыз, бара алмаймыз! — дедім.

Козлов бізге немістің жағдайын хабарлады:

— Олар қазір Березна дейтін селоның жанынан өтетін тас жолға шеп құрып жатыр. Ал қазір сендерге ылғи жол көрсетіп отыратын адам қосып береміз. Біздің тұратын мекеніміз осы арадан үш-ақ шақырым. Сондықтан, жолдас лейтенант, соға кеткендерің дұрыс болар еді. Көп ұстамаймыз! — деді Козлов.

— Иван Сидорович! Барайық, бірақ сіз: «Бір сағаттан артық ұстамаймыз!» — деп сөз беріңіз!» — дедім.

— Құп! — деді Иван Сидорович.

Ормандағы партизандар қуанып, бізді зор қошеметпен қарсы алды. Байқасақ, мұнда үлкен лагерь. Қәрі аналар мен аталар , жас қыздар мен еркек балалар — бәрі осында. Ішінде 1941 жылы жаудың қоршауында қалып қойып, кейін тұтқын лагерьлерінен қашып шыққан совет жауынгерлері де көп екен.

Иван Сидорович бізді өзінің қамбасына кіргізді. Партизан командирлерімен таныстырды. Бір жастау партизанның омырауында Қызыл Ту ордені бар екен. Сол кісі Иван Сидоровичке бұрылып:

— Жолдас лейтенант бір сағатын сізге қиған екен.

Қалғандарымызға да бір-бір сағаттан қиып көңіл көтермей ме? — деп күліп қойды.

Сөйткенше болған жоқ, тамақ та келіп қалды. Дастарқанның үстіне тұздалған қияр, үстіне өсімдік майын құйған пияз, кепкен ет, қолдан пісірген нан, тағы толып жатқан дәмді тағамдар тізбектеліп жатты.

— Мынау құдалық тойында ғана дастарқанға салынатын дүниелер ғой! — деп таңғалды, осыншама тағамдарды көрген Хомухо.

— Асыққан өздеріңнен көр, әйтпегенде, осында семіз торпақтар мен бұзаулар да бар! Өкпелемеңіздер, бар мәзіріміз осы! — деп қойды Иван Сидоровичтің өзі.

Иван Сидорович өзінің алдына қойған арақты қолына алды да, маған қарап:

— Бірінші тосты қонақтар көтерсін! — деді.

Мен орнымнан тұрып сөйледім:

— Жолдастар, — дедім, — Бәріміз де совет азаматтарымыз. Бізде тілек те, жүрек те бір. Жерімізге келіп екі жыл әлекет салған жауыз жау енді ығысып қашуда. Жеңіс таяу. Бұл жеңісті миллиондар емес, миллиардтар шыдамсыздана күтуде. Осы жеңіске тым тез жету үшін алып қояйық, жолдастар! — дедім.

Менен соң Иван Сидорович Козлов тост көтерді. Одан әрі онша көп отырмадық, «бір сағат» деген уағданы бұлжытпай, нақтылы орындадық та партизандармен қоштасып жүріп кеттік. Күні бойы сар желіспен желіп отырып Березнаға да таяу келдік. Орманның ішінде аттарымызды тыныктырып, оттатып, өзіміз де тамақтанып алдық.

Өз тобымызға қосылдық. Көрген-білгенімізді түгел айттық. Вялых пен Сұлтанды Гридинге жібердім.

— Батареяны тура осы араға бастап алып келіңдер. Зеңбіректерге мынау өте қолайлы позиция екен! — дедім.

Біздің батарея мұнда ертеңінде келді. Жаяу әскерлер де, ормандардың ішіне кіріп, орналасып жатты. Мен Фоминді ертіп Березнаны барлауға кеттім. Жақындап келіп үлкейткішпен қарасам, қала толған біздің әскер. Келіп араласып кеттік. Тұрғындардан сұрасақ, кешегі қаптап жүрген немістер, бірі қалмай қашып кетіпті. Солдаттарында да баяғы өр көкіректік жоқ көрінеді. Тек: «Гитлер капут! Гитлер капут!» де-

тен сөздерді айта беретін сияқты. Ал офицерлері Геббельстің өтіріктерін қайталағанымен, оларды да тыңдап жатқан ешкім жоқ. Жалпы, Гитлер мен Геббельс бүкіл әлемнің алдында ғана емес, сонымен бірге өзінің туған неміс халқының алдында барып тұрған қарабет болыпты. «Өтіріктің құйрығы — бір-ақ тұтам» демей ме халық, мына суайттардың өтіріктеріне неміс халқы қашанға дейін сене берсін!

Біз өзіміздің батареяға қайтып оралдық. Олар да Снов өзенінен тез өтіп, Киев — Чернигов тас жолымен шегініп бара жатқан немістерді атқылауға бұйрық алған екен. Гридин маған:

— Жолдас лейтенант, сіз өзіңіздің «атты әскерлерінізбен» барлаушыларыңызбен — Черниговке баратын тас жолға барлау жасаңыз. Зеңбіректер қоюға, келе жатқан немістерді туралап атуға қолайлы жер болса, бізге дайындап қой! — деп маған бұйрық берді.

— Құп болады, жолдас аға лейтенант, — деп бұрылып кетіп бара жатыр едім, ол мені қайтадан тоқтатып:

— Бір ескертетінім: фашистер Гомельге баратын тас жолмен Любечке қарай да шегініп жатыр. Осы маңдағы немістің қарулы күшін де барлау керек. Менің білуімше, біз Днепрдің дәл Любеч тұсынан өтіп, Молошин мен Брагин селоларын жау қолынан босатуға тиістіміз. Одан әрі қарай Александровка, Юревич және Калинкович елді мекендеріне шабуылға шығуға тиістіміз! Сөйтіп, азапты өте көп шеккен Белоруссия халқына азаттықты ең бірінші етіп біз апарамыз!— деді.

Кешеден бері тынығып қалған аттарымызды ерттеп мініп, тағы жолға шықтық. Фатих та бізбен кетпек еді, Гридин оны «өзіммен боласың!» деп жібермеді.

21 сентябрь. 1943 жыл.

Біз желе жортып жүріп келеміз. Көп ұзамай Десна мен Снов өзендерінің қосылатын жеріне таяу келдік. Ар жағына өттік. Чернигов қаласының зауыттары мен фабрикаларының сорайған ұзын мұржалары да көрініп тұр. Мөлшері 20 шақырымнан аспайды. Бір сағат жүрдік. Тоқтап жан-жағымызға көз жібердік. Оң жағымызға қарасақ қаптаған біздің танкілер, орманнан шығып, тас жолға қарай кетіп барады. Үстерінде толған автоматшылар. Әріректе бірін-бірі басып-жаншып не-

містер де қашып барады. Олардың қару-құралдарынан, машиналарынан, танкілерінен де жер қайысады.

Жолдың шығыс жағына қарасақ тағы да самсап келе жатқан қарулы күш көрінді. Бұл — жауды тықсырып қуып келе жатқан Совет Армиясы. Вялых бұрылып маған қарайды да:

— Жолдас лейтенант, бұдан былайғы соғыс ылғи осылай болып өтсе рахат қой. Жау даңғыл жолға түсіп алып қаша берсе, біздің қалың армия оны тықсырып қуа берсе, одан қызық не бар! Біз мынау мәстектермен оларға ере алмай артта қалып қойсақ. Сөйтіп жүріп Берлинге қалай барып қалғанымызды білмей қалсақ! — дейді.

Мен өз зеңбіректерімізге осы маңнан, қолдан еккен ағаштың ішінен арнайы жабық позиция белгіледім. Бұл жерден Черниговтен Менаға баратын тас жол да алыс емес. Осы арадан Черниговті атқылауға да болады. Ал тура атуға Десна өзенінің арғы бетіндегі дөңес қолайлы. Екі тас жолдың екеуі де жақын. Немістер біліп қалып, алыстан атқылайтын зеңбіректерден оқ боратса, біздің бөлімдерге қиын соғатыны сөзсіз. Сондықтан, мен тез ауыстыра қоятын қосымша позиция да дайындап қойдым.

Вялыхты батареяға жібермекші болып:

— Тез жет, аға лейтенантқа картадағы біздің позициямызды көрсет. Үстіне жаяу әскерлерді мінгізіп алған танкілеріміз де тас жолға жақындап қалды. Осы тас жол үшін қырғын шайқас басталып кетуі ықтимал. Тез! Ұш! — дедім Вялыхқа.

— Құп! — деп, қара биесіне мініп, атқа енді-енді ғана үйреніп келе жатқан неме, қоқандап шаба жөнелді.

Көп ұзамай біздің батареяның зеңбіректері өзім белгілеген орманның батыс жақ шетінен позиция құрды. Сөйткенше болған жоқ, 234-гвардия атқыштар полкі жаппай шабуылға шықты. Алдымен біздің зеңбіректер «іске» кірісті. Фашистердің жүк әкетіп бара жатқан машиналары мен зеңбіректері төңкеріліп, танкілері де жана бастады.

Біз үлкейкішпен бәрін көріп тұрмыз: біздің снарядтар шошқа толтырған және үйрек пен қаз толған машиналарды төңкеріп кетіп еді, шошқалар мен қаздардың сау қалғандары жан-жаққа бытырай қаша жөнелді. Мен ішек-сілем қатып күліп алдым да, қолымдағы үлкейткішті «қара!» — деп, Вялыхқа бере қойдым. Ол қа-

рап жіберіп, менен бетер қарқылдап күлді. Фашист сорлыға шошқа екеш шошқа да бұйырмайтын болды-ау. «Ісі кер кеткеннің күші де кер кетер!» деген осы!

Тас жолдың бойымен батыс жаққа қарасақ, мұнда-ғы гүрсілдер, ананың жанында ойыншық. Төңкеріліп жатқан машиналар, жанып жатқан танкілер, құлап жатқан зеңбіректер, тым-тырақай қашып бара жатқан немістің жаяу әскерлері — бәрі де көңілімізді көтеріп, көзіміздің құрышын қандырғандай болды.

Тас жолдың үсті жау үшін жаһаннамға айналып кетті. Осыны сезген немістер енді жолдан шығып, ормандардың қойнау-қойнауына жалтара қаша бастады. Ол жақтан бізге қарай зеңбіректерінен оқ боратып, қарсылық жасауға да кірісті.

Аға лейтенант Гридин артиллерияның жабық позициясынан атуды мейлінше жақсы білетін, керемет мерген еді. Ол зеңбіректің құлағына өзі отырып, «соғыс тәңірісін» біраз зіркілдетіп еді, жау шебінің ұйқы-тұйқысын шығарды. Быт-шыт болып қаша бастаған жаяу фрицтердің үстінен боратқан шрапнель бытыралары да есер жауды есінен адастырып, қойдай жусатты. Жау жаралыларына да жәрдем бере алмай, үрке қашты. Біздің танкілер үстеріне жаяу солдаттарды топ-тобымен отырғызып алып, Черниговтің шеткі көшелеріне кіріп те үлгерді.

Бұл жер бетін қараңғылық жауып, ымырт жабыла бастаған кез еді. Соған қарамастан, қала толған немістер қарсы шабуылға шықты. Бірақ мұнда да береке таба алмады, бұрылып бытырай қашамыз деп жүргенде, танкілері мен зеңбіректері жан-жақтағы шалшықты батпақтарға батып, халдері бұрынғыдан да гөрі мүшкілдене түсті. Қашып барып орманға тығылған жаяулары тас жолдың үстіне автоматтан оқ атып жатыр. Қөріп қалған біздің зеңбіректер оларды тағы шрапнельмен жәукемдеп жіберді. Сөйтіп, «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» дегендей, немістерге басар жер, барар тау қалмады.

Әбден ызаланған жаудың бір топ танкісі не істерін білмей есінен айрылған соң, қаладан шықты да, тура біздің батареяға лап қойды. Тағы да қанды қырылыс басталып жүре берді. Бұл жолы атысқа бірінші зеңбіректің командирі Александров қызу кірісті. Ол үстеріне топ-топ автоматшыларды мінгізіп алған неміс танкілерінің үстінен шрапнель «жаңбырын» жаудырды.

Үстіндегілердің өлген-тірілгеніне қарамастан, жаудың «болат тасбақалары» алған бағытынан бұрылмай, біз-ге қарай төніп келеді.

Бұл жолы солдат Шевченко да тісін қайрауда. Шевченко да керемет мерген. Ол талай шайқастарда өзін көрсете білген. Бірде тылда болған кезімізде 1000 метрдей қашықтықта тұрған бір қара ағашты көздеп атып, қақ жарып түсірген.

Міне, сол Шевченко қазір бір зеңбіректің құлағына жабысып, жау танкілерін атқылауға дайындалып жатыр.

Бағанағы қарсы шабуылға шыққан неміс танкілері бізге қарай жүйткіп келеді. Лейтенант:

— Атыңдар! — деп бұйрық берді. Шевченко алдыңғы келе жатқан танкіні туралап ұрды: жалыны аспанға шығып, оның да үні өшті.

Екінші зеңбіректің снаряды ентелеп келе жатқан тағы бір танкінің шынжыр доңғалағын талқандады. Ол да шыр айналып, орнында тұрып қалды. Үстіндегі әскерлер секіріп-секіріп түсті де тұра қашты.

Қалған неміс танкілері біздің взводтың позициясын атқылай бастады. Бірақ оларды сол жағымызда тұрған зеңбіректер жандырып жіберді. Бұлардың сазайын беруші де — Александров.

Біздің бір топ Т-34 танкілері немістің қарсы шабуыл жасап келе жатқан танкілеріне тура ұмтылды. Неміс танкілері оларды көрісімен «байтал түгіл, бас қайғының» кебіне түсіп, тұра қашты. Бағыты — Днепр өзенінің маңындағы Любеч қаласы. Біздің танкілер оларды қуып бара жатыр еді, неміс танкілері не ойлағандары белгісіз, қайта оралып, біздің танкілерге қарама-қарсы, бетпе-бет шабуылға шықты. Аралары жақындап қалды. Жүріп келе жатып бірін-бірі атып келеді. Неміс-тердің үш танкісі жанып, бір танкісі орнында тұрып қалды. Біздің танкілердің екеуінен түтін бұрқ ете түсті. Біреуінің табанына оқ тиіп, шырқ айналды.

Қалғандары бір-біріне жақындай берді. Атысып келеді. Алдыңғы екі танкі біріне бірі сүзісетін бұқадай тап қойып, соғысып қалды. Неміс танкісі аударылып, құлап түсті. Біздің танкі де сол орнында тұрып қалды. Екі танкінің ішінен де танкистер шыға келіп, қолдарына пистолеттерін алып, жаяу соғысып атыса бастады. «Міне, қызық!» — деп біз қарап тұрмыз.

Пистолеттерінің оғы бітіп қалса керек, екі танкист

бірімен бірі айқаса кетті. Қайсының жеңгені белгісіз, екеуі де қолдарындағы өткір кездіктерімен бірін бірі жарып тастаған екен.

Біздің батареяның тура ататын позицияда тұрған зеңбіректері өз танкілерімізге көмек көрсету үшін жау танкілеріне оқ боратты. Неміс танкілерінің көпшілігі қирап, жанып, қалғандары зорға дегенде қашып құтылды.

Танкілердің күйрегенін көрген фашистердің жаяу әскерлері Черниговті тастап, батысқа қарай зытты.

Сөйтіп, Украинаның сұлу да үлкен қалаларының бірі Чернигов жау қолынан босатылды. Қаланың тұрғындары топ-тобымен келіп, бізге алғыс айтып жатты.

Біздің 76-гвардия дивизиясына осы жолы қаланы неміс басқыншыларынан ерлікпен құтқарғаны үшін «Чернигов дивизиясы» деген атақ берді. Барлық жауынгерлерге де Бас Қолбасшының бұйрығы бойынша алғыс жарияланды. Полк командирінің қолы қойылып менің атыма жазған жолдаманы оқысам:

«Гвардия лейтенанты Қизатов Жәлелге Чернигов қаласын жаудан азат етуде көрсеткен айрықша қызметі мен ерлігі үшін Бас Қолбасшы, Совет Одағының маршалы И. В. Сталин жолдастың 1943 жылдың 22 сентябрьдегі бұйрығы бойынша алғыс жарияланды» — деп жазылыпты.

Біздің Жоғарғы Командование әскери бөлімдерге жауды Днепрден өткенше де, өткеннен кейін де бір орнында тұрақтатпай, үздіксіз қуып есінен адастырып жіберу керектігін қатты ескерткен көрінеді. Бас Қолбасшының бұл бұйрығы мүлтіксіз орындалды. Жаяу әскерлермен араласып, Черниговтен Гомельге баратын тас жолмен жүріп келеміз. Немістің кейбір тірі қалғандары орманның ішінде жасырынып отырады да тас жолмен келе жатқан біздің армияға оқ боратады. Бірақ ондайларды біз қамап алып құртып жіберіп отырдық. Жол үстінде өз еріктерімен қол көтеріп келіп, бізге тұтқынға түскендер де көп болды.

Батарея жауынгерлері бұл күні Кувечичи деген селоға жақындап келіп қонды. Селода немістер көп екен.

Бұл — сентябрьдің аяқ кезі, қара жаңбыр құйып тұр. Мен Вялых пен Сұлтанды алып барлау жасауға кеттім. Үсті-басымыз суға малынды. Жаңбырдың тоқтайтын түрі жоқ. Жамылғыштарымыздан да пана болмай қалды.

Қала алыс емес, бірақ жау қолында. Үлкейткішпен селоны шола бастадым. Тым-тырыс. Бір үйлердің тасасына жасырып қойған танкілерді көріп қалдық. Көк киімді адам, өрмелеп, үйдің төбесіне шықты. «Бұл неге шатырға шықты?» деген ойға қалдық.

Сәлден соң жаңбыр толастап, күн ашыла бастады. Жарқырап, көк қожасы Күн де бұлт астынан шыға келді. Мен әлі әлгі үй төбесіне шыққан адамды аңдып отырмын. Сол кірген тесіктен күн көзіне жарқырап бір темір шығып тұр. Түсіне қалдым — пулемет! Әрине, жаңағы неміс біздің әскерлер селоға кіре қалса, оқ боратпақшы.

Күн кешкіріп барады. Орнымыздан қозғалмай әлі отырмыз. Шеткі үйдің бақшасының ішінде бір төмпешік тұр. «Бұл не?» деп үңіліп отыр едім, түлен әдейі түртіп әкелгендей әлгі төмпешіктен киімді екі адам шыға келді де жанындағы үйге кіріп жоқ болды.

Мен: «Бұл, дәу де болса, жерге қазып орнатқан танк, немесе өзі жүретін зеңбірек. Қайсы болса да біз үшін өте қауіпті. Үнін алдын ала өшіру керек. Село Днепрден алыс емес. Осы араны, мүмкін, немістер үлкен бекініске айналдырған шығар» — деп ойладым.

Қараңғылық түсті. Батареяға келіп, көрген-білгенімнің бәрін айтып бердім. Ол асығып, менің айтқандарымның бәрін дивизионның командирі Скубакқа жеткізді. Скубак менің барлау жұмысыма дән риза болып, полк командиріне баяндапты. Содан: «Бүгін түнде Қизатов селоның іші жақсы көрінетін жерден барып бақылау пунктін алсын. Сол жерден бізбен рация арқылы байланысып отырсын!» — депті.

Осы айтылғанның бәрін істедім. Бүгін түнді бақылау пунктінде өткіздім. Бәрін хабарлап отырдым.

Таң атты.

Бұл — 1943 жылдың 27 сентябрі.

Артиллерия дайындығы басталды. Оған келіп жойқын құрал «катюша» қосылды. Кувичи селосы қап-қара түтіннен көрінбей кетті. Кейбір үйлер талқандалып, аспанға көтерілді. Кейбір үйлер лаулап жанып жатты.

Біздің жаяу әскерлер шабуылға шықты. Танкілер де селоға қарай жөңкіле берді. Бағанағы бақша ішіндегі төмпешіктің тұрған жерін есептеп қойғам. Өзімнің есебім бойынша «атыңдар!» деп бұйрық бердім .Снаряд төмпешіктің дәл қасынан жарылды.

— Алыстығы да, бұрышы да жаңағыдай. Төрт снарядпен атыңдар! — деп бұйрық бердім.

Бірі ілгері, бірі соң түсіп жатыр, Қамбаның дәл үстінен әлі түскен жоқ. Гридинге хабарлап едім, ол:

— Тағы да атқыла! — деді.

— Қайталаңдар! Төрт снарядпен бұрынғы нысана бойынша дәлдеп атыңдар! — дедім.

Снаряд төмпешіктің дәл үстінен жарылды. Қамбаның үстіне жапқан ағаштары аспанға көтерілді. Мен жақсы білемін, мұндай дәл түскенде қамбаның ішіндегі зеңбірек те, адам да аман қалмайтын.

— Сендер атуды тоқтатыңдар! Өзі жүретін үлкен зеңбіректі жойдыңдар! Көп рахмет айтамын! Енді екінші зеңбірек атуға дайындалсын. Шабуылға шыққан біздің жаяу әскер селоға жақындап қалды. Кешегі мен көрген жау пулеметі енді «сөйлеп беретіні» сөзсіз. Ол пулеметті қалай атқылау есебін нақтылы да дәлме-дәл етіп шығарып бергем.... білесіңдер ғой... Менің бұйрығымды күтіңдер... Жау шебіне бұйрық пен снаряд бірдей жететін болсын!..

Шатырында пулемет тұрған шеткі үйге снаряд жетпей жарылды. Бізге жап-жақын. Алақанға салып қойғандай көрініп тұр.

Шабуылға шыққан совет танкілері де, жаяу атқыштары да екіге бөлінді. Бір бөлегі солтүстік-батысқа қарай бұрылып, селоны орағыта, жөңкіліп барады. Олардың селодағы жау әскерін қоршап алып жоқ еткісі келетіні бізге, әрине, түсінікті бола қалды.

Екінші топ селоға тура тартты. Кешегі өзім білетін шатырдағы жау пулеметі оқ бората бастады.

— Жау пулеметін атыңдар! — дедім.

Снаряд жау пулеметіне жетпей түсті.

— 100 метр қосып көзденді! Әрбір зеңбіректен төрт снаряд!.. Атыңдар!..

Снарядтар шатырдағы пулеметтің артынан да, алдынан да, оңынан да, солынан да түсіп жатыр. Бірақ дәл тиген снарядты көре алмадым. Дегенмен неге екені белгісіз, пулемет атпай, тоқтап қалды. Бір неміс төбеден секіріп түсті де, қаша жөнелді. Екінші немістің өлі-тірісі белгісіз. Әйтеуір қураған ағаш үй, лаулап тез жанып, шоқтан үйілген төмпешік болды да қалды. Мен: «Әлгі солдат та осы үймен бірге жанған шығар» деп ойладым.

Селоны алдық. Мен Гридиннің бұйрығы бойынша өзіміздің жер қайысқан әскерлердің алдыңғы тізбегіне қосылып, қашқан жаудың соңына түстім. Жанымда Вялых пен Фомин да бар.

Үшеуміз де салтпыз.

Менің астымда тортөбел арғымақ. Жануар Тортөбел де қаз мойын, қамыс құлақ әдемі жылқы. Дегенмен менің баяғы Аранжиріме қайдан жетсін! Ол соғыс «тілін» де, өмір «тілін» де түгелдей түсінетін, адамдай ақылды жылқы баласының сұңқары еді ғой. Міне, осындай көтеріңкі көңілмен шабуылға шыққанда сол сайгүлік жануарым есіме түсті. Жанымда қара байталдың үстінде қоқаңдап Вялых келеді. Аранжиріммен жүрген кезімді есіме түсіріп, жанымдағы әзер жүріп келе жатқан Вялыхқа қарағандағы менің әсерім қандай дейсіз, қып-қызыл күлкі!

Немістің машина үстіндегі жаяу әскері де, қалғанқұтқан танкілері де, құдды піл сиякты үлкен-үлкен аттарды жеккен артиллериясы да — Гитлерше айтқанда, Германияның ешкімнен де жеңілу дегенді білмейтін «Қарулы Күші» тас жолға түсіп, батысқа қарай тартып келеді.

Жақын орман қойнауынан кенет шыға келген бір топ совет танкілері өзі де үрейлене қашып келе жатқан немістерді одан бетер үрейлендірді. Алдыңғы тізбектері үрке ышқынып, шаңын көрсетпей кетті. Артындағылары әуелі тым-тырақай қашып, жанталасты да, кейіннен құтыла алмайтынын білген соң, қолдарын көтеріп, тұтқынға түсті.

Біз де сол тас жолмен алға тартып келеміз. Жанымда келе жатқан бір солдат:

— Жолдас лейтенант, жеңіс деген қандай жақсы. Жеңіс кезінде адам шаршамайтын көрінеді. Ал шаршаса, шаршағанын сезбейді екен! — дейді.

Күн кешкірді. Қараңғылық та қанатын жайып келеді. Любеч селосына да жетіп қалдық. Бұл село Днепрге жақын.

Барлаушылар жібердік, олар тез оралды. Любечте неміс жоқ екен. Село тұрғындарының айтуына қарағанда, немістің негізгі күші Днепрдің батыс жағына бұдан екі күн бұрып кетіпті. Совет Армиясын бөгеуге қалған күштерінің қалдықтары бүгін күндіз өткен көрінеді.

Бұл араның тұрғындары да бізді көріп қуанып қал-

ды. Әйелдері «нан мен тұз» дегендей, қолда барларын алдымызға тосып жатыр.

Көп ұзамай біздің батареядағы зеңбіректер взводы да келіп қалды. Селоға бөгелмей, Днепрді бетке алып, жүріп кеттік.

Мен бір балықшы шалдан екі қайық сұрап алдым. Немістерден қорқып ол шал қайықтарын шіліктің ішіне тығып қойған екен. Екеуі де жаңа қайық. Тесігі де жоқ, қаңсыған да емес. Қайықтарды арбаға салып, Днепрге жеттік.

Днепр! Өзендердің өзені! Ұзын да кең, тұңғиық та терең. Жойқын күшті толқындары солтүстікке қарай көшіп, жосылып барады. Суы көкпеңбек, ылайсыз, құдды теңіздің суы. Толқындары да теңіз толқындарындай сұрапыл, айбарлы. Толқынында тербеліп өскен Есіл мен Нұра да мұның тобығынан келмейтін сияқты.

Днепрдің кей жерлерінің жалпақтығы 1000 метрге жетеді. Екі жағы, көбінесе, тал мен шілік тоғайы. Міне, ақындар жырының арқауы болған, аты аңызға айналған Днепр осы. Немістер де өзінің ең соңғы қарсылығын осы алып Днепрдің жағасында жасады.

Біздің жігіттер шалдан қалап алған екі қайықты әлі де айналдыра қарап тексеріп жатыр. Мен болсам, әлі сол айбынды Днепр өзеніне қарап тұрмын. Украинаның данышпан перзенті Тарас Шевченко да бір кезде Каспий теңізінің толқынына қарап тұрып, осы Днепрге арнап өлең жазған жоқ па еді? Мен де өлең жазар едім, бірақ ақын емеспін. Шағын-шағын етіп күнделік жазғаным болмаса, басқа әдеби үлкен дүниелермен шұғылданбаймын.

Қалтамнан қойын дәптерімді алдым да:

«Сен, Днепр, екі жылдан бері азап шектің. Жау сенің намысыңды табанына таптап, суыңды лайлап, даңқы әлемдік халқыңды мазақ етті. Ұлыңды — құл, қызыңды күңге айналдырды. Сол ата жауыңды сенің қасиетті жеріңнен қууға келдік. Сондықтан, украиндарша айтқанда, «қасиетті Днепро», терең тұңғиығыңа батырмай, бізді аман-сау өткіз. Бізді өзің қорға, жебеушіміз бол! Сенің суыңды ыластаған қанипезер қас жауыңа — неміс фашистеріне лағнет оқы, қарғыс айт!»— деп жазып қойдым.

Кешкі тамақтан соң мені аға лейтенант Гридин шақырып алды:

— Жолдас лейтенант! — деді ол. — Тағы бір өте жа-

уапты бұйрық алдық. Сен түн көрпесін жамылып Днепрден өтуің керек. Осындағы тұрғындардың айтуына қарғанда, дәл біздің тұрған бағытымызда «Ескі Днепр», «Екінші Днепр» деген екі өзен бар көрінеді. Оның ескісі — бергісі, көлденеңі — 800 метр. Ал екіншісі — арғысы. Ол мынадан гөрі жіңішке. Міне, осы екеуінің арасы — арал. Ол аралдың көлденеңінің өзі — 10 шақырым. Сен алдымен, сол аралға өтесің. Бір дөңестеу жеріне жасырынып орналас та ар жағына барлау сал. Үлкейткішіңмен әрбір шаршы метрді шолып, Екінші Днепрге жеткенше таң да атып қалар. Немістер барлық күшін салып біздің жаяу әскерді атқылауы айдан анық. Міне, дәл осы бір жауапты кезеңде сенің міндетің — немістің пулеметтері мен миометтерін, зеңбіректері мен атқыштарының топтанған жерін дәл тауып, дәл көздеп, жойғызып жіберсең, осы бағыттағы бүкіл Совет Армиясының мерейі үстем болады, түсіндің бе?

Жаяу әскерлер Днепрдің ар жағына өтісімен сендер де өтіңдер. Бізбен негізгі байланыс рация арқылы. Оған қосымша, су бетімен телефон сымын тартыңдар. Сенімен бірге баратындар: Вялых, Хомухо, Бондарев, Сұлтан. Сол өзіңнің балықшыдан қалап алған екі қайығының біреуімен өтіңдер! Екіншісін бізге тастап кетіңдер. Қару-жарақты — патрон мен гранатаны көп алыңдар. Тамақтарың екі күнге жететін болсын.

— Құп болады, жолдас аға лейтенант! Өз позицияларың қайда болады? — дедім.

— Мен жаяу әскерлер арғы бетке өткенше зеңбіректер взводымен бірге боламын! Позициямыз, көріп тұрсың ғой, апау сол жақтағы шіліктер арасына орналасқан! — деді.

— Содан соң ол сөзін созып: — Бірінші взводтың екі зеңбірегін тақтаймен қосақтаған екі қайықты флоттың (кемешіктің) үстіне салып Днепрдің оң жағына өткіземіз. Өзім әрдайым солармен бірге боламын. Ол ойланып сәл тұрды да: — Сен, жолдас лейтенант, зеңбіректерге жабықтан тура ататын позиция белгілеп қой. Біз ар жаққа өткенше, екінші взводтың зеңбіректері қазіргі позициясында қала тұрады. Ол зеңбіректер немістер қарсы шабуылға шыққанда оларға төтеп беру үшін керек.

Мен:

— Дұрыс айтасыз, жолдас аға лейтенант. Жаяу әс-

керді жебеу — артиллерияның міндеті. Тағы бір ескертетінім: құрышты тесіп өтетін снарядты көп алыңдар. Неміс бізді Днепрден өткізбеу мақсатында танкімен шабуыл жасайтын болады. Сонда құрыш тесетін снарядтың кажеттігі арта түседі.

Жігіттерімді алып жүріп кеттім. Түн қараңғылығын пайдаланып, Днепрден өтуге ынғайландық. Вялых, Хомухо, Бондарев төртеуміз қайығымызға отырып, жылжып жүре бердік. Днепрдің түйдек толқындары қайығымызды шопақ құрлы көретін емес, қиғаштай қуып, сырғыта жөнелді. Толқынды толқын қуып келіп, қайықты қабырғадан ұрғылап жатыр. Заматта қайық суға да толып кетті. Мынадай долы өзенде бұдан артық қауіп бар ма? Біз жаман састық. Вялых екеуміз құтыларымызбен суды тез-тез төге бастадық.

Бірақ бір жақсы жері біздің Хомухо мен Бондарев, балықшылардың балалары болу керек, барып тұрған ескекші екен. Біз керемет шапшаңдықпен суды төгіп келеміз, ол екеуі қайықты желді күнгі қаңбақтай зымыратты.

Оң жағымыз да, сол жағымыз да қайыққа қаптап кетті. Олар осы бағыттағы біздің жаяу әскерлер бөлімдерінен екен. Аралға бәрінен біз бұрын келіп жеттік.

Есен-сау Ескі Днепрден өтіп, жарты аралдың батыс жақ жағасына Екінші Днепрге таяу бақылау пунктін құрдық. Телефон сымы жетпей қалып, байланысты енді тек рация арқылы ғана жасайтын болдық. Қамбалар қазып, жақсы бекініс жасадық. Түні бойы ұйықтаған жоқпыз. Ұдайы жер қазудамыз.

Біздің оң жағымызда, жарты аралдың құрғақпен қосылатын маңында, немістердің де позициясы бар сияқты. Қорқып, үрейлі болып қалған фрицтер позициясын қашып шығуға оңай жерге құрыпты.

28 сентябрь.

Таң сарғайып атып келеді. Әскерлер Екінші Днепрден өтпекші. Көп қайық өзен жағасына қарай жүзіп барады.

Жау шебіне қарап тұрмын. Екі пулемет ұясын көріп қалдым. Аралары алшақ емес. Олардың сыры айдан айқын: біздің қайықтағы жаяу әскерді жақындатып жіберіп, оқ жаудыру.

Мен Бондаревқа шұғыл бұрылдым да:

— Батареяға тез хабарла! Атсын! Жаяу әскерлері-

мізге қауіп төнуде. Ара қашықтығы мен бұрыш көрсеткішін анықтап айт. Туралап ұрсын! — дедім.

Бірінші снаряд жаудың пулемет ұясының оң жағынан 50 метрдей жерден барып түсті.

— Қашықтығын 50 метр солға, бұрышын — 002. Ат! — деп бұйрық берді.

— Екінші снаряд пулемет ұясының дәл қасына түсіп жарылды! Енді бірінші зеңбіректен төрт снарядпен тез атыңдар!.. Жақсы!.. Жаудың пулемет ұясы талқандалды!..

Осыдан соң біздің екінші зеңбірек тағы бір жау пулеметін жоқ қып жіберді. Пулемет қаупі азайғаннан кейін қайықтағы жаяу әскерлер жағаға тез шығуға аласұрып еді, амал қанша, ашуланып, өршеленген жау минометпен атқылай бастады. Біздің жаяулар мініп келе жатқан бір қайықты батырып жіберді.

Мен жанталасып немістің барлық алдыңғы шебін үлкейткішпен шолып шықтым, бірақ миномет ұясының қайда екенін таба алмадым. Немістің атқылауы мейлінше күшейіп кетті. Бір уақытта Кузьма Вялыхтың:

— Мен таптым, жолдас лейтенант, оң жақтағы топ шіліктің тасасында!— деді. Мен де қарап жіберіп: «Дұрыс айтасың, Вялых! Тез хабарла енді, атсын!» — дедім.

Немістер де аянбай атқылап жатыр. Біздің тағы бір-екі қайықты батырып жіберді.

Біздің зеңбіректің бірінші оғы жау минометінің үстінен өтіп кетті де, екіншісіне дәл тиді. Үндері өшті.

Енді көрші батареялар да барлық зеңбіректерінен жаудың жабық позициясын атқылай бастады. Жау отаны ойран-ботқа болды. Қайықпен өтушілер енді ешнәрседен қорықпай, бірінің артынан бірі жағаға шулап шығып, «уралап» алға қарай кетіп жатты. Днепр жағасы азан-қазан болды да кетті.

Ойламаған жерден немістер сол жақ бүйірден оқ боратты. Үлкейткішпен қарап жібердім де, жаудың ұясын тез таптым. Екеуі қосылып, менің айтуым бойынша, көздеп бірнеше дүркін оқ боратты. Ақыры ол пулеметтің де үні өшті.

Жаяу әскерлеріміз енді шайқасқа екілене, еркін кірісті. Жау бүркіт көрген қояндай зытты.

Жаудың жаяулары қашқанмен, алыстан ататын ауыр салмақты зеңбіректері бас ие қоймапты. Біздің жақыннан дәлдеп атып тұрғанымызды сезіп қалған фа-

шистер енді зеңбіректердің жабық позициясын атқылай бастады. Қауіп күшейе түсті.

— Жина рацияны! Жүр тез! Кеттік! — деп жолдастарыма айқай салдым да, жүгіре жөнелдім. Барып қалың шілікке кіріп жоқ болдық. Қайықты тауып алып, көтеріп суға салдық. Бет алысымыз — алдыңғы шеп. Немістің ауыр зеңбірегінің бір снаряды бізден жүз метрдей жерге барып, күмп ете түсті. Су аспанға атылды.

— Тездетіңдер! Иттер бізді біліп қалды! — дедім.

— Білгенімен, кешікті! Біз істерімізді істедік. Әрқайсымыз бір пулеметтен, бір минометтен құрттық, ол аз ба! — деді Вялых.

Тағы бір снаряд сол жағымыздан тіпті жақын түсті.

— Тездетіңдер! Қиғаштай қашыңдар! Қауіп күшті. Енді атса, құртады! — дегенімше болған жоқ, — дәл біздің қайықтың қасынан бір снаряд суға күмп ете түсті. Зәреміз зәр түбіне кетті. Бірақ, өзіміз қайран қалдық, әлгі снаряд жарылмай, суға батып кетті.

— Бұл немістің коммунист жұмысшыларының бізге берген жәрдемі!— деді Хомухо.

Ақыры, сөйтіп Днепрден аман өттік. Қалың шілікке кірсек, біраз жаяу атқыштар да осында жүр екен. Олардың рота командирі лейтенант Андреев менімен таныс еді, қуанып қалды.

— Бізді қолдаушы да, жебеуші де артиллеристер келді. Жігітсіңдер, достар! Рахмет сендерге! Манағы минометтер мен пулеметтерді сендер құртпағанда, біз ендігі Днепр балықтарының жеміне айналған болар едік! — деді.

Мен немістің алдыңғы шебіне үлкейткіш арқылы қарап, шолып тұрмын. Біздің тұрған қырқадан жау позициясы жақсы көрініп тұр.

— Батареямен байланыс қалай, Бондарев? — дедім.

— Өте жақсы, жолдас лейтенант!

— Олай болса, аға лейтенант Гридинге тез жеткіз: жау шегініп барып жиылып, топтанып, қарсы шабуылға шығайын деп жатыр. Әне, ар жақтарынан төрт танк келіп қосылды. Өздері тастап кеткен позициясын қайта алмақ ойлары бар. Алдыңғы шепке бірнеше зеңбіректі сүйреп әкеп орнатып жатыр! Тез хабарла!

Бондарев тез байланысып жіберді де:

— Жолдас лейтенант, Гридин екі зеңбірек алып біз-

ге қосылуға кетіпті. Қазір оны лейтенант Чернышев басқарады....

Біздің бірінші снаряд жау шебінен асып кетіп жарылды.

— Бұлары не? Алыстығы — 1000, бұрышы — 001. Атсын! — дедім.

Снаряд манағы мен көрген зеңбіректен 100 метр алыс түсті.

— Төрт снарядпен алыстығын 100 метр кем атсын! — дедім.

Төрт снаряд бірінің артынан бірі зулап өте шықты. Жау зеңбірегінің біреуі талқандалды, екіншісі де орнында тұр.

Жаяу немістер шабуылға шықты. Өте көп. Біз небары қырық-елуден аспаймыз. Олар жүзден де көп. Жүгіріп келеді. Алдында төрт танк. Мен бұрылдым да, Бондаревқа:

— Шрапнельмен атсын! Тез хабарла! Бұрышы мен алыстығын дәлдеп айт.

— Құп! Жолдас лейтенант! Бір рет атсын! — деді Бондарев.

— Бір снаряд не болады? — деді жанымызда тұрған рота командирі.

— Сіз ол жағын түсінбейсіз, жолдас лейтенант! Алдымен, бір-екі снаряд атып нысананы дәлдеп дұрыстап алады. Содан соң бірнеше снарядпен үсті-үстіне соққылайды! — дедім мен.

— Ә, кешіріңіз, жолдас Қизатов, біз сендердің артиллерия «тілін» қайдан білеміз! — деді ол.

Біз сөйлесіп те үлгере алмадық. Бірінші снарядтың өзі бір танктің үстінен түсті. Үстінде отырғандардың біразы сеспей кетті. Біразы құлап түсіп, тұра қашты.

— Бір зеңбіректен төрт снарядпен ұрсын! Алыстығы мен бұрыштығы бұрынғы. Сәл төмендеу алсын.

Біздің снарядтар танкілерден асып, жаудың жаяу әскерінің үстінен түсіп жатыр. Бірақ танкілері бізге таяу қалды.

— Вялых, — дедім мен, дайында гранатаңды.

— Ендігі кезек біздікі, — деді рота командирі.

Жүз метрдей таяу қалған танкі төбесінен жай түскендей тұра қалды. «Кім атты?» деп жан-жағыма қарасам, жаяу әскерлер ротасының жауынгерлері соңғы кезде шыққан «танкі атқыш» дейтін құралмен атқан екен. Рота командирінің манағы «кезек біздікі» деп

тұрғаны оларда осы құралдың болғандығынан екен. Екінші танкіні де сол ротаның бір жауынгері жер бауырлап барып шыныға құйған жанар маймен жандырып жіберді. Қарасам, біздің Кузьма Вялых та жер бауырлап кетіп барады. Мен оған: «Тез кейін қайт!» — деп айқайлап жібердім. Ол маған қарады. Содан ұшып тұрып кейін жүгірді де біз тұрған орға секіріп түсті.

Дұрысын айтсақ, дәл осы шайқаста лейтенант Андреевтің ротасы ересен ерлік көрсетті. Танкі атқыштарымен де, жанар май құйған шөлмектерімен де олар жау танкілерін жайратып салды. Немістің шабуылға шыққан төрт танкісінің төртеуі де өртелді.

Осы жердегі шайқаста біздің сол жағымыздағы 239 атқыштар полкінің жауынгерлері фрицтерге күйрете соққы беріпті деп естідік.

Оң жағымызға қарасақ, бір топ совет солдаттары бір немісті сүйреп әкеп орға түсіріп жатыр. Мен жүгіріп бардым.

— Осы бағытта немістердің қандай қарулы күштері бар? — деп сұрадым жаңағы немістен.

— Сендермен соғысып жатқан он екінші «СС» жеке батальоны. Тылдан келетін резервпен қосылып осы батальон шабуылға шығуға тиісті. Олар жоғарғы жақтан: «Не өліндер немесе бүгінгі тастап кеткен позицияларынды қайтадан барып алындар!» — деген бұйрық алды. Қызыл әскермен соғыспай, шегініп тайсақтағандарынды қолма-қол атып өлтіреміз! — деп ескертті»,— деді тұтқын.

Мен күліп:

— Сенің толып жатқан «СС» фюрерлерің солдаттарға оқтарын шығын қылмай-ақ қойсын. Біз өзіміз де жайпай аламыз оларды! — дедім.

Мен өзіміздің топқа қайтып келдім де, дивизионмен байланыстым. Немістердің қатты дайындалып, қарсы шабуылға шығайын деп жатқанын айттым.

Гридин батареясы жаққа кетіпті. Оларға тез Вялыхты жібердім. «Біз дайындаған позицияға орналассын! Жаңағы тұтқынның айтқанын түгел баянда! Мүмкіншілік болса, зеңбіректерді туралап атуға дайындап қойсын. Өз позициясынан бізге телефон сымын тартқызсын!» — дедім.

Бір сағаттай өтті. Немістің бомба тастайтын самолеттері аспан шабуылына шықты. Алды-артында оқ жыландай сумаңдаған «мессершмидтері» де толып жүр.

«Олар бомбылауға кіріссе, біздің сүйегімізді де таба алмас!» — деген сыбыс сөздер айтылып жатты.

— Қорыққанға қос көрінеді, жолдастар, — дейді Вялых. Бұл 1941 жыл емес, 1943 жыл екенін естен шығармаңдар!..

Вялых сөздерін түгелдей айтып та үлгере алмады, шығыстың аспанына қарасақ, біздің «як» пен «лак» және «миктер» самсап келеді.

Қуанып кеттік. Олар тура шабуылға шықты. Жаудың ең алдында келе жатқан екі бомба тастағышы ілезде-ақ жанып кетті. Қалғандары зәресі кетсе керек, бомбаларын бір шіліктің үстінен асыға тастай-тастай салып, бұрылып тұра қашты. Біздің қырандар қояр емес, арттарынан қуып жетіп тағы да екі бомба тастағышты жандырып жіберді. Қалғандары жер бауырлап ұшып зорға құтылды.

«Тигрлер» мен «фердинандтер» келе жатыр. Жай келе жатқан жоқ, біздің позицияны атқылап келеді.

— Көп емес, — деді лейтенант Андреев, — үш жауынгерге бір танк, бес фриц. Дайындалыңдар!

Снарядтары біздің қамбалар мен орларға жақын келіп түсіп жатты. Түтіннен де түк көрінбей кетті. Снаряд ұшқыны тиіп құлап жатқан солдаттардың да әр жерден ыңырсыған дауыстары естіледі.

Дұрысы, біз азайып қалдық. Неміс танкілері жақындап келеді. Дереу батареяға: «Атыңдар!» деп бұйрық бердім. Днепрдің арғы бетіндегілерге: «Шрапнельмен атыңдар!» — деп айқайладым....

Біздің батарея туралап атты. Алдыңғы үш танк тұрып қалды. Біреуінен жалын шықты. Артта келе жатқан жаяуларының үстінен шрапнель бытыралары қардай жауды. Біздің позицияға жетіп қалған танкілердің үстінен бірнеше неміс секіріп түсті де бізге қарай жүгіре жөнелді. Бірнешеуі автомат оғынан құлады. Орға жетіп үлгергендерімен қырғын төбелес басталды.

Біздің Вялых та ешкімнен кем қалар емес, біреуін автоматтың түбімен ұрып құлатты да, үстіне міне түсті. Еңгезердей біреуін мен дәл жүректің тұсынан көздедім. Сеспей кетті. Хомухоны бір зор денелі неміс тамағынан қысып буындырып өлтірейін деп жатыр екен, мысықтай қарғып жеткен Вялых оның сол жауырынының астынан кездігін сұғып алды. Неміс ордың ішіне сылқ түсті. Рацияны тастай салып, автоматпен іске кіріскен

күшті Бондарев те біразын жайратып тастапты.

Ұзыннан-ұзақ, ирек-ирек, терең жырақана етіліп қазылған кең ордың ішімен қалған немістер қаша жөнелді. Ол жақта да біздің жауынгерлер болса керек, әлгі немістер кері қарай қайта қашты. Біз оқ жаудырдық. Бір-екеуі құлап түсті де, қалғандары қолдарын көтеріп тұтқынға түсті.

Біздің қалған взводтар да Днепрдің оң жағына есен-сау өтті. Қарсы алдық. Қуанышымызда шек жоқ. Жолдастарымызбен құшақтасып, сүйісіп жатырмыз. Сырттан бізді білмейтін біреулер қарап тұрса: «Көптен бері көріспеген достар бірін-бірі қатты сағынып қалған ғой!» — дер еді.

Бірінші взводтың зеңбіректерін тура ататын, ал екінші взводты қалың шіліктің ішіне, жабықтан ататын позицияға орналастырдық. Бақылау пункті мен зеңбіректердің арасына байланыс жасадық.

29 сентябрь.

Бүгін Днепр де өзгергенге ұқсайды. Кеше біздің позициядан елу-алпыстай ғана адам өтсе, бүгін жүздеп, мыңдап өтіп жатыр. Днепр кешегідей сұсты емес. Суы да мөлдір және тайыз болып кеткендей. Кеше Днепр жаудікі еді, енді біздікі. Украинаның ұлы өзені қайтадан өзінің туған елінің меншігіне айналды.

Таң атысымен-ақ немістер тағы шабуылға шықты. Танкілері өте көп. Жаяуларынан да жер қайысады.

Қалай болған күнде де, немістер бұл шабуылды кешігіп жасады. Бүгін біз кешегідей емес, көппіз. Түні бойы жақсылап дайындалып алдық. Қауіп-қатер де кешегідей емес. Өзеннен есен-сау өттік. Әлі де өтіп жатыр. Оң жағымыз да, сол жағымыз да — өзіміздікі. Днепрдің оң жақ қабағын олар тас қамалға айналдырып жіберді.

Неміс танкілері жақындап қалды. Тіпті, қаптап келеді.

Олар: «Осы жолы Совет Армиясын жоқ қып жіберемізі!» деп ойлаған болу керек. Бірақ іс басқаша болып шықты, төңіректегі жүздеген батарея «сөйлеп» берді. Немістің болат «тасбақалары» қау шөптей жанды. Тіпті, қашып, сау құтылғаны бар ма, жоқ па? — өз басым оны айта алмаймын, көргенім жоқ.

Батарея — батарея ғой. Ал енді біздің «катюшаны» тыңдаңыз. «Катюшаның» «тілі» де, сөйлеген «сөздері» де неміске түсініксіз болып кетті. Манағы жер қайысқан әскері кірерге есік, шығарға тесік таба алмай қалды. Фриц келе жатқан кең дала өртке айналып кетті.

«Катюшадан» соң аспан «құстары» жау шебіне ұшып кетті. Алдыңғы шепте береке жоқ екенін білген олар тыл жағын талқандап жатты.

Енді қарсы шабуылға біз шықтық. Біз де де қолымызға автомат алып, жаяу әскерлерге қосылып кеттік. Жанымда Хомухо, Вялых, Бондарев және Сұлтан бар.

Біз қалың шіліктің ішімен келе жатыр едік, тығылып тосып жатқандары болу керек, немістер оқ боратты. Біз жата қалдық.

Бір уақытта қарасақ, Сұлтан жоқ. Хомухо мен Вялых шіліктің арасымен еңбектеп жүгіріп Сұлтанды тауып алды. Оққа ұшыпты.

Сөйтіп, міне, көптен бері жан жолдасымыз Сұлтаннан да айрылдық. «Сұлтан үшін фашистің жиырма бесін өз қолыммен өлтірмей тынбаймын. Кегін аламын Сұлтанның!» — деді Вялых жігерленіп.

Соғыс қыза түсті. Мен жүгіріп барып Бондаревтің қамбасына жата қалдым. Әдетте Бондаревтің қамбасы басқалардікінен гөрі кең болады. Өйткені, ол рация, радио үшін кең етіліп қазылады.

Түстен кейін саябырлаған соғыс кешке қарай өрши қойған жоқ. Түнді осы арада өткіздік те ертеңінде жаппай шабуылға шықтық. Ең әуелі аспаннан, содан соң зеңбіректер мен «катюшалардан» соққы берген соң, жау қанша қайсар болса да, бетпе-бет келіп ұрыса алмады. Керісінше, солдаттарының өлгендерін өлі, жаралыларын жаралы күйінде тастап, қаша жөнелді. Танкілеріміз арыстандай ақырып, қашқан жаудың ізіне түсті. Моторды ерттеп мінген жаяу солдаттардың соңынан артиллеристер де жүріп кеттік.

Брагин селосын азат еттік. Тұрғындарының бәрі белорустар екен. Қәрі-жасы құшақтарын айқара ашып, алдымыздан шықты. «Менің белорустардың тұрғын халқын бірінші көргенім, әдемі халық екен. Әсіресе, шіркін қыздары-ай! Аспандағы аймен таласқандай.

Фашистер хайуандығының Шыңғысханнан да асып түскені Белоруссия жерінде біз көзімізбен көрдік. Хатынь селосының барлық тұрғындарын — 149 ересек ада-

мын, 76 жас баласын мал қорасына қамап өртеп жіберген. Сол күні селода болмаған жалғыз шал ғана тірі қалған.

Александровка селосында фашистер бір әйелдің ішін тіліп жібергенде, құрсағындағы баласы жерге сылқ ете түсіпті. Оны көріп тұрған кемпір жынданып кеткен көрінеді. Бұл селоның жас қыздары мен балаларын «ормандағы партизандармен байланыс жасайсыңдар» деп топ-тобымен дарға аса берген.

Осының бәрін тұрғындардан естіп алғаннан соң, біздің жауынгерлердің жүрегін кек кернеді.

Таң ата артиллерия дайындығы жүргізілді. Содан жаяу әскерлер лап қойды. Олармен бірге біз де селоға ұмтылдық. Бондарев, Хоменко, Вялых төртеуміз батареяға хабарлап, немістің екі пулеметі мен көптеген автоматшыларын жоқ еткізіп жібердік.

234-атқыштар полкінің екінші батальонының штабы осы манда екен. Осы батальонның алдыңғы шебіне келдік. Батальон командирі отыздан асқан ірі денелі, өткір көзді адам. Әскери атағы — майор. Ол біздің келгенімізге қатты қуанды.

— Келіңдер, біздің өжет те мерген артиллеристер! Жау үстіне оқ жаудырыңдаршы, фашистерге жасаған әлекеттеріңді көріп, бір шаттанайын! — Бізге осылай мейірімді сөздерін айтып, тағы да сөйлеп кетті: — Жолдас лейтенант, анау шеткі үйді көріп тұрсың ба? Ол дәу де болса, немістің штабы немесе бақылау пункті. Мергендіктеріңді көрейін, сол үйді жандырып жіберіңдерші! — деді.

— Батареямен байланыс! — дедім Бондаревқа.

— Байланыс бар, бұйырыңыз, жолдас лейтенант!

Аға лейтенант Гридин атқылауға ұлықсат берді. Бұрышын, ара қашықтығын өлшеп бердім де:

— Атсын! — дедім.

Снаряд әлгі үйден 200 метрдей асып барып түсті.

— Екі жүз метрдей асып түсті! Дәлдеп атсын!

— Снаряд үйдің дәл қасына түсті. Бірақ үй сау қалды. Енді осы нысананы өзгертпей төрт дүркін атсын!..

Жаудың бақылау пунктінің тас-талқаны шықты.

— Рахмет, жолдас лейтенант! Нағыз мерген екенсің! — деді майор.

Біздің қарулы күш Александровка селосына анталап кіріп келді. Бірақ немістер де селоның мықты үйлерінің

тасасына жақсылап бекінген екен, жан аямай соғысып жатыр.

Алдыңғы шепке ұмтылдық. Бондарев пен Хоменко телефон сымдарын алға қарай жылжыта бастады. Алға кететінімізді Гридинге де хабарлап қойды. Үстіміздеп жауған оққа қарамай, бір жығылып, бір жер бауырлап, бір еңбектеп, ойпаңдау, сайлау жерлерді пайдаланып жылжып келеміз.

Көшеде өзіміздің бір солдат кездесті. Одан сұрап едік, ол: «Бұл селоны өлсеңдер де бермеңдер!» деп немістің генералдары бұйрық беріпті. Шегінгендеріп қолма-қол атып өлтіреді екен. Сондықтан бұлар қатты күресіп жатыр! — деп жауап берді.

Хоменко мен Бондарев екеуі дайын тұрған қамбаға барып, телефон арқылы Гридинмен байланысып жатты. Вялых екеуміз барлау жүргізу мақсатында шіліктердің арасымен алға жылжыдық. Селоға кіріп келдік. Үйлердің тасасымен жасырына жылжып, көшенің ортасындағы бір үйдің бұрышынан өте бергенде, оң жақ шынтағыма оқ тиді. Жасырынып тұрған бір фриц наганмен атқан сияқты. Жата қалдым. Қолымдағы пистолетім түсіп кетті. Оң жақ қолымның бәрі қанға боялды. Жеңімнің іші де қанға толды. Тегі, неміс пистолетпен тым жақыннан атса керек, оқ тиген шынтағым, әрі күйіп, әрі ашып барады.

— Кузьма, мынау үйдің сыртында, — дедім жанымда жатқан Вялыхқа, — жасырынған немістер бар, соларға оқ жаудыр. Менің жарам онша ауыр емес, оған қарама!

Ол оқ боратты. Мен бар күшімді жиып, пистолетті сол қолыма алып артымыздағы қауіпсіз үйге тұра жүгірдім. Вялых та маған ерді. Мен ағаш үйдің сыртқы қабырғасына сүйеніп, тығылып тұрмын. Қансырап қалсам керек, ешбір күш жоқ. Кузьма Вялых жанұшырып үйге кіріп кетті. Үйдің үстіңгі жағында мылтық дауысы естілді. Сәлден соң жүгіріп жаныма келді де:

— Шешіңіз тоныңызды! — Вялых жарамды орап, байлап жатыр. Өзі ызаланып, сөйлеп жүр. — Иттерден кекті алдым, жолдас лейтенант. Үйдің сыртында қазған терең ордың ішінде үш фашист тығылып, біздің жаққа қарап сығалап отыр екен. Тура сол жерден атсам, оғым тимейтін болды. Үйдің ішіндегі баспалдақпен тез шатырға шықтым. Қақ желкелерінен тырылдатып кеп жіберіп едім, екеуі сеспей кетті, біреуі ауыр жа-

ралы болу керек, өкіріп жатыр. Қазір сүйреп алып келіп бір жапырақтан кескілеп өлтіремін!— деп тұра жүгірді.

Еңгезердей бір немісті арқасына салып алып келді де, жерге сылқ еткізіп тастап жіберді.

— Қой, Кузьма қайтесің, өзі де өлейін деп жатыр ғой! — деймін Вялыхқа, оның неміске көрсеткен азабын көргім келмей. — Мынау жарам улап, ашып барады. Соған жәрдем ет одан да.

— Сабыр етіңізші, жолдас лейтенант! — Вялых неміс офицерінің басын көтерді. — Өй, мынау иттің баласының жерге жаңа тастап жібергенде, жаны шығып кеткен бе, немене?

Ол офицерді жұлқылай бастады. Кірпігі ғана қимылдайды. Автоматтан дыр еткізіп жіберіп еді, миы ағып жерге түсті.

— Сені пистолеттен атқан осы жауыз! — деді Вялых рахаттанып.

Бондарев пен Хоменко отырған қамбаға келдік. Олар менің жеңімдегі қанды көріп шошып кетті.

— Үрейленбей-ақ қойындар! Немістің бір оғы қолымды жырып кетті. Оның кегін мынау Вялых алып үлгерді: үш фашисті қатарынан жайратты, — дедім.

— Сымымыз бірнеше жерден үзілсе керек, Гридинмен байланыс токталды! — деді жігіттер.

Үстімізге жапында төрт солдаты бар батальон командирі кіріп келді.

— Менімен бірге бол дегенде, тындамай кетіп қалып едің, — деді майор Андреев ренжіп, — сен, Қизатов, ойнама, жақын жерден тиген оқ қауіпті болады. Тездетіп санбатқа бар! — деді.

— Ештеңе етпейді, пистолеттің оғы ғой, — дедім де, Вялыхтың үш офицерді қалай өлтіргенін айтып бердім.

— Мынауың қанішер екен ғой! — деп күліп ол Вялыхқа қарады. — Түрі сұсты екен өзінің!

Қанша ұйықтағанымды білмеймін, әйтеуір жақсы тынығып қалыппын. Жанымда Хоменко мен біздің батареяның атшысы Титов тұр. Олардың айтуына қарағанда, Бондарев пен Вялых майор Андреев келіп, селоға кетіпті. Немістер селодан шығып, ар жағынан жаңа позиция құрыпты. Гридин: «Қизатовты алып кел!» — деп Титовты жіберіпті.

Қараңғы түнде Титов мені санбатқа әкеле жатыр. Дала қауіпті: минаға тап басуымыз мүмкін. Бұдан сәл

бұрын ғана ұлпа қар жауып кеткен жерден минаны табу өте қиын. Алыстан екі адамды көрдік. Сөздері орысша. Олар да миналардан тазартылған жерлерді іздеп келе жатқан көрінеді. Ең алдына өзім түсіп жүріп келем. Титов: «Жолдас лейтенант, алға мен жүрейін!» — деп болмайды.

— Мені аяғаныңа рахмет, Титов, — деймін, — сен айтшы білсең. Қазір минаға тап болуың мүмкін. Қар басып, теп-тегіс етіп кеткен жерден өту — қанды шайқаспен Днепрден өтумен бірдей.

Бір арбаның ізі тап болды. Енді аздап тәуір. Бірақ, мұнда да жіңішке ізден бұрылмау керек. Ақыры, не керек, көлденеңі 200 метрдей мина төселген даладан әзер өттік.

— Құтылдық, жігіттер, бір қауіптен, — дедім. Жолай кездескен жігіттер маған рахмет айтты да өз жөндеріне кетті.

Полктің санитар бөлімшесіне келдік. Екі үлкен қамбаға орналасқан екен. Бастығы медицина капитаны әйел кісі. Ол жарамды жуып, әдемілеп байлады да:

— Жолдас лейтенант, Армияның әскери емханасына барасыз, — деді.

— Ал, қош-сау бол, Тито! Гридинге сәлем айт. Мені қайда жібергенін хабарла, — дедім. Титовтың оң қолын сол жақ сау қолыммен қысып.

Ертеңінде жаралы алты адам жолға шықтық. Жол бойы қарнымыз ашып, кездескен әскери бөлімнің азықтүлік қоймасына келіп едік бастығы бір ересен дархан егде адам екен, дорбаларымызды толтырып тамақ берді. Әрқайсымызға бір шыныдан арақ та әкелді. Жерге алқа-қотан жайғасып тамақ ішіп отыр едік, әлгі қойма бастығы:

— Ал, жігіттер, дайындалыңдар, баратын жерлеріне жүк машинасымен апартқызып тастайын, — деді.

Кешке жақын 61-армияға келдік.

Бұл жер алдыңғы шептен 160 шақырым Гомель облысындағы үлкен село екен. Мені өзгелерден бөліп, офицерлер жататын «палатаға» жіберді. Шаруаның үш бөлмелі үйі екен. Іші тап-таза. Төсек-орындары да аппақ. Үш бөлмеде тоғыз темір төсек. Қалың да таза көрпе. Үйдің іші де жылы.

Мұнда кілең офицерлер көрінеді. Мен келген бөлмеде жасы отызға жетпеген, келбетті капитан жатады

екен. Шаршап келген едім, таза да жылы үйде қатып ұйықтап қалыппын.

Ертеңгісін менің жаралы қолымды жақсылап тексерді. Дәрігер — медицина майоры:

— Оқ шынтақ буындарының арасымен өтіп кеткен. Қауіпті емес. Көп болса жиырма күннен соң майданға қайтып барасың! — деді. Мен қуанып кеттім.

Бөлмеге келсем, капитан Алексей Григорьев: «Биге барайық, Белоруссияның сұлу қыздарымен таныстырайын!» — деп еркіме қоймады.

Колхоздың кішкентай клубы лық толған халық. Ортасында бір офицер мен қыз билеп жүр. Майдан даласынан келгендіктен бе, менің көзіме Белоруссияның қыздары шетінен сұлу болып көрінді. Бәрі қаз мойын; ұзын бойлы, ақша қардай аппақ.

Әлгі екеуі билеп болғаннан соң, тағы бір қыз бен жігіт шықты. Мен үшін мұның бәрі қызық. Көзімді айырмай қарап тұрмын. Капитан: «Жүр, кеттік, лейтенат!»— деді. Кеткім келмеп-ақ еді, қолымнан тартып алып шықты. Бір үйдің жанына келдік.

— Қазір осы үйдің маңына екі қыз келеді. Сұлулардың сұлуы. Осы селоның ең мандай алды қыздары. Немістердің қолына түспеген. Бұл жерді фашистер алғанда, олар партизандармен бірге ағаштың ішінде жүрген. Талай шайқастарға қатысып, неқилы немістердің күтпеген жерден өмірін өшірген қыздар! Менің танысқаныма екі күн болды. Сөздері де, қылықтары да — әдемі. Оның үстіне әдепті де.

— Әйелің бар ма, Алексей? — деп сұрадым.

— Қайдағы әйел! Қазір 26 жастамын. Соғыстан бұрын кезекті армия қатарында болғам! — деді.

— Қай жерденсің, капитан?

— Омбы облысындағы Ишим қаласынанмын.

— Япыр-ай, кешеден бері неге сұрамадым екен, жерлесімсің ғой. Мен Петропавлданмын! — дедім.

Алексей мені құшақтап, сүйіп-сүйіп алды.

— Мен папаммен еріп Петропавлға талай барғанмын. Қазақтар бізде де көп. Ал менің кішкентай күнімде Ишимде үлкен ат базары болды. Сонда қазақтар арғымақ алуға көп келетін! — деп тағы құшақтап сүйе бастады.

Құшақтасып сүйісіп жатқан бізді көріп, қайран қалған қыздар жақындамай, анадайда тұр екен. Біз оларға қарай жүрдік. Амандастық. Таныстық. Біреуі — Нина,

екіншісі — Галя. Жастары жиырманың шамасында. Соғыстан бұрын онжылдықты бітіріпті. Өндері өте сұлу. Соғыс жылдары екеуі де ормандағы партизандарға аспазшы болып істепті.

Киімдері белорусша, кестелі көйлек, тоқыма костюм, күзгі пальто, аяқтарында жеңіл пима.

— Үйлерің қайда? — деп сұраған капитанға. Нина:

— Алыс, селоның шетінде. Сіздер жаралы, көп жүруге болмайтын шығар! — деп қалжыңдады.

— Жүре сөйлесейік, қымбаттылар! — деп едім, Нина күлімсіреп:

— Қарсылық жоқ, жолдас лейтенант! — деді.

Галяда әлі үн жоқ. Тіпті, бізге туралап қарамайды да. Бірақ капитан оларды еркіне қоятын емес. Қайдағы бірдеңелерді айтып, арасында күлдіргі әңгімелер де қосып, қыздарды күлдіре бастады. Нина шегі қатып, катты күледі, ал Галя езуін тартып қана жымияды. Сұрай қалсақ, қысқаша, тұжырымды ғана жауап берді. Ретін тауып:

— Туысқандарыңыз бар ма, Галя? — деп қалдым.

— Әкем бар. Партизаннан шақырып алған. Қазір осында есепші.

Қыздармен көп қыдырдық. Көп сөйлескендер де, көп күлгендер де Алексей мен Нина. Біз, Галя екеуміз, ұялдық па, әлде тәртіп сақтадық па немесе бір-біріміздің қатты ұнатып қалдық па, — әйтеуір, ақырын күліп, сыпайы сөйлестік.

Сағат он екіде қыздарды үйлеріне апарып тастадық та емханаға оралдық. Мен Алексейге:

— Сенің Нинаң жақсы екен: көп сөйлеп, көп күледі. Ондай қызды жаным жақсы көреді! — дедім, сөзімді екі ұшты қылып.

Ол маған қарап:

— Нина қашаннан менікі болып еді? Менің қызым Галя болуға тиіс-ті. Қалай десең де жол менікі: сен лейтенантсың, мен капитанмын. Оның үстіне — сен баласың, мен сенен үш жас үлкенмін, ағаңмын! — деп катты күлді.

Алексей клубқа кетті, мен үйге кеп ұйқыға шомдым.

Таңертең ерте тұрдым да формамды киіп, беліме пистолетімді байлап, үстелдің үстінде жатқан жаңа журналдарды қарап отыр едім, бір топ дәрігер кіріп келді. Басқа офицерлер, оның ішінде Алексей де қорылдап

ұйықтап жатқан. Кейбіреулері, тіпті, клубтан шаршап келіп киімдерімен де жата салған көрінеді.

Госпитальдың бастығы медицина полковнигіне ұшып тұрып, әскери тәртіппен сәлем бердім.

— Қай дивизиядансың? — деді полковник.

— Чернигов атындағы гвардия дивизиясынан, жолдас полковник.

— Бәсе, тәртіпті қатты сақтайтын адамның қолында болғандығың көрініп тұр. Командирлерің генерал Александр Васильевич Кирсанов емес пе? — деді.

— Дәл өзі! — дедім.

— Ол менің досым. Жақсы адам! — Полковник шығып кетті.

Мен таңертеңгі тамаққа бардым. Маша дейтін жас санитар қыз маған қалжыңдап:

— Офицерлер түні бойы қыздармен қыдырады да, таңертеңгі тағамға уақытында келмейді! — деді.

— Қателесесіз, Маша, — дедім мен, — қызбен қыдырғандар уақытында емес, тамаққа жалпы келмейді, Қыдырмағандар әрқашан да келеді.

Ол жымиды да, бұрылып кетті.

Мен госпитальге келіп үйге хат жаздым. Капитан да тұрып жуынды. Содан соң бір топ газет алып келіп оқи бастады.

— Жәлел! Днепрден жеңіспен өткені үшін көп адамдарға Совет Одағының Батыры атағын беріпті. Бері кел, қарайық, сен де осы сонда соғысып едің ғой. Указды оқы, мүмкін мұнда сенің таныстарың бар шығар! — деп Алексей қолындағы газетті маған ұсынды.

1944 жылы январьдың 15 күні СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланыпты. Онда:

«Командованиенің жауынгерлік тапсырмасын тамаша орындап, Днепрден өткенде көрсеткен асқан ерлігі мен батырлығы үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумы өзінің 1944 жылғы 15 январьдағы Указы бойынша төмендегі солдаттар мен кіші командирлерге, офицерлер мен генералдарға Совет Одағының Батыры атағы берілсін!» — деп жазыпты.

Тізімді басынан түсіп оқи бастадым. «А» әрпінде біздің аға сержант Александров жүр. Керемет қуандым. Жүрек жұтқан ер жүрек жолдасымды құшақтап сүйгім келді. «Г» әрпінде менің туған ағамдай болған аға лейтенант Гридин бар екен. Қуанғаннан айғайлап жібердім.

— Капитан керемет! Біздің батареядан екі кісі! Екеуі де менің туған бауырымдай жақын адамдар! — дедім.

— Әй, лейтенант! Мүмкін сен де бар шығарсың, «К» әрпін қарашы, тез! — деді.

«К» әрпінен көзім бірінші өзімнің «Батькам» — Кирсановқа түсті.

— Міне, біздің генерал, біздің «Батька», қараңыз, капитан! Бұл сондай тамаша адам, мұндай ұстазға екі жұлдыз берсе де көп болмайды! — дедім де, әрі жылжыдым. Тізімді әрі қарай оқи бердім. «Қизатов Жәлел — лейтенант» деген жолға көзім түсті. Жүрегім ойнақшып кетті. Не айтарымды білмей, төсегіме отыра кеттім.

Капитан:

— Не болды? — деп қолындағы газетті жұлып алды да: «Түсінікті!» деп, бес-алты секундтай ол да үнсіз отырып қалды. Содан құдды есінен адасқан адамдай «ура!», «ура!», «ура!» деп екі үш рет өте қатты айқайлап жіберіп, мені құшақтап, қайта-қайта сүйе берді.

Капитанның қатты айқайынан шошып кетсе керек, көрші бөлмедегі офицерлер кіріп келді де:

— Жолдас капитан, сонша қатты айғайлағаныңыз қалай? Не болып қалды? — деп ренжіді.

— Ойбай-ау, керемет қуаныш болып жатыр ғой. Мына тұрған менің ең жақын жерлесім, әрі інім лейтенант Қизатовқа Совет Одағының Батыры атағы берітіпті. Міне, оқыңдар, газеттен! Енді мен айқайламағанда, кім айқайлайды! — деді капитан.

— Міне, тамаша! — деп барлық офицерлер қолымды қысты.

Қайдан естігенін білмеймін, госпитальдың барлық қызметкерлері жетіп келді. Ең алдында полковник:

— Япыр-ай! — деді полковник арқамнан қағып.— Таңертең сізді білгендей мақтаған екенмін ғой. Жарайсың, жігітім. Бұл атағың енді біз үшін де қуаныш, біз үшін де мақтаныш.

Мен тік тұрып:

— Көп рахмет, жолдас полковник. Отан үшін қызмет етуге әрқашан да дайынмын! Менің жауынгерлік қызметімді зор бағалаған Коммунистік партияға рахмет! Совет үкіметі мен жоғарғы Командованиеге рахмет! Қасықтай қаным қалғанша Отан сенімін ақтай беремін деп ант етемін! — дедім.

Полковник мені өзімен ертіп алып кетті. Штабқа

барған соң, госпитальдың шаруашылығын басқаратын капитанды шақырып алып:

— Батырға барлық жағдай жаса! Бөлек үйге шығар. Керек заттардың бәрімен қамтамасыз ет! — деп бұйырды.

— Тоқтай тұрыңыз, жолдас капитан, — дедім де, бұрылып полковникке қарадым. — Маған ешнәрсе де, басқалардан бөлек жағдай да керек емес!

Полковник дауысын көтере сөйлеп:

— Батыр жолдас! Сізге керек болмаса, бізге керек. Сізді құттықтап үлкен адамдардың да келуі мүмкін. Сонда олар: «Жолдас полковник, батырға жасаған сыйсияпатың қандай?» — десе, біз не демекпіз.

— Кешіріңіз, полковник, — дедім, — олай болса, жалғыз жатып ішім пысып өлермін. Осында жолдасым әрі жерлесім бір капитан бар. Сол бірге болсын!

— Дұрыс оның! — деді полковник. — Досың бірге болсын!

Мен асығып бөлмеге келдім. Алексей шыдамсызданып мені күтіп отыр екен. Оған болған әңгіменің бәрін айтып бердім. Ол мейлінше қуанды.

Сол күні басқа пәтерге көшірді. Үлкен тап-таза бөлме. Еденге масаты кілемдер төсепті. Ортаға үлкен үстел, қабырғаға диван, тумбочка және бірнеше орындық қойыпты.

Кешкі тамақты өздері әкеліп берді. Бір шыны спирті тағы бар. Спиртті көріп Алексей қуанып кетті. Біреу спиртті жұлып алып тұра қашатындай, менің колымнан қағып алып, жанындағы кішкентай шкафшаға тығып жатыр. Қазіргі оның қуанышы, байқаймын, менің қуанышымнан да күшті. Дұрысын айтсам, ол мені нағыз жақын жерлесіндей санап кеткені рас. Шетте жүргенде көршілес екі қала түгіл, екі республиканың адамдары да тамаша дос болып, туыс болып кетпей ме!

Кешкі тамаққа бұрынғы өзімізбен бірге жатқан лейтенантты шақырдық. Тамақ та, спирт те үшеуімізге мол жетті. Тамақтан кейін капитан мен лейтенант колхоздың клубына кетті.

— Галяға сәлем айтайын ба? — деді Алексей.

— Ешкімге ешнәрсе айтпа. Мен жазылдым. Ертең майданға кетемін, — дедім.

— Міне, батырлар осындай болады, — деп бір күлді де, Алексей шығып кетті.

Ертеңінде полковникке майданға кетуім керектігін айтып едім, жібермеді.

Бөлмеме келдім де үйге хат жаздым. Батыр атағын алғанымды, оның «Правда» газетінің бетінде жарияланғанын хабарладым. «Апам ренжір» деген оймен жаралы болғанымды айтпадым.

Түскі тамақ та келді. Капитанды ояттым да бұрынғы бөлмеде бірге жатқан лейтенантты шақырып келдім.

Алексей өткен түнде не көріп, не білгенін баяндай бастады.

— Лейтенант, кешір, — деді ол, — мен сенің айтқаныңды орындап, Батыр болғаныңды ешкімге айтқан жоқ едім, жұрт, оның ішінде қыздар кімнен естігенін білмеймін, өздері біліп қалыпты. Ондай әңгіме естілмей қоймайды ғой. Осы госпитальдің адамдары: «Бізде емделіп жатқан бір лейтенантқа Батыр атағын беріпті, өзінің ұлты қазақ екен», — деп жариялап жіберген сияқты.

Мен Алексейге:

— Соқпа өтірікті! — дедім.

— Нанбасаң мына Федордан сұрашы! — деп жанымдағы лейтенантты көрсетті.

— Рас! Рас! Капитан дұрыс айтып отыр. Бұған сол госпитальдің қызметкерлері кінәлі, жолдас Қизатов. Сонсоң бұл онша қынжылатын да нәрсе емес қой! Білсе, біле берсін. Даңқың кете берсін әлемді шарықтап! Айтпақшы, — деді ол тағы, сөзін созып. — Сені білетін Нина, Галя деген қыздар да бар екен ғой. Олар шынын айтсам, қатты қуанып жатыр. Әсіресе, әнебіреу Нина деген пәле сөзшең, ділмар көрінеді. Ол алдымен капитаннан:

— Сіздерде бір лейтенантқа Совет Одағының Батыры атағын беріпті. Ұлты өзінің қазақ көрінеді, рас па? — деп сұрады.

Содан капитан сәл ойланып тұрды да:

— Иә, Батыр атағы берілгені де рас, ұлты қазақ екені де рас! — деді.

Сол сол-ақ екен, жанымызда тұрған көп сөйлемейтін сұлу қыз:

— Жолдас лейтенант, — деді сызылып, — сіздің госпитальда емделіп жатқан қазақ лейтенанттар көп пе? — деді.

— Жоқ! Бізде қазақ біреу ғана! — дедім мен жұлып алғандай.

— Білем, ендеше, ол Батырды... — деп Галя сөзін аяқтағанда, әлгі Нина іліп ала жөнелді...

— Галя! Сенің Жәлелің ғой! — деді ол қуанып, жанындағы жуас қызға. Галя қып-қызыл болып кетті.

— Шіркін, екеуің де ұйқастырып сөйлейсіңдер-ау! — дедім жанымдағы екі жолдасыма.

— Жоқ, Федордың айтқаны дұп-дұрыс. Мұнда ешбір шындықты бұрмалау жоқ, лейтенант! — деді капитан. Сосын сөзін әрі қарай жалғап: әлгі Нина деген қыз атақ алғаныңды естігеннен кейін, «Ертең ол жігітті барып құттықтаймыз!» — деп сайрай жөнелді.

Мен сенің ұнатпайтыныңды біліп:

— Батырдың мазасын алмаңдар. Біріншіден, оған енді кіре де алмайсыңдар, жібермейді! — деп өтірікшынын араластырып, қыздардың миын біраз ашытып жіберіп едім, қу Нина маған сенбей:

— Сонша немене, құдайдың жалғыз құлы сол жапжас лейтенант болып па? Ешкімнің де бізді жібермеуге қақысы жоқ! Ертең оны-мұны сәлем-саукатымызды көтеріп, белорусс халқының әдет-ғұрпы бойынша жолжоралғымызды істейміз. Сол лейтенант бізді дәу де болса қуып шықпайды! — деді. Мен: «Олай болса, мейлілерің, қыздар!» — дедім.

— Әй, капитан-ай, қалжыңың қалмайды-ау. Тіпті, «Ешкімді жібермейді!» деп қыздардың зәресін алыпсыз ғой. Күндіз келсе, оларды кім сөгеді! — деп жылы сөйлеп, күлімсіреп едім, капитан қуанып кетіп:

— Ал, кеттім, қыздарды шақырып келем! — деп шыға жөнелді.

Капитан біразға дейін келмеді, бөгелді. Біз Федор екеуміз алты карт ойнап, әңгімелесіп отыра бердік. Бір уақытта капитан да кіріп келді.

— Жолдас Совет Одағының Батыры! Ұлықсат па, сізді көруге үш сұлу бикеш келіп тұр! — деді күліп.

— Кірсін! — дедім.

Федор екеуміз орнымыздан тұрып қыздарды қабылдадық. Нина мен Галяның жанында тағы бір әдемі жас қыз бар. Үшеуі жеке-жеке қол ұстасып амандасты. Мені алған атағыммен құттықтады. Алып келген үлкен бір корзинке «дүниелері» бар екен, Нина бәрін үстелдің үстіне үйіп жатыр. Оны Галя алып тәртіппен қоюда. Үстелдің үстіне сыймай кетті: жаңа ғана пісірген үйрек пен тауықтың еттері, ащы қияр, піскен жұмыртқа, самогон, тағысын тағылар.

Нина сайрап тұр. Қолы жұмыс істесе, аузы сөзде:

— Ал отырыңдар, жігіттер мен қыздар. Галя мен Жәлел лейтенант сияқты екі ұялшақ қатар отырыңдар. Лейтенант енді батыр ғой, бұдан былай батыл болатын шығар! — дейді.

Тамақ іштік, ән шырқадық, би биледік. Кеш болып қалғанда бір-ақ тарқадық. Отырғандар соңғы сөзді маған берді. Мен орнымнан тұрдым да қонақтарға үлкен ризашылық білдірдім. Белоруссия халқының, оның қыздарының тамаша екендігін айта келіп, мынадай сөзбен аяқтадым: Бақыттың да өзіндік заңы бар: «Көп берсең, мол аларсың» — дейді ол заңда. «Бақытты болып, шаттық өмір сүргің келсе, сол шаттығыңнан басқаға да үлес бөліп бере біл!» — дедім.

Бәрі шулап қол соқты. Нина жай отыра ма, жайнап, жайраңдап, Галяға қарады да:

— Галя, байқа, бұл сөздің біразы сенің адресіне айтылған! — деді.

Галяның беті оттай лаулап, қып-қызыл болып жүре берді...

Госпиталь тез жібере қоймай, біраз күн бөгеліп қалдым. Көршілес әскери бөлімдерден де, тіпті осы селодағы құрметті адамдар да келіп, мені қуанышыммен құттықтап жатты.

Январьдың соңғы күндері медицина полковнигі мені өзінің машинасымен Чернигов атындағы гвардия дивизиясының штабына апартып салдырды.

Қайтадан әскери өмір, дауылды да жауынды күндер басталды.

III ТАРАУ

ЖҰМБАҚ ҚЫЗ

Маусым айы, 1944 жыл. Біздің 76-шы гвардиялық Қызыл Тулы Чернигов атындағы атқыштар дивизиясы Польша жерінде, екінші эшелонда.

Батыс Украина мен поляк халықтарының тұрмыстары нашар, кедейлер екен. Шоқ-шоқ ағаштың түбін паналай берген екі-үштен үйлер. Біздің ауылға көршілес, 1927 — 1928 жылдары, Шәріп, Рамазан үйлері бір ауыл, ағайындас Баба, Жүкендер бір ауыл, Жолдыаяқ, Жәнет, Әбіл үйлері өзінше бірыңғай қоныстанса, туысымыз Елжас жалғыз өзі бір ағашты жайлап отыратын. Мына мекендер маған сол ауылдарды елестетті.

Поляктар мен украиндардың хал-жағдайы сол бір кедей қазақ ауылдарына ұқсайды екен. Мал дегенде жалғыз сиыр, сауыны да, көлігі де сол. Үстерінде өздері тоқыған кенеп дамбал-көйлек, ауқаттылары, шамасы барлары кестелеп киеді. Көп жылдар Польшаның пандары қанаған халықтың халдары ауыр, аянышты. Оған енді мына зұлмат соғыс салмағы қосылған.

Варшава алыс емес. Позицияда тұрғанда, капитан Гридин Дмитрий Алексеевич маған: «Сені генерал Кирсанов, 7-дивизияның командирі шақырып жатыр, тез жет!»— деп бұйырды.

Александр Васильевич келсін дегенде өте қуандым. Екінші эшелон жау шебінен алыс, қауіп жоқ, кіші командирге тапсырма беріп, окоптан шығып, біздің батареяның тылына келдім.

Солдат Титов бағатын аттардың ішінде менің моңғол жылқысының тұқымы, тұрқы аласа, құйрық-жалы қалың көк атым болатын. Мен оған «Нордик» деп ат қойғанмын. Айтатыны жоқ, сонау 1942 жылы Қырымда амалсыздан қалдырған «Аранжирге» ұқсамайды. Шабысы да, желісі де нашар. «Аранжирді» қалай қал-

дырып кеткенім туралы жүрегімді әлі күнге ауыртатын тарихты тебірене жазғаным рас.

Титовпен амандасып, «Нордикке» мініп, дивизияның штабына жүріп кеттім.

Екі бөлмелі үйге орналасқан Қирсановтың штабына жақындап келіп аттан түсіп, күзетшілердің бастығы — аға сержант, генералдың адъютантына: «Менің шақыру бойынша келгенімді баянда!» — дедім.

Үйден аға лейтенант шығып: «Кіріңіз, жолдас Қизатов, Александр Васильевич, Елена Петровна және полковник Петраков сізді тосып отыр»,— деді.

Елена Петровнаның атын естігенде жақсылыққа шақырғанын біліп, ішім жылып, жүрегім қуаныш белгісін сезген сияқтанды.

Бөлмеге кіргенде көргенім: төртбұрышты столдың қасында генерал Қирсанов, біздің дивизия артиллериясының бастығы полковник Петраков. Елена Петровна терезенің алдында үй шаруасымен айналысып жүр екен.

Мен әскери тәртіп бойынша:

— «Жолдас гвардия генерал-майоры, сіздің шақыруыңызбен Совет Одағының Батыры, гвардия аға лейтенанты Қизатов келді!» — дедім.

Қирсанов та, Петраков та түрегеліп, қолымды алды. Елена Петровнаға барып амандаса бергенде, ол туған анамдай мейіріммен қарап, бетімнен сүйді.

— Отырыңыз, аға лейтенант, қалың қалай, шешеңізден, туыстарыңыздан хат алып тұрасыз ба? — деді генерал. Мен:

— Хат алып тұрамын, рахмет сізге! — дей бергенде, Александр Васильевич:

— Сізді әйелдер батальонының командирі етіп тағайындайтын болдық! — деп тас төбеден түскендей бір сөз айтты.

Соғыста кездеспейтін уақиға болмайды ,өзіңді өлімге жұмсап тұрса да, бұйрықты сөзсіз орындау керек. Барлығына дайынмын, бірақ әйелдер батальонының командирі болам деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген мәселе. Менің тілім байланып қалғандай, үнсіз отырып қалдым.

— Неге үндемейсің? — деді Қирсанов күлімдеп. Елена Петровна күйеуіне наздана қарады:

— Баланы ұялтпа, састырма, жолдас генерал!

Александр Васильевич маған бір, Елена Петровнаға бір көзін салып, әйеліне:

— Жолдас солдат, қазір 1944 жыл, бұл 1940 жыл емес. Мұны Новороссийск қаласындағы барлаушы солдат деп тұрмысың? Қизатов Совет Одағының Батыры, аға лейтенант, барлаушылардың командирі. Үш жыл соғыс мектебінен өткен, жай соғыс емес, атақты қалалар Одессаны, Сталинградты, Керчті қорғауға қатысқан, Орел — Курск имегінде, Украинаны, Белоруссияны жаудан босатуда ересен ерлік көрсеткен, Днепрден бірінші болып өткен, жаудың тылына барып барлау салған, шар болаттай шыныққан жауынгер, Совет Армиясының офицері! — деді.

Елена Петровна бізге шәй әкеліп берді:

— Сондықтан анығыңды айтпайсың ба, Жәлелге?

Шәйді іше отырып, Александр Васильевич:

— Ал, ендеше, тура саған жүктелетін жұмысқа кірісейік, — деді.

— Біздің дивизияда әскери қызмет атқарған, соғысқа белсене қатынасқан, бәрі де награда алған көптеген әйел жолдастар бар. Солардың осы қазір жиырма бірі науқас, бірнеше рет шайқастарда жараланған. Соғыста да махаббат болады, кейбіреулері күйеуге шыққан, аяғы ауыр. Соларды сен, Қизатов, машинамен Киевке апарасың да, өздерінің барам деген жеріне билет алып, поезға мінгізіп саласың!

Мен қуанып кеттім.

— Бұйрығыңыз орындалады, жолдас генерал! — дегенде Кирсанов:

— Сен әйелдер батальонының командирі боласың дегенге тым қорқып кеткен екенсің? — деді.

— Қорыққаным жоқ, жолдас генерал, күтпеген бұйрыққа сасып қалдым, — деп жеделдете жауап бердім. Александр Васильевич сөзін жалғап:

— Киевтен әйел жолдастарды шығарып салған соң, Сталинградқа барасың. Қазір трактор заводы жұмысына кіріскен, біздің дивизияның жиырма төрт зеңбірегін трактор сүйрететінін білесің. Соларды жөндеуге бөлшектер керек, соны алып вагондарға тиеп жібересің. Қасыңа бұрынғы тракторшы, Сталинград облысының азаматы Дубинин Иван деген аға сержантты ертіп жібереміз. Өзі сақа, тіс қаққан жігіт. Саған көмекші, жолдас болады... Мына хатты Сталинград

қаласының, Киров ауданының партия комитетіне жолдап отырмыз. Сондағы азаматтар сағаан көмектесер. Аудандық мекемелер өзің білетін Бекетовкада, — дегенде, мен:

— Білемін, жолдас генерал!— дедім.

— Білсең тапсырманы орындайды ғой деп сенеміз. Әйел жолдастарға дивизия командованиесінің атынан полковник алғыс айтып шығарып салады. Қизатовқа жаңа киім алып бер! — деді полковникке қарап. Сержантқа да: «Барлығын жол азықтарымен қамтамасыз етіңіз!» — деді. Маған:

— Сенімді ақта! Онда барғанда сені Сталинградты қорғаған батыр деп көтермелейді, сыйлайды, арақ-шарап ұсынады, сақ болғайсың, жолдас Қизатов! Мақтанып кетпе, өзіңді-өзің ұстай біл! — деп тағы пысықтады. Мен ұшып түрегеліп: «Сеніміңізді ақтаймын, жолдас генерал!» — дедім. Александр Васильевич: «Сәт сапар!» — деді.

Елена Петровна да:

— Аман-сау бол! Абыроймен келуіңе тілектеспін! — деп қолыма кішкене шамаданды берді. Мен ұялып зорға алдым.

— Сіздерге көп-көп рахмет!

Үйден шықсам, полковниктің жеңіл машинасы дайын тұр екен.

Генералдың адъютантына менің атымды 4-ші батареяның тылына тапсыруын өтініп, Петраков екеуміз машинаға мініп, жүріп кеттік.

Медсанбатқа келсек, екі машина дайын тұр екен. Көптеген қыз-келіншектер, оларды шығарып салушылар, құшақтасып, амандасып жатыр.

Сержант екеумізге жаңа киім, етік дайындап қойыпты. Бос тұрған үйге кіріп, ескісін тастап, жаңасын киіп шықтық. «Адам көркі шүберек, ағаш көркі жапырақ»» дегендей, көркейіп кеткендей болдық.

Аға сержант Иван Дубинин сом денелі, орта бойлы, қоңқақ мұрын, қара торы, жасы 35 — 40 шамасындағы адам екен. Сол күннен бастап екеуміз жақсы дос болып кеттік.

154-ші полктің штабының офицері капитан Медведев, тағы бір майор, аты есімде қалмапты, әйелдердің құжаттарын, тізімін, қайда баратындары жазылған анықтаманы маған тапсырды.

Капитан: «Менің семьям Ростовта тұрады, шаман

келсе соғып сәлем жолда, — деді. Адресін беріп жатып: «Керемет сұлу Валя деген қарындасым бар», — деп көзін қысты.

Тізімді қолыма алып, оқып тұрсам, менің апарып салатын әйелдерімнің ішінде Мария Смирнова да бар. 239-шы гвардия атқыштар полкының бұрынғы 716-шы полк екенін мен жақсы білетінмін. Тізімде Марияның атын оқығанда, денем ду ете түскендей болды.

...1941 жыл. Одесса майданы. Ол кезде жау бізден басым болатын. Түннің ортасы. Позициямызды жау зеңбірекшілері атқылай бастады. Жүз метрдей жерге снарядтар жарылды. Түскен жерлерінде үй орнындай шұңқырлар қалды. Атқылау жиіледі. Айналамыз көк түтін. Даусын білдіріп, көмек беріңдер деген жаралылар көбейді. Өлгендерін білуге болмайды, үнсіз. Жармақтары біздің окоптарымыздың қасына келіп түсіп жатыр, бас көтерсең ажалың дайын тұр.

Қараңғы түн, от болып жарқылдап түсіп жатқан оқ пен снарядтардың маңайынан «Мама!» — деген жалынышты әйелдің дауысы естілді. Танымайтын, көрмеген адам болса да аяп кеттім. Нар тәуекел деп, окоптан көтеріліп: «Кел мында!» деп дауыс бердім. Қайда барарын білмей әбден сасқан, өлімге ұшырадым деп ойлаған қыз жүгіріп келіп: «Рахмет!» — деп, менің тар окопыма секіріп түсті. Снарядтар мен миналар найзағайдай жарқылдап жарылып жатыр. Қыз мен жанын алып қалатындай жабыса түседі. Ыстық лебі денемді оттай шарпиды.

Немістердің ракетасы аспанға ұшқанда, күндізгідей жарық болады. Соны пайдаланып, сынадай қысылып жатқан қызға қарадым. Қарашаның қарындай аппақ бетін шаң-топырақ қарайтса да, сұлу жүзін, кішкене аузын, қиылған қанжардай қасын көрдім.

Атқылау басылғасын, қыз орнынан тұрып:

— Мен өзімнің ротамды тауып алайын. Сізге көп рахмет, естен кетпес жақсылық істеп, ажалдан алып қалдыңыз! Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады, мен 157-дивизияның 716-полкінде санитармын. Фамилиям Смирнова, атым Мария — деп, қоштасарда бетімнен сүйді. Мен тілім байланып қалғандай, үн-түнсіз қала бердім. «Байтал түгіл, бас қайғы», — дегендей, ажал оғының астында жүріп, осылай қызбен танысамын деп ойладым ба? Қазіргі жағдайда онымен қайтадан кездесем деген сонда ойда бар ма еді? Әрине, жоқ.

Әй-түйге қарамай:

— Мария Смирнова кім? — деп сұрадым. Орта бойлы, терең көлдің аққуындай аппақ сұлу қыз, сыптыгыр болып әскерше киінген, жүкті дейтін, жаралы дейтін, ауру деуге де болмайтын «Мен», — деп дауыстады.

Қасына келіп:

— 1941 жыл, Одесса майданын, қараңғы түн, тар окопта жабысып жатқан солдатты есіңізге сақтадыңыз ба, Маша? — дегенде қыз таңдана қарап:

— Ондай оқиға ойдан өлгенше кетпейді. Мені өлімнен құтқарды ғой сол солдат. Сіз сол солдат емеспісіз, жолдас Совет Одағының Батыры, гвардия аға лейтенанты? — деп сұрады.

— Дәл өзімін, Маша! Кездескеніме қуанышты-мын! — Қолын алдым.

Қыздың аппақ беті күтпегенді естігенде, қызаңдап кетті.

— Сіз Сталинградқа барасыз, тізімнен оқыдым. Жолымыз бір, уақыт жеткілікті, сөйлесерміз. Үш жыл қанды шайқасқа қатынасқан екеуміздің де айтатын әңгімеміз мол, талай сыр сандықтың кілтін ашармыз, Маша!

Қыздарға: «Машинаға мініңіздер!» дедім.

Жүргізушілердің қасына жаралы, ауру әйелдерді мінгіздім. Иван екеуміз, мен бірінші машинаға, аға сержант — екіншісіне, қыздармен бірге орналастық.

Мария таныс адамдай: «Келіңіз!» деп қасынан орын берді.

Бірнеше жыл соғысқа қатынасып, дивизия өздерінің екінші үйлеріндей болғанымен, бірер сағаттан соң қыздар жылап-сықтауларын басып, менің айтқан анекдоттарыма күлісіп, өздері де күлкілі әңгімелер айтып, қанша айтқанмен, соғыстың аты соғыс емес пе, өздерінің аман-сау келе жатқандарына қуаныштарын білдіреді.

Осылай ойын-күлкімен Киевке де келіп қалдық. Барлығына да билет алып бердік. Олар бізге рахметтерін айтып, әрқайсысы өздерінің отандарына жүріп кетті.

Мария, Иван үшеуміз театрға бардық. Өзбекстанның атақты әртісі Тамара-Ханум концерт беріп жатыр екен. Театрда адам деген өте көп. Біз: «Майданнан келе жатырмыз», — дегесін, алдыңғы қатардан орын берді.

Орыстың, қазақтың, армянның, өзбектің әндерін тыңдап, әбден рахаттанып қалдық. Күнде оқтың астында жүрген маған Киев қаласындағы бейбіт өмір, әсіресе театрда Тамара-Ханумның қазақ тілінде орындаған «Сәулем-ай», орыс тіліндегі «Ах, Самара городок» әндері ұнады. Көңілім шаттанып, сусыным қанғандай әсер етті.

Театрдан шығысымен, темір жол станциясына келіп, жүк таситын вагонға мініп, Киевтен Харьков қаласына келдік.

Станция бастығына барып, жалынып-жалбарынып дегендей, Харьковтан Сталинградқа баратын поезға, жұмсақ вагонға — бір, жәй вагонға екі орынға билет алдық.

Поез жүрейін деп жатыр екен. Жұмсақ вагонға келіп, Мариямен екеуміз бір орынға орналасайық деп, өтінішімізді айттық. Жол серік: «Екеуің де уылжыған жас балалар екенсіндер, болсын», — деді.

Біз қуанып кеттік. Бұдан үш жыл бұрын екі сағат жаудың жаңбырдай жауған оғының, алқымнан алған ажалдың астында да тар окопқа сыйғанбыз, «орын тарлық қылмайды, көңіл тар болмаса» деген мақалды айтып, вагонға орналастық.

— Вагонымызды тауып алған соң, орналасқасын келіңіз, — деді Мария аға сержантқа. — Мен тура өзімнің Отаныма, Сталинградқа барамын. Өте қуаныштымын!

— Менің де тұратын селом Сталинградтан жүз шақырым, осы темір жолдың үстінде, — деді Иван. — Аға лейтенант рұқсат етсе, бірер күнге үйіме барар едім, балаларымды, жұбайымды сағындым.

— Көрерміз.

Мана жол серігі Мария екеуміздан: «Ерлі-зайыпты адамсыңдар ма?» — деп сұраған. Мен: «Жоқ» — деп басымды шайқағанда, Мария томсарып үндемей қалған. Бұнысы қалай, Марияның, менде әлде бір үміті болғаны ма деп, ойланып қалып ем сонда...

Пойыз Харьковтан шығысымен шығысқа бет алып, жүйткіп келеді. Менің екі жолдасым өздерінің туыстарын көрмек, одан артық қуаныш бар ма? Мен болсам, қадірлі қонақпын, генералдың бұйрығын орындауым керек. Пойыздың терезесінен көз алмай, терең ойдамын.

Украинаның табиғаты қандай керемет! Қалың ормандар, мөлдір көлдер, жердің беті масаты кілемдей гүл-бәйшешек, июнь айында егін, шөптер шыққан, көкпеңбек.

Мария маған:

— Екеуміз дұрыстап танысып қоялық. Қазір аға сержант келгенде, әскери атағымызды айтып қайтеміз. Мен болсам енді армияда емеспін, Отанның азаматшасымын! — деді. — Сіз сонау Одесса түбінде кездескенде танысып, аты-жөніңізді айтып, ер адам болып: «мені тос десеңіз!», не болмаса осы өткен үш жылда, бір дивизияда қызмет атқарып жүргенде іздей келуге де болатын еді ғой, — дегенде, мен, басқа жауап жоқ екенін біліп: «Кінәлімін, Маша, сіздің айтқаныңыз дұрыс! — деуден басқа жауап таба алмадым.

Мария беті қуарыңқы, көзінде өкініш белгісі бардай көрінді маған. Мен сасқанымнан: «Ренжіменізші енді» — деп, қызды құшақтауға оқталып едім, ол маған: «Болмайды» деді.

— Кешіріңіз! Менің атым Жәлел, фамилиямды білесіз — Қизатов. Дивизиядан жүрер алдында, сіздерге рахметін айтып қоштасқан сөзінде полковник Петраков таныстырды ғой.

— Сіз өзіңіз қызық екенсіз, — деді Мария. — Полковник сізбен бастық, командир ретінде таныстырды. Мен жолдастығымызды білдіріп сұрап отырмын.

Осы сәтте вагон бөлмесінің есігін ашып, аға сержант Иван Дубинин кіріп келді. Сержанттың келгені Маша екеуміздің кеңесімізді өзгертіп, көңіл сезімдерін басқа мәселеге бұрдық.

— Совет адамдарының талаптары қандай керемет! Қалада да, далада да фашистер қиратып, өртеп кеткен шаруашылықтарды орнына келтіріп жатыр. Қарқынды, өнімді, ынталы жұмыс істеп жатқандары көрініп тұр. Егістің шығымы өте жақсы көрінеді. Биыл Украина мол өнім алатын шығар дәнді дақылдан, бұл бір үлкен жақсылық, — дедім мен терезеге қарап. Иван: — Нан жарықтық Отанның байлығы, елдің берекесі. Сталинград облысынан жұбайымның жазған хатына қарағанда, егісті уақытында, сапалы етіп бітірген көрінеді. Шіркін, жер ананы пайдаланып, еркін еңбек етіп, астық өндіруден асқан бақыт бар ма? Қашан менің арманым орындалар екен? — деп менің ойымды қиялдай іліп әкетті.

— Құрметті достар, сіздер нағыз дихандар, колхозшылар екендерің белгілі болды, — деген Мариянын сөзін сержант кенет ұнатпай, — колхозшы болу жаман атақ емес, абыройлы есім деп ойлаймын және өзім шаруа, колхозшы болғаныма өкінбеймін. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, колхоз ұйымдастырылмаса, міне, биыл үш жылға созылған соғыста жағдай қандай болар еді? Шайқастарда жауынгерлер қырылса, ел де аштан өлер еді. Тұрмыс соғыстың зардабынан қандай қиыншылыққа ұшыраса да, аштан ісіп өлген совет адамдары жоқ. Сол міне колхоздың, колхозшылардың еңбегі. Олар кім: жас қыздар мен балалар, әйелдер, кәрі-құртаң кемпір мен шалдар. Егер ұйымдасқан шаруа болмаса, жеке адамның қолынан келетіні белгілі, — деп қызға тесірейіп, тура қарады.

Мария қысыла сөйлеп:

— Жоқ, жолдас аға сержант, мені дұрыс түсінуіңізді сұраймын. Колхозшылар туралы пікірім жақсы. Қиыншылыққа төзімді, еңбек сүйгіш совет патриоттары солардай-ақ болсын.

Осы тұста мен сөзге араласып:

— Менің байқауымша, поляктармен әңгімелескенімізде, бізді мақтап, «неміс фашистерінің қанауынан, тепкісінен, зорлығы мен зұлымдықтарынан босатқандарыңызға көп рахмет, сіздер барып тұрған ержүрек, батыр жауынгерлер екендіктеріңізді жақсы білеміз, бірақ колхоздарың жаман, ол туралы түсінік айтқан үгіттеріңізді естігіміз де келмейді, бүгін пушкасы келсе, ертең Пушкины келдінің кері болатын шығар», — деп, азар да безер болады. Қанша айтсаң да құлақтарына ілгісі келмейді. Талай поляк әйел, еркек азаматтарынан осыны естідім, — дегенде, сержант даусын көтере сөйлеп: — Поляктарды қойшы, олар түсінер, түсінбесе өздері білер... Олардан тағы да бір естіген сөзім: «Сендердің мұрттыларың қайда?» деген сұрақ. Біз әуелгі кезде түсінбей жүргенбіз, артынан аңғарсақ, олардың сұрайтыны Семен Михайлович Буденный екен... Мәселе онда да емес. Шет елді қойшы, өзіміздің облыста, талай интеллигентсымақтардан естігенім бар: ұнатпаған адамды «колхозшы» деп атайтын. Сондай оңбағанның біреуін, әбден ызаланып, «мә, саған, колхозшы!» деп тұмсықтан бергенмін соғыстан бұрын!..

— Қойыңыз, жолдас аға сержант! — дедім мен қағыта. — Сенің түрің келіспей барады. Маша екеуміз-

ге тимессің, біреуміз әйел, біреуміз офицер, өзіңнің командирің және. Арақ ішпей мас болғандай мына түрің не боп кетті өзі?!

— Құдай сақтасын, ондай мінезім жоқ, әншейін сөздің реті келгесін айтып отырмын, — деп Иван сабасына түсті.

— Ендеше, таңертеңгі тамақтың уақыты жеткен жоқ па, әкел қапшығыңды! — деп едім, Мария маған қарап:

— Барлық қуаныш менде, жолдас аға лейтенант. Ертең шешем, әкем, туыстарыма табысамын, өзімнің туған қалама ораламын. Денім сау, кеудем толған Отанның наградалары. Көптеген жауынгерлерді алдыңғы шептен алып шығып, талай ауыр жарақаттан аман қалуына себепкер болдым. Сондықтан той бастар менікі! — деп шамаданның кілтін ашты.

— Мен де бақытты адаммын, сүйікті жұбайымды, балаларымды, жерлестерімді көремін. Соғыс әлі біткен жоқ, бұл мен үшін керемет емес пе, сондықтан той бастар менікі! — деп Иван қосылды оған.

— Қойыңыз, жолдас сержант, сіз шай әкеліңіз, кезекшіден!

— Құп болады, жолдас командир! Жол серік, екеуі шайды тез алып келді.

Кезекші бізге түсіністік білдіріп: «Сіздердің бөлмелеріңізге басқа жолаушы келмейді, жауынгерлер. Үшеуің бірге болыңдар, төртіншіні көрерміз» — дегенде, біздер қуанып, рахметімізді жаудырдық.

Әбден жайланып, әзілдесіп отырып тамақтандық. Шәй ішіп, көңіліміз көтерілді.

Мария сержант екеумізге қарап, сәл отырып өз жайынан сөз бастады: «Соғыс басталғаннан бір айдай уақыт өткен соң, мен медицина фельдшерінің оқуын бітіріп, өзімнің өтінішім бойынша майданға сұрандым. Қара теңіз жағасында Одесса шайқасында дайындалып жатқан 157-ші атқыштар дивизиясына жолдама алдым. Бұйрық бойынша дивизияның 716-шы полкінің, төртінші ротасының фельдшері болып тағайындалдым. Ұзын сөздің қысқасы, 1941 жылдың август айында Одесса майданында керемет қырғын шайқастарға қатынастым. Соғыстың бірінші күндері өте ауыр сокты, жаралыларды алдыңғы шептен алып шығу, жедел жәрдем көрсету, тәжірибесі жоқ жас қызға көрмеген қиыншылық еді. Сенің кім екеніңді көрсететін шыншыл тағдыр. Осындай арпалыс күндердің бірінде қасымда кө-

мекші солдатым бар, ауыр жаралы офицерді медсанбатқа апарып, қайта оралып келе жатқанда, жолдасым оққа ұшты. Қараңғы түсіп кеткен. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, оның үстіне жаңбыр жауып, аспанға қара бұлт жиналды.

Қалай болса да, бұйрықты орындауым керек, ротаның алдыңғы шебін тауып, жаралыларға көмек көрсету үшін, жанталасып жүгіріп келе жатқанда, немістердің зеңбіректері мен миометтерінің атқылауына тап болдым. Снарядтар алдымнан бір, артымнан бір жарылып, жармақтары ысылдап ұшып, ажал оғын төгіп берді. Өлген жерім осы екен деп әбден сасып, әйелдің қысылғанда аузына түсетін сөзі белгілі, «Мама» деп, қатты айқайладым. Алдыңғы шептен көптеген окоптардың біреуінен: «Кел, мұнда!»» деген дауыс естілді.

Мен барлық күшіммен ентелей жүгіріп келсем, дауыстаған адам окоптан жартылай денесін шығарып, қолын бұлғап тұр екен. Қандай рахымшыл, ержүрек жан деп ойладым мен сонда. Ажал аспаннан жауып тұрғанда, танымайтын, көрмеген біреудің даусын естіп, көмек көрсету, өзінің басына қауіпті екенін біле тұра, жатқан окопынан көтеріліп, шақыру — сол сәттегі ерен ерлік еді. «Рахмет!» деп, окопқа жете құладым. Фашистер атқылауын күшейте түсті. Екеуміз тар окопта сынадай қысылып ұзақ жаттық. Жау ракеталары аспанға атылғанда, біздің жатқан жеріміз жап-жарық болады, осындай бір мезгілде, өзімнің құтқарушымның бетін көрдім: жап-жас жігіт, орыс, украин да емес, татар, қазақ халқының біреуі. Кім де болса совет жауынгері! Қайырымды азамат! Өмір мен өлімнің арасындағы сол кездесу маған ұмытылмайтын әсер, жауынгерлік жігер берді.

Ойыма келгені: біз сөзсіз жеңеміз, фашистердің талқанын шығарып, жеңіс туы желбірейді. Сол 1941 жылдағы ауыр күндерде, «совет халықтарының мызғымас достығы, бауырмалдық туысқандығы интернационалдық рухани күші — жеңіске жеткізетін солар, немістердің уақытша басымдылығы түкке тұрмайды» деп сездім. Өлім қаупіне қарамай, ешкім «сен дауыста, шақыр» деп бұйрық берген жоқ, әбден сасып қысылғандағы әлдекімнің «Мама!» деген сөзі, орыс қызының даусын естіп, көмектесу — нағыз достық қасиетінде тәрбие алған Совет халқының адал, ержүрек азама-

тына тән деп таптым. Сондықтан достықтың жеңіске жеткізуіне әбден сендім!

— Мақтауын әбден жеткіздің, бірақ, — дедім, қыздың сөзін бөліп, — кешіріңіз! Соғыс деген барып тұрған сыншыл, адалдық пен арамдықты, Отанға берілгін, ел сенімін қалай ақтағаныңды айыратын шын сын емес пе? Онда сөз жоқ! Ал сізді паналатқан жауынгеріңіз, құтқарушыңыз — миллионның біреуі. Ол өзіне жүктелген міндетін, сосын азаматтық парызын атқарды — жалынышты дауысыңызды естігенде, қолынан бар келгені сол еді. Бір-екі сағатқа окопынан орын берді, сен паналадың, Маша. Онда тұрған ешқандай кереметтік жоқ. Түсінбейтін мәселе емес, кәдімгі қарапайым адам қасиеті. Батыр дегеніңіз кей ретте сөз ғой. Ондай қол ұшын созу бәріміздің, сенің де, менің де, сержанттың қолынан да келеді.

— Жарайды, Маша, мен болдым. Бір сәтті осыншама көтермелеуге бола ма? Егер анық білгіңіз келсе, жолдас Смирнова, менің дәл осы арада, халық достығы, интернационализм ойымда болған жоқ. Сіздің әлсіз «Мама!»— деген сөзіңіз бар қатерді ұмыттырып жіберді... Біз ұзақ жолда келеміз. Талай ауыр күндерді басымыздан өткізген жолдастармыз. Мақтауды сүймейтін адамдармыз. Соғысқа қатынассақ, Отан алдында борышымызды ақтадық. Совет халқының көпшілігі сондай адамдар, — дедім мен. Маша маған қадала қарап:

— Жолдас, аға лейтенант, сіз мақтауды сүймейтін адам екенсіз. Ендеше жамандауға, сізді сынауға ұлықсат етіңіз? — деді өзгеше бір ойнақы үнмен.

— Мейліңіз...

— 1941 жылдың сентябрь айы, Одесса қаласын қорғамай тастап кеттік, себебі немістер Перекопты басып алып, Қырым жарты аралында селоларын өртеп, адамдарын қырғынға ұшыратып, тездетіп келе жатқан уақыт еді. 157-ші дивизияның барлық қарулы күштері Қырымды қорғауға жіберілгенін жақсы білеміз. Фашистердің техникасы бізден бірнеше рет басым болғандықтан төтеп бере алмадық, шегіндік. Ноябрьде Қара теңіз бен Азов теңізінің қосылатын түбегі Тамань арқылы арғы жаққа өттік. Новороссийск қаласына келдік. Қаза тапқан жаралы жауынгерлердің орнына жастар келді. Жаңа қару-жарақпен қамтамасыз етілді.

Сенің жүрегіндегі, өзің айтқандай, сезім ұшқыны сөнгендей, ұмытып кететіндей уақыт өткен жоқ еді. Мені

іздеп, 716-шы полкқа келуге болатын еді. Әйел де болсам өзім іздеп тауып алар едім, өзің туралы ешнәрсе айтпадың, сол окопта жұмбақ күйінде қалып қойдың.

Марияның сөздерін сержант аузын ашып тыңдап отыр.

Мен кінәлі адамдай төмен қарадым, сөйлеуге шамам жоқ, бір ауыр салмақ еңсемнен басып барады. «Өлімнен ұят күшті» деген осы екен деп ойладым.

— ...Хош, сонымен, — деді Мария, — 1942 жаңа жылда, дивизия фашистерден Феодосия, Керчь қалаларын көктен түскендей десантпен босатты. Елу шақырымдай Керчьтен Қырымның даласына қорғаныс құрдық. Дегенмен, Қырым майданының қолбасшысы Козлов және Мехместің дұрыс басқара алмағандарынан немістер үрдіс шабуылға шығып, біздің көптеген жауынгерлеріміз қаза тапты. Шегініс, қорқақтықпен себепсіз қашып отырып, Ростовтан бір-ақ шықтық. Ольгинка деген казактардың станциасында тоқтап, есімізді жинадық... Сол күндері 716-шы полктың командирлерінен «Мария Смирнова бар ма?» деп сұрасаң оңай тауып алатын едің, — дегенде мен:

— Жоқ, Маша, мен Ольгинкада көп болғаным жоқ, келісімен офицерлік оқуға кеттім, — деп ақтала жауап бердім.

— Дұрыс, солай-ақ болсын.... 1942 жылы 4 сентябрь күні полковник Александр Васильевич Кирсанов біздің 157-ші атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалды. Сол күні немістер көптеген танкілеріне автоматпен қаруланған солдаттарын мінгізіп, Сталинградқа жақын тұратын Ельха деген, біздің дивизия қорғаған селоны басып алды. Осы қырғын шайқаста 716-шы полктың солдаты Никифоров пулеметтен оқ жаудырып, жүз жиырма фашисті қырып салды, өзі де ерлікпен қаза тапты. Батыр азаматтың денесін жауда қалдырмай алып шықтық. Ертеңінде Кирсановтың басқаруымен артиллерия, 4-ші «катюша» полкының қолдауы арқылы немістердің тас-талқанын шығарып, төрт шақырымға шегіндірдік. Көп кешікпей, 157-шы дивизия Бекетовкадан, Сталинградтың Киров ауданы, солтүстік батысынан қолайлы жерден қорғаныс позициясын құрды.

Бұл менің туған жерім. Қәрі әке-шешем терең қамба қазып, жер астында паналаған екен. Қырғын шайқас болса да ешқайда көшпей қалған. Өздеріне белгі-

лі, жаудың Бекетовканы басып алуға әрекет жасап, күніне 10 — 15 рет шабуылға шыққандары сол кездері.

22 сентябрь күні Бекетовканың шіркеуінде полктардың, әскери құрамалардың делегаттарының 157-ші дивизиясы құрылғанына үш жыл толуына арналған салтанатты жиналыс өтті. Полковник Кирсанов дивизия тарихын, Одесса, Дон өзеніндегі жауынгерлердің неміс-фашистермен қырғын шайқастардағы ерлік пен батырлықтарын баяндады. Сол жиналыста мен де болдым, — деді Маша, — бәріміз енді бір адым шегінбейміз, Еділдің арғы бетінде біздер үшін өмір жоқ деп Отанға ант бергеніміз есіңізде ме?

— Мұндай сәттер ұмытылмайды, Маша.

— Талай керемет шайқастарды өткіздік. Дивизияның жауынгерлері шегінуді білмеді. Ноябрьдің оныпан бастап қалың қар жауды. Сол айдың 19-ы күні Сталинградтың сол жағындағы қарулы күштер шабуылға шықты. 20 ноябрьде оларды біздің дивизия қолдады. Жаудың алдыңғы шебін артиллерия, минометтер қатты атқылады.

23 ноябрьде қуанышты хабарды естідік. Оңтүстіктің батыс майданының төртінші корпусының жауынгерлері мен Сталинград майданының 36-шы механикаландырылған бригадасының әскері «Советский» хуторында түйісіпті. Еділ мен Дон өзендерінің арасындағы фашистердің барлық қарулы күші қоршауға алынып, қырғынға ұшырады, тірілері тұтқынға түсті.

1943 жылғы бірінші марттағы Отан қорғау комиссариатының бұйрығы бойынша, біздің 157-ші дивизия — «76-шы гвардия атқыштар дивизиясы» деп аталатын болды. Мен соғыс басталғалы қызмет істеген 716-шы полк «339-шы атқыштар полкы», 422-ші артиллерия полкі — «154-ші гвардия артиллерия полкі» болды. Полковник Кирсановқа генерал-майор атағы берілді. Көптеген жауынгерлер орден-медальдармен наградталды. Біздер үшін қуаныш — неміс фашистеріне қара түн орнады. Мен бақытты едім: әке-шешем жер астынан шығып, үйлеріне кірді. Дивизияның жауынгерлері біздің семьяның құрметті қонақтары болды. Осындай жақсылықтың тойында сіз, — деді Мария маған қарап, — мені есіңізге алып бір келіп кетсеңіз болмады ма? Туыстарыма баласындай болатын едіңіз. Бұл — сіздің кемшілігіңіз, өткенді ұмытқаныңыз, қиын-қыстау күндерді еске алмағаныңыз. Тағы қандай дәлел керек?

Осы тұста сержант:

— Болды! Аққан жұлдыздай жалт етіп бір кездескен сұлудың бәрін адам баласы, әсіресе, жастар ойына сақтай бермек пе сонда? — деп қыстырыла кетті. Мен Иванға қарап:

— Жоқ, Марияның айтып отырғаны жөн сөз. Мен кінәлімін. Арамызда байланған серт, алысқан қол болмаса да, сол кездесу менің де ойымда өшпестей болып қалған, әлдебір сезім ұшқынын тастап кеткен... — дедім. Сәл үнсіздік орнады.

— Шын сезімнен үлкен қасиет басталады, — деді Маша. — Мен сонан кейін сіз туралы дәл бір көріпкел әулиедей бәрін біліп, қалт жібермей қадағалап жүретін қасиетке ие болдым... Сіз Днепрден бірінші болып өткен жауынгерлердің бірі болып, өте қауіпті тапсырманы орындадыңыз. Қәрі Днепрдің батыс жағына өткенде, сержант Ақан Құрманов бастаған тоғыз жауынгерді кездестірдіңіз. Ақан сіздің жерлесіңіз, өте тәуекелшіл, тұлғасы бөлек, ержүрек батыр жігіт еді. Олар немістердің көптеген шабуылдарын тойтарып, танкілерін жандырып, әсіресе СС батальонын қырып салды, фашистерден тартып алған кішкене позициясын, негізгі күштер келгенше тайсалмай қорғады, өлімнен қорыққан жоқ. Артымызда Тарастың карт Днепрі, шегінуге болмайды деп, тоғыздың бесеуі қаза тапты, екеуі жаралы болды. Құрманов қайтыс болған соң, Днепрден өткендегі көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Оларды «темірдей тоғыз» деген Отан соғысының тарихында қалатын даңқпен атап, мәңгі өшпейтін, Мамаев қорғанындағы отыз үш жауынгер, Москва түбіндегі жиырма сегіз панфиловшылармен тең, алтын жазумен жазылды. Днепрден өткенде сіз Құрмановтармен бірге болдыңыз. Біздің естуімізше, артиллерия барлаушылары «темірдей тоғызды» мықты қолдады, фашистердің жаяуларын танкілерінен бөліп тастап, жойды. СС-тер біздің алдыңғы шепке шабуыл жасап, ербеңдеген қан ішер жауыздар, «темірдей тоғыздың» қорғанысына жетті, қол төбелес басталды. Сіздер Ақандармен бірігіп, оларды түгел қырдыңыздар. Құрманов жаралы қолымен фашистердің екі солдатын шанышқылады. Ал, сіз қаншасын өз қолыңызбен өлтірдіңіз?

— Маша, ондай жанталаста ерлік санап болмайды, — дедім мен.

— Біз артынан білгеніміз — СС-тың 12-ші «өлген бас» батальонын түгел қырыпсыздар. Сонан кейін Совет Армиясының офицері, дивизияның құрметті жауынгері болдыңыз. Чернигов қаласын жаудан босатқанда, Днепр өзенінен өткендегі командованиенің бұйрығын бұлжытпай орындап, көрсеткен ерлігіңіз бен батырлығыңыз үшін Совет Одағының Батыры атағы берілді. Қуанышқа бөлендіңіз, туыстарыңызға хат жаздыңыз. Адамның қасиетін білеміз: өте қуанғанда, болмаса ренжігенде жақындарын есіне алады, жүректе сақтаған сырлары жарық көреді. Сіз өзіңіз айтқандай, сол бір сезім шоғы жаныңызға түскені рас болса, дивизияның ең құрметті адамдарының біреуі бола тұра, мені тауып алу қиын емес еді. Айтқаныңыз сондықтан өтірік. Сіздің есіңізден ажал сепкен аспан астында, тар жерде кездескен қыз ол кетісімен шығып кеткен. Оны ойыңызға алғаныңыз да бекер. Сіз өтірікшісіз!..

— Маша! — деген даусым қаттырақ шығып кеткенін өзім де байқамай қалдым.

— Қазақта мақал бар: «Қорқыт дегенде, осылай қорқыт деп пе едім» деген. Мен сізге сына дегенде, өтірікші, суайтсың деген жаман атақ тақ деген жоқ едім ғой, — дедім. Шынымды айтайын, жиырма үш жасқа келдім, бір адамды алдап, болмаса өтірік сөйлеп, ала жібін аттап көрмеген адаммын. Менің атам ес білісімен: «Қарағым балам, бізге ұрлық, өтірік жақпайды, өзің сақ бол!» — деп тәрбиеледі. Өтірікші дегенді айта көрме, мен дивизиядан шығарда, сізбен кездескенімді, өзім айтпасам, қайдан білер едіңіз?

Осы тұста сержант сөзге кірісіп:

— Егер таразыға салсақ, терең ойласақ, кінәлі Мария өзіңіз. Аға лейтенантты сіз ажалдан алып қалған жоқсыз, керісінше. Сондықтан іздеу, тауып алу, борышыңызды ақтау — міндетіңіз еді!

— Менің есіме түскен, — деді Иван, — әкемнің әңгімесі. Ерте заманда біздің станицада үлкен өрт болыпты. Шеткі үйдің шатыры жанып, есік-терезелері жалындап, адам кіруге мүмкіншілік болмай, кірген ержүректердің біреуі өзі өртеніп кетіпті. Тілсіз жаудың қолында, өртенген үйде, үш бала қалып қойыпты. Ең үлкені он бір жасар. Қолдарынан келері жоқ

адамдарға, кездейсоқ жолаушы келіп, тәуекелдеп, терезеден түсіп, үш қызды алып шығады.

Өрт сөніп, тынышталғансын, қыздардың әке-шешесі құткарушыға көптеген алғыстарын жаудырып, «қонақ болыңыз, еңбегіңізді алыңыз, ақша керек пе? Топтан озған жүйрік атым бар, сыйлағаным, соны алып кетіңіз!» — деп жалынады. Танымайтын жігіт: «Маған еш нәрсе керек емес, кездестім, көмегімді бұлдамаймын», — дегенде, үй иесі құдай атымен сұрапты-мыс. Әлгі адам: «ендеше, үлкен қызыңыз күйеуіне жолықпай тұрып, маған кездесіп кетсін!» — деп, өзінің тұрағын айтып жүріп кетеді...

Менің ойыма Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы тұтқын қалмақ қызының жұмбағы түсті. Барлық халыққа тараған аңыз екен-ау деп ойлап, ынталана тыңдадым.

Иван сөзін жалғастырды:

— Жылдар өтіп, үлкен қыз он жеті жасқа келеді, піскен алмадай сұлу, саналы болып өседі. Құдалар келіп, қызды теңіне бермекші болады. Қелешектегі жолдасына жас қыз барлық сырын ақтарып, болған оқиғаны айтып: «Мені, сіңлілерімді құтқарған адам алыс емес, барып келуге ұлықсат етіңіз», — деп жалынды. Күйеуі барып тұрған ержүрек екен, өзінің жүйрік атына мінгізіп, адам көзіне түсірмей, қызды түн қараңғысында аттандырып салады.

Біздің казак қыздары ерте толады, жасынан атқа мініп, үйренеді. Бойжеткен хуторда отырған өрттен құткарушыны тауып алып, жасырын жолығады. Байсалды, ержүрек азамат қызды қадірлеп, үйіне түсіріп, кеңесіп, «өрт болғаны есімде, сенің күйеуің барып тұрған адамгершілігі зор жігіт екен, ондай ерді қорлауға болмайды, сізге кешірдім, сұлу, және жолдасыңа сыйлығым, екеуіннің келешек үй болуларыңа қосқан үлесім», — деп алтын сапты қылышын сыйлап, аман-сау аттандырып салады.

Бақытты да, қуанышты қыз келісімен келешек күйеуінің мойнына асылып, барлық болған жағдайды баяндап береді. Ал, сіз болсаңыз, Мария, өзіңіз іздеп келіп, борышыңызды ақтаудың орнына, құтқарушыны жамандап өтірікші адам деп отырсыз! — дегенде, мен әңгімешінің сөзін аяқтатпай, әрі гәптің тағы қайда апарып соғарын байқап: — Жоқ, Иван сіз аңызыңызды

қысқартып айттыңыз. Біздің халықта да дәл сондай айтылатын әңгіме бар және Машаны кінәлауға болмайды, — деп кесіп кеттім. Сәл ойланып отырып:

— Күн кеш болып қалыпты. Екеуіңіз де әңгіме айтып, әбден шаршадыңыздар. Ендігі кезек рұқсат болса, менікі, — дегенде, Мария «желпініп келейін» деп бөлмеден шығып, вагонның ашық терезесінің алдына барып тұрды.

Сержант дауысын ақырындатып:

— Осы қыздың өзі қалай? Алысқан қолы, айтысқан серті жоқ. Өзінің кінәсін біреуге жапқаны, тілдегені қалай? Қазір біреудің әйелі емес пе? Менің сұлу балдызым бар, қыз керек болса, жолда түсіп бізге қонақ болыңыз, Жәлел Қизатович, таныстырайын! — деді. Мен күлімсіреп:

— Аксинья мен Натальяның қайсысына жатады туысыңыз? — дедім.

— Сіздің айтуыңыз жөн! Михаил Шолохов суреттеген келісімді кейіпкерлерінің біреуі болуында сөз жоқ, оны өзіңіз байқарсыз. Менің тілегім станцияға түсіңіз, құрметті қонақ боласыз. Жолдастық, бауырмалдық ретінде сізден өтінемін. Өзіңіз білесіз, екі жылдан бері полктас жауынгерлерміз, өлім мен өмір таласқан жолдардан бірге өттік. Біздерден артық туысқандар, достар бола ма, жолдас аға лейтенант? — деп жауап күткендей маған қарады.

— Ойланатын өмір мәселесі екен. Тек қыз үшін емес, көру керек. Заманымыздың данышпан жазушысы жазған, Дон казактарының мінез-құлқын соғыста емес, бейбітшілікте білу қызықтырады. Шақырғаныңа рахмет! Қонақ болғасын, жұбайың, туыстарың қысылып қалады. Соғыс кімнің тұрмысын аздырмады, қиыншылыққа ұшыратпады, — дегенде, сержант: — Олар ұялмауға тиіс, өйткені, барлық халыққа орнаған жағдай ғой, — деді. Мен оған:

— Қазақта «Көппен көрген ұлы той» деген қанатты сөз бар. Жеке қиыншылыққа уайым болмасын! — дедім.

— Сіздің халық дұрыс айтқан! Осы қазақтар мен казактардың тұрмысында кездесетін жалпылық, ортақтық бар. Сіз сол туралы білетініңізді айтып беріңіз! — деп өтінді енді Иван. Сол сәтте Маша:

— Көп сөйлестіңіздер, құпия бар ма? — деп, күлімсіреп купеге кірді.

— Жәй, әншейін. Енді дем алайық. Воронежден өткен соң сөз кезегін аға лейтенантқа береміз! — деп Иван капшығының аузын ашты. Полктан алып шыққан тамақтарын терезенің дәл алдындағы кішкене столдың үстіне қойды. Арағы да бар екен.

Мен серіктеріме: «Жеңіс үшін! Сіздердің денсаулықтарың мықты, туыстарыңмен кездесіп бақытты болуларыңа тілектеспін!» — деп, стаканды көтерулерін сұрадым. Тамақтанып, шәй ішіп алып, демалдық.

Поезды сүйреп келе жатқан паровоз кенет жүрісін баяулатып, өкіріп қалды. Иван:

— Бейбітшілік өмір қандай жақсы едің! Паровоздың дауысын да сағынып қалыппын, тағы айқайлашы, жарықтық! — деп тебіренді.

Біз мінген вагон теңселіңкіреп барып тоқтады. Терезеден қарасам үлкен станция екен. Адамдар өте көп. Поездан түскендер, енді біреулер поездағы өздерінің орындарын іздеп жүр. Қолдарында шемодан, бумалар. Балаларын ерткен әйелдер, жалғыз қолды, аяғы жоқ, таяққа сүйенген мүгедектер. Екі көзі су қараңғы соқыр адамды жас бала жетектеп барады. Ақ халатты дәрігерлер поездан түскен жаралы жауынгерлерді қарсы алып жүр. Ауыр жаралыларды көтергішке салған. Оларда дыбыс жоқ, қозғалуға шамасыз. Ия, соғыс деген қатыгез. Жап-жас жігіттің шынтағынан жоғары екі қолы жоқ.

Қып-қызыл болып күн де батуға айналды.

Пойыз тағы жүріп кетті. Сержант кешкі тағамдарын дайындап, кезекші екеуі шәй алып келді. Менің ойланып қалғанымды сезген Маша:

— Жолдас аға лейтенант, бірдемеге ренжіп отырсыз ба? — деді ақырын.

— Әлгіндей көрініс ренжітпей қоя ма? Жауыз Гитлер, Геринг, Робентроп, Гиммлер, Геббельс деген өңшең қанішер, жауыздарды тірідей отқа жандырып, олардың қалдығына түбірінен балта шауып, өртеген күлдерін суға азығып жіберу керек, — деді Иван қызбаланып.

— Ваня, суды арамдауға болмайды. Күлдерін терең қазып, жерге көму керек.

— Маша, жер-ананың жазығы қандай? Арамдардың күлдерін де құшағына алмайды ол!

— Сонда ол иттердің қалдықтарын енді қайда жібе-

реміз, жер, су, аспан-көк қабылдамаса? — деді сержант.

— Одақтастар соты шешеді жазаларын, Ялта конференциясының қаулысы бойынша. Біз ол туралы бас ауыртып қайтеміз? Жеңіс жақын. Жер жүзі адамдары риза шығар! Ол совет халқының ерлігі мен еңбегімен, достығымен, үлкен ауыртпалықпен келді...

Ертеңгі, түскі ауқаттай емес, күлкісіз, әзілсіз көптеген қазалы, жаралы болған құрметті жолдастарымыз еске түсіп және әлгі бір станциядағы көріністер тағамды батырмады. Тез болдық. Тамақтанып болғасын сержант: «Жол серігі менің жерлесім екен, әңгімелесейін» — деп шығып кетті. Кім біледі, жеке отырып сөйлесуге жағдай жасағаны шығар.

Маша қолын жуып келіп, айнаға қарап түзеліп:

— Маған, менің кешегі айтқандарыма ренжіп қалдыңыз ба? Әншейін наз ғып айтқан жәй сөз ғой! Согысты білеміз, кімді ойлауға шаманды келтірген, — деді жуып-шайып. Сосын жаныма жайғасып отырып, сезімге толы баяу үнмен, бар жан-сырын жайып салардай бір әңгіме бастады:

— Шыным осы, 1941 жылғы кездесуден соң күндіз ойыма, түнде түсіме кіріп жүрдіңіз. Қол бұлғап келсеңші деп жүретін сияқтысыз. Дивизияның шығыс өңдес біреуімен кездессем, «Одессада болдың ба?» деп сұраймын. 1944 жылғы сегізінші март, әйелдердің мерекесі күні, дивизияның саяси бөлімі жиналыс өткізді. Баяндамашы шайқастарда ерлік көрсеткен, полктарда, алдыңғы шептерде жүрген жауынгер әйел жолдастарды атап, олардың батырлықтарын талдап айтып берді. Солардың қатарында мен де Қызыл Жұлдыз орденімен, көптеген медальдармен наградталдым. Жүздеген жаралыларға көмек көрсетіп, аман сақтап қалуға себеп болдым. Сондай күндердің бірінде, Гомель қаласының әйелдерінің шақыруымен мерекені бірге өткізуге, Совет Одағы Батыры, аға лейтенант Қизатов бастаған дивизияның бір топ жауынгерлері кетті дегенде елең етіп, жүрегіме жылы лебіз тигендей болды. Кездесем деген үміт әрине, қиял еді. Сол кеште, менің келешектегі жолдасым, подполковник Алексей Михинмен таныстым. Салтанатты жиналыстан кейін өлең айту, би болды. Орта бойлы, ақсары өңді, шашын солға қайырған, үстінде офицердің су жаңа киімі, жас жігіт мені биге шақырды. Қабыл алдым, биледім. Сол кеш

таң сарғайып атқанда тарқады. Дивизия Полесияның ормандарында дем алып, жаңадан қару-жарақпен, жараланған, шетінеген жауынгерлердің орнына Белоруссияның жігіттерімен толықтырылып жатыр еді. Алексей екеуіміз қалың орманды араладық, таныстық. Жасы отызда екен, семья құрмаған. Дивизияға Сталинградта келген. Өзінің айтуы бойынша, кәрі әке-шешесі бар, Орталық Россияда тұратын. Соғыстан бұрын медицина институтын бітірген. Медсанбатта хирург.

Белоруссияның ормандары өте қалың, ағашы аспанға өрлеген биік. Теректер, қайыңдар. Алексей маған жаурап қалдың ба деп үстіндегі киімін шешіп берді. Менің «тоңған жоқпын» дегеніме болмады. Екі сағаттай жүргесін, біздер билеген медсанбатымыздың жер астындағы «сарайынан» ұзап кеттік. Дөңестеу құрғаққа отырдық. Алеша менің шашымды сипады, өзіне жақындатып құшақтады. Бетіме бетін тақап сүймекші болды. Көп қарсылық көрсеткенім жоқ. Бар шамамның келгені: «Қойыңыз, біреу көрсе ұят болмай ма?» — деп сыбырладым. Шырылдаған бозторғайдың, жақын жерден сайраған бұлбұлдың әні естілді. «Құстар қандай әнші! Бізге бақыт тілейді, Маша! Соғыс көп ұзамай бітеді» — деді Алеша.

— Мен сені көптен сыртыннан білемін, адал инабатты қыз екеніңді жолдастардан естідім. Полковник мақтаған, жолығуға сәті түспей жүрген болатын. Қолыңды бер, өмірлік жолдас болайық! — деп құмарлана құшақтап ернімнен, көзімнен сүйе берді. Мен көндім. Бәріне көндім. Сол күннен бастап Алексей Михиннің әйелі болдым...

Маша сәл кідіріп, күрсініп алды.

— Маша, сіз арманыңызға жетпегендей мұныңыз қалай? — дедім мен. Меніңше, бақыттысыз. Соғыстан аман-сау оралдыңыз. Деніңіз сау, барлық мүшелеріңіз бүтін. Өзіңіз әйел дегеннің сұлуысыз. Үлкен дәрігер, сүйіп қосылған күйеуің бар. Бақыт деген осы емес пе?

— Бәрі дұрыс-ау. Бірақ сол кештен менің ойымда екі өкініш қалды. Біреуі, таңданбаңыз, бір кеште танысып, тез көне кеткенім. Жасы менен көп үлкен. Институтта оқып жүргенде сүйгені болмаған ба? Адам емдеушілердің көпшілігі қыздар, келіншектер ғой. Әйелім жоқ деді, оған нандым... Жә, ең бастысы — бұл да

емес. Екінші өкінішім: өзімді ажалдан құтқарған жігіт-ті күтпедім. Кездесетінімізге сенетінмін. Бірақ күте алмадым!

Біраз үнсіздік орнады.

— Маша, мен сізге жолыққаныма өте қуаныштымын! — дедім сосын серпіліп. — Бір сағатқа окопқа паналатқанымды бұлдайтын сонша ешнәрсе жоқ сияқты. Мәселенің бәрі айқындалды ғой, екеуміз қарындас-ағадай болайық! Кінәласу кімге ,не үшін қажет?

Мен орнымнан тұрып, сырттағы сержантқа: «Демалыңыз! Ертең әйеліңіз, балаларыңызды, туысқан жерлестеріңізді көресіз. Әбден сағынған адамға, өзін-өзі ұстау, жігерлі болу сын», — дегенге Иван кәдімгідей абыржып: «Мен көңілшек адаммын, жылап жүрмесем жарады», — деп төмен қарады. Сосын маған мойын бұрды:

— Жолдас командир, бірге түсуіңізді өтінемін! Мен үшін бақыт, абырой — Совет Одағының Батыры келді деген!..

Манадан бері үнсіз отырған Маша да сержантты қолдап:

— Мен де тосамын сіздерді! — деді жанары мөлдіреп. — Сталинград — менің де отаным! Қазақтардың тұрмысын, салтын көру қандай қызықты! Михаил Шолоховтың керемет кейіпкерлерімен танысасыз, — деп Иван да бастырмалатып жатыр. — Қабыл алдым! — дегенде: Ура, жасай берсін Совет жауынгерлерінің достығы! — деді аққөңіл Иван. Мына қарапайым солдат қуанышы маған да қатты әсер етті. Патша офицерлері солдаттарды адамға санамағаны тарихтан белгілі. Жеңістің өзі, жолдастық сезіммен келеді емес пе? Өте қарапайым, кішіпейіл, адамгершілігі мықты өздері солдаттан өскен, еңбекші таптың өкілдері Совет Армиясының генералдары мен офицерлерінің адамгершілігі де артық емес пе? Жеңіске жетудің негізгі себептерінің бірі — солдат пен командирдің достығы, сенімділігі, мақсаттарының жалпыға бірдей болуында. Дивизияның командирі Александр Васильевич Қирсанов, терең ойлы, батыр қолбасшы болса, оны бәріміз әкеміздей көріп, «Батя» дейтініміз сонан болар».

— Бүгінгі әңгіме осымен аяқталсын! Демалайық, ұйқы адамға күш-қуат береді. Әсіресе, тыныс сізге керек, Иван Петрович, ертең жеңгемізбен кездесесіз...— деп күлдім. — Демалайық!..

Вагонның шайқалып тербеуінен тез ұйықтап кетіппіз.

Бәрімізден ерте оянған сержант шәй дайындап қойыпты. Мария екеуміз тез киініп, қайырлы таң айтысып, тамақтануға кірістік.

Бүгінгі сөз кезегі, аға лейтенант, сіздікі. Қазақ халқының қызықты әңгімелері, маңызды қанатты сөздері көп болар, — соларды айтып беруіңізді өтінеміз! — Мария бүгін кешегі көңіл-күйден өзгеше көзқараспен қарады маған.

Халқым туралы айту, әрине, үлкен ғанибет. Бірақ маған осы сәт, осы өткен отты жылдарды тағы бір көз алдымнан өткізу — қазір маңыздырақ көрінді.

Елден кеткелі бес жылдай уақыт өтті. Ертегі, жырлар, батырлар туралы қиссаны көп оқыдым. Жаттап алып, ойымда сақтағандарым да жеткілікті. Бірақ осы қазір өзім көрген қанды көйлек жолдастарымның жанқиярлығы мен адамгершілігін, келешекке үлгі болар-лық ерліктерін айтып берсем деймін... Армия қатарындағы бірінші ұстазым, командир, қазіргі майор Василий Степанович Скубак. Соғыста қорқу дегенді білмейтін, жасқанбайтын, өлімнен тайсалмайтын адам болмайды деушілер бар. Меніңше Василий Степанович қорқу, сасу, абыржу дегенді білмейтін сирек жандардың бірі. Одессада, Қырымда, Сталинград майданында, «тірі қалмаймыз, жау бізден басым, қоршауда қалдық, соңғы оқты өзімізге сақтайық, тұтқында қалғанша» деп қанша оқталғанда, ол саспай: «Жігіттер, өмір үшін күресу керек! Өлмейміз!» деп, талай тас қоршаулардан алып шықты. Адамгершілігі қандай! Анық дос тар жолда, қауіп туғанда сыналады. Скубак тәртіпті мықты ұстайтын. Солдаттарға талабы зор бола тұра, қиыншылықта көмектесетін. Бір адамды себепсіз жазалап, өлімге жұмсап көрмеген. Сондықтан да қол астындағы офицерлер мен солдаттар оны сыйлайтын, бұйрығын сөзсіз орындайтын... Екінші бір азамат — Совет Одағының Батыры, капитан Гридин Дмитрий Алексеевич те сондай өнегелі адам еді. Артиллерия мергені. Оның көзіне шалынған жау, әсіресе координатын тура берсең, қырылды дей бер! Көзін жояды, киратады... Өздеріңіз білетін, Совет Одағының Батырлары Ақан Құрманов, Василий Александров жандарын Отан үшін құрбан еткен ерлер. Олар туралы жазушылар талай поэма, романдар жазар әлі. Украин халқы-

ның адал ұлы кіші лейтенант Дорошенко, армян Мазманьян, орыс Макаров Михаил, татар Фатих Мұқамадиев, грузин Мотошвили, еврей, менің ең жақсы көретін комиссарым Михаил Уманский, Федор Шевченко, Хомухо, Бондарев — қайсы бірін айта берейін, өшпен тәуекелшіл жауынгерлер, адал азаматтар, сенімді достарым, жолдастарым. Жеңістің өзі достықта! «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген дұрыс айтылған. Батырлардың батыры — халық, олардың достығы! — дегенде, Маша: — Сендердің бәрің кілең батыр болдыңдар ма? Қоркактарың, азғындарың да болған шығар? — деп қалды.

— Дұрыс айтасыз, Маша. Өндай да болды. 1941-інші жылы, Қырымдағы шайқастан соң, төрт солдат, барлаушылар, үлкен окопқа кіріп демалдық. Шала ұйқыда жатырмын. Кенет байқасам, серіктерім Ткаченко Василий, Шалбаш Михаил, Сергей Савченко, Андрей Климов сыбырлап сөйлесіп жатыр. Сөздерін тыңдасам: «Комиссар біліп қалмасын, ол коммунист... Немістердің қарулары өте көп. Тездетіп жылжып барады. Украин, Белоруссияны, Прибалтика республикаларын басып алады. Қанша адам қырылды! Генералдар сатылған, Власов дегені бар... Өзіміз жастармыз, еркімізбен тұтқынға берілсек, мынау қағаздары «өмір сүріңдер, беріліңдер» — деп жазған, тимейтін шығар — деген әңгіме. Менің шыдамым кетіп: «Сендердей жауыздарды, азғын сатқындарды атып тастайын!» — деп орнымнан ұшып тұра келіп, пистолетімді суырып алдым. Олар, «ойнап айтамыз, тұтқынға берілу деген жай сөз», — деп шыға келді. Шалбаш «ата көрме!» — деп жалынды. «Құдай атымен өлгенше соғысамыз» деген сәттерін аядым. Мен тіс жарып, бұл жайды ешкімге баяндамадым, айтқаным жоқ естігенімді. Бірақ оларға сенуді қойдым, аңдып жүрдім. Көп ұзамай Шалбаш, ұлты грек болғасын, тылға жұмысқа жіберілді. Савченко мен Ткаченко, ретін тауып, барлаушылардың атын күтуге кетті.

Олар қазір дивизияның тылында, жуырда кездестім. Менің батыр атағын алғанымды құттықтап: — «Сен бізді Қырымда бір пәледен алып қалдың. Сүйегіміз де табылмай, немістердің лагерінде шіріп кеткен болар еді. Сауатсыз сорлылармыз. Фашистердің алдаған үгітіне сеніп қалдық» — дегендері бар.

Тағы бір оқиғаны айтайын: Анападан Новороссийскі-

ге барып, Одесса майданында Қара теңіз арқылы жүретініміз белгілі болды. Аттануға дайындалып жатқан түні батареяның екі солдаты жоқ болып шықты. Екеуі де соғыс басталғасын келген. Аласа бойлы, томпақ ауыз, шикіл сары, көк көзді Помазан — соғыстан бұрын шаштараз болып жұмыс істеген. Әскери жаттығуда «шаршадым, ауырдым, майданға барудан бұрын өлетін шығармын» деп жүретін. Әбден шыдамсыз екен. Түн мезгілінде, аузына тыныштық жоқ, сөйлей беретін. Мақтаншақ, айтуынша көңіл қоспаған қыз-келіншектері қалмаған. Сүйегіне сіңген әдет — еріндерін тілімен жалай беретін, етігінің қоныштарын әлсін-әлсін тартып, бүйірін таяныш билейтін. Арақты қайдан табатынын білмейсің, кеш болса аузынан исі аңқып тұратын жексұрын еді. Екіншісі: ұзын бойлы, сары өңді, киген киімдері алқам-салқам, тірліктің бәріне салқын қарайтын, тәртіп десең құлағына ілмейтін, жаттығуға зордың күшімен баратын, желкесіне жүк артып қойғандай, екі аяғын зорға басатын, еріншектігі мен көңілсіздігінде шек жоқ, арақ ішпесе аузын ашып сөйлемейтін, шарапты сіміріп алса болғаны іздегені жанжал, төбелес, жарықтық еді. Абырой, ой, сана дегенде хабары жоқ адам болатын.

Макаров ертемен, «Абыройымызды жоғалтты оңбағандар. Екеумізді командир мен комиссар шақырып жатыр!» деді маған. Біз келсек, батарея командирі Скубак, комиссар Комов, «Қашатындарын сезбедіңдер ме? Қырағылық деген қайда, жолдас Макаров, Қизатов?» — деп, әбден ұрсып алды. Скубак өзінің сабырлы мінезін білдіріп: «Іздеу керек, алысқа ұзаған жоқ. Тұрақтары — «Аброва — Дюсе» арақ заводы. Көмейлеріне құйып, шалқып отырған шығар. Макаров жолға дайындалсын, оларды іздеуге Қизатов барсын! Қасыңа Климов пен Шалбашты ертіп, тез келу үшін жетекке қос ат алыңдар!» — деді. Комов: «Ондай жексұрындарды жаяу айдап келу керек!» деді. Макаров екеуміз «құп болады!» деп шығып кеттік.

Тез дайындалып, жолға шығып, жүріп кеттік. «Аранжирдің» алшаңдаған қатты желісіне жолдастарым шауып зорға ілесіп келеді. Михаил Шалбаш: «Ақырын, жолдас ефрейтор! Тойға барамысың? Жалақерін мен ербекейді қазір тауып аламыз. Олар қашқан жоқ, арақ үшін кеткен ашқарақтар!» — деп әңгіме соғып келеді. Көп ұзамай «Аброва — Дюсеге» келдік.

Помазанның үйін тауып алып кіріп келсек, бөлме толған адамдар. Бізді көріп, қорқып қалғандай, орындарынан атып-атып тұрды.

— Отырыңдар! Бір шөлмектен көңіл ашар, — деді үйдегілер. Шалбаш пен Климов отыра кетті. Помазан жеңіл мінездігін бастап:

— Қашқанымыз жоқ, туыстарымызбен қоштасуға келдік... Қақиып тұрмай отыр! — деп, маған ыржаңдап күлді. Бар даусыммен:

— Тұрыңдар! Атқа мініңдер! Кетеміз, полктің командирі білсе соғыс уақытындағы заң бойынша жазалайды, — деп ақырып, есіктен шыға бергенімде, Климовтың: «Болмайды, бұл коммунист», — дегенін естіп қалдым. Қайта кіріп:

— Мен партияның мүшелігіне кандидатпын деп мардамсып тұрғаным жоқ. Біздің көретін құрметіміз— бейбітшілікте ең ауыр, жауапты жұмыс атқару. Соғыста — өлім мен өмір таласқан алдыңғы шепте жасқанбай бұйрықты орындау.

Бәріміз далаға шықтық. Әйелдермен қоштасып жүріп кеттік. Майданда екеуін де көргенім жоқ, жазаланған шығар деп ойлаймын. Осындай жағдайлар 1941 — 1942 ауыр жылдарда аз да болса кездесіп тұрды. Соғыста, әрине, жеңілдік болмайды, бірақ Одессаны, Сталинградты қорғау, Қырым үшін шайқастарда үлкен сыннан өткеніміз бәрімізге белгілі ғой...

Маша маған тура қарап:

— Сіздің сүйген қызыңыз болды ма?— деді.

— Сезім отын тастап, аққан жұлдыздай жарқ етіп, жоқ болған сұлуым қасымда отыр...

Маша қызарып төмен қарады:

— Менің сұрап отырғаным — соғыстан бұрын, бейбітшіліктегі махаббат...

— Жастықта бәрі болады. Менің махаббатым — бықсып жанған от емес, дауылды күнгі жалын еді. Су құйғандай, қайтып жанбайтындай құрыған, бірақ...

Машаның көздері жайнап кетті.

— Соны, соны айтыңызшы!..

— 1939 жылы туған ауылымда мұғалім қызметін атқардым. Мектеп меңгерушісімін. 2—4 кластарға сабақ беремін. Мектеп дегеніміз — екі бөлмелі кішкене ағаш үй. Бір жақсысы, терезелері үлкен, жарық, ауасы таза.

Әке-шешем өздері қатынасып, сыйласып жүретін

адамның бойжетіп келе жатқан қызын мақтап: «Үлкенді сыйлайды, шаруаға мығым, он қолынан өнері тамған бала»,— деп менің құлағыма сіңіріп жүретін. Жасы он бесте, қиылған қасы қарлығаштың қанатындай, қынай белі жел соқса үзіліп кететіндей жіңішке, үлкен қара көздері ақбөкеннің көзіне ұқсас. Шапақтай сұлу, беті аппақ. Мінезі өте сүйкімді. Төртінші класта оқиды. Оқуды шешесі ауырып кеш бастаған.

Оңаша кездессек әзілдесетін болды. Менің мұғалім екенімді білсе де жасқанбайды. Шамасы қыздың да естігені болу керек, келешектегі күйеуім деп ойлайды.

1940 жылдың ақпан айының аязды күні әскерге шақыру қағаз келді. Біздер — Есентемір, Жанбос деген жігіттер үшеуміз бірге аттанатын болдық. Қішкене ауылымыздың барлық үйлеріне кіріп амандастық, қоштастық. Ағайындар жақсылық тілектерін айтып, «Амансау оралыңдар, қарақтарым» деп, батасын беріп, кейбіреулері жолыңа деп ақша ұсынды. Жылағандары да баршылық еді.

Қыздың үйіне кірдік. Әке-шешесі «біздің уақытымыз тығыз» дегенімізге қарамай, шай берді. Үлкен ақ самауырдың қасында отырған қыз маған көзінің астымен қарай береді. Байқасам, жанары жасқа толы, аппақ беті қызарыңқы. Асығып кетуге ыңғайланып, қолдасып қоштасар сәтте, қыздың қолын алсам, күйіп бара жатыр. Екі көзінен жас сорғалап, денесі дірілдейді. Шыдамы әбден кеткен болу керек. Қолын берісімен үйден шыға жөнелді. Жолдастарым далаға шыққасын: «Қарындас зорға денесін билеп тұрды, сездің бе? Сен бүгін кешке жолығуың керек. Әке-шешесі де сезіп тұр, бөтен емес, қарсы болмайды»,— деп кеңес берді. Мен жолдастарыма: «Әлі жас. Піспеген жемісті жегеннің іші ауырады. Абырой сақтау жөн болар: Қөрсеқызарлықтың керегі жоқ, келешек алдымызда бәрін шешетін уақыт, асықпайық достар!»— дедім. Сонымен сөз қысқарды.

Ертеңіне Қызылжарға келіп, поезға міндік. Өңшең жастар — ойын-күлкі, әзіл. Көңіліміз көтеріңкі. Эшелонды сүйрететін отарба бір өкіріп, батысқа қарай тартып кетті. Көк Есілдің, Бескөлдің мұздары айнадай жарқырайды. Ақ қайың, құба талдар қалып барады. Қысқартып айтсам, сонан бір жұмадай жүріп Нежин қаласына жеттік.

Поездан түсіп, саппен моншаға бардық. Шомылдық,

жуындық. Әскери киімдер киініп, қызыләскер болдық. Үш айдай Украинаның жерінде әскери тұрмыстың ауыртпалығына, тәртіпке үйрендік. Фин соғысы жүріп жатыр еді. Суыққа шыдауды, аязды күндерде қаруды пайдаланып, жауды жеңу тәсілдерін үйрендік. Әбден шыныктық. Май айында Солтүстік Кавказға Новороссийскіге келдік. Нежин суық болса, Кавказда күн ыстық екен. Әскери қызмет, тәртіп темірдей қатты. Жаттығуда ауыр болса, шайқаста жеңіл. Бәрінен дұрыс қортынды — шыдамдылық керек деген ойға мықтап бекіндік.

Үйден телеграмма келді: «Әкең хал үстінде. Тез жет»,— деген екі сөйлем ғана. Командирдің ұлықсатымен жүріп кеттім. Келсем Бәкең, әкемнің інісі, мені тәрбиелеп өсірген, қазақтың әменгерлік заңымен Қизат өлгесін шешеме үйленген, әкемнің туған інісі, әл үстінде екен. Келгенде білгенім, даланың қаудан шөбі өртенген. Желді күні өрт сөнуі өте қиын болған. Колхоздың үйілген шөптерін қорғаймын деп жанкештеніп жүргенде киіміне от тиіп, өзі де өртенген. Денесінде күймеген сау жер жоқ. Дәрігерлер барлық мүмкіншілікті қолданған деп жатты. Тура келген ажалдан алып қалуға болмады, мен келгесін бір күннен кейін Бәкең дүние салды. Ауыл болып қайғырып, жерледік. Үйде бір жеті болдым.

Сол күндердің бірінде, қараңғы түнде қыз «келіп кетсін»» деп хабарлады. Екеуміз кездестік. Қол алысып, серт байладық. Ол менің өмірлік жолдасым, әйелім болатын болды.

Әскерге қайта оралдым. Үзбей «Жан жолдасым» деп басталатын хат алып тұратын болдым. Соғыс басталды. Сол-ақ екен, хат жазу да үзілді. Менің жазған үш бұрышты хатыма жауап жоқ. Қарындасымнан сұрап хат жаздым ақыры. Онан хат келді. Елдің ауыр жағдайын, соғыстың әлегінен халықтың күйзелушілікке ұшыраганын, тұрмыс жағдайларын, біздің үйдің амандығын жазған екен. «Қызды сұрама!— депті.— Ол азғын, бұзық. Өмір ағымына тура қарамайтын тұрақсыз, суайт болып шықты». Менің үстіме мұздай суды құя салғандай, қалтырап кеттім. Қандай жағдайға кездесті екен? Мінезі жуас, басына қиыншылық түспеген еді, сірә, біреудің азғырганына көнген болар деп түйдім.

Қарындасым екінші хатында жағдайды түгел жаз-

ды. Ауылдың барлық еркектері соғысқа аттанған. Қалғандары бала-шаға, кемпір-шал, ауру. Мақұмның Ғаббасы колкозға бастық еді. Орнына Рамазанов Қамбар деген оңбаған келді. Ойлайтыны — өзін соғыстан сақтап калу. Ауданның бастықтарына жағымпаздық білдіру. Елдің ауыр жағдайы ойына кірмейді сұмрайдың. Сол қыздың үйінде пәтерде тұрған. Өзінің ең кіші баласындай қызды екінші әйелдікке алған. Күнде ойын, күнде той... Сайқал екен... Егер зорласа, еріксіз көндірсе, өзін бауыздап өлтірмей ме?.. Опасыздан құтылғаныңа ренжіме, қуану керек. Өзін-өзі әшкерелеген ақылсызға қайғырма! Аман болсаң, адал жар табылады. Ел мен ер аман болсын!» деп жазыпты. Сол хаттан кейін мен үшін махаббат есігі тарс жабылғандай еді. Күнде көретін қырғын шайқас, оққа ұшқан жолдастар, достар, қанға боялып жараланған адамдар бәрі-бәрін ұмыттырады екен. Үлкен қасірет жеке басыңа түскен ауыртпалықты жауып кетеді... Сіз қайта-қайта «өтінемін, сұраймын» деп қоймағасын, Маша, осы бар шындықты айттым,— деп сөзімді аяқтадым.

Мария үнсіз ойланып отырып қалды. Иван маған қарап:

— Жолдас аға лейтенант, сіздің айтқаныңыз жекебір кездейсоқ іс емес, кездесетін фактілер,— деді қызбаланып.— Біздің ауданда да кейбір шалдар әбден бұзылған — бастық болып адамдарды қорқытқан, паракорлық, ішкіштік, маскүнемдіке салынғандары да бар. Станицада бір қыз зорлыққа шыдамай, «шал сүйгенше ақ тәнімді, сен аймала, сүйікті сұлу өзенім» деп суға кеткен...

— Мен енді сіздердің өтініштерінді орындадым.

Купеде біраз үнсіздік орнады.

— Әңгіме жол қысқартады. Сөзімізді бұзбайық. Дәстүрді жалғап, сүйікті жолдасым, армян халқының батыр ұлы, Григорий Григорьевич Мазманьянның өз көзіммен көрген ерлігі мен батырлығы туралы айтайын,— дедім.

— Мазманьян Батуми қаласында туған. Соғыстан бұрын, жасы 27-дегі порттың жүк таситын жұмыскері екен. Макаров жаралы болғасын, бізге бөлімше командирі болып келді. Менің тікелей бастығым. Екеуміз тез уақытта табысып, дос болдық. Командирмін деп ол айтпайды, бағыныштымын деген ой менде болған жоқ. Сонан көп ұзамай Сталинград майданында маған лейте-

нант деген әскери атақ беріліп, мен оның командирі болдым. Әскери атағымыз емес, атымызды атап сөйлесу одан кейін де қалған жоқ. Тәртіп бұзу емес, екі адамның достығын көрсететін пиғыл еді бұл. Григорий атан түйедей ірі денелі, саусақтары жас баланың білегіндей, көздері бөкеннің көзіндей үлкен, дауысы жуан гүрілдеп сөйлейтін — мол пішілген адам еді. Әскери өнерді жақсы үйренген, барлау салуға өте шебер. Қараңғы түнде белгіленген жерін адаспай табады. Өзінің айтуы бойынша алты пұттық үш қапты көтере береді. Түйір қанттарды бармағымен басып қалғанда пытырлатып уата береді. Сазды, милы жерде батып қалған ауыр зеңбіректерді бес жігіт шығара алмағанда, жалғыз өзі суырып алғанын талай көрдік. Мазманьян келген кезде: «Қанша дәу болса да Михаил Макаровтай қайдан болсын, соғыста қара күштен сескенбейтін, жасқануды, қорқуды сезбейтін жауынгер болу керек. «Білікті бірді, білімді мыңды жығар» деп халық жәй айтпаған. Дүние жүзінің күрестен төрт мәрте чемпионы атағын алған, дене бітімі адам баласынан өзгеше, сом темірді білегіне жіптей ораған, үстінен жүк машинасын жүргізген, атақты Қажымұқан балуанның тышқаннан қорқатын әлсіздігі болған. Біздің сержантымызда сондай бір кемшілік бар болар» деп ойлап қалдым алғашында. Григорий денесіне мінезі сай — жаудан сескенбейтін, өлімге біле тұра қарсы ұмтылатын, жеңіс үшін, жолдастарын сақтауға кеудесін тосқан батыр азамат екен.

Взвод командирі болып аға лейтенант Кузьменко деген жасы елуден асып кеткен адам келді. Соғыстан бұрын колхоздың председателі қызметін атқарған орыс тілін украиншаға араластырып сөйлегені күлкіні келтіретін. Жүгіргенде қолтығынан ұстамасаң қалып қоятын. Бір шайқаста немістің солдаты Кузьменконы көздеп атайын деп тұрғанын көзі шалып қалған Гриша, өзінің денесімен аға лейтенантты қорғайды. Оң бүйірінен оқ тиіп жаралы болады. Владимир Кузьменко аман қалды. Аққөңіл командир: «Өзін ажалға байлап мені алып қалған Гриша, ең жақын туысым да, балам да, інім де сенсің!»— деп айтып жүретін. Сол Кузьменко ауыр жаралы болды. Оның орнына мен үш жыл қатардағы солдат болған взводыма сұранып келдім. Орел мен Курск имегінде Гитлер Сталинградта кеткен кегін алуға дайындалып жатқан кезі болатын. Бірде Мазманьян қаран-

ғы түнде алдыңғы шептен өткен немістердің жолын тосқан. Жайбарақат келе жатқан екі фашистің біреуін ұрып талдырған. Екіншісін кеңірдегінен бір-ақ сығып өлтірген. Талып жатқанының аузына мақта тығып, арқалай жөнелген. Бір адамды шопақ құрлы көрмеген — он сегіз пұт көтеретін дәуге бұл жыр болсын ба?

Гришаның алып келген «тілі» көптеген құпияларды айтып берді. Енді бірде Солтүстік Украинада немістер қашып, біз өкшелей қуып келе жатқанбыз. Көптеген штабтар орналасқан окоптарға тап болдық. Мазманьян біреуіне кіріп кетіп, ілезде екі немісті қолдарын көтертіп айдап шықты.

— Мыналарын жауынгерге ұқсамайды, Гриша,— дедім.— Қоянның көжектері ме? Күлге аунаған мысықтың балалары ма?

Көздері бақырайып ұясынан шығып барады. Жаутаңдап, жалынышты қарайды. Гитлер оңбаған он бестегі баланы, сексендегі шалды соғысқа әкелгені болар? «Қайда барам десе де еріктері, жіберіңдер!»— дедім. Біздің взводтың ең тентегі Кузьма Вялых дауысын қатаңдатып: «Бұл күшіктер — көжек емес, қасқырдың бөлтіріктері. Шаруаларын бітірейін, рұқсат етіңіз, жолдас лейтенант!»— деп шыға келді.

— Тоқтат! Өзінің еркімен қалып қойып, тұтқынға берілген. Қарулары жоқ! Бұларға ерлік керек емес... «Шнель комме!»— деп ақырдым. Сосын немістер бүрсеңдеп, біздің тылға жүгіре жөнелді.

Мазманьянның керемет бір қасиеті: қызықты ертегі, қанатты сөздерді, қисынды аңыздарды, армян, грузин халықтарының қиын өткелдерден өткен оқиғаларын жақсы білетін. Өзіне тән орындауға да шебер. Қозғалмай, жәйланып отырып, бір нүктеге тура қарап, асықпай сөйлейтін. Ынтасыз, көңілсіз тыңдап отырғандарды байқаса болды, «тыңдамаса сөз жетім»,— деп орнынан тұрып кетеді, қанша жалынсаң да айтпайды. Мінезін білетін біздер, молданың шәкірттеріндей момақан боламыз, әңгімелерінің өзі қисынды, аңыздары қызықты болатын.

Сталинградтан поезбен шыққан біздер, Орел — Курск имегіне жетер жолда әбден қажыдық. Григорий Григорьевичтен әңгіме айтып беруін өтіндік. Бәріміз аға сержантты ортамызға алып, нардың үстіне орналастық. Есікке тура қарап отырып, Гриша сөз бастады. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы болуы керек, Пе-

тербургта оқып жүрген екі студент араларынан қыл өтпейтін дос болады. Қайда барса бірге жүреді. Театрға, саяхатқа шықса да егіз қозыдай айрылмайды. Бір тілім нанды бөліп жейді. Оқуларын бітіріп, барар жақтарына жолдама алады. «Достық ұмытылмасын, қатынасып тұрайық. Қандай жағдайға ұшырасақ та жақсылық, жамандық бәрі де ортақ!»— деп серт байласады.

Біреуі мен туған Батумиға келіп, жұмысында абыройлы болады. Көздегеніне жетіп, тасы жоғарыға өрмелейді. Ол кездегі негізгі мақсат — баю. Алтын, ақшаны көбейту талайдың арманы болған. Әлгі, әкесінің мұрасы бар, өзінің табысын қосып фабрика, тұрғын үйлер, ресторан, кең сарайлар салғызады. Үйленеді, табысына табыс қосылады. Парасатты, үлкен қаланың кереметінің біреуі болады. Екіншісі басқа жолға түседі. Арақ ішуге, маскүнемдікке салынады. Мекемелерден жұмыстан қуылады. Әкесінен қалған мүліктерін арақ-қа салып құртады. Үйлену есіне емес, түсіне де кірмейді. Маскүнемдік — қайыршылық, жексұрындық өмірге келтіреді. Тамақтануға да қаржысы болмайды. Өзін өлтіруді ойлайды. Суға кету, асылып, тұншығып, дәрі ішіп, қаңғырып, жыртқыштарға жем болу, атылу, пышақ салу — бәріне дайындалады, басқа шара қалмайды. Жанын қию оңай ма, ақыры досы ойына түсіп, Батумиға келеді. Тұрғындардан сұраса білмейтін адам жоқ, қаланың атақтыларының бірі, ақшасы көп бай. Үлкен үміт күтіп ертемен досының кеңсесіне барады.

Кіріп келгенде көзіне түскені — қабырғалары жарқыраған айна, сәкісіне төсегендері құлпырған масаты кілемдер. Қабылдау бөлмесінде қызметші қызы жұмақтан шыққан хор қызындай сұлу, тамаша әсем киінген. Аты-жөнін, бірге оқыған достығын білдіріп, қабылдауын өтініп сұрайды. Қызметші «қазір қауырт жұмысы бар, екі сағат өткесін келіңіз»,— дейді. «Менің баратын басқа танысым жоқ, күтемін»,— дейді бұл.

Қыз қызыл былғарымен қапталған үлкен есікті ашып кіріп кетеді. Құшақтап сүйетін шығар, мүмкін өзі шығып қарсы алар деп дәмеленіп бұл тұрады. Көмекші шығып: «Кешіріңіз, сіз туралы пиғылы басқа екен. Ондай араққа салынған, есуас, маскүнем адаммен сөйлесуге мүмкіншілігім жоқ деді»,— дейді. Өңменінен оқ тигендей болады. Сөзге келмей сыртқа тұра жөнеледі. Өлім, өлім! Басқа жол жоқ. Соңғы үміт үзілді. Қайда барарын білмей беті ауған жағына кете барады.

Бір үйдің қасында әлдебір кемпір мен шалға кездеседі. Екеуінің ортасында үлкен сары шамадан. Кемпір жігіттің басынан аяғына шейін шолып шығып: «Мына кәрі тірсек шамаданымды тартып алмақшы. Жақсы кездестің, балам! Арашашым боларсың!»— дейді. Жігіт танданып үндемейді. Менен көмек сұрайтындар бар екен деп ойлайды ішінен. Кемпір сөзін жалғастырып: «Түріне, өніне қарағанда үлкен қайғыға кез болғанның белгісі көрініп тұр. Құдай алдында осы шамаданның ішіндегі заттың сұрауы жоқ. Бәрі сенікі»,— деп бұл есін жиғанша. қариялар лезде жоқ болады. Бұл аң-таң болып, шамаданды ашады. Толған алтын, қағаз ақша, **қымбат** бағалы тастар, дүние-мүлік. «Құдайдың маған жіберген көмегі шығар. «Өлмегенге өлі балық» деген. Әлде жанағы кемпір-шал — әке-шешемнің аруақтары болар! Енді арақ-шарапты тоқтатайын! Ең жақын досымның жүздесіп, сөйлескісі келмеді. Адам қатарынан шығарып тастаған түрі бар. Бәрінен айырған арақ. Көрсетейін бұрын дос болған, тәубесіз итке, құдіреттің кереметін!.. Зауыт, фабрикалар, адам білмеген сарайлар салдырамын! Сөйтіп, ол иттен мәртебемді асырамын!» деп өзіне-өзі сол жерде серт береді.

Қонақүйге орналасып, жуынып, таранып, жақсы киімдер сатып алып жарқырап шыға келеді. Арақты намысқа жеңгізіп, ішуді әбден тастайды. Өзі басқарып үлкен фабрика, қонақ, тұрғын үйлер, кең сарайлар салғызады, аз уақытта жағдайы көтеріліп, баюға бет бұрады. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», деп семья құруға ойланады.

Досының қабылдау бөлмесінде отырған сұлу қызға барады. Театрға шақырып, бірге жүреді. Қызға қосылу, сүйіспендік, өмірлік жолдас болуды ұсынады. Ақыры бикеш көнеді, екеуі келіседі. Тойға көп адамдарды шақырады. Өзінің бұрынғы бірге оқыған досы да келеді. Жиналғандар, көңілді сөздер айтып, жас жұбайларға бақыт, денсаулық, ұзақ өмір, үбірлі-шүбірлі болуларын тілеп, тост көтереді.

Кезек той иесіне келеді. Досы екеуінің бірге оқыған күндерін — қол ұстасып өткізген қызыл гүлдей жастық, бір тілім нанды бөліп жеген татулық, байласқан серт, алысқан қол — тегіс баяндайды. Өзінің қателесіп, өмір басқа жолға салып адасқанын, арақтың азғындыққа әкеліп соқтырғанын жасырмай айта келіп, әбден өлім халіне жеткенде айнымайтын досының жәр-

дем беру былай тұрсын, сөйлеспеген, қабылдамаған, адамгершіліктің бәрін ақшаға сатқан опасыздығы туралы айтады.

— Міне, менің тойыма сол азғын қатысып отыр!— дейді сөз соңында. Үйлену тойына жиналғандар масқаралап, опасыз достың бетіне түкіреді. Бұрынғы бірге оқыған досы бәрін сабырға жеңгізеді. Сөз кезегі келгенде қырандай саңқылдап сөйлеп кетеді.

— Жолдасымның жаңа айтқанының бәрі дұрыс, қоспасы жоқ. Ал сонда екеуіміз кездестік, үйіме қонаққа шақырдым, көмектестім, қолына ақша бердім дейік. Сонда сен маскүнемдікті әбден қойып, түзеліп кететін бе едің? Әрине, жоқ. Кезекті бір ішу жағдайы болған болар еді. Ақыры арақтан өлер едің. Шарапты жеңген адам туған жоқ. Жеңімпаз тек ақыл ғана. Сенің намысыңа тидім, сөйлеспедім. Әке-шешем миллион сом ақша салған шамаданды, танымайтын адамдар болып алдыңа тастап кетті. Сәттілік саған аспаннан түскен жоқ. Сенің тойыңа қадірлеп, дүние малын берген қариялар да осында. Шақыршы!..— деп жас жігітті жұмсады.

Адамдар аң-таң. «Неткен адамгершілік!»— деп шулап жатыр. Шал мен кемпірді танып, үй иесі талып қала жаздайды. Досы сөзін жалғап:

— Сенің қасыңда отырған қалыңдығың — менің туған қарындасым. Саған сенімді жұбайың болсын деп, өзімнің бауырымды көндірдім,— дегенде досы:

— Кешір мені ардақтым!— деп еңіреп жылап, аяғына жығылады. Тойға жиналғандар: «Достық осындай болу керек! Міне, анық достық!» деп таңданады... Мазманьянның соғыс өртінің ішіндегі қиял-ғажайып ертегідей әдемі әңгімелерінің бірі осындай!

Мария мен Иван керемет таңдана тыңдады бұл хикаяны.

Адамдардың күрделі қарым-қатынасын, ішкі сырын, анық достықтың, жақсылықтың туын көтеретін әңгіме екен!— деді Мария.

— Жақсы дос шын жанашырлықты қайткенде жүзеге асыра алады? Ар мен намыс үлкен азаматтыққа апаратын үлкен күш. Арақты еммен, үгітпен емес, намысына от тастап қойдыру — үлгі болатын мысал... Міне, Иванның станицасына да келіп қалдық. Григорий Мазманьян туралы әңгімемді аяқтайын, достар,— дедім мен. Көкейімде ержүрек досым туралы айтылып бітпеген әңгіме қалды. Ол Мазманьянның қазасына байла-

нысты еді. Соғыста өлім көп. Бірақ ер досымның қазасы өте өкінішті жағдайда болды.

Біздің полк бірнеше күн жол жүріп, Сталинградтан Козельск қаласына келген. Қараңғы түн. Тездетіп зеңбіректерді, басқа қаруларымызды эшелоннан түсірдік. Орманға барып орналастық. Окоптарды терең де кең қазып, қабырға төбелеріне тақтай шегеледік. Фатих Мухамадиев деген татар баласы, маған «ептәш лейтенант, мен отау соғып жатырмын, үйленуге рұқсат етерсіз», деп қалжыңдағаны бар.

Гридин мен Скубактан естігенім, өлген, жаралы болған адамдардың орны толықтырылады, жаттығу күшейтіледі, үлкен шайқасқа дайындаламыз. Сонан үш ай өткесін Орел — Курск имегіндегі екі жақтың таңдамалы армияларының қанды шайқасы өтіп еді.

Немістер жеңілді, біз жеңдік. Жаудың күні батып қараң болды. Совет халқы қуанышқа бөленді. Жаңа күш пайда болды. Сондай жағдайда взводтың алдына жауапты міндет қойылды: қашқан жауды өкшелей қуып отыру, әр жерден автоматпен атқылап, қуып келе жатқан взвод емес, батальон есебінде жалған позиция көрсету, үрейін ұшырып қорқыта беру, шамасын келтірмей қашыра беру. Керек жерде радио арқылы батарея дивизионмен байланысып, зеңбіректен атқылату. «Өздерің сақ болыңдар, әсіресе түнде аңдып тұрып қоршап алудан. Немістер осал емес. Әлі күші мол, қасқырдай қорқау, түлкідей айлалы»,— деген де нұсқау бар еді.

Фашистер қашып барады, біз қуып келеміз. Шайқасу, қарсыласу аз кездесетін болды. Мазманьян: «Осылар қоян болып кеткен шығар! Солтүстік Украина, Сумской облысында атыспай шебін тастап, табандарын жалтыратып, күн демей, түн демей қашып жатыр екен»,— деді.

Украинаның Нежин қаласына жақындағанда Гриша екеуміз өзгелерінен озып кеттік. Сүрлеу жолмен келе жатырмыз. Алдымыздан қалың, биік шыққан жүгері кездесті. Аспанда ұшқан самолеттердің дауысы естілді. Қарасақ біздің «Ил» самолеттері екен. Маған: «Екеуміздің киіміміз көк, немістерге ұқсаған. Жау да алыс емес. Ұшқыштар байқамай, фашистер екен деп атқылап бомбы тастаулары мүмкін, өздері өте көп екен»,— деген қауіп келді. Соны ойлап үлгіргенімше, «Катюшаның» миналарымен қаруланған «Ил» бізді оқтың астына алды.

Мен жерге жабысып жатырмын. «Өлген жерім осы да, өзіміздің ұшқыштардан ажалым болғаны ма»,— деймін. Үстіме түйір-түйір бірденелер сатырлап түсіп жатыр. Құлағым бітіп, көзімнің алды от болып кетті. Самолеттер ұшып өткесін, есімді жиып, қол-аяғымды қозғасам, бәрі орнында сияқты. Жарадан аманмын. Үстіме түскен — аударылған жер, топырақ екен. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі»,— деген ауылдың ақсақалдарының мақалын ойыма түсірдім. Мазманьян қайдасың деп іздеп келемін. Маңайда дыбыс жоқ. Сұмдықтың болғанын сезгендей, жүрегім жиі соқты. Бір кезде жүгерінің шет жағында жатқан Гришаны көрдім. Денем дірілдеп, басым айналды. Үстіндегі киімі жыртылған, қаннан, жарадан сау жері жоқ. Арыстан туған ер тілсіз сұлап жатыр. Саусақтары қырқылған, аяғы сынған. Кеудесінде адамның жұдырығы сиып кеткендей жарасы бар. Аузына су тамыздым. Шыдамды батыр сондай өлім халінде жатқанда да тілге келді: «Мен адам болмаймын, жанымды қинамай атып таста!». «Сен жазыласың!»— деп жараларын орай бастағанда, басқа жолдастар да келді. Бізді көріп олар шошып кетті. Батареямен радио арқылы байланысып, екі ат жеккен арбамен біздің санитар келді. Ол Мазманьян денесінен ұсақ бөлшектерді қысқашпен алып тастады, жараларына йод жақты, орады. Бәріміз жабылып, Мазманьянды көтеріп арбаға орналастырдық. Үлкен көзін төнкеріп бізге қарап, хош болыңдар дегендей болды. Мен: «Гриша, тез жазыласың. Сенің орның бөлек. Құрметтім, аман бол!»— деп арбадан түстім. Аттар ақырын қозғалып жүріп кетті.

...Иван жиналып:

— Қазір Михайловка, келесі менің қалам Фроловка, жолдас аға лейтенант, дайындалыңыз!— деді. Маша:

— Мен сіздерді тосамын. Сталинградқа келісімен, біздің үйге тоқтандар!— деді бізге қиыла қарап.

— Жерлесім, келдің. Сен бақытты жігітсің — соғыс жүріп жатқанда әйеліңді, балаларыңды, туыстарыңды көруге келесің!— деп кезекші келді бір кезде. Иван күле береді.

Поез жүрісін баяулатып тоқтады.

— Келдік. Түсейік, жолдас командир!— деді Иван. Машамен қоштасып, поездан түстік.

Станция үлкен емес. Тез жүріп келеміз. Қарсы алған адам жоқ, келетінімізді жан білмейді. Бір үйдің

қасынан өте бергенде «Дубинин» деген айқай естілді.

Оң жағымызға бұрылсақ, екі аяғы жоқ адам отыр. Сержант: «Данил Сидорович!»— деп құшақтай алды оны. Мен қолдасып амандастым.— Екі бірдей аяғымнан Сталинградта айрылдым. Балаларым, жұбайым, халық қадірлейді. Балдақпен жүруге үйреніп жүрмін. Тіземнен төмені жоқ. Мендей ұшқыш балдақпен жүрмек түгіл билейді екен. Күшім, құдіретім жетеді жүремін,— деп бастырмалатып жатыр Данил Сидорович.

Сержант мені таныстырды. Қоштасып жүріп кеттік. Кездескен адамдардың көпшілігі жүдеу-жадау. Киімдері ескі, жамалған. Аяқтарына кигендері шәркей. Кемпір-шал, жас балалар, мүгедектер. Соғыстан бұрынғы мен болған Абинская, Лабинская деген станцияларға ұқсамайды. Бау-бақшаларын немістер отаған, үйлерінің есік-терезелері сынған. Адам тұрмайтын қаңыраған мекен көп көрінді. Сұм соғыс бар салмағымен еңсені басқан халықты күйзеушілікке ұшыратқан. Ер-азаматтар майданда. Тылдағы ел барлығын — азық-түлік, киім-кешек, тапқан-таянғанды майданға жібереді. Қандай жағдай болсын! Біздің Қазақстан халі де осындай болуы керек. Соғыс өз жерімде болмаса да, осыдан не артық жағдай бар дейсің?» деп ойладым.

Сталинградтан немістерді қуып шыққанымызға бір жыл төрт ай. Тұрғындардың көпшілігі қайтып оралған, әбден қиыншылық көрген азаматтар... Терең ойға қалып келе жатырмын. Бір топ мектеп жасындағы балалар жүгіріп алдымыздан шықты. «Батыр, Батыр! Совет Одағының алтын жұлдызын көрдің бе?»— деп шуласып келеді. Иванның үйіне келдік. Қызы мен ұлы қорасының қасында ойнап жүр екен. Олар бізді көріп таң-тамаша қалып, ербиіп тұрып қалды. Сержант: «Наташа!»— деді даусы дірілдеп. Қыз жүгіріп келіп, әкесінің мойнына асыла кетті. «Папа, папа! Келдің бе? — деп әкесінің бетінен сүйіп жатыр. Иванның көзінен жас сорғалады. Қыздың жасы он екі, он үште. Бойы биік болғанымен, денесі талдырмаш жіңішке, өңі жүдеу. Үстіне кигені жамаулы көйлек. Иванның баласы жақындамай, әлі қарап тұр. Иван: — Миша, Михаил, танымадың ба әкеңді? — деп, келіп кішкене төрт-бес жасар баланы көтеріп алды. Сүйіп жатыр айналып-толғанып. — Дәл өзіме тартқан! Қызым шешесіне ұқса-

ған... Танысып қойыңдар! Командир. Батыр. Менің жолдасым, досым.

Бізді қоршаған балалар әбден көбейген. Иванның қызы шешесіне хабарлауға кетті. Біз де есік ашып, үйге кірдік. Үш бөлмелі сырғауылдан салған жай екен. Сәкіде төсеніш жоқ. Біз кірген бөлменің ортасында төрт бұрышты стол, екі орындық, ескі диван тұр. Бұрышта орамалмен қоршаған құдайдың суреті, басқа көзге түсер нәрсе жоқ.

Иван: «Отырыңыз! Барымыз осы. Өзіміз аман болсақ, дүние қайда қашар дейсің!» — деп мені төрге шақырды. Мен диванға отырдым. Есік тез ашылып, алқына сөйлеп, екі көзі жасқа толы, отыздар шамасындағы, ұзын бойлы, аққұба өңді, үстінде қызыл ала көйлегі бар, әйел кіріп келді. — Жаным, Ванюша, амансың ба? — деп, келе Иванды құшақтай алды.

— Қойсайшы! Командирден ұят болады!.. Танысып қой, аға лейтенант, Совет Одағының Батыры Жолел Қизатов, — деп Иван қысылып жатыр. Мен түрегеліп Иванның жұбайының қолын алдым. Менің бетімнен сүйіп, өзін: «Александра Михайловна», — деп таныстырды.

— Құдай-ау, жап-жас бала! Батыр! — деп абдырап, әрі қуана сөйлеп жүріп, бізге тамақ қамдауға кірісті. Піскен суық сүт, бір тілімнен қара нан, екі жұмыртқаға Иванның қапшығында келген консерві қосылды. Ойнап-күліп отырып тамақтандық. Амандасуға көршілер, туыстар келіп, жылап-сықтау болып жатты. Қуаныш-реніш бірдей, мұнды-қайғылы жандар қайда да бір бейнелі.

Иван екеуміз оңаша жеке қалғанда: «Осы село аудан орталығына жақын тұр. Әйелің, балаларың жүдеу. Қоры да, малы да жоқ. Тігіншінің еңбекақысы аз. Ауаткомның председателіне барып көмек сұрайық», — деген ой айттым. Иван ойланып отырып, келісті.

Аудандық атқару комитеті ұзынша бір қабатты үйде екен. Председателінің қабылдау бөлмесінде жапжас қыз отыр. Мені көріп: «Отырыңыз, қазір Иван Ивановичқа айтайын, тез қабылдайды», — деп ақ сырмен сырланған үлкен есікті ашып, бөлмеге кіріп кетті.

Бөлмеден төртбақ, толық денелі, шашы ағарған, ұзын мұртты, жасы алпыстан асқан адам шықты. Мені өзінің ертеден танысындай құшақтап, бөлмесіне қолтықтап кіргізді.

Иван Иванович азамат соғысына қатысқан, 1920 жылдан партия мүшесі, екі рет Қызыл Ту орденімен наградталған тәжірибелі адам екен. Туған жері осы Михайловка. Көптеген партия, совет қызметінде жұмыс атқарған. Аңжарқын жан екен.

— Жеңіс қашан болады? — деді маған тура қарап.

—Білмейміз, Иван Иванович. Олардан өктембіз. Естіген болжау бойынша бір жылдан аспайды.

— Біздің одақтастарымыз екінші майданды ерте ашқанда соғыс қазір бітер еді, — деді атқару комитетінің председателі. Оның әңгімесін тыңдап отырып жақында Сталин, Молотов, Ворошилов тағы басқалары поезбен Ялтаға бара жатқанда Сталинград арқылы жүргенін білдік. Қарсы алған облыстың бастықтарынан Иосиф Виссарионович: «Қеңселерің қайда?» деп сұрапты. Олар Бекетовкада деген. «Алыс тұрасыңдар Сталинградтан», — депті Сталин. Обкомның бірінші хатшысы Чуянов ертеңіне-ақ обком, облыстық атқару комитетін, басқа да мекемелерді Сталинградқа көшіріп әкеліпті. Қазір құрылыс өте қызу, ғимараттар тез салынып жатыр екен.

Біз келген шаруамызды айттық.

— Бәрі болады! Батырдан және қан майданда от кешіп жүрген жерлесімізден аярымыз жоқ, — деп Иван Иванович сержантқа қарады. Сол арада аудандық сауда бөлімінің бастығын шақырып алды. Москал әйел екен.

— Мына жігіттердің сұрағанын түгел беріңдер! Менің машинаммен апарып салсын! — деді нақтап. Әйел: — Ақша керек, — деп Иван Ивановичке қарады. Мен сол жерде:

— Қаржы бар! Соғыста бәрі тегін емес пе еді? — дедім шыдай алмай. Мәселе шешілді. Ауатком бастығы маған қарап:

— Қанша қонақ боласыз? — деді.

— Ертең кетем. Бұйрық орындау керек.

— Егер тоқтасаңыз, кездесу ұйымдастырайық. Біз үшін өте жақсы болар еді!..

«Мұндай қажет болса, біз дайынбыз!» Иван Ивановичпен қол алысып, рахмет айтып, шығып кеттік. Сондай риза сезіммен көтеріңкі көңіл-күйде шықтық.

Далаға шықсақ, жеңіл машинаның шофері: «Сіз-

дерді тосып тұрмын. Бөлім меңгерушісі апай бәрін дайындаттырды. Қоймаға кіріп алып шығайық», — деп лыпылдап тұр екен. Біз келсек бір қап ұн, сиыр еті, қант, шай, май, арақ-шарап, сары шұжық, конфеттер, Иванның семьясына киімдер — бәрі қағазға оралып дайын тұр екен. Мұндай молшылық болады деп ойламағанымыз рас.

Мен ақшасын төледім. Сержант, кіші командирлердің алатын қаржы мөлшерін білемін ғой.

Қоймашы апайға мыңдаған алғысымызды айтып, машинаға тиеліп, Иванның үйіне келгенде, Александра Михайловна қуанғаннан жылап жіберді.

— Сіздің жақсылығыңыз, інім! Түсінікті, білемін. Бізден қайтпаса, құдайдан қайтсын! Бәрі осындай бола берсін! Көп рахмет!

— Сіз тек маған берген сыйлық деп түсінбеңіз, Александра Михайловна. Бұл Иван екеумізге бірдей ілтипат. Екіншіден, қазір туысың да, жақынын да — майдандас қанды көйлек жолдасың, — дедім мен. Наташа, Мишаны шақырып, «сендерге базарлығым болсын» деп қоймадан алған жарқырауық қағазға ораған конфеттерімді бердім.

— Рахмет сізге ағай! — десті олар қосарланып. Манағыдай емес тамақ асылып, бауырсақ пісіріліп жатыр. Балалар, Александра Михайловна жаңа киімдерін киіп жайнап шыға келді. Кешке шақыратын қонақтарын ақылдасып, Александраның қызметтес достары, туыстары келсін деп ұйғарып, үйдің ішінде көңілді күйбең басталды. Бір кезде Иван:

— Катюша үйінде ме? Келмей жатқаны қалай? Жездесін сағынбағаны ма ол қыздың? — деп елеңдей бастады.

— Катюша банкіде істейді. Жұмысы ақшамен байланысты. Уақыт бітпей шыға алмайды. Хабар бергенмін, — деп Александра Михайловна ақтала сөйлеп жатты. — Сол екі арада жылдам басып, ішке бір сұлу қыз кіріп келді. Қыз бен Иван құшақтасып амандасты.

Сұлуға кім қарамаған! Қазақтың көптеген ақын, әнші ардагер азаматтары сұлулық туралы өлеңдерін, әндерін жазған. Жиырма үш жастағы жігіт өзін қалай ұстайды деп сынамайық. Сұлу қызға сұқтана қарамай тұруы мүмкін емес. «Катя» деп өзін таныстырған Иванның балдызының киген киімін, дене бітімін түгел шолып шықтым.

Аяғында әдемі тігілген туфли, үстінде денесіне қонымды жеңсіз жібек көйлек. Ақ күмістей жарқыраған кең маңдайындағы қара қасы қанжардай жіп-жіңішке. Ұзын кірпігі ақ бөкеннің көзіндей үлкен қара көзінің үстін ала жебелердей тізіліп қалыпты. «Мына жұлдыз көздер адам баласын күйдірмей қоймас!» деп ойладым мен. Екі беті қарашаның қарындай аппақ. Бетінің ұшындағы аздаған қызылы алқызыл гүлге ұқсайды. Тура біткен қыр мұрын не қоңқақ, не пұшық емес, тамаша жарасымды. Оймақтай кіп-кішкене аузы мен шиедей қып-қызыл еріндері адамды өзіне қызықтырмай қояр емес. Тал бойы ұзын да, қысқа да емес, орта бойлы. Үзіліп кеткендей жіңішке белі бұраң қағады. Аяқтары түп-түзу, дене құрылысы гректің ақ мраморынан қашалғандай тіп-тік, еңкек те, шалқақ та емес. Бір адамға барлық сұлулықты табиғат осылай үйіп-төгіп бере салған. «Ұрғашының өзгелерінің үлесі қандай? Қамыт аяқ, бүкір бел, еңкек қара мен сарылар да жар болады-ау жігітке» деген ойға қалдым.

Иван жігіт пен қыз еркін таныссын дегендей бөлмеден әйелін ертіп шығып кетті. Катя аяғын пандана басып кеп, танысайық дегендей аппақ қолын еркін ұсынып амандасты. Қыздың көркіне мас болғандай менде үн жоқ. Қолын қысып едім, оттай ыстық екен. Маған ол:

— Сіз танысқыңыз келмей ме, құрбым? — деді. — Менің денім сау, офицер жолдас...

— Жоқ, Катюша, сендей қызбен таныспауға бола ма? Менің осындай бұқпа мінезім бар, — дедім тез ойымды жинақтап.

Бөлмеге Иван кірді.

— Қарсы болмасаңдар, қонақтар жиналмай, шай ішіп, жеңіл дәм татайық!

— Қарсылық жоқ. Той бастар деген біздің елде ырымдар бар, — дедім мен.

Александра Михайловна «нан әкелдім» деп, қазақтың дәл өзіндей сары бауырсағын төкті. Столға қуырдақ, сары шұжық, қаймақ қойылды.

— Мынау көршінің сиыры бар еді. Қонағыңды сыйла деп әкеліпті.

Иван ас пісіретін бөлмеден ақ арақ, шампан әкеліп, столдың үстіне қойды.

— Неткен байлық! Құдалықтарда көретін тағам ғой мыналарың! — деді Катя.

— Біздің қуанышымыз құдалықтан кем емес! Иван келді. Қонағымыз — Совет Одағының Батыры, газеттен оқып, радиодан естігеніміз болмаса бірінші көріп отырмыз, — деп Александра желпіне сөйледі. Біз әңгімемен отырғанда, Иван екеумізге жарты стаканнан ақ арақ, Шура мен Катяға толтыра шампан құйып қойыпты.

— Ал, үй иесі, сөз сізге берілді! — деп ол әйеліне карады.

— Арақпен әуесім жоқ. Отыздан асқанша шарап та татпадым. Бүгін бірақ алмауға болмайды. Біздің құрметті қонағымыз — Жәлелдің денсаулығы үшін! Жеңіске аман тез жетейік! Сол үшін, — деп орнынан түрегелді.

— Рахмет! — дедім мен.

— Жарайсың, Шурочка! — деді Иван. Бәріміз түгел алып қойдық. Тамақтандық. — Менің сіздерден сұрауым бар, Александра Михайловна, — дедім біраздасын. — Сіз «бауырсақ, каймақ» дедіңіз. Өте дәмді, касиетті тағамдарды қазақтарда солай айтады. Бұл сөздер көршілес халықтан сіздерге ауысқан ба? Әлде ертеден келе жатқан, аталарыннан қалған сөз бе?

— Мың жылдай солай, — деді Иван әйелінің орнына. — Өзімнің пікірім: қазақ пен казактардың өмірінде ұқсастықтар бар. «Жігіт» деген сөз, атқа құмарлық, құда түсу салты, қазақтардың еркек, әйелінің өндері дәл казактарға ұқсағандары кездеседі. Қазақ, казак деген сөздер «еркін өмір сүрушілер», болмаса «қашқын» деген мағынада алынған болу керек. Қариялардан естігенім бар. Олар туралы ғалымдар зерттер. Біз кім болса да совет адамымыз. Тілегіміз де, қанымыз да, жанымыз да бір. Мысалы, маған өзіміздің майдандағы жолдастарымнан артық туыстар жоқ, ең туыс, жақын — аға лейтенант, мына сіз. Сіздің осында келуіңіздің себебі де сонда емес пе? Мысалы бүгінгі істеген жақсылығыңыз естен кетпейді. Туыстар осындай көмек көрсете ме? Міне, қайда жатыр халық достығы! — деп маған карады Иван. «Сыңар аяқ болмайды» деп тағы құйды. Сөз кезегі сіздікі деген Иванның көз карасын сезіп:

— Жаңа Ваняның айтқанына түгел қосыламын. Жеңістің берекесі, ұйытқысы да, ұйымшылдық, достықта! — деп орнымнан тұрдым. Халықтың бірлестігі расында да алып күш! Өзің өлсең де, жолдасыңды сақтап

қалі Майдандағы ұран осы. Қиын күндерде талай азаматтар іс жүзінде керемет үлгілі ерлік көрсетті. Александр Матросов, Сұлтан Баймағанбетов біле тұра жолдастарын құтқаруға өздерінің жандарын қиды, ұрпаққа үлгі болар ерлік жасады... Сіздермен бірге қуанып отырмын, Ваня, Шура! Өзімді бақыттымын деп санаймын. Балалар, жұбайыңның керемет қуанышы қандай бақыттылық!.. Аман-сау кездесе берейік! Ұзақ өмір, денсаулық тілеймін. Жеңіс тез болсын! Катюша, сіздің өміріңіз қызыл гүлдей жайнасын! Сұлу бейнеңізге сұлулық қосылсын!

Иван үйінің қонақжай дастарханында біраз отырдық. Дәм соңында: «Сіздерге рахмет! Болдым! Егер ұлықсат болса, Катя екеуміз селоны аралап, көше тіршілігін, казактардың өмірінен көрейін» деп ұлықсат сұрадым. Орнымнан тұрдым. Қыз «мен дайынмын» деген ықыласпен бірге шықты.

Қатарласа жүріп, әңгімелесіп келеміз. Күн кешкіріп, салқындаған. Жанға жайлы. Мал жайылымынан оралған шақ. Иелері сиырларын жетектеп, қойларын үйлеріне қайырып абыр-сабыр. Әлдебір семіз тайынша ерік бермей, айдаушы балаға жеткізер емес. Қолында тал шыбығы бар бала жүгіріп алдын орады. Кейін қашқан тайыншаға бала ызаланып «ененді ұрайын, саған бұқа керек болған екен», — деп айқай салды. Еркіне көнбеген сиырын мосқал әйел аузына келгенін айтып сыбап барады. Катя менен ұялып, «орталық көшеге барайық, мыналар масқарамызды шығарды», — деді. Тас төселген көшемен бақшаға келдік. Соғыстан бұрын әдемі гүлдер өскен, халық көп келетін орын екені көрініп тұр. Немістер ағаштарын отынға жағып, жазғы театрын өздері қашқанда өртеп кетіпті.

Бақшаға кірдік. Адам жүретін жолдары сыпырылмаған. Демалатын отырғыштар сынған. Аралап жүріп, қалың теректердің арасында аман қалған бір орындықты тауып отырдық.

— Аузына сөз түспеген біреу туралы әңгіме айтамын деп едіңіз? — деді Катя. Екеуміз жақын отырғанымыз сондай қыздың ыстық лебі денемді қыздырып барады.

— Қазақта дау, талас болса, екі рудан билер айтысып, мәмілеге келетін болған ертеде, — деп бастадым мен сөзімді, — Сондайда биік төбеде сөз, ақыл сайысы болатын болған. Билер келісе алмаса, тағы жүгініс сөз өтпеген жерде мәселе күшпен де шешілген. Төбелес,

барымта дегендер өте жиі кездескен. Осының бәрі кеңес үкіметінің заңымен құрыды.

Айтысқа ақсақалды шалдар, жастардан ру басшыларының туысы, балалары шығатын еді. Бірде кісі өлтірген дауға аузынан құс тістеген жасы 45—50-дегі шешен жігіт бармақшы болады. Ақылдасқанда «менің бір жаман мінезім, дау басталарда сасқалақтап аузыма сөз түспей, үндемей отырып қаламын», — деп қауғын айтады. Дауға барушының сегіз жасар баласы «мені бірге алып кетіңіз, сөзді бастап берейін», — деп жабысады. «Болсын қарағым» — дейді әкесі. — «Асыл тастан, ақыл жастан» деген, бір көмегің болар.

Баланы бірге алып бір топ адам дау болатын жерге жүріп кетеді. Жеке тігілген үйде айтыс, дауласу басталады. Қарсы жақтан жасы жетпістен асып кеткен шал шығады. Бірінші сөз кезегін алған ақсақал: «Дау, жанжал, зорлық-зомбылық, барымта кімнен басталды?» — деп сұрақ қояды. Бидің қасында отырған жас бала: «Дау, жанжал, бір елді, екінші елдің шабуы, қан төгіліс, барлық бұзықтық, екі көзі қызарған, басы қалтаңдаған, сақал-шашы ағарған сендей кәрі төбеттен шығады», — дегенде, шал астына басып отырған тобылғы сапты қамшысын сермеп, баланы ұрмақшы болып, тұра қуады. Дауыстап боқтайды. Бала еңіреп жылайды. Қарап тұрған адамдар «біздің шалды құдай ұрды — баламен төбелесті! Жеңілдік!» деген шешімге келеді. Сол жерде жүз жылқы айып төлейді... Менің де әдетім алғаш көрген, сырын білмейтін жолдастарға кездескенде аузыма сөз түспейді.

— Сіз, ендеше, айыбын төлеңіз! — деді Катя.

— Қалағаның болсын, — дедім мен.

Катямен көптен білетін адамдардай еркін болдық. Қыз бәріне көне берді.

— Иван тосып қалған шығар? Қонақтар да келген болар, Катюша, сізбен түні бойы отыруға да жалықпаймын, — дедім мен. Қалжыңдасып ойнап, Иванның үйіне келдік. Жиналған көп адам біз кіргенде, «Сәлем, Совет армиясына! Жеңіс тез болсын!» деп, қолдарын беріп жылы жүздермен амандасып жатты.

Столдың ең құрметті төріне отырдық. Тамақтану, тілек айту, тостар көтеру басталды. Менің ойыма Александр Васильевич Кирсановың «мақтанба, сақ бол!» деген ақылы түсті. «Сталинградты қорғаған батыр деп мадақтайды, сыйлайды. Мардамсып кетпе!» деп еді ол кісі.

Стаканды қолыма алып, орнына қайта қойдым, татқаным жоқ. Сөз кезегі келгенде:

— Сіздер көп мақтайтындай таңданарлық ерлігім жоқ. Отан алдындағы өз міндетімді атқардым. Командованиенің бұйрығын орындадым. Ол үшін жоғары баға берді. Бәрі совет халқының арқасы, партияның басшылығы, жолдастар. Халық үшін, партия үшін! — деп орныма отырдым. Отырғандар: «сыпайы, қарапайым жігіт екен» — деп сыбырласып жатты.

Қонақтар көп отырды. Көптен осындай көңілді, қызықты бас қосу болмай, сағынысып қалғандары белгілі болып тұр. Өлең айтылып, би биленді. Қазақтар әнбиді шебер орындайды екен. Дауыстары кейде екпінді, кейде мұңды — жоқтаған, зарлаған әуен естіледі. Билегенде қыз бен жігіттің өнер салыстырғандары тым әсем көрінеді екен. Қасы, көзі қиылған сұлулары қандай! Өздерінің дене сұлулығын қалай әдемі көрсете біледі! Әр қылығы «мен қандаймын?» дегендей.

Қонақтар рахметтерін айтып, үйлеріне тарады. Катюша да шығуға ыңғайланды. Үй иелері де, мен де «қалыңыз, бірге болайық» деп, қолқа салмадық оған...

Ертеңіне Иван әйелімен мені поезға шығарып салды. Сталинградқа жүріп кеттім. Межелі жерге жеткесін, жүгім жоқ, «салт басым, сабау қамшым», дегендей, тура Киров ауданының партия комитетінің әскери бөліміне келдім. Ұлықсат сұрап бөлмеге кіргенімде, орнынан ауыр көтерілген адам менімен қол алысып амандасты. Бөлме кішкене. Төрде Ленинніңсуреті ілулі тұр.

— Отырыңыз, аға лейтенант! — деді ол кісі. Мен хатты ұсындым. Оқып шығып:

— Біздің Бекетовканы қорғаған дивизиядан екенсіз. Өте жақсы. Бәрін орындаймыз. Жүріңіз, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына барайық. Бір жаққа кетпей тұрғанында жолығып қалайық, — деді.

Бірінші хатшы жақсы қабылдады. Ұзын бойлы, ақ сары өңді, жасы елулер шамасындағы адам екен. Жоғары білімді, мамандығы мұғалім, мінезі сыпайы — өзін біздің комиссарларға қатты ұқсаттым. Телефон арқылы аудандық комсомол комитетінің хатшысын шақырып алды. Ұзын бойлы, сары шашты, мөлдір көк көзді жас қыз келіп кірді.

— Біріншіден, батырмен танысыңыз. Сталинград үшін шайқаста біздің ауданды қорғаған. Құрметті қо-

нақ. Жақсы, таза үйге орналастырыңыз! — деді хатшы қызға қарап. Сосын маған бұрылып «қонақ үй жоқ. Немістер қиратқан», — деп түсіндірді. Қызға тағы тапсырма берді:— Батырды екіншіден пайдалана білейік. Ауданның жастары мен үлкен мекемелерінің жұмысшы, қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру қажет. Шаруашылық жағдайын басқа адамға тапсырамыз... Ертең аға лейтенант екеуіміз облыстық партия комитетіне барамыз. Чуянов жолдаспен кездесеміз. «Трактор-ға бөлшектер керек» деп жазыпты генерал Кирсанов өзінің хатында. Тездетіп, жастардың көмегімен вагонға тиеп жіберейік.

— Кешіріңіз, уақытыңыз қалай? Неше күн боласыз бізде? — деді хатшы қыз.

— Барлығы, жолды қосқанда, жиырма күн.

— Өте аз. Әрине, жеңіс жақын, асығыссыз.

— Фашистермен шайқастар енді өз жерінде жүреді. Олар әрбір метрге жабысатын болады, — дедім мен. — «Жаралы жыртқыш, қауіпті» деген сөз бар. Алдымыздағы міндеттер өте қиын.

— Дұрыс айтады майдангер! — деп, хатшы орнынан тұрды. — Ертеңге шейін сау болыңыз!

Ертеңіне аудандық комсомол комитетіне келдік. Сол үйдің бірінші қабатындағы үш бөлмеге орналасқан екен. Комсомол хатшысы қызметтес, аудандық комитетте істейтін адамдарды түгел жинады. Өңшең әйел заты, еркек кіндікті жоқ. Екінші хатшы орта бойлы, қара шаш, қара қасты қыз екен. Жас жағынан бәріпен үлкені ме деп қалдым. Бір аяғын сылтып басады. Комитеттің есеп жүргізетін бөлімінің бастығы, ортадан жоғары бойлы, денесінде бір міні жоқ, сыптығырдай қара торының сұлуы — Елена атты қыз екен.

— Қонақ сіздің үйге орналасады, — деді Ленаға хатшы. — Үйің үш бөлмелі, кең. Күтуге шешең бар. Саған Қизатов жолдас жақын. Сенің күйеуің майданда. Екеуінің міндеті де, мақсаты да бір дегенде...

Маған қарап:

— Сіздің жұбайыңыз да күтіп отырған шығар? — деді.

— Жоқ, мен сұр бойдақпын.

— Жиырмадағы жігіттердің көпшілігі, сіздің жасыңыздағылар үйленген. Сұр бойдақпын дегеніңізге түсінбедім!

— Жиырма үштемін.

— Он сегізде заң бойынша рұқсат дегенде хатшы сөзіне қыздар күліп жіберді.

— Барыңыздар! Орналастырыңыз қонақты! — деді хатшы Ленаға. — Қазір көмекші жіберем.

Жолдастарға рахмет айтып, Лена екеуміз үйіне келдік. Кемпір — жасы елуден аспаған, өңі қызына тартқан адам екен. Мені көріп, өзінің туған баласын көргендей қуанып қалды. Ленаға қарап:

— Өзі батыр, өзі офицер — бұл баланың күтімін жақсы атқару қолымыздан келсе, қызым? — деді.

— Шеше, маған күтімнің керегі жоқ. Сіздерге осылай келгеніме кешірім сұраймын. Егер ауыртпалық болса, Бекетовкада таныстар табылады. Болмаса, аудандық мекемелердің біреуіне орналасуға болады. Күндіз жұмысымыз толып жатыр. Тек түнемелік қонып шығатын орын табылса... — дедім.

— О не дегеніңіз? — деп әйел абдырап қалды.

— Қиындыққа әбден үйрендік, шеше. Соғысқа қатысқаныма үш жыл. Солдаттың сұр шинелі — төсеніш те, көрпе де болған. Бес күндей тамақ татпайтын уақыт болған 1941 — 1942 жылдарда. Сіз «батыр, офицер» дедіңіз. Мен, біріншіден, совет солдатымын. Барлық атақты берген халық, партия. Сіздей менің де анам бар. «Күту, қызмет істеу дегенді айта көрмеңіз! Мені жұмсаңыз! «Өмір — мектеп» деген бәрін де білемін!..

— Жоқ, балам, құдай сақтасын! Әншейін айтқаным ғой. Менің де өзіндей туған ұлым және Ленаның жолдасы, ол да балам ғой, майданда жүр. Сен де баламсыз, қарағым. Менің атым — Марфа Сидоровна.

— Менің атым — Жәлел.

— Орысша қалай?

— Адамның аты аударылмайды, шеше.

— Ендеше, мен ұмытып қалам! Баламның аты Михаил еді, сені «Миша» дей берейін. Ашуланба, балам?

— Сізге ұлықсат, өзгеге болмайды.

— Мен де Миша дейін сізді, — деп Лена сөзге қосыла бергенде комсомолдың бірінші хатшысы және екі жігіт кіріп келді. Қолдарында қағазға ораған бірсыпыра заттары бар. Екі жігіт шығып кетті. Қыздар тамақ дайындайтын бөлмеге шығып, есігін жауып қойып сөйлесіп жатыр. Қуырған еттің иісі аңқып танауға жетті.

— Сіз де өзіміздей жастардың бірісіз. Үлкен атағыңыз болса да, құрбылығымызды, құрдастығымызды

пайдаланып, бірге отырайық, әңгімелесейік, көніліміз көтерілсін деп келіп отырмыз, Миша? — деді хатшы.

— Бәріне рахмет! Менің атым Миша емес, Жәлел, — дедім.

— Менің атым Мария. Жолдасым Ольга, Біз, мына Лена айтқасын, сіздің атыңыз қиын екен деп тапқан амалымыз ғой. Онда ештеңе тұрған жоқ шығар? — деп маған қарады хатшы. Стол үстіне түрлі тағам қойылды. Жеміс-жидек және бір шөлмек коньяк пен шампан келтірілді. Бәрі дайындалып болғасын, Марфа Сидоровнаны шақырдық.

— Жастардың арасында маған болмайды, — деді ол кісі.

— Сіз мені балам дегенсіз. Ертең балаларың да келеді. Сонда сіз отырмайсыз ба? Ренжітпеңіз мені, шешей, келіңіз өтінемін!

— Болмас! — деп Марфа Сидоровна бізбен бірге отырды. Сағат түнгі 12 болғанша отырдық. Көңіл көтеретін әңгімелер айтылды. Кеш соңында Маша мен Ольганы шығарып салып, маған дайындалған бөлмеге келіп, дем алдым.

Ерте тұрып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына бардым. Онан жеңіл машинамен Сталинградқа бет алдық. Келгеніне көп уақыт болмаған, әлі дұрыстап орналаспаған обкомның кеңсесіне келдік. Бірінші хатшы Чуянов Алексей Семенович Сталинградты фашистерден қорғауға белсене қатысқан бұрынғы жауынгер екен. 1905 жылы туған. 1925 жылдан КПСС мүшесі. Инженер. Москваның химия-технологиялық институтын бітірген. 1937 — 1938 жылдары орталық партия комитетінің жауапты қызметкері, 1938 жылы Сталинград облыстық және қалалық комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған. 1942—1943 жылдары Сталинград, Дон майдандарының әскери советінің мүшесі болған. Ленин орденімен наградталған. Қазір Жоғарғы советтің депутаты, ВКП(б) орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат. Дәрежесі үлкен, қоғам қайраткерімен сөйлесу — мен үшін үлкен сын екенін сездім. Ойланып келемін. Өмірімде обкомның бірінші хатшысының қабылдауы немесе сондай бір үлкен қайраткер лауазымымен кездескенім жоқ екен. Саспауым керек. «Сабыр түбі сары алтын», «тәуекел ердің серігі» деген халқымның сөзі қандай орынды!

Біз келсек, қабылдау бөлмесінде жеті-сегіз жақсы

киінген адамдар отыр. Столдың үсті толған телефон. Осы жиылған ортада Киров ауданының хатшысы маған біршама беделді адамдай көрінді. Хатшы қызға: «Майданның уәкілдері келді деңіз! Батыр, Сталинградты қорғаған. Алексей Семенович майдангерлерді, әсіресе солдат, кіші офицерді өте құрметтейді. Өтінемін!» — деді. Қыз үлкен сары материалмен қаптаған есікті ашып ішке кіріп шықты.

— Кіріңіздер! «Барлығы майдан үшін», дегендей, сіздерге тоқтау жоқ! — деп қыз әлденеге маған қарап күлімсіреді.

— Рахмет! Алдымен сіз жүріңіз, — деп мені кіргізді хатшы. Алексей Семенович орнынан тұрып қарсы жүріп кеп, қолымды қысты:

— Келіңіз, жас жігіт! Отырыңыздар!.. Ұялмаңыз, жасқанбаңыз, — батыр қорықпауы керек.

— Рахмет сізге! Батырлық жаумен алысқан шайқаста болады. Сіздей дәрежесі ірі қоғам қайраткерімен кездесуім бірінші рет.

— Кирсанов Александр Васильевичті жақсы білемін, — деді Чуянов әңгімесін жалғап. Генерал атағын Сталинград науқанында дивизияны жақсы басқарғаны үшін алған. Бір ерекшелігі, ол жауды өзі іздеп тауып алып, сілесін қатыратын. Жауынгерлер өзін өте сыйлайды. Кішіпейіл, қарапайым командир болды.

Бекетов ауданының секретары:

— Кирсанов жолдас өтініш білдіріп хат жазыпты, — деп Чуяновқа пакетті берді. Ол кісі хатты оқып шығып:

— Міне, кішілігі осы хаттан да көрініп тұр. Жоғарыламай, аудандық партия комитетінің әскери бөліміне жазыпты, — деп риза болды. Сосын маған тура қарап:

— Совет Одағының Батыры деген құжатың бар ма, жолдас? — демесі бар ма кенеттен. Менің денем ду ете түсті. Сенбегені, қорашсынып отырғаны ма? Денесі шағын, жас бала екен деп көңілі толмай отырған болар? Мен ол кісіге сынай қарадым. Өзінің де дене құрылысы онша емес. Жүдеу. Жасы отыз үшке келгенде Сталинградтай ірі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып отыр. Бір сәт, «себеп бар болар» деп ойлап, төс қалтамнан батырлық құжатымды суырып алып көрсеттім. Маған құжатымды қайтарып беріп жатып:

— Сіз кешіріңіз! 1943 жылы төсінде алтын жұлдызы бар бір жәдігөй «Совет Одағының Батырымын» деп кел-

ген. Төбемізге көтеріп қарсы алдық. Өзі де ішкіш екен — талай кездесуде масқара болдық. Аузына келгенін оттап, жалғыз одан басқа соғысқан адам болмай, мыңдап қырдым немісті дегені бар бірде. Арада біраз уақыт өткесін біздің бір адам мас болып жатқанда жұлдызын байқап көрсе, номері жоқ, қолдан жасаған болып шыққан. Сіздің жұлдыздың номері 2938 екен, — деді Алексей Семенович ,— ерте алыпсың, құтты болсын! Табысқа жете бер, інім!.. Аз уақыт отырғанда, жігітім, өзіңді жақсы көріп қалдым. Кирсановтың тәрбиесі көрініп тұр! — деді. Сол арада телефон алып, Сталинградтың трактор заводының директорына: «Менің қабылдауымда майдангер батыр отыр. Трактордың бөлшегі керек. Тез вагонға тиеп жібер! Керекті бөлшектің тізімі бар. Өзін де күтіңдер! Сау бол! — деп трубканы орнына қойды.

— Шайқастарға қатысқаныңа қанша уақыт болды? — деді сосын маған қарап.

— Августа — үш жыл. Одессадан бастадық.

— Дұрыс сыннан өткен екенсің... Сіз, аға лейтенантқа арнап, парадқа киетін үлгімен киім тіккізіңіз. Кездесулер болсын. Жақсылап күтіңдер! Үш жыл соғыста талай тоңып, ыстыққа күйген, аштыққа ұшыраған сәттер аз болмаған шығар. Барлық ауыртпалық Совет солдатының мойнында болды, жолдас хатшы,— деп, сөзінің соңын Бекетовка хатшысына бұрды.

— Жақсы, түсінемін! — деді ол.

— Алексей Семенович, маған киім керегі жоқ, — дедім. — Партия қатарына кандидат болып 1939 жылы, он сегіз жасымда өткенмін. Коммуниске барлық құрмет сыйлық — сенімді ақтау.

— Міне, жігіт! Сөзің дұрыс, інім. Мен 1925 жылдан, 20 жасымнан коммунистік партияның мүшесімін, — деп Чуянов менің екі иығыма қолын салып тұрды. — Сау бол! Жеңіске тез жетейік! Көп жаса! Бақытты бол!.. Жауынгерлерге де, Кирсановқа да көп сәлем де!

— Мен сізге үлкен денсаулық, абыройлы, жауапты жұмысыңызда табыс тілеймін! Көп рахмет! Хош болыңыз, Алексей Семенович! — деп қолын қысып есікке бұрылдым.

Далаға шыққасын: «Өте жақсы болды! Бәрі дұрыс! Жақсы сөйлестің, Қизатов жолдас» — деді серігім. Сталинград қаласының Киров аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Бүгін ойлап отырсам өкінішке

орай, сол бір іскер, мінез-құлқымен барып тұрған большевик, сыпайы, адал азаматтардың, хатшының, ауатком председателінің есімдері ойымда сақталмапты.

Бекетовкаға келгесін, серіктеріме «көріскенше сау болыңыз» деп, мен тура Машаның үйіне келдім. Ауылдағы үйлерге ұқсаған, үш бөлмелі қаңылтыр шатырлы баспана. Есікті қағып, «кіріңіз» деген Машаның даусын естігенде, көптен таныс адамды көргендей қуанып кеттім.

Үй ішінде үш жан бар екен — кемпір-шал, әскери киімдерін тастап, жеңсіз ақ көйлек киген Мария. Ол бұрынғыдан жақсарып, сұлуланып кеткен сияқты көрінді маған. Әке-шешесі: «Жоғары шығыңыз! Келуіңізбен! Төрле, балам!» деп, жік-жаппар болып жатыр. Машада ес жоқ.

— Дивизия түгел келгендей көрінді. Бәрін сағындым! Бұйрықты да, қауіпті тапсырманы да сағындым. Ішім пысып, өлетін шығармын, — деп кәдімгідей мұң шақты. Папасы мен мамасы шығып кеткенде көзінен жасы мөлдіреп, құшақтай алды.

— Дивизияда үш жыл болдым. Жүректе сақтаған сырымды жасырмай айтатын қыздар, қадірлі ұстаздарым, командирлерім есіме түскенде ойым ойран болады. Бекер кеткен екенмін.

Мен күле сөйлеп:

— Күйеуім еске түседі демейсің бе? — дедім.

— Ол да бар шығар. Бірақ қанды көйлек жолдастарым, сыры бірге сырластарым, мұңы бірге мұңдастарым есіме көп түседі.

— Оның бәрін ойлай бермеңіз, қызметке орналасыңыз. Туған жеріңіз — достар табылады, жолдасың келеді, әлі бәрін ұмытасыз, — деп көңіл аулаған болдым.

— Мен сені жібермеймін! — деді Маша.

— Мен жақсы орналастым. Партия комитетінде болдым. Алексей Семенович Чуянов өте жақсы қабылдады, келген мәселем шешілді. Бүгін қуаныштымын. Бірақ, сен, Маша, әке-шешеңді қазір әурелеме! Иван келсін, бірге қонақ болайық. Соғыс жүріп жатыр дегендей, жағдай белгілі ғой. Барлығын да өзіміз қамдаймыз, — дедім мен.

— Сталинградқа келмей жатып біреуді тауып алыпсың, сөз саптауыңа қарағанда... Осында қал, қалмасаң, өкпелеймін. Поезда келе жатқанда «кешір, айтқа-

ныңның бәріне көнемін», дегенің алдағаның ба? — деді Маша кәдімгідей өкпелеп.

— Жоқ, бәрі дұрыс! Тек, кемпір-шалдың мазасын алмайық дегенім ғой, — деп мен ақтала сөйледім.

Марияның әке-шешесі, қолдарында тағамдары, шараптары, бәрін әкеп столдың үстіне қойды, тағамдарды орналастырып, шөлмекті ыңғайлай бастаған қызына әкесі:

— Сен әлі қонақсың. Өзіміз реттейміз, — деп уәж айтты. Маған қарап — ұялу болмасын, өз үйіңіздей көріңіз, балам, — деді.

— Бірақ қонақта отырғаныңды ұмытпа? — деп күлімсіредім. Машаның әкесі Андрей Сергеевич сөз бастап, біздің аман-сау келгенімізге зор қуаныш білдіріп, Сталинградты қорғаған жауынгерлер бізге өзгеден жақын, фашистердің ең мақтаулы құрамаларын жойып, қабырғаларын қаусата, басын көтере алмайтын еткен солар дей келіп: «Сталинградтықтардың денсаулығы, аман болуы үшін! Сенің абыройың жоғары көтеріле беруін тілеймін, балам! — деп сөзін аяқтады. Стакан соғыстырдық. Жартылай ішіп, орнына қойдым. Мария мен анасы арақтан татқан жоқ.

Ертең аудан жастарының жиналысы. Бізбен кездесуге жиналады. Дайындалуым керек. Дивизия жауынгерлерінің Сталинград үшін шайқастағы ерліктерін баяндаймын. Оқиғаның көпшілігін өзім білемін. Саяси бөлімнің, майор Дорошенконың жазып берген материалы да жеткілікті. Осыларды ойлап отырып, бір қаға берісте: «Маша, маған рұқсат бер? Дайындалайын», — дедім. «Жақсы, қорықпайсың ба, қараңғыда жүруге?» — деп ол да келісе кетті. «Өзіміздің Бекетовка емес пе? Қаруым бар». Қадірлі қарттармен қоштасып далаға шықтым. Олар «келіп жүр, балам» деп қалды. Маша маған оңашалап: «Күнде келіп жүрмесең өзім іздеймін. Қасірет-қайғымен, ажалмен беттесіп жүріп осы күнге жеткенімізді есіңнен шығарма!» — деп құшақтады, бетімнен сүйді. Екеуміз үнсіз тұрып қалдық...

Пәтеріме келсем, Марфа Сидоровна ұйықтаған жоқ екен: «Миша, кеш жарық! Тамақ дайын», — деп бәйек боп қарсы алды.

— Рахмет, қонақта болдым...

Төсегіме жатып, лезде ұйықтап кеттім.

Ертеңіне ертелетіп, аудандық комсомол комитетінің

бірінші хатшысына жолықтым. Мария мені көріп ренжіді:

— Кешеден бері қайда жүрсіз? Іздемеген жеріміз қалмады?

Өңін байқасам, ашулы.

— Өзінді ұстай білу керек, Маша! Біздің қазақта мақал бар: «Ашу пышақ, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос», болмаса, «Ақыл таяқ, ашу пышақ, сол таяқ таусылмай ма жонған сайын?» деген, сіздің аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы екеуміз, жолдас Алексей Семенович Чуяновтың қабылдауында болдық. Әдейі келген жұмысым шешілді, — деп мән-жайды баяндадым. Телефон сылдыр ете түсті. Мария көтеріп:

— Осында отыр, — деді телефонға. Сосын маған қарады. — Бізді хатшы шақырып жатыр. Жүріңіз! Менің сізге ренжігенімді айта көрмеңіз!

— Жоқ, менің өсек-өтірік, адамды жамандау дегенді суқаным сүймейді.

— Кешіріңіз, Миша!

— Кешіретін ештеңе болған жоқ және мен Михаил емеспін, атым бар, Анам, әкем қойған...

Хатшыға барсақ, бөлмесі толған адамдар — аудандық түрлі мекемелердің басшы қызметкерлері болуы керек. Амандастық. Хатшы:

— Танысып қойыңыз, ауатком председателі, — деп төртпақ, жуан денелі, шашы ағарған кісіні нұсқады. Қол алыстық. Мен ауатком председателін ақжарқын ашық мінезді, кішіпейіл бастық боларсың деп түйдім көңіліме. Хатшы Чуянов жолдаста болғанымызды, оның бізді жақсы қабылдағанын, тапсырмасын, кездесу ұйымдастыру туралы тілегін, тіпті менің батырлық құжатымды көргеніне дейін бәрін айтып бердім.

— Өндірістегі қызметкерлер, мамандар — көпшілігі жастар. Оларды батырмен кездестіру аса қажет. Қай күні қандай мекемеде кездесу болады, бұған кім жауапты? — деген сұрақ қойылды. Киров ауданының жастарымен кездесу ертең сағат кешкі он сегізде деп шешілді. Бюро мүшелері, комсомол комитетінің қызметкерлері түгел қатысатын болды.

— Сіздермен ақылдасып отырмын, жолдастар. Аға лейтенант Қизатов та осында, қарсылығыңыз жоқ па, батыр? — деп хатшы маған қарады.

— «Қонақта ерік жоқ, май берсе де жей береді», болмаса, «қонақ — үй иесінің құлы» деген халық мәте-

лі бар. Сіздердің қарамағындамын! — дегенімде, жиналысқа қатысушылар мақұлдап, бір бәтуаға келгендей болды.

— Менің өтінішім, — бүгін бос болсам дивизияның жауынгерлері шайқасқан Песчанка, Попов, Елхи, Ягодный деген жерлерге барып келсем бе деп едім. Біздің қаза тапқан жауынгерлердің қойылған ескерткіштеріне басымды иіп, тәжім етсем деймін, — деп сөз соңында өз өтінішімді айттым.

— Егер қарсылық болмаса, председатель жолдасқа тапсырайық. Ол кісі де Сталинградты қорғауға қатысқан, — деді хатшы.

— Рахмет!

Жиналыс тез бітті. Ауатком бастығы екеуміз дивизия, шайқасқан позицияларды, қаза тапқан жолдастардың ескерткіштерін аралап, гүл қоюға кеттік. Комсомол хатшысы Ольга бізбен бірге жүрді. Бәрін көрдік. Қиын-қыстау күндер, мерт болған достар есіме түсіп, көңілсіз оралдым. Түнімен отырып ертеңгі кездесуге дайындалдым. Ерте тұрып жазғандарымды қайта қарап шықтым.

Сағат таңертеңгі сегізде далаға шықсам, күн пайза бойы асып көтерілген екен. Таңғы дүние, төңірек тыныштыққа бөленген. 1942 жылғы июнь есіме түсті. Ол кезде Сталинград жалындап, жанып жатқан. Қара түтіннен көшелер, үйлер көрінбейтін. Адамдар қайда тығыларын білмей, шал-кемпір, жас балалар немістердің аспаннан жаудырған ажалынан құтылу үшін жанталасып жүгіріп бара жататын. Өмір ойран, қайғы-қасірет мол еді. Дәл сондай күндердің бірінде Еділдің батыс жағалауында орналасқан қысқа мерзімді офицерлер дайындайтын курсқа келгенмін.

Қазіргі сәт көшеден өткен кәрі, жастың бәрі көңілді көрінді маған. Сөйлесіп, күлісіп, әңгімелесіп барады. Балалар мойындарына кітап салғыштарын ілген, асыр салып ойнап, мектепке жүгіруде. Бейбітшілік өмір қандай тамаша! «Соғыс шығаратын айуандардың көзін түгелдей қалай жоюға болады? Тамырына балта шапса, Гитлердей жауыз дүниеге қайта келуі әбден мүмкін ғой», — деп ойладым мен сол жерде. Ойға қалып тұрғанда, Марфа Сидоровнаның таңертеңгі тамаққа шақырған даусы естілді.

— Қайырлы таң, балам! Ерте тұрады екенсің. Түні

бойы кітап оқып, қағаз жаздың. Кеш жаттың, демалғаның жөн еді. Соғысқа қайта барасың.

— Солай, шеше! Ерте тұруға, ұйықтамай, талай түндерді бастан өткізуге үйрендік. Тірі болсақ, бәрі де өтер!...

Сағат кешкі бесте аудандық партия комитетіне бардым. Сол жерден жиналыс өтетін мәдениет сарайына жеңіл машинамен бірінші хатшы екеуміз бірге бардық. Адам тола, отыратын орын жоқ. Далада түрегеліп тұрғандар қанша? Бәрі де дивизияның өздерін жаудан қорғаған жауынгерлері құрметіне, солардың бірі — мені тыңдауға келіп тұрғандар. «Сабырлы болып, байыпты сөйлеуім керек, сабыр керек!» деп ойладым.

Сағат алтыда жиналысты аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы ашты . Ол «Бекетовканы, Сталинградты қорғауға бірінші күннен қатынасқан, жауды Еділ бойында жеңген 76-гвардия Қызыл Тулы, Чернигов атындағы атқыштар дивизиясының жауынгері, аға лейтенант, Совет Одағының Батыры Қизатов жолдаспен кездесу кешін ашық деп жариялаймын!» — деп салтанатпен бастады.

— Сөз Совет Одағының Батыры Қизатовқа беріледі.

Қанша сабыр шақырып отырсам да, жүрегім жиі соғып кетті.

— Қымбатты жолдастар! Сіздерге, Сталинград қаласының, Киров ауданының барлық еңбекшілеріне, 76-дивизияның солдаттары, офицерлері, құрметті генералымыз Кирсанов Александр Васильевичтің атынан гвардиялық жалынды сәлем жолдаймын! Еділ бойындағы тамаша жеңіс біздің, барлық совет халқының рухын көтерді. Талай қанды шайқастардан өтіп, Орел — Курск имегінде, Украина, Белоруссия жерлерін жаудан босатуда, кәрі Днепрде біз жан аямай шайқастық. Чернигов, Калинкович, Брестен фашистерді қуып шықтық. Азат жерімізде Советтің Қызыл Туы желбіреді. Олардың бәрін айтуға көп уақыт керек. Екі мәселеге тоқтайын: бірі — Бекетовканы қорғаудағы жолдастардың жанқиярлығы, екінші — қазіргі шайқастар туралы.

— Дұрыс, дұрыс! — деген дауыстар естілді. Осы тұста жүрегімнің жиі соғуы басылып, қалпыма келгенімді сездім.

— 1942 жылдың сентябрь айында дивизия Бекетовканың биіктіктеріне ыңғайлы позиция құрды. Сол жерден үш күнгі шайқаста ол жаудың 20 шабуылын той-

тарды. Алдыңғы шепте немістің 18 танкісі талқандалып, 10 — 87 номерлі самолеті атып түсірілді. Сол күндері жер мен көк жалынды өртке айналды. Біздің 422-полктің партия ұйымының хатшысы, карт Покасс, «1918 жылы дәл осы біздің позиция тұрған жерде қызыл-әскерлер ақтардың талқанын шығарып жеңген. Оған өзім қатынастым. Немісті де солай жеңеміз» дейтін. Айтқаны тура келді. Сол күндері замполит Османалиевтың басқаруымен бізге өте керек болған 142-дивизиядан жауды түре қуып шықты. Немістердің тастап қашқан екі минометі, пулеметтері, көптеген автоматтары, радиостанциясы бізде қалды. Өздеріңізге белгілі осы Бекетовка шіркеуінде дивизияның құрылғанына үш жыл толуына арналған жиналыс өтті. Александр Васильевич Кирсанов баяндама жасап, Одесса, Қырым, Дон өзеніндегі шайқастарға қатынасқан дивизияның өткелді өміріне тоқталды. Әсіресе, жастар ерлігін баса айтты. Комсомол басшылары, өздерінің ғажайып ерліктерімен өзгелерге үлгі көрсетті, ұйымдастыру жұмысын алдыңғы шепте өте жақсы өткізді. Олар 344-полктың комсомол ұйымының секретары Н. В. Лавров, соғыстан бұрын ВЛКСМ Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлері И. М. Адаменко, С. Н. Гришкев, З. Я. Горбачев, Д. Р. Юрьев, Павленко тағы басқалары. Сонымен, 1942 жылдың бірінші октябрінде дивизияның жауынгерлері фашистерді Песчанка селосынан түре қуып шықты. Тұтқынға түскен немістер осы ұрыс барысында көптеген қырғынға ұшырағандарын айтып берді. Ротада 20 адам,танкі батальондарында барлығы 20 танкі қалған мысалдар бар. Үсігендері де өте көп болыпты... Осында көптеген қыздар, әйел жолдастар қатынасып отыр. Сіздер білесіздер, Бекетовкадан медсанбат ұйымдастырылған болатын. Біздің дивизия жауынгерлерінің денсаулығын сақтау, әсіресе, жаралыларға көмек көрсетуде әйел жолдастар көп еңбек сіңірді, ерек қызмет атқарды. Жараланған талай жауынгерге көмек көрсетіп өлімнен құтқарды. Солардың ішінде Ольга Миролюбова, Букреева, Михайлова, Никитина, Певзнер, Исаева, Балдыбердина сияқты аяулы қыздар, бүгін жиналысымызға қатынасып отырған сіздердің жерлестеріңіз Мария Смирнова, тағы басқалары бар. Сталинград шайқасы туралы ұзақ айтуға болады. Жүздеген жолдастарымыз, қимас достарымыз құрбан болды. Соларды еске алайық! Жеңіске жетейік, жолдастар!

Жиын өтіп жатқан залда бір ерекше салтанатты сәт орнады.

— Енді қазіргі жағдай туралы айтайын, — деп сөзімді жалғадым.— Дивизияның жауынгерлерінің көңілдері көтеріңкі. Соғыстың тактикасын жақсы меңгерді. Жаудың айлакер түлкідей, кейде қорқау қасқырдай жауыз екенін түсінді. Бізді алдау да, қорқыту да олардың қолынан келмейді. Осындай алып күші бар Совет халқынан айналып кетсең болмай ма? Өзінің армиясы үшін күн демей, түн демей жұмыс атқарып, қару-жарақ, киім-кешекпен қамтамасыз етіп жатыр. Самолеттеріміз, танкілеріміз, әсіресе зеңбіректер, автоматтар қазір бізде немістердің басым — жаудан бір жарым, екі есе көп және сапалы. Мысалы, аспанда үстемдік алғысы келген фашистердің құзғындарын совет қырандары топшыдан қағып оңай жер қақтырады. Жаудың шегіну, қашу, қаруларын тастап кету мысалдары күн сайын кездесетін болды. Өз пайымымды айтсам: олардың қазіргі халі — 1941 жылғы біздің жағдайымыздан жаман. Әсіресе, қоршауда қалудан генералдары, офицерлері, солдаттары түгелдей зәре-құты қалмай қорқады. Одақтастары да түгел бас сауғалап, сырт айнала бастады. Біз қазір Польшаның жеріндеміз. Поляк халқы бізді бостандық әкелген, достар, туыстар деп қарсы алып жатыр. Жеңіс жақын!.. Сіздерді, Киров ауданындағы, Сталинград қаласындағы барлық достарды, дивизия жауынгерлерінің атынан, фашистерді тез жеңеміз, шайқастарда ерлік көрсетеміз, халық үмітін ақтаймыз деп сендіремін!

Көпшілік менің сөзіме ризашылық сезімін білдірді. Мұнан соң сөйлегендер дивизияның жауынгерлеріне алғыс айтып, ынталы, екпінді еңбекпен сапалы заттар шығарамыз, жеңістің тез болуы үшін қолдан келгеннің барлығын жасап, жеңіс үшін аянбай күресеміз деп, салтанатты сертке толы жалынды сөздер айтты. Жиын соңында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қысқаша сөз сөйледі. Ол Бекетовканы жаудан қорғаған 76-гвардия дивизиясының барлық жауынгерлеріне жалынды сәлем жолдады.

Пионерлер, өндіріс коллективтерінің уәкілдері маған гүл шоқтарын сыйлап, мойныма қызыл галстук тақты. Жиналыс біткесін жергілікті әншілер, бишілер бізге өнер көрсетті. Сағат кешкі он бірде аудандық партия,

комсомол комитеттерінің қызметкерлері ұйымдастырған дастархан мәзірі басында дәм таттық.

Мен Марияны үйіне апарып салып, көп кідірмей пәтеріме қайтып келдім.

Сталинградқа келгелі бес күн өткенде, сержант Дубинин де отбасынан шығып, келіп қалды. Біз қоштасардағы уәде бойынша аудандық партия комитетінде кездестік. Иванды әбден сағынып қалыппын, дивизияның барлық жауынгерлерін көргендей қуандым. Екеуміз көптен көрмеген адамдардай құшақтасып амандастық. Ваняның көзі жасаурады, өзі сондай көңілшек болып кетіпті. Мен оған:

— Қой, Ваня, саған не болған, қыздардан ұят болады!— деп үлгірдім.

— Бұларың қалай, жауынгерлер?! Көрмегелі бір жеті. Соншама босағандарыңыз қалай? Әйел біздерден де осал екенсіздер ғой!— деп Мария мен Елена қағытып кетті. Мен Иванның үй-ішінің, балаларының амандығын сұрадым. «Бәрі жақсы, қазір тамақтары тоқ, көйлектері көк» дегендей,— деп Иван риза көңілмен жауап берді.

Мен қыздарға қарап:

— Майданда қанды көйлек жолдастарың — ең жақыныннан, туысқандарыңнан артық болады,— дедім байсалды түрде.— Еркектің біріне-бірі ғашық болғанын естіңіздер ме? Ендеше, бұл жағдай майданда кездеседі. Бір сағат көрмесе тұра алмайды, абыржиды, іздейді. Бастан кешкен қиыншылықты күндер, айлар, жылдар, дауылды оқиғалар, өрттей лаулаған соғыс, аяқ басқан сайын өлім адамды ерекше бір жағдайға қалыптастырады. Мысалы, қазір сау адам көзінді ашып-жұмғанша жоқ немесе ауыр жаралы мүгедек соқыр, саңырау, шолақ аяқ, шолақ қол боп қалады. Кімнің анық дос, туысқан екені тез сыналады мұндайда. Қауіпті тапсырманы орындауға кеткен досыңды күткен қандай? Ұйқы жоқ, күлкі жоқ. «Үш отырып, үш тұрады» деген халық мәтелі есіңе түседі. Досыңды ине ұшында күтіп отырасың. Ең керемет сыншы, төреші — қиыншылық, уақыт деген рас.

Қыздар менің сөзімді ұйып тыңдап қалды. Мен сөзімді ары қарай жалғадым: Екеуі көп жылдар сапар шегіп, талай қиыншылыққа кездеседі. Дәу, пері, көп басты жылан, жалмауыз кемпір, жын-шайтан сияқты талай бәле екеуінің достығын әбден сынға салады. Бі-

реуін біреуі тастап кетпей, нағыз достық барлық пәледен құтқарады екеуін. Ақыры, жігіттер іздегенін тауып, мұраттарына жетіп, елдеріне қайтып оралады. Баяғы екі айрылатын жолға келіп, құшақтасып хош айтысып екеуі екі жаққа кетеді. Жігіттердің бірі көп жүрмей, досы есіне түсіп, қайта оралып, айырық жолға келсе, екіншісі де сондай хәлге түсіп, қайтып келіп досын күтіп тұр екен. Олар сол жерде қайта құшақтасып тағы да амалсыз айрылысады. Қысқасы, осы жағдай бірнеше рет қайталанады. Амал таппай шаршайды. Бірде жігіттер әлдебір карт адамға кездеседі. Онан ақыл сұрайды. «Сіздер бір-біріңді сағынып, әбден зарыққанда жер бауырлап жата қалыңдар. Сонда сағынышты сезімнің бәрі ұмытылып кететін болады»,— деп ақыл береді ол. Сәл тұрып, «Жер ана уақыты жеткенде кімді болсын бауырына алады — әкені баладан, қызын сүйікті анадан, жігітті жарынан айырады!»— деп жоқ болады. Қарияның ақылын тыңдаған екі дос қоштасып, өздерінің туған елдеріне оралады. Оралғасын қария сөзінің терең сырын түсінеді... Біз ертегінің адамдары емеспіз. Халық азаматтарымыз, коммунистерміз. Ақылмен жеңеміз қиыншылықты. Өмірдің қилы ағымын әлі талай білерміз. Шайқаста көргендер, отты жылдар, достардың жарқын бейнесі, мінезі, көзімізді жұмғанша ұмытылар ма? Оған дау жоқ. Дүние жүзіне ажал төккен жауыз фашистерді достығымыз, табандылығымыз арқылы жеңеміз. Отанға берілгендігімізбен жеңеміз.

Мария маған қарап:

— Сіз, өте жақсы айттыңыз. Қан майдандағы жаунгер ерлігі, жігіттер достығы туралы мұнан бейнелі айту қиын болар! Нағыз шешенсіз,— деді.

Мақтауды жеткіздіңіз, жолдас хатшы. Менің дәл сіз айтқандай қасиетім жоқ қой деп ойлаймын. Дегенмен, орыстың ұлы қолбасшысы А. В. Суворовтың «нашар солдат генерал боламын деп ойламайды» деген сөзі бар. Бұған да талаптанып көрерміз... Жеңіс жақын. Соғыс бітеді. Соғыс біздің кәсібіміз емес. Елдерімізге, туған жерлерімізге тараймыз. «Жігітке жеті өнер де аз» деген халықтың «Үйрен де жирен» деген тағы бір мәтелі бар.

— Сіз кеткесін, Жәлел ағамыз қалай тез кетіп қалды,— деп мұғалімдер мектепке шақыра келді,— деді қыздар.— Міндетті түрде батырмен кездесеміз деп дай-

ындалған екен. Балалар үшін үлкен тәрбие, бірінші көрген Совет Одағының Батырын мәңгі естерінде сақтайды, бізге қалай да келсе екен деп біздің үйге келіп кетті.

— Өтініштi жерге тастамаспыз. Ал, рахмет, қыздар!

Біз аудандық атқару комитетінің төрағасына бардық. Иванды таныстырдым.

Үшеуміз трактор зауытына жеңіл машинамен жүріп кеттік. Директордың бөлмесіне тоқтаусыз кірдік. Директор карапайым, адамгершілігі зор азамат, жақсы бастық сияқты көрінді. Мәселені тез шешті. «Ертең тиеп жібереміз», деп уәде беріп, бөлім бастығын шақырды. Келісім бойынша, бөлшектерді тиеуге Иван қатысатын болды.

Зауыт директорының әңгімесінен байқағаным — Сталинград шайқасы біткесін ынталы, қызу еңбек нәтижесінде партия ұйымдарының басшылығымен зауыт өте жедел іске қосылған. Бірінші трактордың шығуы — үлкен тарихи оқиға болған. Арнаулы митингтен көріністер, қызыл тудың астында түскен суреттер... «Сізге ескерткіш болсын, батыр жолдас»,— деп темір жәшіктен алып бір фотоны маған берді. Мен рахмет айттым.

Осы орайда уақыттан озыңқырап, бір оқиғаны айта кетудің реті келіп тұр. 1954 жылдың март айы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев аудандық атқару комитетінің председателі қызметін атқарып жүрген кезім. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Алексей Яковлевич Попадько мен атқару комитетінің төрағасы Қабаш Ырысбаевич Оспанов мені шақырып жатыр деген хабар алдым.

— Сталинградқа баруыңыз керек,— деді басшылар.— Өзіңіз білесіз — май айынан жер жырту, тың көтеру басталады. Облыс Сталинград трактор зауытынан жыл бойы 316 трактор алуы керек. Бізге қазір керегі соның алғашқы партиясы. Сіз, жолдас Қизатов, Сталинградты қорғауға қатыстыңыз, ССРО Жоғарғы Советінің депутатысыз. Міндетті жұмысты сізден басқа ешкім бітіре алмайды. Ойлай келе, өзіңізге бар сенімді артып отырмыз. Апрельдің алғашқы күндерінен қалдырмай тракторларды жібере бастайтын болса жақ болар еді! Үлкен көмек болар еді.

— Мақұл!— дедім мен.

Сол сапар Сталинградқа келгенімде директордың маған ескерткіш ретінде берген осы фотосы үлкен кө-

мек болды. Тарихты сыйлаудың бір бекем дәстүрі бар еді ғой сонда.

— Ал, енді 1944 жылға оралайық. Зауыттың директорының бөлмесіне орта бойлы, аққұба өңді, москал адам келіп кірді. «Бөлім меңгерушісі Василий Васильевич» деп таныстырды, ол кісіні бізге.

— Ертеңнен қалмай майданға бөлшектерді тиеңіз!— деп директор оған тізімді берді. Біз де директормен қоштасып, бөлім меңгерушісінің бөлмесіне кірдік. Қарапайым, әңгімешіл адам екен. Туған баласы Сталинградты қорғауда қаза тапқан. Оған қайтыс болғасын Совет Одағының Батыры атағы берілген. Бөлімдегі қызметкерлер — көпшілігі әйел жолдастар екен. «Дивизия Сталинградты қорғауға қатысқан, жауды қоршап алып, талқандаған армия құрамаларының бірі», дегенде, бөлім мамандары, жұмысшылар, бөлшектерді өзіміз бүгін-ақ тиеп жіберейік деген құлшыныс білдірді. Қонақ аз отырып көп сынайды. «Қандай патриоттар» — деп ойладым мен. — Танкілерді қайтып шығарып, майданға кідіртпей жіберушілер — осындай совет азаматтары. Олардың ерен еңбегі. Егер қару-жарақ, ішер ас, киер киім болмаса, немістердей қасқырлардың тісін сындырып, өз апанына апарып тыға алар ме едік біз? Осындайда біз атқарып жатқан ұлы істің ортақтығын, ел тұтастығын тым ерекше сезіне түсетіндейсің.

Ойланып, үнсіз отыр едім, бөлім меңгерушісі маған қарап:

—Біздің үйге бүгін кешкілік қонаққа келіңіздер, — деп өтініш жасады. — Кемпір байғұс жалғыз баласы қаза тапқасын шөгіп қалды. Қайғыдан есінен айрылып қалатын шығар! Үшеуіңіз де келіңіздер, өтінемін!

Мен ауатком төрағасына қарадым. Ол сәл ойланып отырып, «жақсы бармыз!» деді. Адресін жазып алдық. Бөлімдегі адамдармен қоштастық. «Майданға сәлем!.. Жеңіс тез болсын!..» деген тілектер айтылып жатыр. Орындарынан тұрып, біздермен қол алысты. Машинаға отырып Бекетовкаға тарттық. Атқару комитетінің төрағасы:

— Кешіріңіздер! Кездесу жоқ бүгін — картты аяп кеттім. Жалғыз баладан айрылу сұмдық қой! — деп күрсіне сөйледі. Сол арада бізді партия комитетінің бірінші хатшысы шақырды. Өзіне тән ашық мінезбен «қалдарың қалай, жолдарың болды ма?» деді. Ауатком

жолсапарымызды баяндап берді. Бөлім меңгерушісінің де болғанын, шақырғанын да жасырған жоқ.

— Дұрыс, ондай адамның көңілін қайтаруға болмайды, — деді хатшы. Киім ілетін шкафтан қағазға ораған әлдебір бұйымды әкеп, столдың үстіне қойды. — Саған, Батыр, аудан еңбекшілерінің сыйлығы. Аз да болса, көпке балап аларсың! «Орамал тон болмайды, жол болады» деген әншейін ескерткіш қой...

— Мен сізге ескертіп ем ғой — нәрсе, зат, сыйлық деген керек емес, — дедім мен. — Барғасын жолдастарымның, Александр Васильевичтің бетіне қалай карай-мын? «Базаршы» деп ат қояр маған.

— Кешіріңіз, менің емес, халықтың сыйлығы. Алексей Семеновичтің тапсырмасы. Қымбат бұйым емес, өзіңіз көріңізші!

— Қымбаттым, қойыңыз! Ертең елдің алдында, адамдарға түсіндіргенде, кейбіреу өкпелеп алмай кетіпті деген өсек болуы мүмкін,— деп төраға да қосылды. Бүктегенді ашып: — Міне, алтын-күміс емес, кәдімгі әскери киім. Құтты болсын! Жеңіске жеткізсін, аруақты халықтың сыйлығы!

Енді таласа берудің реті жоқ шығар деп ойладым. Киім өте келісімді. Жағасы, жеңі жалтыраған, оқалы көкшіл әскери костюм. Погонына лейтенант белгісі — үш жұлдыз тағылған, жалтырап тұр. Мен сөйтіп, «алтын погонды» болдым. Тек бұл ғана емес, былғарыдан тігілген етік те бар. Шап-шақ ,әдейі өлшеп тігілгендей.

— Міне, нағыз генерал! Үстіңнен тастама. Құтты болсын! Ұзақ өмір, бақыт тілейміз, жас жігіт! — деп төңіректегілер кеу-кеулеп жатыр. Хатшы мен төраға қолымды алды.

— Бұл сыйды жалғыз маған емес, дивизия үшін, от кешіп жүрген жауынгерлерге көрсеткен құрмет деп білемін! — дедім мен.

Заттарды Ленадан пәтерге беріп жіберіп, трактор заводының бөлім меңгерушісінің үйіне келдік. Иванның қолында кішкене қағазға оралған бума. Бізді қарсы алған қарттардың екі бөлмелі үйі тап-тұйнақтай екен. Бөлменің ортасында төрт бұрышты ақ шүберекпен жапқан үстел, бірнеше орындық. Үлкен шкафта түрлі ыдыстар жылтырайды. Тамақты мол дайындаған — сары шұжық, тұздалған қияр, тауықтың еттері, сүрленген балық, екі шыны арақ.

Шешеміздің аты — Дария Ивановна екен. Үй иесі

Василий Васильевич бізге, «Төрлетіңіздер, қадірлі қонақтар!» деп құшақ жая қарсы алды. Иванның бумасының ішінде әртүрлі қағазға ораған конфеттер, коньяк шампан, қызыл балық бар екен. Дарья Ивановнаның жасында сұлу және пысық болғаны, оқыған мәдениеттілігі көрініп тұр. Қайғы, уайым уақыттан ерте қартайтқан. Бетінің әжімі тым қалың, бір кездері мөлдір көзі бүгінде ін түбінде, сусыз құдықтай үңірейген, көз алды көгіс тартқан. Белі бүкірейіп, екі аяғын зорға басып жүр. Үстелге отырғасын қолдарына қарасам, адырайып тамырлары шығып тұр екен. Жалғыз баладан айрылу қайғысы жеңіл емес. Жасы елуге келмей шөгіп қалған осы адамға қарап, «қайғы-қасірет мезгілсіз өлтіреді» деген мәтелді есіме алдым.

Василий Васильевич өзі бастап:

— Құрметті қонақтар сіздердің денсаулықтарыңыз, жеңіс үшін алып қоялық! — деп, бізді дәмге бастады. Иван екеумізге ақ арақ, Дария Ивановнаға шампан құйылған еді. Ол бокалды қолына алды да, қайта қойды. Ауатком төрағасы мен үй иесі коньяк ішті. Төраға маған қарап:

— Батыр жолдас, жарайсың! — деді әлденеге. Сөз реті маған келіпті. Орнымнан тұрып, отты майдан шебінен мына қонақжай шаңыраққа тілек айта бастап ем, Дария Ивановнаның бет-әлпеті жыбырлап, өзі дауыл күнгі көлдің суындай толқып, аузы бұрынғыдан да қисайып, көздерінен жас парлап, тұра жөнелді. Василий Васильевич тез орнынан тұрып ізінен кетті. Не істерімізді білмей, үнсіз абыржып, отырып қалдық.

— Сұм соғыс миллиондаған адам өмірін жалмап жатыр. Қанша адам жарымжан, мүгедек, мына кемпірдей жалғыз баласынан, сүйген жарынан, туысынан айрылғандардың есебі бар ма? Түн баласы болса түсіне кіріп, тосып отырғандар қанша десеңші! — деді Василий Васильевич қайтып кеп, орнына отыра бере. — Менің де ішім жалын, сыртым сау. Қайғыға берілме, қарсы тұр деймін өзіме-өзім... Кемпірдің көңіліне келетін, қайғысын қозғайтын сөз айтқан жоқсың, балам. Сенің қарай бергеніннен сездім — сақтана сөйлейтініңді. Бірақ мұздай қатқан қасірет қоя ма? Жалғыз ұл сендей болып тірі жүрсе, алтын жұлдызын тағып жарқырап отырар еді ғой, деген ой келді сорлы анаға!.. Сендер өкінбендер, бірінші рет емес, талай осындай

жағдайлар болды. Абыржымандар өтінемін, алып қойыңдаршы!

Жүрегім аузыма тығылып, менің де ауылдағы анам көз алдыма келіп тұра қалғандай болды. Полковник Петраков бір әңгімесінде: «Еліне барам десең, демалыс бергіземін. Генерал дивизияның ардагерлерінің ішінен семья жағдайына байланысты 20 — 30 күнге еліне жіберіп жатыр. Шамасы жоғарыдан рұқсат болу керек», деген. Дәл қазір осы әңгіме есіме түсті. Мен «барамын, бармаймын» деп жауап бермеп едім.

Үй иесі қанша жік-жаппар болып бәйек қақса да, кемпірдің әлгі қиын халі көңілімізді бұзып, енді жағдайымыз келмеді. Кешірім сұрап, Василий Васильевичпен қоштасып, рахметімізді айтып үйден шықтық. Иван екеуміз менің пәтеріме келдік. Марфа Сидоровна, Лена бізді шыдамсызданып тосып отыр екен. Қаранғы түскен жоқ еді. Менің бөлмеме жаңадан тігілген киімдерді іліп қойыпты. Ленаның ұсынысымен орден, медальдарды оқалы костюмге тақтық. Марфа Сидоровна тамақтанып алыңдар деп өтінген. «Рахмет, қонақта болдық», дегенге қарамай, «менің қолымнан тамақ ішіңдер!» — деп болмады.

Жағдайды түсіндіру үшін уақиғаның бәрін айтып бергенде, бұл үйдегі шешеміздің де өні бұзылып, көзіне жас келіп қалды. Өзімнің қателігімді кештеу сездім. «Айтпай-ақ қоюым керек еді. Қазір уақыт солай — жарасыз жүрек жоқ!». Сасқанымнан, «Лена, мен саған жаңа костюмді көрсетейін, байғазы бересіңдер!» — деп орнымнан тұрып кеттім. Бәрін киіп кіріп келгенімде, Марфа Сидоровна, «тамаша мынау, керемет екен!» деп, көңілін бөліп, жас балаша мәз болып қалды. — Құтты болсын! Көрімдігім сол — жуайық. Өздерің ішпеген коньяк тұр. Ваняның жолын, Мишаның костюмін жуайық.

Сөзге келмей, столға тағамдар қойылды. Коньяк құйылды. Марфа Сидоровна батасын беріп бізді дәм алуға шақырды. Біз бір сағаттай отырдық.

— Машаға барып келейік, жалғызсырап қалған шығар, — деді сержант бір кезде.

— Мақұл!

Біз келсек, Мария айнаның алдында таранып, өзін түзеп сәнденіп тұр екен. Әке-шешесі басқа бөлмеден шықты.

— Қайырлы кеш!

— Бірге болсын!.. Семьяңызды көріп қуанғаныңыз жақсы болған, құттықтаймын сізді! — деді Мария сержантқа.

— Туыстарыңды, мамаң мен папаңды көріп сіз де қуанышқа бөлендіңіз. Қалай жақсарып кеткенсіз! Шіркін, еркін, бейбітшілік өмір-ай! — деп Иван да бір сәт сезімге берілді.

Ия әдейі келген жұмысымыз сәтті болды. Ертең бөлшектер тиеледі. Бұйрық толығымен орындалды. Командировканың мерзімі де бітіп келеді. Майданға ораламыз. Тағы өмір мен өлімнің арасында жүреміз.

— Мынау киім сізді генералға ұқсатады екен, — деді Мария. Бөлмесінен шығып: — Мама, папа, көріңдер! Жәлел Қизатов Бекетовкаға келіп, маршал болыпты, — деп айқайлады. Кемпір-шал Иванмен танысып, менің костюмімді тамашалап, «кеңес үкіметі құрылғалы бірінші көріп отырмыз мынадай форманы. Құтты болсын! Әйтеуір жауыз фашистерді жеңсек болғаны! Игілігіңізге киіңіз, балам!» деп жатты ол кісілер. Марияның үйінде кенесіп, көп отырып қалдық. Ертең, тақтай тілетін зауытта, орта мектепте болу керек. Сауда қызметкерімен кездесу бар — жұмыс түнге қарай кеш бітетін болды. Маша мұны естіп ренжіп қалды.

— Арғы күні майданға қайта кетесің. Жоқ, бұл болмайды. Уақытың әлі бар. Бір күн бізде болып үшеуміз саяхатқа шығамыз. Жарай ма?

— Үшінші артық, — деді сержант. Қалай дегенмен мерзімді уақыт бітіп, жолсапар тамамдалып қалған еді. Пәтерге қайтып келдік. Сол түні дұрыс ұйқы болмады. Баласы опат болған шал мен кемпірдің бейнелері тұрды көз алдымда. Ұзақ көңілсіз ойлардан таң сарғайып атқанда, талып барып көзім ілініп кетті.

Ертеңіне тақтай тілетін зауыттың коллективімен кездестік. Осында білдім: көптен Бекетовкада тұратын қазақтар бар екен. Солармен амандастым. Жастардың жиналысында айтқанымды қайталап, соғыстан жаңа деректер қостым. Фашистерді Сталинградта қалай жеңсек, Берлинде де сондай жеңіс болатынын айттым.

Сол күні орта мектептің оқушылары, мұғалімдерімен кездесу болды. Жазбаша, ауызша сұрақтар қойылды. «Батыр атағы қандай ерліктеріңіз үшін берілді?.. Менің жасым он жетіде, оныншы класты бітіремін. Соғысқа барғым келеді, көмектесіңіз! Бекетовканы қорғаған дивизияда солдат болуым арманым... Үйге келуіңізді

өтінемін (адресін көрсеткен)... деген сияқты сұрақ-өтініш көп болды.

Сауда қызметкерлерімен кездесу жиыны кешкі сағат жетіде, үлкен асханада өтті. Бөлшектерді вагонға тиеп болып сержант та келді. Жиналыс ұзаққа созылған жоқ. Күтушілер дастарқан әзірлеп қойған екен. «Дәм татыңыздар!» — деп қиыла өтінді. Жасы отыздан асқан, сұңғақ бойлы, сөзге шешен, денесінде артығы жоқ, әскери адамға ұқсаған әйел. Бұл кісі осы мекеме бастығы екен. Елудей адамның қатынасуымен ресторанда сыйлады бізді. Әдейі жіберілген машинамен көп жұлдыздың ортасындағы айдай болып, тым ерекше сұлуланған Мария Смирнова да келді.

— Сіздің жолдасыңыз ба? — деп сұрады мекеме бастығы.

— Жоқ, жауынгер. Бір дивизияданбыз.

— Күйеуі бар ма?

— Білмеймін...

Менің оң жағымнан орын алған Маша көршімнің сыбырласып отырғанын ұнатпағандай белгі берді.

Сәл дәм таттық. Біршама болды-ау деген тұста:

— Сыйлағандарыңа көп рахмет! Отырып қалдық, — деп мен бастыққа, әйелдерге қарап, біздерге рұқсат беруін өтіндім. Жолға қамдану қажет еді.

Даланың ауасы жұпардай екен. Әлі қараңғы түспеген, жарық. Үйге келсек, Марияның әке-шешесі ұйықтаған жоқ екен. Қариялар:

— Уақыттарыңыз тез өтті. Жолдарың болсын! Кездессеңіздер күйеу баламыз Алексейге сәлем айтарсыздар! — деп бізге жақсылық тілеп батасын берді. Сосын, «Құдай сақтай гөр жастарды!» — деп өздерінше күбірлеп жатты. Маша бізді бөлмесіне шақырды.

— Сіздер ертең майданға кетесіздер, менің басыма жалғыздық түседі. Кімге еркінсіп, еркелеп сөйлеймін енді? Өмірімнің көңілді қызық кезеңі сонымен бітетін сияқты. Таныстарым да, бірге оқыған жолдастар да қалмаған.

Маша біраз үнсіз отырып қалды. Сосын, әлденеге бекігендей басын көтеріп, бізге қарады:

— Иванның көзінше айтайын: Жәлел екеуміз ағалы, қарындасты болдық! Қол алыстық! Жәлел кешірді менің жолдағы жеңілтек сөздерімді... Иван, сіз дұрыс айттыңыз, борыш ақтау менің міндетім еді. Расы сол, оянған сезім бар еді. Көп жыл тосып, кездесуге аз қал-

ғанда басқа жағдайға кез болдым, — деді Мария ақырын. Сосын сілкінгендей болды.

— Құрметті ағалар, хат жазып тұрыңыздар!..

Бетін алақанымен басып, жылағаны белгілі болды.

— Маша, сіз жауынгерсіз. Осалдықты доғарыңыз! Келешектегі бөбегіңізге зиян келеді. Мұны сіз бізден артық білесіз. Әке-шешең қасында, күйеуің ертең келеді, — деді Иван еркіндеу сөйлеп. Мен үнсіз берілдім. «Мінезі жұмбақ арулар-ай! Өз еркімен елін қорғауға қан майданға тайсалмай барған орыстың ерке қызы! Бір сәттік оқиғадан үлкен ой, терең сыр, аяулы сезім түйіпті. Сірә, оқ пен оттың арасындағы сол бір сәт әйел жүрегінде ерекше із қалдырған іспетті. Жә, соғыстың аты соғыс. Оның отты шебі сен үшін артта қалды, Мария. Кейбір оқиғалар ұмытылар, кейбір сәттер мәңгілік есте қалар!.. Жұмысқа орналасу керек, коллектив сүйеніш, қиыншылықта жігер береді, арқа сүйерің сол болады. Жақсылық, жамандық — бәрі ортақ, қуаныш, ренжу бірдей болады. Ақылым сол, сүйікті қарындасым, жақсы коллектив тауып алу керек. Ойымның соңын мен оған естіртіп айттым.

Маша жылағанын басып, өзіне тән еркелік көрсетіп:

— Сіз, Жәлел аға, өзіңізді бақыттымын деп санайсыз ба? — деп маған қарады.

— Біліп қой, Маша, — дедім мен. — Бақыт білмегенге көп сөз — сұлу жар сүю, жоғары білім алу, қызмет сатысымен көтерілу, жақсы тұрмыс құру, үбірлішүбірілі болу, толып жатыр. Білгенге бір-ақ сөз — Отанды қорғау, елің, халқың үшін қан төгіп, жан беру.

Бізді шығарып саларда Мария екеумізді де құшақтап бетімізден сүйді. Мен де Машаны құшақтап, бірінші рет сүйдім. Қош бол, құрметті жұмбақ қыз! Барлық сыр ашылды, сен енді мен үшін беймәлім жұмбақ емессің, туысқандық белестерінен көрініп тұрған он төртінші айдай керемет сұлу қарындасымсың. Осылай, жақсылық жағдайда, көңілді күлкімен кездесейік, қымбатты Маша!

Ертеңіне Сталинград қаласынан Киров ауданындағы құрметті жолдастармен қоштасып, майданға жүріп кетуім керек.

1941 — 1944.

IV ТАРАУ

МАЙДАНҒА ОРАЛУ

Сталинградта жүрген бір айдай мерзімде майданда қалған көптеген жолдастар, достардан айрылу маған да оңай тиген жоқ. Марияның әке-шешесімен, өзімен есендесіп шыққан соң, Киров аудандық партия комитеті мен атқару комитетіндегі азаматтармен, әсіресе, комсомол жолдастарымен қоштастым.

Ертеңіне вокзалға, «мені шығарып салуға келмей-ақ қойыңыздар!» дегеніме қарамастан, біраз адам жиналыпты. Олармен туысқандардай құшақтасып-қолдасып, саушылық айтысып, поезға міндім. Әсіресе, Сталинградтағы Киров ауданы жастарының ілтипаты ерекше болып қатты әсер етті маған. Үйінде бір айдай жатқан Елена есімді келіншектің менімен қоштасарда, қол алысқанда, өн бойының ырқынан тыс күзгі жапырақтай қалтырағаны, көз шарасына толып кеткен мөлдір жас мені ойға қалдырмай қоймады. Оның да күйеуі менімен жасты, қан майданда от кешіп жүргенін өткен баяндауларда айтқанмын. Ойыма келгені: «бұл да өзінің сүйген, аңсаған жарын есіне алып тұр-ау!» деген аяушылық сезім еді. Әйтпесе, бұл қонақжай келіншекпен екеуміздің арамызда пәлендей өзгеше сезім болған жоқ, және болады деген ой қай-қайсымыздың да басымызға келмегені анық.

Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Мария мен орналасатын купеге жол азығын қойыпты. Ауданның үлкен мектебінің бірінің пионерлері мен комсомол жастары қолдарына гүлдерін ұстап, олар да шығарып салған — сол гүлдестелер де купенің әрін кіргізіп, ішке орналасыпты.

Біз мінген поез Ростовқа бет алып, жөнеле берді. Менің вагоным 7-ші нөмірлі еді. Бұл жай — қай поезда болмасын офицерлерге арналған вагон деп есептеле-

ді. Осы вагонның жолсерігі бір қолы жоқ бұрынғы майдангер екен. Оның екінші серігі — талдырмаш келген, аққұба өңді жас қыз бала болып шықты. Екеуі маған төсек-орын алып беріп, сыпайы ғана сәт сапар тіледі.

Менімен купелес жолдастардың бірі — жасы отыздар шамасындағы майор екен. Өзге екеуі — балғын өңді, жап-жас аға лейтенанттар болып шықты. Майор өзін «Григорий» деп таныстырды. Ол менімен қалжыңдай сөйлесіп:

— Сізді шығарып салған бикештер — өңшең бір сұлулар ғой, аға лейтенант! — деді. Мен майорға бір, кіші офицерлерге бір қарап:

— Олар жай ғана сұлулар емес, майдан үшін жан аямай еңбек етіп жатқан өңшең аяулы арулар! — дедім. Расында да, жаңағы өрімдей жастардың ортасында мен кездесуге барған тақтай тілетін зауыттың жұмыскерлері де бар еді. Олардың зауытында болғанымда, көпшілігі 12 мен 16-ның арасындағы балалар мен жасөспірімдер екенін көргенмін. Тәулігіне бел жазбай 15—16 сағат жұмыс істейді екен. Сол жастардың қатарында соғысқа кеткен ерлерінің орнын басқа олардың жұбайлары, әйелдер де, сол балалардың аналары да бар. Олардың майдан үшін, жеңіс үшін жан аямай істеп жатқан жұмыстарын қай уақытта болса да руханипатриоттық сезіммен салыстыру қиын. Жеңістің өзі де осындай тылдағы жұмысты мінсіз атқарған азаматтар мен жастардың, аяулы арулардың еңбегі нәтижесінде келді емес пе?

Жанымдағы жолдастармен әр тақырыпта әңгіме қозғап жатып, ұйықтап кетіппін. Біраз уақыт өткенде көзімді ашып, терезеге қарасам, біз мінген поез мидай далада, жеке-дара шапқан аттай жүйткіп келеді екен. Осы сәт менің ойыма қазақтың сағымды сары даласы түсті. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасындағы:

Мен де ойды ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына.
Сарыарқа — сары дария, қиыры жоқ.
Көз болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дарня көз тоқтатар
Көкшетау — Сарыарқаның аралы да!—

деген ғажайып сурет ойыма орала кетті. Осы қазір поез келе жатқан кең жазира —«Сальск даласы» деп аталады екен. Мұның да ұшы қиыры жоқ, қазақтың кең

сахарасындай салқам дала, шексіз кеңістік еді.

Ойдан-ой өрбіді. «Шіркін, Мағжан! Сенің жазған кәусардай өлеңдерің мен поэмаларың кімге түрпі боп тиді екен? Кімнің алдында, қандай жазығың болды? Не үшін кінәлісің? Сендей жанды атуға қалай қиып, кімнің қолы барды екен?..».

Мағжан біздің Солтүстік Қазақстан облысында туған. Әкесі атышулы Бекен болыс. Атасы — Мағжан қажы. Сарыарқаның Омбы және Қызылжар ортасында туып, өскен ең ардақты ұлдарының бірі еді ғой. Мен осындай ойға қалып тұрып, өзімнің таңдануыма, таңырқауыма қуыстана қауіптендім. «Халық жаулары» деген айдар тағылған Мағжан, Міржақып, Ахмет, Әлихан, Шәкәрім — қазақ халқының ең керемет, ең ардақты ұлдары еді. Қайтерсің?! Еріксізден Міржақыптың бір айтқандары көңілге оралды:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Үстінде жемісім мол, тамаша ағаш.
Қалғанша жалғыз жаңқам мен сенікі —
Пайдалан, керегіңе жараса, Алаш!

Майданда жүргенде «тамшыдай қаным қалғанша, соңғы демім біткенше Отан үшін күресемін! Халқым үшін жаным құрбан!» демейміз бе? Міржақып та осы бір ауыз өлеңімен өз халқына, өз еліне, қазағына жан-тәнімен берілгендігін айғақтап тұр-ау! «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейді біздің қазақ. Әрине, көңіл жүйрік! Сондықтан ғой міне бұрыңғы өткендер, асыл жандар Сарыарқа суретіндей Сальск даласының төсінде көңіл төрінен бір-бірлеп елес беріп өтіп жатыр.

Поез жүйткіп келеді. Жолдастарым қалың ұйқы құшағында. Жүйрік көңіл тар купені тастап ұшып, өзім туған мекен — Көкшетау үстінде жүр. Көкше өлкесінің биік таулары мен мөлдір көлдері, кәусар бұлақтары, жәннаттай жайнаған жерлері, атағы жер жарған ерлері қалай еске түспесін! Көкшетау, Айыртау, Оқжетпес, Сырымбет, Жалғыз тау сияқты жерлері, Бурабай, Мөлдіркөл, Саумалкөл, Торанғылдай көлдері естен кетер ме? Осындай өлкені жан-тәнімен сүйген сал Біржанның асқақ әндері осы сәтте еске түсіп, жүрегімді толқытты.

Жер шоқтығы Көкшетау,
Балқарағай, бақша-бау.

Бауырында бар сексен көл
Иісің жұпар аңқиды-ау!..

Біржанның асқақ әні алты қырдан асқан. Бұл әнді білмейтін қазақ баласы жоқ-ау деп, осы сәтте тебірене толғандым... Жаяу Мұса өзінің жүйрік аттың шабысындай дүбірлі әндерімен Көкшетаудың сұлу бейнесіне үн қосқан жоқ па!

Көкшетау кейде қарлы, кейде қарсыз,
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.
Дарияның жарға соққан толқынындай,
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз!

Менің атам — Ақан сері махаббаттың пірі емес пе? Ақан серінің Ақтоқтыға, Жамалға, Ұрқияға — толып жатқан өз дәуірінде, өз елінде елеулі асқан сұлу, ақылды қыздарға арнаған әндері қандай десеңші! Жалғыз ғана «Сырымбетін» еске түсірсек:

Ауылым қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақ сұңқар баласына,
Бидайыққа лайық қоңыр қазым,
Бөктергіге жем болып барасың ба?

Осындай туған өлкемді ойға алып, сағыныш тербеп жатқанымда, «аға лейтенант, тұрсаңшы!» деген майордың даусы саңқ ете қалды. Купелес жолдасым тұрып, жуынып, тамақ ішуге дайындалып жатыр екен. Мен де лезде түрегеліп, жуынып, сталинградтық меймандос жолдастар салған азықтарды ашайын деп, ыңғайлана бергенмін.

— Сіз оларды қозғамай қоя тұрыңыз! Майданға бара жатырсыз, жолыңыз ұзақ... Мына біздер — тылдағы «көртышқандар» боламыз. Талай рет майданға сұранып арыз жазсақ та, осы Ростовтағы командирлер дайындайтын училищеге офицерлер керек деп, жібермей қойды, — деді майор. Кесімді сөзге кідірістеп қалдым. Біз тамақтануға кірістік. Серіктестер алып шыққан шұжықтарымен, қалбырдағы еттерімен тамақтанып, шай іштік. Көңіліміз жай болды.

Майор Григорий Андреевич:

— Сіз 1941 жылдың августынан майданда екенсіз. Жүз өліп, жүз тірілген азаматсыз ғой. Мынау терезеге әлсін-әлсін қарай беруіңіз, ойыңызға өз Отаныңыз — Қазақтың сары даласын салып отыр-ау, ә? — деді. Мен Оның сөзін тандана қостап:

— Рас айтасыз, жолдас майор! Сіз зерек адам екенсіз, — дедім. — Елімді-жерімді ойлап отырғаным шын еді. Бірақ «жүз өліп, жүз тірілген» дегеніңіз артығырақ па деймін. Біздің қазақта мақал бар: «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген. Орыс халқында да: «Жеті өлім жоқ, бір ажал хақ» демей ме? Егер шынымды айтсам, талай тура келген ажалдан құтылып кеткен сәттер болды. Бір-екі мысал айтайын: 1941 жылы біздің дивизия өз еркімен Одессаны немістерге тастап кетті. Себебі фашист әскерлері Перекопты басып алып, Қырымның кең даласын өртеп, қаптап келе жатыр еді. Оларды тойтаруға күш керек болды. Сонымен, әсем Одессаны бір түнде тастап, кемемен Қырымға келдік. Бір күні біздің полктың командирі менің қолыма пакет беріп, оны дивизияның штаб бастығына апарып тапсыруды бұйырды. Мен «Аранжир» дейтін атыма мініп, желе шауып отырып штабқа келдім. Берген пакетті тапсырып, енді шыға бергенімде, немістің самолеттері штаб орналасқан ауданды бомбылай бастады. Әсіресе, штаб тұрған блиндажға бомба дәл түсті. Мен есімді екі күннен соң жиыппын. Керчь қаласында госпитальда жатыр екенмін. Сондағы дәрігерлердің айтуына қарағанда, штабта отырған жиырма адамның бәрі өлген. Шыға берістегі ордағы екі солдаттың ғана тірілей қазып алған екен. Соның бірі — мен. Сонымен штабтағы командир, комиссар, штаб бастығы — бәрі апатқа ұшырады.

— Ия-я! — деді аға-лейтенанттың бірі. — Оқ қағарыңыз бар екен.

— Екінші бір өлімнен қалғаным: Орел және Курск имегінде бес командир аттарымызға мініп, зенбіректерді орналастыратын шепке барлау салып жүр едік. Менің астымда сүліктей сүйірілген, сұлу қара ат болатын. Аттың аяғы тиіп кеткен болар, кенет жерде қарулы жатқан әлдебір мина жарылды. Мен ең алдында келе жатқанмын. Атым айналып барып құлады. Менің соңымда келе жатқан төрт командирдің төртеуі де жаралы болды. Мен аман қалдым. Бірақ, атым деміп де ала алмай, өліп кетті. Минаның жармақтары аттың ішек-қарнын аударып кетіпті. Міне, шайқастарда осындай адам айтса нанғысыз, көрген көзге айқын бой тұратын жағдайлар толып жатады...

Осылай әңгіме-дүкенмен отырып Ростов қаласына да келіп қалдық. Жолдастармен қоштасып, Ростов стан-

циясынан шығып, қалаға көз салсам, Сталинградтай кирамаған. Үйлері, көшелерінен соғыс өткен белгілер көрініп тұрса да, түскен жараларын емдеп жазғандай екен. Кез келген бір машинаға мініп, капитан Михаил Медведевтің өтініші бойынша, көрсетілген адресімен пәтеріне келдім.

Кішкентай орамы бар, үш бөлмелі үй. Қақпасын ашып, кіре бере амандасқан маған орта бойлы, ақсары өңді кемпір қарсы шықты. Қария адам маған бір сәт таңдана қарап тұрып қалды.

— Медведевтің семьясы осында тұра ма? — дедім мен. Ар жағынан отыздар шамасындағы ақсары ұзын бойлы келіншек, 17—18-дердегі аққұба қыз шығып, менімен қосарлана амандасты. Олар маған: «Кіріңіз! Үйге кіріңіз! Майданнансыз ба?» деп, жөн сұрамастан, жүйдемелете өтінді.

— Ия, майданнанмын. Михаил Медведевтің өтінішімен келіп тұрмын, — дегенде, манағы кемпір:

— Рас па, қарағым-ау, рас па? — деп екі көзінен жасын төгіп, жылап жіберді.

Үйге кірдік. Амандасып, жайды сұрасқан соң, майдан жайынан айта бастадым. Михаилдың жағдайының жақсы екендігін, штаб бастығының орынбасары екенін айтып бердім. Сол күні Михаилдың әйелі істейтін фабрикаға барып, бастығына жолығып, азық-түліктен, киім-кешектен жәрдем бергіздірдім. Валя дейтін Медведевтің қарындасы, ағасы айтқандай, керемет сұлу емес, ақсары өңді кішкене бойлы, пісте мұрын, тез сөйлейтін қыз болып шықты. Менің жарқырап тұрған погоны бар, ордендер мен медальдар тағылған кителемді киіп, көшені аралап келді. «Балалар менің соңымнан қалмай, Батыр қызды қара деп таңданды», — деп мәз боп күліп келді. Сол күні Медведевтің семьясымен қоштасып, поезға қайта мініп, Киев қайдасың деп жүріп кеттім.

Ростов пен Харьковтың арасында үлкенді-кішілі қалалар, селолар, хуторлар жиі кездеседі екен. Таганрогқа жақындағанда бір кішкене темір жол станциясында көптеген тағам түрлерін сатып жатыр екен. Менің жанымдағы офицер: «Шаян мына шаянды қара!» деп қып-қызыл бірдемені көрсетті. Алайық деп, төрт-бесеуін сатып алды. Купеге кіріп қарасақ, «шаян» дегені көлбақа сияқты бірнәрсе екен. Еті аппақ. Жолдасым

қанша үгіттегенімен, мен шаянды жеуден бас тарттым.

Жүйрік поез Таганрог — Харьковты басып, Киев қаласына да келіп қалды. Станцияда поездан түсіп, былай шыға бере, үш офицерге қарсы кездестім. Біреуі полковник, Азия халқының бір ұлты ғой деп ойладым. Артынан таныса келе сұрастырғанда, расында да, якут болып шықты. Фамилиясы — Карабин, аты — Иван екен. «Орыс патшасы уақытында якут халқын шоқындырып, аттарын, әкесінің аттарын өзгертіп, орысшалап қойған», — деген Иван Карабин кейінгі бір әңгімелерінде.

Екіншісі, жап-жас әйел, әскери шені капитан еді. Онымен мен бажайлап танысқаным жоқ. Әйел біткеннің сұлуы, шапақтай аппақ бетті, қиылған қара қасты, ауызы келбетіне жарасып-ақ тұрған бір келісті жан екен. Қиылған қыпша бел, түзу аяқ, сымға тартқандай сүйрік саусақтары, амандасып, жөн сұрасқандағы сөйлеген сөздері өзінің сұлулығын асыра аша түскендей көрінді.

Үшіншісі, кішкене бойлы,жиырма екі-жиырма үштердегі лейтенант екен... Амандасып, жөн сұрасқанда: «Жолың болсын, Батыр!» деді маған полковник. Мен оған: «Барлық жол Мәскеуге барады дегендей, қазір майданнан басқа жол жоқ, алдыңғы шепке барамын»,— дедім. Үшеуі жарыса сөйлеп: «Бағытымыз бірге болды, біз де майданға барамыз, жүріңіз, бірге жүрейік!»— деді. Артынан таныса келе, бұлардың да бір-бірін білмейтіні, осы Киев станциясында жолығып, жаңа танысқандығы белгілі болды. Үшеуінде де қару жоқ екен. Реті келгенде айта кетейін. Мен он бес рет атылатын Бельгия пистолетімен қаруланғанмын.

Бірінші кездескен машинаға мініп, медицина капитаны қызды кабинаға отырғызып, жүріп кеттік. Машинаның шоферынан сұрасақ, Киев қаласына жаралы болған солдаттарды госпитальге әкеліп орналастырып, алдыңғы шепке қайтып бара жатқан беті екен. Өзі бір өте ақжарқын, аккөңіл адам болып шықты. Анда-санда тоқтап, алпыс бірінші армияның штабы қайда деп, сұрап аламыз. Күн батып, қас қараюға, айналды. Бір жерге қонуға шофермен ақылдасып, сөз байластық. Жергілікті адамдардың бірінен жөн сұрасақ, жақын маңда арақ зауыты бар екен. Полковник аяқ астынан жік-жаппар болып, анау екеуіне бұйыра сөйлеп, маған жалынғандай түрде: «Жүріңіздер, сол арақ зауытына

барып қонайық!» — деп бірнеше рет қайталады.

Капитан қыздың аты Екатерина екен. Біздер оны біресе «жолдас капитан», біресе «Катя» деп сөйлесіп келе жатқанбыз. Сонымен, әлгі ұсынысқа шофер да, қыз да қарсылық етпеді. Капелімде арақ зауытына да жетіп қалдық.

Келген жеріміз — Украинаның көз көріп үйренгендей бір үлкен селосы екен. Арақ зауытының директорына келіп, өзіміздің майданға бара жатқанымызды, бір кешке қонақжай тауып беруін өтіндік. Директор өте бір ақжарқын, жайдары мінезді адам екен.

— Біздің қонақүйіміз жоқ және болған да емес. Сіздерді, әсіресе, мына Батыр жолдасты өз үйіме шақырамын! — деді. Полковник те жарыса сөйлеп: «Барамыз!» — деп салды. Капитан қыз:

— Сіздің үйіңізге баруымыз дұрыс болмас. Жұбайыңыз, балаларыңыз бар дегендей, олардың тынышын алмайық. Онан да бір кеңдеу шаруаның үйін тауып берсеңіз, 5—6 сағат демалар едік,— деді. Бірақ оған көнетін директор ме!

— «Бәрі де майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» деген құр сөз емес қой, жолдастар! Мен де өздеріндей фашистермен алысқандардың бірімін. Федоров жолдастың партизан отрядында рота командирі болдым. Мынау сұлу қарындасымдай капитанмын, — деп директор қарқылдап күліп алды. Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, директордың үйіне келдік. Жасы отыз бестер шамасындағы әйелі, бір ұл, бір қыз баласы бар екен. Бізді өте қуанышты көңілмен қарсы алды. Директордың қызыл шатырлы үйі үлкен, төрт бөлмелі болып шықты. Үш бөлмесінде өздері тұрады. Ең үлкен бөлмесі — қонақжайы екен. Бір бөлмеге капитан қыз орналасатын болды. Біз, ер жынысты үшеуміз, бір бөлмеге жайғасатын болдық.

Жуынып-шайынып, киімдерімізді қағып, жолдың шаңынан тазартқанша, үлкен бөлмеге жабдықталған тағам да дайын болды. Үй иесі әйелдің қасында екі сұлу бикеш көмектесіп жүрді. Үй иесінің зайыбы Ольга, екі қыздың бірі — Мария, екіншісі — Екатерина болды. Директордың аты-жөні Иван Иванович Сидоренко екен.

Стол толы тағам: тураған қияр, қара өрік, помидор, қуырған күркетауық еті қойылыпты. Иван Иванович бізге қарап:

— Ал, кәне, жайғасыңыздар! Жастарыңызға қарап, полковник, сіз төрге шығыңыз, — деді. — Ал енді арақты қалай ішеміз, — майдангерлердей ме, болмаса, партизанға ұқсатамыз ба, — шешімі сізден болсын!

Директор капитан қызға қарады. Бикешіміз:

— Біз қазір майданда да, партизан тобында да емес, жол үстінде келе жатқан жолаушылармыз, — деді. — Сондықтан, арақты көп ішуге болмас. Әсіресе, біздер, дәрігерлер, арақты көп ішуге әрқашан қарсымыз!

Полковник пен директор:

— О не дегеніңіз! Ертең, алда — қырғын шайқас! Көңілімізді бас қосқанда бір көтеріп қалайық та! — деген сөздерді қосарлана айтты. Иван Иванович стакандарға толтыра құйды. Өзі сөйлеп, «Жеңіс үшін, майдангерлер үшін! Олардың дені сау болып, аман-сау елдеріне жеңіспен оралсын, сол үшін алып қоямыз!» — деді. Полковник пен директор тамшы қалдырмай, стакандарын төңкере көтерді. Капитан қыз арақты ерніне тигізді де қайта қойды. Полковник бізге алара қарады:

— Ей сендер, жігіттер емессіндер ме?

Біз оған енді екі айтқызғанымыз жоқ.

Сонымен ұсынылған тағамды ортайттық. Үй қожасы стакандарды қайта-қайта толтырды. Жоқ жерден тост кезегін маған берді. Мен:

— Осы тағамды дайындаған үш әйелге, ақ көңілмен құрмет көрсетіп отырған үй иесіне алғыс айтамын! Осы кісілердің денсаулықтары мықты болуы үшін алып қояйық! — дедім. «Қайдан шықсаң, онан шық» деп тағы бір стаканды тартып жібердім.

Капитан әйел маған тесіле қарады да:

— Неге екенін қайдам, мен сізден мұны күтпеп едім. Қандай батыр болса да, арақты жеңген адамды мен көрген емеспін, —деп әзілдей күліп жіберді.

Сонан кейін полковникке сөз кезегі келді. Лейтенант сөйледі. Біраз отырдық, қызу-қызық әңгімелестік. Әркім өзінің басынан кешірген жауынгерлік жолдарын таңдандыра баяндады. Сонымен, жақсылап демалдық.

Полковник директордың үйіне келген бір бикешті қолтықтап, далаға шығып кеткен. Лейтенант та кетіп қалды. Капитан қызбен екеуміз біраз сөйлесіп отырдық.

Қатяның ұлты чуваш болып шықты. Кейбір сөздері біздің қазақ тіліне келеді. Әсіресе санау реті дәл бізді-

кіндей екен. Соғыстан бұрын Мәскеудің медицина институтын бітірген, өте жоғары мәдениетті адам екені көрініп тұр.

Шоферіміз өз машинасында ұйықтап қалыпты. Арақты ол да сылқитып ішіп алған көрінеді. Мен ертерек тұрып, жолдастарымды іздестірсем полковник те, лейтенант та бикештердің үйіне түнеуге кетіп қалыпты. Оларды директордың балаларын жіберіп тездетіп шақыртып алдық. Ертеңгілік тамағын ішуге де қаратпай тез жүріндер деп, шофердің де екі аяғын бір етікке тыққандай етіп, асықтырып, үй иелеріне рахмет айтып, алас-қапас жолға шығып кеттік.

Машина қозғалар-қозғалмаста полковник секіріп түсті:

— Мен осында қаламын. Жүруге шамам жоқ.

Оның артынан лейтенант та түсті...

Медицина капитаны оларға біраз сөз айтып, кәдімгідей ұялтып тастады. Мен «әркімнің бас еркі өзінде» дегендей, қозғалмай үнсіз отыра бердім.

Машина жүйткіп келеді. Жолда ұбақ-шұбақ тізілген көштей жаяу әскер, танкілер, машиналар. Менің ойыма өзім жатқа білетін «Қыз Жібектің» қиссасы түсті. Сондағы Қыз Жібек пен Төлегеннің көш жөнекей кездесуі қандай! Сырлыбай ханның еліндегі көшті тартып бара жатқан сұлуларды суреттеген жыршының сөздері қандай! Бірақ ол көш пен бұл көштің айырмасы жер мен көктей еді. Қазақтың көші жайлау жаңарту, мал қамы, адамның таза жер, таза ауа іздеуі, бір сөзбен айтқанда, тұрмыс-шаруа жағдайы. Мына біздің көшіміз — қаруланған жауынгерлер, жауды қуып бара жатқан тас-түйін әскери көштер, жойқын күш, қабағынан қар жауған темір тасқын.

Біраз жүрген соң, шоферіміз машинасын кілт тоқтатып: «Өліп бара жатырмын!» — деп жол бойына жата кетті. Мен секіріп түсіп:

—Не болды, саған, ауырып қалдың ба? — деп сұрап едім, капитан қыз:

— Арақтың иісі мұңкіп тұр. Бұл сабаз тұрысымен арақ ішкен! Сондықтан, жолымыздан қалмайық, аға лейтенант! — деп ол да машинадан түсті. Мен:

— Жолдас капитан, бізге майдан шебіне жетуге осыдан артық көлік табылмас. Ал мынаның басын жазайық! — деп мана Иван Иванович берген бір құты арақты шоферга ұстаттым. Катя:

— Өзім құйып беремін!— деп оның қолынан арақты тартып алды. Сөйтіп, жүз елу грамдық темір стаканға құйып, қалғанын мұқият түрде өз сөмкесіне салып қойды. Шофер тартып жіберіп: «Ойпырмай, екі көзім шырадай ашылды-ау!» деп қутыңдап машинасын қайта оқ алдырып, тағы жүріп кеттік.

Күні бойы 40 — 50 шақырым жылдамдықпен жүріп отырып, кештете бір селоға келіп тоқтадық. Бұл селоның адамдары кілең батыс украиндықтар екен. Шағын село, 15 шақты үйден тұрады, іші тола біздің солдаттар. Тұрғындармен сөйлескенде, осы арадан 25 шақырымдай жерде «Рыбачино» деген хутор бар, сонда біздің әскер жоқ, үйлері бос, машинамен жүрген адамға соған барып қонған дұрыс деген ақыл айтты. Капитан: «Онда Украин ұлтшыл-бендершілері жоқ па?» — деп сұрады. «Біз ол жағын анық білмейміз, бірақ олар ол маңайда жоқ болуға тиіс», — деп жауап берді тұрғындар.

Бір сағаттай жүріп отырып, Рыбачиноға жеттік. Расында, мұнда хутор тұрғындарынан басқа ешкім жоқ екен. Шофер екеуміз бір үйге, капитан екінші үйге орналасып, жақсылап демалдық. Біздің үй иесі — картаң кемпір-шал екен. «Сіздердің, шырақтарым, бәрің жақсысыңдар. Немістермен салыстыруға болмайды. Олар кәрі-жас, әйел-еркек демей қыстың қақаған аязында далаға қуып шығып, үй-жайымызды тартып алатын. Сіздер өтініп сұрап тұрсыздар. Төрлетіңдер, туыстар!»— деп, бір бөлмесін босатып беріп, біздің: «Өзіміздің тамағымыз бар», — дегенімізге қарамастан сүтін, бульбасын әкеліп, бір тауығын сойып, қамқорлық жасап жатты. Маған айтпастан шофер Катяны да шақырып келіпті. Оның құлқынын тесіп жүрген — манағы қалған арақ екен. Мен де мұны теріс көргенім жоқ. Катя сияқты сұлумен сырласып-сөйлесіп отыру да бір ғанибет қой!

Шал мен кемпір тамақтарын столға қойып жатқанда, үй иесі маған қарап:

— Горилка! — деді қысқа ғана. Шофер менен бұрын:

— Әкеліңіз, атай! Мына кісі Батыр. Мен де алдыңғы шепте шофермін, — деп қутыңдап қалды.

— Құлқының құрысын, сенің! — деп капитан манағы қутыны стол үстіне қойды. Шал да өзінің горилкасын алып келіп:

— Бірінші құйылғаны! — деді. Аз толтырмай бір-бір стақаннан бәрімізге құйды. Мен:

— Қанша градус? — деп сұрадым.

— Спиртпен бірдей, — деді шал. Соны айтып сөйлеп кетті:

— Ал, ардақты қонақтарым! Жауынгерлер! Біздерді фашистерден азат еткен батырлар! Сіздердің барлық істеріңіз жақсы. Бірақ ең жамандарыңыз — «колхоз» дегендерің. Соны әкелмесеңдер болды, қарақтарым!— деп стақандағы горилкасын ішіп салды. Сөйтіп столға қойылған пияздың бәрін алып құшырлана иіскеді. Кемпір оған:

— Құдай атсын, сені! Сексенге келгенде бір стақан горилканы бір-ақ көтергені несі! Балалардан ұялмайсың ба?— деп ұрысып жатыр. Шофер да қағып салды:

— Ойпырмай керемет екен!..

Жанымда отырған капитан маған:

—Арақ ішіңіз, мынаны қойыңыз, — деп сыбырлады. Мен «сыйлап жатқан қарияларды көңілін қайтармаймын» деп, горилкадан жарты стақандай жұтып жібергенмін, — өңешімді тіліп түскендей болды. Жүрегім өртеніп бара жатқандай бір күй кештім.

Қалған арақты қарияларға құйып беріп, ең бастысы — біраз әңгімелесіп, мәслихаттасып көп отырдық.

Ерте тұрып, таң ағара жолға шықтық. Жолда кездескен бір полковниктен жөн сұрасам, 76-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының штабы жақын, Ивановка деген селода екен. Мен қуанып кеттім. Адам деген қызық қой! Қанды майдан болса да, адам қанша ажал құшып, не жарадар болып жатса да, өзің қызмет атқарып жүрген дивизия, полк, батареяң бір ежелгі мекенжайыңдай жылы көрінеді екен.

Жөн сұрай отырып, енді бір-екі сағатта Ивановкаға да жеттік.

Бұл өзі, шын мәнінде, поляктың селосы екен. Шеткі кездескен капитаннан штабты сұрағанда, ол маған қарап:

— Саған штаб керек пе, әлде Кирсановтың пәтері керек пе? — деді ойланбастан. Мен:

— Кирсановтың пәтері керек, — дедім. Сол арада біраз жол-жөнекей сыралғы болып қалған жолдастармен қимай қоштастым. Катя:

— Сіз жақсы жігітсіз, — деді. — Бірақ батырлық, жігіттік мінезіңізді көрсетпедіңіз!..

Сол тұста шофер машинасын қозғап, жөнеле берді.

Жүгіре басып Кирсанов тұратын көк шатырлы үйге жеттім. Генерал үй жанында бір поляк шалымен әңгімелесіп отыр екен. Мен әскери тәртіп бойынша, дивизия командиріне өзімнің орындап келген тапсырмамды баяндадым. Кирсанов әкелік сезіммен рахметін айтты.

Шал мен екеуінің әңгімесіне құлақ салсам, поляк орысша-полякша араластыра жолды көрсетіп, қалың көшті нұсқап, «мына жолда Россияның барлығы көшіп бара ма, әлде жартысы ма?» — деп сұрап отыр екен. Генерал оған:

— Фашистермен соғысып жүрген бірнеше бөлімдер ғой. Барлық Россия қайдан көшіп жүрсін! — деп жауап берді. Мені нұсқап: — Мына аға лейтенант Қизатов жолдас — дивизиямыздың офицерлерінің бірі. Совет Одағының Батыры, құрметті жауынгер. ССРО-ның оп бес республикасының біреуі — Қазақстан. Бұл азаматтың ұлты қазақ. Бұлардың елдері Орал тауының ар жағында, Сібір мен Орта Азияның шектесіп жатқан жеріндегі үлкен байтақ та, бай өлке. Бұлар орыс жауынгерлерінен кем соғыспайды. Мысалы, Москваны қорғаған, әлем білмеген ерлік көрсеткен 8-ші гвардиялық генерал Панфилов атындағы дивизия қазақстандықтардан, қазақтардан құралған. Әсіресе, жиырма сегіз жауынгердің фашистердің көк темірмен құрсанған қалың әскеріне жол бермей, өздерінің қаруларының аздығына қарамай, көптеген танкілерді жандырып жібергені, немістердің шабуылын тоқтатуы: «Біз өлерміз, бірақ артымызда Москва, шегінуге жол жоқ!» деген ұрандары әлемге әйгі болды. Олар Отан үшін Москваны қорғауда жас жандарын қиды, бірақ шегінген жоқ. Ал енді, Сталинград түбінде көрсеткен қазақстандықтардың ерліктері қандай десеңші! Мамай қорғаны, Павловты қорғағандардың көпшілігі қазақстандықтар болатын.

Генерал поляк шалына қайта қарады:

— Ал енді біздің дивизияның тарихына үңілсек, 1941 жылы бірінші Батыр қала атанған Одесса қаласын қорғауда ерлік көрсеткен дивизияның жауынгерлерінің біразы қазақ жігіттері еді. Олар аянбай, жан қиярлықпен керемет ерліктер көрсетті. Қанша немістердің қысымына іліксе де, тұтқынға берілмеді. Дивизияның жауынгерлерінің ұраны: «Тұтқынға берілгеннен өлген

артық!» деген сөздер еді. Сол көптеген қазақ балаларынан қазір саусақпен санарлықтай-ақ қалды. Екі қазақ Батыр атағын алды. Бірі — атышулы «Темірдей Тоғыздық» командирі Ақан Құрманов, екіншісі — мына тұрған Жәлел Қизатов. Бұл тірі, көріп тұрсыз, ал Ақан Днепрден өткенде орасан ерлік көрсетіп, қаза тапты. Бұлардың елінде кен байлығы, азық-түлік өте мол. Мысалы, қазір жауға атылып жатқан Совет армиясының снарядтары мен патрондарының көпшілігі сол Қазақстанда шығады. Азық-түлік, киім-кешекті қазақстандықтар өздерінің аш-жалаңаштықтарына қарамай, майданға жөнелтуде. Патша отарлы елдерді әбден қорлаған ғой. Мысалы, қазақтарға қару бермеген, сенбеген. Окоп қазуға, тылдағы жұмысқа пайдаланған. Бұл, әрине, барып тұрған қорлық. Қазақтар оған көнген жоқ. 1916 жылы Аманкелді Иманов батыр бастаған үлкен көтеріліске шықты.

Генерал осы сөздерді айтып болғанда, Елена Петровна да сыртқа шықты. Мені бас салып құшақтап, бетімнен сүйіп:

— Аман-сау келдің бе? — деп аналық мейірім танытты.

Генерал поляктың шалымен біраз әңгімелескен соң, мен өзіміздің 154-ші Қызыл Тулы гвардия полкы тұратын орынды сұрап алып, құрметті командиріміз Александр Васильевич Кирсановпен, оның жұбайы, бізге анамыздай болып кеткен Елена Петровнамен және поляк шалымен қоштасып, майдан шебіне жүріп кеттім.

ПОЛЬША ЖЕРІНДЕ

Поляк жері жанаттай сұлу. Гүлденіп тұратын шалғынды, орманды өлке екен. Негізінен шаруалар, 4-5 үйден қауымдасып қоныстанған. Олардың осындай қыстақтарында тұратын ауқаттыларын «пан» дейді. Өзгелері сол панның шаруасын атқаратын қызметкерлері мен жұмысшылары. «Пан» деп неге айтатындарын біз алғашқы кезде түсінбей жүрдік. «Пан офицер, пан солдат»деп атап жатады...

Мен осындай бір жерге орналасқан, өзім қызмет атқаратын 4-батареяға келдім. Жігіттер мені қарсы алып, құшақтасып амандасты. Батареяда біраз өзгерістер

бар екен. Капитан Гридин Дмитрий Алексеевич 2-дивизионның штаб бастығы болып тағайындалыпты. Оның орнына біздің батареяның 1-взвод командирі, капитан Серафим Чернышев тағайындалыпты. Ол маған:

— Келгенің жақсы болды! — деп майданның, біздің 76-гвардия атқыштар дивизиясының алдында тұрған міндеттерді тәптіштеп түсіндіре бастады. Чернышевтің айтуы бойынша, Бірінші Белорусс майданы қазіргі уақытта Висла өзенінен шабуылмен өтуге дайындалып жатыр.

— Бірақ, — деді Чернышев, — майданның жалпы жағдайы ауыр. Днепрден өткеннен бергі үздіксіз шабуылдарда көптеген офицерлер мен солдаттар қаза тапты. Жаралы болғандары қаншама! Олардың орны әлі де толтырылған жоқ. Майданның тылы да алдыңғы шепте өте ұзақта қалып қойды. Қазіргі уақытта ататын оқ, гранат, снаряд, миналар көп жетіспейді. Азық-түліктен де кем-тарлық бар. Фашистер тонап кеткен поляк жерінен көмек жоқ деуге болады. Осы арадан Варшава бар-жоғы елу-ақ шақырым. Біздің дивизияның міндеті —Тлуш қаласын жаудан босату. Біздің екінші эшелонға шыққанымызға бүгін он күн болды. Ертең алдыңғы шепке жүреміз...

Капитан Серафим Чернышев ортадан төмен бойлы, шымыр денелі, сары өңді, өткір көк көзді, сөздерін маңыздана сөйлейтін адам болатын. Менен екі жас үлкендігі бар, екеуіміз қалжыңдасып, ойнай беретінбіз. Енді ол менің командирім. Батарея командирі болу — артиллеристер арасында ең жауапты міндет деп саналады. Жабық позициядан ататын да осы батарея командирі. Зеңбіректер взводтарын орналастырып, жаудан көрінбейтін етіп көзтасалау өте жауапты шаруа. Сол кездің өзінде бір снаряд — бір сиырдың құны деп есептелетін. Ал енді біздің Серафимді алсақ, жабық позициядан жауды атқылауды жақсы білмейтіні бізге анық болатын. Артынан естісем, капитан Чернышевті тағайындағанда, дивизион командованиесі Скубак Василий Степанович, Гридин Дмитрий Алексеевичтер бұрынғы біздің 4-батареяның командирлері Чернышевтің бұл жағын ескерген. Батареяда взвод командирі Қизатов жолдас бар. Ол үш жыл соғыста ылғи жабық позициядан атуды жақсы меңгерген азамат деп ұйғарыпты.

Сөйлесіп отырғанымызда кешкі тамақ та келді.

Батареяның старшинасы Василий Артюхов екі метрдей бойы бар ұзынтұра болатын. Қара өңді, оны мен «грек» деп атайтынмын. Екеуіміз әбден арамыздан қыл өтпестей дос болатынбыз. Ол кіріп келіп:

— Жәлел, келіп қалыпсың ғой, азаматым! — деп қол алысып амандасты. Батарея аспазшысын шақырып алып, тамақ, арақ әкелуді бұйырды. Өткенді еске алып өзіміздің қаза тапқан және жараланған жолдастар туралы ұзақ мәслихаттасып отырдық. Түннің біразы өткенде демалуға жаттық. Батарея командиріне арнап қазған блиндажға Серафим екеуміз жайғастық. Түні бойы дөңбекшіп ұйықтай алмадым. Ойыма келгені: Висла да Днепр сияқты үлкен өзен. Онан өту үшін Ақан батырдай керемет батыл жауынгерлер керек.

Ойыма Ақан түсті. 1943 жыл. Орталық Ресейдің ой мен қырында көкорай шалғыны жайнап шыққан гүл-бәйшешекті мамыр айында «Орыстың Орта ойпаты» деп аталатын Орел мен Курск маңайында өзіме арнап қазған блидаждың ішінде демалып жатқанмын. Аяғын тез-тез басып, менің жақсы жолдастарымның бірі, біздің 4-батареяның 2-взводының командирі, кіші лейтенант Василий Лунев кіріп келді. Майдандағылардың ұйқысы сергек болады, мен атып тұрдым. Василий қаққан қазықтай үн-түнсіз сілейіп тұр. Мен оған:

— Өзіңнің есің түзу ме?! Мына түн қараңғысында неғып жүрсің? Мына тұрысыңның бір себебі бар ғой, айт енді, кіші лейтенант! — дедім. Ол маған тура қарап:

— Мені құдай ұрды, қаруымнан айрылдым, — деді.

— Қалай? Қалай айрылып жүрсің?

— Мынау арада Ивановка дейтін село бар. Село деген аты ғана, фашистер қиратқан орны ғана жатыр. Сол селоның қасында бір шоқ терек бар еді. Кеше сонда Ивановканың аман қалған қыз-келіншектері, біздің полктың офицерлері мен сержанттары жиналып, өлеңі айтып, көңіл көтердік. Ептеп, ақ жорғаны да көргенбіз. Мен Шура дейтін бір қызбен түні бойы биледім. Жақсы демалдық. Қайтып келсем, менің пистолетім жоқ...

— Әй, сен не деп тұрсың өзі, жарқыным? Билеген қызыңның адресі бар ма?.. Сенің қаруың бұл жердегі адамдарға керек емес. Біздің әскерлер 1941 жылы шегінгенде, сосын кеше мына жау қашқанда олар әбден қару олжалаған... Жүр кеттік, есалаң! Сенің пистолетің, дәу де болса, бір бұтаның түбінде жатқан шы-

ғар, — деп блидаждан жүгіре шығып, Ивановкадағы шоқ терекке бет алдық. Жақындап келгенде менің көзіме теректің түбінде жылтырап жатқан пистолет бірден түсті. Мен Луневке:

— Оңбаған-ау, әне жатыр пистолетің. Құтылдың бар бәледен. Бар ал! — деп бұйыра сөйледім. Ол қаруын кабураға салып жатып:

— Лейтенант Қизатов, сіздің істеген жақсылығыңызды ұмытпаймын, екеуміз туысқандай болайық!— деді. Біз біраз сөйлесіп, оңды-солға қарап жүргенде, күннің көзі де шығып, сағат ертеңгі тоғыз болып қалыпты. Дәл қасымызда, аман қалған, уақытша астық сақтайтын қырман шетіне салынған қойма бар екен. Сол қойманың ішінен кенет аспандата шырқаған қазақтың әні естілді. Біржанның атақты «Жамбас сипары!» Енді бір сәтте «Ләйлім», сосын Ақан серінің «Көкжендет», «Алтыбасары», Үкілі Ыбырайдың «Ғәккуі», басқа да ел жақтың әндері бірінен соң бірі нәшіне келтіре шырқалғанда, мен есімнен таңғандай болдым. Менің өз айтқанымды өзіме енді Василий қайталады:

— Не есіңнен айырылып қалдың ба? Не болды саған? Ұстамалы қояншық ауруың бар ма еді? — деп өзіме дүрсе қоя берді.

Мен оған бұйыра сөйлеп:

— Жүр! — дедім.

«Қойманың ішінде Қазақстаннан келген әртістер концерт беріп жатыр, — деген ой келді. — Сұлу әндерді бұлай самғату жай адамның қолынан келмейді». Осы оймен жүгіре басып келем. Кіріп келсем әртіс түгіл, сайтан да жоқ. Бір взвод шамасы қатардағы солдаттар екен. Ортада орта бойлы, таңқы мұрын сержант тұр. Біз кіріп келгенде олар орындарынан ұшып тұрды. Сержанттың оң қол жағында 3-4 қараторы жігіт тұр екен. Бәрі қазақ өңділер. Мен:

— Ассалаумағалейкүм! — деп сәлем бергенде, олар келіп, қол алысып амандасты. Сержант өзін «Ақан Құрманов» деп таныстырды. Міне, мені осы түні бойы ұйықтатпай дөңбекшіткен — үш жыл қырғын шайқастарда жүргенде бірінші рет көрген сол қазақ балалары, олардың ішінде Днепрден бірге өткен атақты «Темірдей Тоғыздың» командирі, Совет Одағының Батыры, ержүрек қазақ халқының даңқты ұлының бірі Батыр Ақан болатын. Осыдан бір жылдан аса бұрын, қыркүйек айының 23-і күні қараңғы түнде Украинаның

Чернигов облысындағы Мыси селосына, жанымда екі жауынгер бар, Бондарев деген радист, Вялых дейтін барлаушы солдат тапсырмамен келіп, бір украин шалын тауып алып, қайық іздетіп, тас-түнек қараңғыда, шелектеп құйған жауын астында, жан назарына ілікпей, ені бір шақырымдай Днепрден бөгелместен өткенбіз. Өзеннен өткен мезгілде жарқ-жұрқ атылып жатқан оқтар, жарылып жатқан снаряд пен миналар — тастөбемізден ажал сеуіп тұр еді. Біз өзеннен өткен сәт естігеніміз — орыс сөздері болды. Дыбыс шыққан жаққа қарай еңбектей, ептелеп кеп, траншеяға түсе салсақ, Ақан бастаған сегіз жауынгер фашистерді өз орларынан қуып шығып, өлгенін өлтіріп, тірілерін қашырып, траншея мен жүз елу метрдей окоптарын басып алған екен. Мен Ақанға:

— Амансың ба, «генерал»! — дедім. Ақан жұлып алғандай:

— Менің міндетім бүгін генералдан да ауыр болды ғой деймін. Жаңа ғана бірнешеуін о дүниеге жіберіп, фашистердің біразын қуып шықтық. Мынау Арқаның үскірік боранына бергісіз қара жауын, түнерген түн. Немістер бізді келеді деп ойламаған болуы керек, аңдаусызда қатты ұрдық. Ал енді сен жақсы келдің, лейтенант жолдас!..

Қанша мықтымыз дегенмен, біздің қаруымыз жоқтың қасы. Бір пулемет, бір танк ататын қару, жеті автомат. Оның оқтары да аз. Түні бойы ұйықтамай, окоптарымызды тереңдетіп, әрқайсысымыз өз орындарымызды қамдадық. Мен сол кездегі аға лейтенант, батарея командирі Гридинге, дивизион командирі Василий Скубакқа өзіміздің жағдайды рация арқылы түгел айтып бердім. Немістердің таңға қарай шабуылға шығатынын, оларды тойтару үшін дивизион зеңбіректерінің қолдауын сұрап, мәлімдеме жасадым.

Ағарып таң да атты. Фашистер бірнеше танкімен ербеңдеген өңшең ұзын бойлы, жүзге тарта жаяулары бар, шабуылға шықты. Артынан қолға түскен немістерден сұрап білсек, бұл фашистердің «СС. Өлген бас» батальоны екен. Рация арқылы зеңбіректерге және катюшаларға хабарлап, өзіміздің төңірегімізге өз оғымызды сұрадық. Егер олар қолдамаса, бізді мына шабуыл күл-талқан етіп, Днепрге батырып жіберетіні анық еді. Хабар жетісімен біздің үстімізден зуылдаған снарядтар өтіп, фашистердің дәл ортасына барып жа-

рылып жатты. Бір мезгілде найзағайдай жарқылдап, катюшаның оқтары, дүние көшіп келе жатқандай фашистердің танкілері мен жауларының үстіне ажал болып сорғалады. Бұрқ етіп бір танкі жанды. Жаяу әскерлерінің өлгені өліп, тірілері жата-жата қалды.

Жау шегінді. Шегіне барып, қайта шабуылға шықты. Бұл шабуыл біздің позициямызды атқылаудан басталды. Тоғыз жауынгердің екеуі неміс снарядынан қаза тапты. Ақан сол қолынан жаралы болды. Бірақ бұл шабуылды да тойтардық.

Мен жанымызда тұрған маяның төбесіне шығып төңіректі бақылап, барлау салуға кірістім...

Осы тұста дыр еткен автомат дауысынан ойым үзілді. Не боп қалды деп траншеядан шыға келсем, Кузьма Вялых:

— Жатыңыз, жолдас аға лейтенант! Немістер келіп қалды, — деп айқай салды. Серафим де боқтанып, «иттер ұйқы бермеді-ау» деп жүгіріп шықты. Кузьма маған:

— Әне, әне! Екеуі біздің траншеяның түбінде жатыр. Жаңа атып түсірдім. Үшеуі тірі жатыр, әне, — деп қолын сілтеді. Екінші траншеядан взводтың бес-алты солдаты мен сержанты шыққанда, мен ракетаны жұлып алып аспанға аттым. Айнала жап-жарық болды. Сөйткенше болмай, біздің Болдырев, Хомуха, Фатих Мухамадиев, сержант Иванов және басқалары, «Қолдарыңды көтер!» деп ақыра секіріп келіп, тірі қалған үш немістің үстеріне мініп, екі қолдарын арттарына қайырып, байлап жатыр екен. Батарея командирі Чернышев:

— Енеңді ұрайындар, сендерге не керек?— деп олардың қасына барды. Мен оған:

— Жолдас аға лейтенант, бұлар тіл іздеп жүрген немістің барлаушылары ғой. Алдыңғы шептен байқаусыз өтіп ,біздің блиндажымызды көріп, бір үлкен штаб деп ойлаған. Оны біздің жауынгер қырағы Кузьма байқап қалып, екеуін сұлатып түсіріп, үшеуін жер бауырлатқан. Міне, сөйтіп қолға түсті. Ішімізде неміс тілін білетіндер жоқ. Тез хабарлайық: полктың не дивизияның штабына жөнелту керек!

Сондай ұйғарымға келіп, қолдарын арттарына байлап, темірмен құрсаулап, полктың штабына айдап жібердік. Артынан білсек, екеуін жынды Вялых жолда атып тастапты. «Тілге осы да жарайды» деп, біреуін алып барыпты. Мен артынан:

— Мұның қалай, Кузьма? — десем, — Әй осы иттердің біреуі де жетеді ғой дедім, — дейді.

Ертеңіне мен бұйрық алып, «бідзің дивизияның 237-гвардия атқыштар полкі мен 239-полктің арасы ашық қалды» деген хабармен барлауға шықтым. Қасымда екі жауынгер — Вялых пен Болдырев.

Құрметті оқырмандар, мен түндегі ойымды үзіп алдым. Ақан батырдың не болғанын айтпай кетуге болмайды. Мен еңбектеп, өлдім-талдым дегенде көздеулі маяға жеттім. Бұған қалай шығамын деп, жанжағыма қарасам, сонадай жерде кескен терек жатыр екен. Маяға әкеп, соны сүйеп, төбесіне көтерілдім. Өзіме қуыстан орын ыңғайлап, бинокльмен жау жағын шолдым. Бір жерде бір пулемет ұясы, ойпандау тұста зеңбіректер батареясы көрінеді. Гомель жақтан толып жатқан машиналар мен танкілер, жаяу әскерлер тас жолды бойлап қаптап келеді екен. Бәрін картаға түсіріп, координатын анықтап, өзіміздің позицияға оралсам, үстінде бір тамтық сау жері жоқ, денесі қан-қан, тура тиген жармақ Ақан батырға ажал боп жеткен екен. Күн де ұясына батып бара жатты. Мен Ақанды құшақтап, зар еңіреп жыладым. Амал нешік, сұм соғыс кімді аяп қалды?

Артымыздан «уралаған» біздің көп әскердің үні естілді. Мен берген координат бойынша фашистердің жасырын пулемет ұялары, батареяларын талқан етіпті. Жарқылдап катюша оқтары жарылып жатыр. Үстімізде аспандатқан жүздеген біздің қырандар немістердің позицияларын бомбылауға ұшып бара жатыр.

Біздер Ақанды Мыси қаласына жерлеуге жөнелттік. 1944 жылғы 15-қаңтарда ССРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Указымен «Днепрден шайқаспен өткенде көрсеткен ерен ерлігі үшін» қаза тапқаннан кейін Ақан Құрмановқа Совет Одағының Батыры атағы берілді. 1973 жылы мен Чернигов облысының Мыси қаласына барып, Ақан ескерткішіне басымды идім. Қара мәрмәрдан жасалған белгісіне «Бұл жерде қазақ халқының ержүрек Батыр ұлы, Совет Одағының Батыры Ақан Құрманов жерленген» деп жазылған екен. Мен:

— Топырағың торқа болсын, ардақты арыстаным! Сенің атағын мен ерлік өліміңді елге жеткізермін! — деп серт бердім.

Он жыл жазып, «Батыр Ақан» поэмасын бітіріп, облыстық газеттерде, үнтаспаларда жаздырдым. Ақан ту-

ған Ақмола облысы, Атбасар ауданы, «Қосбармақ» ауылына бардым. Туыстарына, ауылдастарына, жерлестеріне Ақанның керемет ерлігін баян еттім. Енді соғысқа оралайық.

* * *

Соғыс қызу жүріп жатқан кез. Біздің дивизияның алдына қойылған ең үлкен міндет — Тлуш қаласын фашистерден босату. Бірақ біздің қарсыласымыз немістің таңдамалы әскери құрамасынан құралған, көптеген танкі, өзі жүретін зеңбіректермен қаруланған еді. Дивизияның шабуылдарын тойтара берді.

Бұйрық бойынша белгілі болған жай—239, 237-гвардия полктарының шекарасы ашық қалған. Соны жабу үшін түнделетіп біздің батареяның зеңбіректерін апарып қою керек. Күндіз барлау салуға ашық қалған тұсты бақылап, зеңбіректер орналасар жерлерді белгілеу маған міндеттелді.

Қасыма төрт жауынгер алып, біздің екінші эшелоннан бес шақырымдай жердегі 237-полктың бірінші батальонына барып сөйлесуге жүріп келеміз. Алдыңғы шепке бір шақырымдай қалғанда еңбектеуге, бір жүгіріп, бір тоқтауға, жасырынуға тура келді.

237-полктың бірінші батальонының командирі майор Сидоренко екен. Ол кісі картадан қарап, бізге әбден ұғындырды. Алдыңғы шепке еңбектеп жету үшін қатардағы солдаттар Болдырев пен Хомуханы ертіп, көздеген жерге жеттік. Олай-бұлай қарап, шамаласақ, екі полктың шекарасындағы ашық жер үш шақырымдай екен. Демек, бір зеңбірек пен келесі зеңбірек арасы 800 метрдей болуы керек. Зеңбіректер алдында 300 метрдей жерде біздің взводтың мен бастаған барлаушы, байланыс бөлімдері орын алып, жаудың жаяу әскеріне тойтарыс беруі керек. Сонымен, біз 2-3 сағат шамасында жаудың алдыңғы шебінде көптеген танкілер мен өзі жүретін зеңбіректерді көрдік. Олардың шабуылға дайындалып жатқаны белгілі болды.

Біз батарея тұрған жерге қайта оралдық. Менің капитан Чернышевқа: «Шабуыл танкілерден басталады. Сондықтан оларды жандыратын броньді снарядтарды көп алуымыз керек»,— дедім: Ол: «Жақсы, мақұл!»»— деп келісті.

Күн кешкіріп, қас қарайғанда зеңбіректерді жолға шығардық. Мен компасқа қарап белгілеген азимут-

тармен ақырындап жылжи бастадық. Жаудың алдыңғы шебі біздің маневрді, әрине, білмеуі керек. Бір жаманы — біздің зеңбірек тартатын аттарымыз пысқырынып, сездіріп қоймаса екен деп қатты алаңдадық. Екі сағаттың ішінде алдыңғы шепке де жеттік. Бірінші зеңбіректің жанында капитан Чернышев, екінші зеңбіректе капитан Лосинский, үшіншісінде — аға лейтенант Толмачев, төртіншіде — Лунев қалды. Олардың арасына байланыс сымын тартып, бір-бірімен жалғастырдық. Қандай снарядпен ату жөнінде команда батарея командирінің шешімімен берілетін болды. Мен сегіз жауынгермен зеңбіректердің алдында, 300 метрдей жерде орналастым. Тездетіп, белуардан окоп қаздық. Оларды жасырдық. Көз таса етіп бұтақ, шөп қададық.

Таң да атты. Дүрбімен қарап, барлау салсам, үш «пантері», бірнеше жеңіл танкілеріне жаяу әскерлерін мінгізіп, немістер шабуылға дайындалып жатыр екен. Олар да екі полктың ашық қалған тұсын біліп көздеген. Тура біздің жатқан позициямызға қарай қаптап келеді.

Мен Чернышевқа хабар бердім. Ол да: «Көріп тұрмын. Сабыр. Әбден жақындатпай, атпайық!» деп өз кесімін айтты.

Танкілер жақындап қалды. Біздің жігіттер дайындалып, олардың үстіне жабысқан жаяуларын атуға қамданып жатыр. Мен: «Атпаңдар, команда болмай» деп оларды басумен болдым.

Танкілер мен өздері жүретін зеңбіректер біздің оң жағымыздан бес жүз метрдей қиыстап өтуге айналды. Кенет бірінші «пантерадан» от бұрқ ете түсті.

— Болды қызық! — деді қасымда жатқан Вялых.

— Қызығың не, антұрған? Біз бәріміз осы арада не өліп, не шабуылды тойтарамыз. Бұл қызық емес! — дедім мен оған зекіп. Кузьма әдетінше ыржалақтай күле сөйлеп:

— Жай бір айтқан қаңғыбас сөз ғой, жолдас лейтенант, — деді. Мен:

— Құр сөзді қой! Автоматты дайындайық, біздің де кезек келіп қалды, — дегенімше болған жоқ, екінші «пантерадан» да от бұрқ ете түсті. Өзі жүретін екі зеңбіректің экипажы шыға келіп, бізге қарай тұра қашты. Барлығы 6 неміс екен. Оларды жүз метрдей жақындатып алып, автоматпен жусатып алдық. Қалған екі

«пантера» мен жеңіл танкілер кейін бұрылып зыта жөнелді.

Бір-екі сағат өткесін, қасына ерткен әскері бар екі «тигр» және жеңіл танкілер біздің алдымыздан қайта шыға келді:

— Міне, келді бізге кезек!— дедім мен.— Бірдебірің атушы болмаңдар! Танкілер өтіп кетсін. Жаяу әскерін олардан бөліп алып қалайық!..

Сол екі арада танкілер де жетіп келді. Біздің окоптарымызды баса-көктеп өтіп бара жатқан танкілердің алдыңғысын туралап атқан біздің үшінші зеңбірек қақ маңдайдан тигізді. «Тигр» шырқ айналып тұрып қалды. Біз жаяуларына автоматтан оқ жаудырып, сай-сайға бұқтырып қайта қашуға мәжбүр еттік. Екінші «тигр» ары беттеуге беті жоқтай, біздің сол жағымызды ала шегінді. Қіші танкілері топ бастар арлан қасқырға ерген бөлтіріктердей — олар да шегініп, бұқпантайлағандай қашып барады. Біздің зеңбірекшілер оларды қуа атып, тағы екі «бөлтірікті» жер қаптырды.

Күн кешке айналды. Жаудың беті қатты қайтып қалғандай. Телефон арқылы біздің батареяға командирлеріміз алғыс айтып жатты.

Кеш түсе біздің орнымызға басқа дивизияның полкі келіп орналасты. Бұлар, 239-полк, 327-полк жауынгерлері біздің 234-полктің маңына орналасуға бұйрық алыпты. Жаңа келген полкті қолдауға берілген көптеген біздің Т-34 маркалы танкілер, зеңбіректер, катюшалар қарамы молдау көрінді. Біздің алған бұйрығымыз: 234-гвардия Қызыл Тулы атқыштар полкінің, 2-батальонын қолдау еді.

Мен қасыма Кузьма Вялых пен Иван Хомухоны ертіп, батальонның штабын іздеуге жүріп кеттім. Таң ағара әбден шаршап, қалжырап, екі күндей ұйықтамаған, тамақ та ішпей ашыққан біз батальон штабын зорға дегенде таптық. Біз келсек, штаб тола батальонды қолдаушы бөлімдерден келген офицерлер отыр екен.

Батальон командирі, Совет Одағының Батыры капитан Хромых маған бұрыннан жақсы таныс, жолдас. Талай шайқастарда бірге болғанбыз. Жылы шырайлы амандасып: «Төрлет, аға лейтенант!» — деді. Мен жақын келіп, барлық болған жағдайды, шаршағанымызды баяндадым. Хромых маған:

— Ой ерлер, жарайсыңдар! Сендер болмағанда,

біз коршауда қалатын едік, — деді. — Анау біздің көршілі блиндажда менің адъютантым, ординарецім бар. Соларға «мен жіберді» деп айтыңыздар... Саспа, аға лейтенант, енді Тлуш қаласы біздің қалтамызда!..

Көптеген алдағы шабуылға бізбен бірге шығатын әскер, танк, катюшалар жайын айта келіп, Хромых:

— Ертең таңертең, сағат бесте артиллерия дайындығы басталады. Сонан кейін жаудың алдыңғы шебін біздің ұшқыштар бомбылайды. Сендер өз батареяңа байланыс сымын тартып, шабуылға дайындалу жайын жеткізіңіз, — деді. Картасын алып:

— Мына Ясеница селосын атқыландар! Немістер бастарын көтере алмай қалсын, — деді.

Біз Хромых айтқан блиндажға келіп, тамақтандық. Сөйтіп, үшінші түн ұйықтамайтын болдық. Өзіміздің зеңбіректер тұрған жерді іздеп жүріп кеттік. Капитан Чернышевті тауып алып, барлық жағдайды мәлім еттім. Хомуха, Болдырев екеуін батальон штабына сым тартуға бұйрық беріп жөнелттік.

Сөйлесіп отырып, мен ұйықтап кетіппін. Чернышев мені түртіп оятқанда, таң ағарып атып келеді екен. «Кеттік!» — деп бұйрық берді.

Жүгіріп отырып, батальонның штабына келдік. Бізге дайындаған блиндажға кірместен, Хромыхқа барсақ, ол кісі күйіп-пісіп жүр екен.

— Не болды сізге, жолдас капитан? — деген бізге: — Полктың штабымен байланыс үзіліп қалды. Әйтеуір өзіміз біліп, шабуылға шыға береміз де... — деп Чернышевқа қарады.

Сағат таңғы бесте жер-көк күңіреніп, жаудың позициясын атқылау басталды. Біздің батарея Ясеницаны нысанаға алды. Аспанда қаптаған біздің самолеттер: «ИЛ»-дер, «МИГ»-тер, «ЛАГ»-тардан әуе көрінбейді десе де болғандай. Бір уақта «уралап» біздің жаяу әскерлер көтерілді. Батальон парторгы Солодовников, сол кезде жасы 40-тан асып кеткен, оны полк жауынгерлері «Батько» деп атайтын, сол «Еріндер маған, балаларым!» — деп бірінші көтеріліп, «уралап» жау позициясына қарай тура ұмтылды. Біздің дивизияның алдындағы — әбден қатты бекінген СС құрамалары және власовшылар екен. Олар қайсарланып, біздің шабуылымызға қарсы шабуылға көтерілді. Біздің әскердің шабуылы кідіріспен қалды. Жауынгерлер қайтадан өз позицияларына шегінді. Шығын да жоқ емес сияқты.

Фашистер де біздің танкілердің біразын жандырып үлгерді.

Күні бойы қайта-қайта екі жақтың әскерлері кезек-кезек нәтижесіз шабуылға шығумен болды. Біздің 76 Чернигов атындағы Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының командирі генерал-майор Александр Васильевич Кирсанов: «Шабуыл тоқталсын!» — деген бұйрық берді бір кезде. Сірә, шығынға ұшырай берудің жөні жоқ деп тапса керек.

Біздің көніліміз әбден басылып қалды. Бізге де, Хромыхқа да тамақ келді. Бәріміз бірлесе отырып, ауқаттанып, жағдайды сөз қылып отырғанда, капитан Хромых бұйрық алды: «Шабуылды түнде, жасырын түрде бастап, Ясеница селосын басып алу керек».

Түн қараңғы түндігін жапты. Немістер ракета атқылап, қанша жарық жақса да, біздің дивизияның жауынгерлері дыбыссыз жақындап кеп, фашистер мен власовшыларды тұтқиылдан басты. Жүздегенін жер жастандырып, селоның батыс жағынан окоп қазып әбден орнығып алды. Біздің батарея жігіттері Хромыхтың штабының қасынан, селодан тым алыс емес бір биіктеу жерден жау шебін бақылайтын пунктке орын сайлады.

Ертеңіне жау әскерлері көптеген танкілерінің қолдауымен Ясеницаны қайта басып алуға әрекет жасаған болып еді, оларды катюша миналарымен қаруланған біздің «ИЛ»-дер жермен-жексен етіп, тас төбеден ұрды.

Біздің бомба тастайтын самолеттеріміз әбден көбейді. Олар немістердің алдыңғы позициялары мен тыл жағын бомбылаған соң, жау тағы шегінуге мәжбүр болды.

Қыркүйек айының соңғы күндерінде біздің әскери құрамалар тура Тлуш қаласына шабуылға шықты. Осы ұрыстардың бір күнінде мені полк командирі Михаил Меерсон шақырып жатыр деген хабар алдым. Мен алдыңғы шептен жасырынып шығып, полк штабына келдім. Полк командирінің шақырғанын адъютантына баян еттім. «Көп ұзамай келсін!» — депті полк командирі подполковник Меерсон жолдас.

Мен әскери тәртіппен:

— Сіздің бұйрығыңызбен аға лейтенант Қизатов келіп тұр! — деп баяндадым. Ол қолымды алып:

— Сен өзі мені қуып жетуге жақынсың ғой, аға лейтенант болып қалыпсың. Кеудең тола награда. Батырсың! — деп жылы шыраймен қабылдады.

— Рахмет, айтқаныңызға! — дедім. Менің сезгенім: соғыстан бұрын, 1940 жылы мен әскери міндетімді атқарып жүргенде Меерсон жолдас 2-дивизионның командирі болатын. Бұл кісі қара шаш, қара қасты, қоңыр өңді азия халқына ұқсайтын адам еді. Ұлты еврей. Ол кездегі атағы капитан. Еңгезердей денелі, мінезі темірдей қатты деп еститінбіз. Бұл адам туралы солдаттар арасында неше түрлі анекдоттар бар болатын. Соның бірі: 1942 жылы, біз Қырымда қорғаныста тұрғанда, біздің көршілес 44-армия өңшең кавказдықтардан құралған еді. Плащ-палаткасын жамылып, түзде отырған Меерсонға екі әзірбайжан жігіті келіп, мұны да сол кавказдық деп ойласа керек: «Неғып отырсың, Елдаш?» — деп түрте беріпті. Әбден ызаланған Меерсон түзге отырып болып, үстіндегі плащты лақтырып жіберіп, — ол кездегі атағы майор, Қызыл Ту орденімен наградталған, мұндай жауынгерлер аз болатын, — «Атаңнын аузын ұрайындар, енді мені үлкен дәретке де шығармайтын болдындар ма?» — деп, пистолетін жұлып алыпты. Әзірбайжандықтар жалынып-жалпайып, кешірім сұрап әзер құтылыпты дейді. Бұл кісі туралы осындай толып жатқан қызық әңгімелер бар болатын.

— Қизатов жолдас, сізді генерал Кирсанов шақырып жатыр. Шамасы бір жаққа, ұзақ жолға жұмсауы мүмкін. Абыройлы атқарып келуіңізге тілектеспін! — деп орнынан тұрды.

Мен полк командирімен құшақтасып қоштасып, алдыңғы шептен 8 километр жерде тұратын дивизия штабына келдім.

Штаб дегеніміз — бір селоның төрт бөлмелі үйінде орналасқан, қасында қабырғасын тақтаймен шегелеген блиндажы бар орын екен. Мен генералдың адъютантына жолығып, келгенімді мәлім еттім. Ішке кірсем, генерал, қасында жұбайы Елена Петровна жайбарақат отыр екен.

Мен әскери тәртіппен келгенімді баяндадым. Александр Васильевич:

— Сізді еліңізге демалысқа жібергелі отырмыз. Құттықтаймын! — деп қолымды алды. Елена Петровна да мені құшақтап:

—Бар, бар! Сен қиқарлыққа салынба! — деп ескертті.

ЕЛГЕ САПАР

Сол күні-ақ дивизия штабынан 45 күнге демалысқа шығып, өзім туған Солтүстік Қазақстан облысына баратын боп бұйрық алдым.

Далаға шығып, бірінші кездескен машинаға отырып, Бірінші Белорусс майданының штабына тартып кеттім. Жолай кездескен бір лейтенанттан штабтың комендантын сұрап, көздеген жеріме жетсем, іште бір жүзі таныс адам отыр. Ол сонау Ақжардағы Ленин ауыл шаруашылығы техникумында бірге оқыған Иван Прокопенко болып шықты. Капитан шенінде. Мен аузыма сөз түспей қалшиып тұрып қалдым. Ойыма 1936-40 жылдар аралығындағы сол бір бозбала күндер түсті.

Прокопенко оқуға жетім балалар үйінен келген. Жаздыкүні басқа студенттер демалысқа үйлеріне кеткенде, мұның баратын туыстары жоқ, Оспан дейтін техникум жұмысшысының қасында қалатын. Бұл кісі өзгеше бір қызық адам болатын. Прокопенконың қазақша бірсыдырғы тәуір сөйлейтіні бар еді...

Мен жанына жақындай бергенде, ол да ұшып тұрып, екеуміз құшақтаса кеттік. Орта бойлы, ақсары өңді, бетінде шешектен қалған дағы бар. Оқып жүргенде сонша аккөңіл болатын, сол мінезі қазір де қалмапты. Менің қолымды қысып:

— Құттықтаймын, Жәлел, Жұлдызыңмен! — деп туған бауырымдай қуанып, бетімнен сүйіп жатыр. Техникумда оқып жүргенде де екеуміз өте тату дос болатынбыз.

Амандасып, құшақтасып, мауқымызды басқан сон:

— Ал қайдан келесің? — деді капитан Прокопенко. Мен барлық жайды түгел баяндап бердім. Ол маған: «Өте жақсы болған. Біз оқыған техникумға да барасың ғой. Барлығына сәлем айт! Әсіресе, Оспан атай мен Күләш анамызға!.. Олар маған оқу жылдарында өз

әке-шешемдей болып, үлкен қамқорлық жасады ғой. Сен мұны жақсы білесің ғой?» — деді. «Білемін», — дедім.

— Сен бір-екі күн осында болып кет! — деді сосын маған тура қарап. — Соғыста да махаббат болады екен — мен үйлендім, Жәлел... 1943 жылы Орел — Курск имегіндегі қанды шайқас есінде ғой. Батальон ротасының командирі едім. Жарақат алып, госпитальге түстім. Сонан соң осы қызметке тағайындалдым. Қазір, өзің көріп тұрғандай, майдан штабының комендантымын.

— Жақсы болған! Үлкен, жауапты қызмет. Құтты болсын, Ванюша! — дедім.

Екеуміз өткен-кеткенді еске түсіріп, әңгімелесіп отырғанымызда, аққұба өңді, орта бойлы жас әйел кіріп келді:

— Отыр, Ольга! — деді оған Прокопенко. Сосын маған бұрылды. — Менің жұбайым. Аты — Ольга. Медицина дәрігері. Қазіргі шені — майор.

Сосын Ольгаға қарап: — Менің танысым, жерлесім, туысым. Бірге оқығанбыз. Екеуіміз туған бауырлардаймыз. Оспан ақсақалдың үйінде асыр салып, ойнайтынбыз... Бүгін кездейсоқ кездесті. Енді біздің құрметті қонағымыз болады. Көріп тұрсың — батыр, абыройлы азамат... — деп бастырмалата сөйледі.

— Сізбен танысқаныма қуаныштымын! — деп түрегеліп Ольганың қолын алдым.

Иван жұбайына қарады:

— Сен барып, дайындық жасай бер. Бірер сағаттан соң Жәлел екеуіміз барамыз, — деді. Мен аңырып тұрып қалдым. «Өзі капитан, майорға бұйрық бергені қалай? Әйелі болғасын, енді қайтушы еді?!» деді тағы бір ойым.

— Мен асығыспын, Ваня. Елге тез жетуім керек, — дегенімде, Прокопенко қолын бір-ақ сілтеді: «Болды!».

Әйелі кеткесін, капитан қазақша сөзге көшті. Өткен-кеткен, басына түскен қиыншылықтарды тізбелеп айтып жатыр, мен тыңдап отырмын. 1938 жылы техникумды бітірген Иван Прокопенко (менен үш жас үлкен) қазіргі Көкшетау облысының бір совхозында зоотехник қызметін атқарыпты. Әскер қатарына соғыс басталғасын, 1941 жылдың қыркүйек айында шақырылып, май-

данға желтоқсанда араласыпты. Осының бәрін ол қазақ тілінде тігісін жатқыза айтып берді.

Прокопенконың бұл жатық сөзі мені кәдімгідей ойға қалдырды. Иван қазақша оқымаған. Ұлты — украин. Сонда да қазақ тілін ұмытпапты. Неткен зерек адам! Мен болсам, өзім қазақ, жеті жылдықты қазақша бітіргем, 1939 жылы әдеби конкурске жазған әңгімем бар, оған белгілі қазақ жазушысы Қапан Сатыбалдин өзінің жақсы бағасын берген, соның бәріне қарамастан қазір қазақ тілін кәдімгідей ұмытып қалғандаймын. Түс екеш түстің өзі орысша кіреді. Осы жаңа Прокопенкомен дұрыстап қазақша сөйлесе алмадым. Өзімнен өзім іштей қысылдым. Әрине, орысша білген жақсы, бірақ өзіңнің ана тіліңді ұмыту, туған тіліңмен таза сөйлесе білмеу неткен қорлық! Намысқа басып, Иванмен қазақша сөйлесіп жатырмын. Біраз отырып Прокопенконың үйіне келдік.

Үш бөлмелі кірпіш үй. Ауланың ішінде қой және тауық қоралары бар екен. Екеуіміз қазақша сөйлескен беті, үйге кіріп келдік.

Прокопенконың әйелі, жанында өрімдей сұлу, аққудың көгілдіріндей жас қыз дастархан қамымен жүр екен. Стол үстін неше түрлі тағамға толтырып қойыпты. Тізбектелген арақ-шарап шөлмектері көрінеді. Иә, штаб комендантының қолында не жоқ дейсің! Баршылық. Көк жолақ жібек халат киіп, белін қынай буған, аяғында жеңіл кебісі бар Ольгаға осы сәні қатты жарасып тұр. Жанындағы жас қызды капитан: «Александра Михайловна», — деп таныстырды. Ол да дәрігер екен. «Бүгін жұмысқа бармайсыңдар. Менің інім келді, қуанышыма ортақ боласыңдар!» — деп кесіп айтты.

— Ваня, мен асығыспын ғой, — дедім.

— Қайда кетпексіз? Мұндай кездесулер өмірде аз болады, — деп Ольга сөзге қосылды. — Мен Москвада туып-өстім. Бірге оқып, бірге өскен бір адамды кездестіре алмай-ақ қойдым!..

Күйеуіне наздана қарады:

— Ал капитан жолдас, үйіне келген Батыр ініңді кідіртіп көр!..

Бәріміз күлкі-әзілмен тамақтануға кірістік. Иван екі әйелге бокал толтыра шампан құйып, өзі мен маған: «Офицерлердің ішетіні осы болады!» — деп «Абрао — Дюсе» заводында жасалған коньяк құйды.

— Қазіргі уақытта қайда кездессек те, — деді капи-

тан, — «Барлығы жеңіс үшін!» демей ме? Ал осы тосты біз де жеңіс үшін көтерейік! Соғыс тез бітсін! Бәріміз де Жәлелге ұқсап, өз елімізге аман-сау оралайық!— деп орнынан тұрды. Өзі бірінші болып стақан толы коньякті ішіп жіберді. Екі әйел де тартынған жоқ. Мен: «жол адамымын ғой», — деп қипақтап едім, оған болатын Ваня жоқ: «Ішіп қой да, ішіп қойға» басты. Мен де алып қойдым. Тамақтандық. Қуырған тауық еті, судан жаңа алып шыққан балық, неше түрлі көкөніс... Ежелден таныс достармен бірге отырғандай емін-еркін отырмыз. Екінші сөз кезегі маған берілді. Мен:

— Өзімді бақыттымын деп санаймын. Бақыттылықтың бір белгісі осы — бір кездері өз ағамдай болған жерлесім, досым Ванямен кездесіп отырмын, — Ольгаға қарадым. — Сіз мынау Ваняның жұбайы болғандықтан, бізге жеңгей боласыз. Қазақта сондай дәстүр бар. Жеңгесімен көп сырлас, әзіл-ойындары бірге болады...

Осы тұста Ольга қосарлана сөйлеп кетті:

— Мен Қазақстанға барғым келеді. Соғыс біткесін Иван сол жақтағы бір совхозда зоотехник болса, мен сол ауылда дәрігер болар едім. Барлығын да көруге дайынмын!— деді. Мен оған қатты риза болдым.

— Сіздер үшін, сіздердің денсаулықтарыңыз үшін! Ұзақ өмір сүріп, бақытты болуларыңызға шын жүректен тілектеспін! — деп алып қойдым. Олар да мені түгелімен қолдады. Мұнан кейін Ольга сөйледі. Сосын Александра тілек айтты. Біраз ішіп-жеп, әбден көңілдендік.

Иван екеуіміз сыртқа шықтық. Қораның ішінде кең отырып, қазақша сөйлестік, талай әңгіменің басын шалдық. Біраз отырғасын мен оған анық жалындым:

—Мені босат! Бір машина тауып, Киевке жеткізіп сал! Елге баруға әбден ынтықпын.

— Жарайды! — деді Прокопенко. — Бірақ қазір күн кеш боп қалды. Бір шоферге ескертіп қойып, ертең ертемен жүріп кет, Жәлел.

— Жақсы! — деп мен оның қолын алдым.

Үйге қайта кірдік. Дастархан мәзірі бұрынғы тағамдардан тазарған. Олардың орнына буы бұрқыраған шай келіп тұр.

Ішке кірісімен, Прокопенко жұбайына қарап:

— Аға лейтенант екеуіміз көршінің моншасына түсіп келейік. Сіздер Жәлелдің жолазығын, киетін киім-кешектерін дайындап қойындар! — деп тапсырды.

Монша 3-4 адам түсетін шағын, үй иесі поляк екен. Біз барғасын, қасында 15 жасар шамасында немересі бар поляк шалы «Пани, пани!» — деп жік-жаппар болды да қалды. Бес жылдай үй моншасын көрмеген маған мына жай қатты әсер етті. Бірер сағат моншада шабынып, жуынып, Иванның берген таза көйлек-дамбалын киіп, манағы ішкен арақтың қайда кеткенін білмей, тазарып шықтық. Капитанның үйіне қайтып келдік. Тағы да алдымызға тамақ тартылды. Орыстардың бұрынғы әдеттері бойынша, моншадан шыққасын «кедей болсаң да, моншадан соң бір стақан арақ тарт!» деген қағидамен, тағы ептеп, коньяк емес, арақ іштік.

Прокопенконың үйінде демалып, әйелдер дайындаған бірсыпыра дәмнен алып және Ольганың маған берген сыйлығы, денеме шап-шақ, шолақ былғары шапанды алып, үй иелеріне зор алғысымды айтып, қол алысып, майдан штабынан Киевке баратын жүк машинасымен ертелетіп жүріп кеттім. Сонан күні бойы жүріп отырып, кештете Киев қаласына жеттік. Қаланың қай көшесіне қарасаң да қызу еңбек үстіндегі адамдар, қайнаған жұмыс. Фашистер қиратып кеткен үйлер, заводтар, көшелер түгелдей қайтадан қалпына келтіріліп жатыр.

Станцияға келсек, Киев — Москва бағытындағы поезд жүргелі тұр екен. Мен шофермен қоштасып, офицерлерге арналған 7-нөмірлі вагонға келіп орналастым.

Купеде екі лейтенант, бір полковник бар екен. Олар да кеуделері толған орден мен медальдар, алдыңғы шептен келе жатқан жауынгерлер көрінеді. Вагонға мен кірген бойда полковник:

— Аға лейтенант, кел!— деп, кішкене столдың үстіне азықтарын — американ колбасасы, жұмыртқа, қара нан қойып, мені бірден дәмге шақырды. Екі жаңжас лейтенант та дастарханға шақырылды. Олар белбеулеріндегі шарап құятын құтыларын шешіп, стол үстіне қойды. Мен кішкене жол қапшығымды ашып, ішінде не бар екен деп қарасам, қияр, помидор сияқты ұсақ-түйекті есептемегенде, бір бөлке ақ нан, бірнеше ет консервісі, бір шыны коньяк, екі шыны арақ, төрт шыны сыра бар екен. Мен мыналардан өзгешелеу күй танытып, коньякты шығарып столға қойып, қалбырларды ашуға кірістім. Әйтеуір қайда барсаң серігің бо-

латын арақ пен шарап. Мұны солдаттар «көңіл көтергіш» дейді. Ішіп алған соң көңіл жайланып, өткен-кеткенді ойға түсіреді. Әңгіме айтқызады. Сол қасиеті үшін ғой!..

Полковник:

— О, міне, Батырдың жүрген жері осы — коньягі бар! — деп күле сөйледі. Мен оған:

— Алдыңғы шепте жүрген офицерге коньяк қайдан келсін! Жаңа бірге оқыған жерлесім кездескен. Соның сыйлығы ғой, — дедім. Төртеуіміз бірге отырып, көптен таныс адамдай, бәріміздің құқымыз бірдей адамдардай, сөз сөйлемей-ақ, тост көтеруге қыстамай-ақ, солдаттарша жайланып арағымызды ішіп, тамағымызды жедік.

Келесі күнгі тал түсте Москваға жеттік. Әрқайсысымыздың жөніміз бөлек, тарап кеттік. Мен метроға бірінші рет мініп, жан-жағыма таңдана қарап, Қазан вокзалына да жеттім. Комсомол станциясынан түсіп, жарық жер бетіне көтерілдім. Кассадан Қызылжар қаласына билет алдым. Поезд «Москва — Қарағанды» деп аталады екен. Алтыншы вагон — өзгеше қасиеті бар, жұмсақ вагон болып шықты. Бір купеге кіріп орналассам, төрт орынды купеде жалғыз майор отыр. Ол өзін: «Василий Степанович», — деп таныстырды. Майор өте көңілді, қарапайым, қауымшыл адам болып шықты. Өзім Ишим қаласынанмын деп таныстырды. Ол Қызылжардан 150 шақырымдай төменірек, Есіл бойындағы мекен. Екеуіміз, шын мәнінде, жерлес болып шықтық. Жылпос майор поездың бригадиріне барып, «Москва — Қарағанды» поезында Совет Одағының Батыры Қизатов келе жатыр», — деп Рязань, Мичуринск, Челябинск, Қорған қалаларындағы станция әскери комендант тарына телеграмма бергізіпті. Мен оған:

— Мұның қалай, жолдас майор? Орыста мәтел бар: «Мені сыртымнан үйлендіріпті» деген. Ұят болды ғой, бұлай арнаулы телеграмма бергізгеніңіз! — дедім. Василий Степанович:

— Жерлесім, — деді маған, мен сіздің атыңыздан емес, өз атымнан бердім телеграмманы Жолдас ретінде...

Ол осылай түсіндірді. Мен «Петропавлға берген жоқсың ба?»» дегенімде, «Жоқ, бергенім жоқ. Мен Қорғаннан түсіп қаламын. «Әркімнің өз көйлегі өзіне жа-

қын» деген, ар жағын өзіңіз біліңіз, аға лейтенант», — деді. Мен де оған:

— Ешқандай телеграмма бермеймін. Миллиондаған майдангер бармыз, немізді бұлдаймыз? Отанды қорғау — азаматтық міндет емес пе? Бұған ешкімнің дауы болмаса керек! — деп өз кесімімді айттым.

— Сіз Батыр емессіз бе? Қазір көрерсіз осы Рязаннан-ақ қарсы алады. Батырларды халқымыз қатты сыйлайды, біліп қойыңыз, аға лейтенант! — деп ол өз ұжын айтып жатты.

— Мен түсіндім, майор, құлқыныңды, — дедім.

Рязань қаласына жеткенде, майор вагоннан түсіп, жоқ болып кетіп еді; қасында ақ киімді екі әйел, бір милиция лейтенанты бар — көптеген тамақ, екі шыны арақ алып келді. Үшеуі менімен амандасып: «Сәт сапар болсын, жолдас Батыр!» — деп, шын пейілдерімен тілектерін жаудырып жатыр.

— Қазір бастық келеді, — деді лейтенант.

— Қандай бастық? Не үшін? Мен сіздерден тамақ сұрадым ба? Бұларың қалай, құрметті жолдастар? — дегенімде олар үн-түнсіз отырып қалды.

Поез мұнда 15 минут шамасы тұрады екен. Сөйткенше болған жоқ тағы бір топ азамат қалалық атқару комитетінің уәкілі, қалалық әскери бөлімінің бастығы, бір қолынан бармағы ғана қалған, подполковник шені бар әскери адам кіріп келіп: «Батырды құттықтаймыз!» — деп мен соларға арнайы келгендей мадақ сөздерін жаудыра жөнелді. Жол серігім майор:

— Ал, құрғақ қасық ауыз жыртады дегендей, осы ретте жеңіс үшін алып жіберейік! — деп бәріне арақ көтертті. Бәрі де соны күтіп тұрғандай, тіпті екі әйел де, стақандарды төңкере тартып жіберді. Мен таңдандым.

«Рязань қатындары» деген соғыста біреуді кемітерде көп айтылатын, халық арасына көп тараған жүрдек сөз есіме түсті. Осы қайдан шыққан сөз екенін білмеймін, мүмкін, әйелдердің арақ ұмарлығынан, әлде басқадай бір себебі бар ма?..

«Поез бес минуттан соң жүреді» деген диктор даусы естілді. Келген қауымшыл подполковник:

— Біз де бір сөз айтып жіберейік! — деп арақты қайталауды ұсынды. Рязань қаласының әскери комиссары маған тура қарап, сәл ойланып тұрды.

— Жолыңыз болсын, Батыр! Жеңіске жетейік!.. Ба-

қытты бол, інім! Ал сол үшін көтердік, — деп ешқайсысына қарамай, өзі бірінші алып қойды.

Олар тездетіп менімен, майормен қоштасып, вагоннан түсіп кетті. «Қара бұқа» бір өкіріп, вагондар баяу жылжып, поез шығысқа бет алды. Осылай ку майордың телеграммасы бойынша бізді Мичурин, Челябі, Қорған қалаларынан күтіп алушылар шықты. Ишим қаласында туған, ойыншыл, қушыкеш жол серігім Қорғаннан түсіп қалды. Қорған Петропавл қаласынан көп жырақ емес.

Мен туған жермен кездесуге дайындала бастадым. Қителімді тазаладым. Түймелерін жарқыратып, Сталинградтың Бекетов ауданындағы жолдастар сыйлаған, өте келісті парадтық форманы дайындап болғанша, поездағы хабарлаушы: «Ендігі станция — Петропавл», — деді. Тұла бойымды қуаныш билеп, қай терезеге қарарымды білмей сасқалақтадым.

Бұл станцияны жақсы білемін. 1931 —32 жылдары темір жол ФЗУ-ында оқығанда бір-екі тілім нан үшін, тамақ асырап, күнелтуге, аштан өлмеу мақсатында (аштықтан адамдар қырылып жатқан кез), Қызылжар темір жол бөлімшесінің ФЗУ-ында оқымадым ба? Он жасар бала сол кездің талай қиындығын елмен бірге бастан өткізген... Осы арада, біздің Қарағай ауылынан 6-7 қыз бен ер бала, ағамыз Қатыран Сүттібаев дейтін ФЗУ мектебінің мұғалімі арқылы оқуға орналасып едік.

Туған жер табалдырығында кенет менің ойыма түскені: өзімнің қорғанышым болған, қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқыттырмаған Ғаппас Молжігітов ағамыз. Он жасар баланы кім елеп-ескереді. Қалада туыс-жақын жоқ. Біздің барлық қамқорлық Ғаппаста еді. Ол кісі ұзын бойлы, кең иықты, екі қолы батпандай, қоңқақ мұрын, үлкен қой көзді, сол кезде жасы жиырмаға келіп қалған естияр жігіт болатын. Мен бұрын танымайтын Ғапекеңді «бұл қай туыс?» деп сұрастырсам, білетіндердің айтуынша, біздің Құлтабар — Малтабардан (Құлтабар — біздің тармақ, Малтабардан— атышулы Ақан сері тарайды) екен. Құлтабардан — Қожамжар, Тілек туады. Тілектен төрт ұл — Жанұзақ, Байұзақ, Ақпанбет, Тоқпанбет. Ақпанбеттен тарайтын осы Молжігіттің Ғаппасы, Жанұзақтан — біз екенбіз. Әкесі Молжігіт жастайынан жетім қалып, біздің ауылдан нағашысына көшіп кеткен көрінеді. Ғапекең

туыстарын әбден сағынған. Өзі өте аққөңіл және ер мінезді адам болғандықтан ба, мені бірінші кездескен күннен інім деп жұртқа таныстырып жүрді. Әлі есімде қалғаны: бір күні асханада Боянов дейтін орыс жігіті менің тамағымды тартып алып, жылатып қойғаны бар. Қайдан келгенін білмеймін, сол жерде аяқ астынан пайда болған Ғапекең әлгі жігітті пәрмендеп қойып жібергенде, анауың ұшып кетті. Боянов тіпті талып қалды. Оған көмектеспек болған жолдастары Ғаппастан қимылдауға бата алмады. Ол кісі өзі су бүркіп, Бояновты оятып алып: «Өлмейсің. Өзіңнен он жас кіші балаға тиюші болма ендігәрі!»— деп тоқпақтай жұдырығын ананың мұрнына тақады.

Осы ойлармен отырғанда Қызылжар қаласына да келдік. Мен үстіме былғары шолақ шапанымды киіп, кішкене шамаданымды алып, «Қайран туған жер, сенде көретін күн бар екен ғой! Тағдырыма ризамын!» деп, облыстың орталығы, қазақтың үлкен қалаларының бірі, аталарымыз талай топырағын басқан, Абылай хан орда құрған Қызылжар қаласымен тебірене амандастым.

Біздің аудан орталығы — Явленка осы қаладан біраз жер. Тамақтанып алайын деп, станцияның ресторанына кірдім. Жан жоқ. Үстімдегі шапанымды тастап шешінген соң, сонадай отырған даяшы қызды шақырып ем, ол лып етіп жетіп келді. Мен тамақ ретін айта бергенімде, ар жағынан толық денелі орта бойлы жас әйел бері шығып, маған таңдана қарап сәл тұрды. Қасымызға келді. Амандасты:

— Сіз біздің облыстансыз ба? Майданнан келесіз бе? — деп сосын жиілете сұрақ қойды.

— Майданнан келемін, — дедім. — Осы облыстың Ленин ауданынанмын.

— Бұл қалай? Сізді облыс басшылары неге қарсы алмаған?!. Аты-жөніңіз кім?

Мен күлдім.

— Ол сізге неге керек? Маған қалыңдық болғыңыз келе ме? — деп қалжың қостым.

— Жо-жоқ, — деп әйел орнынан асыға тұрып, қайтып келді. Сөйткенше болған жоқ, тамақ та келді. Тамақтанып болып, ақысын төлегелі жатқанымда әлгі әйел қайта келді қасыма.

— Қазір облыстық партия комитетінен сізді қарсы алуға адамдар келеді. Сәл кідіре тұрыңыз! — деп қиыла өтінді. Сөйткенше болған жоқ, екі жігіт кіріп кел-

ді. Біреуі — сыптығардай киінген, әдемі аққұба өңді, орта бойлы, қара шашты, өзін «Облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ақылбаевпын» деп таныстырды. Екіншісі — облыстық партия комитетінің әскери бөлімінің меңгерушісі, толық денелі, орта бойлы, сары шашты азамат. Ол өзін «Кравченко» деп қысқа ғана таныстырды. Бұлар маған: «Қош келдіңіз!» — айта отырып:

— Сіздің хабарсыз келгеніңіз қалай? Облысымыздың мақтанышы емессіз бе? — деп облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николаев жолдас күтіп отырғанын хабарлады.

— Рахмет! — дедім мен оларға. — Дәл осылай даурықтыратындай көк тіреп тұрғаным жоқ. Қатардағы Отан қорғаушылардың бірімін. Қысқа айтсам, командирлердің бұйрықтарын тиянақты орындап, сол үшін мынау үлкен атаққа ие болғаным рас.

Ақылбаев: — Кеттік, інім! — деді. Мен ресторан директорымен, даяшымен қоштасып, әлгі кісілермен бірге шықтым. Сыртта «МК» маркалы кішкене қара машина күтіп тұр екен. Үшеуіміз орналасып, Петропавлдың «тас көше» деп аталатын Ленин көшесімен обком үйіне қарай бет алдық. Көшеде ешқандай бейсауат машина көзге түспеді. Ат жеккен арбалар, көшені қақ жарып салған темір жол, 3-4 вагон тіркеген паровоздар адам тасымалына жүреді екен.

Таныс қала! Қанша бәкене болсаң да сенің бір қабат үйлерің зәулім биік үлкен қалалардың ғимараттарынан маған қазір тым сұлу! Мынау кедір-бұдыр тас көшең, сонау Европаның жарқыраған асфальт жолдарынан тыныш та, жайлы! О, туған жер! Топырағыңнан айналайын! Сағынып келгенде, аймалайын!..

Осындай сезім құшағында екі қабатты облыс партия комитеті үйіне келіп жеткенімізді байқамай қалдым. Екінші қабатқа көтерілдік. Үстімнен жол шаңын тағы да қаққыштап, бірінші хатшының бөлмесіне кіріп келдік.

Зор денелі, толық адам мені жеңіл қимылдап қарсы алып, қолымды қысып, орын ұсынды. Ә дегенде бір ұнатпаған нәрсем — Николаев маған тура қарап:

— Қалай соғысып жүрсіздер? — деп төтеннен қойған сұрақ еді. Мен оған:

— Қалай соғысып жүргеніміз сіздерге белгілі емес пе? Күнде радио хабарлайды, газеттер жазады. Ал

енді менің жеке басымды сұрасаңыз, мынау кеудемдегі белгілер айтып тұрған жоқ па?.. Жеңіс жақын деп саналмын. Берлинге де алыс емес. Жарты жылда канды шайқастар аяқталатын шығар, — дедім.

Бұл 1944 жылдың 1-қазаны еді.

Бірінші хатшы:

— Не сұрайсыз? Не тілегіңіз бар? — деді.

— Ешқандай сұрақ та, тілек те жоқ. Жалғыз-ақ ой: тек тезірек анамды, туыстарымды көрсем! Өзім өскен топырақты сүйсем! Оқыған мектеп, дос-жарандармен кездессем!.. Бұдан басқа мақсат жоқ, жолдас Николаев, — дедім.

Бірінші хатшы маған тура қарап:

— Қазақтың мақалын білетін шығарсыз: «Келгенде қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады». Сіздің келгеніңізге қуаныштымыз. Облыстың аман-сау оралған бірінші Батырысыз. Петропавл — Солтүстік Қазақстанның орталығы. Сіздің атағыңыз жер жарып. Батыр атанғаныңызды бұл қаланың жұмысшылары мен интеллигенциясы тегіс біледі. Сондықтан олармен кездеспей кету орынды ма, жолдас Қизатов? — деді. Мен ойланып:

— Қайдан білейін?! — дедім.

Хатшы маған қарап:

— Сіз екі-үш күн Петропавлда аялдаңыз! Зауыт-фабрикаларды аралаңыз, жұмысшылармен кездесіңіз! Оларға майдандағы жағдайды айтып берсеңіз, өте жақсы болар еді. Жеңіске тез жету үшін самолет, танкілер, жалпы жанқияр ерлік еңбек қажеттігін тағы да бір ескертсеңіз!.. Россиядан бізге көшіп келген әскери зауыттар бар. Олар соғысқа керекті қару-жарақ жасайды. Сіздің бір сөзіңіз біздің күнде айтып жүрген көп үгітімізден артық болатынына мен сенімдімін. Халықтың майдангерлерді өте жақсы сыйлайтыны, соның ішінде сіздей, жолдас Қизатов, Батыр атағын алып келе жатқан жерлес азаматтарды қалай күтіп отырғаны маған да, облыстық партия комитетіне де мәлім. Анаңызды Петропавл қаласына, болмаса, аудан орталығына алдырайық. Сол жерде кездесерсіз. Біз де дайындалайық. Сізбен бірге ауданыңызға, ауылыңызға облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Новиков жолдас бірге барсын. Газеттер редакциясынан да журналистер барады...

Мен сол арада:

— Сіздің осы обкомда қызмет атқаратын менің Әлімбаев Қажымұрат деген ұстазым бар. Ол кісі мен ауыл шаруашылығы техникумында оқығанда бізге ұстаздық етіп еді. Менің тәрбиеме көптеген үлес қосқан адам. Сол кісі менімен бірге барса, жақсы болар еді, — дедім.

— Дұрыс, — деді Николаев, — Сіз менің айтқан ұсынысыма көндіңіз. Өте жақсы! Жас баласың әлі, үлкендердің ақылын алған қандай келісімді, батыр! — деді. Ақылбаев пен Кравченкоға қарап: — Қизатовтың қай заводта, қай күні, қай сағатта жұмысшылармен кездесетінін белгілеңіздер! Екіншіден, Қизатовпен бірге Ленин ауданына, «Бұлақ», «Қарағай»» ауылдарына кімдер баратынын нақтылап, қағазға түсіріңіздер. Ол топты Новиков жолдас басқарып барады. Ал енді, қонақты жайғап, тамақтандырыңдар! Кешке бас қосып, шай ішеміз, — деді. Хатшы осыны айтып болғанда, есік ашылып, менің бұрынғы мұғалімім, жақсы көретін ағамыз Қажымұрат Әлімбаев кіріп келді.

Екеуіміз құшақтасып амандастық. Қажекең мені бетімнен сүйіп:

— Айналайын, аман келгеніне, үлкен абыройға ие болғаныңа өте қуаныштымын! — деп көзіне жас алды. Мен де босаңсып кеттім.

Облыстық партия комитетінің екі бөлім меңгерушісі — Ақылбаев пен Кравченконың маған көрсеткен қағаздарына қарағанда, қарашаның 2-3-терінде мен Қызылжар қаласының завод пен фабрика, мекемелеріне барып, ондағы еңбек адамдарымен кездесуім, қарашаның 4-күні ертемен Ленин ауданына жүріп кетуіміз керек.

— Бүгін кешке қонақүйдің асханасында шай ішеміз, — деді Ақылбаев. Мен:

— Болсын! — дедім. Кравченко маған қарап:

— Сіз ауылыңызға, үйіңізге, анаңызға құрқол бармауыңыз керек. Петропавлдың қоймалары мен дүкендерінен бар заттарды алып берейік, — деді. Және оның ескерткені, облыстық партия комитетінде қазір қаржы жоқ екен. Мен өзімнің ақша салып жүретін офицерлік книжкамды беріп жатып:

— Осындағы барды пайдаланыңыз, — дедім. Кравченко оны ашып қарап:

— О, жетеді екен! — деді.

Обкомнан шығып, Қажекең, Ақылбаев, Кравченко төртеуіміз қонақүйге келдік.

Қонақ үй дегеніміз — үш бөлмелі, шағын асханасы бар, Ленин көшесінің бойындағы бір үйдің екінші қабатына орналасқан екен. Күтуші әйел бізді жылы жүзбен қарсы алды. Сірә, оған ескертілген болуы керек.

Маған жеке бір бөлме тиді. Асханаға барып тамақтандық. Әңгімені көбіне Қажекең айтып отырды. Қажымұрат Әлімбаев кішкене бойлы, домалаңдаған толық денелі адам. 1907 жылы туған. Бір кездері Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсыновтың шәкірті болған. Өте сауатты, қазақша да, орысша да жақсы сөйлейтін, білікті адам еді. Сол кезде облыстық партия комитетінде лекторлық қызмет атқаратын. Мәнеш дейтін сұлу әйелі бар. Ол кісі де өте сыпайы адам болатын. Техникумда оқып жүргенде Қажекең жақсы көретін оқушыларын үйіне қонаққа шақырып, тойғызып тамақтандырып жіберетін. Өзі «Қазақ тілі» және «Математика» пәндерінен сабақ беретін. Қазақ студенттерін тәрбиелеуге ерекше мән беріп, оларға ақылшы болып жүретін. Туған жері — Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, «Орталық» колхозы. Қажекең қу тілді, әзіл-оспақ сөздеріне өте шешен, әнге салып тәп-тәуір өлең айтатын өнерлі адам. Әсіресе, Балуан Шолақ, Мәди, Жаяу Мұса әндерін жақсы айтатын. Менің сол кезде жазып жүрген өлеңдерім мен әңгімелеріме көмектесіп, кей жерлерін түзетіп беретін еді.

Осы тұста бір айта кететін мәселе: техникумда шығатын «За кадры» атты қабырға газетінің редакторы Бәйкен Әшімұлы Әшімов еді. Бұл кісінің кім екенін қазақстандықтар түгел біледі десем, қателеспеспін: Бәкең сол кезде техникумда оқитын 400 студенттің ең мәдениетті, ең сауаттысы дер едім. Мінезі де байсалды, ешкімге қатты сөз айтпайтын, кескіні келбетті сырбаз жігіт болатын. Сондықтан да болу керек, техникумның 3-курсында оқып жүргенде Ленин аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Соңғы кездерде Көкшетау облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Қарағанды облысы атқару комитетінің председателі, осы облыста облыстық ауыл шаруашылығы партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Бұдан кейінгі жылдарда Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі болып көп жылдар жемісті еңбек еткені белгілі. Бәкең зор білікті-лігімен, терең білімімен және жұмыстың әр саласында

сауатты шешімдер қабылдай алатындығымен көзге түскен басшылардың бірі.

Ол Қазақстанның сол кездегі Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен тізе қосып еңбек ете отырып, республика экономикасының ілгерілеуіне лайықты үлес қосты да.

Енді негізгі әңгімеге оралайық. Кешкі шайға бірталай адам жиылды. Оның ішінде обкомның екінші хатшысы Новиков жолдас, мені қарсы алған бөлім меңгерушілері, облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы Өміржан Оспанов, осы газеттің жауапты хатшысы Ғалым Мұхаметжанов және Қажекең бар еді.

Түн жарымына дейін әңгімелестік. Мен соғыстағы жағдайларды айтып бердім. Олар елдегі жағдайды баяндады. Сонымен, әрқайсымыз, түн ауа барып демалуға тарадық. Ертеңіне ерте тұрып Куйбышев атындағы әскери зауытқа жол тарттық. Обкомның екінші хатшысы Новиков, орыс, қазақ газеттерінің жауапты қызметкерлері бізбен бірге келді.

Куйбышев атындағы зауыт әскери кемелерге бөлшектер жасайтын ірі өндіріс орны екен. Жұмыскерлері — көпшілігі әйелдер, жасөспірімдер — күн демей, түн демей, 13-14 сағат жұмыс істейді. Әрбір бөлімдерінде «Барлығы — Жеңіс үшін!» — деген ұрандар ілулі тұр.

Екі сағат бойы аралап, жекелеген жұмыскерлермен әңгімелесіп, зауыттың бір цехындағы жиналысқа қатыстық. Жиналысты зауыттың партия комитетінің хатшысы ашып, алғашқы сөз кезегін маған берді. Зауыт жұмысшылары майдангер, батыр деп, мені өте жылы ілтипатпен қарсы алды. Мен 1941 жылдан бастап, 1944 жылдың қыркүйек айына дейінгі дивизияның майдан жолдарын, жолдастарымның көрсеткен ерліктерін, түгелге жуық бастан аяқ айтып бердім. Тыңдаушылар көптеген сұрақ жаудырды. Әсіресе: «Сіз батырлықты қандай ерлік көрсетіп алдыңыз?.. Жеңіс қашан болады?.. Майдангерлер қашан оралады?.. Жақсы тұрмысқа қашан жетеміз?..» — деген сұрақтар басым еді. Мен олардың сұрақтарына:

— Тек өзім туралы айтсам, мақтаншақ дер едіңіздер. Сондықтан маған да ортақ жолдастарымның керемет ерліктерін айттым. Бірақ барлығына «Батыр» атағы беріле бермейтінін сіздер жақсы білесіздер. Солардың ішінде командованиенің бұйрықтарын бұлжытпай орындап, өзінің басына түскен қауіпке қарамастан,

жауды шайқаста жеңіп келген совет азаматтарының бәріне де «Батыр» атағын беріп жатыр. Соның бірі — менмін. Ал, «Жеңіс қашан келеді?» деген сұраққа тура жауап беру қиын. Мен майдан басқарған Жуков, Рокоссовский, Конев емеспін. Бар болғаным — аға лейтенант. Сондықтан, біздің солдаттардың жобалауы бойынша, соғыс енді бір жарты жылда бітеді. Әлем жұртшылығының сенімі бойынша, біз, әрине, жеңеміз! — деп сұраққа жауап бердім.

Сол күні Петропавлдың ет комбинатына бардық. Бұл өндіріс мекемесін мен жақсы білетінмін. Бұрын да барғаным бар. Біздің ауылдың Қалақ, Будыр дейтін жігіттері осында мал союшы боп жұмыс істеген.

Ет комбинатының адамдары да бізді өте жақсы қарсы алды. Куйбышев зауытындағыдай аралап, мұнда да жиын өткіздік. Ертеңіне Киров атындағы әскери зауытта, тағы басқа да фабрика, мекемелерде болып, мен өз сөзімде жеңіске жету үшін тылдағы жұмыскерлердің өте қарқынды еңбегі қажеттігін, елдегі тұрмыстың қиындығын, соған қарамай жанқияр еңбек істеп жатқан азаматтарды майдангерлер жақсы білетінін айттым.

Қазанның 4-күні екі машинамен Ленин ауданының орталығы — Явленка қаласына жолға шықтық. Менің серіктерім — облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Новиков, «Ленин туы» газетінің жауапты хатшысы Мұхаметжанов және Қажекең. МК машинасына Новиков, мен, Қажекең үшеуіміз бірге орналастық. Екінші, «Пикан» деген кішкене кузовы бар машинаға Ғалым Мұхаметжанов мінді.

Жолға шығардың алдында бізді шығарып салуға келген Кравченконың маған книжкамды беріп айтқаны:

— Екі қап шай, екі қап ақ кездеме және 40 литр спирт салдық...

— Оны қайтеміз? — дегенде: — Керек болады, — деп түсіндірді.

Қаладан біраз жер ұзағасын, Бескөл атты, батыс бетінде қалың қайың өскен, үлкен мөлдір көлдің жағасына келіп тоқтадық. Маған Қажекең күле қарап:

— Мына хатшы жолдастар қарсы емес. Кішкене көңіл көтеріп алайық, — деді. Мен:

— Жақсы, бәрін өзіңіз билей беріңіз, — дедім.

Жерге түсіп, Ғалым дастархан жайды. Нан, шұжық турады, консерві ашты, жуа аршып, темір ыдысқа

құйылған спирттің бір күрешкесін құйып алып келді. Онысын су араластырып, стақандарға бөліп құйды. Қажекең:

— Ал, батырым, өзіңіздің туған ауданға бара жатырмыз. Ар жағында туған ауылыңыз да алыс емес. Құттықтаймын, қарағым Жәлел! — деп көзінің астымен хатшыға карады. Ол кісі де қолдағандай:

— Дұрыс! Мен де қосыламын. Жақсы демалып, қызық күндер өткіз, досым! — деді. Шоферлар: «Біз ішпейміз!» — деп жай тамақтанып жатты. Мен: «Туған жер қандай ыстық, қандай көркем, аспаның қандай ашық еді!» — деген тебіреніспен отырып, ұсынылған стаканнын үштен біріндей ғана алып қойдым. Жолдастарыма қарап:

— Мен қазір Явленка қаласында анаммен кездесемін. Және онда мен танитын адамдар көп. Белгілі ғой, майдангер — батыр келе жатыр десе кім көзін тікпес дейсің. Сондықтан менің түгел ішпегенімді кешіріңіздер. Сіздер тартынбай, ала беруіңізге болады!— дедім.

Жарты сағат тамақтанып, демалып, жолға қайта шықтық. Көп ұзамай Явленко үйлерінің төбесі де көрінді.

Бір қабатты шағын аудандық партия комитеті үйіне маңдай тіредік. Күтіп тұрған бір топ адам бізбенен қызу амандасып, қарсы алды. Олардың арасында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Александр Петров, екінші хатшы Қожахмет Балахметов бар екен. Амандық-саулық сұрасқасын бірінші хатшының бөлмесіне кірдік. Біз отыра бергенде, басында түлкі тымағы бар, жұпыны киінген менің он екі жасар інім Халел кіріп келді. Екеуіміз құшақтасып амандасып, жан дүнием босап, әбден елді көргендей болып, марқайып қалдым. Оның артынан сәлден соң менің анам Жамал Сәби қызы, Бекмағамбет келіні кіріп келіп аса көп дауыс көтермей, зар шақпай, сабырлы мінез танытып, мені құшақтап бетімнен сүйіп, басқа да азаматтарды ұмытпай, амандасып шықты.

Менің серіктерім: Петров, Балахметовтер анамды құттықтап, «Отанға Батыр ұл тәрбиелегеніңізге көп рахмет айтамыз!» деп, өз тілектерін жарыса айтып жатты.

Сол күні Явленко қаласында қонып шықтық. Бізді аудан басшылары Қожахмет Балахметовтың үйінде дайындаған қонақасыға шақырды.

Ертеңіне облыстық, осы ауданның адамдары қосылып, бәріміз біздің ауданға жүріп кеттік. «Торанғылы» совхозының тұсына келгенде, Жалғызтау көкпеңбек боп, көлбеңетіп көрінді. «Қайран туған жер! Сені де көретін күн бар екен-ау!» — деп мен қатты тебірендім. Ойыма балалық шағым түсті. Атқұлақтан ат қылып ойнаған, тайға мініп жарысқан, ну қарағайдың арасымен жағалтай мен қырғидың балапандарын іздеп жүгірген жерлер!.. Жидек пенен шиені теріп жеген, 13—14-ке жасым келгенде қара жерді соқамен айырып, егін сепкен жер!.. Алтыбақан теуіп, қыз-келіншекпен ойнаған жер!.. Туған ауылдан армия қатарына аттанған сәт...

Терең ойға шомып отырғанымда Қажекеңнің «Келіп қалдық!» деген үні ойымды бөліп жіберді.

— Менің туған ауылым Қарағай емес пе? Неге Бұлаққа келе жатырмыз? — деп апама қарадым. Апам маған:

— Біздің үй қазір Қарағайда емес, осында тұрады. Сондықтан, Бұлаққа келе жатырмыз, — деді.

Біз дөңнен түсіп, ойға құлдилап, ауылдың шетіне жақындағанда, жолымызды тосып отырған екі ақсақалды қарияны көрдік. Біреуі — Шалабай қажының баласы, мен жақсы білетін Зікірия дейтін кісі. Ол кісінің жастау уағында жазған өлеңдерін біз жаттап алып, айтып жүруші едік. Екіншісі — Төлеген ақсақал. Бұл кісінің екі баласы болатын, біреуі — Аманжол, жасы бізден көп үлкен. Екіншісі — Қаратай. Екеуіміз жақын дос болдық. Мен Бұлақ колхозында есепші боп қызмет атқарып жүргенде үйіне шақырып, тамақ беріп талай сыйлаған.

Мен машинаны тоқтатуды сұрадым. Жерге түсіп, ақсақалдарға сәлем бердім. Олар маған алғысын жаудырып, «өзіміздің Жәлел болса, тоқтар, амандасар деп отыр едік. Қандай керемет атаққа ие болсаң да, кішіпейіл болу — адам баласының зор қасиеті», — деді Зікірия. Қос карт апама қайырлы болсын айтып: «Ұзағынан сүйіндірсін, Жамал келін!» — деп қолдарын жайып бата берді.

Қарттардың айтуы бойынша, ауылдың бар адамы қырманға жиылып, Батыр келеді деп, — тосып отыр. Біз ауылдан 5 шақырым шамасындағы қырманға бет алдық. Қажекең маған қарап бір ескерту айтты:

— Сен білмейтін шығарсың, бұл ауылдың басқармасы қазір Ахметжан Нұрғалиев деген. Қарағайда бас-

тық — Қамбар Рамазанов. Ақтас колхозында басқарма — Жұмаш Нұрғалиев. Үшеуі де сауатсыз адамдар. «Ит жоқта шошқа үредінің» керімен, әйтеуір ақырып-бақыруды білген адам бастық болып жатыр. Соғыстың салдары ғой бәрі... Өздерің жеңіспен оралғасын, бұл елді білікті жолмен жинап алу қажет болады...

Қырманға да келіп қалдық. Бірінші болып машинаның алдынан тұра жүгіргендер — менің кішкене қарындастарым — Қарапа мен Әмина, інім Ғалым еді. Ауылдың ақсақалдары, әкемнің достары — Ғабдолла Ысқақов, Елеусіз Сәттібаев, Бейсенбі Қожақаев, колхоз бастығы Ахметжан Нұрғалиев және де басқалары құшақтасып амандасып, қуана құттықтап жатты. Көпшіліктің жиналған жеріне де жеттік. Өншең әйелдер мен жас бала, қартаң адамдар. Бәрі де шуласып: «Қайырлы болсын, Батыр атағын алғаның! Бақыт ұзаққа қонсын! Жасай бер, Жәлел!» — деп өздерінің адал пиғылдарын білдіріп жатыр.

Жиналысты ашқан — аудандық партия комитетінің өкілі, менімен ауыл мектебінде бірге оқыған Қапез Бекқожаұлы. Ол біздің осы Тұңғиық ауылсоветіне қарайтын Қарағай аттас Бұлақ колхоздарының адамдарына:

— Қизатов Жәлел жолдастың Совет Одағының Батыры атағын алғаны, сұм фашистермен шыбын жанын аямай алысқаны, табаны тайсалмай жауға тойтарыс бергені үлкен абырой, біз әрқашан да тілектес болғанбыз, тілектеспіз де!.. — деп жиналысты ашты.

Бірінші болып сөйлеген, облыстық партия комитетінің хатшысы Новиков жолдас: «...Ер туғызған елге алғыс! Сіздер астық тапсыру жоспарын уақытында орындайды деп сенемін!» — деп сөзін аяқтады. Екінші сөз алған Ғабдолла Ысқақов біздің үйдің, әкеміздің үлкен дос адамы болатын. Ол кісі өзінің сөзінде: «Мен Жәлелді кішкентай күнінен білемін. Ержеткенде осыдан бірдеме шығады деп үміттенуші едім. Сол үмітім ақталды, айналайын Жәлелжан!.. Жамал, сенің арманың жоқ. Балаң аман-сау елге оралды. Басына бақыт қонып, Қыдыр қолдады. Атақ алды. Біздің бабаларымыз «ат — биеден, батыр — анадан» деген. Болмаса, «Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға мінер ат тумас, қалыңмалы арзан деп, жаман қатын алсаңыз, топқа кірер ұл тумас!» деген. Осы айтпақшы, сіздің баланы тәрбиелеудегі, өсірудегі еңбегіңіз ерекше, — деді.

Апам оған көңілі босап, көзіне жас алды. Онан соң колхоздың бастығы Нұрғалиев, менің бала кезімнен құрбылас достарым Ысқақов Рашит, Беккожин Ғабдоллалар сөйлеп, маған ұзақ өмір, зор бақыт тіледі. Сөз ең соңынан маған берілді. Мен алдыңғы шептегі көп ұлтты Совет әскерлерінен туған сәлеме ыстық сәлем айттым.

— ...Соғыс жуық арада бітеді. Біз жеңеміз! — деп сөзімді аяқтадым.

Осы іспетті жиындар менің туған ауылым Қарағай колхозында, Ақтас, Еңбек ауылдарында, Корнеевка, Ореховка, Ясновка селоларында, мен оқыған Ақжар қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында жалғасты. Бар жұрттың айтатыны: «Жеңіс үшін, жауынгерлердің тез елге оралуы үшін жан аямай еңбек атқарамыз, тездетіп сұм фашисті жеңіндер!» — деген жалынды сөздер еді.

Қешкілік Бұлақ колхозының басшылығы, менің туыстарым, дос-жаран жиылып, біздің үйде үлкен қонақасы болды. Қарағай колхозындағы біздің ағайын-туыстардан Исаның Мұхамедқалиы, Мақымның Абылайының жұбайы, жеңгеміз Рәзия келді. Мұхамедқали жасы сол кезде 41-де, қараторы өңді, орта бойлы, қой көзді, сөйлер сөзге шебер, арғы-бергіні жақсы білетін, мен туыспын дегенге жанын беретін, бізге жамағайын болатын. Рәзия аққұба өңді, жасы сол кезде 40-тан асқан, домбыраны жақсы тартатын, әндерді де бірқыдыру жақсы орындайтын, қақ-соқпен ісі жоқ, басқа жеңгелерімізге қарағанда ашық, өз пікірін айта білетін жайдары адам болатын. Тойды Бұлақ колхозының басқармасы Ахметжан Нұрғалиев ашты. Ол өзінің сөзінде облыс, ауданнан, басқа да көрші ауылдар мен селолардан келген қонақтарға үлкен рахмет айтты. Мен туралы тым көп мақтаған сөзін, біртүрлі, ұнатпай отырдым.

Той түн ортасына дейін созылды. Рәзия жеңгей домбырасын ала келген екен. Ақанның, Біржанның, Үкілі Ыбырайдың, оның сыртында, халық әндерін орындап берді. Кештің аяғында маған арнап, бірнеше шумақ өлең айтып, жұртты риза етті.

Өшінді қас жауына жібермеген,
Шайқастарда дұшпаныңды жеңіп келген.
Абройың арта берсін, жас ұланым
Майданда қиындықтың бәрін көрген.

Қарағым айналайын, туысқаным!
Құдайым айналайын, туысқаным!
Құдайым бала жастан бақыт берген,
Ағайын-туыстарың тілеп отыр,
Атаң, әкеңе, анаңды көзі көрген.

Сен едің Өмір, Мұрат ұрпағынан,
Өзіңнің қатарыңнан асып жүрген,
Ағаларың жау қолынан қаза тапты
Топырақ бұйырмады туған жерден.

Соны айтып, Рәзия домбырасын тастай берді. Екі көзінен мөлтілдеп жас келді. Мен де, басқалар да төмен қарадық. Рәзияның жұбайы Абылай ағамыз Ленинград майданында үлкен ерлік көрсетіп, қаза тапқан. Абылай осы елдің ең ардақты азаматтарының бірі еді. Соғыстан бұрын Қарағай колхозының бас бухгалтері болып қызмет атқарған. Атышулы Бейсен қажының немересі. Орысша-қазақша сауатты, өте білімдар адам болатын. Ленинград майданында, байқап тұрсам, қаза болған, сол кезде «қара қағаз» деп аталатын хабар келген ағайын-туыстар баршылық-ақ екен. Олар: әкемнің інілері — Мұхаммади, Кенжеғали, Сыздық; шешемнің бөлесі — Мұқидан туған Абылай; әкемнің бөлесі — Жүкеннің Сыздығы. Біздің туыстарымыз — Елжастың Жәмені, Құсайынның Қарабаласы мен Қойшысы. Біздің кішкене ғана ауылдың өзінен 20-дан аса адам Отан үшін жанып қиған. Олардың бәрі де нағыз ерлер, тәуекелшіл, табанды азаматтар екенін ел танып-біліп отыр. Міне, Рәзия жеңгейдің бір ілкі сәтте домбырасын тастай бере, көзінен ағыл-тегіл жас төгіп жіберу себебі де осында еді.

Мұқамедқали:

— Қойыңдар! Өткеннің бәрін еске алсақ, Жәлелдің тойын өзгертіп жіберерміз. Той — тойға ұлассын! Айналайын, қарағым бақытты бол! — деп қонақтарға тост көтертіп, өзі де алып қойды. Рәзия да алды. Арақ дегеннің жамандығы анық қой, кімге зиянын тигізбеді бұл шіркін! Бірақ аз-кем пайдасы тиетін де жері бар. Уайым-қайғыны уақытша жеңіп, аз да болса көңілінді көтереді. Сібірдің көкірегіннен өтетін аязында қатты жаурап, тоңғаныңда сәл уақытқа болса да бойыңды жылытып, қуат беретін осы арақ. Әрине, көп ішпесең... Осылай таң да атты. Қонақтар тарады.

Ертеңіне Новиков бізбен қоштасып, жүріп кетті. Біз, облыс орталығынан келген Қажымұрат Әлімбаев, Ғалым Мұхаметжанов, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Қожахмет Балахметов бәріміз екі ат арбамен, Қарағай ауылына келдік. Басқа жұрт Мұхамедқалидың шақыруымен сол кісінің үйіне бет алды. Мен нағашы апам Мұқидың үйіне барамын деп, Мақұмов Қайырнастікіне бет алдым.

Ол кезде Қайырнас армия қатарында. Ғаппас елде қайтыс болған. Мұқи нағашы апам мені көргенде екі көзінен жасын төгіп, еңіреп жіберді.

— Ат басын тоқтатар үй де болмады ма, айналайын, Жәкенжан?.. Құлыным-ау, бәрі қайырлы болсын, естіп жатырмын! Қайда жүрсең де аман бол! Тілектеспін! — деп батасын берді. Мұқи өте мейірімді, абыройлы, мен көрген аналарымыздың ішіндегі ең бір байсалдысы болатын. Мен кішкентай кезімде оның ұлы Қайырнас бір емшегін ұстап отырса, нағашы апалап, жабысып, екінші емшегін мен ұстап жататынмын. Менімен тұстас, Құлтабар атамыздан тараған ұл мен қыздардың бала кезімізде ылғи бірге жүріп, жан аямайтын дос болғаны — осы Мұқидан туған қазір жетпістен жасы асып, сақал-мұртын қоя беріп, жайнамазда отырған Қайырнас Мақымұлы еді.

Мен нағашы апамның үйінде Ғаппасқа көңіл айтып, оның әйелі Әшекпен сөйлесіп, біраз отырдым. Тұрмыс жағдайлары әбден жүдеген, бұл үйдің бұрынғы күйі жоқ көрінді. Сол жерден Мұхаметқалидың үйіне келдім. Қонақтар көңілді, тағам мол. Қой сойылыпты. Қымыздан кейін ет келді, оны Мұхаметқалидың өзі алып келді. Ол арақты құйып, облыс, ауданнан келген қонақтарға қарап:

— Мен мынау Жәлелдің аман-сау, абыройлы келгеніне қуаныштымын. Осы Қарағай ауылынан 1940 жылдың ақпан айында армияға үш жігіт аттандырып едік. Есентемір, Жанбоз және осы Жәлел. Қиналып қынжыламын, қайғырамын — ана екі баладан «қара қағаз» келді. Біреуі — менің туған інім Есентемір. Ал қайғырғанмен түсетін еш пайда жоқ, өзінді-өзің жеуден

басқа... Мына Жәлелдің келгеніне қуанып, шаттанып тұрмын, — деп тост көтертті.

Дәл осы жерде бір айта кететін жайт: Мұхаметқалидың үйінде бізбен бірге Бұлақ ауылынан бір қыз және бір сұлу келіншек болды. Оларды бізбен көңіл көтерсін дегені ме, қосып жіберген осы колхоз председателі Ахметжан Нұрғалиев екен. Біз оларға, әйтеуір табақтас болғандары болмаса, көңіл бөліп қарай да қойғанымыз жоқ. Уақыт та болмады...

Тамақты орталай бергенде, Қарағай колхозының басқармасы Қамбар Рамазанов кіріп келді. Бізбен жағалай сәлемдесіп, жалбаңдап жатыр. Мен қатарынан он бес рет атылатын пистолетімді суырып алдым.

— Тұр, оңбаған, қабырғаға! Мен естіп отырмын: сенің істемеген жамандығың жоқ. Біздің ауылға, менің үйіме!.. — деп ақырдым. Қамбар сұп-сұр болып кетті. Қол-аяғы қалтырап әбден үрейі ұшты.

— Сен 45 жаста бола тұрып, өзіңнен 25 жасы кіші, баландай қызды әйелдікке алыпсың. Оның жағдайына, келешегіне қарамадың... Менің үй-ішімді қуғынға ұшыратып, Бұлаққа көшіріпсің. Ауылдың адамдары әбден жүдеп-жадаған, мал-мүліктен айырылған. Осының барлығы үшін мен сені өлім жазасына бұйырдым. Тұр қабырғаға! — деп тағы ақырдым. Қамбар ұшып тұрды. Қажекең:

— Қайтесің осы итті өлтіріп. Менің бір тілегім болсын, жанын мен үшін қи, атпа! — деп маған тура қарады. Дастархан басындағыларға жағалай көз салсам, олар да әбден қысылып, «енді не болады» дегендей үрейлі жағдайда отыр екен. Аудандық партия комитетінің хатшысы Қожахмет Балахметов Қамбарға тура қарап:

— Кет ит, жаныңның барында! — деп ақырып қалды. Анау есікті ашып, бір-ақ зытты. Мұқаметқали маған қарап:

— Атып-ақ жібермеген екенсің! — деді. — Бұл оңбаған істеген харамдығы баяғының қанды қол болыстарынан да өтіп кетті. Жұртты аштан қыруға жақын. Колхоз жұмысын басқармайды. Ерікті ме, еріксіз барды ма, итім білсін, арақты сіміріп алып, біздің жас

қарындасымызбен болады да жатады... Ал, тамақ алыңыздар!.. Өзі де әбден састы, өлген жерім осы екен деп ойлаған шығар.

Біраз сөйлесіп отырып, ақыры түнгі демалысты осы үйде өткіздік. Ертеңіне Ақтас колхозына жүріп кеттік.

ҮЙЛЕНУ. ӨМІРЛІК ЖАР

Ақтас пен Қарағайдың екі арасы онша алыс емес, төрт шақырымдай. Біз Ақтас ауылына келгенде кәрі-жасы, еркек-әйелі түгелімен жиналып, күтіп отыр екен. Бәрін ұйымдастырып жүрген менің көптен білетін таныс, дос-жар жігітім, осы колхоздың басқармасы Жұмаш Мұхаметжанов екен. Бұл жігітті мен екінші кластан білемін. Біздің қазір үш колхоз болып отырған ауылдар ол кездері бір ауыл советі болып, «№ 20-ауыл совет» деп аталатын. Кеңсесі «Метрей» деген осы Жұмаштардың ауылында болатын. Кішкене екі бөлмелі ағаш үй — бастауыш мектеп те осы ауылда еді. Мен екінші кластан бастап Қәкім молданың үйінде пәтерде тұрып, оқуға барып жүрдім. Қәкім Әбдірахымов ол саусағынан өнері тамған ағаш ұстасы, сонымен бірге осы елдің имамы еді. Ал Жұмаш — осы кісінің ағасының баласы.

Жұмаш мені құшақтап, бетімнен сүйіп амандасты. Көзіме ерекше түскені: малдас құрып домбырасын қолына алып отырған Молдахмет ақын еді. Молдахмет Тырбиев атышулы Үкілі Ыбырайдан бата алған, көп жылдар соның қасына еріп жүріп дәріс алған шәкірті. Орта бойлы, толық денелі, алқымы Ыбырайға ұқсап жуантықтау келген, екі қолы ақыннан гөрі ағаш, не темір ұстасыныкіндей жуантық адам екен. Еңбек колхозында тұратын ақынды Жұмаш ат жібертіп, әдейілеп алдыртыпты.

Молдахмет маған қарап, домбырасын қағып-қағып жіберіп өлең айтты. Сол өлеңнің бір ауызы есімде қалыпты:

Хош келдің, Жәлел батыр, жеткіншегім!
Дұшпанға жібермеген елдің кегін.
Көтеріп Ақан сері аруағын,
Төгетін жыр нөсерін келді кезім!..

Менің ұққаным: Молдекең менің арғы аталарым — Өмір, Мұрат деген батырлар болғанын, менің солардың жолын қуғанымды, майданнан зор атақпен оралғанымды дастан етіп баяндап жатыр. Анам Жамалға, қарындасым, сол кездегі «Бұлақ» колхозының бас бухгалтері болып істейтін Қарапаға, «Қайырлы болсын!» айтып, шаңырақтарың биік болсын, өркендерің өсе берсін тілеп, маған арнап: «Ел ерді туғызады, ер елдің атағын шығарады» деп Молдекең өзінің керемет ұйқасымды, ырғағы келісімді жырларын төкті. Молдахметтің дене құрылысы, өлең орындауы Үкілі Ыбырайға ұқсап тұр. Орта бойлы жауырынды, домбыраны қаққандағы саусақтары нәзік майыспай, жуантық жұмыскер адамның қолына ұқсайды екен. Өлеңдерін айтқанда алқымы ісіп кеткендей, бұрын көрмеген адамға таңдана қарарлықтай келбеті бар адам еді.

Мен бала кезімде Үкілі Ыбырайдың өлеңін тыңдап оң тізесінде отырғаным бар. Молдекең де өлең айтқанда бір орында отыра алмай қозғалақтап, шайқалақтауы дәл сол Ыбырайға тартқан екен деп ойладым. Соңынан естіп-білсем, Молдахмет керемет суырыпсалма ақын, үлкен композитор, Үкілі Ыбырайдың қасында көп жылдар жолдас болған аталас інісі екен. Бұл арада жалғыз ғана «Гәккуді» айтсақ, оның әні мен аңызы, келісімді сөздері қазақ өмірінде әлі салыстырымы жоқ туынды деуге болады. Ал енді Молдахмет Тырбиұлы Ыбырайды өмірінде естумен өскен, көптеген ақындармен айтысқан суырыпсалма, өлеңдері келісімді, әндері алты қырдан асатын керемет әнші, аққөңіл адам екен. Осындай үлкен талант иесінің киген киімі маған өте жұпыны көрінді.

Жалғыз Молдекең емес, біздің елдің тұрмысы өте нашар, ішсе — тамаққа, кисе — киімге жарымайтын өлмешінің күні екен. Жалаңаш еттеріне күпі, не тон киген. Оларының өзі жырым-жырым. Ет пен майды былай қойғанда, қант-шай дегенді көздері көрмейді екен.

Жәкең зайыбы Шәмшібанумен бірге.

Анам Жамал маған облыс орталығынан берген такта шайды, үгілген қантты, шожым кездемені өзіміздің және көрші ауылдың адамдарына бөліп бергені есімде. Менің әкемнің апасын алған Мақыжан дейтін жездемнің колхоздың жұмысында жүріп, үлесіне апамның берген заттары тимей қалыпты. Менімен амандасып, алған атағыммен құттықтап, «Айналайын, Жәлел, менің үстіме киетін көйлегім де жоқ, мына тонды жалаңаш етіме киіп жүрмін» деп жыламсырап, қиыншылық жағдайын айтты. Мен Мақаң картты аяп кеттім. Қителімнің ішінен киетін ақ көйлегімді оған беріп, өзім жалаңаш етіме сырт киімімді киіп алдым. Бұл — жалғыз Мақыжанның басындағы ғана емес, көпшілік халықтың жағдайы еді.

Менің Халел, Ғалым дейтін 12 жастар шамасындағы інілерім қырман басында күні-түні жұмыс істеп, жалаңаяқ, жалаң бас жүр екен. Он төрт жастағы Әмина дейтін қарындасым, ол да астық тазалау жұмысында. Колхоз «Майдан үшін!» деп, сол жылы бітік шыққан егінін түгелімен үкіметке тапсырып жатыр екен. Елдің

осындай ауыр жағдайын көргенде менің жүрегім сыздап, жанға қатты батты.

Енді Ақтас аулындағы әңгімеге оралайық. Молдахмет ақын мені өлеңмен құттықтаса, өзге білетін адамдар — еңкейген кәрісі мен жасөспірім қыз-балалар маған «Батыр атаның қайырлы, құтты болсын!» деп, қуанышты пейілдерін білдіріп жатты.

Митинг өткесін Ақтас колхозының бастығы Жұмаш Мұхаметжанов үйіне қонаққа шақырды. Бұл кісі мектеп есігін ашпаған, сауаты өте төмен адам еді. Барлық білім деңгейі — өзінің әкесінің інісі Қәкім молданың бірнеше жыл шәкірті болған. Әйткенмен өзі өте пысық, сұлу, сал жігіт болатын.

Үйіне жолдастар қауымымен барсақ, үш бөлмеден тұратын пәтері өте жинақы. Өзінің бұрынғы әйелін тастап, Күлшара есімді сұлу қызға үйленіпті. Жеңіс атты кішкентай ұлы бар екен. Жұмаштың жасы сол кездері 34—35-терде. Қайдан тапқаны белгісіз, дастарханы өте мол, арақ-шарабы да жеткілікті екен.

Жұмаштың інісі Жұмахмет екеуміз бір мектепте оқыған-быз. Өте аққөңіл, мейірімді жігіт болатын. Өзінің менен төрт жас үлкендігі бар. Бала кезімізде менің бір қорғаныш тұтар адамым болған еді. Сол Жұмахмет денсаулығына байланысты әскери қызметке соғысқа баруға жарамай қалған екен.

Жұмаштың кең бөлмесінің бір жағында біздер орналастық, екінші жағында осы ауылдың шақырылған қызкеліншектері жайғасты. Сол жиында өзге адамдардан түрі бөлектеу көрінген, аққудың көгілдіріндей бір қызға көзім түскен. Сонан бастап көңілімді баурап әкеткен бір ерекше сезімді іштей сезіндім.

Біз орналасып, қымыз, шай ішкесін мен Жұмахметтен:

— Бұл кімнің қызы? — деп сұрадым.

— Осы ауылға көшіп келген, бас бухгалтер болып істейтін Мейірман қажының немересі Нұрмұхамбет Мейірмановтың қонаққа келіп жатқан келінінің сіңлісі, — деді Жұмахмет маған. — Мынау көршілес Октябрь ауданының Бірлік ауылынан.

Мен құрбылас жолдасым Жұмахметтен:

— Қызды танисың ба? — дедім сыр тарта.

— Жоқ. Жуырда ғана келді... Ал, Нұрмұхамбеттің әке-шешесі, өзі, балалары өте көргенді, инабатты жандар. Қыздың апасы Ғайниді жақсы білемін. Он сауса-

ғынан өнері тамған өте шебер, қазақтың әдет-ғұрпын жақсы сақтайтын мәдениетті келіншек.

Менің өтінішім бойынша Жұмахмет, біз тамақтанып болғасын, 5-6 қызды ауылдың шетіне, серуендеуге алып шықты. Мен бұл ауылдың қыз-келіншектерін түгел дерлік танимын. Жалғыз бейтаныс, бір көргеннен көзім түскен сол жас қыз еді.

Екеуіміз таныстық. Қыздың әңгімесінен ұққаным: бір әке бір шешеден екі қыз. Өзі орта мектепті бітірген. Анасы Октябрь ауданындағы Бірлік ауылында тұрады. Мен өз көңіл-күйімді тура айтпағанмен, оспақтап сездіре сөйлескенде, «мен сені сүйдім» деп бірден ашық айтпаса да, «болмайды»» деп қарсы жауап та бермеді әлгі қарындас.

Ертеңіне тағы да Ақтас ауылында болдық. Жұмаш, Жұмахметтермен ақылдасқанда, олардың айтқаны: «Қыздың апасы Ғайнимен және оның қайынағасы Нұрмұхамбетпен сөйлесейік» болды. Жұмахмет екеуіміз үйде қалып, ауылды араладық. Қайтыс болғандардың отбасына кіріп шықтық. Біз келгенде Жұмаш та үйге қайтып оралған екен.

Оның айтуынша, қазір колхоздың бас бухгалтері Мейірманов Нұрмұхамбеттің үйі біздің барлығымызды қонаққа шақырған көрінеді.

— Ал, қыз жөнінен, — деді ол, — Нұрмұхамбеттің әкесі Қабдош шал Октябрь ауданындағы Бірлік ауылына барып, қыздың шешесімен сөйлесіп қайтатын болды. Егер қыздың шешесі қарсы болмаса, осы ауылға құдағиын алып келмекші...

Сонымен, қасымдағы жолдастарым Жұмаш, Жұмахмет, олардың әйелдері ілесіп, Нұрмұхамбеттің үйіне қонаққа бардық. Нұрекеңнің жасы алпыстан асқан Қабдош атты әкесі, Гүлсім есімді қария шешесі, Еркін дейтін 12 жасар баласы, әйелі және бір інісі бар екен. Отырған үйі бір бөлмелі шымнан соққан біздің бір жақын апамыздың үйі екен. Сонда пәтерде.

Мені көргенде кемпір-шал көрісіп, қатты жылады. Сөйтіп, біраз шай ішіп, қымыз ішіп, тамақтанып, сол үйден кешкілік тағы серуенге шықтық. «Бір көрген біліс, екі көрген таныс» дегендей, болашақ жарыммен ашық мәслихаттастық. Оның айтуы бойынша: «халық қадірлеп жатқан азаматқа кім кет әрі дейді, бірақ шешеммен келісейік, мындағы апа-туыстарым меніңше қарсы емес сияқты», — деген ой болды . Сонымен, Қаб-

дош қарт ертеңіне менің болашақ жарымның шешесін де алып келді. Мәселе шешілді... Ал енді қазір елу жыл жолдас болған, жеті бала тауып, барлығын аман-сау өсірген, он үш немерелі болған, осы өткен жылдарда ешбір қатты қағыс-тартысқа бармаған жарыңмен қалай танысып қосылдыңыз деген оқырман сұрағына қысқаша жауап осындай болар деп ойлаймын.

Шәмшібану менің туған анамды 100 жасқа келгеншe баласындай күтіп, анасындай қадірлеп, о дүниеге аттандырып салды. Мен ағайын-туыстарым көп адаммын. Солардың бәрімен қатынасып тұрамыз. Әсіресе, өзімнің туған ауданымда 4 жыл аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарғанда, ағайын-жекжат лек-лек боп үйге келіп жататын. Кей күндері 4 бөлмелі үлкен ағаш үйдің ішінде жатқан қонақтардан аяқ басар жер болмайтын. Тұрмыстың талай ауыр жағдайынан бірге өттік. Қуаныш та, реніш те болды. Бірақ Шәмшібану бір адамға дауыс көтеріп, ұрысқан адам емес. Менің ағайын-туыстарым келгенде, соғыстан кейінгі ауыр тұрмысқа қарамай, барлығын қарсы алып, үйдегі бар тамақты солардың алдына қоятын.

Шәкең 60-қа келгенде, біз үлкен от басының тойын өткіздік. Сонда мен арнау өлең жазғанмын, соның бір шумағын осы жерде айта кетейін:

Мен келген 60 жасқа, сен де келдің,
Екі жүрек бір соқты — бірге жүрдің.
Жел жағымның панасы, балалардың анасы,
Қателікті кешірдің, жақсылықты тіледің,
Шаруа сонша болса да, ренжуді білмедің
Жүзге келген анамды әлпештедің,— күткенің
Бір әйелі қазақтың сендей болсын демекпін.
Алпысқа келген жарымды құрметтеп,
қатты сүйемін.

Енді қосылу тойын қысқаша айта кетейін. Бұл орайда бір тоқтала кететін жәйт: «Қайтадан қырғын соғысқа баратын адамның жар сүйіп, үйленіп жатуының мәнісі қалай болар екен?» деп, айтушылар да болмай қалған жоқ. Шәмшібануға да: «Бір солдаттың етегінен ұстап осы қыздың кеткені жөн болды ма екен?» деп, ағайындары арасынан айтушылар да болыпты. Бірақ тағдыр бізді өзінің түзу жолына сілтеген екен... Біздің аудан, облыс, ауыл бастықтары соғыс кезінде әбден еңсесі түскен халық көңілін бір көтеріп қалсын деп, айта қаларлықтай етіп, менің үйлену тойымды атқарды. Той

өткесін мен сол кезде Ленин ауданы деп аталатын өзімнің туған ауданымның колхоз-совхоздарын аралап, сол кездегі тылдағы орыс-қазақ жұртшылығымен кездесулер өткіздім. Бір айдай уақыт ел ішінде болып, ақыры жерлестерім, туыстарым, анаммен қош айтысып, жарым екеуіміз Қызылжар қаласына жүріп кеттік.

* * *

Қызылжарда бір-екі күн болғасын, дивизия командирінің тапсырмасы бойынша, Орал қаласына бармақшы болдым. Шәмшібанумен қоштасып:

— Сен енді уайымдама, берік бол? Елге барғасын анамды күт! Жұмыс істе! «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген, амандық болса, тез арада соғысты бітіріп елге оралуға мүмкіндік туады, — дедім.

Қызылжардан поезға мініп, Орал қаласына жүріп кеттім. Оның өзінше тарихы бар.

ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА

Орал қаласын біздің 154-полк Чапаев дивизиясының құрамында 1919 жылы ақтардан жетпіс екі күн қорғағаны тарихта жазылған. Соғыс басталғалы қала еңбекшілерінің өкілдері біздің полкке бірнеше рет келіп, жауынгерлерге рух беріп кеткен.

Сонымен 1944 жылдың қараша айының 6-күні, бір сөзбен айтқанда, Ұлы Октябрь мерекесінің дәл алдында, сол Орал қаласына мен де келдім. Облыстық партия комитетіне барсам, бірінші хатшы көптен сырқат үйінде төсек тартып жатыр екен. Партия комитетінің екінші хатшысы Қабаш Рысбайұлы Оспанов есімді дәу қара жігіт екен. Ұзын бойлы, таңқы мұрын — қазақтан гөрі кәдімгі Африка зәңгісіне ұқсайды. Орысша-қазақшаға судай ағып тұр. Бірінші кездесуде, турасын айтсам, мені салқын қабылдады. Обкомның үгіт-насихат жөніндегі хатшысы Шәйзарат Хасенов екен. Туған жері Солтүстік Қазақстан облысы — менің жерлесім болып шықты.

Кешкі сағат 5-те Ұлы Октябрь мерекесі құрметіне арналған салтанатты жиналыс басталды. Маған президиумнан орын берілді. Салтанатты жиналыста мен дивизия командирі Александр Васильевич Кирсановтың Орал еңбекшілеріне арнаған хатын оқып бердім. Негізі-

нен, бұл хатта біздің дивизия жауынгерлерінің көрсеткен керемет ерліктері, қанды шайқастар, біздің шекарадан өтіп, Польша жерінде болып жатқан оқиғалар, жеңіске тез жетеміз деген сенім сөздері жазылған еді.

Жұрт ұзақ қол шапалақтап, ашық көңіл, адал пейілдерімен хаттағы сенім сөздеріне құрмет көрсетті. Кейбіреулері: «Уыздай жап-жас бала, Батыр атағын алған қазақ жастары жасай берсін!» деп айқайлап жіберді.

Жиналыс біткесін, облыс басшылары мені қонақүйге апарып орналастыруды Орал облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлары Меңдешев пен Талма есімді бір жас келіншекке тапсырды. Меңдешевті мен бұрыннан білетінмін. Ол кісі Орал еңбекшілерінің делегациясын басқарып, біздің полк Орел — Курск имегінде тұрғанда келіп кеткен. Орта бойлы, толық денелі сары жігіт. Талма есімді атқару комитеті төрағасының орынбасары жасы отыздарға жетпеген, қиылған қара қасты, қара көз, орта бойлы, ақсары өңді сұлу келіншек екен.

Біз жиыннан шығысымен машинаға отырып жүріп кеттік. Қасымызда қонақүйдің бастығы және менімен Саратовтан Оралға поезда бірге келген, жасы отыздар шамасындағы аққұба өңді Дүйсен дейтін жігіт бар.

Қонақүй меңгерушісі біз машинаға мінгеннен-ақ зарлай жөнелді: «Жататын орын өте салқын, дайындалған тамақ жоқ, Батырды қалай орналастырамыз?» деген сияқты сөздер. Мен оған: Сталинградты қорғауда 7 ай жердің астында жатқанымды және қазан, желтоқсан айларында Еділ бойында 40 градусқа дейін суықтар болғанын айта келіп:

— Бәріне шыдағанбыз. Сіздің қонақүйге де шыдармыз, — деп жауап бердім.

Сөзге Талма араласып:

— Жоқ болмайды! Бір келген қонақты дұрыс күтіп алмасақ, біздің елдігіміз қайсы?!. Бәріңізді біздің үйге қонаққа шақырамын — Батырмен дәмдес болыңыздар! — деді.

Сол арада менің машина үстіндегі жолдастарым мұны қолдап, рахметтерін жаудырып, Талманың үйіне бармақ болып шешті. Мен де қарсы болмадым.

Көп ұзамай Орал қаласының орталық бөлігінде орналасқан, кірпіштен салынған үйге келіп тоқтадық.

Есік ашылып, қонақтарды бір жас келіншек пен көрікті өрімдей қыз күтіп алды.

Талманың үйінде төрт адам тұрады екен. Екінші класта оқитын қызы, әскерге кеткен інісінің әйелі және Мәрия атты сұлу сіңлісі. Бұлар бізді өте көңілді қарсы алып, кең дастарханмен сый көрсетті. Талманың үйінде дәм-тұз молшылық сияқты көрінді.

Жолдас болғандар кешкілік үйді-үйіне тарап, мен сол үйде қонып қалдым.

Ертеңіне әдеттегіше ерте тұрсам, Мәрия — Оралдың мұғалімдер дайындайтын институтының студенті, — ол да сабаққа баруға жиналып жатыр екен. Менің ойыма осы қызды қайда көрдім деген бір тосын сұрақ келді. Оралда болғаным жоқ. Бұл қыз майданға бармаған. Жасы, әрі кеткенде, 17—18-дер шамасында, япыр-ау, қайда көрдім деп, әрі-сәрі боп тұрғанымда, кенет ойыма сап ете түсті: 1943 жылы Орал қаласынан біздің полкка арнайы делегация келген. Оларды қарсы алып, бірге болуға, менің ұлтым қазақ болған соң, алдыңғы шептен шақырылғанмын. Дивизия, полк штабтарында бір-екі күндей жерлестермен бірге болып, соңында қоштасып, алдыңғы шепке жүрерімде, олар маған елден жеткізген біраз сыйлықтарын беріп, оған қоса осы қаланың қыздары жауынгерлерге жазған бір бума хат тапсырған. Мен олармен қоштасып, алдыңғы шепке келіп, сыйлықтарды жауынгерлерге таратып, қыздардың хаттарын үлестіргенмін. Сол хаттардың ішінде, Фатих Мухамадиев деген татар баласына мен берген конверттің ішінде, бір қыздың суреті, қазақша жазылған хаты бар екен. Қазақша білмейтін, әрі татарша да үш кластық қана білімі бар Мухамадиев маған:

— Лейтенант абзи, хатты оқып түсіндірші маған. Мынау өте сұлу қыз екен! — деп жалынған. Сонда байқағанмын: қыз өте сауатты, әдеби тілмен жазылған хатында, «осы сәлемді алған жауынгер маған хат жазсын!» деп қиыла өтінген екен. Сол хат астында «Мәриям» деген қол бар еді. Мына қарындастың аты да Мәриям...

Мен Фатихтың атынан, оның өтініші бойынша, сол қызға бірнеше хат жазғанмын. Көңіліме қазір келгені: кездейсоқ кездескен осы қарындас — сол қыз болмаса игі еді! Сол суреттегі бейне де мына қарындасқа қатты ұқсап тұр.

Айнаның алдында тұрған жас сұлудың қасына таяп:

— Кешіріңіз, қарындас! Сіз майданға хат жазбап па едініз? Фатих дейтін солдаттан хат алдыңыз ба? — деп тікелей сұрақ қойдым. Қыз:

— Иә, жазғанмын! Міне, Фатихтан алған хаттарым, — деп менің қолыммен жазылған хаттарды лезде сөмкесінен алып шықты. Мен үнсіз тұрып қалдым. Қыз ашық мінезді екен:

— Аға, сіздің таңданғаныңыз қалай? Осы хатты жазған сіз болмағайсыз?! — деп маған қадала қарады.

Мен сәл ойланып тұрып, қызға анығын айтуға бекіндім:

— Бұл хаттарды жазған мен. Бірақ хаттың шын иесі Ульянов облысынан Фатих Мухамадиев деген татар жігіті, менің қарамағымдағы солдат, жауынгерім. Сіздің хатыныз мен апарып үлестіргенде сол жігіттің қолына тиген. Конвертте сіздің суретіңіз бар екен. Қазақша білмейтін татар баласы менен өте жалынып, өтінген соң, сіздің бірнеше сәлеміңізге жауап жазған мен едім. Кешірім өтінем, қарындасым! — дегенде, қыз бір күрсініп алды.

— Сіз өзіңіздің атыңыздан неге жазбадыңыз? Сонда, қандай керемет кездесу болатын еді! — деді сосын сәл өкіне.

— Қалқам-ау, кешегі осы үйде болған Меңдешев ағаның берген хаттарын үлестіргенде өзіме жетпей де қалған. Сіздің хатыныз сонда Фатихтың еншісіне тиген.

— Сіз зерек екенсіз, ағай. Сонда суретімді көріп, бүгін өзімді таныдыңыз, — деді Мәриям. Мен оған:

— Олай емес. Сізді таныстырған — осы кездесу, «Мәриям» деген атыңыз, — дедім.

Төргі үйден киініп Талма да шықты. Екеуіміздің әңгімеміз сонымен үзілді.

Сол күні облыстық партия комитеті, атқару комитетінің адамдарымен Оралдың зауыт-фабриктерін, оқу орындарын аралап, азаматтарымен кездестік. Бұлардың да тұрмыс жағдайлары әбден нашарлаған, керекті заттар мен тамақты карточкамен алады екен. Дүкендерінде ақшаға сатып алар, адамға қажетті еш нәрсе жоқ деуге болады. Бірақ халқы біздің Совет Армиясының фашистерге соққы беріп, Польша жерін азат етуде қолы жеткен үлкен табыстарына, Отанымыздың жау шеңберінен түгел құтылғанына аса зор қуанышта екен. Кімге жолықсаң да, «соғыс қашан бітеді?» деген сұрақты жиі қояды.

Орал қаласында бірнеше күн болып, еңбекшілермен, әсіресе жастармен кездесулерде үздіксіз хат жазысып, сәлем алысып тұруды өтініп, Талманың үй-ішімен туысқандай қимай қоштасып, Мәриям қарындасымызбен, Талма апайымызбен есен айтысып, майданға аттанып кеттік.

* * *

Майданда көп болмай, Ленинградтағы Совет Армиясының офицерлерін дайындайтын жоғарғы мектепке барып оқуға түстім. Бұл — атақты, көптеген Совет офицерлері мен генералдары оқыған, бірнеше орден-медальдармен наградталған, офицерлер дайындайтын үлкен оқу орнының бірі еді. Мен барғанда мың жарым офицер оқып, машықтанатын мектепте он бір шетел офицерлері де оқып жүр екен.

Осы мектепте төрт ай оқып, жақсы мінездемемен, емтиханға түскен пәндердің бәрінен «өте жақсы» деген баға иеленіп, тиісті оқуды тәмәмдап шықтым.

Біз оқуды бітірген соң Берлинге аттандық. Ойымда, көңілімде — Ленинградтың өте көрікті, сұлу қала екендігі орнығып қалды. Бұл қалада көптеген ұлттар өкілдері мекендеген. Нева өзені қаланы қақ жарып өтеді. Табиғаты өте әсем, ауасы жанға жайлы көрінді. Бірақ екі күннің бірінде тұман басып, ылғалды жел соғып тұрады. Ленинград Сталинградқа қарағанда көп қирамаған екен. Сталинградта сау қалған бір үй болмаса, Ленинградта көптеген көшелер мен зәулім биік ғимараттар міні құрамастан тұр. Қала халқы өте меймандос, сыпайы және мәдениетті көрінді. Көшеде кездесе қалып, жөн сұрасаң, біраз жерге шейін өзіңді ертіп жүріп, қай жерде тұратынын, көше аттарын, үй нөмірін анықтап айтып береді. Ленинградтың жау қоршауында айлар бойы өте сұмдық жағдайды бастан кешкені белгілі ғой. Есеп бойынша, әрбір тұрғынға кей күндері жүз-ақ грамнан нан берілген. Аштан өлген адамдар қаншама! Және бір байқағаным: бұл қаланың тұрғындары қазақтарды өте жақсы көреді екен. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім менің» деген өлеңін жатқа білмейтін бір адам жоқ деуге болады. Менің қазақ екенімді біліп, көшеде кездескен кемпір мен шал зорлағандай етіп, мені үйіне қонаққа алып барғаны әлі

есімде. Шал Ленинградтың бір үлкен ресторанында қызмет атқарады екен. Сонан болар, дастарханды кең жайды. Шай ішіп отырғанда кемпір менен: «Мұсылмансың ба?» — деп сұрады.

— Әрине, мұсылманмын! — деп жауап бердім.

Сол-ақ екен, шал мен кемпір бірінен соң бірі мен бала күннен талай естіп өскен құранның сөрелерін айтып, түсіндіре бастады.

— Сіздер де мұсылмансыздар ма? — деп сұрадым мен.

— Әрине, мұсылманбыз. Ұлтымыз татар болады.

Мен оларға:

— Біздің облыс орталығында татарлар көп, біз олармен өз тілімізде сөйлесе беремiз, — дедім.

Шал татарша бірдемелерді айтып, маған қадала қарап, сәл күтті де:

— Түсіндің бе, офицер жолдас? — деді.

Мен басымды шайқадым.

— Ендеше бізді «Қасым татары» дейді. Біздің тіліміз бөлектеу болады, — деп түсіндірді ол.

Ленинградтағы ВОШКА деп қысқаша аталатын офицерлердің жоғарғы мектебі маған көп білім берді. Мектептің директоры генерал-полковник Бесчастнов деген өте сауатты, әскери жетік қолбасшы екен. Ол кісі маған арнап мінездеме жазып, келешекте әскери академияда оқуыма ұсыныс айтты. Кішіпейілдігі сондай, мені жақсы оқығаным үшін Ленинградтың темір жол станцасына дейін өзі шығарып салды. Бұл мен үшін үлкен құрмет еді. Және ойыма келгені: жоғарғы офицерлер мектебінде оқитын көптеген офицерлер қаланы аралап, қыдырып, қыз-келіншектермен күліп-ойнауға әуестеу болса, мен оқыған пәндеріме жатпай-тұрмай көңіл бөліп, ыждаһатпен оқуымның арқасында «өте жақсы» бағалар алғанымның нәтижесі болуы керек. Бұл, әрине, генералдың назарында еді.

Сонымен төрт жыл бойы қанды шайқастарда бір жету арман болған Берлин қаласына да келдік. Бұл 1945 жылғы май айының 18 күні еді. Мені ең алдымен таң қалдырған: Берлиннің көшелері Ленинградқа қарағанда өте тар келеді екен. Көптеген тұрғындары батыс жаққа қашып көшіп кеткен. Қалғандарын, әр көшеге кішкентай асханалар орнатып, біздің әскери адамдар тамақтандырып жатыр екен. Менің ойыма қазақтың: «Таспен ұрғанды аспен ұр!» деген мақалы түсті. Шы-

ның айтсам, қаусаған кәрі-құртаң мен жас балалардың жазығы қандай? «Адамға адам көзімен қарау керек» деген дұрыс ой-ау?

Берлиннің метролары фашистердің өздері бұрын жіберген суға толып, тоқтап қалған. Көшелерінде неміс, орыс тілдерінде айқыш-ұйқыш жазылған көп сөз, сілтеме, ұран — аяқ алып жүргісіз.

Менімен бірге көше аралап жүрген бір орыс офицері әлдебір ұранды оқып, қарқылдап кеп күлмесі бар ма. Мен оған: «Неге күлдің?» дегенде, ол:

— Мында Қизатов туралы жазып қойыпты, — деп маған күлкісін тия алмай қарады. Мен таңдана қарап қалыппын. Оның түсіндіргені былай болды:

— «Сталин Берлинге шабуылды қысық көз монғол әскері арқылы ұйымдастырды», деп жазыпты. «Монғол» дегендері біздің қазақ, өзбек, татар, башқұрт және басқа Азия халықтары деп және түсіндірілген. Ал енді, — деді офицер сөзін жалғап, — Шыңғыс пен Батый әскерлерінің Европаға қандай ойран салғаны белгілі ғой. Сондықтан да, неміс халқының зәресін ұшырып, берекесін кетіру үшін жазылған болуы керек бұл...

Көшелерді аралап жүріп, Берлиннің қақ төріндегі Рейхстагқа келдік. Немістің атышулы Рейхстагы осы. Өзі аса биік үй емес екен. Ең жоғарғы қабатының шатырында атқа мінген қыз мүсіні, қыздың қолында қондырған құс ұстыны бар. Бір қызығы — біздің әскерлер Рейхстагтан алақандай жер қалдырмай өздерінің аты-жөндерін, адрестерін жаза беріпті. Біз де сатымен жоғары өрлеп, ең биік бір жерден бос орын тауып алып, өзіміздің аты-жөнімізді жаздық.

Сөйтіп, офицерлер орналасқан жатақханаға келіп, жайғастық, тамақтандық. Берлин көшелерін әлі де аралай түсуге Батыр есімді, ұлты бурят-монғол, полковник екеуміз бірге шықтық. Көшеде келе жатып немістермен аз-мұз білген тілімізше сөйлестік. Мен ол кезде неміс тілі пәнін біраз меңгергенмін. Сосын соғыс уақытында барлаушыға неміс тілін білу өте қажет нәрсе. Сондықтан да, сөздік арқылы тұтқындалған немістермен талай сөйлескенімнің пайдасы тиді осы жолы.

Полковник Батыр немісше менен де жақсы біледі екен. Ол өзі ұзын бойлы, сом денелі, ашық мінез, әзілқалжыңды ұнататын жігіт болып шықты. Бір көшеде келе жатып, немістің екі сұлу келіншегімен кездесіп қалдық. Батыр оларды майлы ішектей айналдырып, бар

білген тілімен танысуды өтініп, олар да кет әрі болған жоқ, ақырында солардың үйіне баратын боп келісті.

Біздің ұққанымыз: бұл мекен жай неміс армиясы офицерлерінің семьялары тұратын үй екен. Маған біздің елдегі қонақүйлер сияқты боп көрінді. Ұзыннан-ұзақ дәліздер, дәлізден екі жаққа таралған өте әдемі есіктер, ортасында ұзынша кілемдер төселген.

Батыр екі әйелдің біреуін қолтықтап, бір есікті ашып, ішке кіріп кетті. Екінші жас келіншек: «Кіріңіз!» деп маған бір есікті ашты. Менің ойыма: «Осы араға неге келдік? Мыналар, сірә, офицерлер әйелдері. Адамы үйінде болса, ол қарулы, аңдаусыз кірген бізді ата салмай ма?» деген бір күдік келді. «Төрт жылғы қырғыннан аман өтіп, бір қатынның соңына еремін деп, өліп кетсем, мен нағыз ұятсыз, арсыз адам болмаймын ба?» деген ойлар қаумалап алды. Дегенмен, бірінші бөлменің есігінен еніп, сәл тұрып қалдым.

Нәзік, аққұба өңді әдемі келіншек қарсы шығып, стол үстіне тағамдар қоя бастады. Шнапс та қойылды. Мені күтіп жүріп әйел: «Екі балам бар»,— деп айтып салды. Мен әлі отырмай тұрегеліп тұрғанмын. Әйелдің: «Отырыңыз, неғып тұрсыз?»— дегеніне мен түсіндім. Оған қайтадан анықтап қарасам, ол да мені ұнатып тұрған сияқты. Мен, кенет тұла бойымды бір бөлек сезім билегендей, оқыс жиіркеніп кеттім. «Кешіріңіз! Мен сіздің тамағыңызға ортақ болмаймын. Балаларыңызға беріңіз!»— деп шығып жүре бердім. Әйел тіл қатпастан сол тұрған орнында қалды.

Сыртқа шықсам, бурят жолдасым әлі жоқ. Бір сағаттан артық уақыт өтті. Батырдың қай есіктен кіргенін көргенмін. Барып тықылдатсам, дыбыс жоқ. Сәл күтіп тұрып, есікті тарсылдатуға кірістім. Тым-тырыс. Көңіліме күдік кірді. Әскер заңы бойынша, жолдасынды қандай жағдай, қандай уақытта болсын тастап кетуге болмайды. Сондықтан тағы біраз күтіп көрдім. Есігін тағы тарсылдатып, қатты қақтым. Ешқандай дыбыс белгісі сезілмеді. Енді не болса да бір тәуекел деп, есіктің сыртқы тұтқасын қосқолдап, бар күшімді салып тартып қалғанда, құлпы жұлынып кетті.

Кең бөлменің дәл ортасындағы үлкен төсекағашта екі жаланаш адам жатыр. Екеуі де тірі екен. Менің көргенімнен апыр-топыр ұшып түрегелді екеуі де. Біреуі — Батыр, бірі — әлгі келіншек.

— Мен кеттім. Өздерінде ұят жоқ, хайуан сияқты

екенсіндер!— деп шыға жөнелдім. Батыр менің соңымнан айқайлап:

— Мен де шығамын. Тоқта! Сәл күте тұр!— деп жатты. Әйелдің түрінде қымсыну белгісі жоқ.

Маған: «Неміс әйелдері еркектермен жүру — мәдениеттің бір түрі деп ойлай ма?»— деген оқыс ой келді.— Мүмкін, пәленбай жыл соғыста жүрген ерлермен араласуды әбден аңсаған болуы да...

Мен әлгі үйден шыға бергенде, Батыр да тез киініп үлгеріп, мені қуып жетті. Оның айтуы бойынша, неміс әйелі неше түрлі дене қимылын біледі екен, әбден қызыққа баттым деді. Мен оған:

— Сен құрып кет, Батыр, егер ауру болса қайтесің? Батыс елдерінде ондайлар көп болады дегенде естімеп пе едің?— дедім. Ол маған:

— Қорқыта берме! Бұл әйел меніңше дені сау болуы керек,— деп қарқылдап күліп алды.

— Екі сағаттан астам уақыт неге болдың?— деген сұрағыма:

— Сен өзің қызық адам екенсің! Біздің СССР-дің әйелдері де, ерлері де мықты, төзімді екенін білесің. Неміс әйелдері сондай нәзік. Мен қатынасып жатқанымда, әлгі әйелдің аты Марта екен, көзін жұмып талықсып қалды. Мен өліп қалатын шығар деп, бәрін қойып, әйелді сылап-сипап зорға тұрғызып алдым. Сөйтіп, екеуміз де суға түсіп алып, тамақ ішіп, демалдық. Содан кейін, шнапс ішіп алғасын, әйел мойнымa асылып, бетімнен сүйіп, еріксіз болғандай, екінші рет қатынастық.

Осылай сөйлесіп келе жатып, офицерлер тұратын жатақханаға да жетіп қалыппыз. Бірақ мұнда дұрыс демалыс болмады. Тақтайдан істелген нардың үстінде қатарласа жатқан біздің жігіттер, офицерлер екеу-үшеуден бас қосып, немістің шнапсынан да ішіп, қызуқызу сөйлесіп, тіпті жанжалдасып қалғандары да болды. Кейбір офицерлер өздерінің сұлуларын да ертіп ала келіпті...

Әбден шала ұйқы болып, мазасыз түннен ерте тұрып жуынып, киімдерімді, орден-медальдарымды тазалап, 1-Беларусь майданының штабына келдім. Келе жатып ойлағаным: «Біздің әскери адамдардың бұзық мінездері орынды ма? Бұл қалай болар екен? Неміс халқының барлығы фашист емес қой. Бізді қалай сынап, қандай баға берері белгісіз». Мен ойлағандай-ақ, көп ұзамай

маршал Жуковтың бұйрығы шықты. Бұл бұйрықта бұзықтарды, немістерге зорлық көрсеткендерді он жылға шейін бас бостандығынан айыру жазасы аталған еді.

Штабқа келіп, кадр бөлімінің бастығына өзімнің барлық құжаттарымды тапсырдым. Ол кісі танысып шығып, менің бетіме қарады.

— Қызыл Армияның жоғарғы мектебі сізді «академияда оқуыңызға мүмкіншілігі бар, келешегі зор офицер» деп жазған екен. Сондықтан өзіңіздің хұзырыңызға қарап, академияға барсаңыз, айтыңыз, биылғы оқу жылына сізді Дзержинский атындағы Москва әскери академиясына жібереміз,— деді әр сөзін шегелегендей ғып.

— Мен ризамын. Тіпті жақсы болар еді!— деген пікірімді айттым. Қадр бөлімінің бастығы маған:

—Академияға баруыңызға әлі 20 күндей уақытыңыз бар. Карлхорст қаласындағы фашист бастықтарының тынығатын саяжайына демалуға барасыз. Біз олардың осы жайына генералдар мен Батырларды жіберіп жатырмыз,— деді.

Сонымен, майдан штабынан екі жақсы лебізді қағаз алып шықтым. Біреуі: «Дзержинский атындағы академияға жіберілсін!» деген бұйрық. Екіншісі: Геббельстің саяжайына 20 күн демалуға берілген жолдама. Штабтың бастығына көп рахмет айтып, майдан штабының жеңіл машинасымен Карлхорст қаласына келдік. Ол Берлиннен 15 шақырым жердегі мекен екен. Онда Гитлердің, Герингтің, Робентроптың, Геббельстің және басқаларының саяжайлары бар болып шықты. Бұлардың бәрі де биік шойын қоршаумен қоршалған. Мысалы Герингтің саяжайының әр метрі сайын шойыннан жасалған бүркіт мүсіндері орнатылған.

Геббельстің демалатын жайына кіріп келген сәт бірінші көзге түскені: мәрмәрленген аяқ жолдың сол жағында көлбеленген бау-бақша, оң жағында үш хауыз мөлдіреп жатты. Хауыздарда аққулар жүзіп жүр. Үш аққудың біреуі көмірдей қара екен. Мен қара аққу да болады екен-ау деп, таңданып сол құсқа көп қарадым.

Бұл хауыздарда тірі балықтар да бар екен. Күн сайын бірінің суын біріне ағызып, керекті балықты асханаға жөнелтіп тұрады. Әлгі аққулардың мойындарында алтын ба, күміс пе, әлде басқа бір қымбат нәрседен жасалған, әйтеуір көздің жауын алып, жарқыраған дөңгелек алқалар кигізіліп қойылған. Үйдің сырт жағында әртүрлі бау-бақша ағашы сыңсып, түрлі гүлдер

хош иіс шашып тұр. Олардың ара-арасында — жаяу серуендеуге арналған ақ мәрмәр жолдар бар. Солардың бірімен бұрынғы Геббельстің демалыс үйіне кірдік.

Үй іші толған кілем — қызыл, көк, жасыл түсті дегендейін қайда көз салсаң да құлпырып тұр. Жарқыраған есіктер. Бір бөлмеде «Бастық» деген жазу нұсқасы бар екен. Соны қағып, ішке кірсем, алдыңғы бөлмеде бір жап-жас орыс қызы отыр. «Саяжайдың бастығы осында ма?» деп сұрап ем, қыз: «Осында. Мына бөлмеге кіріңіз» деді. Нұсқаған бөлмеге кірсем, орыс па, неміс пе білмедім, жасы елулер шамасындағы бір адам отыр екен.

— Батыр кіріңіз! — деді ол бірден жылы қабақ танытып. — Жақсы демалуыңызға барлық жағдайды жасаймыз.

Сол жерде бір қызметші әйелін шақырып: «Орналастырыңыз» деп бұйрық берді.

Мені старшина шеніндегі тағы бір Совет Одағының Батыры жатқан бөлмеге алып келді. Бөлме өте кең, сәкілеріне кілемдер төселген, самаладай жарық екен. Старшина түрегеліп, маған әскери тәртіп бойынша сәлем беріп, өзін «Григорий» деп таныстырды. Жүзіне тіктеп қарасам, орысқа ұқсамайды. Сөйлеген сөзінен «сен дәуде болса, еврей боларсың» деп топшыладым. Ойым дұрыс шықты — старшинаның ұлты еврей екен.

Мені бастап алып келген әйел:

— Тамақ ішесіз бе, әлде алдымен жуынып аласыз ба? — деді. Мен алдымен жуынып алғанды жөн көрдім.

Жуынатын орын алтынмен апталап, күміспен күптелген тағы бір керемет жер боп шықты.

Ыстық-суық, минеральды сулар ағып тұр. Ішінде сабын, сусабын, түрлі әтірмай, түр-түрімен қойылған. Турасын айтайын, туабітті көрмеген кереметке тап болғандаймын. Осы жай 20 күндей менің еншімде болмақ! Әлгі жолдастың шомылатын бөлмесі — өзіне бөлек екен.

Мен армансыз жуынып, шамаданымдағы ішкі киімдерімді ауыстырып, киініп алдым. Сәлден соң Григорий екеуміз тамақ ішетін бөлмеге бардық.

Бұл да бір керемет: бірнеше ұзын үстел, жұмсақ отырғыштар. Қабырғаның бәрі алтынмен көмкерілген биік айналар. Бір жақ қабырғада, астында немісше жазуы бар, қаз-қатар тізілген түймешелер мен шүмек-

тер. Жол бастаушы әйелдің айтуы бойынша, әр түймешені бассаң әр шүмектен қалаған арақ пен шарап, сыра мен сусын сорғалап қоя береді. Асхананың бір сұлуы әкеп, алдымызға неше түрлі тағам қойды. «Қандай шарап ішесің?» дегенге, біз «өзіміздің орыстың арағын қалаймыз!» деп жауап бердік.

— Қандай шөлмекпен?

Бұл сұраққа Григорий қолын көрсетті. Мұны мен жақсы түсіндім: екі жүз грамдық екі стакан. Алдымызға келген көкөніс, жеміс-жидек, тұздалған балық, тіл — түрлі дәм көз тұндырады. Сол арада көршім екеуіміз дұрыстап танысып, аты-жөнімізді айтысып, жүз грамнан қағып алдық. Сонан соң «бірінші» деп аталатын тағам келді. «Екінші» жетті. Мұнымен бірге тағы екі жүз грамнан арақ келді. Осы стаканнан соң көңіліміз тіпті көтеріліп, қыздармен қалжыңдаса отырып тамақтандық.

Осындай мамыражай жағдайда демалыс өтіп жатқан күндердің бірінде, Берлиннің тұрғыны, жай тұрғын емес, қала губернаторының орынбасары, орыс тілін жақсы меңгерген Карл есімді, жасы елулерден асып кеткен бір кісі Григорий екеумізді қонаққа шақырды. «Оппель капитан» дейтін машинасымен Берлиннің жанға жайлы кешінде Карлдың үйіне қонаққа бардық. Алдында естігенбіз: немістер қонаққа барғанда өздерінің тамақтарын, арақ-шараптарын ала барады екен. Григорий екеуіміз сол дәстүрді сақтап, әскери дүкеннен барып екі шыны спирт, қара уылдырық, шұжықтар, түрлі тәтті тағамдар сатып алдық. Және Карлдың әйеліне арнап, аса қымбат тұратын иісмай сатып алдық. Сонымен, Карлдың үйіне де келдік.

Бір бөлмеге түрлі тағам дайындалып, арақ-шарап қойылғанын үйге кірген сәтте-ақ байқадық. Біз жайғасқасын, Карл әйелі мен екі қызын шақырып алып, таныстырды. Олар орысша бір де сөз білмейді екен. Тілмәшіміз Карлдың өзі болды.

Шөлмектерге біз әкелген спиртті құйып жатып Карл: «Мен орыстардың арасында көп болғанмын, сондықтан шарапты да орысша ішеміз!» — деді. Карлдың айтуы бойынша, Германияда фашистер үкімет басына келгенде, ол өзі Коммунистік партияның мүшесі екен. Сондықтан бес жыл лагерь мен абақтыда отырып шыққан. Соларын айта келіп, бізге рахмет айтып, «қара түн —

қаранғылықты, жауыздықты адалдық пен жарық сәуле жеңе берсін! Осы арақты сол үшін алайық!» — деп тост айтты. Бәріміз де алып қойдық. Спиртті тартып жіберген сәт Карлдың өңі бозарып, шалқасынан түсті. Мен Григорийге: «Ұят болды бұл! Маршал бұйрығы бойынша біз неміс үйіне қонаққа барып, олармен араласпауымыз керек еді», — деп өкінішпен сыбырладым.

Карлге сүт, су ішкізіп, денесін уқалап, есін әзер жиғызып алдық. Карл бізден, біз онан кешірім сұрадық. Енді спиртті қойып, немістің шнапс, орыстың арағынан ептеп ішіп, азға қанағатпен Григорий екеуіміз рахмет айтып, Карлдің үйінен шықтық.

Гриша маған «Карл маған сыйлық берді», — деп теңізшілер тағатын алтын сағатты көрсетті. Мен:

— Мұның қалай? Сен мұны маған айтпай неге алдың?.. Ия жалынып сұрадың, ия ұрлап алдың — шынынды айт! — деп тапаншамды жұлып алдым. Григорийде қару жоқ еді. Әлде қорықты, әлде өзі де адалын айтты:

— Ұрлап алып едім, — деп мойындады сол жерде.

— Оңбаған, түс машинадан! Қазір апарып, сағатын беріп, кешірім сұрап қайтамын! — деп машинаны кілт тоқтатып, — Осы арадан түсіп қалып күт! — деп Григорийді қалдырып, Карлдың үйіне қайта оралдым. Есігінің түймесін басып шақырғаныма Карлдың үлкен қызы шықты. Оның не айтқанына түсінбесем де, есік ашып кіріңіз деп ымдағанын ұқтым. Біздің сөзімізге арғы жағынан Карлдың әйелі мен екінші қызы шықты. Олар үй иесін оятты. Мен Карлға:

— Сіз кешіріңіз! Менің жолдасым, шала мастықпен мына сағатты өз сағатымен шатастырып алып кетіпті. Ол өзі келе алмағасын, мен сіздерден кешірім сұрауға әдейі қайта оралдым, — деп түсіндірдім.

Карлдың әйелі немісше әлдене айтты:

— Мына кісі не деп тұр? — дедім мен.

— Бұл жеңгеңіз бен мына қарындастарыңыз сіздің жолдасыңыздан гөрі, сізді жақсы көріп қалыпты. Сіздің тағы дәмге келуіңізді өтініп тұр, — деді. — Ал мына сағатты сол жолдасыңызға қайта апарып беріңіз, не өзіңіз алыңыз!

Мен оларға рахмет айтып, «біз қазақ деген елміз. Біздің ұлтымыз дастархан, дәмді сыйлайды. Бірақ оның да шегін білу керек. Сіздерді біраз мазаладық.

Тағы да кешірім өтінемін!» — деп сағатты қолдарына беріп, шығып кеттім.

Жолшыбай Гришаны мінгізіп алып, Геббельстің бұрынғы саяжайына қайттық.

Осындай ұсақ-түйек жағдайлармен межелі жиырма күн біткесін, «Берлин — Варшава» поезына мініп, оқу мақсатында шығысқа аттанып кеттім.

* * *

Әдеттегідей, поездың 7-номерлі вагонында, бір купеде, Алтын Жұлдызды екі капитан және Арыстан атты қазақ майорымен бірге серіктес болдық. Бәріміздің де көңіліміз көтеріңкі. Қырғын соғыс бітті, арманымыз орындалып, жеңіске жеттік. Қол-аяғымыз бүтін, он екі мүшеміз орнында. Москваға академияға оқуға келеміз.

Ұшқыш-капитанның бірі, аты Иван: «Жолды жуайық!» деп шамаданынан немістің шнапсы, орыстың арағы, грузиннің коньягін стол үстіне қойды. Барлығымыз да жап-жас жігіттерміз. Ол кезде арақ пен шарап ішіп, көңіл көтеру салтқа айналып кеткен уақыт еді.

— Алдымен орыстың арағынан бастайық! — деп Иван Андреев, ұшқыш-капитан, Батыр — бәрімізге шүпілдетіп арақ құйып қойды.

— Кімнің әскери атағы үлкен болса, сол бастауы керек, — деп сосын майор Арыстанға сөз берді.

— Мен даланың қыранымын! — деді ол. — Айдалада туып, айдалада өстім. Орыс-қазақ мектебін бітірдім. Фашистер бізді қыли көзді манғұлдар дегенімен, біз ешкімнен кем соғысқанымыз жоқ. Атақты Панфилов дивизиясының жауынгерлері көрсеткен ерлік айдай әлемге әйгілі болды. Менің үшеуіндей Батыр атағым бар. Бірақ төсімдегі төрт орден көрсеткен ерлігіме куә!.. Талай поляк пен венгр, неміс сұлуларын құштық. Біраз бала қазақ болып туатын шығар!.. Менің атабабамның «бүлінгеннен бүлдіргі алма!» деген өсиеті бар. Сол айтқандай, Европа сұлуларын армансыз құшсам да, толып жатқан көп дүниеден бір де бір зат алғаным жоқ! — деп, өзінің сол қолында тағылған «Киров» маркалы сағатты көрсетті. Бұл біздің Отандық марка еді. — Бәрінен де мықты олжа — өзіміздің амандығымыз, саулығымыз. Мүгедек емеспіз. Отанымызға аман

оралып келе жатқанымыз үшін алып қоялық, жігіттер! — деді.

Стакан соғыстырып, алып қойдық. Әзіл-қалжынды молынан төгіп келе жатырмыз. Мен бір ілкіде Арыстанға:

— Маған бір ой түсті: ағасы, саған бір-екі ауыз өлең шығарайын ба? — дедім тура қарап, қазақшалап: Ол маған:

— Шығар! Шығар! Қазақша сөйлескеніміз қандай керемет! Ата-баба тілі, Абайдың тілі емес пе біздің тіл! — деп қуанып қалды. Мен оған:

— Жаңағы өзіңіз айтқандай, махаббатқа арналған бір-екі ауыз өлең, — дедім.

Сүйдің сен поляк, неміс сұлуларын,
Алдың сен қаснетін, қызуларын.
Оймақ ауыз, күлім көз, қанжар қасты,
Қондың сен түлкі үстінде қырандайын.

Еркелеп, асылғанда мойыныңа,
Қылмиып кірген сәтте қойыныңа.
Шапақ бет, қыпай белді, ақша маңдай,
Түнімен қажыман ең ойыныңда.

Мен осы өлеңді сол жерде орысшалап бердім. Серіктерім қыран-топан күлкіге батты.

— Бәріміздің басымыздан өткен жағдай ғой. Қызықты махаббат сәттері!.. — деп кеу-кеулеп жатты бәрі де.

Жүйрік поез бізді Варшаваға жеткізді.

Қаланың темір жол стансасы қаптаған қалың әскер — елдеріне қайтып бара жатқан солдаттар мен офицерлер еді. Бәрі көңілді. Бізге билет алу біраз қиындыққа соқты. Дегенмен, «Варшава — Москва» поезына билет алып, бұл жерде де көп кідірмей, Отанды бетке алып жүріп кеттік.

* * *

Москва бізді жайдары қарсы алды. Іс бабындағы жолсеріктеріммен вокзал басында-ақ тез қоштасып, әрқайсымыз өз жұмысымызбен тарап кеттік.

Мен келген оқу орны — Дзержинский атындағы әскери академия еді. Мандат комиссиясына құжат тапсы-

руға асығып келсем, жеке бөлмеде отырған полковник құжаттарымды шұқшия тексеріп:

— Сізді академияға оқуға алуға бір жылдық офицерлік стаж-қызметіңіз жетімсіз. Келесі жылы келіңіз! — деп қолыма Алматының Дала-әскери округына жолдама беріп, көңілімді су сепкендей етіп, шығарып салды.

«Жазған құлда шаршау жоқ» деген сонан. «Москва—Алматы» поезына мініп, туған өлкем Қазақстанға жүріп кеттім.

* * *

Алматыда жадыраған жаз екен. Бірақ ел-жұрттың тұрмысы өте ауыр көрінді. Дала-әскери округінде көптеген офицерлер жұмыс таба алмай жүр екен.

Мен Алматыда да көп кідірмей, елге барып, жұбайым Шәмшібану, кішкене інім Халелді алып келдім. Әскери жолдас болған Асылхан есімді капитанның Чайковский көшесіндегі екі бөлмелі үйіне біз де келіп пәтерге тұрдық. Бұл достың Ғайша есімді әйелі, кішкене қызы бар еді.

Күндер жылжып өтіп жатты. Сондай көңілсіздеу күндердің бірінде маған бір жанашыр сол кездегі Қазақстан орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке барып жолығыңыз деген ақыл айтты. Сәрсенбінің сәтіне ыңғайланып, Жұмекеңнің көмекшісіне келдім. Хатшының көмекшісі өте байыпты, салиқалы адам екен. Ол кісі:

— Мен қазір Жұмекеңе айтамын. Сізді қабылдауы тиіс, — деді, маған жылы қабақ таныта сөйледі.

Үлкен есікті ашып, ішке кіріп кетті. Сәлден соң қайта шығып:

— Кіріңіз, Батыр! — деді.

Шаяхметовтың қызмет бөлмесі өте аумақты көрінді. Жұмекең орнымнан тұрып, маған қарсы шығып кеп, құшағына алды, қолымды қысты. Мен:

— Қызылжарлықпын, — деп едім, ол кісі:

— Мен Омбы облысынанмын. Інім болдың. Батыр атағын алғаныңа мың рахмет! — деп, қуана құттықтады. Жұмекеңнің соншама жылы қабылдағанына мен тебірене риза болдым.

— Елге барып қызмет істесең де, сені жақсы қарсы

алады, құрметтейді. Соғыс бітті ғой, айналайын! — деді ол кісі.

Шаяхметовпен қоштасып, солдаттың да бір қажеті бар екен деп, бөлмеден шығып кеттім. Ағамыздың ақылын алып, Дала-әскери округінің кадр бөлімінің бастығы Гусев деген полковникке келіп, мән-жайымды айттым. Қәрі шешем, кішкентай екі іні, екі қарындасым бар екенін, оларды асырап, тәрбиелеп өсіру міндетім екендігін, бұл үшін жұмыс істеуім қажеттігін, әскери қызмет болмаса, азаматтық жұмыс атқаруға дайын екендігімді білдірдім. Сол үшін әскери міндетінен босатуын өтіндім Ол кісі қарсы болмады.

Ертеңіне «әскери міндеттен босатылсын» деген бұйрық, сондай-ақ Қазақстанның ауыл шаруашылық министрі Ахмет Дауылбаевтың атына: «жұмысқа орналастырылсын» деген өтініш-хат берілді қолыма. Міне, осылайша 1945 жылдың қарашасында менің азаматтық өмір жолым басталды.

Келесі күні ертемен Ауыл шаруашылық министрлігіне барып, сол кездегі министр Ахмет Дауылбаевтың қабылдауында болдым. Мен кабинет есігін ашқан сәт алдымнан сұңғақ бойлы, ат жақты қараторы адам шығып қарсы алды. Алғашқы сөзінен:

— Біздер майдангерлерді, олардың ішінде сіздей жауынгерлік үздік атақ алып келген азаматтарды өте құрметтеп сыйлаймыз, — деп жылыұшырай сөйледі.

Мен Дала-әскери округінің жолдамасын тапсырдым. Министр:

— Өте жақсы! Ауыл шаруашылығының маманы екенсіз. Бұл біз үшін өте қуанышты жайт. Ал, енді, қарағым, өзің айт, қандай жұмысқа орналастырайын? — деп бетіме тура қарады. Мен әскери тәртіпке әбден үйреніп кеткен, бұйрықты орындау, өзің бұйрық беруге дағдыланған әдетпен:

— Аха, мені Солтүстік Қазақстан облысына жіберіңіз! — деп турасын айттым. Дауылбаев:

— Сегіз ай қысы бар, қазіргі жағдайы өте ауыр облысқа барғаның қалай болар екен? Қарағым, осында, Алматыда қалуыңа да болады. Осы министрліктің бөлім меңгерушісі қызметіне тағайындауға болады. Қарамағыңа үш-төрт адам болады. Жұмысты қалай атқаруды өзім үйретемін. Осы қызметті атқара жүріп, сырттан оқып, институтты бітіруге де болады. Ауылшаруашылық институтына оқуға түсуге өзім көмектесе-

мін, — деп жанашырлық ақылын айтты. Мен ол кісіге:

— Сізге көп рахмет! Бірақ елде екі бірдей туған қарындасым, әлі сәби немере қарындасым, — әкесі соғыста қаза тапқан, шешесі де қайтыс болған, екі інім бар. Олардың қазіргі күн көрісі өте нашар. Мен қашан келеді деп, екі көзі төрт болып, жолымды құдайдай тілеп отыр. Оларды Алматыға сүйрелу қиын болар, сондықтан ел жаққа барайын, — деп сыпайы жауап бердім. Ақаң қынжыла сөйлеп:

— Енді қайтеміз? Бір көргеннен жақсы көріп қалып едім. Келешегіңді ойлау керек еді. Бірақ, айтқандарың да дәлелді. Анаңды, туыстарыңды асырап-өсіру сен үшін үлкен міндет қой,— деді. Сосын ойын қорыта сөйлеп:— Енді, Солтүстік Қазақстанға қандай жұмысқа жіберейін?— деген сұрақ қойды. Мен министрге:

— Қандай қызметке жіберсеңіз де өзіңіз біліңіз. Сіздей ақылшы ағамыздың қабылдауына қуаныштымын! Рахмет, аға!— деп әскери тәртіппен орнымнан түрегелдім. Ол кісі менің қолымды алып:

— Ертең сағат он екіде келіп, бұйрық пен жолдама алып кетіңіз,— деді.

Ертеңіне министрдің айтқан уақытында келсем, бұйрық дайын екен. Мені Солтүстік Қазақстан облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары етіп тағайындапты.

Мен күмілжи сөйлеп:

— Атқара алар ма екенмін?..— дедім. Ахаң маған:

— Қарағым Жәлел, абыройлы бол! Тағы бір ескертетінім: бір кеңес үстінде республиканың басшылары Шаяхметов пен Оңдасыновқа: «Менің қармағыма Қизатов деген Батыр келді» дегенімде, ол кісілер маған: «Бізге де кіріп шыққаны жөн болар еді»,— деген тілек айтып еді...— деді.

Бұйрық пен жолдаманы алып, Ахаңа көп рахмет айтып, сол кездегі үкімет басшысы Оңдасыновтың қызмет орнына келдім.— Ахмет Дауылбаев туралы менің пікірім өте жоғары еді. «Неткен қамқор, әрі ақылды адам! Сөйлеген сөздері, мінез-құлқы, ойлары өз көкейіннен шыққандай қонымды екен. Республиканың басшыларының бәрі осы кісідей ме екен?»— деген ой көңілімде тұрды.

Нұртас Оңдасыновтың көмекшісіне мені Нұрекеңнің кездесуге шақырғанын, сол жағдаймен келіп тұрға-

нымды баяндадым. Сол жерде отырған бір қыз үлкен есікті ашып кіріп кетіп, сәлден соң қайта шығып, маған күлімсірей қарады:

— Кіріңіз, Батырға жол ашық!

Үлкен кабинет төрінде қара шаш, қара қасты, орта бойлы, сабырлы қалпы бұзылмастан бір адам отыр екен.

— Отырыңыз!— деп орын нұсқады. Аты-жөнімді, қандай майдандарда болғанымды сұрады. Мен бар сұраққа қысқаша жауап бердім.

Бұл кісіні Дауылбаевпен салыстыра қарап отырсам, мінезі пандау көрінді. «Қарағым, шырағым» деген сөздер естілмеді. Ешқандай ақыл да айтпайды. Өзінің қолымен жазып:

— Мына қағазды Солтүстік Қазақстан облысының атқару комитетінің төрағасы Мұстафинге беріңіз!— деп, бір құжатты конвертке салып, маған ұсынды.

Кабинеттен шыға бере менің ойыма келгені: «Бұл ағамыздың мінезі тым ауыр екен. Өзі қалай, бюрократтау ма?»— деген пікір еді.

Н. Оңдасыновтан шыққан соң Жұмабай Шаяхметовке келдім. Бұл кісінің өзгешелігі — Нұрекеңе қарағанда өте жайлы мінезді, сөзі майда, тіпті, бір туысқан адамдай көрінді. Бұл кісі де өз қолымен жазып, конвертке салған қағазды сол кездегі Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Григорий Андреевич Мельникке тапсыруды айтты.

— Жолың болсын, Жәлел!— деп қоштасарда қолымды алды.— Келешек — жастардікі. Сендерден біз үлкен үміт күтеміз!..

Ертеңіне Семей — Барнаул — Новосібір арқылы жүретін поезға жұбайым Шәмшібану, інім Халел үшеуміз билет алып, жолдасым Асылханның зайыбы Ғайшаға, әйелімнің екі пальтосының біреуін беріп, ақшалай да қаржы қалдырып, Қызылжарды бетке алып жүріп кеттік.

* * *

Адам дегеннің кейбір сәттегі мінездері қызық қой, жолда бастықтар не жазды екен деп, конверттерді ашып қарасам, Нұртас ағамыз Мұстафиннің атына: «Батырды жауапты совет қызметіне орналастырыңыз!»— деп қысқа ғана нұсқау беріпті. Жұмабай Шаях-

Соғыс ардагері Ж. Қизатов Президент Н. Назарбаевпен бірге.

метов Мельниктің атына: «Батыр жігітті жақсылап қарсы алыңдар! Өзі де бір сүйкімді бала көрінеді. Астына ат мінгізіп, үстіне үй салып беріңдер!»— деген мазмұнда хат жазған екен.

Бірнеше күн жол жүріп, ол кездегі темір жол айналма ғой, 1945 жылғы желтоқсан айының бас кезінде Қызылжар қаласына да келіп жеттік.

Жұбайым Шәмшібанудың құдасы Шәмшет Қабданасовтың үйіне келіп, қыстың аязында үй үстіне үй боп орналастық. Қызылжарда сол күндері 35 градустық аяз буып тұр екен. Оның үстіне терістіктің желі соғып, бұрқыраған боран көз аштырмай тұрды. Біздің елде қатты, желді боранды «Жынды боран» деп атайды. Он-он бес метр жердегі қар көрінбейді. Сондай қыстың аязында адасып, үсіп өлгендер де кездеседі.

Шәмшеттің әйелі Мінәуара сондай қысталаң уақытта келген бізді өте жайдары қарсы алды. Шәмшеттің өзі арық денелі, орта бойлы, бір қолын майданға беріп келген, мінезі сабырлы, сол кездері облыстық Ауыл шаруашылық басқармасының жылқы шаруашылығы бөлімнің бастығы екен. Мамандығы — мал дәрігері, ауылшаруашылық техникумын бітірген.

Бүгін ойлап отырсам, сол кездегі барлық адамның пейілі кең сияқты. Сарандық, қызғаныш деген болмайтын еді. Ауыздағы соңғы нәпақасын қонағына ұсыну — біздің қазақтың бойына біткен артық қасиет қой!

Біз келген күні Мінәуара мол дастархан жайды. Шәмшет өзі барып, арақ, сыра сатып әкелді. Бұл үйде бір үлкен той басталғандай еді. «Қайран қазақ мінезіай! Аққөңіл, ақпейілсің-ау! «Таңдағы тамақ — тәңірден!»— дейсің. Халқымның осы бір жазылмаған заңы жойылмаса екен!»— деп ойладым мен сол сәтте.

Ертеңіне облыстық атқару комитетінің төрағасы Мұстафинге бардым. Орта бойлы, толық денелі, жалпақ бет сары адам екен. Ұлты — естек. Мен ол кісіге Н. Оңдасынов жазған хатты бердім. Мұстафин хатты оқып, сәл ойланып отырды да:

— Батырым, сізді, осында Преснов деген үлкен аудан бар, сол ауданның атқару комитетінің төрағасы етіп ұсынайық!— деп бетіме қарады. Мен сәл ойланып:

— Ондай үлкен қызметті атқаруға шамам келмейді. Жас кезімде бір жылдай Ленин ауданы, Бұлақ колхозының бухгалтері болып істедім. Одан кейін төрт жыл техникудағы оқу, әскери қызмет, соғыста болдым.

Сондықтан мұндай үлкен совет қызметін атқару ауыр болар. Қолымнан келмейді,— деп кесіп айттым. Ол кісі маған:

— Орынбасар болыңыз! Немесе, жауапты хатшы болыңыз,— дегенде: «Көрерміз»,— деген жауаппен қоштасып шығып кеттім.

Шыға бере, бұрын өзін бір рет көрген, жұрттың пікірінше өте алғыр, жігерлі Жұмабек Тәшеновке кездесіп қалғаным! Өзінің ақкөңіл мінезін білдіріп, Жұмабек бос тұрған бір бөлмеге мені ала кірді. Менің әскерден аман-есен оралғанымды қызу құттықтай, қолымды алды.

Дауылбаевтың бұйрығын оқып:

— Бұл не дегені?! Төрт жыл соғысып келген адамды тағы бір үлкен қара жұмысқа жүктегені несі? Ауыл шаруашылық басқармасының жұмысы қара жұмыстан ауыр — мойнына сол қамытты ілгені ме?— деп мазасызданып қалды. Н. Оңдасыновтың Мұстафинге жазған хаты туралы айтқанымда:

— Оның да керегі жоқ. Сен жұмысты кішкентай болса да, партия қызметінен баста!— деп қолымдағы Ж. Шаяхметовтың хатын оқып, менің еркіме қоймастан облыстық партия комитетіне ертіп барды.

Жұмекең тез сөйлейтін және орыс тілі мен қазақ тілдерін таза қиюластыра білетін шешен адам екендігі, сол кездері жасы отыздарда болса да, өте ақылды жан екені бір көргеннен білініп тұратын адам еді. Екеуіміз Григорий Андреевич Мельниктің кабинетіне кірдік. Толық денелі, жуан, қасқа басты, тура сөйлейтін Григорий Андреевич Мельник бір мықты партия қызметкері екенін мен бір көргеннен сездім. Сол күннен бастап Мельник те мені өте жақсы көріп кетті.

Ол кісінің бірден айтқаны — мені мал-мүлік, үй-жаймен қамтамасыз ету жайлы болды. Сол кездегі облыстық партия комитетінің кадр жөніндегі хатшысы Поцелуев Андрей Сидоровичті шақырып алып:

— Жолдас Қизатовтың барлық құжаттарын қарап, анкетасын толтырып, осы қаладан алыс емес Совет ауданы партия комитетінің кадр жөніндегі хатшылығына тағайындау жөнінде құжаттар дайындаңыз!— деп тапсырды. Мен Григорий Андреевичке:

— Қасымда еріп жүрген кішкентай інім, әйелім бар. Оларды қызметке орналасқанша туған ауылыма

апарып тастасам дұрыс болар еді,— дедім. Жанымда отырған Жұмабек Тәшенов:

— Ұшқыштарға бұйрық берейік. Қазір күн суық, Батырды самолетпен ауылына жеткізсін,— деді. Сол жерде отырған облыстық партия комитетінің екі хатшысы оны қолдады:

— Дұрыс! Өз Батырымызды өзіміз қадірлеуіміз керек!

Мен орнымнан тұрып, Григорий Андреевичке:

— Сіздердің сенімдеріңізді ақтаймын!— деп уәде бердім.

Облыс басшылары маған бірсыпыра ақыл айтып азаматтық қызметтің соғыстан бөлектігін, көпшілікпен қоян-қолтық жұмыс істеудің қиындығын, мен баратын ауданның аса күйзелісті жағдайын, ондағы көпшіліктің жергілікті қазақтар екенін, тағы да басқа жағдайларды ескере білу қажеттігін түсіндіріп жатты.

—...Колхоздарды, фермаларды басқарып отырған шал-кемпірлер. Кадрларды іріктеу, әсіресе мамандардан басқарушы қызметкерлер қою — сенің негізгі міндетін. Сен баратын ауданды басқаратын азаматтардың бір кемшілігі — арақ-шарапты тым жақсы көреді, осы жағына сақ болғайсың!— деп қатты тапсырды олар.

Басшылармен қоштасып, Тәшенов екеуіміз кабинеттен шықтық. Жолдастар маған «Сәт сапар!» тіледі. Тәшеновтың кабинетіне келіп, аэропорт бастығымен байланысып, ертеңіне мені самолетпен ауылға жеткізіп салатын болды. Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, желтоқсан айының аязды күнінде Шәмшібану, Халил үшеуіміз самолетпен Бұлақ колхозына келдік. Бір қызығы, бұл ауылға самолеттің бірінші қонуы екен.

Күннің боранына қарамай оқушы балалар жалаңаш-жалпы мектептен жүгіре шығып, бізді қоршап алды. Балаларға: «Тез кетіңдер! Үсіп кетесіңдер»,— деп үлкендер айқайлап жатты. Ахметжан Нұрғалиев осы колхоздың басқармасы, ат жеккен жеңіл шанамен бізді үйге апарып салды.

Анам Жамал, қарындастарым Қарапа, Әмина, әжемнің інісі Әбіш, ол кісінің жұбайы Жәнәпия керемет қуанып, қысқа сойылған соғым үстіне жалғыз қойларын сойып, ауыл адамдарын шақырып, кішігірім той жасап жіберді.

Екі-үш күн өткесін мен Совет ауданының орталығы

Смирнов селосына жүріп кеттім. Ара қонып, кешке ел орынға отыра, Смирнов селосына жеттік. Аудандық партия комитетінің кеңсесіне келсем, жауапты, басты қызметкерлерден аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Ғазез Қаскеев қана бар екен. Соғыстан жараланып келген бұл адам өте сымбатты, сұлу, орта бойлы, аққұба, қара шаш, қара қасты, қазақ халқында көп кездесетін байыпты, сабырлы мінезді адам екен.

Сол жылы жасы жиырма сегізде, бір көргеннен-ақ маған әбден ұнады. Алдын ала айтсақ, Ғазез екеуміз бір туған ағалы-інілі адамдардай өмірлік дос, жан аяспас жолдастар болып өттік.

Ғазез маған:

— Бүгін күн суық. Уақыт болса кешкіріп қалды. Біздің үйге барайық. Ауданның басшыларымен ертең жолығарсың,— деді. Мен оған қарсылық білдіргенім жоқ.

Ғазездің үйіне келсек, кең екі бөлмелі, таза да, жинақы пәтері бар екен. Жұбайы Рәзия керемет сұлу, сол жылдары жиырма бірлер шамасындағы, ақша бетті, кең маңдайлы, қарлығаштың қанатындай қиылған қара қасты, пісте мұрын, қыпша бел, адам баласында сирек кездесетін, келбетті жан екен. Бұл үйдегі үшінші адам — Ғазездің кәрі әкесі болды. Және бір қызметші неміс қызы жүр екен. Аты — Ирма.

Мен қартқа қазақшалап сәлем бердім. Рәзия және Ирмамен қол алысып амандастым.

Көп ұзамай, буы бұрқыраған ақ самаурын да келді. Дастарханды мол ғып жайған — қуырдақ, балық, тураған қияр, тағы басқа да дәмдер толып тұр. Ол кезде салт болып кеткен — дәм-тұз арақсыз болмайды. Ғазез бір шыны арақ, «Портвейн 12» аталатын қызыл шарап алып келді. Тағам татпастан бұрын мен Ғазезге:

— Қазақта мақал бар: «Қеліншектің бетін кім ашса, сол ыстық» деген. Сондықтан, жасымызды білейік, біріміз аға, біріміз іні болатын жөніміз бар,— дедім. Ғазез өзінің сыпайы мінезін танытып:

— Дұрыс, дұрыс! Мен сізден үлкенмін,— деді. Расында Ғазез менен үш жас үлкен екен.

— Ал, ендеше,— дедім мен,— Ғазез аға дейік!.. Құдайдың жазғаны ма, дәм айдап, осы ауданға қызметке келіп қалдық. Мен соғыстың бірінші күнінен бастап, жеңіспен бітуіне шейін қатынастым. Мынау арақ де-

генді стакандап емес, ожаулап ішкен адаммын. Сондықтан, кеше өзімнің туған ауылымнан, үйімнен аттанарда біраз жыл арақ дегеннің дәмін татпаспын деп серт беріп шығып ем. Міне сол сертті орындау шарты сіздің үйге келгенде сын болып тұр. Кешіріңіздер! Мені арақ-шараппен сыйламай-ақ қойыңыздар!— деп дастархан басында отырған Ғазез бен зайыбына қарадым.

Совет ауданында бір жарым жыл атқарған қызметімде арақ-шарап татпай, абыройлы жүруіме де осы сәт жақсы себеп болды.

Ертеңіне аудандық партия комитетіне барып, бірінші хатшы Әбдірахманов Халықтың қабылдауында болдым. Толық денелі, орта бойлы, жалпақ бетті, аққөңіл адам екен. Бұл ауданға бірінші хатшы болып сайланардан бұрын Қарағанды қалалық комитетінің, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарыпты. Осында келерден бұрынғы, соңғы жұмысы — Қазақстанның Құрылыс-материалдық министрі қызметін атқарған екен. Жасы қырықтың бел ортасында.

Меніменен, өмірбаянымды сұрап, егжей-тегжейлі, әрі байсалды әңгімелесті. Одан кейін аудандық партия комитетінің бюро мүшелерін шақыртты.

Екінші хатшы Қожаров аласа бойлы, тез сөйлейтін, шұбар бетті адам екен. Жасы елулерден асқан. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Коновалов қыли көзді, ақсары өңді, өз сөзін, өз пікірін өткізуге әбден бейімделген, шаруашылық салаларын жақсы білетін басшы екен. Аудандық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бастығы Зарипов өз ісіне тым бекем, әкімшілікті тіпті керексіз де жерде көп қолданатын, заңсыздық жұмысқа да араласатын, сол кездегі осы айтулы мекеменің сұмырай істерін атқарушының нағыз өзі болып шықты. Аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы Бектұрғанов Шаяхмет — қарт большевик, 1918 жылдан партия мүшесі, Сталинмен бірнеше рет кездескен, бұрынғы Петропавл губкомының бірінші хатшысы қызметін атқарған, тәжірибесі мол, жоғары білімді, 1937 жылғы сүргінде екі жыл отырып келген, талай тартыс пен қайшылықтан өткен тәжірибесі мол адам екен. Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Бектұрғанов Бекен есімді жас жігіт ашық мінезді, шешен тілді қызметкер болып шықты. Міне,

осы сынды қызметкерлерді жинап, бірінші хатшы мен туралы облыстық партия комитеті бюросының қаулысын оқып берді. Бұл ұсынысты бәрі түгелімен қолдады. Келесі болатын аудандық партия комитетінің пленумына ұсынуға қаулы алды.

Сонымен, мені қызмет атқаратын кабинетіме отырғызып, қабылдау бөлмесінде қызмет атқаратын хатшым Кенжетаева деген жас келіншекпен таныстырды. Міне, осылай, 1945 жылдың желтоқсан айында мен қызықты да, қызу, бақытты оқиғаларға толы, талай қайшылықтар мен қиыншылықтары мол азаматтық өмірді бастап кеттім. Менің бақытты дейтінім, осы жылдарда қазақтың дана, ақылды, тарихта өшпейтұғын аты қалған азаматтарымен кездесіп, солардың тапсырмаларын орындау мүмкіндігіне ие болдым. Олардің мінездері мен қылықтарынан үлгі алдым. Бұл мен үшін үлкен бір бақыт, өмірлік мектеп деп есептеймін.

Қазақтың ұлы азаматтары Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Хамит Сембаев, Қалибек Қуанышбаев, Жұмабек Тәшенов, Ілияс Омаров, Мұхтар Қаптағаевтармен әр кездесу, әр сұхбат, әр жолдастықтың өзіндік тарихы бар.

Одақта өткен үлкен мәжілістерде, салтанатты жиналыстарда пікірлесу, кездесулерде әлемнің сол кездегі басшылары Мао Цзедун, Хо Ши Мин, Тольятти, Морис Торез және де басқа кемеңгер басшылармен сұхбаттасу сәттері болды. Қеңестер Одағының ең жауапты қолбасшысы Климент Ворошиловпен, Лазарь Кагановичпен, Молотовпен, әскери қолбасшылар Георгий Жуковпен, Константин Рокоссовскиймен, Михаил Степанович Буденныймен талай рет әңгімелестік. Олардың қабылдауларында болып, пікірлесу бір ғанибет еді.

Қиыншылық та аз болған жоқ. Хрущевтің асыра сілтеуі мен субъективизіміне қарсы шығып, жазаландым. Бірақ қорқып, тайсалғаным жоқ. Пікірімді ашық айта білдім.

Ұлы Отан соғысында жүз өліп, жүз тірілдім десем, артық болмас. Жолдастарым маған: «Сен көйлегіңмен туған шығарсың, болмаса өзіңнің оқ қағарың бар шығар»,— деп айтып, қауіпті тапсырманы орындап келгенде құттықтай күлісетін. Сондай-ақ, бейбітшілік өмірде, Москваның, Орталықтың заңсыздықтарына, олардың ойларына келгендерін істеп, біздің халқымыз-

ды, әсіресе қазақ халқын қыспақты қысымға ұшыратқаны үшін қарсылық білдіргеніме орай қандай қатаң соққы беріп, ұлтшыл деген қарғы тақса да, бәрі өтірік жала болса да өзімнің мойымағандығымды алға тарта аламын.

Басшылардың заңсыздық жасағаны қайда апарып соққанын қазір бәріміз де білеміз, ондай заңсыздықтар кезінде әшкереленді де.

АҚАН БАТЫР

(деректі поэма)

Соғыстың алғашқы күндерінен алдыңғы шепте болып, қырғын шайқастарға қатынасып, Сталинград, Одесса, Керчьтей батыр қалаларды қорғасып, Орел — Курск имегіндегі шешуші ұрыстарда ерлік көрсете білдім. Украина, Белоруссия, Польша жерлерінде, Германияда болған шайқастарда жүріп бір-ақ қазақ жігітін кездестірдім.

Ол — Ақмола облысы, Атбасар ауданының азаматы Ақан Құрманов еді. Майданда керемет ерлік, батырлық көрсетіп қаза тапты. Оған қайтыс болғасын Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Мен оның туған ауылына барып, туған-туыстарымен, ағайын-ауылдастары, құрбы-құрдастарымен кездестім.

Олар маған: «Ақан туралы қара сөзбен әңгімелемеңіз, қазақ өз батырлары туралы қисса, дастандар тудырған, сіз оның ерлігін көзіңізбен көрген куәгерсіз, сондықтан поэма жазуыңызды өтінеміз!»— деп тапсырған. Жолдасымның жерлестерінің талабын ескеріп, «Ақан батыр» деген деректі поэма жазып бітірдім. Сол шығарманы осы повестке қосуды жөн көрдім.

Автор

I

Қару асқан, жауыздардан жасқанбаған,
Шебін бұзып, жау қорғанын талқандаған.
Ерліктері халқына аңыз болған.
Қаһарман жас батырдың аты — Ақан.

Арыстан, қайтпас-қайсар қазақ ұлы,
Батырлығы шайқастарда болған үлгі.
Өзгертпей жаздым анық көргенімді,
Оқырман төрешімсіз, өзім сыншы.

Жолдасым қанды көйлек арманда өткен,
Қызығын бейбіт өмір көрмей кеткен.
Мейрімсіз соғыс қырғын зұлматында,
Жас жанын Отан үшін құрбан еткен.

Білемін борышым бар ақталмаған,
Сәлемін қас батырдың айта алмаған.
Мен-дағы ақын болмай армандамын,
Келістіріп болған істі жаза алмаған.

Қарызымды ақтай алмай өтер ме екем,
Ұрпаққа жеткізе алмай кетер ме екем.
Күндіз ойға, ұйықтасам түске кірген,
Жастарға батыр даңқы жетер ме екен?

Ақанның ерлігіне қайран қалам,
Жүздеген фашистерді жалғыз қырған,
Тарихта өшпейтұғын аты қалған,
Одақтың батыры деген атақ алған.

Сондықтан тебіреніп бүгін міне,
Досымның аруағына жүгіндім де,
Сақталған мінез-құлқы жүрегімде,
Арнадым ерлігі асқан кемеңгерге.

Кім айтар бізден кейін анықтықты,
Білемін бәрімізден халық мықты.
Бөгенбай, Қабанбай мен Бұқарбайды,
Жеткізіп бізге әкелген тарих мықты.

Жолдастар, ұмытпайық ердің ерін,
Қорғаған абыройын қазақ елін.
Қорықпайық, жасқанбайық шындықтан,
Келістіріп, келтіріп сөздің сырын.

II

Құдырет қараңғыны жарық қылған,
Халқымыз бостандықпен теңдік алған.
Жойылып зорлық, қанау, үстемділік,
Бостандық саясында туған Ақан.

Дембелшең орта бойлы кең иықты,
Білімді, сөзге шешен, іске мықты.
Аққұба, өткір көзді жігіт еді.
Ардақтаған адалдықты, шындықты.

Кең маңдай, ер қабақты, жалпақ жауырын,
Қара шаш, орта бойлы, таңқы мұрын.
Кіршіксіз таза тілек, адал жігіт.
Досына ақтаратын барлық сырын.

Оқуға зерек еді бала жастан,
Өнерді көп үйренген таңдамастан.
Шаңғы тебу, шахмат, доп ойнауды,
Жарысқан жолдастармен күш сынасқан.

Туған жері Сарыарқаның даласында,
Ерке өскен ағайынның арасында.
Жасынан тәуекелшіл өзгермеген,
Өрге өрлеген, нұр жауған талабына.

Жетіде тайға мініп жылқы бақты.
Жерден төсек, аспаннан көрпе жапты.
Қадірлеп жақсы көрді арғымақты,
«Ер қанаты — ат» деген туған халқы.

Үйретіп асау тай мен құнандарды,
Сәндетіп жүйрік мініп бұлаңдатты.
Аралап көк Есілдің жағалауын
Құрметтеп жақсы көрді табиғатты.

Қисса оқып, кешке ауылдың шалдарына,
Үңілді өткен заман заңдарына.
Ер елдің кеңесіне көз жүгіртті,
Тарихтың сырын терең аңғаруға.

Есілге суға түсіп келіп жүрген,
Үйренді түрлі өнер туған жерден.
Малту-жүзу, өзенге қайық салу,
Жаттығып, талаптанып бәрін білген.

Ашуланып, ұрыспаған жолдастармен,
Әзілдесіп ойнап-күлген құрдастармен.
Тәртіпті, кішіпейіл мінез-құлық,
Мақтанып көкірегін көтермеген.

Жас болса арқа жері гүл-гүл жайнап,
Қаздары қаңқылдайды, бұлбұл сайрап,
Табиғатқа сүйсініп, тебіреніп,
Қоңырлатып ән салған Ақан жайлап.

Балуандары қазақтың даңқы шыққан,
Қажымұқан, Шолақтар болған мақтан.
Күрестерді думан-тойда іздеп барып,
Белдесіп мықтыларды жыққан Ақан.

Сымбатты, әнші, балуан — ел еркесі,
Еңбек сүйген ауылдың берекесі,
Сан сұлу атағына болған ғашық,
Болсам деп мен Ақанның сүйіктісі.

III

Жәмила Атбасардың сұлу қызы,
Құралай көз, торғын ет, қызыл гүлі.
Шапақтай бет, кең маңдайлы, меруерт тіс,
Келіскен келбетіне ой-мінезі.

Арқаның аққуы ма, маралы ма?
Жігіттің қол жетпейтін арманы ма?
Сұлулықты барлығы жинап берген,
Шолпандай жарқыраған жұлдызы ма?

Жәмила ауылда өскен ару еді,
Қиғаш қас, орта бойлы, қыпша белді.
Он сегізге келмеген ерке сұлу.
Құлпырып тоты құстай түрленеді.

Мұғалімдер қадірлеп мектебінде,
Үлгілі, тәртіпті еді өзгелерге,
Оқудан бестен басқа бағасы жоқ,
Жарасқан өнер-білім келбетіне.

Махаббат өртендірген талайларды,
Сұлу қыз әзіл сөзден жасқанбайды.
Бір кеште Ақанменен дидарласып,
Куә етіп шерткен сырын аспанды, айды.

Ақан мен Жәмила амандасты,
Сыпайы дәстүрменен қол алысты,
Сезім, ырым жалындаған жастық өмір,
Қоймады өз еркіне екі жасты.

Айтайын жүрек сырын бүкпелемей,
Сүймесең де кетермін өкпелемей,
Махаббат бір белгісіз, шыдатпайды,
Ақмарал жауабын бер өртендірмей.

Қабыл ал тілегімді, қалқатайым,
Көркіңнен мінезіңнен айналайын,
Өмірлік жолдасым деп қолыңды бер,
Сен үшін жаным құрбан, сәулетайым.

Деді қыз, сырыңды Ақан, аңғарамын,
Мен болдым махаббатың, таңдағаның.
Өзіңді көрдім жақсы көптен бері,
Сенсіз жоқ менің-дағы ажар-сәнім.

Сезім шіркін жастарды қуаттады,
Өңдері бір сұрланып, бір қызарды,
Ботагөз мен сендікпін деп белгі берді,
Серттесіп, сөз байласып құшақтай алды.

Сүйісіп, құшақтасып құмар тарқап,
Екі жасты қолдады барлық алқап,
Құпия айтылмаған қалғаны жоқ.
Сыр сандықтар ашылды кілт сылдырлап.

Жәмиланы қолтықтап келеді Ақан,
Үйіне алып барды есен-аман.
Шын ер ғой сабырлы, ақылы асқан,
Бір кездескен махаббатқа қызықпаған.

АТБАСАР

Атбасар Сарыарқаның даласында,
Суы мол екі өзеннің арасында.
Көк Есіл, бұрақ белді, құба талды,
«Жабайдың» шөбі қалың жағасында.

Құнарлы жер, ауасы, суы таза,
Атамекен ер Ақанның бабасына.
Достықпен еркін өскен, еңбек еткен,
Сиынып, қадір еткен табиғатқа.

Түрлі құс өзен, көлді мекен еткен,
Аққулар, сұлу ерке әнін төккен.
Қоңыр қаз, көк ала үйрек араласып,
Ансамбль бір керемет күйін шерткен.

Атбасар ел тұтқасы, жері еркесі,
Қазақтың даңқы шыққан бір өлкесі.
Мұнда үлкен мал сататын базар болған,
Жиналған балуан, ақын, әнші, күйші.

Қосылып бәрі осында думандатып,
Тойлары жатады екен тойға ұласып.
Сері Ақан келген талай Құлагермен.
Кездесіп халқыменен ән шырқасып.

Сырымбет ауылы қонған саласына
Ғашық болған ақсұңқар баласына.
Әйгілі сұлу әнді естігенде,
Шаттанған Атбасардың қаласы да.

Жарасып базаршылар салтын құрған,
Асырған әнін Біржан алты қырдан
Көкке өрлеп, Ұлы әншінің асқақ үні,
Тыңдаған, естігенді таңдандырған.

Сал Мұса, әнші Мұса, батыр Мұса,
Арқаның дара туған ері Мұса,
Кездескен Атбасарда ағайынмен,
Жыр төгіп жүректегі шерін құса.

Атбасар, топырағынан айналайын,
Сағынып келгенімде аймалайын.
Көргенде жолдасымның туған жерін,
Мен қалай тебіреніп, төлғанбайын.

Досымның еліменен таныстырдым,
Қызу еңбек ортасы ән мен жырдың,
Сенде туды, сенде өсті батыр Ақан,
Құрметтеп, қадірлеймін, басымды идім.

АТТАНЫС

1939-ыншы жыл уақыт қыс мезгілі,
Қысымшылық күн өткен арқа елі.
Қызыл шұнақ аязды, долы боран.
Қар жапқан жердің бетін ақ көрпелі.

Атбасарға жұмыспен барды Ақан,
Военкомға сәлемін берді Ақан.
Комиссар қолын алып құттықтады.
Әскерге шақыру кезек келді саған.

Қуанып ауылына қайтып келді.
Сәметтей ағасына айтып берді.
— Бұйырса, әскерге мен жүрем ертең,
Бұл маған сенім, абырой, бақыт,— деді.

Естігенде Сәмекең сасып қалды,
Жеңгесі «жалғызым» деп жылап та алды,
Жасың жас, айналайын, құлыншағым
Сүйесін құдай, аруақ бәрі сені.

Жиылды Қосбармақтың кәрі, жасы,
Құрбандық, мал сойылып, ет асылды.
Ағайын, туыстармен қоштасты Ақан,
— Абыройлы, аман бол,— деп қол алысты.

Әскерге жүрерінде жарық түнде,
Қыз, жігіт сырын шерткен анық мүлде.
Ғұмырлық жолдаспыз деп серт байласқан,
Қауызын ашты сол түн ұқсап гүлге.

Сұлу қыз ғашығына иіп басын,
Меруерттей нәркес көзден төгіп жасын,
Құшақтап Ақанға ұзақ өмір тілеп,
Ант еткен орындауға уағдасын.

Берік бол, қалқатайым, Жәмилашым,
Өмірдің кім болжаған болашағын,
Аман бол, қайта келіп қосылғанша,
Сүйгенім, сүйенгенім, жан жолдасым.

Хат жазып тұрам саған, елге күнде,
Өзіңсіз орның бөлек жүрегімде.
Отанды қорғау борыш азаматқа,
Ол сіңген қасиетім маған мүлде.

Қиялмай, айрылуға тағы сүйді,
Денелері екі ғашық от боп күйді.
Анадайдан тосып тұрған машинеге,
Аяқтары басқызбай зорға жүрді.

Осылай аттандырып сүйген жарын,
Сұлу қыз саған құрбан деді жаным,
Кім білген Ақан қайтып оралмасын,
Соңғы рет екі ғашық қоштасқанын.

Машина Ақмолаға келіп қалды,
Өңшең жас ойнап-күліп тамақтанды,
Эшелон бұлар мініп орналасқан,
Жөнелді батысқа өрлей ой мен қырды.

Ақанның елмен, жермен қоштасқаны,
Поезға мінгеннен соң жазғандары.
Соғыста да болады үзілістер,
Есімде әңгімелеп айтқандары:

«Қош боп тұр, Сарыарқаның сары белі,
Сағынтар сары ала жаз сағым мені,
Бойыма жігер берер таусылмайтын,
Шоқан, Ақан, Біржанның туған жері.

Шалғайда сағынармын көлдерімді,
Құлпырған масатыдай жерлерімді,
Елге аян, құлазыған кең далаға
Бұл күнде тым ерекше сән берілді.

Аман бол, Ақмоланың ормандары,
Жидек, шие, шөптерің болған дәрі,
Аққайың, жасыл терек, құба талың.
Құт мекен, аң мен құсқа толған бәрі.

Көкшенің мұнарланған қиялары,
Тауына қырандарын ұялары.
Бәрің де мені шетте тебірентерсің,
Ұмытпай табиғаттай туысқанды.

Сағынармын Есіл сынды өзенімді,
Су жүрген сай мен сала өзегімді.
Ең алғаш толқыныңды сырды шешкен.
Құшақтап Жәмиладай гүзелімді.

Атбасар, арқа елінің думан жері,
Талай ер, сері, ақынның келген жері,
Жан анам бұл дүниеге мені әкеліп,
Ұлының кіндік қанын жуған жері.

Айыртау, Имантау мен Зеренділе,
Теңеген көрген адам асқар белге,
Бәрі де көп уақыттың достық жері,
Олардың тарихы бар терең мүлде.

Әсем жер, туғызады кемеңгерді,
Халқы үшін қызмет еткен көп ерлері,
Сертіме берік болам, туған жерім,
Бермеуге кенет келген дұшпанға елді.

Сапарға шықтым алыс бүгін, міне,
Халқымның заңдарына жүгіндім де,
Алдымда үлкен міндет — Отан қорғау
Аянбай шабысармын күшімді де.

«Қосбармақ» ауылымды сағынармын
Жарыма Жәмиладай табынармын.
Қиын-қыстау іс түссе ерлік жасап,
Елімнің талабынан табылармын.

Қош сау бол туып өскен өлкем менің,
Астында аспаныңның өркендедім,
Кезсем де жалпақ дүние төрт бұрышын,
Есімде сен жүресің көркем жерім.

Аман бол, Ақмоланың облысы,
Көз жетпейтін сары дала кең өлкесі,
Орыс, қазақ жолдастар бір туғандай,
Достығым отанымның берекесі.

Гүлденіп өскен өлкем өркендей бер.
Мейманға адал ниет төрлет дей бер,
Ерінбей ұлы еңбектен табыс тауып,
Өрмелеп өміріңді көркемдей бер».

Табиғат бәрін берген арқа еліне,
Ақандай батыр туған асыл өлке,
Сөз кезегін берейік шайқастарға
Өзім көрген керемет ерліктерге.

Ақанның ерліктері толып жатыр,
Тәуекелшіл жан еді өте батыл.
Одақтың батыры деген атақ алған,
Днепрді жазуды көрдім мақұл.

ДНЕПР

Шайқаспен айлар өтті, жылдар өтті,
Зұлым жау, көп адамның қанын төкті,
Ақыры біздің ерлер белең алып,
Фашистер шегіністен қанға бөкті.

Шарпылды фашист беті ұлы Еділде,
Гитлер де мәжбүр болды күңіренуге.
Қырылды, тұтқындалды миллион неміс.
Болды айқын жеңілуі бар әлемге.

Осылай сұм фашисті қара басты,
Күші азайды, сүлдерін ала қашты.
Батыстан алып келді қарулы күш,
Днепрден өткізбеуге жан таласты.

Өзенге біз де келдік жауды қуып,
Қараңғы түнде өтуге жоба құрып,
Алдыңғы шебін алып фашистердің,
Негізгі күшті өткізуге болды бұйрық.

Шіркін-ай, Днепрден аман өтсек,
Шебін бұзып, қорғанын ойран етсек.
Туған елдің сенімін ақтар едік,
Фашисті қырып, жойып алға енсек.

Өзенді алғаш көріп қайран қалдық,
Есілмен салыстырып көп ойладық.
Есілім қыздай еді жібек мінез,
Тұратын қолаң шашын жая салып.

Днепр алып екен тулап жатқан,
Дөңбекшіп толқындары аспанға атқан.
Үстінде қайық түгіл кеме жүзген,
Тастай ауыр жүгімен батпан-батпан.

Жолдадым сәлем саған Днепрім,
Елімнің көркі болған көне иірім,
Киелі толқындарың қуат берсін,
Алуға бүгін тартып жаудың шебін.

Залым жау сені қорлап, мазақ етті.
Ерке өскен ұл-қызына азап төкті.
Тарастың туып-өскен туған халқын,
Күңірентіп екі жылдай қанын төкті.

Шевченко Днепрді дәріптеген,
Дос болған жарлы-жалпы ғарыппенен.
Танысып туыс болған қазақтармен,
Тартады біздің халық қадірлеген.

Мен қазақ білем тарих нақылдарын,
Оқыдым еңіреп өткен ақын зарын.
Тарастың отты жырын сүйген елміз.
Біледі Шевченконы барлық халқым.

Ақынның келдік сүйген өзеніне,
Тілейміз жету жеңіс кезеңіне,
Туысқан Украина, Белорустар,
Достасқан адамдармыз, мақсат бірге.

Тар кешу, қиын-қыстау жолдарменен,
Келеміз ой мен тағдыр оңдар деген.
Келеміз дамыл таппай оқ боратып,
Тас-түйін жауынгері заңғар дер ем.

Атанды «тоғыз темір» не себепті?
Берейік бұл сұраққа жауапты енді.
Полктан тоғыз ерді таңдап алып,
Ақанды командирге белгілепті.

Жамылып түн көрпесін тоғыз қыран,
Днепрден өтуге дайындалған,
Аспан бұлт, қараңғы түн кетті жүзіп
Шайқады асау толқын бұйраланған.

Қоңыр күз, қалың жауын толасы жоқ,
Жағада фашистердің қарасы көп.
Өзеннен «тоғыз темір» өтті аман.
Тар кезде партизандар панасы боп.

Днепрдің бойында жар қабақ бар,
Сол тұста бекініскен қалың жаулар,
Шептерін қорған қылған тартып алды,
Немістерді атқылап, салып қанжар.

Фашистер батысқа қашты бағыт алып,
Қорықты, зәресі ұшты естен танып,
Екі жүз метрдей орларынан қуып шықты.
Түнеріп «тоғыз темір» қайсарланып.

Сызылып бір уақытта таң да атты,
Нұр шашып кең әлемге жарқыратты,
Сол кезде барлау салып анықтадық.
Окопты терең қазып тығылыпты.

Дзоттарын, траншеймен, фаустарын,
Біз білдік қару-жарақ координатын.

Хабарлап рациямен жағаға алыс,
Көптеген зеңбіректер тұрғандарын.

Бір кезде ««катюшалар» гүрсілдеген,
Оятты жауды ызғарлы дүрсілменен.
Фашистер зәресі ұшып естен танып,
Бойында үрей қалмай, бүрсеңдеген.

Орнатып, жау шебіне заман ақыр,
Ақан да бар қарудан атып жатыр.
Немістердің топтанған арасында
Көр, әне, талайлары сұлап жатыр.

Қашуға үлгере алмай аласұрды.
Алақтап іздегендей жан ашырды,
Қан жұтқан, қарақшылар жаман састы.
Пулемет, минометтер тағы да ұрды.

Түгелдей фашистерден зәре кетті.
Батысқа қашты олар түзеп бетті,
Өлімнен құтылуға үлгермеді.
Салған соң «тоғыз темір» әлек өртті.

Төңірек лаулап жанып, өрт боп жатты,
Соққы алды байқаусызда жаман қатты.
Немістің сапқа тұрып «тигрлері»
Ақанға қарсы шауып оқ боратты.

Мінекей шықты жаулар шабуылға,
Түндегі позициясын қайта алуға
«Барлық күшпен атқыла, — деді Ақан,
Танктерін жаяулардан бөліп таста.

Туралап «тасбақасын» жандырайық,
Мәңгілік душар етіп сарнауына.
Берік бол, жігіттерім, басталды ойран,
Екі танкі, он неміс әр қайсыңа.

Зеңбіректер, «катюшаларға» хабарладық,
Ұшқыштардың көмегін көп сұрадық,
Шабуылға шықты жау жойқын күшпен,
Қалғанша бір тамшы қан біз шыдайық».

Тартып алған зеңбіректен Ақан атты.
Дәл тигізіп соққылады жаман қатты,
Фашистер жер жастанып Днепрде,
Көріне құлап жатқан ағып қаны.

«Тигрлер» жанып жатыр арсылдаған.
Жер бетін ыландатып тарсылдаған,
Бір кезде қалың шілік арасынан,
Тобымен неміс шықты қарсы жақтан.

Біз көрдік «катюша» оғын от боп ұшқан,
Көптеген зеңбіректер дабыл қаққан,
Аспанда ұшқыштар да толып кетті.
Немістердің төбесінен бомбылаған,

«Тоғыз темір» позициясын көп кеңітті,
Қашқан жауға туралап оғын төкті,
Жауынгер өңшең батыр Днепрде
Көрсетті сұм фашистке кереметті.

Білсек те жау қатары азайғанын,
Сездік біз алда әлі көп «базар» барын,
Тастап қашқан зеңбіректі алып келдік.
Үйреттік танкілерді атқылауын.

Осылай қарт Днепр жағасында,
Қарамай ауыр дене жарасына
Ер Ақан — армияға ашты жолды.
Көрсетіп мыңнан шығып, дара сынға.

Басына киген құрыш телпектерін,
Фашистің қадірлеген тентектері,
Бір сәтте қалың терек арасынан,
СС-тің шыға келді жендеттері.

Немістің бұл батальон алтыншысы,
Әуелден даңқы шыққан батыл күшті,
Шайқаста, талай жойқын айқастарда,
Болыпты жердегі өрттей шайпаушысы.

Көрді Ақан таяу қалған жауды өктем,
Дәл көздеп оқ боратты пулеметтен,
Топалаң немістерге көбейді енді,
Түскендей ажал енді жауып көктен.

Тоғызы дәл тигізіп атқылады,
Тездетіп снарядтті зеңбіректен.
Ақанның оң қолынан оқ тиеді.
Саусағын екі бірдей жұлып кеткен.

Жарасын жағып йод орадық біз,
Шыдамды ғой ауыртқанды елемеген.

Фашистер бір сыпыра келіп жетті.
Қызарып көздерінен қанын төккен.

Басталды қол төбелес, пышақ салысу,
Бәрін қырдық СС-тердің ербеңдеген,
Шіркін Ақан ерлігіне күші бірдей,
Екеуін өлтіріпті жалғыз қолмен.

Масляков пен Болорудин оққа ұшты,
Жігіттер батыр еді батыл күшті
Екеуі жараланды, ауырғанға қарамады,
Жауларды атқылауы үдей түсті.

Ақанменен бәріміз ақылдастық,
Тірісін жауынгерлер басын қостық,
Әлі ерте, түнге шейін уақыт көп,
Шабуылын жаудың қалай тойтармақпыз?

Негізгі армиялар өте алмайды.
Бергі бетке жарықта жете алмайды
Фашистер Днепрді аңдып отыр.
Бар күшімен бомбалайды, атқылайды.

Ақан айтты бізге керек ақыл-айла.
Немістер тағы қарсы қаптамай ма?
Арғы беттен атқылау үзілмесін
Болмаса позициясын қайта алмай ма?

Дәл әне — Днепрдің жағасында,
Мая тұр қалың шілік арасында
Барлауды салу керек соған шығып,
Белгілеп қаруларын, танкісін де.

Бізге бұл позиция болмайды орын,
Жау өзінің біледі қазған орын
Жүз метрдей көрдіңдер ме траншейден
Тосайық сол арадан жаудың жолын.

Ойласам алдым да өлім, артым да өлім
Қорқыттай қайда барсам менің көрім,
Фашистер аңдып отыр дәл көздейді
Днепр сенде болар қу сүйегім.

Қатыстым талай қырғын шайқастарға
Көре алмай кетемін бе, елдің көркін,
Қазақстан — Европадай көлемің бар,
Екі метр жоқ па еді маған орын.

Соны ойлап, еңбектедім, мая бардым
Қалың шыққан шілікті паналадым.
«Қырық жыл, қырғын болса бір-ақ өлім»
Жау мені көрмей қалды, аман қалдым.

Баспалдақсыз биікке қалай шығам,
Ақылдасар жолдас жоқ, көп ойландым,
Жақын жерде жатыр екен кескен терек
Елге аман оралғандай қуанғаным.

Теректі мықтап сүйеп өрмеледім,
Жақындап төбесіне шөпке кірдім.
Жаудың шебі, қарулары анықталды,
Картаға координатын тізбектедім.

Батареяларын тығыпты ойпаң жерге,
Пулеметтерін жасырған үңгірлерге,
Үш-төрт неміс нан үшін төбелескен
Мен күлдім берекелері кеткендерге.

Маядан түсіп еңбектеп зымырадым,
Радиске жақын келіп демімді алдым,
Тез қос деп өзіміздің командирге
Картаны компоспенен қолыма алдым,

Көргенімді генералға хабарладым,
Тас жолды, қарулардың түгел бәрін,
Гомель жақтан фашистер қаптап келед,
Ұшқыштардың бомбалауын мен сұрадым.

Кирсанов алғыс айтты бәрімізге,
Дивизияның таңдаулысы тоғыз ерге,
Шар болаттай шыныққан жауынгерлер,
Ақандай командирі, кемеңгерге.

Мен бердім: Бұйрық! — деді — барлық күшке.
Ұшқыштар, зеңбіректер, «катюшаға»
Днепрден өтеді батальондар
Қара аспан туғызады фашистерге.

Сау болыңдар, жігіттер, көріскенше,
Көзін сала тамашаға дәл төбеңде,
Мен көрдім жүздеп ұшқан қырандарды
Толыпты «қызыл жұлдыз» аспан-көкке.

Қарадым Ақан жаққа бұрып бетті.
Білмедім мұндай қатты қайғы-дертті,

Тағдыр шіркін аямадың, соққыладың,
Ұшыраттың бізге қандай қасыретті.

Арыстан құлап жатыр оққа ұшып,
Жер бауырлап жығылған, жерді құшып,
Қызыл қаннан сау жері көрінбейді
Тура тиген жармақтар кеткен тесіп.

Есім кетті, жер дөңгелеп айналғандай,
Аспанда күн менен ай тұтылғандай,
Днепр, құба тағдыр, терек, қайың,
Ақанды бәрі жоқтап жылағандай.

Жоқ бүгін, Ақан досым арамызда,
Соғыста арна болған бар аңызға.
Ерлікпен қаза тапты қан майданда
Жүрекке қатты батты жарамыз да.

Жолдасым туған жерге оралмадың,
Елге кеп, сауық-сайран құра алмадың.
Кездесіп жаста сүйген жарыңменен
Жеңістің жырын жырлап жүре алмадың.

Құс салып, қасқыр қуып Сарыарқада,
Аңшылық қызығын да көре алмады,
Ауылында ұлы еңбекке араласып,
Өмірден үлгілі өрнек өре алмады.

Мал бағып еркін өмір сүре алмадың,
Жер жыртып тракторға міне алмадың
Өсіріп, мол өнімді кең далада,
Диқанның қадірін де біле алмадың.

Сары қымыз сапырулы татпай кеттің,
Жеңіске жете алмадың арманда өттің.
Сені ойлап қайғырады туған елің,
Ағайын, достарыңды зар еңіретіп.

Әнші де, жазушы да бола алмадың,
Барлығын қасиеттің бірге әкеттің.
Бойыңа біткен өнер біліміңді,
Халқыңа көрсете алмай арманда өттің.

Артымнан шықты дауыс уралаған,
Ерлердің кегін алу арман болған.
Жау шебі көк түтіннен көрінбейді
Қалмайды тірі неміс бұл атудан.

Қоштасып Ақан ермен алға кеттік.
Қайтты кек, сұмырайлар қанын төктік,
Халқымның абыройы, ерлігімен,
Берлинге жеңіс туын біздер тіктік.

ҚОСБАРМАҚТА

Бурабай айдынды көл, тасып бағы,
Ай да оған таңданады аспандағы.
Ертеде бабаларым өскен жерге,
Әкелді тағы өмірдің баспалдағы.

Мен келдім Сарыарқаның жанатына,
Қиялым қияға өрлеп, жарға атыла.
Елім бар еркін мені еркелеткен
Сондықтан қақым да жоқ жай жатуға.

Түсімде сейіл құрдым көлді айналып,
Көкшенің өткендерін ойға алып,
Анадай өтті алдымнан батыр Ақан.
«Жас кезі» қарадым мен қайран қалып,

Тас болып мыпау түстей ғаламатқа,
Деп қалдым: «Достым, Ақан, саламат па?!»
Мен сенің өлгеніңді көріп едім.
Тек тірі қалыпсың ғой жарақатта?

Айтты да достым жауап «не дер енді?»
Ақанға қадай көзді жебеледім,
Оянып көзімді ашсам Шәмшібану,
Бөлмеге жетелеп кірді немеремді.

Мойнымды Ақан жаққа қайта бұрдым,
Досыма бірдеңені айтпақ болдым.
«Ешкім жоқ, дәл алдымда, үрейлендім.
Япырау, мені қандай сайтан ұрдың?»

Қішкентай Мәулен атты немеремді,
Сүйдім де, айттым: «Жүгір, жөнел енді»,
Тез шақыр, жетсін ұшып шофер Шоқат,
Неғылып жалын жаным тебірендірді.

Сапарды қостағандай елестегі,
Ысқырып Бурабайдың желі өшпейді,
Отырдық бәріміз де «Волгаға» кеп,
Санадан шықпай Ақан түске енгені.

Жөнелдік Атбасарға бағытталып,
Бөгелмей жүйрігіміз кетті алып,
Жолдасым жанымдағы сөйлеп кетті,
Сүйгенім таза жүрек, сөзі анық.

«Барайық, — деді ол, тура ауданға,
Жолдастар мекен-жайын берер қолға,
Ақанның туыстарын тауып алып,
Батырдың айтсақ сырын біз оларға».

Осылай іс шешілді, жөнге ап келді,
Машина Құлагердей дөңгеленді.
Зуылдап өттік талай кең даладан.
Мен көрдім салтанатын талай жердің.

Атбасар әкіміне келдік кіріп,
Сәлемді жас жігіт берді тұрып,
Мән-жайды жедел оған хабарладық,
Таңдандым мінезі мен жүзін көріп.

Тәукенов — Атбасардың біріншісі,
Аты — Қасым, мүшелі жасы кіші.
Өзі ақын, өзі маман, өзі аңшы.
Сәкенге ұқсап туған ой-мінезі.

Мән-жайды Қасым бізге баяндады,
Ер Ақан құрметті ат аудандағы.
Содан соң айтып батыр туыстарын
Сәл оның өміріне аялдады.

«Қосбармақ» — жолдасымның туған жері,
Кіндік кесіп, кірін де жуған жері.
Жасында тай үйретіп, қоян аулап,
Көлде ойнап, көбелекті қуған жері.

Тұрады сонда Ақанның туыстары,
Ағасы Сәмет, талай ту тұстады,
Ол-дағы өткен соғыс ардагері.
Елге аян жауды ерлермен қуысқаны.

Алдымен Сәметке біз сәлем бердік,
Тарихи оқиғаны айтып бердік.
Құшақтап жан ағасы Ақан ердің,
Егілді көп сөз айтпай пәлен дерлік.

Шәмшібану құшақтасты жеңгесімен,
Жас алып көздеріне теңдесімен

Еңіреді екеуі де ерді жоқтап,
Көз жұмған шығармастан енді есінен,

Сәмет те сүйіп мені туғанындай,
Қайғысын бүгін келіп жуған ұлдай,
Еңіреп, қайта-қайта сүйді қысып,
Амалсыз азаға бел буғанындай.

Содан соң бардық біздер кездесуге,
Тез жиналды барлығы естімекке,
Ақанның келді туыстары, жерлестері,
Нағашы, жиені де, жездесі де.

Жас жігіт осы елдің ардақтысы,
Топ жарып, шықты алға жайнап түсті.
Өзі де шешен екен айтар сөзге,
Бойда бар таусылмайтын қайрат-күші.

Сөйледі аулы Ақан «Қосбармақта»
Айтқан жоқ бір артық сөз астарлап та,
Бүгін ол ерді еркін есіне алып,
Пионерлер ту көтерді аспандата.

Кездескен қуанышқа сүйінді де,
Жаудырды бізге рахмет иілді де,
«Ақанды еліне әкеп тірілтті» — деп
Қостады халайықтың күйін мүлде.

Сәмет те шықты — соғыс ардагері,
Қазіргі осы аймақтың атақты ері,
Қуанды інісінің жайын естіп,
Жан бауырым ауылымның сайраны еді.

«Қосбармақтың» көп екен ақындары,
Ақанға арнап өлең жазған жақындары,
Батырдың бір жеңгесі Бұлбұл екен.
Бірі қалмай айтылды сөздің бәрі.

Мектепте бірге оқыған жолдастары,
Бар екен замандастар-құрдастары,
Барлығы мінездерін баян етті,
Еркелеп бірге өскен көп достары.

Жаудырды рахметті бізге келген,
Арнайы алыстағы іздеп елден.
Қасиетін інісінің айтты талдап,
Атанған үйде тағы, түзде көрген.

Кезектен шықтым мен де, сырды шерттім.
Суреттеп сұрапылын жалын өрттің,
Сәлемін ер Ақанның жеткізгенім —
Айғағы болды досқа берген серттің.

Ерлігін батыр Ақан тізбектедім.
«Сол үшін», — дедім, — сізді іздеп келдім.
Ер еді өлімнен де тайсалмаған,
Жүздеп жауды қырғанын өзім көрдім.

Өлді Ақан, қалды артында туған елі,
Жасында гүлге оранған таза белі,
Алтынменен жазылған тарихта аты.
Мәңгі оны сақтар есте азалы елі.

Дедім де Днепрдің шайқастарын,
Ақанның жаумен қалай айқасқанын,
Асықпай баяндадым бастан-аяқ,
Үш рет сол шайқаста жара алғанын.

Ақандай ер туғызған елге алғыс,
Атбасар — «Қосбармақтай» жерге алғыс.
Ондаған танкілерден сескенбеген,
Батырлығы ұрпаққа болсын таныс.

Ақандай туа берсін азаматтар,
Халықтың атағы мен сенімін ақтар,
«Темірдей тоғыз» ердің командирі
Тарихта мәңгі болып аты қалар.

Қоштастық «Қосбармақтың» ауылымен,
Жөнелді «Волга» зырлап қоба жолмен,
Қош бол, бізді ұмытпа достың елін.
Сыр қосып, қол бұлғады самал желмен.

МЫСИДА

Атақты Черниговтың аймағында,
Ұлы өзен Днепрдің сол жағында,
Әйгілі «Мыси» дейтін бір село бар.
Назарын аударды халық мұнда.

Атағын бұл аймақтың ел біледі,
Тағдырын соғыс жылдар тебірендірді,
Қырып-жойып, жауларды қуып шықты.
«Мысида» жеңіс туы желбіреді.

Ал енді осы қала ортасында,
Халық сүйіп орнатқан батыр тұлға,
Бір үлкен зәулім биік ескерткіш тұр.
Жүгінбей кетпейді адам тұлғасына.

Жазылған мраморға алтынменен,
Елімнің қадірлеген салтыменен.
Бұл ұлан бар өмірін өткізгені
Жалынға жалғыз жанын шарпуменен.

«Жерленген мұнда совет қаһарманы,
Жас жігіт, әскер де емес қатардағы,
Темірдей тоғыз ердің командирі,
Қазақ ұлты, басын иген барлық халқы.

«Батыры ұлы Совет Одағының
Ардагері өнегелі мол ағымның.
Сан рет берді талай «сыбағасын»
Шақырусыз келген фашист «қонағының».

Құрманов, аты — Ақан, Атбасардан,
Жауына жайдай төніп, тас бас салған.
Мерт болды өртке айналған қан майданда,
Жастарға үлгі болар артта қалған.

Оқыдық жазуды әлгі мрамордан,
Айтылған жатыр жандар тұрағынан,
Ерлердің білдік атын ескерткіштен,
Мәңгілік отан үшін көзін жұмған.

Бесеуі тоғызының жерленіпті,
Айқастарын фашистермен көзім көрді,
Суымай содан бері адам ізі,
Үздіксіз бұл араға ел келіпті.

Солардың біреуі болып біз де келдік,
Жылында жетпіс үштің күзде келдік.
«Мысидың» секретары Тарасенко,
Көрсетті бізге құрмет істеп елдік.

Қабірін көріп Ақан ердің,
Көзімнің жасын төгіп еңіредім.
Дариға, ойлағанда менде арман жоқ,
Бір кезде бұл қыранның қасында едім.

Сан рет тізе қосып жауға шаптық,
Талқандап қорғандарын жеңіп алдық.
Амал не, кейіннен біз ажырастық,
Білсек те жеңіс туын болашақтың.

Болды Ақан Көкшетаудың қыранындай,
Жырымның сарқылмайтын бұлағындай,
Бейнесі, жігері астам өзгелерден,
Алдымда елес болып тұрады ұдай.

Міне мен Мысиға кеп сәлем бердім.
Бұл село бастап кешкен көрдім дарын.
Ал енді досым жәйлі сырды шерттім,
Төктім мен анық болған тілдің нәрін.

Жыр еттім Ақан сынды ердің ерін
Сипаттай мәңгі көзін жұмған жерін,
Қош бауырым, топырағың торқа болсын
Ел үшін еркіндікке берген жанын.

МАЗМҰНЫ

I тарау

ЖАСТЫҚ ШАҚ 5
«БЕС АТА» 7
АТАМНЫҢ БІРІНШІ ӘҢГІМЕСІ . 11
АТАМНЫҢ ЕКІНШІ ӘҢГІМЕСІ . 16
МЕКТЕП 20
АҚАН СЕРІ 22
ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ 38
ОҚУ ЖЫЛДАРЫ 43
АТТАНУ 49
МЕН СОЛДАТПЫН 52

II тарау

ОДЕССАДАҒЫ ШАЙҚАС . 70
ҚЫРЫМДАҒЫ ОҚИҒАЛАР 89
СТАЛИНГРАДТАҒЫ ЖЕҢІС 128
ОРЕЛ — ҚУРСК ИМЕГІНДЕ 154
УКРАИНАНЫ БОСАТУ . 165

III тарау

ЖҰМБАҚ ҚЫЗ . . 203

IV тарау

МАЙДАНҒА ОРАЛУ . 270
ПОЛЬША ЖЕРІНДЕ . 283

V тарау

ЕЛГЕ САПАР 296
ҮЙЛЕНУ. ӨМІРЛІК ЖАР . . . 318
ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА 324

VI тарау

АҚАН БАТЫР (деректі поэма) . . . 351
АТБАСАР 355
АТТАНЫС 356
ДНЕПР 359
ҚОСБАРМАҚТА 367
МЫСИДА 370

Литературно-художественное издание

Қизатов Жалел Қизатович

ЖИЗНЬ И СМЕРТЬ

На казахском языке

Әдеби-көркем басылым

Қизатов Жәлел Қизатұлы

ӨМІР МЕН ӨЛІМ

Редакторлары *Ж. Нұрғожина, Ш. Жамықаева*
Көркемдеуші редакторы *В. Ващенко*
Техникалық редакторы *Л. И. Конькова*

ИБ № 4070

Теруге 30.01.95 тапсырылды. Басуға 09.03.95 қол қойылды.
Қалпы 84×108 1/32. Тип қаг. № 2. Гарнитурасы әдебиеттік.
Басылымы күрделі. Шартты б. т. 20,16. Шартты бояу көлемі 20,58.
Есепке алынатын б. т. 20,68. Қосымша таралымы 2000 Тапсырыс 11.

«Ғылым» баспасы
480100, Алматы, Пушкин көшесі, 111/113

«Ғылым» баспасының баспаханасы
480021, Алматы, Шевченко көшесі, 28.

«Ғылым»— ғылыми кітаптар шығаратын республикадағы жетекші баспа. Біздің авторларымыз — академиялық және салалық институттар мен жоғары оқу орындарының көрнекті ғалымдары. Кітаптар, кітапшалар мен журналдардағы мақалалар қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде шығады.

«Ғылым» баспасы өзінің ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттері көптеген ғалымдардың, өндірісшілердің, мұғалімдердің, жоғары оқу орыидары аспиранттары мен студенттерінің назарын аударар деген сенімде.

Ғылым баспасының мекен-жайы:

480100, Алматы, Пушкин көшесі, 111/113
«Ғылым» баспасы